

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМЕНИ И. АЛТЫНСАРИНА**

**ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ 165 ЖЫЛДЫҚ
МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН
«ӘЛЕМ БАЛАЛАР КӨЗІМЕН» ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ЖИНАҒЫ**

АСТАНА
2024

**УДК
ББК
Б**

«Әлем балалар көзімен» оқушылардың шығармашылық жинағы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 489 б.

ISBN

Қазіргі жас жеткіншектердің көркем әдебиетке қызығушылықтарын арттыру маңызды мәселенің бірі. Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдық мерейтойына арналған «Әлем балалар көзімен» білім алушылардың шығармашылық байқауының негізгі ұстанамы да балалардың әдебиеттің көркем әлеміне қызығушылығын туғызу болатын. Аталған байқаудың жыл сайын ұйымдастырылуы арқылы әдебиеттің әдемі әлеміне жас талап, жас өркенді тарту мүмкіндігін кеңейту басты мақсат болып отыр.

Қолдарыңыздағы жинаққа шыққан оқушылардың шығармашылық жұмыстары олардың алғашқы талпыныстары, алғашқы қалам тербеулері болғандықтан үлкен әдебиетке салынған соқпақ жол болмақ.

Жинақ білім алушылар мен мектеп педагогтеріне арналған.

ISBN

**УДК
ББК**

**© Авторлар, 2024
© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы,
2024**

АЛҒЫСӨЗ

Балалар біздің болашағымыз. Өз елінде балалар білім алуға, өз Отанын жанындай сүйуге міндетті. Өзінен үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, еңбектенуге, демалуға, балаша ойнап-күлуіге еркін құқықтары бар. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев: «Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек», - деген ойын айтып, балаларға ерекше көңіл бөлу керек екенін жеткізген. Сол себептен біз балаларға қай кезде де білім алуға, шығармашылыққа баулуға үнемі қолдау көрсетіп отыруымыз керек. Биылғы Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Әлем балалар көзімен» атты оқушылардың шығармашылық жинағы жарық көріп отыр. Мұнда Республика бойынша әр өңірдің шығармашылыққа бейім мектеп оқушыларының өлеңдері, әңгімелері, эсселері, ертегілері, жұмбақтары, сөзжұмбақтары, жеке ойлары т.б жарияланған. Олар өз орталарындағы өзгерістерді, өздерінің қиял әлемдеріне бойлаулары арқылы, әдемі ойларын кіршіксіз балалық сезімдерімен зерек ой ұшқырлығымен, білімділіктерімен шынайы жеткізе білген. Осы орайда шығармашыл білім алушылар мен жетекшілеріне оқуда алғыр, еңбекте табысты болуларына шынайы тілегімізді қосамыз.



Бақтыбаева Лаура Ғалымқызы
Алматы қаласы Медеу ауданы
Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандандырылған
гимназия қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі, педагог-модератор
Мәлібек Інжу
7-сынып оқушысы



Біз – жаңа Қазақстанның ұрпағымыз

Қазақстан – болашағы жарқын мемлекет. Ал бұндай мемлекеттің болашағы кімнің қолында? Әрине, қазіргі ұрпақтың қолында. Біз, яғни өскелең ұрпақ, Қазақстан Республикасының болашағына жауаптымыз. Біздің жасаған жұмысымыз, тіршілігіміз, қайырымды және арам пиғылды істеріміз еліміздің келбетіне айналары анық. Келешек ұрпақтың қазақ тілінде сөйлегенінің өзі қанша нәрсені өзгертеді, қанша қадамға жол ашады.

Біз қазақ тілін жете түсініп, құрметтеп, өз ойымызды ана тілімізде жеткізу міндетін орындасақ, халық арасында да тілге деген түсініспеушілік азаяды әрі елін, жерін сүйетін ұлтжанды азаматтар қатары көбейеді. Қазақша сөйлеу арқылы біз көп кітаптардың қазақша жарық көруіне, мемлекеттік тіліміздің өркендеуіне кепілдік береміз. Мұны мен біздің жарқын болашаққа жасаған алғашқы қадамымыз деп санар едім.

Біз тек тілмен ғана тоқтап қала алмаймыз. Біздің ең үлкен мәселелеріміздің бірі ол – елден кетіп жатқан қазақстандықтар. Олар не үшін кетеді деп ойлайсыздар? Әлбетте, шет елде білім алып, жұмыс жасау үшін. Иә, жан-жақты білім алу дұрыс деп ойлаймын. Бірақ бұл ойым Қазақстанда сапалы білім жоқ деген ойды нұсқамайды. Ақпараттық кеңістік қолжетімді кезеңде қашықтан білім алудың да сан түрлі жолы бар. Сол себепті «өзге елде сұлтан болуға» асығудың жөні жоқ.

Халқымызды дала данышпаны атанған би-шешендер, ұлт зиялылары, ақын-жазушылар өте көп. Бірақ бүгінгі таңда олар жайлы ізденіп оқитын адам тым сирек. Қазіргі жасөспірімдердің ойы ұялы телефонда. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін қалта телефонына шұқшиып отырғандары. Бәріміз телефонға тәуелдіміз. Осы «темірді» бір уақыт қоя тұрып, кітап оқысақ, уақытымызды тиімді жоспарлап, жұмысымызды жасасақ, сабағымызды оқысақ, сөз жоқ, өте білімді, ақылды қоғамның толыққанды мүшесі боламыз. Сонымен бірге үлкен кішінің арасында ортақ түсіністік орын алуы тиіс. Бұл да – бүгінгі күннің өзекті талабы. Сол кезде қоғамдағы киім кию, әншінің жеке өмірі, т.б.туралы әңгіме тарататын «арам» ойлардан аулақ, таза ниетті қоғам құруға негіз болар едік.

Рухани құлдырауға түспе й, ой-санасын ашық, адал етіп ұстанған жандар ғана өркениетке қол созып, болашақтың сәулесін тұтандырады. Осы тұрғыдан алғанда, көкірегіме білім сәулесін құйып, ата-анам мен ұстаздарымның

тәрбие дәнінен қоректеніп жүрген мен өзімді елімнің болашағына жауапты тұлға ретінде көремін. Елімнің жолашағына үмітпен қараймын және сенімім мол.



Бақтыбаева Лаура Ғалымқызы
Алматы қаласы Медеу ауданы
Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандандырылған гимназия
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-модератор
Алтаева Камила
10-сынып оқушысы



Қазақстанның болашағы менен басталады

Менің Отаным – Қазақстан. Мен кең-байтақ өлкемді жан-тәніммен жақсы көремін. Еліміз күн санап көркейіп, дамып келеді. Оны қалалар санының артып, үлкен қалаларда тез бой көтерген әсем де биік ғимараттардан байқауға болады. Сондай-ақ, отандастарымыз әлемнің әр түпкірінде түрлі байқауларда бақ сынап, қазақ елін кең әлемге паш етіп, жүлделі орындардан көрініп жүр.

Бір ғана Димаш Құдайбергеннің концертіне шетелден қаншама адам келіп, еліміздің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысып қайтты. Соңғы жаңалықтарды қарасақ, аға-әпкелеріміздің, өзім қатарлы жасөспірімдердің спорт, ән-би, технологиялық дамуға бағытталған халықаралық байқауларда топ жарып, алдыңғы орыннан көрініп жүргенін жиі байқаймыз. Бұл – үлкен қуаныш, зор жетістік.

Жарқын болашақты алғашқы қадамы – білім. Сондықтан біз, яғни жастар, өмір бойы білімге ұмтылып, үйренуіміз қажет. Білімді азаматтар – инновацияның, ғылым мен технологияның дамуының, экономикалық өсудің кілті.

Қоғамдық өмірге белсенді араласып, демократия мен құқықтық жүйенің дамуына үлес қосу да маңызды. Біз әділ және үйлесімді қоғам құру үшін заңдарға бағынуымыз және басқа азаматтардың құқықтарын құрметтеуіміз керек.

Сонымен қатар Қазақстанның болашағын құруда қоршаған ортаға қамқорлық жасау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану маңызды рөл атқарады. Табиғатты қорғап, қазіргі және болашақ ұрпақтың игілігі үшін ресурстарды ұтымды пайдалану – өзекті мәселе.

Қазақстанның болашағы біздің күш-жігерімізге және әрбір азаматтың өз ісіне жауапкершілікпен қарауына байланысты. Ата-бабаларымыз бізге сеніп, мұра етіп қалдырған тәуелсіздіктен айырылып қалмау үшін де өз елімізді дамытуымыз қажет. Абай атамыздың: «Есінде бар ма жас күнің?» атты өлеңінде айтылғандай, жас күнімізді босқа өткізбей, өз еліміздің дамуына атсалысуымыз керек деген ойдамын. Қазақстанның болашағы оның әрбір азаматына тікелей

байланысты, соның ішінде маған да. Еліміздің бай мұрасы мен түрлі салалардағы даму әлеуеті зор және осы үдеріске әрқайсысымыз үлесімізді қосуға міндеттіміз.

Қорыта айтқанда, мен өз елімді болашақта жан-жақты дамыған, адамдардың батысынан шығысына, оңтүстігінен солтүстігіне тез әрі қолайлы жетуі үшін бар жағдай жасалған, табиғаты әсем, қалаларында сәнді ғимараттар бірінен соң бірі бой түзеген болмысымен елестетемін. Елімізде жұмыссыздық атаулы болмай, технологиялық дамудың соңғы жаңалықтарын адам игілігі, табиғаттың тазалығы мен білім, ғылымның дамуы жолында пайдаланамыз деген ойдамын. Қарттар мен тастанды балалар үйлері жойылып, әлем халқы бізге қызыға қарауын, біздің еліміздің даму жолын өздеріне үлгі етіп алуын қиялдаймын. Адамдар бір-біріне мейіріммен қарап, достықтың, адамгершіліктің, сыйластық пен бірліктің нағыз үлгісін көрсететін мықты ел болатынымызға зор сенім білдіремін.



Бостанова Назира Ленқызы

Ш.Уәлиханов атындағы

№12 мамандандырылған гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-шебер

Ашен Жансая Талғатқызы

9-сынып оқушысы



Менің Әуезовім...

Эссе

Қазақтың Әуезові – «Абай жолымен» Абайды танытқан, Абай арқылы қазақты танытқан көркемсөз зергері, драматург, қоғам қайраткері. Зейнолла Қабдоловтың Әуезові – жол сілтеуші ұстаз, өнегесін көрсеткен адам, ұстаз бен ұстаздықты ұғындырған зор тұлға. Ал менің Әуезовім қандай?

Мен үшін Мұхтар Әуезов – қазақ халқының болмысын, тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, қазақтың даласын, табиғатын сөз арқылы суреттеп, шығармашылығын дүниенің төрт бұрышына сапар шеккізген ұлы тұлға. Мұхтар Әуезовтің атын атағанда ең алғаш Абай бейнесі, «Абай жолы» эпопеясы көз алдымызға орала кетеді.

Мұхтар Әуезовтің балалық шағы өткен жер – Шыңғыстау бөктері. Халық перзентінің осынау киелі жерде дүниеге келуінің өзі оның өмірінің мәнді де ғибратқа толы өтуіне себеп болды деп білеміз. Бөрілі өңірінің табиғаты болашақ жазушының қиял-еркіне, эстетикалық талғамының қалыптасуына әсер етсе, атасы Әуез бен хакім Абайдың, Алаш арыстарының аясы Мұхтар Омарханұлының дүниетанымын оятып, ойлауын ширатқан.

Жазбаша өнердің сұлтаны Мұхтардың әлемге танылуына ата-анасының ықпалы мен білім жолындағы ортасы ғана әсер етті ме? Әрине, ағартушының бойындағы асыл қасиеттері, үздіксіз ізденісі, «ақылы мен қайратын екі жақтап» өзін-өзі ұштауының, шыңдауының арқасында әлемдік деңгейге жеткені мәлім. «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі. 1. Ақылға. 2. Қиялға. 3. Көңілге», - дейді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Ақыл ісі – ақылға салып ойлау; Қиял ісі – ойдағыны белгілі нәрселердің бейнесіне ұқсату, суреттеп ойлау; Көңіл ісі – жүрекпен сезіну. Әдебиеттегі тілдің міндеті – осы үші істі орындау: ақылға қонарлықтай ұғындыру; қиял шарықтарлықтай суреттеу; жүрекке жеткізіп көңілді тербету. Осыларды дұрыс қолдана алатын жазушы табылса, сөз өнерінің міндеті орындалмақ. Бірақ тілді дұрыс жұмсай білетін жазушының табылуы қиын, себебі ойындағысын тура қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйген күйінде айту үшін үлкен шеберлік қажет. Сөз өнері жүзінде асқан өнерпаздар мүддесін тілмен айтып жеткізе алмай жатқанда, өзгелерге ондай іс оңай болып табылар ма? Сондықтан сөзден сөз шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да ішінде бар таңдамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы?

Әркімнің өз жазу үлгісі болғанымен, жалпы сөз тізу шарттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар, әуелі, жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше сөз қолданыстарын сол жалпы шарттарға үстемелеп қояды. Осылайша ойын жеткізерде сөздерді талғап, таңдап сөз өнерін шеберлікпен қолдануының нәтижесінде Мұхтар Әуезов – ұлт жанашырына, менің мақтан тұтар Әуезовіме айналды.

Қорыта келе, Әуезов әлемі – таусылмайтын, сарқылмайтын терең тұңғиық. Дара тұлғаның кең дүниесін, жаратылысын екі сөзбен қайырып айту мүмкін емес. Мұхтар Әуезов әр ғасыр сайын, әр жыл сайын, әр ай – күн сайын кемелдене беретін, жанданып жаңғыратын кемеңгер. Осындай күшке иелендіріп отырған күш – жазушының шеберлігі мен шынайылығы. Бұл ақиқатты білу – бізді, бүгінгі тәуелсіз ұрпақты рухтандырып, жасымас жігер сыйлайды.



Бостанова Назира Ленқызы
Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандандырылған гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-шебер
Пірімжан Дидар 6-сынып оқушысы

Ана

Ақ сүт беріп, әлдиімен өсірген,
Баласының қателігін кешірген.
Ана деген тең келмейтін байлығым,
Барлық әлем теңеспейтін өзіңмен.

Бар тіршілік иесінің бастауы,
Әлемдегі ең сұлу жан атауы.
Қадірі мен қасиеті жұптасқан,
Жұмақ кілті табанында жастаулы.



Бостанова Назира Ленқызы
Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандандырылған гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-шебер
Жақсыбек Еркежан 6-сынып оқушысы

Балалықтың бал дәмі

Балалық шақ – алаңсыз және тамаша уақыт. Бұл уақытты біз жылылықпен және нәзіктікпен еске аламыз. Адам қанша жаста болса да, жүрегінің ең түбінде әрқашан бала болып қала береді. Өткен өмірдің барлық жарқын түстері, жайлы ортадағы осынау мейірімді сәттердің барлығы – мұның бәрі ғажайып балалық шақ деп аталады.

Таңертең мектепке бара жаттым. Метро. Әдеттегідей адамдар көп. Біреулер ұйықтап жатыр, біреулер кітап оқып, кейбіреулері өзінше бір нәрсені ойлап жатады. Кенет терең ойға бата түсем. Кім-кімнің жасап жатқан әр іс-әрекеті енді ешқашан қайталанбайтынына көзім жетті. Осындай сәттерде-ақ, балалық шақ пен дәл осы өмірімізді қайтадан сүруге тағы бір мүмкіндік жоқ екенін аз-аздан ғана түсіне бастаймын.

Қазіргі өміріңнің бақытты сәттеріңе тап болғанда, 5-6 жаста болған кезіңнің уақыт мәшинесіне, сол кездегідей еш нәрсеге қобалжымай оттай

жарқыраған сәтке ораласың. Қазіргі өмірінде саған кімде-кім жылы лебізін білдірсе, сені қайтадан құшақтап, еркелетіп шақырған балалық шаққа түскендей боласың. Осыған ойымды батырып, ішімнен балалық шақтан асқан қызық не болуы мүмкін? – деп өзіме сұрақтар қоя бастаймын. Егер сіз әлі де түсінбесеңіз, мен балалық шақты қазіргі өмірмен теңестірудемін. Расында да, келешекте сол бір қазіргі өмір баяғы балалық шақ сияқты әсер етеді. Біз өсіп барамыз. Бірақ есейген сайын өткеннің бәрі бала кезімізде ғана санамызда ескеріледі десеңші...



Карабекова Замзагуль Болатбековна
Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандандырылған гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-шебер
Ашен Ардақ Талғатұлы 7-сынып
оқушысы

Қазақтың Қадыры

Қазаққа жұлдыз болған ғұлама ақын,
Ұрпаққа тарап жатыр ұлағатың.
Ақындардың ішінен озып шығып,
Поэзияның көтердің көкке даңқын.

Сирек туған ақынсың бір ғасырда,
Заманыңның айналған тұлғасына.
Сазгерлер ән шығарып әр жырыңа,
Әншілер аспан көкке шырқатуда.

Әр жырыңды оқимыз тебірене,
Барған сайын ыстықсың еліңе де.
Туған күнің тағы да аталуда,
Тұңғыш жырымды арнадым мен де міне.



Бостанова Назира Ленқызы
Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандандырылған гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-шебер
Елемес Іңкәр 6-сынып оқушысы



Азаттық жолында

Бар қазақ бірігіп ту ұстап келеді,
Қазақтың қолында болашақ кемелі,
Бейбіт ел тек қана ертеңіне сенеді,
Азаттық жолында көш бастап келеді.

Сан ғасыр өтсе де тайсалмай тек алға,
Ел үшін жаралған қаны бар арында,
Қол бұлғап келеді нық басып сеніммен,
Ту ұстап келеді азаттық жолында.

Елдікті аңсаған ерлігі бір төбе,
Көк туы желбіреп, жайнап тұр көгінде.
Самғай бер тоқтама тек алға болашақ,
Азаттық жолында көш баста елімде.



Алыпкелова Алтынай Раулқызы
Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандандырылған
гимназияның бастауыш сынып
мұғалімі, педагог-шебер
Баянды Зейін 4-сынып оқушысы



Мектебім

Ұстазға бас иемін,
Әріпті, санды үйреткен.
Еңбекке мені епті ғып,
Көрсете білген биіктен.

Жасай бер, менің мектебім!
Әркімдер қолы жетпеген.
Сусындап білім нәрімен,
Дарындар шықты көптеген.

Мектебiм менiң, мектебiм,
Бiлiм атты кемеде
Бiр ғасырды өткердiң.
Есейiп, өсiп кетсем де,
Үнiндi сағынам тек сенiң.



Бекжанова Жанат Садуовна
Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандандырылған
гимназияның Қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-
шебер
Ділдебай Камилла 5-сынып
оқушысы



Көктем

Көктем, көктем ! Көктем нұрын төккен,
Айнала құлпырады неткен көркем!
Сылдыр-сылдыр су ақты жылғалардан,
Келді міне мезгіл біз асыға күткен.
Көгерді ағаш, тал - терек,
Бұдан артық не керек?
Бүршік жарып әр жерде,
Құлпырады бәйшешек



Бөбеева Салима Молыбайқызы
Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандандырылған гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Қыятбек Айтұнық 8-сынып
оқушысы

Біздің үйдегі дәстүр

Қара шаңырақ – қазақтың қасиетті мекені. Қазақ халқы салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, ырымдарға бай халық. Қазақ қазақ болғалы жазиралы жасыл даланы,

құмдауыт шөлді, таулы- тасты мекен еткен көк аспандай кең, бұлақтай таза еркін халық. Жиренше шешен атап көрсеткен үш қадірліні, яғни ырыс, бақ, дәулетті өз отбасына қондыра білген дана халық. Сонау заманнан қалыптасып, бүгінгі күнге дейін мәнін жоғалтпай, қазақтығымыздың айнасы іспеттес мұрамыздың бірі – асыл да бағалы салт-дәстүрлеріміз. Адам дүниеге келгеннен бастап, өмірден өтуіне дейінгі кезеңнің әрқайсысына арналған әдет-ғұрыптарымыз қатаң сақталып, әр шаңырақта орындалуы тиіс маңызды қағидаға айналған. Әр салт-дәстүрдің орындалу реті, кезеңі, мезгілі, мәні бар. Менің отбасым - кез келген салт-дәстүрді орындайтын, мәнін жоғалтпай, ұмыт бола бастаған дәстүрлерімізді өзгеге дәріптеп, қайта жаңғыртып, қазақтығымыздың сақталып қалуына үлес қосып жүрген жанұя. Әулетімізде аса көңіл бөліп, орындалатын дәстүрдің бірегейі – сәбидің дүниеге келіп, өсіп-жетілуіне дейінгі ғұрыптар. «Адамның бір қызы бала деген», - деп ғұлама Абай айтқандай, өмірдің маңызды бөлшегі ол - сәби. Көктемнің жайма шуақ кезінде шаңырағымыз тағы бір адамға толығып, үлкен қуаныш сыйлады. Інім дүниеге шыр етіп келген кезде әкем шүкіршілігін айтып, жақындарымыздан сүйінші сұрады. Сүйінші сұрау шын қуанудың, ризалықтың белгісі ретінде туған-туыстарына, дос-жарандарына жеткізген қуанышты хабары. Бұл дәстүр ежелден келе жатқан әр шаңырақтың қуанышына ортақтасу мақсатында айтылатын нәрсе. Мысалы, «Наурызбай-Қаншайым» жырында: «Сүйінші келініңіз келеді деп, Әдеппен қол қусырып сәлем берді», - деген жолдар кездеседі, яғни, келін түскеніне сүйінші сұрау дәстүрі бейнеленіп тұр.

Жаңа туған нәрестеге арналып жасалатын ойын-сауық тойдың ең негізгісі - шілдехана. Кей өңірлерде шілделік деп те атайды. Бұл дәстүрдің негізгі мәні ана мен баланы тіл көзден сақтап, қорғау дегеннен туындаған. Шілдехана тойын халқымыз кең жайлауда, киіз үйде жақындары, ауыл адамдары болып өткізген. М.Дулатовтың шығармасында былай кездеседі: «Сәрсенбай зор қуанышты болып, шілдеханаға қанша қыз-бозбала жиып, баланың есімін Жамал қойып еді». Менің отбасымда да бұл дәстүр орындалып, өз жақындарымызбен жиналып, ұлан-асыр той қылып атап өттік. Інімді атасына беріп, азан шақырып ат қойылды. Баланың атын кез келген адам қоя бермейді, өмірден түйгені көп, дана адамға қойдырады. Менің де атам - көргені көп, білімді адам. Ат қойғаннан соң, үлкен әжеміз бата беріп, өзінің ақ тілегін арнады. Бала сүйе алмай жүргендерге «жұғысты болсын» деген ниетпен баланың киімі мен заттары берілді. Халқымызда ұмыт бола бастаған балаға арналған дәстүрдің бірі – «бәсіре», бұл дәстүр бойынша дүниеге ұл бала келсе, дәл сол баланың туған күніне тұспа-тұс туылған құлынды немесе ботаны сәбидің бәсіресі деп атау салты. Аталған малды сатпайды, мінбейді, баламен бірге қадағалап өсіреді, себебі нәрестенің өмірі сол бәсіремен тығыз байланысты деп саналады. Менің отбасымда да үлкен ата, әжелерімнің айтуымен бұл дәстүр әулетімізде қатаң сақталады. Жаңа туылған ініме де дәл сол күні туылған құлынды бәсіресі деп атады.

Халқымызда нәресте мен ананы қырық күн бойы күтіп, жылы ұстаған. Себебі баланың сүйегі әлі қатпай, әлсіз болады. Інімнің дүниеге келгеніне қырық күн өткен соң, «қырқынан шығару» салтын орындадық. Суға күміс, теңге сынды зергерлік бұйымдарды салып, жақсылап шомылдырып, қырық қасық судың әрқайсысына ақ тілегімізді айтып, шашы мен тырнағын алдық.

Сәбиді қырық күннен асқан соң бесікке салуға болады. Бесік ежелден келе жатқан жаңа туған нәрестенің буынын қатайтып, түзу өсіп, таза болуы үшін ағаштан жасалатын сәбидің алтын ұясы. Бесікке бөлеу, бесік жыры арқылы баланы мейірімді, жігерлі қылып өсіруге болады. Себебі бесік жырының әр сөзі баланың мінезіне, болашағына арналып шығарылған. Бесікке байланысты халқымызда «бесік той» жасалады. Біз әулетімібен жиналып інімнің бесік тойын жасадық. Құда-құдағилар жағы, яғни келіннің ата-анасы нәрестеге арнап бесігін жабдықтап, балаға қажет киім-кешектерін, бұйымдарын әкелді. Бесікке салу көпшіліктің көзінше, үлкендердің назарында болды. Сәбиді жолы үлкен, өнегелі, тәрбиелі екі әжеміз бесікке салып, ақ баталарын берді. Бесікті отпен аластап, бесік үстіне жеті түрлі кәделі таза заттар қойылды. Бұл да баланың болашағына деген үміт оты.

Міне, бала жасына жеткенше өнегеге толы дәстүрлеріміз орындалып, жақындарымыздың басын қосып, қуанышымызды бөлісудеміз. Алдағы уақытта тұсауын кесу, сүндетке отырғызу, атқа мінгізу сынды салттарымызды жасаймыз. Таза дәстүрлеріміздің жөн-жоралғысын жасап, өз отбасымызда қолданып жүргенімізді көргенде, рухымыз биіктеп, ұлтымызға деген махаббатымыз арта түседі. Қаны да, жаны да таза, баланы құрсақта жатқанда-ақ тәрбиелеп, тұлға болып қалыптасуы үшін бесіктен бастап құлағына құйған дана халқымыздың болмысы бір бөлек. Егер әр шаңырақта салт-дәстүрлерімізді қатаң ұстап, орындалатын болса, Абайдай, Шоқандай, Ыбырайдай даналарымыздың ізін жалғар біртуар азаматтарымыз көбейер еді. Мен қазақ болып туғаным мақтанамын!

Бөбеева Салима
Молыбайқызы
Ш.Уәлиханов атындағы
№12 мамандандырылған
гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Абдрахманова Айгүл
8-сынып оқушысы



Мұқағали ақынға арнау

Қазаққа жұлдыз болған ғұлама ақын,
Ұрпаққа дарып жатыр ұлағатың.

Ақындардың ішінен озып шығып,
Поэзияның көтердің көкке даңқын.

Сирек туар ақынсың бір ғасырда,
Заманыңның айналған тұлғасына.
Сазгерлер ән шығарып әр жырыңа,
Әншілер аспан көкке шырқатуда.

Лирикаңмен баурадың қазақ елін,
Сезімтал да, мейірбан ғажап едің.
Қанша заман өтсе де ұмытылмайсың,
Атыңды алтын әріппен жазады елің.

Әр жырыңды оқимыз тебірене,
Барған сайын ыстықсың еліңе де.
Туған күнің тағы да аталуда,
Тұңғыш жырымды арнадым мен де, міне!



Сатанбаева Динара Молдахановна
Алматы қаласы, Алатау ауданы
«№ 210 мектеп-лицей» КММ
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-
зерттеуші



Талғат Кәусар 2-сынып оқушысы

Анашым

Анашым мен сізді қатты жақсы көремін. Сіз мені өмірге әкелдіңіз, мен үшін түн ұйқыңызды төрт бөліп өсірдіңіз. Алғаш қадам басқанымда менімен бірге қуандыңыз. Мен ауырған кезде де қасымда сіз болдыңыз. Біз не қаласақ соны алып бересіз, қыдыртасыз. Сіздің маған берген әрбір қамқорлығыңыз бен мейіріміңізді өскенде қайтарамын. Анашым, сізді өскенде асырап, бағып-қағамын.

Анашым, сіз қанша қиналсаңыз да білдірмейсіз, күліп жүресіз. Бізді, балаларыңызды уайымға салғыңыз келмейді. Сіздің барлық арманыңыздың орындалуына тілектеспін. Сіздің ойыңыздағыдай ақылды, білімді болу менің перзенттік борышым. Сіз әлемдегі ең сұлу, ең керемет жансыз. Анашым сіздей анам бар мен бақыттымын.



Сатанбаева Панар Молдахановна
Алматы қаласы, Алатау ауданы
«№ 210 мектеп-лицей» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-шебер



Тоқбай Кәусар 9-сынып оқушысы

Қазақ тілім- байлығым

Қазақ тілім -байлығым, таусылмас тарихым. Жарық дүниеге келгеннен- ақ тиесілі болған асыл мұрам. Сан жылдар бойы ата- бабамыздың арқасында әлі күнге дейін өз ұрпағымызға бұл мұраны қалдырып келеміз. Сөздің ең ұлысы – тарих! Ата- бабаларымыздың тіл тарихына тоқталатын болсам, бабаларымыздың бөлмей-жармай, шашау шығармай, небір жыр-дастандар, аңыз әңгімелері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырғаны осынау ғажап тіліміздің көрінісі деп танымын. Алаш партиясын құрған көрнекті қайраткер қазақ тілінің бай сөздік қорын танытқан әліпби атасы Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы- тілі» деген еді. Алаш арыстарының бірегейінің тілге деген махаббаты шексіз екені даусыз. «Қарындарыңның ашқанын қалай ойласандар, солай тілдің қамын ойлаңдар»- деген ұлт ұстазының ұлағаты кімнің де болса, санасында саңқылдап тұру қажет деп ойлаймын. Менің бүгінгі өмір сүріп жатқан заманыма керек, ең қуатты сөздің ерекшесі. Ақиық ақын Мұқағали үш бақытының біріне балаған, өткен күннен қалған бағасы жоқ баба тілі ретінде бағалаған Мағжан тілі бүгінде қанатын кеңге жайғанмен, әттегенайлар да жоқ емес. Өз тілімізді өгейсітіп, қадіріне жетпей, шұбарлап сөйлейтін замандастарымды көріп, кейде қынжыламын. Қуанатын да сәттерім жоқ емес, сыныптастарыммен бірге қазақша сөйлесеміз, қазақ тілінде шығатын баспасөздерге жазылып, оқып, бірге талқылаймыз, әдебиет пәнінен жазушылардың шығармаларын әдебиет пәні апайымызбен бірге талдап, көп қолданылмай кеткен сөздердің мағынасын түсініп, оларды сөздік қорымызға қосамыз. Біз тіліміздің сақталуын қаласақ, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша тілдерді меңгеруіміз тиіс. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»- демекші, өзге жүз тіл білсек те, өз ана тілімізді бірінші орынға қоюымыз керек.

Тіл-рухани мұра, пұлға сатылмас байлық. Ана тіліміздің заман талабына сәйкес дамуына үлес қосатын қазақ жастары мен үлкен кісілер. Қазіргі есеппен қазақ тілін елімізде 16млн адам қолданады екен, біз әлем бойынша өз тілімізді ана тіліміз есептеп, мақтанатын елдер қатарына кіріппіз. Қазақтың әскери қолбасшысы, Ұлы Отан соғысында даңқы шыққан Бауыржан Момышұлы өзі қорқатын үш нәрсені атап өткен. Мен үш нәрседен қорқамын: бірінші- баласына бесік жырын айтпаған анадан, екінші-немересіне ертегі айтпаған әжеден, үшіншісі- бір-бірімен қазақша сөйлеспеген қазақтардан деген екен. Бауыржан Момышұлының сөзін оқи отырып, қорқынышты қолдан жасайтынымызға қынжыласың. Еліміздің тұтастығы тілмен байланысты. Тіл тұтастығы-ел тұтастығы, Елбасымыздың өзі де “қазақ қазақпен қазақша сөйлессін” деп айтып

өткен. Бір мемлекетте қаншама ұлт тұрғанымен, олар Мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, татулық пен бірлікті сақтағанын дұрыс деп санаймын. Тіл болмаса, ұлт болмайды, ұлттың нағыз мойындай алатын, көрсете мақтана алатын ең алғашқы бары да, жоғы да-ана тілі. Шетел азаматтарының өзі «Қазақ тілі- түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі бай тілге жатады»- деп бағалаған болатын. Шет мемлекеттен келген қандас бауыр-туыстарымыз ана тілінің қаймағын бұзбай, қаншама уақыттардан кейін өз еліне оралса да, ана тілінде еркін сөйлеп келгендері қуантады. Менің ойымша, өзге елдер бізді таныса, біздің тек тіліміз ғана емес, жерімізде сондай бай екеніне көз тігер еді. Тіл мен дін бірігіп, елге ортақ құндылыққа айналса, еліміздің өшпес асыл байлықтарымызды әлем таниды. Тіл-қылыштан да өткір, тіл өткірлігі сонша бір адамның өмірі құртуы мүмкін, бір адамның өшкенін тірілтуі мүмкін. Би-шешендеріміз ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен.

-Қой асығы демендер,

Қолыңа жақса сақа ғой.

Баланы бала демендер

Ақылы асса, дана ғой,-деп тіпті жүйелі сөзді тауып айтса, баланы да дауды шешуге қосқан. Тілін білмегі- түбін білмегі. Тілді дұрыс пайдаланған дұрыс, боғауыз сөздер адам тәнін ластайды. Күнәһар болып, тұрпайы, анайы сөз айтатын жандар өз тіліне жаны ашымайтындар деп білемін. Жүректе иман болмаса, тіліміздің қадірі қалмайды. Мен өз ойларымды қортындылай келсем, тіл-бір елде бар, бір елде жоқ. Менің бұл сөзім өзімнің денемді түршіктіреді. Себебі қаншама халық өз тілі мен өз жеріне жете алмай жүр. Нельсон атты қара нәсілді тұлға өз елінің тұтастай бөлінгеніне қарамастан, талмай жұмыс жасаған. Мұны естіген әрбір тұлға тілімен жеріне мақтанады деп ойлаймын. Менің тілектерімнің ең мықтысын тілге арнаймын, көк байрақ туымыз әрқашан желбіреп, осы айтылған тұлғаларымызды әрқашан еске алып, тілімізді әрқашан сыйлап отыру. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Осы қасиетті тіліміздің байлығын жоғалтпай, бай тілімізде сөйлеп, өз ана тілімізде бесік жырын айтып, бала тәрбиелеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу- біздің парызымыз.



Сатанбаева Панар Молдахановна

Алматы қаласы, Алатау ауданы

«№ 210 мектеп-лицей» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-шебер




**Әбікен Мұқалы 10-сынып
оқушысы**

Сөзжұмбақ. «Көшпелі алтын» әңгімесінің негізінде

1. Совхоздың ортасымен қандай тау өзені ағады? (Шыңбұлақ)
2. Арқардың шағын үйірі қай тауды түнеп жатты? (Арқарлы)

3. Әңгіменің басты кейіпкері кім? (Сәмен)
4. Ел аузында аңыз болған көшпелі алтын қай жерде еді?(Шайтантау)
5. "Көшпелі алтын" фантастикалық әңгімесінің авторы кім? (Сұлтанбеков)
6. Сапарға бірге барған Сәменнің досы? (Қажытай)
7. Әңгіменің бөлімдерін табыңыз? (Таудағы от)
8. «Көшпелі алтын» шығармасына тән жанр?(Фантастика)
9. Үстіне көнелеу комбинизон киген, басы жалаңбас, селтиген сары шаштары үрпиіп бұйраланған кейіпкер (Галузо)
- 10.«Көшпелі алтын» шығармасындағы Бежевтің келген қаласы (Украина)
- 11.Екеуі үңгірге кіргендінен нәні байқады?(Лаборатория)
12. «Көшпелі алтын» әңгімесіндегі ғалым? (Әйтиев)



Альби Ахерке

Алматы қаласы, Алатау ауданы
№210 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-
модератор



Төлеген Аружан Ернұрқызы
5-сынып оқушысы

Менің арманымдағы Қазақстан (эссе)

Кез келген ел өзінің келешегін жас ұрпақпен байланыстырады. Әр ұрпақтың маңдайына жазылған заман ағымы, елі, жері болады. ХХІ ғасыр - бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған бақыт деп ойлаймын.

Қазақстан әлем деңгейінде тез дамушы мемлекеттер қатарында. Мен Қазақстан болашағын қалай елестетемін және ол үшін не істей аламын?! Осы күнге дейін тәуелсіз елімізде орын алған жағдайлар, бізге дейінгі ата-бабаларымыздың қан мен майданда еткен ерліктері туралы айтсақ артық болмас. Әрине, қазіргі кезде емін-еркін өмір сүріп жатқанымыз біздің ата-бабаларымыздың ерен еңбегінің нәтижесі екенін барлығымыз білеміз. «Қазақ» деген елде туғаныма, білім алып жатқаныма қуанамын. Біз өз еліміздің дамуына үлес қосушы ретінде өскелең ұрпақ тұрғыда алдымен өзімізді сыйлап, туған тілімізді қадір тұтып, тарихымызды ұмытпай, мақтан ете білуіміз қажет.

Басты арманым - Қазақстанда тұратын барлық адамдар, қазақ болсын өзге ұлт болсын барлығы қазақ тілінде еркін сөйлесе, ұмытылған салт-дәстүрлердің барлығы еліміздің барлық обылыстарында қолданыс тапса, халқымыз Отандық өнімді қолданса екен деймін. Осы жолда менде аянбай білім алып, еңбек етемін.

Қорытындылай келе, еліміздің гүлденіп, мемлекетіміздің дәрежесі артып, халқымыздың денсаулығы мықты болып, бақытты өмір сүргенін бәріміз де көргіміз келеді. Бұл бүкіл қазақ елінің арманы емес пе!..Мен де жас ұрпақ ретінде елімнің болашағы үшін кірпіш болып қаланамын.



**Сағымбаева Гүлмира
Чекетайқызы**

Алматы қаласы, Алатау ауданы
№210 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-
зерттеуші

**Бексұлтан Мадина 10-сынып
оқушысы**



Тәуелсіздік бәрінен қымбат

Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі – қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азатыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр» деп Елбасымыз айтқандай, сол уақытта ата-бабамыз атқа қонып елімізді, жерімізді қорғамаса, азаттығымыз үшін күреспесе бұл тәуелсіздікке қол жеткізе алар ма едік? Қайсар да батыр бабаларымыз болмаса бейбіт күннің ақ таңын сезіне алар ма едік? Біз, жас өскелең жастар, тәуелсіз Қазақстанның болашағымыз. Ата-бабаларымыздың аңсаған арманы – тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп, еркін өмір сүріп жатқан біздер шынайы бақытты жандармыз. Ендігі мақсат ,осы еркіндікті баянды ету біздің парызымыз. Талай талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан! Қазақстан - тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды. Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса,

қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып – көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа! Біз қазіргі өскелең ұрпақ елімізбен мақтанамыз, себебі біз тәуелсіз, жас мемлекетте өсіп сүрудеміз. Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерде ұмытылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс. Тәуелсіздік – ұлттың, тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті. Бұл арманға жету жолында көптеген қиындықтар кездескен болатын. Қиындықтармен күресіп, өз өмірін өлімге қиығандардың бірі – Алаш зиялылары. Алаш зиялыларының есімі тәуелсіздік ұғымымен қатар қолданылады. Өйткені, ол кісілердің еңбегі тарих бетінде ойып алардай орын тапқан. Тәуелсіз елдің ұрпағы мына біз осы тарихымызды, тәуелсіздігімізді және болашағымызды сақтап қалу үшін аянбай еңбек етеміз. Бұл тәуелсіздік қазағымның ұлы арманы еді. Хандық құрып, жақсылармен арпалысып, жамандарды алыстаттық. Осындай, тарихи сындардан өтіп, шүкір Тәңір қолдап, Тәуелсіздік таңымызды атырып, бақытты күн кешудеміз. Тәуелсіздік! Осы бір қасиетті сөзді қаншама жылдардан бері ансап келдік. Сонау көк бөріден тараған ұлы қазағым қаншама кезеңдерді бастан өткерді. Ата-бабамыз найзаның ұшымен білектің күшімен қорғап келген осы ұлы даламызға көз салмаған жау жоқ шығар. Бүгін де еңселі елім бар, болашаққа үлкен үміт артамын. Себебі, бүгін көкте көк туымыз желбіреп, әнұранымыз шырқалып, қыран бүркітім қалықтайды... Мен бақытты тәуелсіз елдің ұрпағымын. Елімді, туған жерімді шексіз сүйемін. Біз қазақ деген мал баққан елміз, Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, Елімізден құт-береке қашпасын деп, Найзаға үкі таққан елміз Ешбір елге бағынбаған елміз Басынан сөз асырмаған елміз Досымызды сақтай білген елміз Дәм тұзымызды ақтай білген елміз,- деп Қазбек би атамыздың сөзімен аяқтағым келеді...



Дәурен Бүбіш


Алматы қаласы, Алатау ауданы
№210 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-
сарапшы



**Құрманәлі Нұрлай 10-сынып
оқушысы**

1. Кенжебек пен Тасқұл кімнің жылқысын бақты? (Атажан)
2. Кенжебектің ататегі, қай рудан шыққан? (Қыпшақ)
3. Құлдыққы түскен бала? (Кенжебек)
4. Кенжебектің қашқан тұлпары? (Түріпенбоз)

5. «Шашты» әңгіесінің авторы кім? (Кемелбаева)
6. Кенжебек еліне оралған кезде, жеңгелері не деп атады? (Шашты)
7. Тұтқын жылқышы қарт? (Тасқұл)
8. Жазушының әңгімесі алғаш рет қай журналда басылып шықты? (Жұлдыз)
9. «Шашты» әңгіесінің жанрын анықта? (Әңгіме)
10. Кенжебектің атасы кім? (Елторы)
11. Жылқышы шал баламен қоштасқанда қолына не ұстатты? (Қамшы)
12. Тұтқын жылқышы қартқа түрікпендер қандай ат қойды? (Азбанқұл)
13. Бала шашқанда қанбай ұран айтты? (Ойбас)
14. Бәйгеге неше ат тігілді? (Отыз)



Дәурен Бүбіш

Алматы қаласы, Алатау ауданы
№210 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-
сарапшы

**Орынбасар Мирас 7-сынып
оқушысы**



Кітаптың ішінен әріпті емес, ойды ізде

Кітап – өмірдің ең алыс және қараңғы жолдарында жарық беретін шам. Сондықтан да, білім алудың басты құралы – кітап. Кітап оқу – бұл бос уақытты қызықты өткізу ғана емес, тұлға болып қалыптасуға, өмірге нық қадам басуға зор ықпал ететін пайдалы іс. Кітап адамның ойлау қабілетін жетілдіріп, дүниетанымын кеңейтеді және сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Сонымен бірге адам бойындағы шығармашылыққа деген сүйіспеншілікті оятады. Қазіргі кезде менің қатарластарымның көпшілігі мүлдем кітап оқымайтыны шындық. Себебі, әлемдік жаһандану өз әсерін тигізуде, теледидар, компьютер, интернеттің қоғамда ықпалы зор.

«Кітап - күн шуағы білімнің», «Кітап - ең құдіретті әлем»,- дейді ғой халықта. Сол білім бағына жетелейтін дүние – кітап. Ойлап отырсам, жер бетіндегі барлық тіршілік атаулының пайда болуы, айналадағы құбылыстардың бәрі кітаптың ішінде сайрап жатыр емес пе? Әр кітап өзінше бір керемет әлем. Қазіргі таңда кез келген кітаптың сан алуан нұсқасы бар: баспадан шыққан кітаптар, электронды кітаптар, аудиокітаптар. Кітап оқу үшін кітапханаға барудың, кітап сөрелерінен өзіңе керектіні іздеп уақыт жоғалтудың қажеті жоқ. Оқығың келсе ұялы телефон арқылы тауап, білім көкжиегін кеңейтуге болады. Алайда, маған кітап беттерінің парақтарын ақтарып оқыған ұнайды, ерекше сезімде боласын. Ең бастысы дәл қазіргі сәттен бастап кітап оқиық.

Ойымды қорытындылай келе, жастарға, достарыма кітаптан асқан байлық, кітаптан асқан асыл қазына жоқ демекпін. Өмір жолыңа мәңгі азық болар сүйікті кітаптарың көп болсын!



Елеусіз Жанар Елеусізқызы
Алматы қаласы, Алатау ауданы
«№ 210 мектеп-лицей» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі,
педагог-модератор
Темірбек Ерасыл 7-сынып
оқушысы



Төлеген Айбергеновке арнау

Өлеңімді міне сізге арнадым,
Ақын болу менің де ол-арманым.
Жалынды ақын Төлегендей болармын,
Селт еткізер өткір сөзбен жан-жағын.

Қарақалпақ елінде туып өсіп,
Сағынышпен өлеңдері самал есіп.
Жұлдыздай аққан өмірі қысқа болды,
Өзге елде сағынышпен ғұмыр кешіп.

Жалын жыры тамсандырып алады,
Оятады мендей ақын баланы.
Төлегеннің өзі алыста болғанымен,
Әр өлеңі жақын тартып барады.

Өлең деген өмірімнің бөлшегі,
Менде өзіңдей ақын болам белсенді.
Қабыл алшы өлеңімді арнаған,
Жүрегімнен шыққан жырды мендегі.

Мұқағали атамызға арнау

Көтерілсе көкке бүркіт және қыран,
Тұлпардың қамшы басты сауырынан.
Өмірге Мұқағали келген сәтте,
Шаң шықты күллі алаш бауырынан.

Өлең десе көңілім жайланатын,
Поэзия әлеміне жайған атын.
Өлеңімен өмірін өрнектеген,
Қара сазда туылған қайран ақын.

Өр ақыным, теңеймін сені көкпен,
Қағаз бенен қаламды серік еткен.
Жаратқан батырларды, ақындарды,
Киелі қазағымның жері неткен!



Түменбаева Карима Бескемпировна

Алматы қаласы, Алатау ауданы
«№ 210 мектеп-лицейі» КММ
тарих пәні мұғалімі, педагог-
модератор

**Раушанбекұлы Олжас 9-сынып
оқушысы**



Орбұлақ шайқасының тарихи маңызы

Біздің тарихымызда қиын да қасіретті оқиғалар көп. Ел мен жер үшін талай ғасыр қасық қанын төгіп келген ата-бабаларымыз шайқастың небір қилы кезеңдерді басынан өткізді. Халықтың жадында қалып, қазақ қаһармандарының елдігі аңызға айналған мықты шайқастың бірі - Орбұлақ шайқасы. Жоңғарларды аямай ойсырата жеңген бұл шайқастың халқымыздың тарихында мәні елеулі.

Жоңғарларға қарсы соғыстың күшеюіне байланысты Қазақ хандығы қиын дағдарысты бастан өткізді. Бұл соққы Қасым, Хақназар, Есім, Тәуке хандардың сарабдал саясаты негізінде қаланған мемлекеттілік берекені шайқады. Тәуке хан қайтыс болғаннан соң қазақ өмірінде үнемі сәтсіз оқиғалар орын алды. 1717-1718 жылдары қазақ жасақтарының жеңіліске ұшырауы, Тәукеден кейін билікке келген Қайып ханның өлімі, 1723-1727 жылдары Ақтабан шұбырынды кезінде хандық билік әлсіреді. Қазақтар XVIII ғасырдың 20-жылдарының аяғында ғана жоңғарларға айтарлықтай тойтарыс бере алды.

Тактика түріндегі Орбұлақ шайқасы күш біріктіру маңызын көрсетті. Қазақ шежіресінде және халық аңызында соғыс Жоңғар Алатауында, Орбұлақ деген жерде болған. Жәңгірді «Салқам» деп атаған. Бұл соғыс ойрат қоғамына

әсер етті. Бұл олардың ішкі қайшылықтарының басталуына әкелді.

Аталған соғыс нәтижесінде жоңғарлардың Қазақ хандығын басып алу жоспары сәтсіздікпен аяқталды. Қазақтарды жоңғарлардың осы аймаққа одан әрі ілгерілетуіне дайындауға уақыт ұтылды. Жәңгір хан жаяу атқыштардың мылтықтан оқ атудың жаңа жауынгерлік тактикасының тиімділігін көрсетті. Орталық Азия үшін бұл атыс қаруын қолданудағы революциялық тәжірибе болды. Бұл шайқаста шағын қазақ милициясы мен Жалантөс батыр басқарған Бұхар әскерінің бірігіп жеңіске жетуі қазақ элитасының жоңғарлардың әскери күш-қуатын қайта бағалауына себеп болып, қазақ жүзінің үш жүзінің де күшін біріктіруге ықпал етті. Біріккен қазақ жүздерінің одан әрі бірлескен іс-әрекеттері түптеп келгенде жоңғар мәселесін Қазақ хандығының пайдасына түпкілікті шешуге әкелді.

Қазақ жауынгерлері Қазақстанның әскери тарихында тұңғыш рет буксирлеу тактикасын қолданып, жауды талқандауда жер бедерін шебер пайдаланып, бекіністер: арық, жағалау, окоптар тұрғызды. Жауды оқ пен жебемен оқ жаудырған Жәңгірдің жауынгерлері жоңғарларға қарсы тұрды. Қазақ жауынгерлерінің тактикалық техникасындағы бұл жаңалықтардың барлығы жоңғарлардан жауап қайтару шараларын таппай, кері қайтуға мәжбүр болды. Бұл шайқас басқа да ірі оқиғалармен бірге қазақ халқының тарихына енді. Жәңгір Салқам («Әсерлі») лақап ат алды. Ол жауынгерлерді батылдық пен табандылықтың жеке үлгісімен шабыттандыра білді, ұрысқа кірісіп, жеңіске жетті. 1643-1647 жылдардағы қазақ-жоңғар соғысының қазақ қоғамы үшін маңызы зор болды. Қазақ жауынгерлері жеке ерлігі мен жанқиярлығы арқылы туған жерінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға қабілеттілігін дәлелдеді.

Қоғамдағы көңіл-күйге қарап, елде халықты, әсіресе, жастарды патриоттыққа тәрбиелеу, одан кейін өткен заманда болған ерліктердің, ұлы тарихтың бәрі де қалыпты жағдайға айналатын күн алыс емес. мемлекет пен қазақ халқы сұранысқа ие болады. Қазақ мемлекеті мен қазақ халқының тарихи өткенінің ұлы байлығы – ұлы бабаларымыздың ерлік өткен жолының жарқын бейнесін заңды түрде бейнелейтін Орбұлақ шайқасы және бұл оқиғаларды жария ету Қазақстандағы басымдықтардың бірі болуы тиіс екені сөзсіз.



**Айбергенова Кенжегүл
Қыдырбайқызы**
Алматы қаласы, Алатау ауданы
«№ 210 мектеп-лицей» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Олжабек Ұлпан 7-сынып оқушысы

Жетіқарақшы

Біз демалыста ауылға барып, атам мен апамның жанында демалдық. Ауыл өмірі тамаша. Кешке дейін қанша шапқылап ойнасаң да ұйқың қанып, сергек

жүресің. Кешкі ас ішіп болған соң атам далада, таза ауада демалып отырғанды ұнатады. Сондай бір керемет кеште атам маған аспандағы Жетіқарақшы жұлдызын көрсетіп, қызық әңгімесін де айтып берді.

Қазақта Жетіқарақшы туралы аңыз көп, соның бірі қарақшылардың іркес-тіркес тұрған Үркер шоқжұлдызының Үлпілдек деген қызын алып қашқаны туралы. Түнде аспанға үнілсеңдер «шөміштің» сап жағындағы екінші жұлдыз – қарақшылар басшысы Қыранның жанынан кішкентай жұлдыз байқауға болады, Үлпілдек сол. Қызын қайтармақ болған Үркер қуып келеді, қарақшылар жеткізбейді. Жете бергенде таң атып кетеді.

Қазақ нобайына қарап «Шөміш жұлдыз» деп те атай беретін Жетіқарақшыны аспаннан табу оп-оңай екен. Бұл шоқжұлдыздың адам тарихындағы орны зор. Ғылым тілінде «Үлкен аю» деп аталатын шоқжұлдыз қатарына кіретін жарық жеті жұлдызды адамзат ықылым заманнан бағыт-бағдар анықтауға пайдаланып келеді. Себебі, соңғы тік түскен екі жұлдыздан жоғары қарасаң жарқыраған жалғыз жұлдызды көресің, ол – Темірқазық. Темірқазық Солтүстік полюстің дөп үстінде тұр, сондықтан мал бағып жүріп ең далада адасқан шопан, немесе, мұхитта адасқан теңізші Жетіқарақшы арқылы сол жұлдызды тауып, қарап тұрып шығысы мен батысын анықтап алған. Сөйтіп, жол тапқан. Тұтас ғаламның бағдаршамы болған жұлдыз санының жетеу болуы тегіннен тегін болмаса керек?



Айбергенова Кенжегүл Қыдырбайқызы

Алматы қаласы, Алатау ауданы

«№ 210 мектеп-лицей» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Алихан Кәусар 9-сынып оқушысы

Телефон немесе гаджетке тәуелділіктен қалай құтыламыз?

Компьютер, планшет, телефон... Олардың аттары әртүрлі болғанымен, әсері бірдей. Оң мен солын танып үлгермеген бала түгілі ересек адамның өзін тәуелді қылады. Денсаулыққа зиян. Алдымен көзді құртады, кейін омыртқаны қисайтады. Психиканы өзгертеді, уақытты алады. Тізім осылай жалғасып кете береді. Не істеу керек? Балаларды тәуелділіктен қалай қорғауға болады? Қазіргі кезде гаджетсіз өмір сүру мүмкін емес, дегенмен, тәуелділікті мүмкіндігінше азайтудың жолдарын қараған жөн.

Ең дұрысы, мүмкіндігінше балаға смартфонды ерте ұстатпау. Мәселен, Тайваньда екі жасқа дейінгі сәбиге гаджет беруге тыйым салынады. Егер бұл кеңес сіз үшін кештеу болса, онда телефон, планшетті пайдалану уақытын шектеңіз. Әр отбасында теледидар, компьютер, телефонға қатысты бұлжымас заң болу керек. Бала компьютерде қанша уақыт отыра алады? Қандай ойын

немесе мультфильм көруге болады? Аталған мәселелер ата-ана тарапынан қатаң қадағалану керек. Сонымен қатар, психологтар төмендегідей кеңестер айтады:

- Ас ішетін үстелге гаджет атаулыны мүлдем жолатпау керек.
- Балалар бөлмесінде планшет, телефон т.б техниканы түнде қалдырмаған жөн.
- Ұйқыға жатардан жарты сағат бұрын барша отбасы мүшелерінің ұялы телефондарын арнайы орынға қою. Оның орнына балаларға кітап оқып берсеңіз, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.
- Бала ата-анадан көргенін қайталайды. Үйде болған уақытта ересектердің өздері де телефонға телмірмеуге тырысу керек. Сырттан кіргенде бірден гаджетті қолға алмай, алдымен үй шаруасына, отбасы мүшелеріне көңіл бөлген жөн.
- Жылап, ренжіп тұрған баланы жұбату үшін қолына телефон ұстата салуға асықпаңыз. Бала эмоциясын өзі бақылап үйренуі тиіс.
- Бүкіл отбасы болып тұрақты түрде кибер-диета жасап тұрған дұрыс. Яғни, аптасына 1-2 күн компьютер, планшет пен телефонға мүлдем жоламау.

Тағы бір айта кетерлік жайт, балаға үнемі шектеу жасау арқылы бұл мәселені шештім деуге болмайды. Ең басты қағида – балаға бос уақытында сапалы әрі қызықты іспен айналысуға мүмкіндік беру, жағдай жасау, қарым-қатынас жасау, сөйлесу екенін естен шығармаңыз.



Айбергенова Кенжегүл Қыдырбайқызы
Алматы қаласы, Алатау ауданы
«№ 210 мектеп-лицей» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Самархан Ақбаян 7-сынып оқушысы



Аралға бай мемлекет Индонезияға саяхат

Балалар, халық санының көптігі жағынан қай мемлекеттер алда тұрғанын білесіңдер ме? Бірінші орында Қытай, екіншіде Үндістан, одан кейін АҚШ тұр. Ал төртінші орынды Индонезия Республикасы алады. Бүгін біз сендерге осы мемлекет туралы қызықты мәліметтер ұсынамыз. Мәселен, мемлекеттің атауының өзі біз білетін Үндістанға (Индия) ұқсайтынын байқаған боларсындар. «Индо» (Индия), ал «несос» сөзі грек тілінен аударғанда «арал» деген мағынаны білдіреді. Яғни, «аралды Үндістан» деген сөз.

- Индонезия Оңтүстік-Шығыс Азияда орналасқан. Астанасы – Джакарта қаласы.
- Бұл мемлекет аралдардан құралған. Ел аумағында 17800 арал бар. Бірақ олардың тек алты мыңында ғана адамдар тіршілік етеді.
- Сонымен қатар, бұл елде жанартаулар көп. 400 вулканның 150-ге жуығы атылу қаупі бар деп есептеледі.

Мұнда жер сілкінісі де жиі болып тұрады.

- Әлемдегі ең үлкен кесіртке Комодо кесірткесі Индонезияның мақтанышы саналады. Динозаврға ұқсайтын бұл кесіртке өзі мекен ететін аралдың атымен аталған. Оның ұзындығы үш метрге дейін жетеді!
- Индонезияда орман көп. Ел аумағының жартысынан астамын жасыл желек алып жатыр.
- Бір қызығы, Джакартада адам саны көп болғанымен, метро салынбаған. Сондықтан, көліктер сағаттап кептелісте тұруға мәжбүр.
- Косметикалық заттарға, азық-түліктерге қосылатын пальма майын өндіру жағынан Индонезия алдыңғы орындарда тұр.
- Индонезияда әлемнің басқа еш жерінде кездеспейтін жануарлар мекендейді. Олардың қатарында явалық мүйізтұмсық та бар. Қазірдің өзінде бұл елден жануарлар мен өсімдіктердің бұрын еш жерде кездеспеген жаңа түрлері тіркеліп жатады.



Дауталиева Эльвира
 Алматы қаласы, Алатау ауданы
 «№ 210 мектеп-лицей» КММ
 Тарих пәні мұғалімі, педагог-модератор
Қайдар Арлан 8-сынып оқушысы



Қазақ тілім – байлығым

Тілім менің - таусылмайтын байлығым. Ең қастерлі де құдіретті өз ана тілім. Шыр етіп дүниеге келгеннен бері ана тіліммен өсіп келемін. Ана тілі арқылы алғашқы әліппені таныдым. Содан бері міне, өз ана тіліммен сусындап келемін. Өз тарихымды танып білдім. Туған тіліміздің абыройын асқақтату – әрбір азаматтың борышы. Себебі, біздің болмысымыз, салт - дәстүріміз, дініміз, мәдениетіміз осы тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын білімді, парасатты, іскер, қабілетті, ұлтжанды етіп қалыптастыруда мемлекеттік тіліміздің атқаратын қызметі өте жоғары. Сондықтан да туған еліміздің мемлекеттік тілін білуге бәріміз міндеттіміз. Өйткені, тіл - ата - бабамыздан бізге қалған аманаты деп білемін. Ата - баба мұрасын жалғастыру, оның мәртебесін көтеру баршамыздың парызымыз, міндетіміз. Тіл арқылы ақындарымыз бен жазушыларымыздың ұлы даналардың сөздерін, өлең - жырларын оқып білеміз, олардан ғибрат аламыз. “Өнер алды – қызыл тіл” деген осыдан шыққан болар. Елінің болашағын ойлаған, құрметпен қараған әрбір азамат ана тілін сақтап қалуы үшін қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Асыл қазынамызға айналған қазақ тілінің құндылығының арта беруіне әрдайым өз үлесімді қосамын. Тәуелсіз Қазақстанның көгінде көк байрағымыз желбіреді, әр қазақтың жүрегінде Әнұранымыз айтылды, өзіміздің қазақ тілімізбен қайтадан қауыштық. Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңы қабылданды. Бұның бәрі Елбасының көреген саясатының арқасында деп білемін. Ендігі біздің міндетіміз тілімізді сақтап, сол

тілде сауатты жазып, ойымызды қазақ тілінде таза жеткізу, ардақтап құрметтеу.

Б. Момышұлының "Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата - бабамызды, тарихымызды ұмыту"– деген болатын. Сондықтан тілімізді ұмытпай, әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек деп білемін. Тіл байлығы - әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарап, орынсыз шұбарлануына жол бермеуіміз керек. Менің елім – көп ұлтты Қазақстан. Қанша ұлттың баласы бір анадан туғандай тату - тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақстанда ұлттар арасында татулық пен бірлік, ынтымақтастық пен достық орнағаны – бәріміз үшін мақтаныш. Бұл – біздің еліміздің сарабал саясатының, дана ойларының жемісі. Қазақтардың ұлы даласы қандай кең болса, тіліде дәл сондай бай. Біздің талай ақын жазушыларымыз жазып қалдырғандай, қазақ тілінің тілі орамды, тарихы тереңде. Егер де дәл осы уақыттан бастап тіл мәселесін көтермесек, тым ұзамай тіл кеми бастаса, ұлтымыз да әлсірей бастайды.. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз атсалысуымыз қажет» деген жолдауындағы сөздерін барша қазақстандық құптайды. Мен әлемдегі ең бай, ең сұлу тілдердің бірі – қазақ тілінің құдіретіне әрдайым сенемін. Тіліміз – бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы. Қазір Елбасымыз үш тілді білуді міндеттеп отыр. Болашақта бұл үлкен мәселе болмақ. Менің ойымша, егер адам өзге тілді білетін болса, ол рухани бай адам деп ойлаймын. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымы кеңейеді. Сондықтан мен өз замандастарымды «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп ақын Қ. Мырзалиев айтқандай, басқа тілді біле отырып, ең алдымен өз ана тілімізді құрметтеуіміз керек.



Мамырбаева Манар Жамбуловна

Алматы қаласы, Медеу ауданы,
Д. Снегин атындағы №30 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші, магистр



Мусабаева Нұрай Тимуровна

7-сынып оқушысы

Балалық шаққа саяхат

... Содан бері талай жылдар өтті. Бұл қызықты оқиға да өткеннің еншісінде қалды. Сол кезде жаңадан Столыпин реформасы енгізіліп, қазақ жеріне басқа ұлт өкілдері көшіп келіп жатты. Олардың барлығы дерлік басында үйсіз-күйсіз, айдалада қай жаққа барарын білмей абдырап жүретін. Себебі орыстар тасжүрек болғандығы сондай, өз аумағындағы халықты мал секілді қазақ жеріне айдап әкеліп, әр жерге тобырымен тастап кетіп отырды. Тағдырдың жазуымен қазақ

даласына қоныс тепкен әртүрлі ұлт өкілдері сонау қиын-қыстау күндері ел-жұртын, атамекенін тастап, жат елге қоныс аударса да қазақтардың қонақжайлылығымен жаңа жерге әп-сәтте сіңісіп кетті. Қазақ деген қамқор халық қой, ол жаңа қоныстанушыларды жылы шыраймен, құшақтарын кең ашып күтіп алған болатын. Жері жоқтарға аумақ бөліп берді, жалаңаш қалғандарды киіндірді, аш қалғандарды тойдырды.

Ол кезде біз Сырдария өзенінің орта ағыс жағындағы Бозкөл ауылында тұратынбыз. Біздің ауыл басқа ұлт өкілдерінің қазақ ортасына сіңісіп кетуі үшін бар жағдайын жасаған ауылдардың қатарында болатын. Ол кезде мен кішкентаймын, мәселені мән-жайына жетіп түсіне бермеймін. Бір білетінім, біздің ауылымызға шәңк-шүңк еткен тілде сөйлейтін бірнеше отбасы келген. Олардың қытай тілінде сөйлегенін енді түсініп отырмын.

Ван деген отбасында жалғыз бір ұл бар еді. Ол байғұс қазақ балаларының қысы-жазы асыр салып ойнайтынына қарап қызығатын. Бізге қосылайын десе, не деп сөйлесіп жатқанымызды түсінбейтін. Оның үстіне біз де оны менсінбейтінбіз.

Бұл бейтаныс баланың есімі - Ван Тянь еді. Біз, ауыл балалары, мұндай өзгеше атты өмірімізде естіп көрмегендіктен, оны “Тянь-Шань” дегенге ұқсататынбыз. Содан бастап оның лақап аты - Тянь-Шань болып кетті. Өзге ұлт баласының түр әлпетінде пәлендей сымбат жоқ еді. Терісінің түсі бозғылт, өзі жүдеу келген. Оншама бойшаң да емес. Көзі сығырайған, маңдайы кең, мұрны тәмпіш еді. Ал ерні болса, жұқа.

Көп ұзамай, Тянь-Шань бізбен ойнау үшін қазақ тілін үйрене бастады. Қазақ тілінде енді былдырлап сөйлей бастағанда, барлығы оған күлетін. Мен де Тянь-Шань бір нәрсені дұрыс емес айтып қалған кезде, оны кемсіте күлетінмін. Әрине, мұндайда кім оны жақтар, әже-анамыздан күнде орыстардың бізге жасаған түрлі жамандықтары туралы естиміз ғой. Үлкендердің барлығы жаңа қоныстанушылардың бұған түк қатысы жоқ екендігін білгеніне сенімдімін. Ал бізге оны кім түсіндіріп отырды дейсің? Өзіміз жорамал жасап алып, ақымақтық жасаған шағымыз еді...

Бірде, жаздың шілде айында, мен және Арман деген досым екеуміз жайлауға барып жылқы теппекші болғанбыз. Жылқы Арманның әкесінікі болатын. Өзі бір-ақ жылқы. Соны қалай бөлісерімізді білмей салғыласып келе жатқанбыз.

Тянь-Шань бұл кезде қазақ тілін әжептеуір біліп қалған-ды. Әңгімемізді естіп қойған ол:

- Сәлем, Әмір!

- Сәлем, Арман! Жылқы тебу бара жатырсындар ма? Мен де бару. Өтінемін! - деп бізбен бірге барғысы келетіндігін білдіріп, өтініш жасады. Арман екеуміз басында аң-таң болып бір-бірімізге қарап тұрып қалдық. Одан кейін есімізді жиып, жауап бердік:

- Сәлем, Тянь-Шань! Иә, әрине барғың келсе, бізбен жүр. Алайда, бізде бір ғана жылқы бар, - деді Арман.

- Егер де бізбен бірге баратын болсаң, жылқыны соңғы болып тебетініңді ескертіп қояйын, - дедім мен соңғы болғым келмей.

- Әрине-әрине, мен келісу. Тек сендермен бару келеді, - деді ол. Сөйтіп, Арман, Тянь-Шань, мен жайлауға барып, кезекпен жылқыны тебе бастадық. Біраздан кейін Тянь-Шаньның да жылқы тебетін уақыты келіп жетті. Ол енді жылқыға мініп еді, ат ібіліс көргендей қатты-қатты секіре бастады. Тянь-Шаньды құлатқысы келгендей. Бала жылқыны берік ұстап алды. Бірақ сонда да аттан ұшып түсті де бір жерге барып қиырап түсті. Шошып кеткен ауыл балалары айналасына жинала қалды. Бір уақытта Алдияр:

- Пәлі, сен тіпті жылқыны да игере алмадың ба? Өй, мынауың неге үндемейді? Аааа, қолыңды ауыртып алғансың ба? Қыз сияқты жыласаңшы! - деп қарқылдап күліп, оны мазақтай бастады. Алдиярдың нөкерелері оны жақтай кетті. Осыншама күлкінің астында қалса да, қолын сындырып алғанына да қарамастан Тянь-Шань шыдамдылығын көрсетіп, ләм демеді. Тіпті, түрі де өзгерген жоқ. Ол орнынан тұрғысы келді, бірақ та сынған қолын бүкіл денесімен басып жатқандықтан қанша тырысса да, орнынан қозғала алмады. Мен, Арман және тағы бірнеше досым барлығымыз жараланған баланы қорғаштап, Алдиярға бұл жерден кет деп айттық. Сосын біз Тянь-Шаньды өз үйіне дейін шығарып салдық. Анасының айқайын естіп, бір таяқ жеп те алдық. Тянь-Шаньның анасының есімі Ван Лу болды. Ханым Ван сүйкімді әрі мейірімді әйел еді (баласының осындай халде көргенде кім ұрыспайды дейсің?) Ол бірден баласын ұста ағай Тоқтарға ертіп апарып, қолын салып беруін сұрайды. Тоқтар ағай:

- Қолын салып бере аламын. Бірақ, Тянь, бұл қатты ауыратын болады, - дейді.

- Мен шыдау, - деп жауап береді беті бүлк етпей Тянь-Шань.

- Тағы да, Лу, мен қолын салып бере алсам да, жұмысымның берік болатындығына жауап бере алмаймын. Қолын жаман сындырыпты. Қайта-қайта шығып кететін болады, - деді ұста...

Жұлдызды аспан күндері қораның жанында от жағып, айналасына жиналып, әңгіме-дүкен құратынбыз. Арамызға Тянь-Шань қосылғалы бұл кештер өте қызықты болатын болды. Ол бізге Қытай туралы, Ресейге көшіп барғандары туралы баяндайтын. Бір күні Қытайдың көрікті жері туралы майын ағызып тұрып әңгіме айтса, екіншісінде Ресей мектептері туралы айтатын. Басқаларды білмеймін, бірақ өз басым оның әңгімелерін асқан қызығушылықпен тыңдайтынмын. Әрине, кейбір жерінде қате айтып қалса, не дегісі келгендігін түсінбей дал болатынмын. Енді ауыл балалары Тянь-Шаньға жақсы көңіл бөліп, мақтау сөздерін жаудыратын. Әрбір екінші бала онымен дос болғысы келетін.

Сөйтіп жүргенде, барлығы атаман Алдияр туралы ұмытып та кетті. Оған ешкім “тиісті” көңілін бөлмеді. Сондықтан да ол қоқаңдап әрбіреуге себепсіз тиісе бастады. Бір күні Сырдарияда шомылып жүргенімізде, Алдияр сау басына сақина тілеп, Тянь-Шаньмен төбелесуге себеп іздеп, оған келіп тиісе берді. Бір қарасам, үлкен шу шығыпты. Анық-қанығын білмеймін, бірақ Тянь-Шань Алдиярды сабасына түсірген көрінеді. Ол ауылымыздағы жаңа атаман болды.

Қазіргі таңда, сол кездегі немқұрайлы қараған достығыма зәру болып қалдым. Сонау заманда көшіп келген ұлттар Ван Тянь секілді біздің тілге еліктеп, тілімізді құрметтейтін болса, біздің де оларға деген құрметіміз арта түсетін еді...



Берденова Канзада Абдуманаповна
Алматы қаласы №81 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Шалабай Арайлым Сейтжанқызы
9 сынып оқушысы



Тәуелсіздік-қасиетті ұғым

«Қазақстан» деген жалғыз ауыз сөздің құдіреті мен қасиетін осы жерде туған және осы өлкеде өскен әрбір азаматтың сергек сезінуі парыз. Бұл сөз біздің қанымыз бен жанымыздың ажырамас бір құрамды бөлігі. Қазақ жері, қазақ елі біздің ата- бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарға қалдырып еткен баға жетпес байлығы және асыл мұрасы. Біздің ата шежіреміз ғасырлар бойы Ресей тарихының құрамды бөлігі болып келді, солай хатталды да. Жаңа Тәуелсіздік заманда өз халқымыздың тарихын өзіміз жазып, жаңа егемендік ел, халық тұрғысынан жазуға мүмкіндік алдық. Әрине тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Қазақ халқының небір қайтпас қайсар батырларының жасаған ерліктерін оқулықтардан оқып білудеміз. Елім, жерім деп жаудан ұлтарақтай жері үшін, небір қазақтың батырлары өз өмірлерін қиып, қанды шайқастарда қаза болды. Біз үшін қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат, айтулы кезеңдерде ту ұстаған бабаларымыздың барлығы да құрметті. Исатай, Махамбеттер патшалық Ресейдің озбыр саясатына қасқайып қарсы тұра білді. Сан зұлматты өткерген еліміз ұлт-азаттық көтеріліске келгенде де тосылып қарап қалған жоқ. Бұл күрестер азаттық үшін өткен сан күрестің соңы емес еді. Елін, жерін жау аяғына таптатпай, сол туған жерінің қарсы қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш, биік рухқа әр кез таңданамын. Аталарымыздың сол қасиеті елге- мұра, ұрпаққа-ұран болып келе жатыр. Ұлт –азаттық көтерілістер, Ұлы Отан соғысы мен желтоқсан оқиғалары, соғыстың қатал сынағынан өткен жандардың жанқиярлық ерлігі арқасында, біздің барлығымыз өмір сүру бақытына ие болдық. Желтоқсан оқиғасы біздің жадымызда. Біз оны көрмегенмен, үлкендер мен апайларымыздың айтулары, теледидардағы деректі фильмдерден жақсы білеміз. Алматының алаңында өткен желтоқсан қырғынының жазықсыз жаласына ұшыраған «қасқалдақтай қаны, бозторғайдай жаны» бар жанкешті жаужүрек жас Қайраттай ағаларымыз болды. Қайрат, Ләззат сияқты аға-апаларымыздың желтоқсанның ызғарында жасаған ерліктерімен, олардың аттарын атамай кетпеуге болмайды. Желтоқсанның ызғарына тоңып, тас қараңғы тас қамалда, Қайрат ағамыздың жазған өлеңдерін оқығаныңызда өлеңдері «Мен қазақпын» деген әрбір жастың, әрбір адамның, жанына күш-қуат беріп патриоттық сезімін оятары анық. Желтоқсанда да өрімдей аға-апаларымыз жас өмірлерімен қоштасқан. Жыл сайын желтоқсанның 16да сыныбымызда әрдайым тәуелсіздікке байланысты түрлі тақырыптарда тәрбие сағатын өткізіп тұрамыз. Тәуелсіздікке жету оңай жолмен келген жоқ. Ол бәрімізге мәлім. Бұл қазақ халқының ғасырлар бойы көздеген арман-мұратының орындалуы. Тәуелсіз мемлекетке айналуы, бізге үлкен серпіліс, күш

берді. Тарихи күш десе де болады. Біздің өз еркімізбен алға ұмтылуға, мемлекет болып өркендеуге жол ашылды. Қаза тілі қайта жаңғыртылды, табиғи байлығымызды өз иелігімізге қайтара алдық. Қазір біз болашағымызға сеніммен қарай алатын зайырлы, өркениетті жоғары қарқынмен дамып келе жатқан мемлекетпіз.

Қазіргі таңда Қазақстанның өзіндік үні, пікірі, мәртебесі бар. Осындай алпауыт мемлекеттермен иық тіресе дамып отырғанымыз елбасының арқасында, оның өз халқы, қазақ елі үшін жасаған жақсылығы деп білемін.

Мен Тәуелсіз елдің бақытты ұланымын. Келешек ұрпақ осы тарихи құнылықтарымызды қастерлеп, қасиетін жоғалтпай дәріптеп, ұрпағымызға аманат етуіміз керек.



Орынбаева Раушан Полатқызы

Алматы облысы, Іле ауданы
№39 гимназия
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші



Әлімбай Мөлдір
8-сынып оқушысы

Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ
(Мысал)

Бірде 8-сынып оқушыларына жаратылыстану бағытында өтетін «Ақсұңқар» олимпиадасына бір ғимараттың макетін жасау қажет болды. Бұл макетті жасау сыныптағы үш дарынды балаға тапсырылды. Олар Айғаным, Дулат, Болат еді. Оқушылардың әрбірінің белгілі бір пәнге деген қызығушылығы басым болатын. Айғаным математикадан, Дулат химиядан, Болат географияны қатты жақсы көретін.

Қандай макет жасаймыз дегенде әрқайсысы өз пікірлерін айтып, ойлары бір жерден шықпай қояды. Бірі көп қабатты ғимараттың макетін жасау керек десе, бірі тұрғын үйлердің, ал енді бірі киіз үйдің макетін жасау керектігін айтып, бір шешімге келе алмайды. Осылайша олардың жұмыстары өнбей, әрқайсысы жан-жаққа тартып тұрып алды. Олимпиаданың басталуына бір күн қалғанда, олар макетті асығыс жасай салды. Сол себептен олар жарыстан орын алмай, жеңіліп қайтады.

Мұның бәрі ауызбіршіліктің, ұйымшылдықтың жоқтығынан екендігін, бірлік болмай, тірлік болмайтынын олар кеш түсінді.

Күйші мен көрші
(Мысал)

Бір күні атағы жер жарған белгілі күйшінің үйіне көршісі келіпті. Табалдырығынан аттамай жатып бірден күйшіге:

- Ауылымызда атақты күйші бар дейді. Сен сол күйші емессің бе? Сол рас болса, маған бір күй орындап берші, – депті. Күйші оған өзінің ең жақсы көретін күйін, «Адай» күйін орындап беріпті. Күй орындау барысында, ол бар жанын салып, домбыраны махаббатпен тартыпты. Күй біткен соң, көршісі оған:

-Сенің күйің маған ұнамады. Өте жаман орындадың. Сен күй тартуды мына көршімізден үйренбейсің бе? – деп, домбырада ойнауды үйренгісі кеп жүрген келесі көршісін мақтай жөнеліпті. Онымен қоймай:

–Бұл күйді сол жақсырақ орындаған болар еді, – депті.

Мұны естіген күйші ақымақ көршісін ары қарай тыңдамай, бұрылып үйіне кетіп қалыпты. Осындай сары жезден саф алтынды айыра алмайтын көзі тар, көңілі соқыр надан адамдар бар. Солардың сынынан сақтасын!

Жұмбақтар

Судың ішін мекендеп,
Жыртқыштарға жем болар.
Қылқаны көп ішінде,
Жесең тойып, ем болар.

(балық)

Өзінді өзің көресің,
Сұлу екенінді білесің.

(айна)

Досы болып адамның,
Қиын күнде табылар.
Үйді қорғап түнімен,
Адал досқа айналар.

(ит)



Жалмаханова Жайна Абдинабиевна

Алматы облысы Абай атындағы
мамандандырылған гимназия-
интернаты Қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
Серікбайұлы Әлішер
9-сынып оқушысы



ӘЛЕМ МЕНІҢ КӨЗІММЕН

(эссе)

Әлемнің әлі ашылмаған құпия сырлары өте көп. Менің түсінігім бойынша, әлем – біздің қоршаған ортамыз. Біз өз тарапымыздан әлемді жаңартуымыз керек. Қалайша?

Қазір айналамыздағы адамдардың көбі өз қара басын ойлайды. Жоқ, ол дұрыс емес. Адам бір-біріне қол ұшын беріп, өзінің көмек қолын созуы керек. Біз әлемді жаңарту үшін көп еңбек етуіміз керек. Себебі еліміз болашақ ұрпаққа мол үміт артқан. Қазір адамдар бәрін ұялы телефон, компьютермен жасайды. Бұның өзі – заманның басқа бағытқа, жаңашылдыққа бет бұрғанының дәлелі. Қай бағытта, қай салада болмасын, өз еңбегін адал істеген адам ғана – өз елінің жанашыры.

Әлемде әлі ашылмаған құпия-сырлар жетерлік. Сол құпия-сырларды ата-бабамыз келешек ұрпаққа табыстап кеткен. Егер біз жақсы білім алып, ойымызды еркін жеткізе алсақ қана әлемдегі жаңа дүниелерді зерттеп, керек жерін түбегейлі өзгерте де аламыз. Кей адамдарға бұл құр сөз болып көрінуі мүмкін, алайда бұл сөзімде зор шындық бары рас.

Қазір әлемде әркім өз ісімен айналысады. Біреулер өз еңбегімен еңбек етсе, біреулер пара беріп, ұрлық жасайды. Бұл дүниелерге көз жұмып қарай салуға болмайды. «Бүгінгі күн – ертеңгі тарих», сондықтан біз тарих қойнауына арлы, еліне пайдалы, намысты адам ретінде енуіміз керек. Ол үшін балалардың бойында мейірімділік, адамгершілік қалыптасуы тиіс.

Қазіргі заман – ол ақпараттық заман, бәрі интернет, ұялы телефондар арқылы бір-біріне хабарласып, еркін тілдесе алады. Осы мүмкіндікті де пайдаланып, өз тілімізді, құндылықтарымызды дәріптеуіміз керек.

Менің өз мемлекетімізде тұрып, орысша сөйлейтін адамдарға да ішім күйеді. Ана тілімізді ата-бабамыз біз үшін үлкен еңбек етіп, қан мен терін төгіп сақтап қалған. Соны қазіргі жастар түсінсе екен.

Өз ойымды түйінділей келе айтарым, әлемді жаңа жаққа қарай өзгерту адамның алға қойған мақсатына байланысты. Тынбай еңбек етіп, алға қарай тоқтаусыз жүре берсең ғана нәтиже шығады. Мағжан атамыз «Мен – жастарға сенемін» деп бекер айтпаған. Әлем – біздің қолымызда!



Жалмаханова Жайна Абдинабиевна
Алматы облысы,
Абай атындағы мамандандырылған
гимназия-интернаты
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Олжатай Мейрамбек
9-сынып оқушысы



Арманға жету – өз қолыңда (эссе)

Менің арманым күннің шуағы айға жеткенше, айдың жарығы күннен асқанша таусылмайды. «Армандар орындалады, мақсатың айқын болса» демекші, мақсат қоя білсең, аб арманыңа қол жеткізесің. Ал егер жарты жолда құлап қалсаң қайта тұр ерінбе, өзіңдікің берме. Өйткені, ол – сенің арманың!

Арманың анық болсын. Мәселен, менің арманым – болашақта шетелден үйлер алып, сол жақта бизнеспен айналысу. Бұл арманымға жету үшін мен ең алдымен алдыма мақсат қойдым. Ешқашан кішкентай дүниеге бола ерінбе, ата-ана немесе отбасыңдағы бір адам бір жерге жіберсе, барып кел. Ондайларға ерінсең, кейін бизнес бастағанда, көп ұзамай тастауыңа да тура келеді. Әлде барлығы оңай бола салады деп ойлайсың ба? Жоқ, олай ойласаң қателесесің!

Арманыңа жету үшін сенің аяғыңнан шалатын адамдар жеткілікті болады. Өмірдің өзі сені арманыңа жеткізеді, бірақ сені қаншама қиындықтар күтіп тұрады. Сондықтан армандай біл, қиялдауға қорықпа. Өз ойыңдағы әлемінді құр. Өмірге еш мойыма. Сені басқа тұлғалардың теріс пікірі қызықтырмауы тиіс, олардың саған айтқаны сенің арманыңды жоя алмауы тиіс. Себебі олар – өз арманына жете алмай қалған немесе өмірге деген талпынысы төмен адамдар. Егер ол адам сенің жігеріңді құм қылар пікір айтса, сенің ойың бір мезетте өзгеріп, өзің қаламайтын дүниемен айналысып кетуің мүмкін. Алайда мен ондай алып-қашпа сөздерге мән бермеймін. Себебі мен өз-өзіме сұрақ қоямын. «Саған 40-50 жасыңда қара жұмыс жасап, қиналып, денсаулықтың нашарлағаны керек пе алде болашақ балаларыңның жағдайын жасап, зәулім үйінде демалып жатқаның керек пе?» Осы сұрақтар мені алға жетелейді.

Мен осы армандарымға жету үшін енді не істей аламын? Ең алдымен, еріншектікті тастау. Екінші – мақсат қоя білу. Үшінші – өзге пікірлер мен өмір сынағына қарсы тұру. Әр тұлғада осындай үш ұстаным болса, міндетті түрде арманына жетеді.

Осындай ұлы мақсаттарды алдына қойып, ерік-жігерінің арқасында әлемнің ең алғашқы долларлық миллиардері ретінде 1916 жылы 29 қыркүйекте Standard Oil компаниясын ашқан Джон Рокфеллер атанды. Билл, ең алдымен, ағаш кесуші болған, кейіннен шағын алыпсатарлықпен айналысқан. Жергілікті халық мінезі біртүрлі, бірақ көңілді жүретін оны «Үлкен Билл» не «Шайтан Билл» деп атаған. Өзіміздің қазақ ұлтынан мысал келтірер болсақ, Тимур Құлыбаев. Бұл кісінің жылдық табысы: \$2 900 000 000.

Осындай тұлғалардың өмірі – маған мотивация. Сол тұлғалардай аласармас арманым мен таусылмас мақсатымның арқасында мен де дегеніме жетемін. Менің әлемім – менің қолымда!



Жалмаханова Жайна Абдинабиевна
Алматы облысы Абай атындағы
мамандандырылған гимназия-интернаты
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Еркін Мирас 8-сынып оқушысы



Белгісіз ғаламшар (ертегі)

Күндердің бір күнінде ғалымдар белгісіз бір ғаламшарды анықтады. Бұл ғаламшарда тіршілік ету мүмкін емес еді. Бірақ олардың технологиясы өте мықты деңгейде, сол себепті де экологиясына орасан зор зақым келген.

Олар да жер ғаламшарының бар екенін анықтады. Өздерін ойлаған өзге ғаламшарлықтар жер ғаламшарының тіршілік иелерін жойып, жерді иемденгісі келді. Олардың ойлаған зұлымдығы жердің тіршілік иелеріне вирус жұқтыру еді. Өзге ғаламшарлықтар вирусы бар қару жасады. Ол вирус бір ай бойы ешнәрсе жасамаса, бүкіл жер ғаламшарының тіршілік иелерін жойып жіберетін еді. Қаруы өте үлкен болғанымен, оғы шаң-тозаңнан да кішкентай болатын.

Міне, сол қаруды жерге көздеді де атып жіберді. Ол Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Алматы қаласының тұрғынына дөп тиді. Өзге ғаламшарлықтар бұны камерадан көріп қатты қуануда. Тұрғын ештеңе байқамады. Дерт асқынып келе жатты. Ол бірден дәрігерге көрінді. Дәрігерлер бұндай дертті мүлде кездестірмеген екен. Егер ешқандай шешім қабылдасамаса, дерттің асқынып, бүкіл дүниеге тарайтынын білді. Сол себепті дәрігерлер ұжымы жиналып, күні-түні бұл дерттің емін табуға тырысты. Арада 1 апта өтті. Дәрігерлер бұның басқа ғаламшардан келгенін және оны емдеу жолы оңай емес екенін білді. Сол тұрғынды өзге халықтан оқшау ұстап, қолдарынан келгенін аямады. Ең мықты деген дәрілер мен дәрумендерді беріп, науқастың бойындағы вирусты өлтірді.

Осылайша дәрігерлер сол бір науқасты құтқару арқылы бүкіл әлемді ауыр дерттен аман алып қалды. Бәрінің қуанышында шек жоқ. Бүкіл әлемде бұл күн мерекеге айналды. Ал өзге ғаламшарлықтардың арам ойлары іске аспай, нәтижесіз қалды. Кейін ол ғаламшардың да өздері ойлап тапқан вирустары сияқты түбегейлі жойылып кеткені анықталды.

Менің бұл ертегі арқылы айтқым келгені, дәрігерлердің еңбегі орасан. Дәл осы ертегідей болмаса да, осыған ұқсас жағдай біздің елді дүр сілкіндіргенін, қанша туған-туыс, ағайындарымыз осындай белгісіз вирустың кесірінен о дүниелік болғанын ел ұмыта қойған жоқ. Сондықтан сондай тажал вирустардан сақтану үшін сырқаттанып қалсаңыз бірден дәрігерге көрінуіңіз керек.

Осылайша сіз өзіңіздің де, жақындарыңыздың да денсаулығын сақтайсыз. «Бірінші байлық – денсаулық» екенін ұмытпайық, достар!



Жалмаханова Жайна Абдинабиевна
Алматы облысы
Абай атындағы мамандандырылған
гимназия-интернаты
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Құмарбек Назерке 8-сынып оқушысы



Әлем менің көзіммен (эссе)

Әлем – біздің өсіп-өнген, сиқырға толы орта. Өмір сүру арқылы осы әлемнің қандай екенін біле аламыз. Соның бірі – қазіргі балалардың әлемді қалай елестететіні.

Бұрынғы заманның балалары тек бейбітшілікті, қауіп-қатерсіз өмір сүруді, тату-тәтті халықты көруді аңсаған. Ондай тілекті туындауы жайдан-жай емес, сол кездегі әлеуметтік жағдайға байланысты халықтың тілегі де сол болған. Себебі көпшілік білетіндей, бұрынғы заман қасіретке толы болды. Ал қазір ол жағдайлардың бірде-бірі жоқ, бізге осы ХХІ ғасырда, қолайлы ортада өмір сүруімізге ата-бабамыз жағдай жасап кетті. Найзаның ұшы мен білектің күші, аққан қан мен тамған тер – бәрі-бәрі мыны біздің жарқын болашағымыз үшін еді.

Қазіргі таңда бейбіт елде өмір сүрудеміз. Сондықтан бүгінгі күннің бүлдіршіндері әлемді өздерінше өзгеше елестетеді. Біреуі бұрынғы қазақи ұлттық киімдерді жаңартып, соны қолдануды қаласа, енді біреуі барлығы заманауи болғанын қалайды.

«Заманауи» деген ұғымды біз қалай түсінеміз? Бұл – аса бір ауырлықты қажет етпейтін ерекше әлем. Біздің алдағы өміріміздің бәрі – жаңа технологиялармен дамып, қолжетімді әрі қолайлылығымен ерекшеленетін жаңарған орта. Мысалы, мен өз іні-сіңілілерімнен: «Сен әлемнің қандай болғанын қалайсың?» – деп сұрасам, әрине, олар жаңа технологиялардың көбеюін керек етеді. Олардың түсінігінше, бұл – жаңа әлем. Ал, менің ойымша, алдағы әлемді тек технологиямен елестету қисынға келмейді. Неліктен? Себебі біздің жаңа әлеміміз қалай өзгерсе, адамдарда соған қарай тез бейімделіп, өзгереді. Технологияға бейімделген адамның ұлттық құндылық, ұлттық болмыс, ұлттық таным, ұлттық нақыштан ажырамауына кім кепіл? Сондықтан өмірімізді оңайлатамыз, жеңілдетеміз деп жүріп, қазақилығымыздан айрылып қалмасaq болғаны...

Болашақ әлемді өз көзіммен елестете отырып айтсам, білімді болып, сол білімділікті игі істерге жұмсап, жаңа технологияларға ұлттық

құндылықтарымызды байланыстыра дамытса, онда бұл – жаңа әлем. Елдің ертеңі болар өзімдей өскелең ұрпаққа жаңа технологияға арбалып, жарқыраған дүниеге алданып, қазақы болмысыңнан ада боп қалмай, ұлттыңның ұлылығын ұлықтайтын ұл болып өскейсің дегім келеді! Себебі болашақ әлемді жасайтын – біз, жас ұрпақ!



Жалмаханова Жайна Абдинабиевна
Алматы облысы
Абай атындағы мамандандырылған
гимназия- интернаты
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Ноғайбай Айсәуле 5-сынып оқушысы



ЖҰМБАҚТАР

Өзі домалақ,
Алайда тік көрінген.
Тіршілігі көп,
Алты жерден бөлінген.

(Жер)

Күні-түні көз жасы,
Сылдыр-сылдыр ағады.
Тап-таза әрі мөп-мөлдір,
Аралайды даланы.

(Бұлақ)

Өзі нәзік,
Көктем келе өседі.
Өзі қызыл,
Жерге кілем төседі.

(Қызғалдақ)

Көкке қарай ұшады,
Ғаламшардан шығады,
Планетаның түбіне,
Қоныстанып тұрады.

(Зымыран)



Жалмаханова Жайна Абдинабиевна
Алматы облысы
Абай атындағы мамандандырылған
гимназия- интернаты
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Парахат Дарын 5-сынып оқушысы



Достықтың қадірі (әңгіме)

Бір күні бір бала болыпты. Оның аты – Бексұлтан. Көңілсіз жүрген Бексұлтан күні бойы ойланып, досы Дарынға мән-жайды айтып береді: «Мен бала кезімнен достарға бай болғанмын, бірақ сол достарды дұрыс таңдамаппын. Уақыт өте келе көбісі сатып, ерегісіп, сөйлеспей де кетті. Біз кішкентай кезімізде көп ойнап, бір-бірімізге көмектесетінбіз. Олармен өткізген уақыт көңілді әрі қызықты болатын. Шіркін, ол уақыттарды қайтара алмайсың! Қазір олар ересек, қазір көмектеспек түгіл, тіптен мені ойламайды». Осылайша достарынан көңілі әбден қалған Бексұлтан қатты мұңаяды. Жаңа достар тапқысы келетінін айтады.

Дарын Бексұлтанның әңгімесін тыңдап отырып: «Мүмкін, оған сенің де кінәң бар шығар. Сен де байқамай достарыңды ренжітіп алған боларсың», – деп, досын ойландырып қояды. Артынша Абайтану пәнінен өткен отыз бірінші қарасөзі есіне түсіп: Бексұлтан, «Төртінші - ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер» деп Абай атамыз айтқандай, сен бұлай бос уайымға салына бермей, өзіңмен күрес. Өзің қандай болсаң, достарыңда сондай болмақ. Мен саған сенемін!» – деп досын қанаттандырады.

Осылайша Бексұлтан бұрынғы достарын ұмытып, Дарынмен достығы нығая түседі. Олар тағы да өздері секілді достар табады.



Жалмаханова Жайна Абдинабиевна

Алматы облысы

Абай атындағы мамандандырылған

гимназия- интернаты

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Телман Бекарыс 5-сынып оқушысы



Түсімдегі ғажайып әлем

(ертегі)

Менің досым бар. Оның аты – Дарын. Досым екеуміз көп қиялдаймыз. Адам сенгісіз дүниелерді айтып, жарыса баяндаймыз. Осылайша екеуміз кеш батқанша бірге ойнайтынбыз.

Бүгін де әдеттегідей ойын ойнап, кеш бата тарқастық. Үйге келсем, артымнан досымның төбесі көрінді. Үйінде жалғыз екенін айтып, біздің үйге қонуға келгенін баяндады. Екеуміз тамақтанып алып, ертегі оқуға кірістік. Бір мезетте ұйқыға кеттік.

Мен түс көре бастадым. Түсімде Дарын екеуміз тауда шаңғымен зырғанап жүр екенбіз. Бір таудан аса бергенде біз өте көп техникалық жабдықтарды көрдік. «Мәссаған, тауда әрі қардың арасында бұл не қылған заттар?» – деп таңданып, мен оған жақындадым. Ал досым болса, алыстан қарап тұрды. Сол заттардан әрі кішкене жүріп едім, роботтардың ортасына түстім. Адам кейпінен айнымайтын роботтарды көріп, таң қалдым. Сол жерде Барри деген бір роботпен таныстым. Досым да алыстан бақылауын қойып, жанымызға келді. Барридің робот бола тұра, адамнан еш айырмашылығы жоқтай көрінді. Бізше күледі, бізше сөйлейді, тіпті, біз сияқты мұнаяды.

Барримен біз тез тіл табыстық. Бірге шаңғы тептік. Асыр салып ойнадық. Осылайша кеш те батты. Үйге қайтуды ойлаған бізге Барри жол көрсетіп, ауыл шетіне дейін жеткізіп тастады. Барриды қимағанымыз сонша – оған бізбен бірге болуды, бір ауылда тұрып, айрылмас дос болуды ұсындық. Алайда Барри оған келіспеді. Ол бірнеше жыл өткен соң өзі де солай болатынын, болашақта робот пен адамның бірге өмір сүріп, дос болатынын айтып ескертті. Тек көп күту керек екендігін айтты. Біз амалсыздан басымызды изеп, көнгендей болдық. Ал Барри болса, келген жағына қарай кете барды.

Бір мезетте оянып кеттім, түсім болғанына аса қуана қоймасам да, Барридың болашақта келетініне, роботтар да адам секілді өмір сүріп, шынайы дос бала алатынына сендім.

Дарын пысылдап ұйықтап жатыр екен. Ол да мен секілді ғажап түс көріп жатыр-ау... Тез таң атып, Дарынның түсін тыңдауға әрі өз түсімде болған ғажайыпты айтып беруге асығып жатып, қайта ұйықтап кеттім.



Жалмаханова Жайна Абдинабиевна
Алматы облысы Абай атындағы
мамандандырылған гимназия-интернаты
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Ерман Айнара 9-сынып оқушысы



ҚИЯЛҒА ТОЛЫ АРМАНЫМ (эссе)

Әлем – адам баласының жарық дүниеге келіп, көзін ашқан бесігі. Осы әлемді әр адам әртүрлі етіп көреді. Мысалы, мен әлемді ерекше бейнеде көргім келеді. Бірақ біздің әлеміміз жаман жаңалықтар мен зорлық-зомбылыққа толы.

Мен біздің әлем ертегідегідей болса деймін. Айталық, әрбір адам баласының бойында өзіне тән бір тылсым күштің болғанын қалаймын. Мысалы, ғайыптан жоқ боп кету немесе аспанға лезде құс секілді ұшып кету, т.б. Егер адам баласында сондай тылсым күш болса, онда ол өзі осы әлемде емін-еркін әрі ешқандай қорқынышсыз өмір сүре алар еді. Бүлдіршіндер мен жасөспірімдер қорлық көріп, азап шекпес еді. Сырттан келген жаудан сондай адам сенгісіз қабілетімен қорғанар еді.

Сонымен қатар, өзен-көлдердің астында осы әлемді таңғажайыпқа толтыратындай тағы да бір әлем болғанын қалаймын. Мысалы, біз сол өзен-көлдердің астына түстік делік, онда осы әлемдегідей неше түрлі саябақтар, тамақ ішетін жерлер, ойын-сауық орталықтары бар. Керемет емес пе?!

Қарап отырсақ, осы әлемді көркейтетін де, дамытатын да біз, болашақ жас ұрпақ. Қазіргі таңда әлемді таңғажайыпқа толтыратындай ештеңе болып жатқан жоқ. Болашақта адам санасына сыя бермейтін ғажайыптар орын алса деймін. Мысалға алатын болсақ, аспаннан жаңбыр, қар секілді ақша жауса. Бұл бір ақылға қонымсыз естілетінін білемін, бірақ сондай жағдай болып жатса, ол қоғамға да, адам баласына да, тіпті әлемге де пайдалы емес пе? Үйсіз-күйсіз бала, ашынған ана, қажыған әке болмас еді. Тіпті ұрылардың өзі аспаннан ақша жауса қылмысқа барар ма еді?!

Тағы бір қиялдан туған арманым, қазіргі таңда адамдар басқа елдерді көргісі келеді, бірақ оған қаражаты жетпейді. Мен осы Қазақстанда өмір сүріп-ақ сол шет елдерде жүргендей әсерге бөлейтін ерекше көзілдірік ойлап тапқым келеді. Ол көзілдірікпен тіпті бұрынғы замандарда болған оқиғаларды және де сол кезеңде өмір сүрген неше түрлі жануарларды шын өмірдегідей көре алады. Осы дүние бізге қажет екені анық. Себебі қазір көбі бұрынғы заманда не болғанын, қалай болғанын дұрыс білмейді, кітаптарда да нақты деректер сан түрлі бұрмаланған. Ал осындай көзілдірік болса, болған оқиғаны шынайы қалпында көрер едік.

Адам – әлемнің бір бөлшегі. Демек, әлемді өсіретін де, өшіретін де адамдар, бүгінгі жастар. Сондықтан армандай берейік, сол арманға талпынып, еңбек етейік. Ақылға сыйымсыз болып естілетін, бірақ адам өмірін жеңілдететін

осындай арман-қиялым мен өмір сүріп жатқан кезде орындалмаса да, біздің артымыздан еріп келе жатқан жас ұрпақтардың, болашақ өмірге келетін сәбилердің кезінде орындалса да ризамын. Себебі «Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда, үлкен арман керек екен адамға», деп М.Шаханов айтқандай, әйтеуір күндердің бір күнінде орындаларына сенемін!



Садвакасова Жанат Сейтхановна
Алматы облысы Абай атындағы
мамандандырылған гимназия-интернаты
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Аркен Мадина 10-сынып оқушысы



САҒЫНЫШ

Жаздың ортасы еді. Күн ыстық, сыртта бір адам көрінбейді. Жусан иісі мұрын жарып, құстардың шықылықтаған дауысы естіледі. Айнала керемет, жап-жасыл кілем төселгендей, ал гүлдер кілемнің көркін кіргізетін ою-өрнектер секілді көздің жауын алып тұрды. Үй алдындағы атам отырғызған гүлдердің маңы толған көбелектер мен аралар. Тау басынан ағып жатқан бұлақтың сылдыры, араның ызыңы мен құстардың үні ғана естіліп, тамаша бір әуен тамылжиды. Табиғаттың керемет көркіне беріліп кеткенім сонша – кеш батуға айналғанын байқамаппын. Қалтамда телефоным болса да бір қарамаппын, бар ойым табиғаттың ғажабына тоқтап қалғандай. Орнымнан тұрып, үйге кірдім.

Үйде әжем дастархан жасап жатыр екен.

- Көмектесейін бе? – деп едім, әжем мейірлене қарап:

- Атаң келген, атаңа бар, өзім жасаймын, – деп, иегімен төргі бөлмені нұсқады. Атамды көрмегеніме екі жыл үш ай болды, жүгіріп барып құшақтай алдым, үстінен арзан темекі мен жусан иісі араласа шығып тұрса да, жүрегіме жақын болды. Атам кіші немерелерінен тыққан кәмпиттерін қолыма ұстатып, маңдайымнан сүйіп: - Ешкімге айтпа, – деп, көзін қысып қойды. Атамның бұнысына қуанып, жүрегім одан сайын елжіреп кетті. Бірден есіме әкем түсіп, әкем де осылай істер ме еді деп ойланып қалған кезімде, әжем дастарханға шақырды.

Дастархан жайнап тұр: ортада ет, бауырсақ, сары май, жаңа ғана пештен шыққан, иісі бұрқыраған ыстық нан, кәмпит-пішінәсі, құрт-қатығымен толдырып қойған. Дастархан басында кішкене кезімдегі қылықтарым мен бұзықтықтарымды еске түсіріп күліп, тамақтанып алдық. Атам ас қайырып, теледидардан жаңалықтарды көруге төргі бөлмеге кіріп кетті. Мен де көп отырмай, әжеме дастарханды жинауға көмектестім де, сыртқа шығып, есік алдындағы тапшанға барып отырдым.

Күндізгідей емес, шұбырған балалар топырлап ойнап жүр. Ешкімді танымаймын, орнымда отыра бердім. Бір кезде атам шығып: «Жүр», – деп, мені

бір топ балалардың арасына қосып, табыстады, – «Мынау менің немерем, қаладан келді, дос болындар». Сабина, Марғұлан, Дамира, Өнер, Ерасыл есімді өзіммен жасты балалар екен. Балалардың бәрі қарапайым, өздерін таныстырып жатыр, жатырқап тұрмай, бірден бір-бірімізді бұрыннан танитындай тіл табысып кеттік. Сүтпісірім уақыт өткен соң Ерасыл:

- Табынға шығып, отын жағайық, – деді. Балалар бірден Ерасылды қостай кетті. Өнер менен:

- Бізбен барасын ба? – деп сұрады. Мен ойланып тұрып қалып едім, балалар:

- Жұр, қызық болады, жүрші енді, – деп, менің «бармаймын» дегеніме қарамастан, бастай жөнелді. Бәріміз табынға келдік, келе салысымен отын жинадық, от жағып, Сабина әкелген картоптарды отқа пісіріп, ыстықтай жей бастадық. Мен бұрын бұндай картопты жеп көрмеген едім, ешқандай қоспасыз, сырты ашылмаған қап-қара картоп дәмді болды екен. Бәріміз отырып ән айтып, әңгімелестік. Біраз отырдық, күн салқындайын деді, ақырын ескен самал желдің лебі білінеді. Шегірткенің шырылы мен желдің сыбдыры анық естіліп тұрды. Аздаған тыныштық орнаған. Сол тыныштықты Марғұланның:

- Бір ойын ойнайық та, әйтпесе ішім пысып кетті, – деген сөзі бұзды. Ойын туралы ести салып Дамира:

- «Батылдық немесе шындық» ойынын ойнайық, бәрің ойын шартын білесіңдер ғой, – деді. Басқамыз Дамираның айтқанына келісіп, ойнайтын болдық. Ең бірінші ойынды ұсынған Дамира болғандықтан, ойынды бастайтын да Дамира еді. Марғұланның «Шындық, әлде батылдық?» деген сұрағына Дамира: «Шындық», – деп жауап қатты. Марғұлан:

- Дамира, осы сен мені жақсы көресің бе? – деді. Осы сәтте бәріміз: «Шындықты айт, өзің таңдадың ғой, кәнеки айт», – дедік. Дамираның өңі алмадай қызарып:

- Иә, сен маған ұнайсың, – деп, кірерге тесік таппаған күйге түсіп, теріс қарады. Марғұлан да құр тұрмай:

- Сен де маған ұнайсың, – деп осы сәтті пайдаланып, сезімін білдіріп қалуға тырысты. Бәріміз шулап, екеуіне қарап күліп, біраз сөз қылдық. Ойынды қайта жалғастырған Марғұлан Сабинаға: «Шындық әлде батылдық?» – деді. Сабина да шындықты таңдап, өзінің шындығын айтты. Кезек маған келді. Сабина: «Шындық әлде батылдық?» – деп сұрады, мен ойланбастан бірден батылдықты таңдадым.

Сабина тұрып: - Ең қатты сағынған адамыңа хабарласып, сағынғаныңды айт, – деді. Қалтамнан телефонымды шығарып, санамда сақталып қалған нөмірді тердім де, телефонның түймесін баса салдым. Айналамдағылар шуласып: «Кім? Кім?» – деп сұрақтың астына алып жатқан сәтте телефонның ар жағынан қатқылдау дауыспен біреу: «Алло», – деп еді, бәрі бірден тынышталып, құлақтарын түріп, отыра қалды. Мен де ақырын дауысым дірілдей:

- Алло, – деп үн қаттым. Телефонның арғы жағындағы дауыс:

- Бұл кім? – деп еді, жүрегім елжіреп, көзімнен тоқтаусыз жас моншақтап кете берді. Жанымдағылар аң-таң болып қарап отыр. Дала тып-тыныш, қап-қараңғы. Оттың шоғы ғана қалған. Бәрінің көзі менде ...

Біраз тыныштықтан кейін әлгі адам тағы:

- Алло, кімсің дим, ойнап отырсың ба? Уақытым жоқ, тез айт, – деп ашулы дауыспен ұрсып берді. Даусым дірілдеп, ақырын ғана: «Әке», – дедім. Жанымдағылардың не ойлағаны белгісіз, бірақ бәрі аяныш бір сезіммен мөлдіреп, маған қарап отыр екен. Әкем мені таныды ма білмеймін, телефонның ар жағынан бір сөз айтпады, үндемеді. Мен де үндемедім, жанымдағылар да тым-тырыс. Көз жасымды тоқтата алар емеспін, кеудемді біртүрлі сезім қысып бара жатты. Сол сәтте Өнер мені жұбатқысы келді ме әлде аяп кетті ме, оң қолын иығыма қойып, жанымға отырды. Аздаған үнсіздіктен кейін мен:

- Әке, мен сізді сағындым, – деп жылап жібердім .

Әкем болса, естіп тұрса да үндемеді, әкемнің үнсіздігі одан сайын жанымды ауырта берді. Арада жиырма секундтай өткенде телефонның қоңырауы мүлде үзіліп кете барды. Өне бойым тоңазып кетті, желдің екпіні күшейе бастаған сияқты. Балаларға үйге қайтқым келетінін айтып, кетуге ыңғайланып едім, олар да қайтпақшы болды. Бір-бірімізбен қоштасып, әркім үйді-үйімізге тарадық. Ерасыл мені үйге дейін әкеліп тастады. Үйдің ауласына кіргенде Ерасыл: - Сенің бүгінгі ісің шынымен батылдық болды, сен мен білетін ең батыл қызсың, – деп, маған демеу көрсеткендей болды. Үйге кірсем, әжем ұйықтамай, маған төсек салып, күтіп отыр екен. Телефонымды үстел үстіне қойдым да әжемнің жанына барып, оны құшақтадым. Ұрысатын шығар деп едім, әжем: «Қарның аш емес пе?» – деді.

-Жоқ, тоқпын.

Төсегіме барып жаттым. Әжем:

- Қызым, саған біреу хабарласып жатыр, – деп, телефонымды алып келіпті, қарасам әкем екен, бірақ телефонды көтермедім. Сол түні мүлдем ұйықтай алмадым, құр жатпай, ақ қағаз бен қаламды ермек қылып, бар мұңым мен сағынышымды өлеңмен өрнектедім:

Бауырына басып күнде, «Гүлім» дейтін,
Әке керек жанары күлімдейтін.
Қызық көріп, қапыда құлап қалсам,
«Ақ қозым», – деп жүрегі дірілдейтін .

Есіме түсер сонда әке-тірек,
Жүрекке қорған болар кетсем жүдеп.
Түсімде көрем ылғи нұр дидарын,
Өңіме айналса ғой, сол бір тілек.

Сендік болмыс - бір елес, көңіл кезген,
Тентек қызың ақылды сәби кезден.
Сырғыған күрең күндер көншітпейді,
Жеткізе алмаспын-ау, сірә, сөзбен.

Әке керек іздеймін таныстардан,
Достарымнан жанымнан табылмаған.

Содан, бәлкім, ерлерге жақын болам,
Сол ісімнен көп кезде сынға қалам.

Анам байғұс күйімді сезеді іштей,
Содан болар жүреді көңілі түспей.
Ал мендегі сағыныш саған деген,
Құлазытып, сырғиды көрген түстей.

Анам күнде тырысуда білдірмеуге,
Әке сенің жоқтығың күйдіруде.
Мына сәби жүрегім өсе келе,
Керегінді біртіндеп түсінуде.

«Сол сәтте қоңырауды алуым керек пе еді?» – деген сұрақ әлі өзекті өртейді.
Бұным дұрыс болды ма әлде бұрыс болды ма, мазалаған сұрақтың жауабын
тапқан жоқпын.



Садвақасова Жанат Сейтхановна
Алматы облысы Абай атындағы
мамандандырылған гимназия-интернаты
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Жолдас Мәншүк 10-сынып оқушысы



ДОСҚА

Жұдырықтай жүректе
Реніш тұр түйіліп.
Қаңқу сөздер естілген,
Тиіп кетті көңілге.

Айтылса да кешірдім,
Жүрек солғын соғады.
Қастық қылу, кек алу –
Менің жолым емес-ті.

Мендегі жүрек ойнайтын
Қуыршақ деп ойлайсың.
Бір кетіп, бір оралып,
Кешірім көп сұрайсың.

Доссыз өмір – тұзсыз ас,
Достың кілті байқап аш.
Ескермесең мақалды,
Алла берсін шешімін,
Шын төреші сенемін.



Баянбекқызы Кәмшат

Абай атындағы

Алматы облыстық

мамандандырылған гимназия-интернаты

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

педагог-сарапшы

Сейсенбай Нұрғиса 6-сынып оқушысы



БОЗТОРҒАЙ

(әңгіме)

Күндердің күнінде бір бозторғай өмір сүріпті. Бозторғай тұрымтайдан қорлық көреді. Мұнын кімге айтарын білмей, есіне қырғи түседі. Қырғиды іздеп жүріп тоғайдан табады. Ол бір томарда жемсауы тырсыып, бұғып отыр екен. Сәлем беріп, келген жағдайын айта бергені сол еді, «Сабыр қыл! – деді, – Тоқта ешнәрсе етпес, қазір қолым бос емес, жұмысым қатты, аз күте тұр». Қырғидан еш пайда болмасын біліп, бозторғай ұшып кетеді. Тоғайдың арасынан ұшып келе жатса, бір томардың түбінде бұғып отырған бөденені көреді. Ол бөдененің қасына қонады. Бөдене:

– Мені аңдып бір жау қырғи отыр еді, көрмедің бе? – дейді. Бозторғай не болғанын сұрайды. Бөдене:

– Жолдасым екеуміз ұшып келе жатқан едік, алдымыздан бір қырғи шығып, жолдасымды жеп қойды. Мені де өлтіретінін біліп, өз басымды қорғап, қашып кеттім, қырғидан әрең құтылдым, – дейді. Бозторғай бөдененің бұл сөзінен соң қырғидан күдер үзіп, жөніне кетеді. Енді ішкі шерін айтуға қаршығаны іздейді. Ұшып келе жатып, қаршығалап жатқан дауысты естиді. Дауыс иесін білмекке жақынырақ келсе, әрбір жерде өліп жатқан шүрегейлерді көреді. Сөйтсе, оның бәрін қаршыға қырып жатыр екен. Қаршығаның зұлымдығынан жаны түршіккен бозторғай көмекті басқадан іздейді. Есіне лашын түседі. Құстардың бекзадасы лашын ғой, не болса да соған барайын деген ой келеді. Лашынды тауып, қасына барса, бір қаздың етін жұлмалап жеп отыр екен, одан да еш пайда болмасын біліп, үміті үзіліп, жерге бір түкіріп, аспанға ұшып кетеді.

Шындық іздеп, шарқ ұрған бозторғайдың соңғы үміті құс патшасы бүркітте еді. Бүркітті іздеп, оңды-солды жер-жиһанды кезеді. Бозторғайдың әлі

күнге дейін бүркітті тапқанын не таппағанын, ішіндегі мұңын шаққанын не шақпағанын, көңілі жай тапқанын не таппағанын ешкім естіген жоқ.



Турдалиева Рысгүл Бақытнұрқызы
Абай атындағы Алматы облыстық
мамандандырылған гимназия-интернаты
Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі,
педагог-модератор
Шарбақын Ақниет 7-сынып оқушысы



Балалықтың бақыты

«Балалық» деп аталатын құрлықтың,
Бал дәмі мен тәттілігін мен ұқтым.
Өмір басы балалықтан басталған,
Бақыттың бар қасиетін мен ұқтым.

Әлемімді әспеттесем өлеңмен,
Ата-ананың сезіміне бөленгем.
Өмірімде бақ пен шаттық қатар кеп,
Анамның мен шаттанғанын көрер ме ем!?

Көкірегінен төгіп тұрса күн алау,
Мүмкін еді, көздің жасын бұламау.
Ата-анасыз өсіп жатқан балалар,
Бұл әлемнің қатыгезін ұғады-ау...

Сол жетімнің көз жасы үшін айыпты,
«Анасы» деп сөз айтамыз байыпты.
Жетім үшін аналары жауапты,
Ал әкесі одан бетер айыпты.

Күләш апам айтқандай:
Мен мүсінші болсам қашау пышақты ап,
Ескерткіштер соғар едім, түсі аппақ.
Бейнелер ем, ер адамды жарымен,
Сәбилерін қорғап тұрған құшақтап.



Турдалиева Рысгүл Бақытнұрқызы
Абай атындағы Алматы облыстық
мамандандырылған гимназия-интернаты
Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі,
педагог-модератор
Омирбек Жанерке 7-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Бұл оқиға көз көрмеген, құлақ естімеген бір елді мекенде болыпты. Барша әлем балалары бұл уақытта ертегі қызықтап, қиялға ерік беріп жүргенде, бір шаңырақтың жалғыз қызы Асылым үшін бұл дүниелер жат еді. Себебі кішкентай Асылым – тұйық, тым сабырлы, жүрегінің түбінде қызға тән мейірімділігі бар жан. Туылғалы естіп келе жатқан ертегілердегі оқиғаларға қызықпайтын, қиялға жайыпқа сене бермейтін. Кішкентай ғана жүрегінің бұл өмірге деген көзқарасы тым ерекше еді. Оның басқалардан ерекшелігі де осы. Ата-анасы қанша балалардың арасына қосуға тырысса да, қызының бұл тұйық мінезін жеңе алмады. Күндердің бір күнінде отбасы дастархан басында отырды. Асылымның тамаққа тәбеті болмай, алдындағы сурет дәптеріне түрлі-түсті қаламдарымен жалмауыз кемпірдің суретін салып отырды. Оны ертегі атаулы қызықтырмаса да, осыған дейін естіген ертегілеріндегі зұлым кейіпкерлердің бейнесі есінде ерекше сақталып қалатын. Мұны көрген анасы қызының тұйықтығы да осыдан деп ойлап, қызының бұл кейіпкерлерден бойын алшақ ұстағанын қалады. Қызының назарын өзіне аудармақ болған анасы: Қызым, шайыңды іш», – деді. Асылым бірден басын көтеріп, шайына қант сала бастады. Сонда анасы: Асылым, неге түнде ұйықтамадың? Түнімен бөлменің жарығы жанып тұрды ғой, –деп қызына көз тастады. Асылым үн қатпады. Анасы қулық ойлап тапқандай, әкесіне көзін қысып: Асылым, егер бүгін түнде ұйықтамасаң, сені перілер өз әлеміне алып кетеді, – деді. Ең қызығы, анасы бұл сөзбен қызын қорқыта алмады. Керісінше, Асылымның сол әлемге деген қызығушылығын одан сайын арттырды. Бұл жолы қыз келіскен түр жасап, бөлмесіне кетті. Ол үшін перілер әлемі тым қызықты еді. Ертегіге сенбейтін, тіпті ертегіні ермекке санайтын қызының бұндай түрін көру шаңыраққа сәл де болсын қуаныш алып келді. Ол уақытта Асылым тап бір көбелек аулаушы адамдай қызу дайындыққа кірісті. Анасынан екі-үш үлкен шөлмек, ал әкесінен балық аулауға арналған ау секілді мата сұрап алды.

Түн. Анасы мен әкесінің ұйқыға кеткенін сезген Асылым бөлмесінде перілерді аулау үшін оларға тұзақтар құрды да, төсегіне ұйықтаған кейіп танытып жата қалды. Үй іші тым-тырыс, шыбынның ызыңы естілмейді. Кіре берістегі ашық терезеден жеңіл, самал жел есіп тұр. Асылымның бөлмесіне айдың жарық сәулесі түсті. Енді көзі ілініп бара жатқан Асылымды терезе сыртындағы сұлба үркітті. «Мүмкін, көзіме елестеген шығар», – деп, өзін тыныштандырып, ұйқыға кеткен Асылымды терезенің тықыры оятты. Асылым білдірмеген кейіп танытып, жата берді. Терезенің тықыры күшейген сайын

Асылымның қызығушылығы арта бастады. Басын көтерсе, терезе алдында адам тектес, бірақ қанатты, үшкір құлақты, қоңыр, бұйра шашты пері тұр екен. Қыз шошынып қалды. Бойын шарасыздық пен қорқыныш сезімі биледі. Өзінің құрған жоспары зая кеткенін түсінді. Қыздың өзінен шошығанын көрген пері жанына жақындап, одан кешірім сұрап, жұбата бастады. Қыз жүрегі жібіп, перінің жаман емес екенін түсінді. Алдымен пері өзін, қай жерден келгенін таныстырды. Кейін өз мәселесін айтты.

Есімім – Джейк. Мен перілер әлемінен келдім. Сенің көмегің менің әлеміме ауадай қажет. Дәл қазір маған ер. Жеткенде өзің көресің, – деп, Асылымның үстіне белгісіз сиқырлы, жылтыр ұнтақты септі. Қыз көкке көтеріліп, қалықтай бастады. Оның қуанышында шек жоқ. Асылым барлық пері-перизаттарды өзіне келген пері секілді мейірімді деп ойлады. Бірақ олай емес еді. Ол жердегі пері-перизаттар көңілсіз, тым дөрекі еді. Себебі ол жерді жалмауыз кемпір қарғап кеткен екен. Сол қарғыстың кесірінен перілер күлкіден айырылды. Мұны естіген Асылым: «Мені дереу мыстанның алдына апарыңдар», – деді. Перілер қызға мұның аса қауіпті екенін айтты. Бірақ мына сұлу әлемнің құрдымға кеткенін қыздың жүрегі қаламады. Бұрындары гүлдей құлпырған әлемді мұндай нашар қалпында көру кімге болса да ауыр тиеді. Асылымның қайсарлығы мен батылдығына тәнті болған перілер оның өз әлемін құтқаратынына көздері жетті. Асқар таулардан, биік шыңдардан, қалың ормандардан өтіп, қатыгез мыстанның қамалына келді. Перілер қамал ішіне кіруге жүрексініп тұрғанда, Асылым: «Әй кемпір шық бері!» – деп бұйырды. Бұл дауысты қамал басында бәрін алыстан бақылап тұрған жалмауыз кемпір естіп, елең ете қалды. Бұл уақытта Асылым ендігі кемпір тұрған қабатқа келген еді. Соншалықты батыл шыққан дауыс иесін бұндай кішкентай деп ойламаған мыстан сасқалақтап қалды. Көз алдына бұрынғы өзінің балалық шағы елестеді. Жалмауыз кемпір осылай ойға батып тұрғанда, Асылым оған: «Қарғысыңды қайтып ал, сен жамансың!» – деді ызаланып. Қарсыласының әлсіз емес екенін аңғарған кемпір оны алдағысы келді. Кемпір сонда: «Перілер сен пайдаланып кетеді, одан менің жанымда қалып күлкі сыйла», – деп үн қатады. Сонда Асылым: «Менің бір сұрағыма жауап берсең, жаныңда қаламын», – дейді. «Мейірім қайдан шығады?» – дейді кішкентай ғана қара көздерімен қарап. «Білмейді екенмін», – деп үн қатады кемпір. - Есінде болсын, мейірім жүректен шығады. Бастысы сол жүрекке үніле білсең болды, – деп, Асылым кемпірдің қолдарынан ұстады. Осылай кемпірдің жүрегі жібіп, перілерді қарғыстан босатты. Асылым барша перілер әлемінің алғысына бөленіп, олардың әлемін қайта жандандырды. Асылымды үйіне қайтарып, мыстанға өздерімен тұруға рұқсат берді. Осылайша бірнеше жыл басынан қара бұлты кетпеген мына әлемге кішкентай Асылым мәңгі шынайы күлкі сыйлады.



Асқар Гүлнұр

Алматы облысы Жамбыл ауданы
«Қайназар ауылындағы №1 орта
мектебі бастауыш мектебімен»
КММ Қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы



Алдебаева Нұржайна 10-сынып оқушысы

Мамандық таңдау - адам өміріндегі маңызды қадам (эссе)

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең жауапты кезеңдердің бірі. Өйткені бүкіл болашақ өмірі осыған байланысты. Мамандық, бір қарағанда, жай нәрсе болып көрінуі мүмкін, бірақ оған бей-жай қарамау керек.

«Адам баласы екі нәрсені таңдаудан қателеспеуі керек. Біріншісі – мамандық, екіншісі – жар таңдауда», – деп, дөп түсіп айтқан дана халқымыз. Сондықтан әрбір жеке тұлға саналы түрде ойланып, жүрек қалауын тындап, икемділігін ескеріп, таңдау жасағаны жөн деп ойлаймын. Себебі мамандық таңдау – сол сала бойынша тек жұмыс жасау ғана емес, өз ісіңнен рахат алу, өзінді жайлы, еркін сезіну. Егер өзің емес, өзгенің қалауымен басқа мамандық таңдасаң, өміріңнің соңына дейін өкініп өтесің. Сондықтан мамандығыңызды дұрыс таңдасаңыз, сол саланың мақтанышына айналып, табысқа кенеліп, үздік нәтижеге қол жеткізуге болады.

Қазіргі таңда мамандық таңдау жас түлектер үшін қиындық тудыруда. Көптеген жастар сұранысқа ие салалар бойынша дұрыс таңдау жасай алмайды. Өмірде бәрі бір-бірімен байланысты болғандықтан, мамандықты дұрыс таңдау өмірдің барлық саласына әсер етеді. Сондықтан да алдағы өмірінде өкінбейтіндей, өз қабілетіне, бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдай білсе деймін. Әр адамның өзіне тән бейімділігі болады. Тек сол бейімділікті дұрыс пайдаланып, дамыта білу қажет. Сонда ғана қандай маман иесі болатыныңызды біле аласыз.

Қорытындылай келе, дұрыс таңдалмаған мамандықтың салдары тек адамның өзіне ғана емес, қоғамға кері әсерін тигізеді. Сондықтан адамның өміріндегі ең маңызды сәтте, мамандық таңдауда жауапкершілікпен және байыптылықпен қарау керек.



Асқар Гүлнұр

Алматы облысы Жамбыл ауданы
«Қайназар ауылындағы №1 орта
мектебі бастауыш мектебімен» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі, педагог-сарапшы



Құрманбекқызы Жансая 7-сынып оқушысы

Көктем

Көктем келді, таңғы арай шуақ төгіп,
Жер жібіді күн нұры қуат беріп,
Тұрғандай бір тамаша жұмақ болып,
Жылғалардан қар еріп, суат болып.

Көктемде табиғат түрленеді,
Жаңа жыл, жаңаша бір күйге енеді,
Су тасып, өсімдіктер жаңарса егер,
Бар тіршілік көркейіп гүлденеді.

Міне, осылай айнала көкке оранған,
Қаһарлы қыстан халық жеткен аман.
Жаңа өмір, жаңа күн басталғандай,
Сонысымен ұнайды көктем маған.

Қазақта болды зар заман


Қазақта болған зар заман,
Өтті де кетті сол заман.
Сол заманның тағдырын,
Шортанбай жырау толғаған.

Жаңа дүние болғандай,
Қазақтың көркі толғандай,
Бейбітшілік, әділдік,
Бағымызға, міне, қонғандай

Жыраулардың қорыққаны,
Сол заманда қалғандай,
Ел еркіндік арманы,
Орындалып қойғандай.
Өтіп кетті зар заман,
Болмас енді тар заман,
Құбылмас енді бұл заман,
Болар енді бар заман.



Куракбаева Асем Рахимовна
Алматы облысы Кеген ауданы
Кеген ауылы «Сәдуақас Серкебаев
атындағы мектеп-гимназия» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Абай Ұлжан 10- сынып оқушысы



Өткенге оралмау мүмкін бе? (әңгіме)

Бір күні мектепке шығар кезде аяқ киім тұратын шкафты әрі-бері сапырып жатып, анамның маған қарап тұрғанын байқамаған екенмін. Өз-өзіммен әуре болып жатқам. Ананы бір, мынаны бір қарап, аузымнан: Бәрі ескі аяқ киімдер, тағы да жаңасын алуым керек, – дегеннің қалай шығып кеткенін өзім де білмеймін. Манадан бері мені не істер екен деп, әр қимылымды бағып тұрған анам:

- Сенің бір басыңа он шақты аяқ киімің жетпей ме? Неге тағы жаңасын алуың керек? Сен «қанағат» дегеннің не екенін түсінесің бе? – дегені.

Мен сасқанымнан анамның мына сұрақтарына абдырап, табан астында жауап таба алмай, кібіртіктеп қалдым. Ол маған отты жанарын қадап, нендей жауап алатынын күтіп тұрғанын ішім құрғыр қыпылықтап, сезіп тұр. Менің көрген тәрбиемде әкем мен анам үлкен адамның сөзін екі етіп, олар сөйлеп жатқанда сөзге килігуді қаламайтын. Жасы үлкен адам қандай тапсырма берсе де, орындамай қою деген нәрсе болмайтын. Осы жақсы тәрбиені ата-анам сіңілім екеуміздің бойымызға барынша сіңіріп өсіріп келе жатқанын ойласам, анамның сұрақтарын жауапсыз қалдыру үлкен қателік екенін бала санам үлкен түйсікпен сезеді. Мен ақталарға сөз тапқандай болдым. «Анашым, мынаның бәрі жыртық болмағанмен, киілген ғой. Сыныптағылардың бәрі жап-жаңа аяқ киіммен жарқырап жүр. Ал мен осыларды киіп барсам..., – дей бергенімде, анам сөзімді аяқтатпай, өз әкесі жайлы сөз қозғап кетті.

- Е, балапаным-ай, сен мына тұрған аяқ киімдеріңді киюге ұялып отырсаң, сенің нағашы атаңның ата-анасы үркіншілік жылдары Қытай асып, менің әкем 1943 жылы дүниеге келіпті. Әкем марқұм біздің бала кезімізде анам нан пісірсе, біз жаңа нанды жеп, ал әкем бұрын пісірілген нан мен бізден қалған бір жапырақ нанның қалдықтарын жеп отыратын. Сонымен қатар ол кісінің аяқ киім жайлы бір оқиғасы есіме түсіп отыр, – деп, көзіне жас алды. Нағашы атаңның бір жылы киерге аяқ киімі болмай қалып, жаздыгүні сарша тамызда жалаңаяқ жүргені бар екен. Атаңның айтуынша, сол жылы тікенді өсімдіктер бітік шыққан деседі. Әлде атаң жалаңаяқ болғандықтан ба, әлде бала болған соң, сол жылғы жаз есінде қалғаны ма, сол әңгімесін айтқанда, өзі жымыып отырып айтушы еді. Ал біз болсақ, әкем марқұмның айналасына отырып алып, қыбыр етпей, әр сөзін мірдің оғындай көріп, жадымызға тоқып отыратынбыз. Бала болған соң жалаңаяқ жүргеніңе қарай ма? Бірде бұзау іздеуің керек болады дейтін. Ол құрғыр бұзауың

жақын жер, алаңқайға емес, тура тікені көп жайылымға барып алатын. Ал мен ол бұзауды айдап келу үшін ақырын аяндасам, сары тікен аяғыма кіріп жанымды шығарып бара жатқанына шыдай алмай, неғұрлым сол тікенді жерді жүгіріп өтуші едім, сонда бұзауды үйге тез қайырып, айдап келіп, аяғымның ауырып, қанап кеткенін бірақ сезінетінмін дегені бар еді. Анам осы сөздерді айтқанда, иегі дірілдеп, мөлдіреген отты жанарын жас жуып, шалғышының етегімен көзін сүртті. Мен болсам, кінәлі кісідей анамды құшақтай алдым. Анашым, мен бәрін түсіндім. Мен «қанағат» пен «обал» деген нәрсені дұрыс айырмай жүрген екенмін. Анашым, бәріне шүкір! Мен...Мен... Анам жасты көзін сүртіп тұрып, маңдайымнан иіскеді. Содан бері мен барды бағалауды, жоққа жүйрік жетпейтінін ұғынғандаймын. Анам мені тоқтатып тұрып:

-Балапаным, саған тағы бір айтарым бар. Шәкәрім атаң:

Сөзіңді түзе-әдетіңе айналады,

Әдетің-мінезіңе айналады.

Мінезің-сенің тағдырың,-дейді. Ендеше, сөзің мен ісің дұрыс болуын үнемі қадағалаушы өзің бол! Мен мектепке барар жолда тек ойға шомып, бала қиялыммен марқұм болған атам мен Шәкәрім рухтарына тағзым етіп қайтқандай болдым.

Шәкәрімге арнау

Өшпес ғұмыр, тау тұлға, мол мұрасы,

Шәкәрім – қазағымның қазынасы.

Босағаға қондырған қыран құсын,

Ақынның 165-ке келді жасы.

Болыс та болып көрген жас күнінде,

Болыстыққа қызыққан жоқ ол мүлде.

Ойын мен құр селтеңмен жүрмесін деп,

Жастарды жетелеген бар білімге.

Абайдан үлгі, білім, алған тәлім,

Жасынан жетімдіктің татқан дәмін.

Ұмытпау керек деймін ұрпақтары,

Шәкеннің қазақ үшін атқарғанын.

Есімі өшпеген ел санасынан,

Отыз жыл жай таба алмай даласынан.

Аты шықты ақталып Шәкәрімнің,

«»Ұлтшыл деп ұмыт болғандар арасынан.



Маматаева Айсулу Шаяхметовна
Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы
«Сәдуақас Серкебаев атындағы мектеп-
гимназия» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі, педагог-зерттеуші
Жансерікқызы Сымбат 11- сынып
оқушысы




Сөзжұмбақтың сұрақтары:

1. Ш. Құдайбердіұлы қай рудан шыққан?
2. 25 жасында қандай еңбек жазған?
3. Қай жазушының шығармаларын аса жоғары бағалаған?
4. Әзербайжанның ұлы ақыны Мұхаммед Физулидің қай поэмасын аударды?
5. А.С.Пушкиннің «Метель» әңгімесін өлең түрінде қандай тақырыппен аударған?
6. Шәкәрім қандай ұлттық қозғалыс құрамында жұмыс атқарды?
7. Парсы, түрік, орыс тілдерінен басқа тағы қандай тілді жетік білген?
8. Қай қалада Ш.Құдайбердіұлы атындағы жоғарғы білім ордасы бар?

Жауаптары:

1. Арғын
2. Қазақтың түп атасы
3. Лев Толстой
4. Ләлі-Мәжнүн
5. Боран
6. Алаш
7. Араб
8. Семей






Құдайберген Әсем Құдайбергенқызы
Алматы облысы Кеген ауданы Кеген ауылы
«Сәдуақас Серкебаев атындағы мектеп-
гимназия» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Серік Шерхан 10-сынып оқушысы



Сөзжұмбақ:

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы кім болған?
2. Күңке Құнанбайдың кімі?
3. Шәкәрімнің туған жері?
4. Шәкәрімнің жұбайы?
5. Шәкәрімнің ең жетік білген тілі?
6. Абайдың басты берген тәлім-тәрбиесі?
7. 1918 жылы Шәкәрім алашордашылар жолдауымен қайда барды?





Құдайберген Әсем Құдайбергенқызы
Алматы облысы Кеген ауданы Кеген ауылы
«Сәдуақас Серкебаев атындағы мектеп-
гимназия» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Ілік Алуа Мұхитқызы 10-сынып оқушысы



Жұмбақ:

1. Ұлы Абайдың дәстүрін жалғастырған,
Әрі ақын, ғұлама, ойшыл болған. Ол кім?
2. Шәкіртке жанашыр,
Мейірман кім, жаны асыл?
3. Сегіз қырлы, бір сырлы,
Өз бетінше ізденді.
Төрт тіл біліп үйренді,
Кім табады нақтылап?
4. Еңбектері – қазақтың түп атасы,
Алушы еді тек қазақтың батасын.
Ұзақ сапар, жол түскен жыл қайсы еді?
Ал, балақай, мықты болсаң тапшы енді.
5. Жасанды мінез, жағымсыз қылықты сынға алды,
Арсыздарды ұнатпады, шыңдалды.
Дәл осындай өлең-жырлар,
Қай шығармадан тыңдалды?



Пирашова Галья Есенказиевна

Алматы облысы

Қарасай ауданы

Шамалған ауылы

«Әлжан Бұқарбайқызы атындағы қазақ орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Мейрбек Айару 6 – сынып оқушысы



Шәкәрім жайлы шағын ертегі

Ертеректе Шығыс Қазақстан өңіріндегі Шыңғыстау атты елді мекенде Байқошқар деген өзеннің бойындағы Арғын тайпасының Тобықты руында Шәкәрім есімді шекесі торсықтай ұл бала дүниеге келеді. Әкесі Құдайберді мен анасы Төлебике қуанғандарынан ел-жұртына ұлан-асыр той береді. Дүйім жұрт болып, отыз күн ойын,қырық күн бойы шілдехана тойын тойлапты.

Шәкәрім анасының аялы алақанында еркелеп, әжесінің әдемі әңгімелерін тындап, әкесінің берген үлгі-өнегелерін бойына жинап, елден ерекше есті бала болып өсіпті. Оның зерек, ақылды да алғыр болып өсуіне ағайын ағасы Абайдың да көмегі көп тиіпті. Шәкәрім сол замандағы даңқы төрткүл дүниеге танымал болған, елі сүйген, халқы құрметтеген аса қадірлі адам – Абай ағасы секілді болуды қатты армандайтын. Ағасының өлеңдерімен сусындап өскен Шәкәрім өзі де білімді болуға бел буып, бес жасында ауыл молдасына хат тануға барыпты. Онда біршама білім алып жүреді.

Бір күні Шәкәрімнің кенеттен әкесі қайтыс болады. Жетім қалған жас баланың жүрегі жәбірленіпті. Қуанышқа орай, оны әлгінде айтқан атақты ақын Абай ағасы асырап алады. Ағасы Шәкәрімді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, өз баласындай қарап, барын беріп, білгенін үйретіп, жетімсіретпей, өз перзенттерінен кем көрмей өсіріпті. Бала күн санап емес, минут сайын өсіпті. Ағасының қанатының астында жетімдік көрмей өскен Шәкәрім түрлі ілім мен өнерді бойына сіңіріп ер жетеді.

Атап айтқанда, домбыра мен баянның құлағында ойнапты, өз өлеңіне ән шығарыпты, мәнді-мағыналы өлеңдер жазыпты, кереметтей етіп суреттер салыпты. Бүркіт, тазы баулып, саятшылық өнердің де қыр-сырын өте жақсы біліпті. Қалта сағатының механизмін де меңгеріпті. Тігіншілік кәсіпті де үйреніп, киімін өзі қалағанынша пішіп, тігіп алып киіп жүретін болыпты. Сондай-ақ, араб, парсы, орыс тілдерін де жетік біліп, басқа халықтардың әдеби шығармаларына аударма жасапты. Былайша, бір сөзбен айтқанда, кез-келген ғылымға құмартып, оны толығымен үйіріп әкеткен сегіз қырлы, бір сырлы бозбала болып өседі.

Солайша ғылым мен білім қуып, ілім үйреніп, өнерді серік етіп жүрген сері жігіт бір күні Ноғай руынан шыққан Айғанша атты аруды жолықтырады. Шәкәрім Айғаншаға бір көргеннен ес-түссіз ғашық болыпты. Жатса-тұрса сол

сұлуды ойлап, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылыпты. Қатты ғашық болған Шәкәрім ақыры Айғаншаны алып қашады. Сөйтіп, шаңырақ көтерген Шәкәрім сүйген жарымен қосылады. Екеуінен бес ұл, үш қыз дүниеге келіп, бақытты да баянды ғұмыр кешіп жатады.

Өкінішке орай, көп ішінен көре алмаушылар шығып» бандымен байлынысы бар, дін бұзар» деп айыптап, абақтыға жауып тастайды. Жауыз жендеттер ақталып шыға алмаған ақжүрек ақынды ақырында атып тастайды. Дегенмен Шәкәрімнің өзі өлсе де, артында қалдырып кеткен алтын сөздері, ғибратты өнегесі, өлеңдері әлі күнге дейін өлмепті.

Кейінгі жастар адалдықтың ақ туын желбіреткен алаш арысының салған сара жолымен, басқан ізімен жүріп келеді екен. Бұл күнде шығыстың шыңы, Шыңғыстаудың ұлы болған Шәкәрімнің құрметіне қойылған мектеп мен гимназия, жоғарғы оқу орындарының атаулары мен көшелер көп деседі...

Жұмбақ

Ұлы Абайдың інісі,
Ізін жалғаушы тынысы.
Қаламгерлердің ірісі,
Жөнсіз емес бір ісі.
Айтыңдаршы, қанекей,
Кім екенін бұл кісі?!


Алматы облысы
Қарасай ауданы
«Абай ауылындағы №2 орта мектебі»
КММ
Әлнұрлан Тоғжан 8-сынып оқушысы



1. Ш.Құдайбердіұлының «Бостандық таңы атты» өлеңіндегі үнемі сөзінің синонимі. (эрқашан)
2. Ақын қаламынан туған «Кірез патша» атты туындысы шығарманың қай түріне жатады? (дастан)
3. Ш.Құдайбердіұлының А.С.Пушкиннен аударған шығармасы. (Дубровский)
4. Адам бойындағы жағымсыз мінездерді сынаған «тәуелділік» сөзіне синоним болатын өлеңі. (Құмарлық)
5. ШҚО 1718 жылы Ямышев көлі жағынан салынған бекініс бой көтерген уақыттан бастап қандай қала атанды? (Семей)
6. Ш.Құдайбердіұлының жарының есімі. (Айғанша)
7. Амур өзеніне құятын Бурятиядағы осы өзен аты осы тайпаның атымен аталады. Ол тайпаның аты қандай? (арғын)

8. Ш.Кұдайбердіұлы қызыққан өнер түрі. (киім тігу)


9. Ш.Кұдайбердіұлы атсалысқан Алаш ордасы ең әуелі құрылғанда қалай аталды? (партия)



Алматы облысы
Қарасай ауданы
«Абай ауылындағы №2 орта мектебі»
КММ
Әбен Айым сынып оқушысы



Сөзжұмбақ



1. Ш.Кұдайбердіұлы байлықтың ең үлкені деп нені санады? (ғылым)

2. Ш.Кұдайбердіұлының бүркеншік аты. (Мұтылған)

3. Абайдың тапсыруымен Ш.Құдайбердіұлы қандай поэма жазды? («Еңлік - Кебек»)
4. 1908 жылы Ш.Құдайбердіұлы жападан-жалғыз тұрған үйін қалай атады? (саятқора)
5. «Әділ-Мария» романындағы кейіпкерлердің арасында туған сезім (махаббат)
6. Ш.Құдайбердіұлының лирикалық қаһарманы қай ақынның кейіпкеріне ұқсас болды? (Абай)
7. 1905-1906 жылдары Түркияның қай қаласындағы кітапханада 13 күн отырды? (Стамбул)
8. Жан не? Дін не? Барлық заман қалай жаралған? деген сұраққа жауап іздеп, қайда барды? (Мекке)

Абдыхаймова Нургуль Курманбаевна

Алматы облысы Қарасай ауданы Абай ауылы «Абай ауылындағы №2 орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Нұрмахан Жанель 8-сынып оқушысы



Шәкәрім – ойшыл ақын

(эссе)

Шәкәрім Құдайбердіұлы жастайынан ұлы Абайдың тәрбиесінде болып, білім алған, Абайдың ізін жалғастырған. Шәкәрім – халық арасындағы орны бөлек тұлға. Шығармалары арқылы жаңа қырымен жарқырап, таныла білген ақын-жазушы, философ, тарихшы, композитор. Ақынның ата-анасы ерте кеткенімен, Абай оны өз тәрбиесіне алып, көңіліне қаяу түсірмей, еркін өсіреді. Халықты өнер-білімге шақырып, араб, парсы, түрік тілдерін жетік білген.

Шәкәрім шығармаларының негізгі арқауы – халық тағдыры. Ол ел ішіндегі дағдарыс, байлардың кедейлерге деген озбырлығы, әлеуметтік жағдай, табиғаттың әсемдігі мәселелерін жиі қозғаған. Менің ойымша, Абай мен Шәкәрімнің өлеңдерінен ұқсастық көруге болады.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңіндегі:

«Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ» және Шәкәрімнің «Бостандық таңы» өлеңіндегі:

«Еріншек, жалқаулық әдеттен безіндер,


Өтірік, өсекті біржола қойындар», – деген жолдар бір ойға бағытталған. Осы шумақтардан Шәкәрімнің ұстазы кім болғаны анық көрінеді. «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Құмарлық» атты шығармаларында адамның жағымсыз қасиеттері туралы сөз қозғайды. Ақын осы шығармалары арқылы ол қасиеттерден қалай арылуға болатыны жөнінде айтып кеткен.

Ойымды қорыта келе айтарым, Шәкәрім ойынан туған өлең жолдары халқының қамын ойлап, болашағын болжап, ақыл айтып, жол салып, әлеуметтік шындықты көрсетуін мына біздерге, дамып келе жатқан ғасыр қоғамына да қажетті өсиет, нақыл деп ұғамыз.

Алматы облысы, Қарасай ауданы
«Абай ауылындағы №2 орта мектебі»
КММ
Асқарқызы Аякөз 9-сынып
оқушысы



СӨЗЖҰМБАҚ «Шәкәрім»



1. Абай Шәкәрімге қазақтарға қатысты нені жинау керектігін тапсырды? (шежіре)
2. Ш.Құдайбердіұлының 1925 жылы жазылған романы қалай аталады? («Әділ-Мария»)
3. Ш.Құдайбердіұлы 1931 жылы қай мезгілде қайтыс болды? (күз)
4. Шәкәрім Физулидің қай дастанын нәзира үлгісімен жырлады? (Ләйлі - Мәжнүн)
5. Шәкәрім А.С.Пушкиннің қай повесін қазақ тіліне аударды? (Боран)

6. Шәкәрім Құдайбердіұлының алғаш рет киіз үй сахнасында қойылған дастаны? («Еңлік-Кебек»)

7. Шәкәрім атындағы университет қай қалада орналасқан? (Семей)

Стыбекова Сауле
Алматы облысы Қарасай ауданы
«М.Мәметова атындағы орта мектебі» КММ
Әбденбек Әсел 7-сынып оқушысы

Әлем балалар көзімен

Ертеде бір өте ақылды бала болыпты. Оның аты Ақниет екен. Ақниеттің жасы 6-да болса да ол өте ақылды. Ол бала кезінен бері айналадағы болып жатқан түрлі нәрселерді қызықтап, сұрай беретін. Бірде Ақниет анасынан:

-Анашым, әлем бұрын қандай болды? – деп сұрайды.

Анасы:

-Біз осылай еркін және шалқып өмір сүру үшін ата-бабаларымыз талай әрқилы кезеңдерді бастан өткерген.

Ақниет:

-Ал, менің ойымша, бұрын әлемде бәрі мейірімді және сыйластық болды деп ойлаймын, – деді Ақниет анасына қарап.

Анасы:

-Құлыным, менің қызым ақылды, – деп Ақниеттің басын сипайды.

Ақниет:

-Жарайды, анашым, мен басқа да адамдардан сұрап келейін.

Анасы:

-Бара ғой, құлыным.

Ақниет далаға шығып, достарынан:

-Сендер әлемді қалай көресіңдер, – деген кезде барлығы: «Әдемі әрі қызық, бірақ уақыт аз», – деп жауап қайтарады.

Ақниет барлық жауапты өз күнделігіне жазып алады.

Әжесінен сұрамақшы болып, үйіне барады.

Әжесі:

Әй, қарағым, келіп қалдың ба?

Ақниет:

Иә, әже. Қалайсыз?

Әжесі: Жақсы, өздерің ше?

Ақниет: Жақсы. Сізге бір сұрақ қояйын деп едім.

Әжесі: Қоя ғой, қарағым.

Ақниет:

-Қалай ойлайсыз, әлемді кішкентай балалар қалай көреді?

Әжесі:

-Өмірге келгенде балалар жарық күнді, жерді, табиғаттың сұлулығын, түрлі адамдар мен ата-анасын көреді. Өсе келе жаман, жақсы адамдар мен түрлі достар табады. Менің ойымша, әлем балалар үшін бір өте жарық күн секілді, кейде күн шуағы болмайды, кейде болады.

Ақниет:

-Рахмет, әже, – деп бәрін жазып алып, үйіне келеді.

Үйінде барлығының жауабын салыстырып ойланып, ақыры қалай екенін анасына айтады.

Ақниет:

- Менің ойымша, әлемнің қыр-сыры мол, ұшы-қиыры жоқ шексіз, шетсіз. Тарих – өз алдына бір қазынаға. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, адамзаттың даму тарихында қилы кезеңдерді бастан өткергені белгілі. Ата-бабаларымыздың мәдени мұрасын сақтап, келешек ұрпаққа өзгеріссіз жеткізу – біздің міндетіміз. Ал балаларға осы біздің әлем қалай көрінетініне тоқталсақ. Әлем түрлі таңғажайып тосынсыйлардан тұрады. Балаларға әлем таңғажайып, әсем, керемет бір сазды табиғатымен ерекше. Қоршаған орта мен түрлі сәтсіздіктер мен сәттіліктер кезектесіп тұрады.

Анасы Ақниеттің ақылды екендігін байқап, ерекше мектепке ауыстырады. Ақниет сол мектепке барып, жан-жағымен танысады. Жаңа жер, оқу жылы басталды. Ол көп достар таба алмағанымен, жақсы бір құрбы табады. Оның есімі Қорлан екен. Құрбысы да өзі сияқты көп затқа қызығып, танысқанды жақсы көреді. Сонда Ақниет Қорланға былай дейді:

-Сен осы өмірге қандай көзқараспен қарайсың?

Қорлан:

-Шынымда айтсам, маған осы өмір қатты ұнайды, бірақ біз бәрін керемет көреміз, себебі бізге берген тәрбие мен үлгі бізді ерке қылып шығарған жоқ. Ерке балалар бар, солар көп жылай береді, оларға ештеңе ұнамайды.

Ақниет: -Сенің айтып жатқан әңгімең рас. Ол балалар тек қана жақсыны қалайды. Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүргенді ұнатады. Олар қиыншылықта өсіп келе жатқан балаларға қарап, «шүкір» деуді білмейді.

Қорлан: -Иә, кедей отбасыдан шыққан балаларға қарап, жаның ауырады.

Ақниет: -Жүр, Қорлан, қазір сабақ басталады.

Қорлан: -Қазір.

Осымен Ақниеттің мектепке барған бірінші күні де аяқталды.

Үйіне барған соң анасына қуанып, жаңа дос тапқанын және осы ерекше мектепке ауыстырғанына өте мәз мейрам болып, алғыс айтады.

Келесі күн өтті, мектепке Қорлан мен Ақниет бірге келді және олар балалар әлемге қалай қарайды деген сұраққа жауап алмайынша, біз мектептегі барлық оқушы мен ұстаздардан сұраймыз деп, жауап алуға аттанады. Олар бірінші сынып жетекшісіне барып сұрайды.

Сонда апайы былай дейді:

-Менің өмірбаяным ерекше болды деп айта алмаймын, бірақ осы ұстаздық жолды таңдағаннан бері көптеген оқушыларды көрдім. Мен көп оқушыларды 11-

сыныпқа дейін оқытып шығардым, ол жерде әртүрлі балалар кездесті, әрқайсысы өмірге әр түрлі қарады. Солардың ішінде бір оқушы қызым болған. Ол өте сыпайы, ұялшақ еді, бірақ онда отбасымен көп қиындық туындайтын. Ол қызды ешкім түсінбейтін, қиын кезде қолдаудың орнына бетіне бас салып айқай беретін, көп жылайтын. Сол қыздың өмірі бала кезден сұр түстес болатын, – деп жауап берді.

Ақниет пен Қорланның жүректері ауырып, көздеріне жас алды. Сосын олар басқа сыныптастарынан барып сұрайды. Олардың бәрі жадырап, былай жауап қайтарады:

«Ой, сол кәдімгі балалардың сүретін өмірі, анамызға көмектесеміз, далада доп қуалап ойнаймыз».

Осыдан кейін Ақниет пен Қорлан мынадай қорытындыға келеді:

Әрбір баланың өмірі әр түрлі, бәріне бірдей «ой, әлі кішкентай ғой» деп түсіністік танытпайды. Бала мүшел жастан асқаннан кейін оларда қиыншылық туындайды, бөлініп, бірін-бірі кемсіту дегендей, әке-шешесі қатал балаларға көпшілік жерде ашылу қиынға соғады. Балаларына зор үміт артып қарап отыратындар да бар.

Әр уақытта балаларыңызға түсіністікпен қараңыздар, әрқашан қолдаңыздар. Сонда болашақ ұрпақтың өмірі жақсы болады.



Арыстанова Эльмира Дастановна

Алматы облысы Қарасай ауданы
Береке ауылы «Береке орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы

Бахытжанова Зере 5-сынып оқушысы



Ғажайып ғаламшар

Ертеде бір Жер атты ғаламшар болыпты. Ол ғаламшарда бәрі тату-тәтті, бақытты өмір сүреді. Бұл ғаламшардың табиғаты керемет, ауасы таза, суы мөл-мөлдір. Тіпті түбінде жүзіп жүрген түрлі-түсті балықтар анық көрінеді. Мұнда өлім, ауру-сырқау, жамандық атаулы жоқ екен. Қартайып, жасы жеткендер арнайы әуе кемесімен қарттар ғаламшарына барады. Сол жақта олар мәңгі өмір сүреді. Өздерінің туған-туысқандарымен бейне байланыс арқылы сөйлеседі. Осы ғаламшарда қоқыс деген мүлде болмайды, жерде жатқан қоқыс лезде өңделіп, керекті затқа айналады. Балалар әуе кемесіне отырып, ғарышты, айды, басқа да ғаламшарларды көруіне болады.

Осындағы балалар ақылды, білімді, өнертапқыш екен. Мысалы, кеше менің бір досым бір жерден екінші жерде пайда болатын құрылғы ойлап тапса, екінші досым жоғалған затты тауып алатын құрылғы жасады. Осы заттар уақытты үнемдейді. Бұл жердегі адамдардың армандары міндетті түрде орындалады. Адамдардың аяқ киімі жүзетін, жүретін, сырғанайтын, тіпті ұшатын қасиетке ие.

Мұнда күндіз аспан түрлі-түсті болады, ал түнде аспандағы барлық ғаламшарлар көрінеді. Жер тұрғындары өздерінің бақытын, байлығын аялап ұстайды.



Арыстанова Эльмира Дастановна

Алматы облысы

Қарасай ауданы, Береке ауылы

«Береке орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,

педагог-сарапшы



Серік Айзере 5-сынып оқушысы

Ғажайып жеміс

Ертеде үш көжек дос болыпты. Олардың аттары: Көжетай, Кенжетай және Еркетай екен. Олар жұма күні таңертең аулаға шығып, жүгіреміз деп келіскен еді. Бірақ бейсенбі күні кешке Көжетай смартфон көріп, кеш ұйықтады. Ол түсінде ғаламшардағы ғажайып бақты көреді. Ол жерде түрлі жемістер мен көкөністер өсіп тұр екен. Жемістерге қызыққан Көжетай бірден жей бастады. Ол жемістер сондай дәмді әрі ерекше. Көжетай түсінде жеміске тойып жатқанда екі досы келіп, оны оятып жібереді. Жеміске тойған Көжетай шошып оянып, олардың оятқанына ашуланады. Бірақ Кенжетай мен Еркетай келіскенін есіне түсіреді. Ал Көжетай болса, ашуланғанының себебін айтып түсіндіреді. Ол ғарыштағы жемістердің біздің жер бетіндегі жемістерге қарағанда ерекше екенін сөз етеді. Сонда Кенжетай оның қай жері ерекше екенін білгісі келеді. Көжетай былай деп жауап қайтарады: Ондағы жемістерді бір тәтті нәрсе ойлап отырып жесен, сол тәттінің дәмі кіреді дейді. Көжектер ол жемісті елестете отырып, тауып әкелгісі келеді. Әрі ойланады, бері ойланады, таппайды. Бір кезде Еркетайдың ойына орманда тұратын ұстаз ағай есіне түседі. Олар ұстазға бару үшін жолға шығып кетеді. Жолда Кенжетай: Ұстаз ағайдан зымыран сұрап, ғаламшардағы жемістен молырақ алайық, – деп айтады. Ендігі ұстаз ағайдың үйіне де жетеді. Олар келе сала зымыран сұрайды. Ұстаз ағай түк түсінбейді. Сонда Көжетай үтір, нүктесіне дейін түсіндіріп шығады. Ұстаз ағай оларға: Еее, көжектер, сендер қиялдың артынан еріп кеткен екенсіңдер, ғаламшарда жеміс өспейді, – дейді. Көжектердің көңілі түсіп кетеді. Ұстаз ағай оларға: Еңселеріңді түсірмендер, көжектер. Ондай жемісті жер бетінен де табуға болады, – деп көжектерді жұбатады. Олар таңырқап қарап, қалай табуға болатынын сұрайды. Ұстаз ағай: Еңбекпен, көжектер! «Еңбекпен тапқан нан тәтті» дегенді білуші ме едіңдер? Егер сондай дәмді әрі ерекше жеміс қаласандар тынбай еңбек етіп, жемісті баптап, күтім жасау қажет. Сонда түстеріндегі жемістен де ерекше, тіл үйіретін, дәмі балдай жемісті жейсіңдер, – деп ақылын айтады. Тату көжектер бірден іске кірісті. Күзде жемістер пісе бастады. Олар еңбектерінің жемісін көрді. Өздері армандаған тәтті жемістер пісті, көжектер ағайдың айтқаны рас болып шыққанына мәз болып күлісті.

Ақылды ұл

Бір ауылда бір отбасы тұрыпты. Олардың үш баласы бар екен. Үлкені – Серік, ортаншысы – Берік, кенжесі – Ерік. Бір күні әкесі қызығып, үш баласынан әлемді қалай көретінін сұрайды. Әкесі тұңғышынан бастады:

– Серік, ұлым, сен әлемді қалай көресің?

– Мен әлемді көп ақша, үлкен үй деп елестетемін.

Өзінің берген жауабына көңілі толған Серіктің көзі жайнап кетті.

Бұл сұрақты естіген ортаншысы да дайындалып отырды. Әкесі Беріктен: Ал сен әлемді қалай көресің? – деп сұрады.

– Мен әлемді дайын тамақ, жинаулы бөлме деп ойлаймын, – деді Берік.

Әкесін Серік пен Беріктің жауаптары қатты алаңдатты.

Енді кенжесінен: Ерік, сен әлемді қалай көресің? – деп сұрады.

– Мен әлемді ата-анамның қасында болып, өмірімдегі ең маңызды сәттерді ең аяулы, ең сүйкімді жандармен боламын деп елестетемін. Әкесі таңғалып, ұлына қарап тұрды. Әрине, кенжесінен ешкім ондай жауап күткен жоқ еді. Әкесі Ерікті қатты құшақтап алды. Сол кезде екі ағасы жерге қарап, алмадай қызарып, ұялып тұрды.



Арыстанова Эльмира Дастановна
Алматы облысы Қарасай ауданы
Береке ауылы «Береке орта мектебі»КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы
Егізбай Еркежан 5-сынып оқушысы



Менің қиялымдағы Қазақстан

Менің қиялымдағы Қазақстан. Мен елімді өзгеше елестетемін, маған өз елімде өмір сүрген ұнайды. Қасымда қамқор әке, аяулы ана, жанашыр бауырларым бар. Сондай-ақ, сыныптастарым мен ұстазымды да ерекше жақсы көремін. Қазақстан дамыған елдердің қатарында жаңа технология, заманауи көзқарас. Мен өскенде еліме өз еңбегімді сіңіремін деп ойлаймын. Өзге елдерде жоқ технологияны ойлап тапсам деп армандаймын. Қиял, шіркін, адамға жеткізбейді екен, мен үнемі қиял үстінде жүремін. Қандай жаңалық ашам, еліме қандай еңбегім сіңеді деп ойлаймын.

Міне, бүгін сондай мүмкіндік туып отыр. Менің жазушы болғым келеді. Абай атамыз: «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз», – деп айтып кеткен. Бұл сөзде де қаншама терең мағына жатыр. Астарына үніліп қарасақ, Абай атамыз өзің көрген, білген, естіген ғалымыңа соның кейпіне еніп, түр- келбетінді ұқсатып алмасаң да, оның біліміне, мінезіне, оқығандығына қызығып, ұқсап бақ деген. Мен де осы жазушы аталарымыз сияқты жазушы болсам деп

6. Абайдың туған ағасы кім?
7. 1905 жылы Шәкәрім қайда барды?
8. Шәкәрім саятшылыққа баулыған құс?
9. Шәкәрімнің жасанды мінезді сынға алған өлеңі қалай аталады?
10. Шәкәрімнің Пушкиннен аударған шығармасы қалай аталады?
11. Шәкәрімнің 1912 жылы шыққан өлеңдер жинағы қалай аталады?
12. Шәкәрімнің Физулиден аударған дастаны қалай аталады?
13. Шәкәрімнің революцияға арнаған өлеңін атаңыз.
14. Алашорда үкіметі ақынды қайда шақырды?
15. Молдалар Шәкәрімді не деп айыптады?
16. Шәкәрім жастарда қандай қасиет болу керектігін айтты?
17. Шәкәрім қай тілді меңгерген?
18. Шәкәрімді Семейге қандай ұйым шақырды?
19. Жазалаушылар Шәкәрімнің денесін қайда тастады?



Сергазина Толкын Ақылтаевна
 Алматы облысы Қарасай ауданы
 Береке ауылы «Береке орта мектебі»
 КММ Қазақ тілі мен әдебиеті пәні
 мұғалімі, педагог-сарапшы
Абдірасіл Жанерке 9-сынып оқушысы



Бақыт пен болашаққа апарар жол...

Бақыт пен болашаққа апарар жол дегеніміз бұл – өмірдегі өз орныңды білу, арман-мақсатыңды айқындау. Менің ойымша, бақыт деген көптеген дүниеден құралады. Атап айтар болсам, ол – сенің отбасың, денсаулығың, жаныңа жақын адамдардың болуы, айналысатын сүйікті ісің, өмірден өз орныңды адаспай таба білу. Тіпті таңертең көзіңді ашып, жарық дүниені көрудің өзі бір бақыт емес пе?! Бақытты алыстан іздемеу керек, ол біздің жанымызда, әр сәттен, ір істен бақыт таба білу өз қолымызда. Сол үшін де өзімізді бақытқа жетелей білуіміз керек. Ол үшін бақытқа апарар жолды түсіне білуіміз керек. Бақытқа апарар жолды түсіне білген адам әлемде көп. Оны негізгі үш бағытқа бөліп қарастырмас деймін:

1. Рухани білім
2. Кәсіп таңдау
3. Жетістік

Біріншіден, рухани білім – адамның психологиялық жағдайы, қазіргі уақытта көп жастардың психологиялық түсінігінің өте төмендігі, рухани білімді ізденбеушілігі және өзін-өзі дамытпаушылығының салдары. Қазақ елінің ақындары жастарды рухани білім алуға шақырған. Оның бірі – Абай Құнанбаев.

Абай ақын өзі өмір сүрген заманға ыңғайына қарай көптеген өсиет қалдырған. Соның бірі – әлемге әйгілі Абайдың қырық бес қарасөзі. Бұған қарасөздерден нәр алып, рухани дамып өскен Мұхтар Әуезов пен Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды ғұламалар дәлел. Мысал келтіретін болсақ, өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сын-сипаттарын көре білуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, өз халқына түзу жол көрсетуде Шәкәрім Құдайбердіұлы да Абай атамyzдың бағытын ұстанған. Абай атамyz қарасөздерінде адамның психологиялық-эмоционалдық тұрғыдан дұрыс емес жасалған шешімдерін көрсеткен. Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Рухани жағынан азғындаған адам ғана отанына опасыздық жасайды». Демек, қандай да бақытты болу әр адамның шешіміне байланысты. Егер адам рухани дамыған болса, ол міндетті түрде бір жетістікке жететініне сенімім мол. Міне, сондықтан өзімізге дұрыс мақсат қоя біліп, дұрыс шешімдерді қабылдай білуіміз қажет. Рухани білімге бай болудың орасан зор қасиеті бар, кез келген жағдайда өз ішкі тепе-теңдікті сақтаумен қоса, берілген жалпылама білімді меңгеруге көмегі орасан зор. Рухани білім қатаң тәртіпке, адамгершілікке алып келеді, білім мен тәртіпте рухани байланыс болмаса, екеуін қатар алып жүру мүмкін емес. Сондықтан саналы, рухани білімі дамыған ұрпақ болуы үшін баланы мектептен емес, бесіктен бастап рухани маңыздылыққа тәрбиелеу қажет. «Ел болам десеңіз, бесігінді түзе» деген сөз осыдан қалған.

Екіншіден, кәсіп таңдау – адам өміріндегі өте маңызды және күрделі қадамдардың бірі. Бұл бір қарағанда, жай нәрсе болып көрінуі мүмкін, алайда ол – бүкіл саналы ғұмырымыздың айнасы. Жоғарыда айтып өткендей, әрбір шешім болашағымызға тікелей байланысты. Біздің өмірлік бағытымыздың және болашағымыздың қандай болатыны таңдаған мамандығымызбен байланысты деп ойлаймын. Мысалға алар болсақ, әлемге танымал канадалық-американдық инженер әрі кәсіпкер Илон Рив Маск инженерлік-кәсіптік білімге деген қадамын Претория ұлдар орта мектебі табалдырығынан бастаған. Ол ерте жасынан компьютерде бағдарлауды үйреніп, алғашқы видео ойынын он екі жасында сол уақыттағы қомақты соммаға сатып, пайдасын көріп, білімге деген құштарлығы арта түсті. Білімге құштарлығы сонша – ешқандай қиындық пен қарсылыққа қарамастан, Канадаға оқуға аттанды. Кәсіптік таңдауын жасап, алған білімімен және еңбегімен бірінші компаниясын ашты. Ол осы компаниясынан тәжірибе алып, өзінің күшімен және білімімен жетістікке жеткен екі компанияны құрды. Осылайша елі мен өз атын әлемге кәсіптік білімінің арқасында танымал еткен адамдардың біріне айналды. «Білім басы - бейнет, соңы – зейнет» демекші, болашақ өз қабілетіңнен, кәсібіңнен басталады. Әрбір кәсіпті меңгерген жас маман өз болашағынан бұрын мемлекетті жаңа деңгейге шығарады. Мемлекеттің жастардың кәсіби маман болуына атсалысуына зор көмегі тиіп жатқанының арқасында қазіргі жастардың жетістіктері Жапон елінде робототехника саласы бойынша бірінші орын алуда. Сондықтан оқыған және ізденген адам еш уақытта бір орында қалмайды.

Үшіншіден, өмірлік жетістіктер дегенге бірнеше тұрғыдан қарауға болады. Соның ішінде басты жетістік – алған біліміміз бен тірнектеп жасаған еңбегіміз мемлекетіміз бен халқымызға үлкен пайдасын тигізеді. Сол жетістікке жеткен

Дик және Мак есімді ағайындылар алғаш көше ресторанын ашты. Алайда экономикалық білімнің жетіспеушілігіне байланысты әлемге таныта алмай, Рэй Крок есімді кәсіпкермен Мак Доналдс көше ресторанының кәсібімен бөлісуге тура келді. Сондықтан қазақтың ұлы тұлғаларының қалдырған өнегесімен шектеліп қана қоймай, соны әрі қарай дамытуымыз керек. Бұл жетістіктер тек уайымсыз болашағымызға ғана емес, жүрегімізге де тыныштық ұялатады. Мағжан Жұмабаев атамыз: «Мен жастарға сенемін» деп айтқандай, әр жана бастаудың уайымсыз болашаққа жетелейтін жетістігі – біздің ұстаздардан алған біліміміз. Уақыт бір орнында тұрмайды, сол кісілердің қалдырған сарқылмас білімімен біз әрі қарай ғылыми тұрғыда техникалық білім жетістіктеріне қол жеткізіп, әлемдік жаңалықтармен дүние жүзін таңқалдыруымыз керек. Біздің жетістігіміз мемлекетіміздің болашағын жақсартта түседі. Мемлекеттің жарқын болашағы – келер ұрпақтың уайымсыз тағдыры.

Адам бір орнында тұрмай, үнемі даму үстінде болуы керек. Әуелі рухани дамып, содан кейін өз таңдауымыздағы кәсібіміз арқылы үлкен жетістікке жетуге ұмтылуымыз қажет, ал жетістіктеріміз жарқын болашақ пен шексіз бақытқа жетелейді.



Сергазина Толкын Акылтаевна

Алматы облысы Қарасай ауданы
Береке ауылы «Береке орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы

Халмұрат Айшат 7-сынып оқушысы



Мүйізді пони әлемі

(ертегі)

Мүйізді пони әлемінде әпкелі-сіңлі екі қыз өмір сүріпті. Үлкен қызы Анна, ал кіші қызы Мария еді. Анна өте ақылды қыз болды. Ол мүйізді пони мектебіне түскісі келді, ал Мария өте ұялшақ қыз болатын. Мария Аннаны мақтан тұтып, үлгі алғысы келді. Қыздардың ата-анасы Аннаның ол мектепке түсуіне күмән келтірмеді. Анна мен Марияның үйіне мүйізді пони мектебінен хат келді. Хатты ерекше қуаныш сезіммен оқығанда Марияның мектепке оқуға түсетінін біліп, Анна Мариямен сөйлеспей қойды. Ал Марияның ата-анасы Анна емес, мектепке Марияның бара алатынын біліп таңқалды. Мария қатты қобалжыды. Себебі ол мектепке түсу үшін ерекше сиқыр жасай білу керек еді. Ал Мария оны жасай алмайтын. Келесі күні Мария және тағы басқа таңдалған балалар сол мектептің алдында тұрды. Ол мектепке түсу үшін мүйізді пони шығару керек екен. Бірінші қыз Эстелла пони сиқырын жасағанда жасыл мүйізді пони пайда болды. Ол понидің және қыздың элементі жер болды. Келесі қыз Амалияның шашы әртүрлі түсті болды. Ол қыздардың ішіндегі ең күштісіне айналды. Ол қыз барлық элементті алды. Келесі ұл Дженнифер сиқыр жасағанда понинің мүйізі көк түсті болды. Марияның кезегі келді. Барлығы Марияның понині күтті. Кенет

Марияның алдына ең мықты пони түсті. Оның жарақаты көп болды. Ұстаздар сол себепті ол понидің мүйізі болмады деп ойлады. Жарақатын емдесең, мүйізі пайда болады. Мариянің пониін ерекше деп бағалап, барлығы оған көңіл бөлді. Мария бұл понидің өзінікі еместігін білді. Ол пониге барып, былай деді: «Дени, өтініш, мен бұл мектепте қалғым келеді. Менің жануарым кейпінде жүрші». Пони келіспеді. Мария Дениді өзіне үйрету үшін үстіне мініп шапты. Бірақ Дени Марияны үстінен құлатып жіберді. Марияның пониі жазылса да мүйізі пайда болмады. Мария өз пониіне жаман сиқыршыдан мүйіз алып, Дениге қыстырып берді. Қыстырылған мүйіз Денидің басымен қосылып, сұлу Дени жаман пониге айналып кетті. Мұны көрген ұстаздар Дениді өлтірмекші болды. Бірақ Дени өте мықты болды. Барлық балалар Дениге жабыла бастады. Балалардың понилері Дени секілді жаман пониге айналды. Ұстаздар Дениді тоқтатты. Барлық жаман понилерді әкетіп жатқанда, Мария: «Сендерге бәрібір ме? Сендер үшін бұл понилермен болған қызықты оқиғаларың мен бірге өткізген сәттерің ерекше емес пе? Мен өз пониімді сендерге бермеймін», – деді. Балалар Мариямен келісті. Артынша өздерінің понилерін алып қашып кетті. Ұстаздар понилерді жоймақшы болды. Сол сәтте Денидің арқасында қос қанат пайда болды. Мария аң-таң тұрып қалды. Сонда Денидің пегас екені белгілі болды. Дени ұшу жарысында жарақат алып, жерге құлап қалған екен. Қанаттарын жоғалтып алғаны себепті жадын да жоғалтып алып, ештеңе білмеген екен. Сол кезден бастап Мария мен Дени жақын дос болды.



Карибаева Шынар Каирбековна
Алматы облысы Қарасай ауданы
Береке ауылы «Береке орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы
Серікжанұлы Бақжан 6-сынып оқушысы



Менің хоббиім

Кез келген адамның өз хоббиі болады. Ол ән айту, сурет салу болуы мүмкін немесе спорт ойындарын да жатқызуға болады. Бұл сол адамның осы іске қызығушылығы бар екенін білдіреді. Хобби бір адамның болашақ кәсібі болса, енді бір адамның жан дүниесіне қуаныш, тыныштық сыйлауы мүмкін.

Менің сүйікті ісім – кітап оқу. Керемет оқиғаларды бастан кешіру, жазушының алтын уақытын бөліп, өз оқырмандарына жазған қызықты еңбектерін бойыма сіндіру – менің сүйікті ісім. Адам кітап оқығанда басқа әлемге барып келген сияқты болады. Кітап оқып отырып, «Менің атым – Қожа» шығармасындағы Қожаның досына айналға, Гарри Поттер сияқты болуға немесе Робинзон Крузо сияқты мұхиттың дәл ортасындағы аралға тап болуға мүмкіндік туады. Мен кітап оқу арқылы достарымды, басқа адамдарды жақсырақ түсінемін,

өмірге деген көзқарасымды кеңейтемін, өзімді ересек адам сияқты сезінемін. Әлі кішкентай болғандықтан, әлемнің көптеген жерлеріне саяхат жасаған жоқпын, бірақ хоббиімнің арқасында қиялдап, ғарышқа да барып келемін. Көңіл-күйім болмаса, кітап оқимын. Кітап оқу маған жақсы, жағымды көңіл сыйлайды.

Кітап – менің өмірлік серігім, жол сілтеушім. Ойшыл ғалымдардың, жазушылардың жазған еңбектері маған білмегенімді үйретеді, түсінбегенімді түсіндіреді. Үлкен жетістікке жету үшін де көп кітап оқу керек. Былтыр мен онлайн кітап оқу сайысына қатысқанмын, біраз жақсы нәтижеге жеттім. Сол себепті кітапты көп оқу керек. Кітап менің досым болғанына шексіз қуанамын. Сонымен қатар мен футбол ойнауды да ұнатамын. Білімді ғана емес, адам шымыр да болуы керек. Менің футболға деген қызығушылығым бала кезде пайда болды. Әкем теледидардан бірде-бір матч ойынын жібермей көретін, әсіресе Қазақстан командасының ойындарын қалт жібермейтін. Содан бері футбол ойыны маған қызық бола бастады. Біздің мектепің артында үлкен футбол алаңы бар, бос уақытымда достарыммен барып, футбол ойнағанды ұнатамын. Біздің мектебімізде футболға аса көңіл бөлінеді, үйірме бар. Командамен басқа жаққа жарыстарға барып, әжептеуір орындарды иелініп келіп жүрміз. Кез келген футбол жанкүйерінің сүйікті футбол клубы бар. Біреуінікі «Бавария», енді біреуінікі «Барселона», ал мен тек «Реал Мадрид» клубын ұнатамын. Бала кезден бері осы клубты қолдап, Роналдоның әр соққан голына қолдау білдіремін. Шынымды айтсам, осы клубта ойнағым келеді. Аталған клубтың ойыншыларымен суретке түссем деп армандаймын. Бұл – мен үшін арман. Арманымға жететініме сенімдімін!

Ойымды қорытындылайтын болсам, әр адамның өз хоббиі болуы керек және ол пайдалы дүние болуы қажет деп ойлаймын. Кітапты көп оқып, сонымен қатар спортпен шұғылданаық, достар!



Карибаева Шынар Каирбековна

Алматы облысы Қарасай ауданы
Береке ауылы «Береке орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы

Якубов Нұрасыл 6-сынып оқушысы



Таза болса табиғат, аман болар адамзат

«Экология» десе, алдымен, есімізге тұрып жатқан жеріміз, жүретін жолымыз, табиғатымыз түседі. Енді біз сол тұрып жатқан жерімізді, табиғатымызды аялауымыз керек. Оны қалай аялаймыз? Көшеде шашылып жатқан қоқыстарды тазалаймыз, ағаш егеміз, арықтардың көзін қоқыстан тазартамыз. Табиғатты аялап, баптап, күтіп ұстау маңызды. Себебі табиғаттағы

ағаштар, гүлдер бізге таза ауа береді. Ауа болмаса, тіршілік те жоқ. Дәл қазіргі уақытта жер бетін адамзат қатты ластап жатыр. Үйден, түрлі өндіріс орындарынан шыққан қоқыс өнделмей, тура табиғатқа тасталуда. Далада жатқан түрлі қоқыс бұзылып, табиғатты ластайды. Әсіресе тез шірімейтін пластик, полиэтилен табиғатқа аса зиян тигізіп жатқаны баршаға мәлім. Бізде, Қазақстанға, шетелдегідей қоқысты өндейтін зауыттарды көптеп ашу керек. Сонымен қатар қоқысты реттеу мәдениетін қалыптастыру керек. Қағаз, тамақ қалдықтары, полиэтилен, пластик, тұрмыс қалдықтары сияқты қоқыстарды бөлек тастап, оларды өңдеп, екінші өмір сыйлау қажет деп ойлаймын.

Табиғаттың ластануы табиғатта тіршілік ететін аң-құстарға да, жануарларға да тікелей зиянын тигізеді. Қарап отырсақ, кең жазық далаларда пластик құтылар жатады, полиэтилен пакеттер ұшып жүреді. Фотосуреттерден аңдардың полиэтилен пакет, құстардың пластик құтылардың қақпақтарын жеп, өліп қалғанын көреміз. Теңіздерге тонналап түрлі шірімейтін қоқыс тасталады. Адамдар дөңгелек шиналарды теңіз түбіне тастайды, кейбір балық, итбалықтар соны байқамай мойнына асып алып, жүзіп жүреді. Міне, адамзат табиғатқа қатты зиян келтіріп жатыр. Табиғатты, болашақтың экологиясын ойласа, ондай іске бармас еді ғой...

«Мәуесі бардың әуесі бар» дейді халқымыз. Табиғатқа өз үйіндей қарап, оны аялаған адамның көңілі тыныш, жаны рахат табады. Адамзат еңбек етіп, табиғаттың өсіп-өнуіне, өркендеуіне үлес қосса, Жер-Ана да алғысын айтады. Табиғат бәрімізге ортақ, сол себепті табиғатты аялап, планетамызды таза ұстайық!



Қуанышева Светлана

Алматы облысы Райымбек ауданы
Сарыжаз ауылы «Алтынбек Сәрсенбайұлы
атындағы орта мектеп Ақбейіт бастауыш
мектебімен» КММ
педагог- зерттеуші

**Айдосқызы Жанерке 10-сынып
оқушысы**



Мұқағали Мақатаевқа арнау

Мұқағали – жөні бөлек ірі тұлға,
Түсіп көрші Мұқағали тау ұлына.
Ақын ол лирикадан жаратылған,
Қырық бесінде кесіліп түсті қанатынан.
Сәби де бола алмады жаңа туған,
Өшпейді ол, өйткені ұлылардың санатынан.
Мұқағали жаңбыр ол сіркіреген,
Мұқағали жүрегі нәзік дүрсілдеген.
Құрсауланған мұзбалағы ол даланың,
Кімдер білген қырық бесте
Көр түбіне өмірінің қамаларын.
Әлі кеткен, жаны да кеткен,
Қазақтың бір қыраны тағы кеткен.
Ұзаққа кетті, бірақ қалды өлеңі,
Мәңгі өшпес бұл ақынның өнері.

Мағжан ақын

«Мен жастарға сенемін» деп ұран еткен,
Мағжан атам қайта тумас қыран екен.
Алты алаштың алыбы атанған,
Қайталанбас мәңгілік жыр-ән екен.
Қазақтың падишасы ғажап ақын,
Елімнің мақтанышы Мағжан атың.
Туыңның желбіреуін тілеп өткен,
Отаным алашым деп аттанатын.
Кешегі Мағжанымның талай ісі,
Өскелең ұрпағына болады үлгі.
Қазақ дейтін ел барда өлмес ақын,
Жастары лаулатады әлі-ақ жырды.
Ержүрек ақын туды елімізде,
Қалайша әр сөзінді жыр етпеске.
Өлеңің замандарға жалғанады,
Әр сөзің әр қазақтың жүрегінде.

Бүгiнiмiз....

Адам бойын үрей алды бұл күнде,
Қыздардың теңсiздiгi әлi елде.
Пайдасыз азаматтар көбейдi ме?
Үлгi қылар ерлерiмiз саусақпен
санауға жетпейдi де.
Ақшасы барға керемет бiр заман,
Тақыр кедейге бұл өмiр жаман.
Күнелтедi қара жұмыс еңбекпен,
Бай болып өкiметте талайы отыр,
Тек халықтың ақшасын жеумен...
Әдебиеттен хабарсыз,
Өскелең ұрпақ санасыз.
Ардақты елiмнiң үмiтiн,
Ақтауға бар күшiмiздi салармыз.
Тәуелсiз елде туып бойжеткен,
Қазақтың аруымын әдебиеттi сүйiп өскен.
Кешегi ақындардың iзiн қуып,
Елiме мен әлi талай жыр төкпекпiн.

Тәуелсiздiк

Желтоқсанның аязында лаулап
жанды алауың,
Ұмытылмас ерлiктерiң, батыр аға,
әкпе аяулым.
Мәңгiлiк жүректе есiмдерiң,
Мұзда жанған ұмытылмас алауым.
Тәуелсiздiк – жырласам бiтпес дастан,
Талай ғасыр ата-бабам аңсаған.
Ел мен жердiң иесi бiр қазақ деп,
Желтоқсан құрбандары жанын салған.
Азаттықтың ақ таңына қарашы,
Орманды, жасыл биiк тау даласы.
Өз елiмнiң туын асқақтату-арманым,
Көбейсiншi елiн сүйген ер баласы.
Алаңға шығып жастарың аттанған,
Тәуелсiздiк жүрегiмде сақталған.
Қыршын кетiп бейкүнә өрiмдер,
Әр қазақтың жүрегiнде сақталған.
Тәуелсiздiк ұмытылмас әнiм ең,
Көк туымды көкке өрлетем әлi мен.
Елiм үшiн қашпаймын мен бәрiнен,
Жерiмдi де қорғаймын мен бәрiнен.



Нұрқасымова Жанар Багенқызы

Алматы облысы Талғар ауданы
Талғар аудандық №1 жеке лицей-интернаты
педагог-сарапшы

Бусақан Нұрали 9-сынып оқушысы



Тілек (Әңгіме)

Тілек – ертеден қалыптасқан әдет. Адамдар туған күндерде, біреудің қуанышында тілек айтады. Құдай мың жылда кез келген бір адамға күш береді екен. Сол күш Рауан деген балаға беріліпті. Күндердің бір күні Рауан сабағынан үйіне келеді. Үйіне келсе, анасы бауырсақ пісіріп қойыпты. Рауан бауырсақты жеп отырып:

- Шіркін, анамның дәмді бауырсағы таусылмаса ғой, – деп, бауырсағына қарап армандайды. Тістелген бауырсағына қарап отырса, бауырсақ қалпына келеді. Ол өз көзіне сенбей, бауырсақты тағы тістейді. Бауырсақ қайта қалпына келеді. Сосын ол түсі емес екенін түсінеді. Қуанышына шегі жоқ Рауан көптен жүзеге асыра алмай жүрген армандарын орындауға қуана жүгіреді. Арада көптеген уақыт өтеді. Рауанның істемеген заты қалмады. Рауан бұл күштің қызығын жоғалтады. Не істерін білмеген Рауан атасына жолығады. Сәлем беріп атасына сұрақ қояды:

- Ата, осы сіздің қалаған тілегіңіз орындалса, не істер едіңіз?

Сонда атасы: Мен елімнің тыныштығын, жақсылықтың бәрін және отбасымның аманшылығын тілеуші едім, – деп жауап береді.

Сол кезде Рауан: - Рахмет, ата! Мен енді бәрін түсіндім, – деп жүгіріп кетеді. Атасы ештеңені түсінбей, ойланып қалады. Сөйтіп, Рауан «елінің тыныштығы, амандығы мәңгілік болсын» деген тілек тілейді.

Бірде Рауан ұйықтап жатып түсінде жұмақта болады. Жұмақта ол құдайды кездестіреді. Оны көрген құдай:

- Ақыры келдің бе? – дейді.

Ештеңені түсінбей тұрған Рауан: - Не туралы айтып тұрсыз? Мен қайдамын? – деп сұрайды.

- Сен менің үйімдесің, уайымдама сен өлген жоқсың. Сенің келген себебің, сен менің ойымды ақтадың. Сенен бұрын осындай күшті алған неше түрлі адам болды. Бірақ олар өз қалауын жасады. Олардан мен күштерін тартып алып, басқа әлемге жібердім. Сен басқаларды ойлағаның үшін саған бұл күш сыйлық ретінде қалады және бұл күшті ары қарай жақсылық үшін қолдан!

Кенет Рауан оянып кетеді. Рауан бір зат тілегенде тілегі орындалмайды. Осының бәрі түс болғанын түсінген Рауанның көңілі түсіп кетеді.



Рахымжанова Баян Досымбековна
Алматы облысы Талғар ауданы
Талғар аудандық №1 жеке лицей-интернаты
педагог-сарапшы
Амангелді Бекарыс 7-сынып оқушысы



Жұмбақтар

Аспандағы алып доп,
Жарқырайды жарық боп.

(Күн)

Шелек, қалпақ басында,
Сәбіз екен танауы.
Қыста қарда туады,
Тауып көрші сен оны.

(Аққала)

Суда мұз бар,
Жерде қар бар.
Боран қатты соғады,
Бұл қай мезгіл болады?

(Қыс)

Білімнен мол сый-асы,
Балғындардың ұясы.

(Мектеп)

Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Қызыл, сары, жасылды,
Көкте бір зат асылды.

(Кемпірқосақ)

Әдемі түнде,
Мен жүрсем, жүреді бірге.

(Ай)

Аяғы жоқ, жүреді,
Сылқ-сылқ күледі.

(Бұлақ)

Қыстай жегіп қос атты,
Көктем шыға босаттым.

(Шаңғы)

Шіркіннің өзіне обал-ақ,
Жүреді аяқта домалап.

(Доп)

Шұқшитқан кеп әуелі,
Сені әрбір әрішке.
Суреттері әдемі,
Бұл қай кітап?

(Әліппе)

Адамдар менің келгенімді күтеді,
Бірақ келсем, тығылып қалады.

(Жаңбыр)

Келгенше шамасы,
Аямайды көмегін.
Бар адамзат баласы
Содан алар көмегін.

(Кітап)

Аппақ, бірақ сүт емес,
Аппақ, бірақ бор емес,
Аспаннан ол түседі,
Даланы ақпен жабады.

(Қар)

Онда әкем-шешем тұрады,
Ата-әже, бауырым.
Бәрі бірге қосылып,
Бір ұғымды құрады.

(Отбасы)

Бұлттар төніп, жерге төгіліп,
Дымқыл тұман басады.
Шөп сарғайып, өңі тайып,
Дала нұры қашады.
Ойнай алмай,
Денең мұздап тонады.

(Күз)

Қар мұз еріп, су көбейіп,
Сай салаға толады.
Бүршік жарып, жарық ашып,
Гүл бәйшешек басады.

(Көктем)

Өрік, алма,
Жидек, жүзім піседі.
Қауын, қарбыз,
Қияр, сәбіз дүкендерге түседі.
Астық пісіп, орақ түсіп,
Қырман дәнге толады,
Бұл қай кезде болады?

(Жаз)

Шуақты жақсы көреді,
Шырайланып күледі.

(Гүл)

Үй үстінде алтын тас,
Алайын десем табылмас.

(Жұлдыз)

Арыстан ақырады,
Орман жарқырады.

(Найзағай)



Рахымжанова Баян Досымбековна
Алматы облысы Талғар ауданы
Талғар аудандық №1 жеке лицей-интернаты
педагог-сарапшы
Бахтибай Ардақ 7-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен...

(Әңгіме)

Балалар – біздің болашағымыз. Елді биіктен көрсететін, елімізді танымал ететін осы – балалар. Қазіргі балалар кітап арқылы әлемді, жерді, елдерді, белгілі тұлғаларды таниды. Кітап балалардың бойындағы мейірімділік, достық қасиетін оятып, ой-өрісін кеңейтеді. Еліміздің табиғатын аялап, сақтауда кітап балаға көп көмегін тигізеді. Әрбір ата-ана өз балаларының тәрбиелі, ақылды болып өскенін қалайды. Баласы үшін бәрін істейді. Бала деген – керемет ұғым. Балалар туралы мақал-мәтелдер өте көп. Әрбір мақал-мәтелдің мағынасы керемет.

Арман мен Мақсат

(Ертегі)

Баяғы бір заманда Арман атты бала өмір сүріпті. Баланың ата-анасы болмағандықтан, ол өз күнін өзі көретін. Бір күні Арман бір байдың баласын кездестіреді. Байдың баласы Арманды кедей деп менсінбейді. Арман байдың

баласының айтқанын тыңдамайды. Байдың баласы суға шомылайын деп, өзенге түсіп, жүзе алмай, суға батады Арман оны көріп, көмектеспек болады. Арман да жүзе алмай, екеуі ағып кетеді. Екеуі бірге судың жағасына шығады. Байдың баласымен таныспақ болып, Арман: Атың кім? – дегенде, байдың баласы: Менің атым – Мақсат, – деп жауап береді.

Арман жеуге тамақ іздеп кетеді, ал Мақсат болса ағаш жинауға кетеді. Арман көп жеміс-жидек, Мақсат отын жинап алып келеді. Олар сол жерде түнейді. Мақсат ата-анасын сағынып жылайды. Таң атқан соң екеуі ағаштан үй жасамақ болады.

Арман:

-Мақсат, үйді талдың үстіне жасайық.

Мақсат:

- Неге ағашқа жасаймыз?

Арман:

- Себебі кешкісін мұнда жабайы аңдар болуы мүмкін.

Екі апта өткен соң Мақсаттың ата-анасы оларды тауып алады. Мақсат ата-анасына: Арманды өзімізбен бірге алып кетейікші, – дейді. Ата-анасы рұқсат береді. Солай Арман мен Мақсат ағалы-інілі болады.

Мақал-мәтелдер:

Аға алғанша,
Жеңге жегенше.

Білім – арзан,
Білу – қымбат.
Оқу – білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.

Сөз қадірін білмеген,
Өз қадірін білмейді.



Нұрқасымова Жанар Багенқызы
Алматы облысы Талғар ауданы
Талғар аудандық №1 жеке лицей-интернаты
педагог-сарапшы
Берікбай Нұртілек 9-сынып оқушысы



Құтқарушылар

Әлемде үлкен ұрыс пайда болды. Оны ешкім шеше алмай, халық үлкен мәселеге тап болды. Оның шешімі жоқ. Жерде үлкен байлық пайда болды. Соның кесірінен мемлекеттер бір-бірімен соғысуда. Соғыс қаламайтын тек бір

адам болады. Ол – Сэм. Сэм үш үздікті іздеуге жолға шығады. Оларды табу қиынға соқты. Олар бұрынғы сәтсіздігінен кейін қайтадан қаһармандыққа оралмады. Сэм ең бірінші Леао атты қаһарманды тапты. Сэм оған әлемде қандай жағдай болып жатқанның түсіндіріп, көмектесуге шақырды. Ол көп ойланбай келісті. Леао кез келген жерден жермен, яғни топырақпен басқарады.

Екіншісі – әлемдегі ен мықты, жүрек жұтқан қыз. Үш үздіктің тактигі. Барлық жоспарды сол құрайды. Ол – Рая атты қаһарман. Рая – ол мұзбен басқарады және трионың ең ақылдысы. Оған барлық жағдайды түсіндіріп, Рая қатарға қосылады. Ең соңғысы – трионың ең мықтысы Зоро. Зоро отпен басқарады. Бірақ оны Сэм қатарға қоса алмады, өйткені Зоро қосылмады. Зороның қосылмау себебі – оның ауыр жарақаты. Солай трионың тек екі мүшесі соғысқа шығады. Сэм кім байлықпен басқарып отырғанын және кім соғыс ұйымдастырғанын табады. Леао және Рая соғысқа шығады. Екеуі қарқынды соғыс жүргізеді, бірақ қалай тырысса да ұта алмайды. Солай екеуі өлім ауызында жатқанда Зоро пайда болады, бәрі таңғалады. Сөйтіп, бұрынғы трио қатар шықты. Үшеуі бәрінің тас-талқанын шығарып, соғысты тоқтатып, байлықты бәріне бөліп берді. Барлық әлем оларды танып, төртеуі әлем қаһарманына айналды.



Нұрқасымова Жанар Багенқызы

Алматы облысы Талғар ауданы

Талғар аудандық №1 жеке лицей-интернаты
педагог-сарапшы

Лазгиев Ахмет 9-сынып оқушысы



Лорд

Ертеде Лорд атты бір қасқыр болады, бірақ бұл қасқыр өте мейірімді және адамдарға тиіспейді. Лорд кішкентай кезінен адамдардың ішінде өмір сүреді, алайда Лордтан бәрі қорқады. Сенди атты бір кішкентай қыз Лордпен ойнағанды жақсы көреді. Сендидің ата-анасы бұған қарсы болады.

Аляскада иттер шаңғы тартып жарысады. Мұны көрген Лорд сондай иттердің қатарына қосылғысы келеді. Лордты ешқайсысы қаламайды: Лорд қасқыр. Иттер Лордты жек көріп, жанына қоспайды. Лордтың Ральф атты үйрек досы болады. Ральф әрдайым Лордқа көмектесіп, оны қолдайды. Күндердің бір күнінде ауылда бір ауру пайда болады. Ауру барлық адамға жұғады және бұл сырқатпен иттер де ауырады. Бұл ауруды емдейтін тек бір дәрі бар, бірақ ол дәріні басқа ауылдан әкелу үшін иттер жеткіліксіз болады. Адамдар шарасыздықтан, ешқандай таңдау болмағандықтан, Лордты таңдап, жолға шығады. Лорд қасқыр болғандықтан, өте жылдам және жүйрік болатын. Оның қасындағы иттер тез шаршайды. Соған қарамастан, олар жол жүруді жалғастырады. Жолда тоқтап демалады, алдарынан аю шығады. Аю бұларға тап береді, бірақ Лорд аюдың аяғынан тістеп құлатады. Ал Джек оны мылтықпен атып өлтіреді. Джек – шаңғыны басқарушы және Сендидің әкесі.

Бұл жағдайдан кейін олар біраз демалып, қайтадан жолға аттанады және екі күннен кейін ауылға жетеді. Дәріні алып, қайтадан жолға аттанады. Орта жолда қатты боран соғып, олар аласа бір жардан құлайды. Джек аяғын сындырып алады, сол кезде Лорд батырлық жасап, шаңғыны ешкім басқармаса да иіс сезу арқылы жолды тауып, дәріні Аляскаға аман-есен жеткізеді. Адамдар қатты қуанады. Лорд Алясканың батыры болып саналып, аңыз қасқыр ретінде барлық адамның есінде қалады.

Күндердің бір күнінде Лорд Ральфпен Аляскада жүреді. Лорд жолда жүргенде Белланы көреді және сол итке ғашық болады. Екеуі бір-бірін жақсы көріп, бірге өмір сүреді. Лорд пен Белланың екі күшігі болады: біріншісінің атын Ральф Лордтың жақын досының атымен атап, Альфа деп қояды, ал екінші күшік ұрғашы болғандықтан, атын Линда деп қояды. Олар жақсы өмір сүреді.

Бір күні Лордтың түсіне бір қасқыр кіреді. Бұл қасқыр Лордты қатты мазалайды.

Лорд одан: Саған не керек? – деп сұрайды. Сол кезде қасқыр: Сен әкеңнің кегін алуың керек, – дейді.

Лорд: - Мен не істеуім керек?.

Қасқыр: - Орманның дәл ішінде Шрам атты қасқыр бар. Сол қасқыр сенің әкеңді өлтірген. Сен барып, одан кегін алуың керек.

Лорд келесі күні жолға аттанады. Ол орманның ішіне кіргенде бір топ қасқырды көреді де олардан: Шрам деген қасқырды білесіңдер ме? – деп сұрайды. Қасқырлар оған жол көрсетеді. Лорд қиындықтардан өтіп, соңында Шрамды табады. Шрам өте үлкен және өте мықты болады, бірақ Лорд қорықпай шайқасады. Лорд Шрамды өлтірейін деп жатқан кезде Шрамның үйіріндегі екі қасқыр көмекке келеді. Олар Лордты қатты жарақаттайды, кенеттен Альфа мен Линда келіп, Лордқа көмектеседі. Сөйтіп, олар жеңіске жетеді. Лорд қатты қуанады және олар қайтадан өз үйлеріне қайтады.



Нұрқасымова Жанар Багенқызы

Алматы облысы Талғар ауданы
Талғар аудандық №1 жеке лицей-интернаты
педагог-сарапшы

Сабыр Әдиллә 9-сынып оқушысы



Бәрі қайтып келеді

Көпшілікке елеусіз, өзінше бір кішкентай ғана Көкжиек атты қалашықта шамамен 900 адам бейбіт өмір сүріп жатады. Көкжиекті өз тұрғындарынан бөлек білетіндер мен естігендер аз-етін. Ол жерде барлық жағдай жасалған. Бұл жерде өзімізді қауіпсіз сезінетінбіз. Тұрғындардың бәрі бір-бірімен жақын араласып,

бір-бірін танитын. Әсіресе, басқалар секілді қарапайым өмір сүріп жатқан біздің отбасымызды ерекше сыйлайтын. Өйткені біз әрқашан аймақты таза ұстап, сынғанды жөндеп, өсімдіктерге су құйып және сыпайы сөйлесіп, қалжыңдасып, көмекке дайын болатынбыз. Бізді көршілердің бәрі құрметтеп, жақсы көріп, хал-жағдайымызды сұрасып жататын.

Көкжиектің күндегідей көршілер әңгімелесіп, балалардың ойнаған айғай-шуына толы, салқын кештердінің бірі еді. Жасөспірімдер де арбатта не мектеп жақта қыдырып, бақытты күлкілері естіліп жатты. Мұндай қарапайым сәттер өзінше ерекше көрініс болып сезілетін. Біз де далада жүргенбіз. Анамыз кеш батпай бізді үйге шақырып алды. Ерте шақырып алуының себебін естіген біз аңтаң болып қалдық. Жағдайды айта келе, ата-анамыз қалаға көшуіміз қажеттігін жеткізді.

10 жылдан аса балалық шағымыз өтіп, бейбіт, бақытты өмір сүріп келген берекелі шаңырағымызды осы жерде тастамақпыз ба? Үйдің ішінде түсініспеушілік орын алды. «Не үшін?» «Қайда?» «Қашан?» деген сұрақтар оқтай атылды. Үлкендер бұған: Қалада жағдай одан да жақсы болады, көпті көресіндер, – деген сияқты қысқа жауап қатты. Көршілер бізден де қатты таңғалғандай көрінді. Сөйтіп, көп ұзамай үй де сатуға қойылды. Апталар өтті, айлар өтті. Үй әлі сатылған жоқ. Қаншама адам келіп, үйді көріп, көңілдерінен шықса да, сатып алуға батпады. Әрине, қатты қимаушылық пен уайым сезімін бастан өткердік. Мүмкін, сол үшін де үйіміз ұзақ уақыт сатылмай тұрған шығар. Расында, үйді қатты қимадық. Дегенмен барлық сату амалдарын қарастырдық, себебі бұл нақты шешім еді. Күндегідей сатып алушылардың үйімізді көріп кетіп жатуымен өтіп жатқан күндеріміздің бірінде көпбалалы отбасы келіп, үйімізді сатып алуға шешім қабылдады. Осы күнге де жеттік. Бәрі біз ойлағандай оңай болған жоқ. Құжаттарға байланысты көп мәселе туындады. Сандалып жүріп, адамдардың қандай болатынын көрдік. Қаншама дау, ұрыс-керіс, түсініспеушілік орын алды. Қаншама уақыт кетті. Сатып алушылармен біраз алыстық. Бізге оларды түсіну қиынға соқты. Күнде дұғада болып, анамыз жұма сайын шелпек пісірді.

Иә, үй сатылды. Осыдан кейін бәрінен сақтанатын болдық. Ең басында біз көшуге екі апта мерзім сұрап, келіскенбіз. Үйді сатып алушылар біздің апта ішінде көшуімізді талап етті. Біз сияқты үлкен жанұяға бұл, әрине, қиындық туғызды және бір жағынан әділетсіздік еді. Жүк машинесін табу, жүк тасушыларды жалдау, заттарды қаптау, т.б. мұның бәрі көп уақытты қажет етеді. Сөйте тұра біз келістік. Келісім барысында біз оларға ең қымбат жиһаздарымызды қалдыруға уәде бердік. Көшуге бір күн қалғанда тәтем інім екеуімізді түн ішінде басқа үйге алып кетті. Үйіммен соңғы рет қоштасып: Болды, бұл үй енді біздікі емес, – деген біртүрлі әрі өкінішті, қатты қимаушылық сезім болды. Достарыммен көз жасымды төкпей қоштаса алмадым. Көкжиектің тынық, салқын түнінде жаңа өмірге қадам бастық.

Келесі күнгі оқиғаны мен туыстарымнен естіп білдім. Таң атпай сатып алушылар біздің тереземізден ұрып тұрады. Олар біздің екі сағаттың ішінде кетуімізді міндеттеді, олай болмаған жағдайда полиция шақыратындарын айтады. Біздікілер ісіміздің бәрі заңды екенін біліп тұрған, мұны құлаққа да

ілмейді. Тәтем олардың көңілін аулап тұрғанда ағамыз жиһаздарды тез-тез реттеп, ал қалғаны заттарды сыртқа шығарып, алушыларға көрінбей тасып отырады. Соңғы затымызды мәшинемізге салып та үлгереді. Апамыз сыртқа ештеме болмағандай күліп шығады. Батасын беріп, үйдің кілтін ұсынады. Сатып алушылар жиһаз жайлы сұрағанда, ақылды апамыз: Кіргенде көрерсіздер, – деп жоқ болады. Осыдан кейін олар бізге талай қоңырау шалып, қауіп төндіретіндерін, сотқа баратындарын айтты. Алайда, әділдік біздің жақта болды. Жылдар өтсе де, әлі де достарымды көру үшін Көкжиекке келіп тұрамын. Үйімізді сатып алған адамдар мені мүлде танымайды. Біздің көшуіміз осылай аяқталды.



Нұрқасымова Жанар Багенқызы

Алматы облысы Талғар ауданы
Талғар аудандық №1 жеке лицей-интернаты
педагог-сарапшы

Сағат Айсұлтан 9-сынып оқушысы



Сарқырамадағы махаббат

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде Арсен деген атбегі болыпты. Жылқыны бес саусағындай танитын сыншының байлығының шегі жоқ: мыңдаған жылқысы бар. Күндердің күнінде Арсеннің жары дүниеге ұл алып келеді. Баланың атын Айсұлтан деп қояды. Ұлан-асыр той болып, көкпар, бәйге ұйымдастырылады. Айсұлтан он жасына дейін әкесінің қасында жүріп, әкесінің бар білгенін үйренеді, нағыз батырдың өзі болып шығады.

Айсұлтан он төртке келіп, ел аралап жүргенде аңыз естиді. Бестөбе деген ауылдың жанында сиқырлы сарқырама бар екен. Ол сарқырамаға тірі жан баласы бара алмаған. Айсұлтан бұны естігенімен, аса мән берген жоқ. Арада төрт жыл өтеді. Айсұлтан ер жетіп, әкесінің жарты байлығын өзіне алады. Алайда өзін бақытсыз сезінеді, ол өзіне жар таба алмайды. Қанша сұлу қыздар қасында жүрсе де оларға көңіл аудармайды. Өзін басқа жан күтіп жүргендей сезінеді. Әкесі оған: Жиырма жасқа дейін үйленбесең, саған Омардың қызын алып беремін, – дейді. Айсұлтан не істерін білмей, түнде серуендеуге шығады. Ауылдан ұзап кетеді. Бейтаныс жерде жүргеніне алаңдамаса да ол шөлдеп, су іздей бастайды. Судың сылдырын естіп, дауыс шығып жатқан жаққа барса, алдынан үлкен сарқырама шығады.

Ол уақыттың қалай тез өткенін байқамай, сарқыраманың түбіне жайғасады. Таң атып, күн шығып барады. Суға жақындап келіп, Айсұлтан судың маңайынан бір топ қызды көреді. Аң-таң болып, түсінбей, қыздарға қарап отырады. Олар бір-бірімен ойнап, су шашысып жүреді. Кенет сарқыраманың арғы жағынан сұлу хор қызы шығады. Айсұлтан бір көргеннен ол қызға ессіз ғашық болып қалады. Күннің сәулесі қараңғы болып тұрған жерді жарқыратып көрсетеді. Сол

көлеңкеде Айсұлтан қыздарға қарап отырған еді. Қыздар Айсұлтанды көріп, сарқыраманың арғы жағына қашып, ғайып болады.

Күн өтеді, түн өтеді. Айсұлтанның ойынан сол сарқырамада ғашық болған қыз кетпей қояды. Біраз уақыттан соң сарқырамаға баруға шешім қабылдайды. Кеш батпай сарқырамаға жетеді. Хор қыздарын қайта көріп, қуанып кетеді. Жақындап келіп, қыздармен сөйлесе бастайды. Олар өздерінің зұлым мыстанның қарғысына шалдыққанын айтады, тек мыстанның көзін жойса ғана қыздар сарқырамадан шыға алады. Айсұлтан дереу олардан мыстан қай жерде екенін сұрайды. Қыздар сарқыраманың жанында үлкен тас бар екендігін, сол тастың ішінде мыстан күндіз ұйықтайтынын айтады. Айсұлтан алып тасты тауып алып, жардан лақтыруды ойластырады. Ол тасты итеріп домалатып құлатады. Тас жарылып, мыстан өледі. Қараса мыстан емес, ғашық болған екен. Айсұлтан қыздардың хор қызы емес, мыстандар екенін түсінеді. Ашуға беріліп, мыстандарға қарсы жоспар ойластырады. Осы кезде ұйқысынан шошып оянады. Ол өзінің сарқыраманың қасында ұйықтап қалғанын түсінеді. Ал ғашық болған қызы Омар ханның қызы болып шығады. Ханның қызымен бас қосып, бақыты әрі ұзақ ғұмыр кешеді.

Ерболатова Ақмарал Мендуллаевна

Алматы облысы Іле ауданы

Боралдай кенті №54 ОМ

педагог-сарапшы

Қайрулла Жаннұр 8-сынып оқушысы



Арнау

Қасиет дарып, туылған қазақ жерінде,
Бермейді ұлды Алла да ұлтқа тегінге.
Мұхаммед атымен пайғамбар ізін жалғаған,
Адалдығымен, ер болып кірген сенімге.

Тұлғасы бөлек, есімін естіп шаттандым,
Басына бақыт халқының әкеп жаққан кім?
Ұмытпау үшін, ұлықтау үшін тарихты,
Ерлігін санап, дәріптеу үшін ақтардым...

Данадан туған, даралар ізін жалғаған,
Барша ғұмырын ұлтына ғана арнаған.
Дінмұхамед Ахметұлын қазақтың,
Маңдайға біткен жұлдызы көріп санаған.

Ғасырдың болған қашанда жалғыз алыбы,
Дана перзенттің ақ жолын бәрі таныды.
Дінмұхамед Ахметұлы – қазақтың,
Көгінде әр кез көрініп тұрар жарығы.

Есімі өшпес Алаштың асқар арысы,
Ұлтымның қымбат ұлысы және барысы,
Ел үшін сенің атқарған әрбір ісіңе
Бас иер бүгін қазақтың жас пен кәрісі!

Ерболатова Ақмарал Мендуллаевна
Алматы облысы Іле ауданы
Боралдай кенті №54 ОМ
педагог-сарапшы
Бақытжан Әмина 8-сынып оқушысы



Кемел атама

Түрен сап тыңнан танытты,
Талантын көпке өрелі.
Детектив жанрын дамытты,
Тоқаевтың Кемелі.

«Соғысқа кетті солдаты»,
«Тасқын» мен «Түнде атылды оқ».
Шоқтығы биік шығарма,
Оқырман үшін тартымды-ақ.

Көрсетіп соғыс шындығын,
Суреттей алды сан түрлі.
Өзі де отты жылдары,
От кешті сапта алдыңғы.

Қуатты қалам, қарымды ой,
Жетелей алды биікке.
Қайсеновтей батырды,
Қалдырды мәңгі жүректе.

Адалдық, шындық, әділдік,
Ақ туың сенің жолдаған.
Ұлттың ұлы тұлғасы,
Өшпейді мәңгі қолтаңбаң.

Габитова Эльмира Ерлановна
Алматы облысы Іле ауданы
Боралдай кенті №54 ОМ
педагог-сарапшы
Құдайберген Ақбота 8-сынып
оқушысы



Ата-ананың қадірі

Әкең мен сыйлап анаңды,
Көтерші, досым, бағаңды.
Олардай ғазиз адамды,
Таппайсың шарлап ғаламды.

Әкең мен сыйлап анаңды,
Сергітші, досым, санаңды.
«Құлыным аман болсын!» деп,
Сен үшін солар алаң-ды.

Анаң мен сыйла әкеңді,
Кешірген солар қатеңді.
Перзенттік сенің парызың,
Қуанса солар өтелді.

Анаң мен сыйла әкеңді,
Мойнына сені көтерді.
Олардың алмай батасын,
Бәрі де бәрі бекер-ді.

Алматы облысы Іле ауданы
Боралдай кенті № 40 орта мектеп
Рысбек Жансая 10-сынып оқушысы

Желтоқсан жыры

Желтоқсан-86 – азап таңы,
Бұл да бір нәубет еді қазақтағы,
Халқы үшін құрбан болған боздақтарым,
Сыпатай, Ербол, Қайрат, Ләззаттарым.

Аштық, соғыс, зұлматты көрген елім,
Қурап барып, қайтадан өңген едің,



Тәуелсіздік, тәттім ең тамсандырған,
Дүниеде қақың бар төрде сенің.

Мен кім едім кешегі бодандықта,
Құлдық деген сананы содан ұққам.
Мен бүгінде азатпын, азаматпын,
Салт-дәстүр, тіл мен дінге оралдық та.

«Елім-ай» деп зарлаған азалы үнді,
Терең тарих ұмытпас азабыңды,
Терезені тең ұстап тұрмыз бүгін,
Төрткүл дүние таниды қазағымды.

Азаттығым мәңгілік болсын, елім,
Береке мен бірлікке толсын жерім,
Бабаларым аңсаған Тәуелсіздік,
Басымызға бақыт боп қонсын, елім!

Алматы облысы Іле ауданы
Боралдай кенті № 40 орта мектеп
Ерден Айнара 10-сынып оқушысы



Шәкәрім атама арнау

Білмедім бақ дейін бе басқа қонған,
Ақында болушы еді асқақ арман.
Осындай атамыздың арқасында,
Менің бала жырларым бастау алған.
Талғамды ел соғып жатса алақанын,
Дара жырмен атқандай бала таңым.
Шәкірттерді үйретіп келе жатыр,
Сенің жазған жырларың дара ақын.
Шабыт көзін ұқсатам шарайнаға,
Кірлетіп алмау керек қалайда да.
Ақын ата, өлең жаздым толқынып,
Сол өлеңді әлі жазам ән қылып.
Келеміз әндеріңмен кемелденіп,
Дана едің туылған өлең болып.
Ақындар көп аңсаған азат таңын,
Ойлап кеттің, жан ата, қазақ қамын.
Өмірде ұқсап тартқым келеді сізге,
Жазбайтын өлеңдерді себепсізге.

Өмірде ізіңізді жалғастырар,
Өзіңіздей бір ақын керек бізге.



Шинтуреева Шолпан Мадихановна
Алматы облысы Іле ауданы
Боралдай кенті № 15 К.Әзірбаев атындағы
орта мектеп педагог- модератор
Құдайберген Аружан 10-сынып оқушысы



Бақытқа жететін жол

Жастайынан ешкімнен жылу, қамқорлық, махаббат сезінбеген Жансая бұл жарық дүниеге келгеннен жалғыз. Мүмкін, жастығынан ба әлде материалдық жағдайлары төмен болғаннан ба, әке-шешесі жаңа туылған сәбиді бейтаныс үйдің алдына қалдырып кетті. Баланың қуанышына орай, бейтаныс жандар: «Не де болса бейкүнә бала ғой, өзімізге қалдырсақ та болады», – деп, асырап алды. Сөйтіп, Жансая есімін иеленген қыз жаңа отбасын туғанындай көріп, өсе бастады. Балаға кішкентай кезінен оның өгей ағасы жауапты болды. Яғни, сәби кезінен жүруге, сөйлеуге үйреткен, киім-кешегін, тамағын реттеген адам да сол ағасы еді. Асан өзіне 12 жасынан бастап жауапкершілік алғаны үшін тез есеюіне тура келді. Өз қатарластарына қарағанда қаншалықты жауапкершілігі жоғары болса да, Асан Жансаяға жылулықпен қарай алмады. Кілт етсе ұрсып, ұрып, бар ашу-ызасын сәбиден алған бала жақсы аға атына сай болған жоқ. Отбасының қалған мүшелері Жансаяға мүлдем көңіл бөлмеді. Қыз 6 жасқа толғанда оны мектепке апарған өгей әке-шешесі Жансаяға деген қарым-қатынасын мүлде өзгертті. Оқу жылының бірінші күнінен-ақ: «Жақсы баға алмасаң, үйге келмей-ақ қой», – деген шарт қойды.

Қыркүйектің шуақты күнінде Жансая бірінші сыныпқа аяқ басты. Әке-шешесінің, әсіресе ағасының көңіліне қаяу салудан қорыққан бейкүнә бала бірде-бір сыныптасымен сөйлесе алмады. Көпшілікті көргенде жүрегі қатты соғып, бойын қорқыныш билейтін. Алайда сабақ барысында мұғалімді мұқият тындап, сабаққа ынтамен кірісті. Келесі күні балалар Жансаямен сөйлесуге тырысқанымен, соларды көргенде екі сөздің басын қоса алмаған қыз уақыт өте келе басқаларға қызықсыз және біртүрлі болып көрінді. Ешкіммен сөйлеспесе де сабаққа бар қызығушылығымен қатысқан Жансаяның бағалары жоғары болды. Сондықтан өгей ата-анасы тарапына қандай да қаталдық сезінбеді. Керісінше, жылдар өте келе Жансаяны ағасынан жоғары бағалады, бестік баға алғаны үшін үнемі ұлдарымен салыстырып отырды. Әрине, бұл іс-әрекет Асанның Жансаяға деген жеккөрініш сезімін арттыра берді. Қыздың бойында отбасына деген ешқандай жылулық сезімі қалмады. Жансаяның өмірін мектепте өткен сәттері ғана қызықты ететін, оның ішінде математика пәнін сүйіп оқитын.

Күндердің бір күнінде Асан университетке түсіп, ата-анасынан бөлек тұруға шешім қабылдап, басқа қалаға оқуға кетті. Бұл кезде Жансая 7-сыныпқа аяқ

басты. Ағасы кеткеннен кейін жасөспірімнің өмірі қалыпқа келе бастады. Енді оның күнделікті көңіл-күйі де едәуір жақсарды. Себебі жылдар бойы аямай ұрып-соққан адам қасында емес. Сөйтіп, бірнеше жыл өтті. Сыныптастары секілді мектептегі кездерді сағынышпен еске түсірмесе де, Жансая 11-сыныпты бітіріп, математика мен физика пәндерінен емтиханды сәтті тапсырды. Беделді университетке грантқа оқуға түсіп, студенттік өмірін бастады. Көп ұзамай Жансая да әке-шешесінің үйінен кетіп, жоғары оқу орнынан алыс емес жатақханаға орналасты. Сол жерде алғашқы құрбысы пайда болды. Ол Арай атты өте позитивті, күндей жарқыраған қыз еді. Бірінші күннен-ақ Жансаяның тұйық болғанына қарамастан, түсінушілік білдіріп, танысының жан дүниесін ашуға мәжбүрлемеді. Уақыт өте келе, Арайға бойы үйреніп қалған Жансая достықтың не екенін түсіне бастады. Арайдың жанында бұрын-соңды ешкімнен көрмеген мейірімділікті сезінгендей болды. Күннен-күнге бір бөлмеде тұратын көршісі мұздай жүрегін ақырындап еріте бастады. Екеуі бір-біріне көршілес, бірақ бағыттары әртүрлі жоғары оқу орындарында оқитын. Арай ағылшын пәнінің мұғалімі, ал Жансая қаржы аналитигі мамандығы бойынша білім алып жүр еді.

Жансаяның студенттік өмірі жайлы айтар болсақ, оны оқу орны бірден қабылдады. Алғашқы күннен бастап 1-курстың студенттерінің ішінен жарқырай көрінді. Мамандықты өз қалауымен таңдағаны бірден білінеді. Жансая бұл курстастарымен тез тіл табысты. Соның арқасында Жансаяның эмоционалдық жағдайы жақсара бастады, оқуға деген талпынысы арта түсті. Енді Жансаяның сенімді құрбысы мен ақылды курстастары бар, бұған дейінгі өмірі өтіп кеткен қорқынышты түске айналды.

Міне, төрт жыл көзді ашып-жұмғандай өте шықты. Жансая да, Арай да оқу орындарын ойдағыдай тәмамдап, жан-жаққа тарады. Осы уақытқа дейін туған бауырлардай қарым-қатынасқа жеткендіктен, 4 жыл бойы бірге болған уақыттарын қимай отырып, жақын құрбылар жатақханада өткізген соңғы күндерінде таңның атысынан күннің батысына дейін ортақ естеліктерін еске алысты. Жансая жұмыс тапқанға дейін ата-анасының үйінде тұру туралы шешім қабылдады. Қаншама жыл болмаған үйіне аяқ басқанда қыздың көзіне бірден көрікті жігіт түсті. Бейтаныс жігіт те оны байқап, жас қызға қарай аттады.

- Сәлеметсіз бе, сізді көргеніме қуаныштымын. Менің атым Жансая болады. Сізді бұрын-соңды бұл үйде көрмедім. Сонда сіз бұл отбасыға кім боласыз?

- Сәлем. Мен бұл жанұяның ұлы Асанның досы боламын. Атым – Арман. Ал сіз?

- Асанның... Бұл күтпеген жаңалық еді. «Үйге кіріп, заттарымды орналастыруым керек, өтіп кетуге жол беріңізші», – деп, Жансая ата-анасына қарай бара жатты. Бірақ өгей әке-шешесінің қасындағы Асанды байқады. Жансая оны қаншама жыл көрмегеніне қарамастан, түріне қарап бірден таныды. Есіне бала кезінде болған жағымсыз естеліктер түсті. Ағасының оны үнемі жылатқаны, қол жұмсағаны, одан соң адамдардан қатты қорыққаны ойына оралды. Сол себепті Жансая тез арада өзінің бұрынғы бөлмесіне кіріп кетуге тырысты. Ағасы оны байқақ қалып, артынан келіп, иығынан ұстады. Басын бұрған Жансаяның көзіне қанша уақыт өтсе де өзгермеген көздер түсті. Бірақ ағасы қарындасымен

амандасып, ас бөлмесіне шайға шақырды. Жансая бойын қорқыныш билесе де келісті. Сәлден кейін дастарқанға Арман да отырып, Жансаяға көптеген сұрақтар қоя бастады. Ол оның кім және қайдан екенін білгісі келді. Асанға сөз бермей, тынымсыз сөйлей берді. Бұған бір жағынан қуанған Жансая өзі туралы ақпаратпен бөлісіп, диалогті белсенді жүргізді. Кенеттен бөлмеге ата-аналары кіріп келді. Жансаяны көргенде көздерінен жас тамып, қызды құшақтай жөнелді. Туылғаннан бері отбасының құшағы не екенін білмеген Жансаяға бұл сезім бейтаныс еді. Арада сәл уақыт өте келе олар ештеңе болмағандай бірігіп, шай іше бастады. Дастарқаннан тұрған біздің басты кейіпкеріміз демалғысы келетінін айтып, өз бөлмесіне қарай бұрылды. Бөлмесіне кіре сала мұнда ештеңенің өзгермегенін байқап, қыз бала төсегіне жайғасып, ұйқыға кетті. Таң атысымен ояңған Жансаяның телефонына кенеттен белгісіз нөмірден хабар келді. Жұмысқа шақыру деп ойлап қалып, асығыс қарап еді Арман екен. «Қайырлы таң, Жансая ханым», – деп жазыпты. Бұл алғашқы хат олардың махаббат оқиғасының бастауы болды. Екі ғашық бір-бірімен күнде хат алмасып жүрді. Көп ұзамай Жансая беделі жоғары кеңсеге жұмысқа тұрды. Өміріндегі алғашқы жұмыс күнінде Жансая өзінің әріптестерімен жақсы қарым-қатынас орната алды. Өзін байыпты және еңбекқор адам ретінде көрсете алғандықтан, келесі кейін де жұмыскерлер Жансаяға құрметпен қараған бастады. Тіпті білмегенін үйретіп, білгенін одан сайын жетілдіріп, күннен-күнге мамандықты меңгеруге көмек көрсеткен адамдар да болды. Осының арқасында біршама уақыт өте келе, Жансая өз ісінің маманына айналды. Жұмысындағы көп шаруаларға қарамастан, Жансая Араймен, әсіресе Арманмен үзіліссіз байланыста болды. Әрдайым бірге болғандықтан, күндердің бір күнінде Арман Жансаяға өз сезімін білдірді. Біраз уақыт өткеннен кейін қос ғашық отау құруға дайындала бастады. Бұған Жансаяның ата-аналары қуана келісім берді. Ара-арасында Араймен де кездесе отыра, оның атақты лицейде мұғалім болғанын естіп, құрбысына өз құттықтау сөздерін арнады. Өмірі күннен-күнге жақсара берген Жансаяның ойында ағасына деген реніш сезімі ғана қалған. Қанша жылдар өткенімен, туған емес болсын, қарындасының өміріне мүлдем қызықпаған Асанды есіне түсірсе, Жансаяның көтеріңкі көңіл-күйі тез арада түсе қалатын күйге жетті. Күнделікті күнінде Жансая өзі жұмыс жасайтын кеңсеге басшы болып тағайындалды. Содан кейін Арман Жансаяны құттықтап қана қоймай, үйлену тойын да өткізді. Бір жылдан кейін жас жұбайларда шаңырағында егіз сәби дүниеге келді. Екі қыз баланың аты да, заты да ұқсас болды: Гүльшат пен Дильшат.

Бір күні ағасы Асан Жансаяның кеңсесіне жұмысқа ретінде тұруға өтініш білдірді. Кеңсеге келіп, Жансаяның алдында көз жасын ағызып, өзінің жұмыссыз қалғанын баяндады. Ағасынан мұндайды күтпегендіктен, Жансая не істерін білмей, сасқалақтап қалды. Ағасын тыңдай келе, оны жұмысқа алды. Асан бұл ісі үшін алғысын білдіріп, жастайында жасаған қателіктерін мойындап, Жансаядан шын жүректен кешірім сұрады. Сол мезетте жылдар бойы сақталған реніш жоғалып, Асан мен Жансая бірінші рет құшақтасты. Уақыт өте келе, Жансая ағасына егіздерін қарауға тапсырып жүрді, онымен қоса материалдық қиындықтарынан арылтты және тұрақты жұмыс беріп қана қоймай, бар қажеттіліктерін кез-келген уақытта қамтуға дайын болды. Бар қиындықтарға

төтеп бере алған қайратты, еңбекқор Жансаяның өмірі толықтай қалыпқа келіп, өзі де, жары да, балалары мен туған-туыстары да бақытты өмір сүруді жалғастырды.



Октябрь Кенжеғали Октябрьұлы

Алматы облысы Іле ауданы

Боралдай кенті

Кенен Әзірбаев атындағы №15 орта мектебінің
қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-модератор



Қалдыбек Диас Қабылбекұлы 9 - сынып оқушысы

Өмір деген...

Мас болмаймын шайтанның шарабына,
Салма мені, ей, тағдыр, талауыңа.
Пенде біткен өмірге қонақ болса,
Қырын қабақ танытпа қонағыңа.

Арқалатып қоясың атан жүгін,
Мейірімнен басым тұр қаталдығың.
Ақ пен қара айқасқан дүрбелеңде,
Бақытың мен қайғың да қатар бүгін.

Табылады-ау, бойыңнан талай мінің,
Бұлт бүркеніп алады арай-күнің.
Қонағына танытпай жылы қабақ,
Қонақ сыйлап көрмеген қалай бұның!

Ашқан сәттен дүние есігінді,
Тәтті әуенмен тербеттің бесігімді.
Еркелікпен жасасам оғаш қылық,
Болып едің бәріне кешірімді.
Өсіріп ап ерке қып, демеп мені,
Желпіндіріп қоймадың желөкпені.
Сыйлы болып өмірден аттануға,
Ерте кетіп қалуым керек пе еді?

Өскен сайын көбейіп күйбелеңім,
Тіршіліктің пұшпағы илегенім.
Түлкі құйрық заманды қуалаған,
Ит тірліктен кей кезде жиренемін.

Білмей қалдым құлмын ба, қонақпын ба?
Екі өмірге әу бастан жараттың ба?
Қу тірлікке барады күнім ауып,
Үш-ақ күндік қадірі қонақтың да.



Каракулова Фариза Кеулімжайқызы
Алматы облысы Жамбыл ауданы
Қарғалы ауылы «Қарғалы №4 орта мектеп» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Мұқан Марсэль 9-сынып оқушысы



Абайша

Мәні жоқ сөздің кесірі,
Күлкі мен қылжаң терісі,
Көрінер пенде бойынан.
Айтпадық емес, айтылды.
Бейкүнә десек өтірікке сай қылды,
Ұрлыққа салды, адамды сатты, тілімен,
Көмді бірін-бірі.
Опасыз, сорлы, сұрқия қырлы
Құтты бір жәннат көргендей,
Неге сонша мойнын созды,
Неге аттады өз арын?
Ызалы жүрек, ашынған сөз.
Сондағы ой, тек ашық көз.
Сопылар әлек барлаумен,
Ақылым қалды
Әшейін жерді шарлаумен.
Жұрт айтса көнді пайымсыз,
істерін істеп уайымсыз,
Қалмады шара, бұның бәрі қайырсыз.

Грешный мир столь также
переполненный душами
виновников всего ненастья
был опрокинут за ущелье
загробной прорости с мыслями
и чувствами других.

Серый-ливень из души

Ночь, наполненная людскими
надеждами и мечтами,
ночной холод наполняющий
внутренности теплом, то тепло
что успокаивает душу которую
облакачивает морозным дождем,
а выдыхая ты видишь лишь серый туман через
который проходит резкий звон
мелодий человеческой симфоний
а в небе виднеется яркая луна сей свет который
пробивается сквозь густые облака,
так тепло но вместе с теплом и холод столь
непонятный проходит по телу
и вместе с этим посмотрев в небо
твой взор озирает нечто невиданное тобою раньше звёзды?
Нет... Дождь?.. нет...
Это нечто другое это крупинцы души
которую забирает себе небо воссоздавая из них
крохотные надежды что может созерцать потосторонняя душа.

«Погасшая душа»

Полны глаза надежды, в которых можно разглядеть целую вселенную,
коль вы погасите сей свет что в них был не рассмотрите
что скрывалось под душою укромной

Сколько ведь тайн скрывало
под названием «душа»
никто так и не смог увидеть те чудеса


Видеть вы ведь можете,
а разглядеть сможете?
Нет, ведь не проснется,
и не вернется эта искра



Махамбет Өтемісұлы



Мұнар күн



Жұрынбаева Жазира Сыдыққызы
Алматы облысы Райымбек ауданы
Шәлкөде орта мектебінің қазақ тілі
және әдебиеті пәнінің мұғалімі
Бостан Жәния 5-сынып оқушысы



Ескі сандық әжемнен

Талай елді әжеміз тамсандырған,
Айтысқан әуенменен ән салдырған.
Әжемнің көне көзі -ою сандық,
Алтыны мен күміске малындырған.
Ескі сандық- әжемнің мол мұрасы,
Ескі сандық- біздің үйдің қазынасы.
Ескі сандық- сыры бар сыр бермейтін,
Ескі сандық бір ұрпақтың қазынасы.

Жұрынбаева Жазира Сыдыққызы
Алматы облысы Райымбек ауданы
Шәлкөде орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ленс Қарақат 3-сынып оқушысы



Терек

Ертеңге жол бастаған жалғыз терек,
Қасиетті ағаш екен ол ертерек.
Ата-бабам бір тұтқан пана болған,
Бұрынғының байлығы елге ерек.

Ал, қазір, отын қылып жақпақшы оны,
Кисайып дірілдеді түссе тоны.
Қураған маңайдағы жалғыз ағаш
Аталар салып кеткен ізгі жолы.

Сығай Самал

Алматы облысы Райымбек ауданы «Алтынбек Сәрсенбайұлы
атындағы орта мектебі және Ақбейіт бастауыш мектебі»

КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Бауыржанқызы Сымбат 8- сынып оқушысы

Мен елімнің ертеңімін

Мен азат елдің ұланымын. Ендеше, бұл келешекке еркін қанат қағуымыз қажет деген сөз. Еркін елдің перзентіне тән негізгі қасиеттердің бірі патриоттық сезім деп білемін. Елімнің көркеюіне атсалысамын деген жай ғана сөз емес, ол – әрекет. Ал, менің ойымша, патриот болу – ел тарихын бес саусақтай біле тұра алға ұмтылу. Отандастарына жанашыр болып, білімді, сауатты, ірі тұлғалардың көбеюіне атсалысу. Білімді ата-ана - салауатты ұрпақ, салауатты ұрпақ – өркениетті болашақ. Осыдан шығарар қорытынды – азат елдің ұланы білімді, саяси сауатты болуға міндетті. Ал білім ұғымының соншалықты ауқымдылығын айтып отыру қажет те болмас. Айтып өткенімдей, елге еңбек ету үшін ешқандай да шектеу жоқ. Тамшыдай болса да үлес қоса білу керек. Ұлы істер аздаған әрекеттерден басталған. Дәл осылай жұдырықтай жұмылып, әр істің үздігі болуға тырыссақ, Қазақстан өте үлкен асуларды бағындырып, өркениеттің шыңына да көтерілетініне сенемін. Мен – болашақпын. Өйткені мен Тәуелсіз Қазақстанның ұланымын!

Сығай Самал

Алматы облысы Райымбек ауданы «Алтынбек Сәрсенбайұлы
атындағы орта мектебі және Ақбейіт бастауыш мектебі»

КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Бауыржанқызы Айзере 6- сынып оқушысы

Күзде

Суытса да , әсемденер жердің жүзі.
Алтын нұрын шашқандай күннің көзі.
Құстар ұшып барады аспанында,
Сұрғылт бұлт басты, қалмады құстың ізі.

Көлшік суы байыппен мұзданады,
Соңын бағып тегіс жұрт толғанады.
Шөмеле тұр шекара әскеріндей,
Жел үрлесе көтерілер шаң тозаңы.

Садықова Берікзат Сайдығалиқызы

Алматы облысы, Іле ауданы, Қоянқұс ауылы,
№1 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-сарапшы

Қайырғазы Амина Мақсатқызы 2-сынып оқушысы

Менің сүйікті ісім.

Әр адамның өзінің сүйікті ісі бар. Ол істі орындағанда шаршамайды. Өйткені сүйікті істі қызығып орындайсың. Ал менің сүйікті ісім қолөнер, әсіресе кесте тігу. Кестені қазір көп тіге бермейді. Маған ол өте қатты ұнайды. Ең алғаш рет оны анам үйретті. Анам әжесінен үйренген екен. Неліктен саған дәл осы кесте тігу ұнайды?– деп сұрайды менен көбінесе.

Сонда менің әжем есіме түседі. Әжем өте еңбекқор адам болатын. Бос отырмайтын. Ауылға барғанымызда өзінің кішкентай, балалық шағындағы әңгімелерін, естеліктерін бізге айтып беретін. Бір күні өзінің анасының: «Дұрыстап тікпесең, бармағыңды шайнап алам!» – деп ойнап айтатынын айтты! Кесте қыз балаға көп нәрсе үйретеді екен. Бір кесте тігу арқылы сен тиянақты болуды, сабырлы, шыдамды болуды үйренесің. Еңбекке баулиды. Сабырлық пен төзімділік керек екен. Әжем маған: «Шыдамды болсаң, әдемі кесте тігесің деген».

Міне қазір мен дәл осы әжемнің сөзін еске аламын. Қазір мен ұнатқан нәрсемді ғаламтор желісінен іздеп тауып, үйреніп аламын. «Телефон мен ғаламтор желісі қазір барлығымызда бар, соны дұрыс пайдалана білу керек» – дейді анам. Біздің үйде телефон уақытпен беріледі, талап сондай. Орнына ата-анамыз қолөнермен айналысуға керек заттарымызды алып береді. Бос уақытымда кесте тігемін. Анам екуміз кесте тігіп жүрміз. Міне, менің сүйікті ісім осындай!





Әбдұғаппар Құрманай Баймаханқызы
Алматы облысы, Іле ауданы,
№ 1 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-сарапшы
Маулетханова Дайана Берікжанқызы
2-сынып оқушысы



Әкеммен мақтанамын

Менің әкем өте жақсы адам. Менің кішкентай кезімде әкем мені көтеріп, балабақшаға апарып жүретін. Мен не айтсам бәрін орындайтын. Менің туған күнім болғанда ойыншықтар, тәтті заттар алып береді. Мен оларды достарыммен бөлісемін. Мен сабақтан, би үйрмесі, гимнастикадан келгенде әкем мені еркелетіп көтеріп, бетімнен сүйеді. Әкем екеуміз бірге би билеп, бірге кітап оқимыз. Әкем мені мойнына отырғызып көтеріп, еркелетеді. Үнемі мені еркелетіп отырады. Мен сабақтан жақсы баға алсам ол да қуанады. «Менің ханшайымым Дайанам жақсы оқиды»,– деп. Демалыс күндері әкем мені кинотеатрға, циркке апарды. Мен сондықтан ақылды қыз болып, анамды, әкемді тыңдап, аға, апайыма көмектесіп жүремін. Түнде ұйықтауға жатқанда әкеме бүгінгі күнім туралы айтып беремін. Ол менің күнім жақсы өтсе қуанады, мен әкемді қуанып жүруге тырысамын. Себебі мен әкемді өте жақсы көремін.

Садықова Берікзат Сайдығалиқызы
Алматы облысы, Іле ауданы, Қоянқұс ауылы,
№1 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-сарапшы
Қойшыбай Жанәлі 2- сынып оқушысы

Көктеммен кездесу

Келді міне тағы көктем құлпырып,
Балалар жүр көшелерде жүгіріп.
Құстар ән салып, жәндіктер де қыбырлап,
Басталды ғой тағы жылжып тіршілік.

Бүршік атып бақшаларда көктемім,

Жайқалып тұр анам еккен гүлдерім.
Жыл құстары келді қонып бағыма,
Шаттықпенен мен қосылып гүлдедім.

Жылда көктем келген сайын қуанам,
Жасым өсіп, ер жетемін бір қадам.
Келші көктем шуақ шашып жаныма,
Сенен шабыт алып, мен де жыр жазам.



Туребекова Балкия Темирхановна
Астана қаласы әкімдігінің «№39 кешкі
(ауысымды) мектеп» КММ, қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалім, педагог-зерттеуші
Жұмабай Руслан Ратбекұлы 5-сынып
оқушысы



Жақсылық пен Жамандық

Бір әлемде Жақсылық пен Жамандық өмір сүріпті. Жақсылық күні-түні жұмыс істеп, адамдарға көптеген жақсы істер жасауға тырысады екен. Ал Жамандық болса, жалқау, ұйықтағанды жақсы көреді және адамдарға көптеген қиындықтар, бақытсыздықтар мен қайғы-қасірет әкеледі екен.

Бірде олар кездесіп қалады. Жақсылықтың жүзі күлкі мен қуаныштан жарқырап тұрады. Ал Жамандықтың беті сұр түсті, өзі арық, шаштары сұр түсті болады. Жамандық Жақсылықтан:

- Сен екеуіміз құрдаспыз. Бірақ сен қалай жас көрінесің? – деп сұрайды.
- Егер сен жақсы істер жасасаң, ол саған жақсы энергия ретінде қайта оралады. Сондықтан мен ешқашан шаршамаймын және үнемі жақсы көңіл-күйде жүремін. Сол себепті сен де жақсылық жасап жүр, - деп жауап береді Жақсылық.
- Әркім өз ісімен айналысуы қажет деп есептеймін. Егер бәріміз тек жақсылық жасай берсек, адамдар жақсылық пен жамандықтың арасындағы айырмашылықты түсінбейді. Ал мен жамандық жасамасам, өзімді нашар сезінемін, - дейді Жамандық.
- Кел, екеуіміз дос болайық! Бірлесіп жақсылық жасап, әлемді өзгертейік! Жақсылық жасау арқылы қаншама адамды бақытқа бөлейміз. Келісесің бе? – дейді Жақсылық.

Бірақ Жамандық күлімсіреп басын шайқайды да:

- Жоқ, екеуіміз дос бола алмаймыз, себебі екеуіміз мүлдем ұқсамаймыз. Екеуіміздің мінезіміз қарама-қайшы, - деп жауап береді.

Осылайша, Жақсылық пен Жамандықтың жолдары ажырап бөлек кетеді.

Кез келген уақыт өлшемді
Бұл өмір...

Көркіне шексіз әлемнің,
Жылулығын сеземін.
Сұлулық ортақ әлемде,
Жылулық бар бұл елде.

Балам деген еліме,
Еселене нұр төгер.
Нар тұлғалар көбейіп,
Күмбірлей берсін сәбилер!

Алғашқы арман-тілекті,
Шетке ысырғым келмейді.
Әлемге деген сезімді,
Жоғалтып алғым келмейді...



Хаджиназарова Намуна Фахриддиновна
ЖШС «Астана» жалпы орта мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі, педагог-модератор
Мирмахмудов Мухаммад 5-сынып оқушысы

							Ш	А	Ң	Ы	Р	А	Қ
							Ә	С	Е	Т			
							К	Ө	К	Е	Н	А	Й
						С	Ә	Д	У	А	Қ	А	С
Қ	Ұ	Д	А	Й	Б	Е	Р	Д	І				
				Е	Ң	Л	І	К					
							М	Ә	У	Е	Н		

1. Киіз үйдің негізгі бөлігі
2. Қазақтың әнші, композиторы кім? (Найманбаев)
3. «Қалқаман-Мамыр» поэмасында Мамырды өз қолымен атып өлтірген кейіпкер кім?
4. Сәкен Сейфулиннің шын аты кім?
5. Шәкәрімнің әкесінің аты кім?
6. Кебектің ғашығы кім?
7. Шәкәрімнің әйелінің аты кім?



Жүсіп Светлана Серікқызы
 Астана қаласы әкімдігі «№39 кешкі
 (ауысымды) мектеп» КММ, ағылшын тілі
 пәні мұғалімі
Муканмедиева Айдана Женишовна
9-сынып оқушысы



Бала арманындағы - отбасы

Отбасы – әрбір бала үшін өте маңызды, жылы да, жақын, жауапты жан ұясы, себебі отбасы балаға бақыт пен мейірім, толық мәнді тыныс-тіршілік сыйлайды.

Отбасы қоғамның кіші тобы, әрбір бала өмірінің бастауы алғашқы ұясы.

Қоғамда (яғни қоршаған әрбір ортада) – адамдар өз қалауынша немесе ұлылар айтқандай бұйырған өмірде бақытты болуды армандайды, ал әрбір адамның бақытты болуы ата-анасының ұстанымдары арқылы берік отбасын құра алуы болып табылады деп ойлаймын.

Отбасының дербестігі мен қалыптасуы, қоғамның дамуы мен тыныштығына және отбасы мүшелерінің тұрмыстың сыйластығы және өзара адамгершілік жауапкершілікке байланысты.

Отбасын құрған екі адамның ең маңызды қызметті – ұрпақ тәрбиелеудегі міндеті. Ата- ана өмірге бала әкелу ғана емес, қоғамға үлес қоса алатын, отбасының салты мен ұстанымдарын бойына терең сіңірген, өзінің кейінгі ұрпаққа жалғастыруға тиісті міндеттерін білетін азамат етіп өсіру әке-шешенің ең маңызды міндеті.

Ата-ана мен басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза атқару, бір-бірін құрметтеп сыйлауы – бәрі де үлкен мектеп, тәрбиелік мәселе. Отбасы тәрбиесін дамытуға немесе ұрпақ тәрбиесіне үлкен әсер ететін жағдайлар бар. Басқа ортада ішімдік, тәртіп бұзу, бұзақы сөздер

айту, еріншектік пен дарақы қылық, өзгеге еліктеу – мұның бәрі ұрпақ тәрбиелеуде үлкен әсерін тигізеді.

Ұрпақ тәрбиелеудегі ата-ананың үлкен міндеті бар, ол тәрбиемен қатар ой – өрісін дамыту міндеті деп атауға болады. Ата-ана баланың жеке ерекшелігін, икемділігі мен қызығушылығын неғұрлым ертерек байқауы керек. Сонда ғана бала өзінің ішкі қабілеті мен дарынын тез дамыта алады. Баланың өсу кезеңдерінде қабілетін, қызығушылығын байқап, соған сәйкес тәрбиелеу, бағдар беру қажет деп ойлаймын.

Ата-ана баласының қалауымен қызығушылығын қамтамасыз ете отырып, баласын отбасы мен қоғамға қажетті тұлға етіп өсіруге міндетті.

Қазіргі қоғамда ақпараттық технология жылдам даму үстінде. Интернет, түрлі әлеуметтік желілер бала ес білгеннен қызықтырып, бала тәрбиесіне әр түрлі әсерін тигізуде. Дамыған қоғамда бала қызығушылығының қай бағытта бара жатқанын ата- ана білуге міндетті. Бала да қоғам сияқты жылдам өсіп келе жатыр, ал өсіп келе жатқан тұлғаның қай бағытқа қарай қалыптасып жатқанын әрбір сәт сайын өз назарында ұстауы керек.

Қазіргі дамыған мемлекеттердің барлығы дерлік балалардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін ояту бағытына көп көңіл бөлуде. Өйткені кітап бетіндегі әрбір ақпарат қоғам үшін маңызды болуы себепті, зейінмен оқыған әрбір шығарма бала санасына ой салатын орта болып табылады. Кітап оқу - әрбір бала бойындағы қасиеттерін дамытып, жағдайды тура бағалай білетін, жылдам және дұрыс шешім қабылдайтын, еркін ойын айта алатын, анық тұжырымдай алатын адамды қалыптастырады.

Ұрпақ болашақ қоғамның билеушісі дегендей, әрбір ата-ана кейінгі болашағы жарқын, жайлы болуы үшін бала тәрбиесіне жай қарамауы керек деп ойлаймын. Бала жүрегінде ата-анаға деген мейірім, болашаққа дұрыс көзқарасы болмаса ол, ата –ана мен қоғам үшін қауіпті болып саналады.

Ұлы адамдар көпті көргендімен бала тәрбиесінде мына жайларды естен шығармауды жазып кеткен...

Егер бала ата-ана жүрегінен махаббат пен жанарындағы шапағат пен тыныштықты, бақыт пен қуанышты, алаңдаушылық пен мазасыздықты, абыржу мен ренішті көре алмаса, ата-ананың жанарынан оның жан дүниесін көре алмаса, онда ол болашақтың қауіпті жаратылысы болады деген...

Бұл әңгіме менің жүрегімдегі ойлар менің отбасымнан алған әрбір тәрбиенің және қазақ халқының көркем әдебиетін оқи отырып ұққан жемісім.



Хасенова Мадина Муратовна
Астана қаласы М.Мақатаев атындағы
№74 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-сарапшы
Нұрболат Аякөз Ерсіңқызы
2-сынып оқушысы



Сағыныш (ойтолғау)

Менің атам өте жақсы адам. Менің кішкентай кезімде атам мені көтеріп жүретін. Мен не айтсам бәрін орындайтын. Менің туған күнім болғанда ойыншықтар, шоколад алып беретін. Мен ойыншықтарымды көшеде бірге ойнайтын достарыма көрсететінмін. Менің Хантөре деген досым бар. Оның үйі бізбен көрші тұрады. Ойыншықтарымды сол Хантөреге көрсетіп, екеуіміз бірге ойнайтынбыз. Кейде ұрсысып қалсақ атам: «Балалар олай ұрсысуға болмайды. Таласпай бірге ойнаңдар. Сендер ақылды балаларсыңдар ғой» – дейтін. Мен атамды тыңдап, ойыншықтарымды ешкімнен қызғанбай бірге ойнауға беретінмін. Бірақ менің атам қазір қасымда жоқ. Мен оны қатты сағынамын. Мен адамдардың атамды қайда алып кеткендерін көрдім. Жыладым. Мені ешкім тыңдаған жоқ. Көп күн өткенде атам үйге келмей қойған соң, анамнан «атам неге келмейді?» деп сұрадым. Анам: «Аякөз, сенің атаң анау аспандағы бұлттардың арғы жағына кетті, ол сені сол жерден қарап, көріп тұр. Егер сен жақсы, ақылды қыз болсаң атаң қуанып тұрады. Ал егер бұзық болып, сабағыңды дұрыс оқымасаң, бізді тыңдамасаң, сіңлілеріңе көмектеспесең, әжеңді ренжітсең атаң «менің Аяукам жаман қыз болған ба?» деп саған өкпелеп қалады»,– деді. Мен содан бері атамды сағынғанда аспанға қарап атаммен сөйлесемін. Мен бірақ атамды аспанға қарап отырсам да көрмеймін, ол мені көріп отырады. Сондықтан мен оны көрмей тұрсам да, атамның мені көріп тұратынын білемін. Атам мені бұрынғыдай жақсы көреді, мен оны білемін. Мен сабақтан жақсы баға алсам ол да қуанады. «Менің Аякөзім жақсы оқиды»,– деп. Мен сондықтан ақылды қыз болып, анамды, әкемді тыңдап, сіңлілеріме көмектесіп жүремін. Алматыдағы әжемі де тыңдаймын. Түнде ұйықтауға жатқанда атама бүгінгі күнім туралы айтып беремін, ішімнен ойланып жатып сөйлесемін. Ол менің күнім жақсы өтсе қуанады, мен атамды қуанып жүруге тырысамын. Себебі мен атамды жақсы көремін.



Умитбекова Анар Мелдебекқызы

Астана қаласы 28 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, қазақ
филологиясы магистрі, педагог-модератор

Алписова Мадина Талғатқызы
8-сынып оқушысы



Шәкәрімге арнау

Ұлы Абайды үлгі тұтқан әманда,
Хақты сүйген, шүбә қылмай Аллаға,
Ғибрат еткен адамшылық жолдарын –
Ұрпағы үшін жанын салған сауғаға.

Әрбір сөзің нақыл сөзге айналған,
Тереңіне үңілген жан пайда алған,
Адамдықты насихаттап өлеңің
Шыншыл бол деп, ар ұжданды оятқан.

Досқа адал бол, арды таза ұста деп,
Әрбір жырың жақсылыққа дәріштеп,
Өттің баба, ғасырыңда жасқанбай,
Тура сөйлеп, ақиқатты дәлелдеп.

Ақын жыры – әдептілік шырағы,
Ғасыр озып, жаңа дәуір туады,
Шәкәрімдей ұлы тұлға мұрасы,
Тағылымымен мәңгі биік тұрады!

2023 жыл

Төлеген Айбергеновке

Жыр – пырағым! Салдым бүгін бәйгеге!
Шабыт келсе, шабысына көнем бе?!
Сұлу сөз бен сыршыл сезім биігі -
«Ақындық пен мәрттік шыңға» жетем бе?!

Халқы сүйген, үлгі тұтқан ақындар
Осы шыңды бағындырған батыр бар,
Ол – Төлеген көркем сөздің төресі,
Мойындаған Мұқағали, Мұхтарлар!

Махамбеттей өр мінезді тарланым!
Өнеге алдым, өзегімді жалғадым.
Жырларымның ең жақсысы, жауһарын-
Төлегендей тау тұлғаға арнадым!

Маржан сөзі жүректерді тербеген,
Кемеңгерлер көшін түзеп келген-ді,
Жауыр сөзден жалыққандар сені іздеп
Жанды сөзге сусындайды, өнеді.

Ерте шығып, ерте сөнген жұлдызым!
Өттең, дүние-ай, қысқа болды ғұмырың!
Бүгінгі ұрпақ өлеңінді жаттап жүр
Өзі өлсе де, сөзі өлмес «шын ақыным»!
2023 жыл, қазан

Ақиық ақынмен сырласу

Ақын аға! Сенің жөнің тым бөлек!
Мұзбалақсың!
Тау мекенің - көк тіреп,
Биіктікті жан-дүниең қалаған!
Сол асқардан
асқақ жыр, өлең туған!

Ақын аға! Сенің сөзің тым терең!
Жыр-мұхиттың
түбін терген асыл ең!
Тұңғыықтан тұнып шыққан қара өлең,
Қүдіретімен !

Ақын аға!
Сенің қайғың тым ауыр!
Өкінішпен өтіп еді сол дәуір...
Жан-сырыңды ақ қағазға жазылған,
Табылмады-ау
дер кезінде ұғар жан!..

Тірі кезде жұбатар жан болды ма?!
Бірақ аға, өкінбегін, қайғырма!
“Жылай жүріп, өтірік күлетінің” -
Ой-санаға қозғау салды, соны біл...

“Табылармыз шаң басқан архивтерден” -
Фаризаға сыр шертіп, мұңайған ең...
Кеңес кетіп, сана азат болғасын -
Бүгін сені ұлықтап жүр ұрпағың!

Мұқағали!
Лириканың төресі!
Жырың толған бүгін кітап сөресі!
Әлі талай ғасыр өтер, күн өтер.
Өзің жайлы төгіледі жыр нөсер!
2021 жыл

Сағыныш

Қоңыр күз келсе,
көңілсіз кейде күйге енем...
Жабырқап жаным
еріксіз бей-жай күн кешем...
Сағыныш па, әлде?
Әлде, біреуді іздеймін...
Қорқыныш па, әлде?
Әлі өзім де сезбеймін...

Жапырақ түссе
сарғайып әбден қураған,
Құлазып көңілім
сағыныш сезім тулаған.
Аппақ әжемнен
айрылғам мәңгі күзде мен...
Әлде сол үшін
қоңыр күз келсе, күйзелем!..

Сағындым, әже!
Сағындым аппақ шашыңды!
Сағындым, әже!
Күлімсіреген қалпыңды!
Құшақтап алып,
иіскеші, міне, маңдайым!
Бауырыңа кіріп,
енді қасыңнан қалмайын!

Бірақ, әттең-ай!
Қол үзерімді білсемші!
Түсіме кірмей,
өңімде бірге жүрсеңші.
Ешқашан сенен
ешқашан сенен айрылмай,
Күз түссе- дағы,
Мұңаймай мәңгі жүрсемші...

2022 жыл, қыркүйек

Қазақтың біртумасы

Ол- ақын, аудармашы, әрі ғалым.
Қазақтың біртумасы тұнған дарын!
Көкірегін халқының оятсам деп
Бірінші мектеп ашып салған барын.

Ол- ұлттың жанашыры, әрі ұстаз.
Ізденгіш, зерек еді болса да жас.
Білім, ғылым, өнерге үгіттеді
Балалар мен үлкен-кіші, құрбы-құрдас.

Ол- жазушы, ағартушы, ойшыл дана,
Арнады оқулығын балаларға.
Ғасырдан ғасыр озып кетсе-дағы
Есіміңіз мәңгі өлмейді, Ыбырай ата!

2021 жыл


Карыбаева Гульнар Сапаровна



Астана қаласы, «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
№11 мектеп-лицей» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, модератор
Ахметов Кемел 6-сынып оқушысы



Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай өткізілетін
республикалық «Әлем балалардың көзімен» байқауына жасалған
«Шәкәрім» атты кроссворд



Жауабы:

Көздеңіз:

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы кім?
2. Құдайберді Шәкәрімге кім?
3. Шәкәрім қайда туған?
4. Шәкәрімнің баласы.
5. Шәкәрімнің руы.
6. Шәкәрім Абайға кім?
7. Шәкәрімнің жұбайы.


Орындаған: Ахметов Кемел, 6-сынып оқушысы,

жетекшісі: Карыбаева Гульнар Сапаровна, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Астана қаласы, «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
№11 мектеп-лицей» КММ,
Какимова Айханым 6-сынып оқушысы



Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай өткізілетін
республикалық «Әлем балалардың көзімен» байқауына жасалған
«Шәкәрім Құдайбердіұлы» атты кроссворд



Кроссворд жауабы:

Көлденеңінен:

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы кім?
2. Шәкәрімнің жұбайы.
3. Шәкәрімнің әжесі.
4. Шәкәрімнің қызының аты.
5. Шәкәрімнің ағартушылық бағыттағы өлеңі.
6. Шәкәрім қай айда туды?
7. Шәкәрімнің атақты дастаны.
8. Шәкәрімнің әкесінің аты.
9. Шәкәрімнің өлеңі.
10. Шәкәрім ойнаған ұлттық аспап.
11. Шәкәрімнің інісінің аты.
12. Шәкәрімнің атасы.
13. Шәкәрімнің анасы.

Кроссворд жауабы:

Көлденеңінен:

1. Шәкәрімнің әндерін өзінен үйренген танымал әншінің аты.
2. Шәкәрімнің жұбайының есімі.
3. Шәкәрімнің анасының есімі.
4. Шәкәрімнің дастаны.
5. Шәкәрім кім болған?
6. Шәкәрім қай айда дүниеге келді?
7. Шәкәрім бес жасынан бастап кімнен сабақ ала бастады?
8. Шәкәрімнің әкесінің аты.
9. Шәкәрімнің атасы.
10. Шәкәрімнің Пушкиннен аударған шығармасы.
11. Шәкәрім қай тілді жетік білген?
12. Шәкәрім кімнің ізбасары әрі ағасы?
13. Шәкәрім қандай аспап жасады?
14. Шәкәрім қай жерге саяхат жасады?
15. Шәкәрім кім болған?
16. Шәкәрім қандай ұлттық аспапта ойнаған?
17. Шәкәрім бірнеше не білген?
18. Шәкәрімнің діни сипатта жазған еңбегі.
19. Шәкәрімнің әндерін алғаш рет нотаға түсірген кім?
20. Шәкәрім 1905 жылы қандай сапар шекті?



Қамитбекова Ақманғаз Думанқызы

Астана қаласы әкімдігі
«№39 кешкі (ауысымды) мектеп» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалім,
педагог-модератор

Рысбек Абдулхамит 9-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Баяғы өткен заманда Отбасы деген үлкен мемлекет болыпты. Ол мемлекетті Ай деп аталатын батыр басқарады екен. Айдың күші көп, атағы әлемге әйгілі, өз қарамағындағыларға сөзі өтетін, шыншыл әрі әділетті болыпты. Ал Айдың көмекшісі, үнемі жанында болатын, оған демеу беретін Күн деген

келіншегі екен. Ай мен Күн бір-біріне үнемі демеу болады екен. Ай түнгі қараңғылықта балаларын қорғап, жарығын шашады екен. Ал Күн күндіз балаларына шуағын шашып, нұрын төгіп, оларға білім береді екен. Сол Отбасы деген мемлекет үнемі тек бақытты, шат-шадыман күй кешіпті. Бірақ бір күні ойламаған жерден Күн өте қатты ауырып қалады. Мұндай қиыншылықты күтпеген Ай мен оның балалары қатты қиналады. Себебі Күннің балаларға және оның әкесіне шуағын шашып, жүздеріне жылулық беретін шамасы болмайды. Балалар анасының берген білімінен алыс қалады. Көп уақытқа дейін білім алмай, бойларындағы қасиеттерін ұмыта бастайды. Оны байқаған әкесі Ай мәселенің шешімін іздей бастады. Ал Күннің жағдайы күннен күнге нашарлай береді. Осы сәтте Айдың ойына Үкімет деп аталатын мемлекет түседі. Өз уақытында «біз біргеміз, қиналсаң да, қуансаң да біз саған көмектесеміз. Сенің мемлекетің де бізге қызмет жасап түнде жарықты, күндіз нұрды шашып тұрса болғаны» деп сөз байласқан еді. Осыны еске алып ай Үкімет мемлекетіне көмек сұрап барады. Содан соң ,әрине, Үкімет оған көмектесіп, Күнді аман алып қалады. Осы сәтте Отбасы мемлекеті қатты қуанады. Бірақ осы сәтте ол мемлекетке тағы бір қиындық келеді. Ол Күн мен Айдың балаларының алған білімдерін ұмытып қалуы еді. Себебі олардың уақытылы білім алып, оларды бекітіп отыратын аналары болмады. Сондықтан ұзақ уақыт мемлекеттен береке қашқан еді. Бұл қиындықты шешудің жолын Ай мен Күн көп уақыт іздей бастайды. Балаларды қайта оқытуға көп уақыт кетіп жатты. Осыдан кейін уақытында берілген үздіксіз білімнің маңыздылығын барша мемлекет түсіне бастады. Бірақ осы уақытта мемлекетке көмекке Ай мен Күннің анасы Кемпірқосақ келді. Кемпірқосақ өте жайдарлы, үнемі көңілді жүретін, оны көргенде адамдар қатты қуанатын. Осы қасиетімен ол тағы да өз балаларына көмекке келді. Осылайша мемлекеттер арасындағы байланыс нығая түсті. Ал Отбасы мемлекеті одан әрі бақытты күн кешті.



Әбутәліп Әлия Еркінқызы
Астана қаласы әкімдігі
«№39 кешкі (ауысымды) мектеп» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-
модератор
Қамзе Ғазиз Мұхтарұлы 9-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Бар Әлемнің болашағы кімде дерсіз?
Алып тонын ала қашқан көште дерсіз.
Әлде мүмкін, тұтқа ұстаған басшы дерсіз?
Бар әлемнің болашағы жастар бізде дерсіз!

Тарих тұнған сыр сандық,
«Болашақ» атты қамалдың іргетасын қалаушы.
Алуға айды барып белін буған,
Жұлдыз болып көрсем деймін елдің бетін.

Жер жүзінің барлық ортақ арманы,
Тоқтаса екен жетімердің көз жасы
Болмаса екен жетімдердің ұясы
Ғасыр дерті түбіменен жойылса

Әр атаның өз ұлы бар,
Әр бұтаның өз гүлі бар.
Біз – бақытты жаңа ғасыр ұрпағы,
Біз боламыз болашақтың қыраны.

Әлемдегі ең бақытты баламын,
Еліме бір жаңалық ашамын.
Әлпештеген отанымның саясында,
Арманыма, мақсатыма мен жетем!



**Шыныбекова Айман
Сахановна**

Астана қаласы Райымбек батыр
атындағы №50 «Қазғарыш»
мектеп-лицейінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-
зерттеуші

**Рысбекова Айзере
Өмірәліқызы
7-сынып оқушысы**



Ана тілім – менің тілім
(ойтолғау)

Ана тілі... Бұл сөздің астарында әр ұлттың өзі тіліне деген сүйіспеншілігі, құрметі жатыр. Өйткені әр халықтың өз ана тілі бар. Өз ұлтының тілі – әр халыққа баға жетпес, теңдесі жоқ байлық, қазына десем, артық айтпаған болар едім. Себебі әр адам ана тілінің сүтімен бойына дарыған қасиетті тілде алғашқы сөзін айтып, бір-бірімен тілдеседі, сол тілі арқылы өз тарихын, дәстүрін, салтын, әдет-ғұрпын танып біледі. Адам баласы қанша ғұмыр жасаса, туған тілі онымен бірге сонша жасайды.

Әр ұлттың тілі – ата-бабадан ұрпаққа қалған асыл аманат. Сондықтан оны құрметтеп, абыройын асқақтату – әрбір азаматтың борышы. Себебі, біздің болмысымыз, салт-дәстүріміз, дініміз, мәдениетіміз осы тілімізбен бірге жасап келе жатыр. Тілдің көмегімен өнерді, білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткенімізді саралап, сабақ аламыз.

Алғаш тәуелсіздігімізді алған жылы Ата Заңымыз, елдігіміздің басты нышандары бекітілді. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы Заңы» қабылданды. Бүгінде Елбасының салиқалы саясатының арқасында бүкіл әлем мойындаған, озық елдер қатарынан орын алған мемлекетке айналдық. Түрлі саладағы сайыстарда дүниенің қай бұрышына барсақ та, жеңіске қол жеткізіп жатсақ, өз туған тілімізде Әнұранымызды асқақтата айтқанда, көзге еріксіз жас аласың! Бұл – біздің Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек сынды ата-бабаларымыздың асқақ арманы емес пе еді!? Олай болса, ендігі біздің міндетіміз – туған тілімізді сақтап, өз ана тілімізде сауатты жазып, ойымызды қазақ тілінде таза жеткізу, ардақтап құрметтеу, қадірін білу.

Тіл – халық өміріндегі ең маңызды рөлі бар байлық. Әр халықтың өз ана тілі бар. Қазақ тілі – мен үшін ең бір әдемі де көркем тіл. Ғылыми деректерге сүйенсек, ол түрік тобына жататын бай тіл екенін білеміз. Ол жан-жақты қалыптасқан, тарихтың талай соқпағынан өтсе де, орнын жоғалтпаған керемет тіл! Ата-бабаларымыздың аманатын сақтап, құрмет көрсете отырып, оның келешегін дамыту біздің қолымызда.

Бауыржан Момышұлының «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» – деген сөзі әрқайсымызға ой салу керек! Тілімізді ұмытпай, әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауға тиіспіз! Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін барлық уақытта ұмытпайық!



Жексенбина Арай Балтабековна
Астана қаласы Кемел Ақышев атындағы
№ 69 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі, педогог-зерттеуші
Нұрқазы Нұркелді 8-сынып оқушысы



Ыбырай Алтынсаринге арнау

Білімді адам болу ғажап неткен,
Қараңғылық түбінен азат еткен.
Ыбырай – ұлы ұстаз, ағартушы,
Қазақтың әліпбиін жасап кеткен.

Мәні зор, ойы тұнық, тілі көркем,
Шығармасы мол мұра бізге жеткен,
Ұрпағым ұмытпасын тарихын деп,
Қазаққа тұңғыш мектеп ашып берген.

Білімнің шамшырағын жаға білген,
Елінің ертеңіне кәміл сенген.
«Кел, балалар, оқылық!» дейді ақын,
Оқуға шақырады өлеңменен.

Ұлы ұстаздың соңынан халық ерген,
Білімнің көкжиегін көзбен көрген.
Бар ғаламның ғажайып сырын ашқан,
Білгенге үлкен байлық білім деген.

Білімді қай заманда мыңды жеңген,
Дарын мен біліміме мен де сенем.
Болашаққа аяндап бара жатыр,
Алтынсарин бастаған ұлы керуен.

Білімдіге бұл дүние жарық екен,
Ыбырай атамызды үлгі етем,
«Бір құдайға сыйынып», білім алып,
Күні ертең арманыма мен де жетем.

Мектебім — білім алар құтты мекен,
Ұстаздарды ұлықтап, жырлап өтем.
Ұлы дала қоңырауын сыңғырлатқан,
Ұлы ұстаз еңбегіне тағзым етем!

Бердібек Соқпақбаевқа арнау

Ол жастарды армандауға үйретті,
Қазағымның керегесін кеңейтті.
Қазақы өр рухымды еске салып,
Ар-намыспен жалындатты жүректі.

Мойымастан өз жолына бет бұрды,
Тайсалмастан толқындарға тік тұрды.
Халқын сүйіп, адалдықпен тұлға боп,
Ешқашан ұмытпайды қазақ оны.

Шаң баспас Бердібектің берік сөзі,
Шығармасы прозаның қайнар көзі.
«Менің атым Қожа» атты повесінде,
Шақырады ар-ұятқа мына бізді.

Жазушының еңбегі көп басқа да,
Құнды олар ғасырлардан асса да.
Туындысы тұнып тұрған тәрбие,
Үлгі болар кейіпкері жастарға.

Прозаның жаңа лебін соқтырған,
Өзгеше өрнегімен есте қалған.
Соқпақбаев сап кеткен соқпақпенен,
Жас өркен болашаққа қадам басқан.

Тәлім берді, өмірлік сабақ берді,
Өмірге құштарлыққа шақырды елді.
Ақкөңіл, аңғал Қожа бейнесіне,
Сүйсініп, күле тұрып, халық сенді.

Ақтап алар адал бала Қожасын,

Жазушыға іштей қайран қаласың.
Ұлы кітап шыққан кезде таспаға,
Тәнті етті барша қазақ баласын.

Ұстаз деген ұлы ұғым бар мұнда,
Шәкірті құрмет тұтар сол қалпында.
Мектеп атты кемеменен жүземіз,
Өмір атты үлкен мұхит, толқында.

Жасы үлкенге қазақ құрмет көрсеткен,
Жасы кіші орнын білген ізетпен.
Ата-ананың үмітін ақтау парыз,
Шығармада өріледі өрнекпен.

Қаламгердің шеберлігі бір бөлек,
Шығармамен бере білген тың дерек.
Дәл қазіргі жалынды жас ұрпаққа,
Үлгі болар Қожадай тұлға керек!

Өлең досым

Өлең досым көрінбейді көзіме,
Ол жүреді әрбір әріп, сөзімде.
Нағыз досым ол мені тастамайтын,
Ақыл айтар, шақыратын төзімге.

Көңіл толқып, шабыт берген жүрекке,
Мен жазбаймын өлеңдерді құр текке.
Өлең деген құбылысты сезіну,
Ол жерде бар махаббат та, ерлік те.

Бірге болам, мен онымен сырласам,
Шабыт шалқып, өлеңіммен қыр асам.
Өмір маған ақындықты бұйыртқан,
Жалыныммен өлең жазам, жыр жазам.

Еңселі елім – Қазақстаным!

Арманның мініп ақ тұлпарына,
Қыран құспенен жарысқанмын.
Отанға деген құрметім шексіз,
Еңселі елім – Қазақстаным!

Бар ғаламды шарлап шықсам да,
Ел жетпес сірә, туған еліме!

Қанат бітіп, айға қонсам да,
Жер жетпейді ғой туған жеріме!

Қазақстаным – еңселі елім,
Қазақ халқының құтты мекені.
Тұмса табиғат, туған жерім,
Өзіңді мәңгі сүйіп өтемін!



Кагазова Жамал Амантаевна
№ 5 Қосшы мектеп-гимназиясының қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі
Айзере Нұржан 5-сынып оқушысы



Алтын құйрықты ат

Бір баяғы заманда бір кедей адам болыпты. Оның жалғыз ұлы мен қызы бар екен. Күндердің бір күні қызы ағасы мен әкесіне айтпай орманға жидек теруге барыпты. Ол орманнан жалт-жұлт еткен алтын құйрығы бар атты көрді.

Тез үйіне жүгіріп барып ағасына айтыпты. Бірақ ағасы қарындасының сөзіне сенбей, олай болуы мүмкін емес депті. Сонда қызы қалай дәлелдейтінін ойлайды да орманға қайта барды.

Орманға барса ат жүр екен. Қыз атты қалайда ағасына алып баруды ойлайды. Бірақ ат қашып кетіпті. Қыз аттың артында қуа жөнеледі, бірақ қыз шаршап бір ағаштың түбіне демалуға барды. Қыз ағаш түбінде отырып қалай ұйықтап қалғаның байқамай, ол сол жерде түні бойы ұйықтайды. Қыз түсінде аттың сөйлегенін көреді. Ат қызға менің де сен сияқты ағам мен әкем бар. Сен мені ұстап алсаң ағам мен әкем сендерді өлтіреді. Мені ұстау туралы ойлама. Мен сенің өміріңді сақтап қалу үшін саған ескертемін деп ғайып болыпты. Кетерде бір тал алтын жалын қалдырады.

Қыз түсінен оянып қараса жанында алтын жал жатыр екен. Қыз орнынан тұрып алтын жалды сатайын деп ойлайды. Бірақ ағаштың басында бір қағаз тұрғанын көреді. Қыз қағазды оқып қараса алтын жалды сатпа өзің сонымен алтын іздеуші бол деген жазу болыпты. Қыз қағазды оқып орманның ең ортасына барып жерді қазған екен жерді қазып бір алтын көрінген екен. Қыз қуанып ағасы мен әкесіне киім мен тамақ алып, сөйтіп олар бақытты өмір сүріпті.

Алтын мектеп

Баяғы заманда бір қыз болыпты. Оның арманы - мұғалім болу еді. Қыз ата-анасынан мұғалім болу үшін нені білу керек екенін сұрайды. Ата-анасы

қызына мұғалім болғың келсе көп кітап оқып, шығарма жазып, жеті түрлі білім біліп, жеті жұрттың тілін үйрен және көп ертегілер оқу керек екенін айтыпты. Қызы қуанып ата-анасына көп қағаз алдырып, алғашқы ертегісін жазып анасына, әкесіне оқып береді. Ол ертегісінің атын «Алтын мектеп» деп атайды.

Қыз көршілеріне, достарына жазғандарын оқып беретін. Бірақ досының біреуі айтыпты бұл ертегіге барлығың неге таң қалып қалдыңдар оның еш таң қалдыратын қасиеті жоқ қой деді. Сонда басқалары шынында да еш қасиеті жоқ қой дейді. Бір адал досы осы ертегінің қасиеті бар біздің досымыз өз ойын, қиялын жазды. Неге сендер де өздеріңнің қиялдарыңды жазбайсыңдар деді. Сонда басқалары кешірім сұрап үйлеріне тарады.

Ертегіші қыз адал досына рахмет айтты. Адал досын сенің алтын мектебіңді салайық деді. Сонда ертегі жазған қыз :

- Алтынды қайдан табамыз бізде не күрек, қайлада жоқ қой,- дейді. Адал досы уайымдама:

- Менде күрек те, қайла да бар жүр жерді қазайық. Ертегі жазған досы:

- Жерді қазайық десең онда қазайық жүр, - деді.

- Тоқтай тұр, - деді адал досы.

- Мен ұмытып кетіпін бірінші Жер анадан рұқсат сұрауымыз керек қой рұқсат берсе қазуға болады,- дейді. Сонда ертегі жазған досы:

- Неге сұраймыз? Қаза бермейміз бе?- деді.

-Жоқ олай істеуге болмайды.

-Неге?

- Өйткені жер ананы сезіне білу қажет,- деді адал досы.

-Жүр анау бұлақтың ар жағына дейін жарысайық, кім бұрын жетсе сол жеңімпаз болады. Соның айтқанын істейміз. Ертегі жазған досы:

- Кім соңғы келсе ше?

- Сол теңіз мақұлығы болады.

-Онда келістік. Мен санайым «1, 2, 3»! Ал кеттік.

- Алақай! Мен жеңдім!- деді адал досы.

-Тоқтай тұршы қандай жүйрік едің?!

- Әйә досым-ай, көп шынығу керек саған. Оооооо! Мынаны қара!- деді ертегі жазған досы.

- Нені???

-Артыңда қарасаңшы!

- Аааа.....оооооо!!! Біз таптық! Сиқырлы үңгірді! Қайланы ал! Енді алтынды алайық,- деді. Бірақ ол үңгір ішінде қырық қолтырауын бар болатын. Қолтырауындар шабуыл жасай бастады. Досы:

-Үңгірдегі қолтырауындар туралы білгенмін. Сондықтан мен екеумізге екі қылыш алдым. Сөйтіп екеуі олар қолтырауындармен соғысады. Қолтырауындар шегініп терең түпкірге кетеді. Екеуі мол алтынды жинай бастайды.

- 1 алтын, алақай,..... 2, 3,4,5,6,7, 8, 9 ,10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 ,17, 18, 19, 20, 21 ,23, 24 ,25, 26, 27, 28, 29, 30..... ооо... бізде 30 алтын!

Адал досы айтты:

- Бізге әлі де жетпейді. 10 000 алтын керек,- деді. Адал досы айтқандай олар 10 000 алтынды жинап алды. Сөйтіп олар барған жолдарымен кері қайтты. Ертегі

жазған досы есейді және оның адал досы да өсті. Алтын мектеп те дайын болды. Ертегі жазған досы сол мектепте мұғалім болды. Сөйтіп олар барша мұратына жетіпті.



Оралбекұлы Дидар

Ақмола облысы, Қосшы қаласы
«Бизнес-академия «Дара» мектеп-лицейі,
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің
мұғалімі, педагог-модератор.

Заманбек Айбибі

10-сынып оқушысы



«Менің болашақ мамандығымның маңыздылығы»

Әр адамда алға қойған мақсаты болары анық. Менің бала кездегі арманым саханада актриса болу еді. Қиялымдағы арманымды мен мектеп қабырғасында шынайы образда саханада рөлдік кейіпкерді сомдағанда орындалды деп іштей өзімді мақтан еттім десем артық айтпағаным. Мектебімізде ашылған «Рух» жастар театры менің арманымды ұшастырып, алға жетеледі. Мен болашақта үлкен театр актері болғым келеді. Көбінесе осындай рухани мамандықтар аса қатты қадірлене қоймайды. Себебі, қазіргі таңда жаратылыстану және IT ғылымдары адамзат дамуының прогрессоры деп есептелінеді. Дегенімен, менің ойымша, біздің ғасырдың адамдарына рухани даму, өз санасын байыту қажет. Оның бірден бір жолы – өнер. Театр, балет, опера, сурет салу және тағы басқа салалар. Бұл өнер түрлері адамға рухани азық, тыныштық сезімін, алай-дүлейден демалыс сыйлайды деп есептеймін.

Театр өнерінен тек қана демалыс емес, сондай ақ, көптеген өмірлік сабақтар алуға болады. Кейіпкерлердің қайғысына қайғырып, қуанышына қуана отырып, сен өз адами қасиеттеріңді арттырасың. Мейірімділік пен кеңпейілділікке тәрбиеленесің. Сондай ақ театр қойылымдарын көре отырып балалар мен жасөспірімдер, тіпті ересектер ненің ақ, ненің қара екенін, қоғамда қандай мәселелер бар екендігін көреді. Сонымен қатар театр тек философиялық пайда емес, медициналық та пайды алып келеді. Ғалымдардың зерттеуі бойынша жиі жиі театрға барып отыру өте нәтижелі антидепрессант, яғни күйзелісті жеңуге көмектеседі. Оның себебі, қойылымды көру кезінде адам организмінде арнайы гормондар бөлінеді. Соның арқасында стресс, күйзеліс, қорқыныш сезімі секілді сырқаттардың бетін қайтаруға болады. Сонымен, менің ойымша, адам өміріндегі театрдың орны тым төмен бағаланады. Театр - адамзат дамуындағы маңызды, әрі аса бағалы құраушылардың бірі. Театр - нағыз өнердің ордасы. Сергу үшін барасың да, рухани байып қайтасың. Адамға эмоциялық көңіл-күй тарту ететін

актерлер де бар шеберліктерін салып, өз энергияларын сахна төрінде жұмсайды. Осылайша жұмыс пен үйде болатын мәселелерден демалып қайтуға болады. Сондай-ақ сахнада болып жатқан қойылымнан жаныңа жақын кейіпкерді алып, негативті энергияңды сол кейіпкермен алмастырсаң болады. Әрине, ол өзіңе байланысты.



Беков Медет Есентаевич

Ақмола облысы, Астана қаласы, № 89 мектеп – лицейінің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі, педагог модератор

Кумпекеева Айя Асхатқызы

5-сынып оқушысы



Жұмбақ әлемге саяхат

Әлемге балалардың көзімен қарасақ, онда оны мүлдем басқаша көруге болады. Балалар үшін айналасындағылардың бәрі таңқаларлық және қызықты, кейде тіпті ересектер де оларға таңырқап қарайды. Балалар ересектерге көрінбейтін түрлі әлемнің ғажайып бояулар мен реңдерін көреді, бұның бәрі балалар үшін маңызды болғандықтан, балалар ұсақ-түйектерге үнемі назар аударып отырады. Өйткені балалар әлемді алалаушылықсыз және стереотиптерсіз қабылдайды, сондықтан олардың қоршаған ортаға деген көзқарасы соншалықты ерекше және әдемі болады. Біздің кейіпкерімізбен бірге әлемді балалардың көзімен көру үшін таңғажайып саяхатқа барайық.

1. Жұмбақ ақсақалмен кездесу

Бір күні Сәуле мектептен үйіне кетіп бара жатып, саябақтағы орындықта отырған ақсақалды байқады. Бұл жұмбақ ақсақал өте оғаш көрінді-оның көздері екі жарық жұлдыз сияқты жарқырап тұрды және оның дана көзқарасы назар аударды.

Сәуле ақсақалдың қасында отырып, оған сәлем беруді шешті. Ол Ахмет ата деп өзін таныстырды және ол әйгілі саяхатшы және зерттеуші болды. Ахмет ата Сәулеге өзінің таңғажайып оқиғалары мен бүкіл әлем бойынша саяхаттары туралы айта бастады. Ол әртүрлі мәдениеттер, жабайы табиғат тұрғындарын және әр елде әртүрлі өмір сүретін балалармен қалай кездескені туралы айтты.

Сәуле әлем туралы көбірек білуге қызығушылық танытты. Ахмет атасы оған айналадағы адамдар мен әлемді көптеп бақылап және қарауды ұсынды. Ол әр адамның бойында ерекше бір нәрсе бар екенін және кішкентай бөлшектерге назар аударатын болсақ, көптеген қызықты нәрселерді көруге болатынын айтты.

Ахмет атасымен кездесудің әсерінен Сәуле қоршаған әлемге мұқият және қызығушылықпен қарай бастады. Ол өз аймағындағы әртүрлі адамдарға назар аударып, олардан ерекше белгілер мен ерекшеліктерді таба бастады. Ол өзін қоршап тұрған табиғаттың сұлулығын байқай бастады және достарымен, отбасымен өткізген сәттерін бағалай бастады.

Ахмет атасы Сауленің бойында бұрын байқамаған таңғажайып әлемді ашты. Ол әлемге қарап көп нәрсені біле алатынын түсінді. Біраз уақыттан кейін Ахмет ата келесі сапарына аттанып, Сәуленің жүрегінде көптеген ұмытылмас әлем туралы ғажайыптарды қалдырды. Сауле есейген кезде ол да саяхатшы болуды және әртүрлі мәдениеттер мен адамдар туралы көп нәрсе білуді шешті. Осы уақытта ол әлемді өзінің балалық көзімен-қызығушылықпен, сүйіспеншілікпен және құрметпен көруге тырысты.

2. Уақыт саяхаты

Сәуле шытырман оқиғалар туралы кітап оқығанды ұнататын және рыцарьлар мен ханшайымдардың заманына баруды армандайтын. Бірде әжесінің ескі альбомын қарап отырып, ол оны қызықтыратын біртүрлі сағат тапты. Ол оны досы Асхатқа көрсетуге шешім қабылдап және олар бірге бұл сағаттың құпиясын аша бастады.

Олар бұл аңызда айтылғандай, иесін өткенге жібере алатын көне сағат екенін білді. Балалар бұның шынымен де бар-жоғын тексеруге және барлық артефактілерді зерттеп, сағат туралы көбірек білуге шешім шығарды. Сонымен, бір күні кешке барлығы ұйықтап жатқанда, Сәуле мен Асхат сағатты ақырын басып, кенеттен аяқтарының астында жер созылып, ауа біртүрлі жарыққа тола бастағанын сезді. Олар көздерін ашқанда, олар ортағасырлық қалада, рыцарьлар мен ханшайымдардың арасында жүргенін байқады. Балалар қатты қуанды, олар рыцарьлар турниріне қатысып, патша сарайына барды, тіпті мерекелік кешке қатысып, онда олар ескі әуендердің дыбыстарына биледі. Бірақ кенеттен олар уақыттың тез өтіп бара жатқанын түсінді және олар кеш болмай тұрып өз үйлеріне оралуы керек екенін түсінді.

Балалар сағаттың көмегімен керемет ғажайыптарға тола естеліктер қалдырды. Олар әр дәуірдің өзіндік ерекше сәттері мен құндылықтары бар екенін және уақытты құрметтеу мен бағалаудың маңызды екенін түсінді, бірақ кейде олардың арасына көпір салу - бұл керемет ғажайып, ол осындай қадамға бел буған әрбір баланың жүрегінде өшпес із қалдырады.

3. Әр түрлі елдердің тарихы мен мәдениетімен танысу

Бірде Сәуле бүкіл әлем бойынша саяхаттағысы келді. Мектепте балалар олар «Әлем балалардың көзімен» жобасын жариялады, оның аясында әр оқушы белгілі бір елдің мәдениеті мен тарихы туралы оқып, айтып беруі керек болды.

Сәулеге бұл жоспардан қатты шабыттанып, Жапонияны таңдауға шешім қабылдады. Ол жапон мәдениетін, дәстүрін, тарихын және тілін үйрене бастады. Ол шай кеші, гейша, самурай, гүл фестивальдері мен храмдар туралы мәлімет іздей бастады. Сәуле сонымен қатар Жапонияның озық технологияны дәстүрді сақтаумен қалай үйлестіретіні туралы білді.

Жапонияны жақсы түсіну үшін Сәуле өз қаласында өткен жапон фестиваліне барды. Онда ол каллиграфия салуға тырысты, ежелгі ғибадатханаға тағзым етті, ұлттық билерді тамашалады және ұлттық тағамдардан дәм татты.

Өз жобасын таныстыратын уақыт келгенде, Сәуле Жапония туралы үлкен қуанышпен айтты. Ол жапондық кимононы, өзі жасаған сазан жалауларын көрсетті, тіпті сыныптастарына унаги жасауды үйретті. Ол өзінің қиялында Жапонияны аралап жүріп, оның алдында қандай әдемі көріністер ашылғанын сипаттады.

Сәуле тіпті ата-анасын Жапония елі туралы және оның мәдениеті туралы көбірек білу үшін оны балаларға арналған жапондық сабақтарға жіберуге көндірді. Жобаның соңында Катя әлемнің соншалықты кең және алуан түрлі екенін түсінді және әртүрлі елдердің адамдарымен қарым-қатынас жасау арқылы көптеген қызықты және таңғажайып нәрселерді білуге болатынын ұғынды. Ол оны білу үшін басқа елге барудың қажеті жоқ екенін түсінді.

4. Балалық шақтың маңыздылығы туралы тұжырымдар

Бұл әдеттегі жексенбі болды, ал Сәуле күздің соңғы күндерін тамашалау үшін саябақта серуендеуге шықты. Ол ескі ағаштың жанында тұрған адамды байқады, күзгі орманның сұлулығынан ләззат алып, баяу жүрді. Табиғаттың аясы жұмбақ болып көрінді.

Сәуле не болып жатқанын білгісі келіп адамға жақындаған бойда, белгісіз жанның күздің әдемі пейзаждарын суретке түсіргенін көрді. Ол әр жапырақты, жаңбырдың әр тамшысын әрқайсысы ерекше өнер туындысы сияқты бақылап отырды.

«Сәлеметсіз бе, балам», - деді Сәулеге белгісіз адам. «Бізді қандай әдемі әлем қоршап тұрғанын байқадыңыз ба? Осы күзгі орманды қараңыз, ол өте әдемі және таңқаларлық, солай ма?»

Сәуле таңданып басын изеді. «Иә, бірақ мен бұл туралы бұрын-соңды ойлаған емеспін».

«Білесіз бе, Балалар әлемді басқаша көре алады. Олар қарапайым нәрселерден сұлулықты таба алады. Олар кішкентай қуаныштан қалай ләззат алады және оларды керемет көруді біледі. Бұл өте маңызды, өйткені біз бала кезімізде қарапайым нәрселерді бағалай аламыз, ал есейген сайын оны ұмытып кетеміз. Бала кезімізде бәрі мүмкін болып көрінеді, ал есейген сайын біз әлемді балалар ретінде көру қабілетін жоғалтамыз».

Белгісіз адаммен болған әңгіме Сәуленің өмірін өзгертті. Ол өзінің балалық шағын одан әрі бағалай бастады және әлемді көру қабілетін сақтаудың қаншалықты маңызды екенін түсіне бастады.

Осылайша, Сәуленің өмірге деген көзқарасы бізге балалық шақтың маңыздылығы туралы үйретеді. Балалар әлемді жаңа көзқараспен көре алады, олардың кішкентай қуаныштардан ләззат алу және олардан таңғажайып нәрсені көру қабілеті бәріміз үшін өте маңызды. Әлемді балалардың көзімен көру қабілетіңізді жоғалтпаңыз!

Қорытындылай келе, айналамыздағы әлем соншалықты таңғажайып, алуан түрлі деп айтқым келеді және оны әрқайсымыз өз көзқарасымызбен көреміз. Біз

бәріміз әртүрлі екенімізді және әрқайсымыздың өз қуаныштарымыз, қорқыныштарымыз бен армандарымыз бар екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан бір-бірін құрметтеу және әртүрлі көзқарастарға ашық болу өте маңызды. Өйткені, тек бірігу арқылы біз бәріміз жақсы өмір сүретін әлем жасай аламыз.



Сарсембаева Индира Жумабековна

Абай облысы, Жарма ауданы

«Бақыршық орта мектебі»КММ

Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор



Абилдаш Арман 4-сынып оқушысы

Әкем мен анам

Әке мен ана – адам баласының ең жақын жанашыры. Әкем мен анамды бірнеше күн көрмесем, жанымды қоярға жер таппаймын. Олардың тек жанымда болғанын қалаймын. Анамның айтқан ақылдарын көңіліме түйіп жүремін. Мейірлене қараған көзінен «менен үлкен үміт күтетінін» жақсы түсінемін. Ата - анамның сол үмітін қалай ақтасам екен? деген ой жадымнан бір сәтте ұмытылған емес, сол оймен мына өлең шумақтарын арнадым:

Анама:

Анашым, мен өзіңді сүйемін,
Құрмет тұтып, алдыңа бас иемін.
Жақсы көріп еркелеткен баласын,
Әлемдегі ең сүйікті анасың!

Әкеме:

Әкетайым өмірдегі тірегім,
Мен де сізге көп жақсылық тіледім.
Сіздей адал, сіздей жақсы адамның,
Ұлымын мен таза ұстаған жүрегін.

Ата-анам барлық жағынан қамқорлығын көрсетіп отырады. Жақсы оқып, еліме, жеріме, қоғамға пайдамды тигізетіндей жақсы азамат болғанымды қалайды.

Ата-анам денсаулығыма алаңдап, әрдайым бақылап отырады. Мәселен, «Фаст – фуд» тағамдарын жеуіме қатаң тыйым салады. «Гамбургер, шаурма, фри, қытырлақ чипсы, хот-дог, жылдам дайындалатын кеспелерді» жемеуімді бақылайды. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелейді.

«Ауру астан» – дейді.

Денсаулықты сақтайық,
Шынығайық баптайық.
Жаны-саудың дені сау,

Жаман жолға баспайық.

Спортпен шұғылдану, таза ауада көп жүру, көп ұйықтамау, гигиенаны сақтау сияқты пайдалы кеңестерді үнемі айтып отырады. Жаман әдеттерден қашық болуыма, компьютер ойыны, телефон қарауыма тыйым салады, оның орнына ертегілер мен кітаптар оқы, – дейді.

Мынадай бір ертегі есімде қалыпты.

...Бір күні Қожанасыр ымырт түскен кезде құдықтан су алуға кетеді. Құдықтың түбіне қараса айды көреді. Айды алайын деп арқанға ілмек темір іліп айға тастайды. Алайда, ілмек ілініп қалса керек, Қожа бар күшімен ілмек темірді тартқан кезде темір шығып кетіп, Қожа шалқасынан түседі. Көзін ашып жоғарыға қараса: айдың аспанда тұрғанын көреді. Сонда Қожа - бәрекелді машақатымыз аз болған жоқ, бірақ «Айды, әртеуір аспанға бір шығардым ғой», – депті.

Солай ата-анам маған кітапханаға барып көп кітап оқуға, білімді болуға, жақсы балалармен дос болуға кеңес беріп, үнемі ақылын айтып отырады.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды», – дейді ата-анам. Дені сау ұрпақ, қоғамның қуаты демекші: Болашағымыз жарқын, еліміздің ертеңгі нұры, ата-анамызға жақсы перзент, адамгершілік қасиеттері мол, салауатты өмір салтын ұстанатын азамат болайық.

Әлем балалар көзімен

Әлем – уақыт пен кеңістік бойынша шексіз.

Ал сіздер білесіздер ме? Әлемнің жасы 15 млрд жыл шамасында. Адамзат өзінің қуатты ақыл-ойына сүйеніп, Әлемді танып қана қоймай, оны игеріп те жатыр. Күн жүйесін зерттейтін ғарыш кемелері, ғылыми орбиталық кемелер осының дәлелі болып табылады. Алайда, әлемде зерттелмеген дүниелер өте көп деп санаймын.

Меніңше, бұл әлем таңғажайыптарға толы. Олар әрқайсымызды дүниеге келген алғашқы минуттардан бастап-ақ қоршап алады, өйткені өмірдің өзі ең керемет ғажайып. Ескі скандинавиялық дәстүрде: «тірі тіршілік иесінің адам болып туылуы мың жылда бір рет түбінен қалқып шығатын тасбақа сияқты, мойнын мұхит бетіндегі желмен киген қамытқа сырғыту сияқты қиын», – делінген.

Бала кезімізде бәрі бізге жұмбақ және таңғажайып болып көрінеді. Өзеннің үстінде тұрған кемпірқосақта, қабырғадағы сағаттар да, сіріңкенің ұшындағы от жалыны да, барлығы да таң қалдырады. Бірақ қазір, табиғаттың көптеген құбылыстарын егжей-тегжейлі, сенімді түрде түсіндіретін мыңдаған заңдар ашылды. Біздің өміріміз ғажайыптарға толы, кейде біз айналамыздағы сұлулықты байқамаймыз. Біз үнемі бір жерге асығамыз, аяғымыздың астына қарап, маңызды істер жасауға, тек маңызды істерге уақыт бөлуге тырысамыз. Сондықтан қарбалас және біздің бірқалыпты сарындағы қаншама күндеріміз өтеді? Сіз бір сәтке тоқтап, айналаңызға, жан-жағыңызға қарап көрдіңіз бе?

Сонда біз қаншама кереметті, ғажайыпты көреміз!

Мысалы, мен сәнді жасыл саябаққа барамын, гүлдер мен өсімдіктердің хош иісімен дем аламын. Көзімді аспанға көтергенде, бұлыңғыр, баяу жүзіп бара

жатқан бұлттарды көремін. Күн бетімді жылы, алтын сәулелерімен сипап тұрғандай көрінеді. Бұл әлем әдемі емес пе?!

Мектепке барар жолда, балабақшаны көремін. Сол жерден көңілді ойнайтын балалардың дауыстары мен күлкілері шығады. Бұл балалардың қылықтары, риясыз күлкілері өте сүйкімді.

Ал мектепте мен өзімнің сыныптастарыммен қызықты әңгімелер айтып, үзіліс уақытында бірге ойнаймыз.

Әлемде махаббат пен достықтың болуы қандай керемет!

Автомобильдер жолда келе жатыр. Олардың біреуінің ашық терезелерінен музыка дыбыстары естіледі. Бұл таныс көңілді әуен менің көңіл-күйімді бірден көтереді. Менің айналада көрінбейтін оркестр ойнайтын сияқты, бұл дыбыстардың бәрі өте әдемі әрі үйлесімді.

Үйге келе жатқан жолда, мен түрлі-түсті гүлдер өсетін үлкен гүлзардың жанына тоқтаймын. Гүлдердің үстінде аралар жүреді. Жақындаған кезде жәндіктердің дыбыстарын естіп, араның артқы жағындағы жолақтарға әр-кез таң қалып қараймын.

Табиғат тамаша!

Адам да – керемет жаратушы. Айналадағы әлем осы шығармашылыққа, махаббат пен жақсылыққа толы.

Мен қазір әлі кішкентай ғана бала болғандықтан, әлемнің осындай ғажайыптарына сенгім келеді. Мысалы, мен жаңа жыл мерекесінде, балаларға сыйлықтар таратып, жаңа жылдық көңіл-күй сыйлайтын Аяз Атаның бар екеніне сенгім келеді.

Себебі, бұл да әлемнің таңғажайып бір бөлігі.

Ең әдемі уақыт жаңа жылдық мереке! Бұл ескі күнтізбелік жыл аяқталып, сиқырлы таяқшаның айласы бойынша ертегіге айналатын кезең. Шыршада түрлі-түсті шамдар жанып, жарқын жарықпен жарқырайды.

Аяз Ата мен әдемі Ақшақар арнайы киімін киіп, балалы үйлерге сыйлықтармен асығады. Мереке шыршадан басталады, оны безендіру, ойыншықтар, шыны шарлар мерекеге ерекше сұлулық, үйлесімділік пен жаңа жылдық кештің салтанаттылығын береді.

Терезенің сыртында қар жауып тұрады. Қар ауада баяу айналып, жерді ақ мамықпен жауып тастайды. Көшеде шамдар жанып, адамдарды серуендеуге шақырады. Жаңа жыл қарсаңында қалада серуендеу өте керемет!

Әлем жұмбақтар мен ғажайыптарға толы. Мерекелік көңілділік барлық жерде естіледі. Жаңа жыл нағыз бақыт сыйлайды.

Түн ортасында дастархан басында, теледидар экрандарындағы музыка мен әндерге, Президенттің сөзіне барлығы құлақ салып, болашаққа бақытты сапар кешуге дайындалады. Адамдар бір-біріне денсаулық, сәттілік және керемет көңіл-күй тілейді.

Мен бұл сәттердің мәңгілікке созылғанын қалаймын!

Табиғат құбылыстары, түнгі аспандағы жұлдыздар, баланың жүзіндегі күлкі, адамдар арасындағы сыйластық, махаббат – әлемдегі керемет ғажайыптар. Ғажайыптар сәт сайын болады. Әлем ғажайыптарға толы!



Сарсембаева Индира Жумабековна
Абай облысы, Жарма ауданы, Әуезов
кенті «Бақыршық орта мектебі» КММ
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-
модератор



Али Арнұр 4-сынып оқушысы

Әлем балалар көзімен

Армандап балғын шақ кезімнен,
Бақыттың бал дәмі сезілген.
Қиялмен бір шолып өтейін,
Әлемді балалар көзімен:

Қағаздай аппақ көңілі,
Кіршіксіз таза өмірі.
Жамандықтан аулақ көңілі,
Жақсылық жан-жақ өңірі.

Бейбітшілік – басты ұраны,
Ата-анасы – қос қыраны.
Соғыс болмай әлемде,
Тек тыныштық тұрады.

Анасы әркез жанында,
Әкесі тұрар бабында.
Уайымнан бәрі арылған,
«Балалар үйі» жабылған.

Өнерлі әрбір баласы,
Білімге болған таласы.
Рухани байып, көктеген,
Қазақтың дархан даласы.

Игілік болған әр ісі,
Бірлікте жас пен кәрісі.
Халқына қызмет ету ғой,
Адамдық мәңгі борышы!

«Елім» деп жүрегі езілген,
Шәкәрім солай көз ілген.
Армандап солай қарадым –
Әлемге бала көзіммен.



Сарсембаева Индира Жумабековна

Абай облысы, Жарма ауданы, Әуезов кенті
«Бақыршық орта мектебі» КММ

бастауыш сынып мұғалімі, педагог-
модератор



Серикбаева Мейірім 4-сынып оқушысы

Айналайын

Ерте, ерте, ертеде бір ауылда Айналайын деген қыз ата-анасы және ата-апасымен өмір сүріпті. Ол тұратын жердегі адамдар басқа елді мекеннің адамдарына ұқсамайды екен. Бір-бірімен тату адамдар ешкімге ренжуді білмейді екен. Бірақ Айналайын үйдегі ата-ана, ата-апасының тілін алмай жиі режітетін болыпты. Ол таң ертемен тұрып, жуынбай, тамақтанбай тұрып анасы тазалап, дайындап қойған киімді киюді ғана біледі екен. Бір күні оған анасы ренжиді:

– Мен саған әдемі болып жүру, әдемі киінген дұрыс емес деп айтпаймын, ол дұрыс. Бірақ ұйқыдан оянған соң беті қолыңды жуып, шашыңды ретке келтіріп, таңғы асыңды ішіп барып қана әдемі көйлегіңді кигенің дұрыс болады. Бұл тазалықтың белігісі. Әр ас ішер алдында қолыңды жуып, тамаққа отырғанда әдемі көйлегіңді бұлғамай таза ішуді әдетке айналдыру керек деп түсіндіреді.

– Мақұл анашым –деп құптағандай болды.

Күндегі әдеті бойынша ұйқыдан тұра сала көйлегін киіп, тамақты қалай болса солай ішіп алып, есік алдына шығады. Анасының күнделікті айтып отыратын ақылына да, апасының еркелеткен сөздеріне де тағы құлақ аспады. Сөйтіп далаға шықты. Қараса далада ешкім жоқ. Жан-жағына қарап достарын іздей бастайды. Ал, бұл уақытта оның достары жуынып, таңғы астарын ішетін уақыт. Ол өзінің достарынан бұрын шыққанына риза болып көше бойымен келе жатады. Келе жатып, жол бойымен өтіп бара жатқан мысықты көреді.

–Ей, мысық! Неткен сүйкімсіз едің. Тұр былай жолымнан. Мендей әдемі қуыршақ келе жатқанда сен жол беру керексің – деп оны аяғымен бір тебеді. Соққы жанына батса керек, мысық та қарап тұрмай оның көйлегінің етегін тартып, тырнағымен жыртып тастайды. Оған да мән бермей Айналайын ары қарай жүре береді. Бұның қылығын Махаббат есімді досы көріп тұрса керек.

–Бұл қылығың не? Ол өзімен-өзі жолдан өтіп бара жатқан мысық болатын. Саған еш кедергі келтірген жоқ. Неге оны тебесің?– дейді

– Кедергі келтірді, менің жолымды бөгеді. Бұл жерде менің жолыма тұратын ешкім болмау керек, – дейді Айналайын.

– Айналайын досым! Сенің бұл қылығың дұрыс емес. Осы ауылда тұратын әр адам жан-жануарларға да мейіріммен қарауымыз керек.

–Маған үйретпей-ақ қой, Махаббат досым. Аааа, мен енді түсіндім. Сенің неге мысыққа сонша жаның ашығанын атың Махаббат екен ғой. Сен өзіңше жан-

жағыңа махаббат пен мейірімділікпен қарайсың. Бұл әлемде ондай мейірімділік пен махаббат жоқ. Тек қана әдемілік бар.

–Қателесесің! Жан-жағыңа мейіріммен қарасаң, саған әлем де, жақындарың да солай қарайтын болады. Сен өзіңнің атыңның мағынасын білемісің?

–Жоқ

– Онда сен үйдегі үлкендерден атыңның мағынасын сұрап біл. Атыңа затыңның сай болғаны дұрыс, – дейді Махаббат досы.

Айналайын жолда келе жатып, менің атымның әлемге қаншалықты әсері болуы мүмкін-деп ойланып келе жатады.

Келе жатыр еді Береке досын көрді. Қолында ыдысқа салып әкеле жатқан құрты бар

– О, Береке сәлем!

– Сәлем, Айналайын!

– Қайда кетіп барасың?

– Анам көрші апайдың үйіне жіберді.

– Қолыңдағы не?

– Құрт қой. Мә, біреуін жеп көр – деп, оған бір құрт ұсынады.

Айналайын тістеп дәмін көріп:

–Тууу, не деген ащы. Қандай адам жасаған? Бұны кім жейді? – деп аузындағы құртты жерге түкіріп тастайды.

– Олай деме Айналайын. Бұл өте пайдалы тағам, анам үлкен еңбекпен жасайды. Адамның еңбегін бағалауды, адамның көңіліне қарап сөйлеуді саған ешкім үйретпеді ме?– дейді.

– Өөйй, ақылды болмашы, Махаббат сияқты сенде мақтансаңшы, мен мейірімдімін, атым затыма сай деп (мазақтап күлгендей болады)

– Махаббат дұрыс айтады, адамға ат қойылған соң соған сай болуы керек – дейді Береке. Мысалы менің атым Береке. Береке деген үйге жылулық сыйлап, үнемді, пысық болсын деп ырымдап қойған. Еее, Айналайын! Есімің қандай әдемі мағынасын білсең ғой. Мүмкін мен саған айтып беремін?

– Сен ба? Аха, күлкімді келтірме! Жолымды бөгемей былай тұр. Анаңа айта сал, құрт жасарда мені шақырсын, –деп кетеді. Бұл қылығына, әрі анасына сөз келтіргенін көңіліне алған Береке іштей Айналайынмен дос болмайтынын шешті.

Ойнайтын достарының қалмағанын көріп, оған бір ой келеді. Мүмкін мен өз атымның қандай мағына беретінін білсем, достарым қайта келер деп, кешкі ас үстінде атасы мен апасынан өз атының қандай мағына беретінін сұрайды.

Атасы, сенің атыңның қандай әдемі екенін, қандай мағына беретінін айтайын. «Айналайын» деген – құдіретті сөз. Сен өскенде тіл алғыш, сыпайы, тәртіпті, мейірімді көптің рахметін, үлкеннің батасын алатын бала болсын деп ырымдап қойдық, – дейді.

– Сені атыңа қарай «айналайын» деп күнде айналып толғанған сайын, сен кейде мені, атаңды, анаңмен әкеңді де ренжітіп, тілін алмай қоясың, – деп апасы ренжіген кейіп танытты.

– Сенің достарыңның да саған атыңа затын сай болсын дегені де сол. Еркеліктің де өз жөні бар, – деп әкесі де әңгімеге қосылды.

– Үлкендердің тілін алмау, жан-жануарларға қатігез болмау керек-деген күндегі айтқан ақылымды құлағыңа да ілмейсің деп анасы ренжіп сөйледі.

Осы кезде ғана Айналайын ата-анасы мен достарын ренжітіп, өзінің істеп жүрген қылықтарының дұрыс емес екендігіне көзі жетіп, отырған орындығының үстіне шығып алып, қолын кеудесіне қойып бар дауысымен:

– Ата, апа, әке, анашым мен бүгіннен бастап еркелікті қойып, әр айтқан ақылдарыңды тындап, ақылды бала боламын,– деп уәде етті. Оған дастархан басында отырған ата, апасы, ата-анасы күліп жіберді. Ата мен апасы қасына шақырып: Ой. Айналайын деп маңдайынан, бетінен сүйіп, міне ақыл кірді деген осы деп жатты.

Бойын бір керемет күштің әсері баурады ма, есік алдына жүгіріп шықты. Қолына шелекпен су көтеріп, кетіп бара жатқан көрші Зауре апайға жүгіріп барып, қолындағы бір шелегін алып үйіне дейін көтеріп апарды. Зауре апай оған «айналайын» көп рахмет деп батасын берді. Дүкеннен келе жатқан Асқар атаның қолдорбасын көтеріп үйіне дейін апарып беріп:

– Ой, айналайын балам, атыңа затың сай болып өсе бер, –деп алғысын білдірді.

Осындай сөздерден соң бойына қанат бітіп, достарынан кешірім сұрауға кетті. Сонымен Айналайын ақылына көркі сай, тіл алғыш, көптің рахметін алған қыз болып өсіпті.



Сарсембаева Индира Жумабековна

Абай облысы, Жарма ауданы, Әуезов кенті «Бақыршық орта мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор

Мейірбек Інжу 4-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Әр адам өз әлемінде өмір сүреді (соның ішінде бала) – ұқсас адамдар сияқты ұқсас екі әлем жоқ. Кейбіреулер үшін әлем – бұл ішкі әлем, ал басқалары үшін сүйікті қалалар, ауылдар, көшелер. Кез-келген адам өзінің өмір салтын, өзі өмір сүргісі келетін әлемді құруға және таңдауға құқылы. Адам әрдайым дерлік өмірге бір нәрсені байланыстырады, егер мұндай қолдау болмаса, оған өмір сүрудің қажеті жоқ, өмірде мақсат жоқ, оған көмектесетін немесе жұмыс істей алатын ешкім жоқ, адам өзінің пайдасыздығын сезінеді, ол өз қызметінің нәтижелерінен қуаныштан айырылады.

Біздің ішімізде де әлем бар. Бұл біздің ойларымыз, сезімдеріміз, армандарымыз және естеліктеріміз. Әр адам әртүрлі және әлемде өмір сүруге өз

көзқарасы бар. Біз өз ауылымызды көреміз, көшелер олар сияқты емес, мен олардың қандай болғанын қалаймын. Біздің өміріміз ол туралы не ойлайтынымыздан тұрады. Егер адам тек жаман туралы ойласа, өзіне сенбейді, өзі үшін қуанбайды, басқалардың мақсаттарына, міндеттеріне қол жеткізе алмайды, ол өзінің жолын жабады! Көптеген тұйық адамдар үшін әлем шектеулі, көпшілікпен ортақ тіл табыса алмайды.

Біздің уақыт–бізді қоршап тұрған барлық нәрсеге немқұрайлылық және есеппен қарауымызда. Адамдар өте өзімшіл болды. Әркім тек өзі үшін өмір сүреді, бір-біріне көмектеспейді, кеңес бермейді, дұрыс жолға нұсқау бермейді. Егер біреуі екіншісінің жолды кесіп өтсе, біріншісі міндетті түрде есте сақтайды және кек алады. Қоғамда жағымпаздық, сатқындық, алдау кездеседі, әрине, мейірімді адамдар да бар, бірақ, өкінішке орай, олардың саны аз.

Біз теледидар көреміз, тек адамдармен сөйлесеміз және барлық жерден бәрін сатып алуға болады деп естиміз. Көптеген адамдар мұны ашық айтады. Ақша – бұл қандай жақсы нәрсе, бірақ ол көп болған кезде сіз қанағат сезімі деп аталатын нәрсені сезінбейсіз, идеалдар, дәстүрлер бұзылады, өмір құлдырайды. Ол үшін қанша қайғы-қасірет жеді оның даралығын атап өту үшін көптеген адамдар бәріне қабілетті.

Кітап оқу, қызықты әңгімелер, мұражайларға, театрларға бару, үй тапсырмаларын орындау экшн-фильмдер мен импорттық мультфильмдерді көрумен ауыстырылды. Мен кейде кейбір сериалдарды немесе мультфильмдерді көруге қызығушылық танытсам да, бұл артық екенін түсінемін. Бұл фильмдер балалардың ойын бұзады. Мультфильмдерде, балалар бағдарламаларында балағат сөздер пайда болды. Мультфильмдердің, фильмдердің кейіпкерлері өте қатал. Теледидар экрандарында қан, зорлық-зомбылық, жағымсыз жаңалықтар көп, көрермен жағымды эмоциялардан айырылады. Қазақ халық ертегілері қайда? Олар наурыз қарсаңында жылына бір рет қана көрсетіледі. Ал жаңа фильмдер, жағымды эмоциялары бар сериалдар қашан түсіріледі? Адами қасиеттерді жоғалтпау керек, еліміздің, ауылымыздың, қоғамымыздың жағдайын түзетуге тырысу керек.

Біз адал, риясыз, жауапты болуымыз керек, басқаларға көмектесуге тырысуымыз керек, ешбір есептеусіз басқа біреу үшін шын жүректен қуануға үйренуіміз керек, ең бастысы - жанашыр болу, қасында жүргендерді тастап кетпеу, достарыңыз бен туыстарыңызға қолдау көрсету, содан кейін бәрі бақытты болады.

Достық пен сүйіспеншілікті таза ұстайық, барлық жақсылық пен адамгершілікті сақтайық, қатыгездік пен азғындықты ұмытып, оқу мен өмірдегі қиындықтарға қарамастан, оңай жол іздемеуге тырысайық, бірақ мақтанышпен айту үшін дұрыс және жақсырақ нәрсені таңдайық.

Біздің зұлымдықтарымыз үшін әлем бізге әділетсіздікпен, ал табиғат қорқынышты апаттармен төлейді. Неліктен кейбіреулер ұрлап, бақытты өмір сүреді, ал басқалары адал, бірақ кедей өмір сүреді? Неліктен сүйетін ата-ананың жалғыз ұлы немесе қызы нашақор? Неліктен гүлденген отбасында өскен қыз немесе ұл өз-өзіне қол жұмсайды? Біреудің түсіндірмесі бар ма? Жоқ...

Мұздықтың түсуі, су тасқыны, жер сілкінісі, аурулар... Бізге тағы не керек?

Сондықтан біз болашақта көргіміз келетін әлемді өзіміз құруымыз керек. Бірақ біз бұл әлем бір күні жақсы жаққа өзгереді деп сенеміз және үміттенеміз. Өйткені, кішкентай адам жұмыс істегісі келгенде жеңілмейтін күш!

Тағы да мынаны айтқымыз келеді, ең қорқыныштысы адаммен осы дүниеде қажетсіз және жалғыз сезінуден болады... Өзіңізді және жақындарыңызды осыдан қорғаңыз. Сізге қаншалықты қиын болып көрінсе де, өмірді жақсы көріңіз. Сеніңіз! Үміт! Сүйемін! Біздің уақытымыз уақыттың ең жақсысы болады.

Бұл таңғажайып әлем әрқайсымызды өз жолымызбен қарсы алады. Біреу үшін ол есігін айқара ашады, шексіз мүмкіндіктер, сүйіспеншілік, жақындарының қамқорлығын береді және өзін кемпірқосақ жарығында таныстырады. Біреу оған келуге үлгермей, әлемдегі ең қымбат адамды жоғалтады, қажетсіз және жалғыздық сезімін сезінеді. Кішкентай, қорғансыз адам өзін-өзі жабады, өзінің ішкі әлемімен өмір сүреді және оған әркім кіруге дайын емес, тек сенетіндер.

Шыр етіп мен өмірге
2014-те мен туылдым,
Бұл әлемге келгелі
Өмір жолына іліктім.

Жастан-жасқа келемін,
Өмірді танып білгелі
9-жасқа толыпшын,
Ақылды қыз болыпшын.

Әлемді таныдым Ана деп,
Ақ сүтімен емізген.
Әлемді таныдым Әке деп,
Тәй-тәй басып жүргізген.

Әлемді шарлағым келеді,
Сұлулығына тамсанып.
Әлемнің бір бөлшегі болғым келеді,
Өз мақсатымды іске асырып.

Көзімді ашып жүргелі,
Әлемді танып келемін.
Менің егемен елімнің,
Көркем жерлерін көремін.



Абай облысы білім басқармасының

Жарма ауданы білім бөлімінің
«Т.Көбдіков атындағы орта мектебі» КММ-нен

**4 «А» сынып оқушысы
Сейфуллина Нармина**

«Әлем балалар көзімен»

Қандай кең, қандай шексіз әлем деген,
Ойланам, ғажайыбын көрем де мен
Әлем жайлы ойымды олай болса,
Жеткізіп берейінші өлеңменең.

Бұл әлем-жұмбақ әлі қарасаңыз,
Құдіретпен қалайша таласамыз.
Білсек деп жаратылыс негіздерін,
Ғылым менен білімге жол ашамыз.

Платон, Аристотель даналарым,
Адамзаттың ашыпты саналарын
«Тіршілік басы-қозғалыс» деп жырлаған,
Шәкәрімдей ғұлама бабаларым.

Әлемнің бөлшегіміз бірлығымыз,
Өтіп жатыр тоқтаусыз әр күніміз.
Бұл Әледі құрайтын құбылыстар,
Мына күн, анау аспан, жаңбырымыз!

Күндей күліп жұртыммен сәлемдесем,
Өспес ем мейірімге бөленбесем.
Танығым кеп тұрады тереңірек,
Әрбір адам өзінше әлем десем.

Дамыған техника заманымыз,
Дамуға бастар әрбір қадамымыз.
Бақыт пенен шаттыққа толтырайық,
Осынау ұлан-байтақ даланы біз.

Достыққа ұласар арамыз,
Әлемнен жақсылық табамыз.
Әлем ғой жер мен су, жұлдыздар,
Қоршаған табиғат анамыз!

Қуап ап шәкәрім сөзінен,
Адалдық, адамдық сезінен,
Әдемі, ғажайып, өмір ғой,
Бұл әлем балалар көзімен!



Оспанова Ляйля Токабаевна

Абай облысы, Семей қаласы

«№16 Т.Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
магистр, педагог-зерттеуші



Закен Жаннұр 8-сынып оқушысы

Отаным – жерұйығым

Эссе

Жерұйық – адам ұғымында тіршілікке қолайлы, ең тамаша жер. Асан қайғының халқына тұрмысына жайлы, бақытты ғұмыр кешуі үшін жерұйық іздегенін бәріміз де оқыдық. Сол аңыздың аяғында әр адам үшін жерұйық- оның туған жері, елі екенін, жер бетінде қаншама табиғаты керемет, жанға жайлы жер болса да, адам өз туған елін, жерін аңсайтынын түсінген едім. «Өз елін сүймеген адам ешнәрсені де сүйе алмайды»,–деген Байронның сөздерін үнемі есте сақтап жүремін.

Әрине, адам баласы үшін туған елінен, жерінен артық ештеңе жоқ. Әркімге өз жері-қасиетті. Мұқағали ақын жырлағандай менің де жұдырықтай жүрегім өз туған елінің, жерінің күн мен түнін, қыбырлаған жәндігіне дейін сүйеді, қастерлейді. Абай мен Шәкірімді дүниеге әкелген өлкем – ең әдемі, көрікті, сан қилы орманға толы, жусаны мен жуасы аңқыған, самал желі ескен жер. Қыстағы қалың жамылғы қар көрпесі мен жазғы құлпырған шалғын даласын, сыйса құшағыма алар едім. Бұл – менің жеуіығым.

Туған жердің сұлулығына тамсанып, құдіретіне бас ию- әр адам үшін аздық етеді дер едім. Адамның бір парызы-осы туған еліңнің көркейіп, дамуына үлес қоса білу. Әлем елдері қызыға қарайтын керемет ел болу үшін, болашақ ұрпақ білімді, саналы, тәрбиелі болуы керек. Туған жердің сәні мен әні келіскенде ғана нағыз жерұйыққа айналары сөзсіз. Мен де болашақта өзіме ұнайтын мамандық иесі болып, туған отанымның дамуына тамшыдай болсын үлес қосқым келеді.

Туған елім, жерім туралы ой толғап, ой жетегіне берілген шағымда үнемі Бәкір Тәжібаев жырлаған мына бір шумақтары ойыма оралады да тұрады:

Қайда жүрсем, туған жерім,
Сен есімнен шығармысың!
Жастық дәурен құрған жерім,
Көз алдымда тұрармысың!

Туған жер жайлы жырламаған ақын, қара сөзбен жазбаған жазушы жоқ шығар. Ауыз әдебиетінде де бұл тақырыптағы шығармалар өте көп. Бұдан біз әр

халықтың туған жерін ардақ тұтып, анасындай қадірлейтінін көреміз. Олай болса аңыздық желі, қақаған аязы, ақ түтек бораны, ми қайнатар ыстығы болса да әркімге өз туған елі, жері жерұйық емес пе?

Қазақ халқы да болашақ тәрбиесінде туған жерді, елді қадірлей білуге аса мән беріп отырған. Жас ұрпақтың бойына, санасына бала кезден-ақ туған жердің қадірін сіңіруге ұмтылғанын көптеген аңыз әңгімелерден, ертегілерден, мақал-мәтелдерден, батырлар жырынан көруімізге болады. Мұның бәрінен шығатын қорытынды: Отаныңның, туған еліңнің қымбат екендігі деп ойлаймын. Туған жердің бір түйір тасы ат басындай алтыннан да қымбат емес пе? Ат үстінде күн кешкен батыр бабаларымыз кең даласын, асқар тауын, сарқырып аққан өзенін қорғап, мақтан еткен, бізге мұраға қалдырған. Қазіргі тарихи шақта Тәуелсіздігімен тұғырлы болған Отанымның, туған елімнің аспыны ашық болып, әр қазағыма жерұйығы болып, отаншылық рух пен туған жерге деген махаббатымыз сәуле шашып тұруы тиіс. Мен де қазақ болып дүниеге келгеніме, Қазақстанда өмір сүріп жатқанымды мақтан тұтамын!

Сатылганова Асель Сарсенкановна

Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы

«Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен бастауыш сынып мұғалімі

Айдар Айсұлтан 2-сынып оқушысы



Кішкентай суретші

Бір қалашықта кішкентай ұл болыпты. Кішкентай ұл әртүрлі суреттерді салғанды ұнатыпты. Бір күні ол ұйықтап қалған кезде, салған суреттерінің кейіпкерлеріне жан кіріп, олар тіріліпті. Кейіпкерлермен бала асыр салып ойнады. Бала осы болған оқиғаны достарына айтып еді, оған ешкім сенбеді. Бірақ бала өзінің суреттегі кейіпкерлерімен күнделікті ойнауды, олармен әңгімелесуді жақсы көрді. Күндердің күнінде сурет байқауы болыпты, бала салған суреттерін апарып көрмеге қойды. Баланың суреті әділ қазыларға ұнады, өйткені суреттердегі кейіпкерлер шынайы кейіпте болды. Сол кішкентай ұл өсе келе әйгілі суретші болды, ол өзінің арманына жетті.

Абдыханова Ардак Алибековна

Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы

«Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Айдар Толғанай 5-сынып оқушысы



Апама

Бала кезден мені бағып өсірген,
Тентектікті, қателікті кешірген.
Туғанда мен, немерем деп қуанған,
Апатайым, бәрінен де қымбат жан,
Апатайым, сіз бәрінен қымбатсыз!
Сіз мен үшін ең әдемі бриллиантсыз!

Таныстыру

Қазақстанда туылған,
Қазақ қызы мен болам.
Есімімді екі әжем Толғанай деп атаған
Руым Найман болғанмен,
Ішінде мен Сыбанмын,
Жасым менің он бірде.
Үйдің үлкені боламын.
Сыныбымды қорғауға әрқашан мен дайынмын,
Ата-анамның әрқашан.
Бақытты болуын қалаймын!
Елімізде бейбітшілік мәңгі болсын деп тілеймін

Мақтаншақ қыз

Ерте, ерте, ертеде, мақтануды ұнататын қыз болыпты. Ол қыз бай болғанымен мақтанып, қалған балаларды кедей деп, оларды мазақ қылыпты. Бұны әкесі байқап қалып көңіл күйі түсіп қалады. Әкесі қызын кедей адамдардың үйіне алып барады. Қызы қарап жүреді. Үйіне келгенде әкесі біздің саяхатымыздан не түсіндің? деп сұрағанда қызы:

– Біз жұмсақ төсекте жатқанда олар қатты жерде жатады. Біз түрлі тамақ жегенде олар нанның кішкентай бөлігін бөліп жейді, біз жұмыс істемей жатқанда олар күні-түні жұмыс істейді екен. Әке мен өз қателігімді түсіндім деп қызы жауап береді. Келесі күні мақтаншақ қыз ренжітіп алған балалардан кешірім сұрап, мақтануын доғарыпты.

Абдыханова Ардак Алибековна

Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы


«Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Шаихова Аружан 9-сынып оқушысы



- 1) Ұстазы Абайдың тапсырмасы бойынша, немен айналысты? (Шежіре)
- 2) Ш.Құдайбердіұлы қандай романын 1925 жылы жазған? (Әділ мен Мария)
- 3) Бүгінде Семейде жарық көретін журнал (Шәкәрім)
- 4) Қазақ арасына кең тарағаны Ш.Құдайбердіұлы жырлаған Физули нұсқасында қандай ғашықтық дастан жайлы айтылған? (Ләйлі-Мәжнүн)
- 5) «Біреу маған от жақ деп қылды бұйрық, Жағайын деп ұмтылдым, көңіл жүйрік...» Қай өлеңінен алынған ? (Өмір)
- 6) Шәкәрімнің әкесінің аты (Құдайберді)
- 7) 1722 жылы болған тарихи оқиғаға байланысты шығарылған дастан. (Қалқаман - Мамыр)




Абдыханова Ардак Алибековна

Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы

«Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Ержанқызы Ботагөз 7-сынып оқушысы



1. 1922-1923 Жылы Ташкенттегі қай журналда «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын басылып шығарған? (Шолпан)
2. Шәкәрімнің шығармаларының бірі? (Сәнқой)
3. Шәкәрімнің шын есімі? (Шәһкерім)
4. 1876 жылы Шәкәрім кімге үйленді? (Мәуен)
5. 1924 ж Семейде қандай әңгімесі баспа көрді? (Дубровский)
6. Неше жасында әкесі Құдайберді қайтыс болды? (Жеті)
7. Бүгінгі күнде Семейде қандай журнал жарық көруде? (Шәкәрім)

Абдыханова Ардак Алибековна

Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы
«Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі



Өмірбекова Айгерім 11-сынып оқушысы

Шәкәрім Құдайбердіұлына арнау

Абайдың шәкірті әрі замандасы
Жазушы да, ақын да ол ел данасы
Құдайберді баласы Шәкәрім бұл,
Ұлы Абайдың ол ұлы ізбасары

Жан сарайын бай қылған ағасымен
Білімдар бар ұстазы Абай деген
Әрдайым өз халқынан үміт үзбей
Шәкәріммен жан байытам бүгін де мен

Өткізген бар ғұмырын елі үшін
Дүйім жұртқа сөзден өлең жасап пішін
Ләйлі-Мәжнүн, Физулидың махаббат жырын
Кең байтақ даламызға алып ұштың.

Бейнелейді шыншылдықпен ұлттың халін
Арқалайтын жүгі көп ауыртқан жанын
Лепірген сезімімен өлең жазып
Негізін салған лирикасын ақындықтың

Балай білген ұлы Абайды ұлы ұстазға
Жан танудың негізін қалаған да
Таза діннің шындығын жырлаймын деп
Ақиқат деп Алланы санаған да

Махаббат бостандығын жырлай туған
Адал жүрек, ақ ниет пен ғылым қуған
Қайырымы жоқ, қанды қолдан қос қылса да
Бүгінгі ұрпақ білетін өшпес мұраң

Балкатаева Зульфия Рыскалиевна

Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы

«Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі



Қазтай Аян 10-сынып оқушысы

Бақыт гүлі

Баяғы өткен заманда киелі Қазақ жерінде жер жәннаты Жетісуда Нартайлақ деген батыр жігіт болыпты. Батырлығы жеті өлкеге жайылыпты, еліне тек жеңіспен оралып, шаттық пен бақытқа оралтыпты. Бірақ батыр бір нәрсеге зар болыпты. Елге қанша қызмет етіп оларды бақытқа толтырса да өз бақыты, арманы орындалмапты. Өзін осы сұрақпен бас қатырған батыр алыс сапарға шығып бақыт іздеуге аттанбақшы болады. Ауыл ақсақалынан бата алып, жылқысын 40 күн жорыққа дайындайды, кетер кезінде бала кезінен бірге өскен досына кіріп шықпақшы болады. Нартайлақтың досы ауыл бақсысы Тәуіп. Нартайлақ Тәуіптің үйіне жақындағанда Тәуіп алдынан жүгіріп шығып тосып алды. Ол Нартайлақтың келгенін білгендей дастарханды жайнатып қойыпты.

– Кел, досым, төрге шық, сен алыс сапарға шыққалы жатыр деп естідім, әлденіп, күш жинап ал.

– Қонақжайлығыңа рахмет. Тәуеке, сізді көптен көрмегелі сұрағым да көбейіп кетіпті. Сізге аз да болсын, сұрақ қойсам бола ма?

– Әрине, қандай сұрақ?

– Бақыт деген не?

Тәуіп аздап кідіріп ойлана келе:

– Бақытқа жетіп көрмей, білгендей сұрағыңа жауап айта алмаспын, бірақ сенің осы бақытқа қалай жете алатыныңды білемін, – дейді тәуіп.

Нартайлақ кенет орнынан атып тұрып, Тәуіптің нені айтып жатқанын шыдамсыздана естігісі келді.

– Бақытқа жету үшін жапан даладан ақ киізді Мәр атаны тауып, ол жасырған жұмбақтағы тауды тауып, сол таудың бөктерінен Алтынмен боялғандай жарқыраған Бақыт гүлін табу керек. Бұл гүл әр адамның бақытын тауып бере алады деп естігенмін.

Нартайлақ Тәуіптің сөзін толық тыңдамай, рахметін айтып дереу солтүстік өңірдегі жапан далаға аттанады. Батыр 3 күн, 3 түн тоқтаусыз сапар шегіп, ақырында жапан далаға жетеді. Далада жарты ай Мәр атаны іздеумен әлек болады. Бір күні осындай іздеу барысында жылқыны суармақшы болып, бұлақ жағасына барғанда алыстан адамдарды көреді. Бұлар қарақшылар екен. Нартайлақ соғыстан пайда көрмеспін деп қайтпақшы болғанда, олардың бір қарияны тонап жатқанын көреді. Лезде атына мініп, қарақшылармен арпалысқа түседі. Аз уақытта қарақшылар беріліп, қаша бастайды. Нартайлақ қарияның

жағдайын білмекші болғанда ғана оның кім екенін түсінеді. Елтірі тымақты, ақ шапанды, 40 түйе керуенді кісі – бұл Мәр ата. Нартайлақ қариядан ешқандай көмек ақысын сұрамады, орнына бақыт гүлін қайдан табуға болатынын сұрай бастайды. Қария болса:

– Өзенді екіге бөлген алып, әрі кіші тау деп ауыспалы мағынада айтты.

– Батыр көп ойланды. Екі апта ойланып, түбінде қария қандай тауды меңзегенін түсінді. Жетісу Алатауы Көксу өзенін екіге бөлген орташа тау.

Батыр тауға жеткенде оның етегіндегі ауылға жау шапқанын көреді. Ол жанталасқан шайқаста ауыл тұрғындарын құтқарып, жолын жалғастырмақшы болады, бірақ шығып үлгермей ауыл тұрғындары рахмет ретінде дастарханға шақырып сый-сияпат бермекші болады. Қарсылық білдіре алмаған батыр дастарханда отырғанда ауылбасының жанында отырған қызды көріп бір көргеннен ғашық болады. Ауылбасы мұны байқап оның қызын алып ауылда қалсын деген ұсыныс білдіреді. Бірақ осынша ұзақ жүрген жолдың зая кетуін Нартайлақ қаламады, сол үшін сапарымды аяқтағанда ғана келуім мүмкін деді. Ақыры тау басына көтерілген Нартайлақ алтыннан жылтыр гүлді байқайды, ол гүлге қолын созғанда кенет гүл үн қатады:

– Бақыт іздеп келдің бе?

– Иә! Бақыттың не екенін білмегендіктен, сені іздеп келдім.

– Онда саған айтарым бақыт менде емес, ол сенде баяғыдан бар.

– Қалай, менің жаным ешқашан тыным таппай сені іздеп келдім емес пе!

– Ұлым бақытқа тек мінезбен жетеді. Бірінші, ол сенім сен менің барыма сенуің арқылы ғана осынша жол бекер келмес үшін келдің. Екінші, ол – батырлық, сен осы жолда батырлықпен бақытты өзгелерге де сыйладың. Үшінші, ол – мақсат, сен мені табамын деген алғыр мақсат арқылы ғана келе алдың. Осы үш мінезің де, сүйген жарың және бақытты халқың барда сенен асқан бақытты адам жоқ деп гүл сөзін тамамдады. Кейін Нартайлақ ауылбасының қызының қолын сұрап, өз ауылына қайтып үлкен той жасайды!

Шарипова Еркежан Багидоллиновна

Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы

«Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ


Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Асқарқызы Айым 8-сынып оқушысы



СӨЗЖҰМБАҚ

1. «Сарыарқа» өлеңінде жырланатын батырлардың бірі
2. Жерұйықты іздеген жырау
3. Асанқайғы қызыл тастан үй салдырған қалашық
4. Кебекке бал ашқан абыз
5. Үш қиянның бірі
6. «Үш қиян» толғауында жиі қайталанатын сөз
7. Тобықтының басшысы
8. Еңлік –Кебек моласы тұрған жер



Шарипова Еркежан Багидоллиновна

Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы

«Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі



Үмітқан Әдемі 9-сынып оқушысы

Тіл

«Тіл» сөзінің терең ойлы мәні бар,
«Тіл» сөзінің тылсым, ғажап, сыры бар
Әй адамзат! Қастерлеңдер, таныңдар!
«Тіл» сөзінің қасиетті, құны бар!

«Тіл» деген әр заманның қаһарманы
Жеткізген тарихымды сан ғасырға
Сездіріп, ата-баба тіршілігін
Жүргендей, дәл сол сәтте, жаңа ғана


Тіл дегенің тіршіліктің мәні емес пе?
Тіл дегенің татулықтың кілті емес пе?
Тіл біліп, дүниені саяхатта
Танысып, «қазақ тілін» бар әлемге.

Шатанова Токжан Адылбековна

Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы
«Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі



Төреғазы Жадыра 8-сынып оқушысы



1. Ш.Құдайбердіұлы кімнің қолында өсті? (Абай)
2. Ш.Құдайбердіұлы А.С.Пушкиннің қай шығармасын аударды? (Боран)
3. Ш.Құдайбердінің бірінші жұбайы? (Мәулен)
4. Ш.Құдайбердіұлы қай рудан шықты? (Тобықты)
5. Кейбір деректерде Шәкәрімнің шын есімі алай беріледі? (Шаһкерім)
6. 1905 жылы қай қалаға сапар шекті? (Мекке)
7. Қай жасында әндерді шығара бастады? (Он төрт)

8. Ш.Құдайбердіұлының туған ауылы? (Қарауыл)
9. Шәкәрім қай жасында жетім қалды? (жеті)
10. Шәкәрім қай таудың бөктерінде дүниеге келді? (Шыңғыстау)
11. Шәкәрім Мекке қаласына сапар шеккенде қай кітабын жазды? (Үш анық)
12. 1918 жылы Шәкәрім қай партияның құрамына кірді? (Алашорда)
13. 1879 жылы Шәкәрімнің жазылған өлеңі қалай аталады? (Жасарға)
14. Шәкәрім Құдайбердіұлы 1917 жылғы революцияға арнап шығарған жыры? (Бостандық таңы атты)
15. Шәкәрімнің Абайға қандай туыстық қатынасы бар? (Немере інісі)
16. Шәкәрім Парсы, Түрік, орыс және қай тілді жетік білді? (Араб)
17. Шәкәрім домбыра және қай аспапта ойнаған (орысша атауы)? (Гармонь)
18. Шәкәрім ағаштан ойып мандалин және сынды аспап жасаған (қобыз)
19. «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы» ММ-нің басшылығы қай қаланың мұрағатынан Шәкәрімнің қолына бүркіт ұстап түскен суретінің түпнұсқасын тапқан? (Мәскеу)
20. Шәкәрім шығармаларына негізі арқау болған мәселе? (Халық тағдыры)

Шатанова Токжан Адылбековна


Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы

«Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі



Қазтай Ерке 5-сынып оқушысы



- 1.Шәкәрім Құдайбердіұлының баласы?
- 2.Шәкәрім Құдайбердіұлының жұбайы?
- 3.Еңліктің ғашығы кім?
- 4.Шәкәрім поэмасында “есінен адасу” мағынасын беретін кейіпкер?
- 5.Шәкәрімнің меңгерген тілдерінің бірі
- 6.Шәкәрім әні
- 7.Шәкәрім ақын, композитор, тарихшы, философ және.....

Жауаптары:

- 1.Қабыш
- 2.Мәулен
- 3.Кебек
- 4.Мәжнүн
- 5.Парсы
- 6.Көңіл
- 7.Аудармашы

Қасенова Эльмира Казбековна

Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылы

«Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен бастауыш сынып мұғалімі

Қанапия Айару 4-сынып оқушысы



МАТЕМАТИКАЛЫҚ АВТОРЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕР

Төрттің саяхаты

Баяғы бір заманда Қазақстанның бір жерінде Төрт өмір сүріпті. Оның үйінде төрт бөлмесі бар екен. Осы төрт бөлмеден шықпай жүрген Төрт әбден жалығып кетеді. Жалыққаны сонша, күндердің күнінде саяхатқа шығайын деп шешеді. Сөмкесіне 4 бәліш салып жолға шығады. Ол Қазақстанның төрт бұрышын араламақ болады. Мақсаты Қазақстанның төрт бұрышынан 4 кереметін табу еді. Ең алдымен ол Қазақстанның шығыс аймағына барады. Ол жерден көргені: Абай елінің Семей деген шаһары бар екен, ол жерде Қазақстанның басқа еш жерінде жоқ аспалы көпір тұр екен.

Шығыстан шығып Төрт батыс аймаққа жол тартады. Батыстың тау беткейлерінен бір ғажайып көреді. Ол жерлерде диаметрі 2 метрге дейін жететін көптеген ақ тастарды көреді.



Бұл тастарға таң қалған Төрт енді Қазақстанның теріскейіне, яғни солтүстік аймағына жол тартады. Ол жердегі керемет – елордамыз Астана қаласы бар. Қазақстанның басқа еш жерінде осындай көркем, өте таза, дамыған қала кездестірмедік. Астананың ғажайып жерлерін аралап болған

Төрт сапарының соңғы нүктесі Оңтүстік Қазақстанға келеді. Ол жерде әбден шаршап шалдығып демалайын деп бір тоғайдың астына отыра кетеді. Сол кезде басына топ етіп үлкен қызыл алма түседі.

Енді ғана зер салып қараса маңайы толған алма ағаштары екен. Біреуін жеп көріп еді, дәмі сондай тәтті, тіл үйіреді. Бұл апорт алмалары екен. Сөмкесіне 4 алманы салып, ол өз үйіне қайтады.

Осындай кереметтерді тауып кездестіргеніне дән риза болған Төрттік көрген білгендерін достарына айтып жүреді.

Көжектің оқиғасы

Кішкентай көжек күн сайын ерте тұрып, төсегін жинап, жуынып, шайын ішіп, ойнауға шығатын. Ол күні бойы алаңқайда ойнайтын. Бүгінде әдеттегідей ерте тұрып, асын ішіп, терезеден күннің шығуын күтіп отырды. Бірақ ұзақ күтті. Күн шықпады. Көжек «Күнге не болды екен?» деп ойлады. Кішкентай көжек терезеден күн сәулесі көрінетін алыс тауларға көз жүгіртті. Бірақ аспанды жапқан қара бұлттан таулар да көрінбеді. Кішкентай көжек алаңдап далаға шығып, жақын маңдағы қонжық досына барды. Оның ойы қонжықпен бірге күнді іздеу еді. Бірақ қонжықтың үйінде құлып тұр екен. Ол құлыпты ашып, досын шығару үшін келесі тапсырмаларды орындау керек еді:
 $1+2+3+4+\dots+17+18+19+20$

Тапсырмаларды дұрыс орындаған көжек досын ертіп орманға келді. Орманның іші өте қараңғы еді. Олар жарық шашатын қоңызға келіп жол көрсетуін өтінбек еді. Бірақ оның жарығын қуаттау үшін келесі тапсырмаларды орындау керек болды: Қазір Айша мен Ғайшаның жастарының қосындысы 12 де 2 жылдан кейін олардың жастарының қосындысы қаншада болды? (екі жылдан кейін Айшаға 2 жас, Ғайшаға 2 жас қосылады, сондықтан $12+4=16$)

Енді тапсырмалар дұрыс шешілгендіктен жарық шашатын қоңыз жарқырып шыға келді. Үшеуі орманның түпкі жағында тұратын көжектің әжесінің үйіне келеді. Әжесі бәрін білетін. Олар әжеге келіп: «Әже күн қайда кетті?» деп сұрайды. Әжесі: «Көжегім, қонжық, жарық шашатын қоңыз үшеулерін күннің қандай бөлшегі математикамен байланысты екенін тапсаңдар күн шығады» дейді. Олар біраз ойланып ақыры табады. Ал сендер балалар таптыңдар ма? Ия ол сәуле!

Көжек, қонжық, жарық шашатын қоңыз үшеуіде сендер сияқты дұрыс табады. Олар «Сәуле, сәуле, сәуле» деген кезде аспандағы бұлт ашылып, күн сәулелерін шашып, жарқырай түседі.

Сандар әлемінде

Ғажайыптар елінде Гүл атты кішкентай қыз өмір сүріпті. Ол өте ерке, ата-анасының тілін мүлде алмайды екен. Күндердің күнінде анасы оған:

– Қызым, Гүл, орманның ішіндегі алқапқа барма!–деп айтады. Бірақ Гүл анасының сөзіне құлақ аспайды. Дәл сол күні сол алқапқа барса, алқап әсем гүлдерге, асыл тастарға толы екен. Анасының сөзі Гүлдің ойына кіріп те шықпайды. Алқапта алаңсыз серуендеп жүрген Гүлдің алдынан кенеттен бір бұлақ пайда болады. Бұлақтың суы сондай мөлдір, тап-таза екен. Гүл қызыға кетіп, еңкейіп бұлақтан суды енді іше берейін дегенде құлап кетеді. Суға құлағаны сол тағы бір мүлдем бейтаныс алқапқа түсіп кетеді. Маңайында тірі жан жоқ. Шошып кетіп қатты жылайды. Бірақ көмекке ешкім келмейді. Сөйтіп ұзақ отырады. Ақыры бұл жерден шығудың жолын іздей керек деп шешіп бет алған жаққа жүре береді. Гүл ұзақ жүреді. Кенеттен алдынан 1 саны шығады. Гүл қуанып кетеді.

– Ағатай, маған үйіме оралуға көмектесіңізші! – деп жалбарынады. Сонда 1 саны оның Сандар әлеміне тап болғанын, бұл әлемнен оңайшылықпен құтыла алмайтынын айтып, өздерінің патшаларына алып келеді. Патшаның аты 9 және оның екі уәзірі бар екен. Сандар патшасы Гүлге былай дейді:

– Егер бұл жерден құтылып өз әлеміне қайтқын келсе, менің саған ұсынған есептерімді шешесің! Бірінші есеп: қандай санды өз-өзіне көбейтіп, шыққан санды 4-ке бөлгенде мен шығамын?

Сонда Гүл біршама ойланып есептің жауабын тауып патшаға айтады:

– Тақсыр, 6 санын өзіне көбейтсек 36 шығады, оны 4-ке бөлсек сіз шығасыз.

Патша жауабының дұрыс екенін айтып келесі сұрағын қояды:

– Менің атыма 3 қосып, шыққан санды 4-ке көбейт. Одан шыққан сан менің уәзірлерімнің көбейтіндісі. Уәзірлерімнің атын тап!

Гүл бұл есепті де ойланып келіп шешеді:

$9+3=12$, $12*4=48$, $48:6=8$ немесе $48:8=6$. Уәзірлеріңіз 6 мен 8, -деп жауап береді. Гүлдің жауабына риза болған патша оны әскерімен өз әлеміне аттандырады.

Өз үйіне келген Гүл үлкендердің тілін алу керек екендігін түсініп, анасынан кешірім сұрайды.



Бакиева Анаргуль Раимджановна

Абай облысы, Жарма ауданы, Шар қаласы «Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі»КММ Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Ержанқызы Аяжан 4-сынып оқушысы



Жұмбақтар

Ең тәтті, ең қызықты
Қайта келмес бақытты шақ
(балалық шақ)

Өзі жып-жылы, өзі аппақ,
Балдай тәтті мөлдір бұлақ
(сүт)

Бұл жылдың ең жақсы күні
Күн шуақты және жарқын.
Қонаққа мен саған келемін
Мен сыйлықтар әкелемін!
(Туған күн)

Кішкентай көңілді кім?
Ішімен тез жорғалайды
Керемет бала -
Бұл менің кенжем...
(бауырым)



Имангалиева Нурсулу Аманбековна

Абай облысы, Жарма ауданы, Шар қаласы «Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі»КММ Педагог-сарапшы

Қайрат Нұржалғас 5-сынып оқушысы



Батыр!
Батыр деген кім десең?

Былай мен жауап берейін,
Көмейден жыр төгейін.

Бабам бар Батыр болған,
Елін-жерін қорғаған.
Күресте өскен қайсар боп,
Қиындыққа мойымаған.

Еліне үлгі болған,
Жеріне қорған болған
Кішіге қамқор болған,
Шәкәрім Батыр атам.

Қазіргі батырларды,
Мен былай елестетем:
Батыр деп айтар едім ойланбастан,
Дәрігерді емдеген ауыр дерттен,
Батыр деп айтар едім ойланбастан
Өрт сөндірушіні күрескен алапат өртпен.
Батыр деп айтар едім ойланбастан,
Полиция қызметкерін күрескен сан қылмыспен.

Батыр деп айтар едім
Қарапайым адамды да:
Құтқарған судан адамды,
Құтқарған өрттен адамды.
Құтқарған иттен адамды,
Құтқарған жаман адамнан баланы.

Айта берсем таусылмайды жырым да,
Бар ғой айтар тағы менің мұңым да.
Кей кездері батырлығын ескермейді,
Ұмытылып, ерліктері еленбейді.

Батыр болғым келеді мен де өскенде,
Көмектесіп қорғайтын, біреуге іс түскенде.
"Батыр туса ел ырысы" деген сөз бар,
Артынан өшпейтұғын із қалдырар.



Имангалиева Нурсулу Аманбековна

Абай облысы, Жарма ауданы, Шар қаласы «Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі» КММ Педагог-сарапшы

Туркестан Кәусар 5-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Түрлі-түске боялған ғой бұл әлем,
Балдырған шақ балғын қыздан бір сәлем.
Көздің жауын алатындай қарасаң,
Көрінеді бұл әлемде бір әсем.

Түрлі-түске боялғандай бола ма,
Бақыт құсы бізгеде кеп қона ма.
Мен әлемді көремін кереметтей,
Бар жамандық атаулыны керек етпей.



Манханова Айнур Каржаубаевна

Абай облысы, Жарма ауданы, Шар қаласы «Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі»КММ Педагог-сарапшы

Қайртайқызы Айзат 10-сынып оқушысы



«Әлемге деген көзқарасыңызды өзгертсеңіз,
әлемнің де сізге деген қатынасы өзгереді»
Марғұлан Сейсембай

Ауылда тұратын дана, мейірімді бір қария болыпты. Кемпірінен айырылған қарт кең далада мал бағып, шаруашылықпен айналысып күй кешіпті. Ауыл - тұрмыс тіршіліктің қайнаған ортасы. Мал бағу, бау-бақшамен айналысу оның қалыпты тірлігі еді. Оның 2 баласы: 1 ұлы, 1 қызы болыпты. Ұлы

әкесіне көмек көрсетіп ауылда қалса, қызы ғылым жолын қуып, көп оқып қалада еңбек жолын қуып қалады. Атаның қос тірегі осылайша жылдар өте келе оқып-біліп, өз отбасыларын құрып бақытты өмір сүреді. Ақырындап бала-шағалары да көбейіп, атайдың құшағы немерелерге толады. Ұлының балалары ауылда болғасын атасы оларды күнде еркелетіп, ауыл тірлігімен айлар, күндер өте беретін. Ал, қызының балалары жазғы демалыс уақытында ауылға атасына келіп бір марқаятын. Алыстан, қаладан келетін немерелері болғандықтан оларды аталары асыға да, сағына да күтетін.

Жазғытұры басталысымен, күн жылына сала қаладағы немерелері асықтырмай ауылға жетіп келді. Атасының төбесі көкке жетіп, бар балалары мен немерелерін жинап, дастархан жаяды. Ойын-күлкіге ұласқан немерелерінің ушуын естіп, көріп отырған қария рахаттанып қалады. Бір кезде атаның ұл-қызының кіші балалары сөзге келіп қалады. Оларды тоқтатуға асықпаған атасы аяғына дейін зең қойып тыңдайды:

-Ауылдағы өмір ол деген... Шіркін, керемет қой. Таза ауа, күйбең тіршілік. Мөлдір ауадан ой-өрісің молаяды. Сонымен қатар, мұнда бәрі дос, ауылда барлығы бір-бірімен таныс, барлығы бір-біріне қонақжай әрқашан күліп жүретін жайдары жандардың ортасы. Қысқаша айтқанда, кіндігімнің жас қаны ауылымда өмір-жаңаша! - деп атайдың туған кіші немересі туған жерін барынша мақтап тіл қатады.

Оған келіспестей атайдың қызының кіші баласы былай жауап береді:

- Ия, рас! Сенімен келіспеймін емес, толықтай келісемін. Сенің де айтарлық жөнің бар. Бірақ, қалада да өмір ағысы заманауи. Өмір тынысы бәрі-бәрі көңіл тоярлық. Дамыған қалада тұрып көп мүмкіндіктерге қол жеткізіп, ой-өрісіңді оңай кеңейте аласың! Білім алуға еш нәрсе де кедергі емес. Оның үстіне бәрі алдында дайын тұрады, оқимын деген балаға дүние есігі ашық. Абай атамыз 7-қара сөзінде былай деген екен: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі – білсем екен демелік». Мен қалада туғаныма, қалалық өмірде тұратыныма разымын. Рас, мақтанғаным емес бірақ қалада тыныс-тіршілік жақсырақ! – деп, бұл немересі қаласын мақтап дес бермейді.

Немерелерін сырттай естіп отырған ата ішек-сілесі қатып күледі. Екі немересіне кезек-кезек қарап күлуден арылар емес. Ақыры ұрысты тоқтатып, немерелеріне мақтанышпен қарап, олардың әлемге деген көзқарасына таң қалып былай дейді:

– Айналайындар-ай! Қандай ақылды едіңдер, ә? Айтқан сөздеріңнің бәрін естідім, бәріне мына мен куәгермін. Жарайсындар! Келіспеушіліктер орнаса да, екеулеріңнің де ойлау жүйелеріңнің мықтылығына қайранмын. Туған немерем сен, туған жеріңнің қаншалықты керемет, әдемі екенін ұғындырып, маңызын түсіндірдің. Ал, сен-жиен немерем, әлемге деген жаңашыл көзқарасыңды көрсетіп, білімге ұмтылуды, өмірге деген талпынысыңды ұғындырдың. Еңдеше, бір мәмілеге келіп, сөз таластыруды қойындар да, түйін шығарындар деп қана үнсіз сөзін айтып отыра берді. Бірер уақыттан кейін екі немересі бір-біріне жымия қарап, бір нәрсені ұққандай ақыры достасты.

Туған немересі отыра-отыра былай деді:



Скакова Гульмира Сатыбалдиновна

Абай облысы, Жарма ауданы, Шар қаласы «Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі»КММ Педагог-сарапшы



Еркимбекова Айзере 3-сынып

оқушысы

Шәкәрім Құдайбердіұлының нақыл сөздері

Сөзжұмбақ

1. Ұшқыны білінбейтін **ұшқыр** заман.
2. Бәріне **қанағат** қыл да, адал еңбек қыл.
3. **Көңілі** жұмсақ адамның күрмеуін тағдыр шешеді.
4. Мейірім, ынсап,**әділет**, адал еңбек, таза жүрек, тату дос-өмірінде өкіндірмес қасиеттер осылар.
5. Білімнің мақсаты- **ар** ілімін игеру.
6. **Дін** тазасын ой табар.
7. Жүрегі таза **адам** қиянатқа бармайды.

1	Ұ	Ш	Қ	Ы	Р		
2	Б	Ә	Р	І	Н	Е	
	3	К	Ө	Ң	І	Л	І
	4	Ә	Д	І	Л	Е	Т
	5	А	Р				
	6	Д	І	Н			
7	А	Д	А	М			



Ермекбаева Зарина Мұратқазықызы

Абай облысы, Жарма ауданы, Шар қаласы «Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі»КММ Педагог-модератор



Болатқазы Асылжан 3-сынып оқушысы

Туған жер!

Туған жер биік болсын байрағың,
Еліміз көрмесін ешбір азабын.
Туып өскен , шарықтай бер,туған жерім,
Асқақтай бер, өрлей бер , Шарым менің.

Көркіне көз тоймайды қарасаң,
Шаңырағың биік болсын байрағым.
Хош иісті қызыл-жасыл гүлдермен,
Көркейе бер менің туған жерім.



Ермекбаева Зарина Мұратқазықызы

Абай облысы, Жарма ауданы, Шар қаласы «Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі»КММ Педагог-модератор

Құрманбекова Ақниет 3-сынып оқушысы



Жаным менің, Қазақстан!

Қазақстаным биікке мәңгі самғасын,
Батырларым елін мәңгі қорғасын.
Өзге елден артта қалмай ешқашан,
Мақтай берсін мәңгі Елордасын !

Елбасымыз аман болсын әрқашан,
Қиын сәттер келмесінші ешқашан.
Көкбайрағым желбіреп әрқашанда,
Елім-аман, жұртым-тыныш болсын әрқашанда!

Алексеева Оксана Васильевна

Область Абай, г.Аягоз

ГУ «Общеобразовательная средняя школа №7»

Учитель начальных классов, педагог-исследователь

Ақылжанова Айтұмар ученица 3 класса

Мир глазами детей

Мир глазами детей удивительно прост

Они видят ответ, где у взрослых вопрос.

Чистота их души, как слеза,

Лишь любовь им нужна всегда.

Мир глазами детей - это ведь просто сказка!

Они нарисуют всё, что ты хотел!

Мир глазами детей, в нём только радость, веселье

И никакого отчаяния!

Дети – это ведь цветы жизни

Им нужны любовь и доверие!

Удели время своим детям!

И они нарисуют тебе всё, что ты хотел!





Оспанова Динара Тоқабайқызы

Абай облысы, Семей қаласы

Шәкәрім атындағы көпбейінді №5
гимназияның қазақ тілі және әдебиеті
пәндері мұғалімі, педагог-зерттеуші



Саменова Ерке 10-сынып оқушысы

Кер заманның құрбаны *Шәкәрім Құдайбердіұлы*

Қазақтан мендей ұл туса,
Осындай түзу жол қуса,
Хақиқат іздеп бел буса,
Ол да бір жақсы ырым-ды.

Шәкәрім

«Шәкәрім – Абайдың ерекше туған інісі еді. Қазақ поэзиясында Абайдан соңғы ең танымал есім, Абайдан соңғы ең көрнекті тұлға. Өзі өлсе де аты өшпеген. Шығармалары сақталса да, жұрт алдына жарқырап шықпаған. Өлең-жырлары, дастан-хикаялары ел аузында жүрсе де, әдебиет тарихына енбеген. Баспасөзде мүлде атаусыз қалған. Атауға тыйым салынған. Осыған керісінше ел ішіндегі даңқы өсе түскен». М.Мағауин 1988 жылы Шәкәрім шығармаларын канондық деңгейде кітап етіп бастырғанда алғы сөзін осылай жазған еді.

Шыңғыстың бір түкпірінде жатса да, Шәкәрім қажы 1917 жылы Ақпан төңкерісі жеңіске жетіп, патша өкіметі құлағаннан кейінгі оқиғаларды, оның ендігі беталысын тамыршыдай басып біліп отырғаны айдан анық. 1917 жылы «Бостандық туы жарқырап» деген өлеңін жазды. Ал келер жылы оның бостандық сүйгіш жүрегінен марш, гимн іспеттес «Бостандықтың таңы атты» деген ән-өлең туды.

Семейлік журналист Мұратбек Кенемолдиннің Семейдегі жаңа тарихи құжаттама орталығынан тапқан мына бір тың дерегі Шәкәрімнің сол тұста қоғамдық өмірге қаншалықты дәрежеде қатысқандығын айғақтайды.

Мұрағаттан табылған құжат ғұлама ақынның қоғамдағы саяси оқиғалардан сырт қалмай Көкбай Жанатаев, Халел Ғаббасов, Райымжан Мәрсеков, Ахметжан Қозыбағаров, Әлімхан Ермеков, Нәзипа Құлжанова тәрізді қазақ зиялыларымен бірге Семей уездік земстволық жиынына депутат болып сайланғандығын айғақтайды. Земство бөлімдерінде әр жылдары Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Биәхмет Сарсенов, Жақып Ақбаев, Әбікей Сәтбаев қызмет істепті.

Семей уездік земстволық жиынына депутаттарды сайлау осыдан үш жылдай бұрын, яғни, бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Семейде өткізілген сайлаудан кейін енді ғана қолға алынған-ды. Мына бір дерекке назар аударсақ,

қалалық думаның соңғы сайлауында оған бір де бір қазақ депутат болып сайланбаған болса, ендігі земстволық жиынның депутаты болып сайланған 40 депутаттың тек үшеуі ғана орыс болыпты. Соған орай, жергілікті «Дело» деген газетте әлгі екі-үш депутаттың орыс мүддесін қалайша қорғайтындығы жөнінде мақала жарияланған. Мақала авторы бұл сайлауда қазақтардың ұйымшылдық танытып, басқа шараны жиып тастағанын, тіпті сайлау күні көлікке дейін сайлап қойғанын жазыпты.

Шәкәрім земстволық жиынға 5-сайлау округы бойынша Шыңғыс болысынан бірінші болып тіркеліпті. Осы 1917 жылдың 14-қарашасында депутаттығын айғақтайтын арнайы құжат тапсырылған. Земстволық жиынның кезекті сайлау науқанын 1919 жылдың басында өткізу жоспарланған болса, ол сол кездегі аласапыран оқиғаларға байланысты өтпей қалған. Осы шақта Шәкәрім мұның сыртында Семей уезі Шыңғыс болысы бойынша халық сотының мүшесі болып сайланған.

Қалай болғанда да осының бәрі алпыстағы ақынның қоғам өміріндегі өзгерістерге орай жасарып, жаны жалындап сала бергендігін көрсетеді. Оны қоғамдық қызметімен бірге, сол шақта жазған өлеңдері де айғақтайды.

Алаш көсемдерінің ақыл-кеңесімен келер 1918 жылы Семейде Жүсіпбек пен жас Мұхтардың басшылығымен «Абай» журналы жарық көре бастады. Бұл журналға қаражат жағынан Қаражан Үкібаев сынды қазақ байлары үлкен көмек көрсеткен. Қаражан сонымен бірге Семейде қазақ баспаханасын ашуға, онда Шәкәрімнің бірқатар дастандарының басылуына да жәрдемдескен. Кейінде Семейде ту көтерген Алаш партиясына резиденция ретінде өзінің көктөбелі үйін де беретін осы кісі. Ал журналдың тағы бір демеушісі Әлихан Бөкейхановтың бір жылда туған төл құрдасы, 37-ші жылы бірге атылған мұңдасы Мұхамедхан болатын. Мұхтардан кейінгі абайтану ғылымының бірден-бір белді өкілі Қайым осы кісінің жалғыз ұлы еді. Жасынан өз үйі, өлең төсегінде Алаш көсемдерінің тізесінде отырып, солардың сарқытын ішіп өскен Қайымның Алашшыл, Абайшыл, Шәкәрімшіл, Мұхтаршыл болмасқа хақы жоқ еді. Солай болды да. Сондықтан Алаштың Семейде қалай ту көтергенін, оған Шәкәрімнің қандай дәрежеде қатысып атсалысқандығын Қайым ағаның сөзімен жалғастырсақ:

«...1917 жылы февраль революциясы жеңіп, патша өкіметі құлағаннан кейін тамыз (август) айында Орынборда бірінші жалпықазақ съезі өткізіліп, съезде қабылданған қарар бойынша Қазақстанда Алаш партиясы құрылып және губернияларда, уездерде партияның облыстық комитеттері ашылады. «Қазақ» газеті 1917 жылы 2 желтоқсандағы санында Семейде Алаш партиясының облыстық комитеті құрылғанын хабарлап, комитетке кірген кісілерді атайды. Олар: Әлімхан Ермекұлы, Райымжан Мәрсекұлы, Имам Әлімбекұлы, Ахметжан Қозыбағарұлы, Тұрағұл Абайұлы, Халел Ғаббасов, Сыдық Дүйсенбіұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Мұстақым Малдыбайұлы, Әнияр Молдабайұлы, Биамет Сәрсенұлы. Бұлардың ішінде төртеуі: Ахметжан, Тұрағұл, Халел, Әниярлар Абай елінің адамдары, ұлы ақынның шәкірттері. Абайдың ақын шәкірттері түгелдей Алаш партиясын қолдаған. Мысалы, Семей уездік земствоның мүшелері 1917 жылы «Сарыарқа» (Семей) газетінің 26 санында халыққа үндеу жариялаған. Үндеуде қол қойылғандардың ішінде

Абайдың ақын шәкірттері Көкбай Жанатайұлы мен Имамбазар Қазанғанұлы да бар. Үндеудің қорытындысында:

«Біз Алаш партиясының соңынан ереміз, анық көшбасшыларымыз сонда», - деген.

Сөйтіп, Шәкәрім бастатқан Абай шәкірттері Алаш партиясын, оның басшыларын қазақ халқының нағыз жанашыр қамқоры деп таныған, шексіз сенген.

1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынборда өткізілген екінші жалпықазақ съезінде Шәкәрім айрықша арналып шақырылады. Сол съездің қаулысы бойынша, Шәкәрім Алаш Орданың қазысы, яғни биі болып сайланады.

Ахат Шәкәрімұлының қалдырған деректеріне сүйенсек, осы қызмет атқару кезінде Шәкәрім күнде өзгеріп тұрған соншалықты қиын шақтың өзінде әділет жолынан, «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» үйреткен Абай жолынан таймаған.

Жиырмамыншы жылдардың аяғында өршіп, отызыншы жылдардың басында шырқау шыңына жеткен нәубат қалай десек те бірер күннің, яки бірер жылдың азабы емес, негізі ерте бастан ойластырылған кесапат. Соның бір ұшығы ең алдымен жуан атаның тұқымы деп есептелетін Шәкәрім қажыға тиіп жатты. Мәселен, 1924 жылы мұның Кеңқоныс жайлауындағы қорасы жерімен бірге кедей шаруалардың теліміне кеніп кетті. Ал, 1928 жылы бай-кулактың мал-мүлкін кәмпескелеу басталып, бұрынғы Мұқыр болысы Досов болып өзгерген кезде Шыңғыс елінен, оның ішінде заманында аға сұлтан атанған «шынжыр балақ, шұбар төс» Құнанбай әулетінен Шәкәрім де тізімге ілініп, жер аударылатын болды. Сөйтіп, қажының мәселесі көпшіліктің талқысына салынады. Шәкәрімді көпшілік қолдап шығады. Сөйтіп, Шәкәрім төніп келген бір қатерден аман қалады.

1930 жылдың көктемінен ішінара басталған аштық біртіндеп күшейе түседі. Терең ойластырылған сұрқия саясат кесірінен болған аштық кезінде шолақ белсенділер елге қырғидай тиеді. Шақпақтағы Саят қорасында жатқан Шәкәрім Қара күнгей мен Хан өзенінің бойындағы өз әулетін шамасы келгенше аң етімен асырап, сақтаған болды.

Бірақ өкінішке орай саяси ахуал да, халықтың жағдайы да күн өткен сайын шиеленісе берді. Шыңғыс елінің бір топ азаматтары кеңес өкіметіне қарумен шығуға бел байлап, елді көтеріліске шақырып, жасырын үгіт жүргізе бастады. Көтерілісшілер ГПУдың тыңшысы деп есептеген Рамазан мұғалімді әйелі Рәпішпен бірге таң ата атып тастайды. Мұнан кейін қазіргі Кеңгірбай би ауылында РКИ (жұмысшы шаруа инспекциясы) бастығы Олжабай Шалабайұлын өлтіріп, Қарауылға шабуыл бастайды. ГПУ басшылары алдын ала әзірлікпен, ел оянбай тұрып өздерін қоршап кеп қалған көтерілісшілерге қорған ішінен оқ жаудырады. Көтеріліс басшыларын атып, сүйегін құдыққа тастайды. Қашып құтылғандар өмір бойы қуғындалып, аңдуда болып, өлместің күнін кешкен.

Шәкәрім қажы алғашқы күні-ақ «көтерілістің басшысы, ұйымдастырушысы» атанып шыға келеді. Сол дақпырт күн өткен сайын өрши түседі. Ақын да оқиғаның қызуы басылып, сабасына түскенше ГПУдың қолына түскенді жөн көрмей, бой тасалап, жасырынады. Шәкәрімнің Саят қорасына

барған ГПУ тобы оны таба алмай, қашқындарға қосылды деп есептеп, жоғары жаққа «көтерілісті Шәкәрім ұйымдастырды» деп хабар жазумен болды.

Содан бір ай өткенде Тәңірбергеннің немересі Бердеш, өз баласы Зият, Солтабайұлы Қасымбек келіп, өздерімен бірге ақынды Қытайға ала кетпек болады. Бұл арада Зияттың мақсаты әкесін, оның шығармаларын аман сақтап қалу болса, басқалары пендешілікке салынып, бөтен елде ақынның беделін өзіне қалқан еткісі келген де сияқты. Бірақ Шәкәрім қартайған шағында жат елге қаңғып барып өлгенді өзіне намыс көрген.

Шәкәрім оларға ермегенмен Қытайға қалай жетудің, шекарадан қалай өтудің барлық жолын кестеге бізбен өрнектегендей етіп, сызып беріпті деседі.

Бердеш пен Қасымбек қажыны қашуға көндіре алмаған соң, Қарабала (шын аты Рахымбек) тепсініп: «Бұл сақалыңды ұрайын текеге неменеге жалынамыз, атып тастайық!» деп мылтығын оқтап атуға дайындалғанда, Қасымбек оның қолын қағып жіберген. Сол сәтте оқтаулы мылтық атылып кетіп, шошаланың түбін қопарып түсірген. Сонда Шәкәрім: «Жоқ, болмайды екен. Сендермен бірге барайын. Маған жарты сағат уақыт беріңдер. Мен жазбаларымды тастың арасына тығып келейін», -депті. Оның қасына төрт кісі қосып жібереді. Керегетасқа ілінгенде сай арасынан қуғыншылар шыға келеді. Қасындағылар бет-бетімен қаша жөнелгенде, Шәкәрім қашпай қуғыншы отрядқа қарсы жүреді. Сонда Қарасартов жақын жерден көріп, біле тұра жандайшабы Халитовқа «ат!» деп бұйрық береді. Ақынның «Мен керекпін... атпандар!» деген сөзі есепке алынбайды. Әкесіне ұмтылған Зиятты қасындағылар әрең ұстап қалады. Содан олар сол беті Қытай асып кетеді.

Осы Халитовтың Шәкәрімді атып тастағанын мақтан етіп, сан мәрте кеудесін кергенін көргендер айтып кетіпті. Бірақ Қарасартов көп ұзамай оны еліне жылжытып жіберіпті. Қанды оқиға куәсі азая берсін деген ғой.

Сөйтіп, Шыңғыстау көтерілісінен кейін тура бір айдан соң Қарасартов жолсыз жазаға барып, жазықсыз ақынның түбіне жеткен. Бақанасқа жеткізілген ақын сүйегі жасырын түрде ауылдың нақ іргесіндегі құрқұдыққа көміледі. Қажының жаназасын шығарып, арулап қою жанын Ібіліс иектеген Қарасартовтың ойына да келмейді. Бірақ қанша тарығып, ашыққанмен, езіліп еңселері түскенмен, ел елдігін көрсетеді. Қажының ежелден сыйласы Керімқұл сол шақта есін біліп қалған ұлы Қабышты еш сескенбестен қорқаулардың ізін аңдуға салып қояды. Солайша Қарасартовқа қажы сүйегімен бірге шындықты қоса көмуге жол берілмейді.

КСРО Бас прокуратурасының 1958 жылдың 29 қазандағы шешімімен Шәкәрім Құдайбердіұлы қылмысы жоқ деп ақталады.

1960 жылдың қысында Ахат Шәкәрімұлы араға отыз жылды салып, туған жеріне, Абай еліне келген. 1961 жылы құрқұдықта отыз жыл жатқан әке сүйегін жалғыз өзі қазып алып, Жидебайдағы ағасының жанына әкеп жерлейді.



Толеконыр Жадыра Кунанбаевна

Абай облысы, Семей қаласы
«№15 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-сарапшы

Биқатаева Диана 10-сынып оқушысы



Шәкәрім атамен сырласу

Сіз - ұлысыз!
Ұлылар жалғасысыз,
Адам жаны сүре ме
Жан азықсыз?
Құр құдықтан естілген ғасыр үні,
Шыңғыстау да бүгінде қалмас үнсіз.
Сіз - биіксіз!
Ар тұрар биігінде,
Ар, ынсап жанмен болған иірімде.
"Үш аныққа" қанық па бүгін қазақ?
Ардың кетіп бара ма сыйы күнде?
Бет моншағы үзілген қоғам көрдім,
Өзгерген бе адамзат күйі мүлде?
Сіз - тағылымсыз!
Шежіре қатпарлары,
Сан ғасыр өтсе де өлең сақталады.
Сөйлейді аманат боп жырың, ата,
Ажыратып бердің ғой ақ-қараны.

Иә, ата, мен рухани бақ таба алам(ын),
Халқыңа да ризамын ақтап алған.
Шыңғыстауға қарасам сені көрем(ін),
Әр мұраңда тарих бар хаттап алған.
Ар-іліммен жүрем(ін) де өзің салған,
Ойыма әр сөзіңді жаттап алам(ын).

Шаһкәрім арда бабам!



Бахтиярова Анаргуль Мухаметкаримовна
Абай облысының білім басқармасының
Көкпекті ауданы білім бөлімінің Ақой ауылы
«А.С.Пушкин атындағы ортамектебі» КММ

Ахметқан Айзере 6-сынып оқушысы



Жалқау Ержүрек

Ертеде Ержүрек деген бала өмір сүріпті. Оның жалқау болғаны сонша, күн жарқырап, оған күлімсіреп қараса да, Ержүрек төсегінде жатып, түскі асқа дейін ұйықтауды жөн көрді. Оның ата-анасы алаңдаумен күндер өткізді: Ержүректі мәңгілік ұйқысынан қалай оятуға болады?

Бір күні Ержүрек ерекше түс көрді. Оның ішінде Алиса есімді пері пайда болды. Ол Ержүректің жалқаулығы оның қабілетін төмендететін және өмірде жетістікке жетуге кедергі келтіретін зұлымдық екенін айтты. Пері Ержүректің жалқау әдетінен бас тартпаса, ол жалғыз әрі бақытсыз болатынын айтып, жалқау адамның болашағын бейнебаян ретінде көрсетіп берді.

Осы оғаш түстен оянған Ержүрек пері Алисаны тыңдауды ұйғарды. Ол бірдеңе істеу керек екенін түсінді. Ол батыл төсегінен тұрып, бөлмесіне қарады. Көптеген шашыраңқы ойыншықтар мен кір терезелерді көрген Ержүрек өзін қолға алатын кез келгенін түсінді.

Ержүрек күні бойы бөлмесін жинап, ата-анасына көмектесумен болды. Кешке қарай бала өзін ерекше мақтан тұтты. Еңбек пен белсенділік жалқаулық бере алмайтын қанағат пен бақыт әкелетінін түсінді.

Күн сайын Ержүрек белсенді әрі жауапты болды. Ол ерте оянып, бұрын қызықпаған істермен айналысуға уақыт таба бастады. Ол спортпен айналыса бастады, жаңа дағдыларды үйрене бастады, тіпті сүйікті хоббиі - сурет салуды тапты.

Уақыт өте келе Ержүрек өзінің ата-анасын оқудағы жетістіктерімен және энергиясымен қуанта бастады. Ол мектепте көшбасшы болды, достарына әрқашан көмектесуге дайын, тіпті әртүрлі әлеуметтік жобаларға қатыса бастады. Ержүректің өмірі оның белсенділігі мен жалқаулықтан бас тартуының арқасында жақсы жаққа өзгерді.

Ержүрек бұрынғыдай жалқау бала емес еді. Белсенділік пен еңбексүйгіштік бізді мықты әрі табысты ететінін түсінді. Ержүректің әңгімесі сабақ болады: жалқаулық - бақыт пен сәттілікке кедергі, бірақ белсенділік пен өзін-өзі жетілдіру - жақсы және жарқын өмірдің кілті.



Абадилова Айжан Қайроллақызы
Абай облысы, Семей қаласы
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның
қазақ тілі және әдебиеті пәндері мұғалімі,
педагог-зерттеуші



Ниханова Айназ 9- сынып оқушысы

Тіл- байлығым

Қазақ тілі- туған тілім, төл тілім,
Нағыз бақыт тілде жатыр, қадірлім.
Сол бақытты біреу білсе, біреу білмес,
Білмеген соң не сұрайсың, дым білмес?!

Сол қадірді сақтау үшін қанша жан,
Қанша тұлға, қанша жүрек, қанша адам.
Ұрпағы үшін, жері үшін деп мәңгілік,
Ойлаусыз-ақ, біз үшін деп жан қиған.

Ал енді сол заманда қанша адам,
Қанша жаза қолданса да, мына ғалам.
Тілімізді жоғалтуға жол бермей,
Білім берген тұлғалардан үлгі алам.



Абадилова Айжан Қайроллақызы
Абай облысы, Семей қаласы
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның
қазақ тілі және әдебиеті пәндері мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Саматаева Диана 9 – сынып оқушысы



Алаштың ордасы – Семей

Семей – мыңжылдық тарихы бар, қазақ жеріндегі көне шаһардың бірі. Семей мен үшін Алаштың астанасы, ақыл мен ойдың, өлең мен жырдың саңлақтары туған киелі ел. Мен осы жерде туғанымға қуанып мақтанамын!

Туған жер – ол біздің алтын бесігіміз, кіндік қанымыз тамған жер, анамыз. Адамзатта екі ана болады: жарық дүниеге әкелген анасы және де осы дүниеде өз бауырында аунатып өсірген жер анасы, туған жері. Туған жердің қадірін әр

адам әр қалай түсінетін шығар. Ал мен үшін туған жердің қадірі, дүниедегі ең ұлы таңғажайып кереметтермен пара-пар. Осы мекенде менің көңілді, шаттыққа толы, уайымсыз балалық шағым өтуде.

Семей өңірі қазақтың ұлы ақыны Абайдың, философ-ойшыл Шәкәрімнің, әдебиет майталманы М.Әуезовтің және дүние жүзіне танылған атақты әнші Әміре Қашаубаевтың туып-өскен жері және мен осыны мақтан тұтамын. Одан бөлек Семейдің тарихынан сыр ақтаратын ғимараттар бар. Абайдың, Достоевскийдің мұражайы, Алаш арыстары – М.Әуезов мұражайы – бұл мұражай еліміздегі Алаш арыстарына арналған тұңғыш мұражай. Бір мұнаралы мешіт, Түйемойнақ аралындағы «Өлімнен де күшті мемориалы» бар. Бүгінгі Семей қаласы облыс атағын алғаннан бері дамып келеді. Кең алқапты саябақтар мен көрікті мекендерге, тарихи жәдігерлеріміздің сақталуына да көңіл аударылуда. Туған жерім – тарихи- мәдени орталықтың ошағы.

Қорытындылай келе айтқым келетіні, “Атамекен – алтын бесік”–деп, ата - бабамыз тегін айтпаған. Ол өз перзентіне барын, нәрін береді. Төсінде тербетіп, аялап әлпештейді. Сол себептен әр адам өз туған жерін мақтаныш етеді, қадір тұтады. Мен өзімнің туған жерім Семейімді жақсы көремін. Туған жеріміздің – қазақ елінің қадірін біле жүрейік дегім келеді.

Абай облысы, Семей қаласы
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның
Бейсенғали Аяжан 10 - сынып оқушысы



Туған өлкем киелім, мақтанышым!

Қай адам болмасын өзінің кіндік қаны тамып, балалық балдәурені өткен жерін «Туған өлкем» деп мақтаныш тұтады.

Менің туған өлкем - Абай, Шәкәрім, Мұхтардай дана, ұлы тұлғалар өмірге келген жер - Қарауыл ауылы. Менің осы жерде болашақ тұлға ретінде алғашқы кірпіштерім қаланды. Ол мені құшағында мәпелеп өсіріп қана қоймай, дала тәлімі мен тәрбиесін беріп, адам ретінде қалыптастырды.

«Туған жердің түтіні де ыстық» дегендей, ондағы жасыл түгі басылмай керіліп жатқан кермиық кең дала мені сабырлылық пен салмақтылыққа, ал анда-санда әрлі-берлі сипай өтіп, қытығыңа тиетін барары мен келер жері беймәлім ерке жел еркіндікке үйретті. Сыңғыр күлкісі еріксіз елітетін бұрымды өзен-ару бір байыппен сылдырай ағып тазалыққа, Қарауыл төбе төзімділік пен байыптылыққа баулыды.

Мен өз туған жерімді ыстық та, құтты қоныс деп білемін.

Біріншіден, туған жерім Абай, яғни Қарауыл ауылы болғандықтан, мен үшін бұл өлке өмірімдегі маңызды әрі ерекше орын алады. Себебі, Шыңғыстау – қазақтың маңдайына Абайдай дара дананы өз заманында халқына қорған бола білген, ақиқат жолында нар тәуекелге барған ерекше рух иесі – Абай атамыз дүниеге келген, Шәкәрімдей ғұлама дарияны, Мұхтардай алып дарынды сыйлаған аруақты өлке. Шыңғыстау – Хан биігінде атақты Шыңғысханды киізге отырғызып, хан көтерген киелі өлке.

Екіншіден, туған өлкем - мені өмірге әкелген қымбат адамдарым - ата-аналарым, құлын-тайдай тебісіп, бірге өскен сырлас құрбы-құрдастарымның болуымен ыстық. Қайткенмен де, бұл жерде өткізген әрбір кезең есте қаларлықтай сәттерге толы болғаны сөзсіз анық.

Ал үшіншіден, ауылдағы адамдардың пейілі кең, көңілі дархан. Қуаныш-қайғыны бірге бөліседі, сыйластықтары мықты. Адамдардың жүзінен мейірім төгіліп тұрады. Өзіңді еркін, жайлы сезінесің. Сонысымен де туған өлкем – ерекше!

Бүгінде руханияттың Меккесі, Алаш Орданың астанасы – Семей қаласында тұрып жатсам да, туған өлкем Қарауылды ешқашан ұмытқан емеспін. Тағы бір айтарлығы, жақында хакім бабамыздың есімімен «Абай облысы» атандық. Бұл да - біздің өлкеміз үшін үлкен мәртебе, мақтаныш!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсам, дәл қазіргі сәтте кеудемді жарып шығып, сағыныш сазынан жаралған жүрекжарды сөздерімді ақ параққа жайып тастап отырмын. Ауылым - менің туған өлкем! Сондықтан, қазақы тәлім - тәрбиенің ордасы ауылым гүлденіп, өркендеуі үшін болашақта бар күш – жігерімді сала отырып, елімнің дамуына үлесімді қосамын деген ойдамын.

Абай облысы, Семей қаласы
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның
Берікова Зере 10 – сынып оқушысы



Балалық шағым – бал шағым

Балалық шақ... Адам өміріндегі ғажайып әрі ертегіден де әсерлі уақыт. Өмірдің ең қызық бөлшегі сағындыртпай, аңсатпай қоймайды. Ешнәрсе уайымдатпайтын, шытырман, қызыққа толы күндер, көңілді ойындар, әжеңнің ертегісін тыңдап жатып ұйықтайтын кездер жанымызға жылу ұялататыны анық. Көбіміз осы уақытты бағалай алмадық, есеюге асықтық... Менің де балалық шағымның дәурені өтіп, үлкен өмірге қадам бастым. Бірақ балалық шағымның әрбір сәті мәңгілік жадымда қалады.

Сіз балалық шақ дегенде ойыңызға бірінші не түседі? Менің ойыма ең бірінші жазғы демалыс кезі түседі. Жазғы демалыстың өзі- бір жеке өмір. Өз басым каникул сайын ауылды аңсап, бір ай бойы ауылда дем алатынымын.

Ауылдағы достарыммен бірге өзенге шомылуға барып, одан соң алаңға барып доп ойнайтынбыз. Күнде әжем кешкі асқа саяжайдан өзі өсірген қияр, қызанақтан салат, түрлі бәліштер дайындайтын еді. Әжемнің үйінде кішкентай күшіктер болатын, солармен ойнап, тамақтандырып, шаршап келіп үйге кіре салысымен бірден ұйықтап қалатынмын. Одан бөлек ата-анаңмен басқа қалаларға саяхат жасап, Қазақстанның түрлі көркем әрі қасиетті жерлерімен танысып көруін еш нәрсеге тең келмейтін бөлек сезім болатын. Ата-анаңның мейірімінде, бауырыңмен ойнап уақыт өткізу ең тәтті уақыт. Ертегідей айналаң жарық-шуаққа, жылуға, мейірімге толы, үйдегі бар тәттілер саған тиесілі ғажайып уақыт.

Менің туған күнім жазда болғандықтан, мен бұл күнді ерекше күтетін едім. Таңертен барлық жақындарым қоңырау шалып құттықтап, жылы лебіздерін білдіретін. Одан соң сен әке-шешеннен сыйлықтарды алып, төбең көкке жететін. Бұл сыйлықтарды мен өз бауырыммен бірге ашатынмын. Анамның дастарқан жайып, қонақ күтіп, үйді безендіріп қояды. Туысқандарым да сыйлық, қуыршақтар беріп, жылы сөздерін айтатын. Бұл күндер жанымға ерекше жылу ұялатады.

Адамдардың көбі өз балалық шақтарына қайта оралғысы келеді. Бірақ уақытты артқа жылжыту мүмкін емес. Сондықтан мен әрбір балаға балалық шақты бағала дегім келеді және ата-аналарға да балаларының жағымды естеліктерін көбейтіп, барынша қамқорлық танытуға шақырамын.

Абай облысы, Семей қаласы,
Шәкәрім атындағы
көпбейінді №5 гимназияның
Төлеубек Нұрасыл 10-сынып оқушысы



Кітап

Бар білім осы кітапта,
Тоқу керек санаға,
Пайдасы да жетерлік,
Оқи берсең тереңдеп.
Оқу керек кітапты,
Сонда білім болады!
Оқымасаң егер де,
Дымбілмес болып қаласың!
Оқу керек сондықтан,
Бар пайда осы кітаптан,
Оқысаң сен егер де,

Білімді болып шығасың!
Барлық ғылым, білімді,
Кітаптан ғана аласың!
Білімді болсаң егер де, пайдаң тиер еліңе!
Ешқашанда ерінбе,
Оқу керек сондықтан, білімді болып шығасың!

Қазақстан

Қазақ елі көркейе бер гүлдене!
Көк байрағың желбіресін биікте!
Қазағыммен мақтанамын әр күнде,
Жаса, жаса қазақ елі мәңгіге!
Табиғаты қазағымның көркем ғой,
Сылдыр бұлақ, биік таулар тамаша!
Елім менің, жерім менің өсе бер,
Мәңгі жаса, көкке өрле, ұлы елім!

Сүлейменова Динара Толегеновна

Абай облысы, Семей қаласы
Шәкәрім атындағы көпбейінді
№5 гимназияның қазақ тілі және әдебиеті
пәндері мұғалімі, педагог-зерттеуші
Сәрсен Асылай 9-сынып оқушысы



Абайға

Алашына тура жолды нұсқаған,
Абай салған жолды мен де ұстанам.
Біле білсең Абай деген қазына,
Қазынадан мен қалайша тыс қалам?!

Іздегенің ұлы Абайдан табылар,
Әр сөзінің мағынасы, мәні бар.
Абай деген қанаты бар қас тұлпар,
Жарыса алмас жортақ шабан жабылар.

Абай деген ол бір алып бәйтерек,
Дей алмаймын көптің бірі, жай терек.
Абайы бар біздің қазақ бақытты-ақ,
Абайымыз болмағанда қайтер ек?



Абай облысы, Семей қаласы
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның
Берикханова Ақерке 9-сынып оқушысы



Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...

Бауыр деп бір ана, бір атадан туып, бір шаңырақтың астында ер жетіп, бойжеткен адамдарды айтамыз. Алайда «бауыр», «бауырмашылдық» деген ұғымдардың аясын тек қандық туыстықпен немесе бір үйде өмір сүрумен ғана шектеуге болмайды. Бауыр деген – халық, бауыр деген сенің жаныңдағы адамдар.

Жалпы, бұл дәйексөзді қазақтың мақтанышы Абай Құнанбаев атамыз болашақ ұрпаққа нұсқау ретінде қалдырған ба деймін. Қазіргі қоғамда барлық адам бір-біріне бауыр ма?

Қоғамда дені сау адамдар да, науқас адамдар да өмір сүріп жатыр. Науқас адамдардың өзі де өмірге бір мақсатпен келеді емес пе? Өкінішке орай, қазіргі таңда кейбір адамдар мүмкіндігі шектеулі адамдарды бөлектеп, жағымсыз сөздер айтып, көңілдеріне қаяу түсіріп жатады. Керісінше, өмір сүруге деген мотивация беріп, шабытын ашуымыз керек емес пе?! Әрине, қазіргі таңда бұл адамдар бір нәрсеге қабілеті болмаса, басқа жақтан қабілетті, өнерлі болып келеді. Бұған дәлел қазақтың ақын, әнші қызы Ажар Жұртыбайқызы туралы айтқым келеді.

Бала күнінде екі көзі соқыр болып қалғанымен, «сол жарық дүниені көре алмадым» деп қайғыра жазған өлеңдері ел ішінде танымал болады. Бұл әнші-ақын қызды Абай өзі байқап қалып, танысады. Абай атамыз Ажар қыздың өнеріне тәнті болып, өзі жазған өлеңдерін Ажарға оқып, шабытын ашады. Абай атамыз дүниеден озғанда Абайдың өлеңдерін, нақыл сөздерін халыққа жеткізушілердің бірі осы Ажар болған. Абай атамыз бұл жерде өзі бұрын білмеген адамға бауырмашылдық танытып, оның махаббатпен өмір сүруіне себепкер болып отыр.

Жер бетінде ешбір адам алауыздық, жек көрушілік, дұшпандық дегендерді жақсы деп атамайды. Бірақ айналамызда бір-бірімен дұрыс бауыр бола алмай жүрген адамдар көп екендігін де ешкім жоққа шығара алмайды. Адамдар арасындағы бауырмашылықтан артық байлық жоқ екендігіне күн сайын көзіміз жетіп жатыр. Бір кездері бүкіл әлемді жаулаған пандемия, COVID-19, кезінде

бір-біріне бауырмалдық таныта білді. Дәулет Мұқаев, Айнұр Тұрсынбаева сияқты қоғам мүшелері халықты бір ортаға жинай біліп, ауруханаларды тыныс алу аппараттарымен қамтамасыз етті. Мұның өзі бауырмалдықтың үлкен көрінісі деп айтуға болады.

Сондай-ақ, таяуда ғана Түркия елінде болған алапат жер сілкінісі бүкіл әлемді дүрліктірді. Қаншама адам үйсіз-күйсіз, жалаңаш қалды, оны қойшы, туғанынан айырылғандар қаншама! Міне, осы кезде әр мемлекет бір-біріне бауырмалдықтарын көрсете алды, көмек қолын созды. Бұның өзі жер бетіндегі мұсылман адамдардың бір-біріне деген татулықтары деп айта аламын.

Қазіргі кезде жастардың арасында біреудің сөзіне еру, арандап қалу деген өте көп. Осы мақсатта сыныпта діни экстремизмге қатысты сынып сағаттары өткізіледі. Экстремизм мүшелері көздеген мақсаттарына жету үшін ешнәрседен қаймықпайтындығын, тіпті, өздерін құрбан етуге әзір екендігі туралы айтылды. Осылайша күш, қару қолдану және заңдар сенім - нанымдарды аяққа таптап, дін атын бүркемелеп, діттегендеріне жетуге тырысатындығы, өзі үшін бөгде пікірде саналатындарды түрлі амал - айдалармен арандатуды ойластыратындығы туралы да айтылды. Мұндай келеңсіз істердің алдын алу үшін арнайы ұйымдар жұмыс істейді. Еліміздің бейбітшілігіне жауап беретін де мына біз.

Ойымды қорыта келе, қазақ елі ежелден тыныштықты, берекені қалайтын ұлт. Сол себепті бағзы заманнан берекеміздің бөлшектенбеуі де осы татулығымыздың, тыныштығымыздың арқасы болар. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген атам қазақ жаңылмаған. Себебі, қазақтардан пана тапқан барша «бауырларымыз» алғысын айтып, мақтауымызды келтіріп, даттауларды теріске шығарып отырады. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген Хәкім Абай атамның қалдырған өсиетінің өзі елді бірлікке, берекеге шақырып тұрғандай. «Берекенің бастауы – бірлік» екендігін ұмытпаған жөн.

Абай облысы, Семей қаласы
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның
Құрманғали Ботагөз 9-сынып оқушысы



Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...

Өмір адамдардың қарым-қатынасына толы ерекше әлем. Осы әлемдегі адам мен адамның қарым-қатынасы қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі. Дәл осы қарым-қатынас көптеген мәселелерді шешеді.

Менің ойымша, әрбір адамзат бірін-бірі сыйлап, аса құрметтілікпен араласу қажет. Себебі, адамдар бірін-бірі сыйлайтын әлемде тату-тәтті өмір сүреді деп ойлаймын. «Адамның күні адаммен» дегендей, адамзаттың достығы,

қарым-қатынастарының дұрыстығы да маңызды. Егер біз дәл адамдардың қарым-қатынасын түзей алсақ, әлемді дұрыстай аламыз. Біз әр адамды бауырымыздай жақсы көру керекпіз. Егер дәл осындай қарым-қатынас болса әлемде түрлі соғыстар, қақтығыстар, дүние-байлыққа деген қызығушылық болмаушы еді.

Біз ең алдымен жас ұрпақтың тәрбиесіне көңіл бөлуіміз керек.

Жас ұрпақ түрлі ағымдардың соңына ілесіп кетпес үшін олардың ерік-жігерін тәрбиелеу керек. Әр түрлі ағымдарға ілесіп кететіндер жігері әлсіз немесе қатыгез адамдар болуы мүмкін. Осындай адамдар экстремистік топтарға кіріп кетуі де ғажап емес. Экстремизм мүшелері көздеген мақсаттарға жету үшін ештеңеден қаймықпайды. Тіпті, өздерін құрбан етуге әзір. Сондықтан, оның алдын алу үшін мектептерде үнемі түсіндіру жұмыстары, іс-шаралар өтіп тұруы керек.

Қазіргі кезде өзекті мәселе – адамдардың бір-біріне деген сенімсіздігі. Адамдар бір-біріне сенуді үйреніп, адам бойында сенімділікті орната білу керек. Сенімділік болған кезде әлем көлеміндегі мәселелердің саны азаюшы еді.

Біз адамдарға деген дұрыс қарым-қатынасты өзімізден бастауымыз керек. Тек өз басымыз үшін ғана емес барлық адамзат, мемлекетті ойлау керекпіз. Әр адам қоғамның бір мүшесі деп қарастыру керекпіз. Адамға мейіріммен қарай отыра біз әлемдік көзқарасты өзгертеміз. Әр адамды, әр саланың адамына сыйластықпен, мейірімділікпен қарасақ, ол адамның жүзіне күлкі сыйлаймыз. Психологиялық тұрғыдан қарасақ адамдармен қарым-қатынасымызды түзете отыра, әр адамды бауырым деп қабылдай білетін адамның өмірі жеңіл, жарқындылыққа, жақсылыққа толы болады. Қоғамдық өмірде де адамдармен қарым-қатынасымыз дұрыс болса, жұмысымыз алға қарай жүреді. Адамзаттың бәрін бауырым деп қабылдай алсақ, оның өзі бір батылдық. Бұл жүректің үлкенділігі адамның пейілінің кеңдігін білдіреді.

Қорытындылай келе, «Адамзаттың бәрін сүй бауырым» деп Абай атамыз айтқандай адамдарға сыйластықпен, мейірімділікпен қарай білуіміз қажет. Кең пейілді және ақ жүректі болуымыз қажет. Адамзатқа мейірімділікпен қарай отыра әлемді, қоғамдық өмірді өзгертеміз. Әлемді өзгерткің келсе оны адамдармен қарым-қатынасыңнан баста.



Абенова Динар Бектуровна
Абай облысы, Семей қаласы
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның
қазақ тілі және әдебиеті пәндері мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Акимов Мейірлан 8 «А» сынып оқушысы

Кітапханашы апайларға

Кітапхана жұмысы белес еді.
Ұстаздармен еңбектері теңеседі.
Кітап оқып, көп білген оқушының
Жарқын болар алдағы келешегі.

Сол кітаптың иесі, сақтаушысы-
Кітапхана апайларының мерекесі.
Амандықта болсыншы деп тілейміз
Арта берсін үйінің берекесі!

Абай облысы, Семей қаласы
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның
Серікқажы Жаннұр 8-сынып оқушысы

Кітапханашылар күніне

Оқырманын сусындатқан білімменен,
Қашан барсаң, жүздері күлімдеген.
Құттықтайды 8 «А» балалары,
Кітапхана апайлардың күніменен!

Оқу десе ғаламға таралады,
Біз де бармыз оқумен ұштасқан саналары.
Кітап десе тауысып оқитұғын,
«Шәкәрімнің» білімді балалары.

Абай облысы, Семей қаласындағы
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның
Ануарбеков Арслан 8-сынып оқушысы

Тұрар-тұғыры биік тұлға

Тағдыры толы азап, мұң.
Көп емес тіпті аз-ақ тым.
Көксегені- азаттық,
Қайран елім қазақтың.

Үлгі болар Тұрарым қыз бен ұлға,
Талай еңбек сіңірген сол бір жылдар.
Тарихта ойып тұрып орын алған,
Қазақ үшін тұғыры биік тұлға.

Абай облысы, Семей қаласындағы
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның
Елеуханова Анель 8-сынып оқушысы

Кітапхана - білім ордасы

«Кітапхана – білім ордасы» деп бекер айтылмаған, себебі кітапхана болмаса, біздің біліміміз аз болушы еді. Кітапхана арқылы біз көптеген қызықты әрі керек ақпараттарды аламыз. Ал кітапханада жұмыс істейтін апайлардың еңбегі зор. Әр кітапханада өзінің кітап қоры болады. Сол кітаптарды оқып, біздің ойымыз кеңейіп, көп нәрсені біліп, біліміміз молаяды. Біз өмір бойы кітапты қажет етеміз, кітап арқылы біз білмегеніміздің жауабын табамыз. Кітап болмаса, халық түк білмеуші еді. Кітап деген - керемет құралдың бірі. Кітапсыз өмір жоқ. «Кітаптың бетін ашсаң, ары карай оқи бергің келеді», -деп Ыбырай Алтынсарин айтқан. "Кел, балалар, оқылық" өлеңі арқылы да жас балаларды жарқын болашаққа бағыттап, кітап оқып, білім алу керектігіне тоқталады.



Жексембаева Жазира Амантайқызы

Абай облысы, Семей қаласы

Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның

қазақ тілі және әдебиеті пәндері мұғалімі,

педагог-сарапшы

Бақыт Дильназ 9-сынып оқушысы

Тәуелсіз елім

Тәуелсіздік күні келді ел аңсаған,
Өтіп кетті ел басынан қиын заман.
Тыныштықта болса екен бар халқымыз,
Келешек ұрпақ біздің болсын аман.

32 жыл, тәуелсіздік алғалы,
Жарқын күндер бірін-бірі жалғады.
Қандай жақсы, президентіміз болғаны,
Азаттықтың туын ұстап тұрғаны.

Құтты болсын айтулы бұл мерекеміз,
Арта берсін әрқашан берекеміз!
Қиындықпен келген осы Тәуелсіздік,
Мақтанышпен айтып оны біз өтеміз!

Тыныш өткен әрбір күнге алғыс болсын,
Әрбір қазақ отбасына бақыт қонсын.
Тәуелсіздік үшін өзін құрбан еткен
Аға, әпкесін барлығы мақтан тұтсын!

Қазағым тәуелсіз болып қала берсін,
Қайтпас мінез бар екенін бәрі көрсін!
Тәуелсіздік тұғыры биік болып,
Аз қазақтың бар бағы жана берсін!

Абай облысы, Семей қаласы
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның
Жұмабекова Айжан 9-сыныбы оқушысы

Туған елім

Туған елімнің тәуелсіздік алғанына 32 жыл болды. 1991 жылы ата-бабаларымыздың қаншама уақыт армандаған егемендігін алдық. Шындығында, қазір бейбіт өмір сүріп жатқанымызға тәуелсіздікке шүкіршілік етуіміз керек. Себебі қазақтың басынан өткен қаншама тер, қиын тағдырлар бейбіт өмірге ешбір дүниенің жетпейтінін көрсетіп тұр. Егеменді елде өмір сүріп жатқан қазіргі ұрпақ-нағыз бақытты ұрпақ. Әлбетте, бұл үлкен бақыт қана емес зор жауапкершілік. Тәуелсіздік алғанымызға тым ұзақ жылдар болмаса да, көптеген жетістіктерге, мақсаттарға жеттік. Елімізге ғана танылмай, әлемге танылды. Дүниедегі түрлі елдермен байланыс орнатып, еліміз басқа мемлекеттермен теңескен. Ендеше, егеменді ел атанған Қазақстан үшін ең маңызды мерекелердің бірі болуы тиіс. Тәуелсіздігімізбен келген құндылықтардың маңызын ұмытпайық. Тіл, салт-дәстүр, рәміздерді білу әр адамның парызы.

Қорытындылай келсек, біз ғасырлар бойы қаншама ата-бабаларымыз арманы болған тәуелсіздігіміз, ұлттық мемлекет құру мақсатының жүзеге асқан заманында өмір сүріп жатырмыз. Біз тәуелсіздігіміз бен мақтануымыз керек! Тәуелсіздік тұғырлы болса, Елімізде де мәңгілік болады!

Абай облысы, Семей қаласы
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның
Уалхан Шұғыла Қасымқызы 9-сыныбы оқушысы

Менің туған өлкем

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің туған өлкем!

Туған өлке... Осы бір сөздің құдіреті ерекше. Туған өлке, туған жер дегенде, кімнің де болса бойы дір етері анық. Туған жер - ол Отан ана, тарихың. Туған жер - сайран салып, қызықты балалық шақты өткізетін жер ғана емес, ол сенің өткенің мен болашағыңның ұштасуы, сенің болашақта орын табуыңа әсер ететін жақының секілді. Әр адамның туған жері өзіне ыстық.

Менің ойымша, адам баласы үшін туған өлкесінен артық еш нәрсе жоқ. Өйткені осында өсіп, гүлдеп жайнадым. Қасиетті осы жерде туып, білім алдым. Ата-анамның қасында балалық шағымның қызық пен бақытқа, шаттыққа толы, еш алаңсыз күндерім өтіп жатыр...

Менің туған жерім - қасиетті, құтты қоныс. Ол мені құшағында мәпелеп өсірумен қатар тәрбиесін беруде. Оның төсінде үйренгенім мен түйгенім

көп. Өлкемнің жасыл түгі басылмай керіліп жатқан кермиық кең даласы мені сабырлылық пен салмақтылыққа, кеңпейілділікке тәрбиелеуде. Ал жаныңа тыныштық сыйлап, анда-санда әрлі-берлі сипай өтіп, қытығыңа тиетін барары мен келер жері беймәлім ерке желі мені еркіндікке үйретсе, сыңғыр күлкісі еріксіз елітетін Ертісім бір байыппен сылдырай ағып, сабырлылық пен байыптылыққа баулуда.

Мен өз өлкеммен мақтанамын! Өлемнің қанша жеріне саяхаттап барсамда, өз жеріме ешқандай ел жетпейді. Әрқашан туған жеріме қайтқым келіп тұрады. Ауасы жұпар иісті, әлемдегі ең шұрайлы, табиғаты шексіз сұлу болып көрінеді. Менің туған жерім Абай облысы, Семей қаласы. Ертіс өзенінің екі жағасында орналасқан Семей - еліміздің ірі де әсем қалаларының бірі. Өлемдегі екі аспалы көпірдің бірі Түркия елінде болса, екіншісі біздің Семей қаласында. Аспалы көпір қаламызға көрік беріп қана қоймай, Ертістің екі жағасын байланыстыруда өте зор рөл атқарады. Бұл жерде мен мақтан тұтатын ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы дүниеге келген. Осынау ұлы бабамның атындағы гимназияда оқитынымды мақтанышпен айта аламын. Менің мектебім кезінде Алаш мектебі деген құрметті атқа ие болған. Бір ғасырлық тарихы бар мектебімнің шежіресі де туған өлкемнің тарихындай тереңде жатыр. Талай Алаш қайраткерлері бұл мектепте мұғалім боп сабақ берген және оқып, білім алған. Мен үшін бұл үлкен мақтаныш! Осы мектепке оқи отырып, алдыма үлкен мақсаттар қойып отырмын. Сол мақсаттардың ерекшесі – елімді, туған өлкемді әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің сапынан көруге өз үлесімді қосу. Сол мақсатқа жетемін деген үміттемін. Мақсатым айқын, жолым нық, тәрбие алар ұстаздарым барда, мақсатыма қол жеткіземін деп ойлаймын.

Менің жерім мен үшін қасиетті, Бойыма күш — жігер нәр алдыртты. Мен әлі 9 - сынып оқысам да, алтын ұя мектебімді аяқтап, үлкен өмірге жол ашатын бірінғай ұлттық тестілеу сынынан өтуге қазірден дайындалу үстіндемін. Өйткені өз Отанымды көркейтіп дамыту үшін барлығын жасағым келеді. Мен – болашақ үлкен мамандық иесімін, өмір атты керуеннің бір жолаушысымын. Қалаған мамандығымның соңына түсіп, өмір — керуен қайда жетелесе – сонда жол тартпақпын.

«Сен де бір кірпіш, дүниеге кетігін тап та бар қалан» деп қазақтың ақыны Абай атамыз айтпақшы, өмірден өз орнын тапқан дұрыс қой.

Біз тәуелсіз, еркін және өркендеген елде өмір сүрудеміз. Тәуелсіздіктің арқасында біз бақытты жастармыз. Халқымыз өз басынан қандай қиын-қыстау күндерді өткізген кезде ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жерімізді, елімізді сыртқы жаулардан қорғап қалды. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Ерліктері ешкімнің есінен кетпейді. Осындай еңбекпен жеткен жерімізді сақтап аялау, кейінгі ұрпаққа аманат етіп жеткізу - біздерге үлкен міндет. Әр күнімізді бағалай отырып, еліміздің гүлденуіне, өсіп-өркендеуіне барымызды салайық!

Сөзімді қорытындылай келе, қазіргі тарихи шақта, тәуелсіздік кеңістігінде күндей жарқырап, отаншылдық рух пен туған жерге деген махаббат сәуле шашып тұруы керек. Меніңше, әр қазақстандық өз елінің картасына көз салып, байтақ өлкесін, туған жерін мақтан тұтуы тиіс.



Назирова Жанар Назарбековна

Абай облысы, Семей қаласы
«Мектеп жанындағы интернаты бар
№42 жалпыорта білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Сұлтан Алмас 8-сынып оқушысы



Жылан мен шөжелер

Ертегі

Баяғы өткен заманда аңдар да, жан- жануарлар да, жәндіктер де тату-тәтті, бір аралдың шөбі мен суын бөліп жеп өмір сүріпті. Олар бір- бірінен еш қорықпайды екен. Өйткені олардың арасында бұрыннан келе жатқан береке мен бірлік, адал достық болған екен.

Күндердің бір күнінде бір топ шөженің алаңсыз жайылып жүргенін көрген жалпақ бас шұбар жылан оның біреуінің етін жеп көруге көңілі ауады. Басына келген жаман ойдан қорқып, өз- өзін тоқтатпақ болып, ол бірнеше күн тым-тырыс жатып алады. Ақыры ішіндегі әзәзіл ойы оны дегеніне көндіріп, шөже етін жеуге ауған аңсары жеңеді. Ол осы ойын жүзеге асыру үшін кенеттен күндегідей бейбіт түрде қаннен-қаперсіз жайылып жүрген шөжелерге шабуыл жасайды. Тұтқиыл шабуылдан естері шыққан шөжелер жан-жаққа бытырай қашады. Аты жаман дегеніне жетіп, шөжелердің соңында қалған біреуін тамағына қылғытып салады. Үрейленген шөжелер қашқан бойы ұяларына келіп, қызыл қоразға шағымданады. Қораз тосын жағдайға не дерін білмей, ойланып барып:

– Сендер жылан ұмтылғанда, өзіне қарсы шығыңдар. Бір - бірден қашпай, топтасып жүріп, әрекет қылсаңдар, жеңіске жетесіңдер деп кеңес береді. Бұл кеңестен кейін өзара ақылдасқан шөжелер жыланға төтеп берудің қамына кіріседі.

Шөженің дәмді, жұмсақ етіне дәндеген жылан келесі күні тағы да арам ойын іске асыруға кіріседі. Бұл жолы барлық шөжелер оған жабыла кетеді. Біреуі көзінен, біреуі төбесінен шоқыған шөжелердің жанталасқан әрекеттерінен шошынған жылан бір көзінен айырылып, шөжелердің тырнағынан эзер аман қалады. Шөжелер шоқып өлтірудің аз-ақ алдында қалады.

Шөжелер болса, жеңістеріне риза болып, бірлескен күштің жеңбейтіні жоқ екеніне көз жеткізеді. Содан бері жылан басқа аңдардың көзіне түспей, шөптердің арасында тығылып өмір сүреді екен.

Бұдан шығатын қорытынды, «Береке мен бірліктің алмайтын жауы жоқ». Бірлік болса, аяқ астындағы арам пиғылды адамдардың әрекеттерін жүзеге асырмай, тыныш өмір сүруге болады екен.



Омирова Райгуль Кудышовна
Абай облысы, Үржар ауданы
Келдімұрат ауылы
Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Педагог -зертеуші



Бемұрат Сания 7-сынып оқушысы

Моя степь

Мне очень трудно передать собственное видение степи, потому что чувства, которые она у меня вызывает, таятся в глубине души и непросто подобрать слова, чтобы передать свои мысли, ощущения...

Степь – это частица меня, моего внутреннего мира. И именно к ней я иду в тяжелые минуты отчаянья, чтобы поделиться бедой, рассказать обо всем, что накопилось... Она слышит меня, потому что сто моя степь – это не просто сухая земля, она - живая, думающая и сопереживающая. А иногда мне хочется сравнить степь с девушкой, которая с приходом весны, лета хорошеет и расцветает, а зимой становится грустной и задумчивой, но все же прекрасной.

Я часто задумываюсь, почему меня так прельщают степные запахи и звуки, что меня так роднит с этой землей? Ответ найти несложно.

Мой дедушка – он казах - очень любил фильм «Султан Бейбарыс». В моих воспоминаниях эта картина запечатлелась с раннего детства. Помню, когда начиналось кино, дедушка зажал меня к себе на колени, и мы с ним смотрели его, на каком бы языке его не показывали. Именно через этот фильм дедушка привил мне чувство родства со степью.

А однажды, когда мы ездили посмотреть поселок в котором когда – то жили наши родственники, он остановил машину среди степной шири и сказал мне: «Диши, внучка, воздухом Родины.» Эти слова вошли в мою душу...

Степь – частица Казахстана, их красота, бескрайность – это все моя Родина, и я ее очень люблю!

О, степь моя

О, степь моя! Тебя люблю я очень,
Ты с моей жизнью будешь связан всегда.
Ведь ты то все, что передали предки
Нам в наши светлые, счастливые года.
Мы неразлучны были с тобой с детства,
О, степь любимая моя!
Нам друг от друга никуда не деться,
С тобою мы на век одна семья!
Тебя я буду помнить днем и ночью,
Свои мечты, стихи тебе даря,
С тобою долго жить мы будем очень,
Ведь половина сердца моего – твоя.
О, степь моя. Ты словно след.

Оставленный веками...
Ты не даешь забыть о прошлых днях.
Напоминая всем нам о героях,
За Родину погибших в тех боях...



Омирова Райгуль Кудышовна

Абай облысы, Үржар ауданы
Келдімұрат ауылы
Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Педагог-зерттеуші
Бемұрат Нұрмұхемед 5-сынып оқушысы



Загадки

Сели на странички
Тридцать три сестрички.
Сели рядом не молчат,
Нам загадки говорят. **(Буквы)**

Долговязый Тимошка
Бежит по узенькой дорожке.
Его следы –
Твои труды. **(Карандаш)**

То я в клетку, то в линейку.
Написать по мне сумей – ка!
Можешь и нарисовать.
Что такое я? **(Тетрадь)**

Меня ждут не дождутся.
А как увидят – разбегутся **(Дождь)**

Есть, ребята, у меня
Два серебряных коня.
Езжу сразу на обоих,
Что за кони у меня? **(Коньки)**

Под гору - коняшки,
В гору – деревяшки. **(Лыжи)**

Горит столб, а дыма нет. **(Свеча)**

Стучат, бренчат, вертятся,

Никого не боятся.
Считают весь свой век.
А не человек? (Часы)

По морю идет, идет,
А до берега дойдет –
Тут и пропадет (Волна)

В лесу у пня суетня, беготня.
Народ рабочий весь день хлопочет,
Себе город строит (Муравьи)

В лесу родилась, в воде живет. (Лодка)

Когда лежу я на спине,
Нет пользы никакой во мне.
Но прислони меня к стене,
Найдется сразу дело мне. (Лестница)

Махнула птица крылом,
Накрыла весь свет одним пером (Ночь)

Стоит над водой, трясет бородой (Камыш)

Что выше леса, краше света
И без огня огня горит? (Солнце)

Прилетел к нам, красногрудый?
Облетел я всю Сибирь.
Как зовут меня? (Снегирь)

Плещет теплая вода
В берегах из чугуна,
Отгадайте, вспомните:
Что за море в комнате? (Ванна)

Ее всегда в лесу найдешь –
Пойдем гулять и встретим.
Стоит колючая. как еж,
Зимою в платье летнем. (Ель)

Домовитая хозяйка
Полетела на лужайкой
Похлопочет над цветком,
Он поделится медком. (Пчела)



Толлеуова Аманжан Талгаровна
Абай облысы, Аягөз ауданы, Мамырсу ауылы
«С.Ғаббасов атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі»
Педагог-зерттеуші
Аят Айнара 5- сынып оқушысы



Менің қиялымдағы болашақ

Жастарға сеніп еді Мағжан ақын.
Әлемге танытар деп қазақ атын.
Мен қалаймын жігері , намысы бар.
Қазақтың ұлтын сүйген азаматын.

Сондай жастар елінің ертеңі еді.
Ұлтжандымен қоғамым көркейеді
Сүйсінер ем соларға қарап тұрып,
Дер едім: «Жастар неткен көркем еді!»

Күткені де осы ғой бабалардың
Ізін бассам жақсы - жайсаң ағалардың
Мен айтар ем сол кезде мақтанышпен :
«Мақсатыңа жетті деп балаларың».

Жұмбақ

Тез-тез жүгіреді,
Оған ешкім жетпейді. (Қоян)

Оған қарасаң,
Егізінді көресің. (Айна)

Жазда сұйық,
Қыста қатты. (Су)



Толлеуова Аманжан Талгаровна
Абай облысы, Аягөз ауданы Мамырсу
ауылы «С.Ғаббасов атындағы жалпы орта
білім беретін мектебі»
Педагог-зерттеуші
Утепова Адина 5- сынып оқушысы



Қиялымдағы жаңа жыл

Жер бетін әппақ ұлпа қар басып, аяз қысқан, қыстың қақаған суық күндерінің бірі еді. Мен ұйқыдан оянсам да жылы көрпеден шығуға ерініп, келе жатқан «Ұлу жылын» қалай қарсы алсам екен осы деп қиялға шомдым.

Сол сәтте үстінде қазақи ою-өрнекті шапаны бар , басына тымағын баса киген, қасына шашбауы сылдыраған, шолпысы сыңғырлаған қос бұрымы тізесінен асқан Қар қызын ерткен Аяз ата өздерінің ақбозат жеккен шанасына отырғызып мені ертегілер еліне ала жөнелді.

Уау, өнім түгіл түсімде көрмеген , айтып жеткізе алмайтындай бір әлемге тап болдым. Мұнда небір сиқырға толы, ешқашан ескірмейтін ертегі кейіпкерлеріне кезіктім. Жаңа жылдық әсем безендірілген шырша, от шашу, театрландырылған көріністер, түрлі сыйлықтар, сиқыршылар, әсем әуен, қазақтың қасиетті қара домбырасымен әуелете ән шырқаған ағалар мен апайлар. Мен аузым ашылып жан-жағыма тамсана қарап тұрғанда біреу қолымнан тарта жөнелді.

- Әй, тоқта, мені сүйреп қайда апарасың?
- Жүре ғой, кішкентай ханшайымым менің.
- Мен ғой, тышқан жылы. Мен енді кетемін. Кетер алдында сенің соңғы тілегіңді орындаймын. Ал айта ғой, не тілейсің? Тек бірақ тілек тіле.
- Қазір әлемді жайлаған пандемиядан құтылып, бұрынғы мамыражай, бейбіт күнімізге оралсақ, – деп аузымды жиып үлгергенше, есі тышқан жылым көзінің жасы мөлтілдеп:
- Әй , бұл тілегіңді орындай алмаймын-ау,– деп қарап тұр.

Мен жылап: «Тоқташы, тоқта. Сонда...» дей бергенім сол еді, анашым «Балам, ұйқың қанса тұра ғой, шыршанды безендірейік» деді.

Қуана ұшып тұрдым. Өйткені келер жылдан күтерім көп. Ертегідей өмір сүргім келеді.



Толлеуова Аманжан Талгаровна
Абай облысы, Аягөз ауданы
Мамырсу ауылы «С.Ғаббасов атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі»
Педагог-зерттеуші
Қайрат Айзада 5- сынып оқушысы



Айша мен ит

Ертеде Айша есімді өте мейірімді қыз бен ақылды Арлан деген иті болыпты. Екеуі ажырамас дос екен. Достықтарының беріктігі соншалық, Айша сабақтан оралған кезде Арлан иті күнде алдынан шығып күтіп отырады екен. Күндердің бір күнінде Айша сабақтан оралған кезде Арлан алдынан шықпай қалып, Айша қатты уайымдайды. Екеуі бірге жүрген жерлердің барлығын аралап шығады, алайда Арланды таба алмай көзіне жас толып үйіне барады. Ата-анасына барлық мән жайды баяндап береді. Олар ауыл болып жиналып Арланды іздеуге шығады. Бірақ іздестіру жұмыстары сәтсіз аяқталады.

Арада бірнеше күн өтеді. Айша әдеттегідей сабағынан келе жатса, өзінің жоғалып кеткен досы Арланды кездестіреді. Айшаның қуанышы қойнаны сыймай Арланды құшақтап жылап жібереді. Арлан да өз иесін көргеніне қуанып қыңсылап, Айшаның үстіне дәмді-дәмді секіріп, бірдеңені айтқысы келгендей болады. Арлан Айшаның көйлегінің етегінен тістеп саябаққа қарай сүйрей жөнеледі.

Айша мен Арлан ауыл сыртындағы саябаққа келеді. Саябақтағы үлкен сәмбі талдың жанына келгенде Арлан қатты үре бастайды. Айша жақындап талдың түбін қараса, бұрын борсықтың жанұясы мекендеген ін бар екен. Іннен қыңсылаған күшіктердің дауысы естіле бастағанда, аң-таң боп қалған Айша лезде күшіктерге көмек қажетін түсініп, оларды іннен алып шығуды ойлайды. Сөйтсе күшіктер Арланның күшіктері екен. Айша күшіктерді қойнына алып үйіне апарды. Арлан мен Айшаның достығы одан сайын күшейе түседі. Сөйтіп Арлан Айшаны күнде сабақтан күшіктерімен бірге күтіп отыратын болыпты.



Хасенова Айсулу Амангельдиновна
Абай облысы, Аягөз ауданы,
Мамырсу ауылы «С.Ғаббасов атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі»
Педагог-зерттеуші
Раип Аяла 6 - сынып оқушысы



Өтірікшілер орманы

Ерте ерте ертеде, таңғажайып елінде бір орман болады. Сол ормандағы аңдар мен жануарлардың ауызбіршілігі мүлде жоқ екен. Бір-бірімен күнде

ұрысады, өтірік айтады, ерініп жата береді. Күндердің күнінде орман «Өтірікшілер орманы» деп аталып кетеді. Осы кезде құмырсқа, Шындық ханшайымына барады.

– Аса мәртебелі ханшайым, сізге айтатын мәселем бар.

– Айта ғой, еңбекшіл құмырсқа.

– Ханшайым, біздің орманда жануарлар мен аңдар өтірік көп айтады. Соны шешіп бересіз бе?

– Жарайды. Әрине шешіп беремін.

Содан ханшайым орманға жол тартады. Шындық ханшайымы естігені рас болып шыққанын көреді. Ол қатты ашуланып, жануарларды ауызбіршілікке шақырады.

– Құрметті орман тұрғындары! Біз бір отбасымыз. Бір-бірімізге өтірік айтпайық. Еңбекшіл болып, тату өмір сүрейік!

Жануарлар келіскендей болады. Арада бірнеше күн өтеді.. Өкінішке орай, жануарлар мен аңдар бір-біріне өтірік айтуын қоймаған екен. Бір күні ханшайым Қасқыр мен Түлкі бір-біріне өтірік айтып жатқанын естиді.

Қасқыр: – Түлкі сен менің салған суретімді жоғалтып алмадың ба?

Түлкі: – Жоқ жоғалтпадым.

Осы кезде әп-сәтте түлкінің тілі ұзарып кетеді.

Қасқыр: – Түлкі, тіліңді қара! Ұзарып кетіпті ғой

Түлкі: – Білмеймін, Қасеке маған не болып кетті?

Қасқыр: – Ол үшін, сен маған түрлі-түрлі дәмді жемістерді беру керексің.

Сол кезде қасқырдың да тілі ұзарып кетеді. Екеуі таң қалып, жүгіре басып ормандағы аңдарға барады.

Орманның көрінісі тіпті одан сайын қорқытып жібереді. Барлық аңдар мен жануарлардың тілдері ұзарып кеткен.

Ақыры, бүкіл аңдар мен жануарлар амал іздей бастайды. Сол кезде еңбекшіл құмырсқаны көреді. Оның тапжылмай жұмыс істеп жүргенін көріп, қатты қызығып кетеді.

Құмырсқа бүкіл аңдар мен жануарлардың тілдерін көріп, оларға Шындық ханшайымның көмектесетінін айтады. Жол көрсетіп жүгіріп отырады. Көп ұзамай ханшайымның сарайына жетті. Олар Шындық ханшайымның таңғажайып бағын көріп, таң тамаша болады. Сол кезде ханшайым оларды көріп, сарайына кіргізеді.

Құмырсқа: – Ханшайым, мына аңдар мен жануарларға бір мүмкіндік берсеңіз. Олар енді өтірік айтпауға уәде береді. Сикырыңыздың күшін жойсаңыз.

Ханшайым: – Жақсы, құмырсқа. Бір мүмкіндік берейін. «Таяқшам менің қозғал, сикырымды қайтып ал» деп таяқшасын сермеп қалады. Сол мезетте бүкіл аңдар мен жануарлар тілдері өз қалпына келіп, ханшайымға алғыс білдіреді.

Осылайша олар, бір-біріне өтірік айтпайтын болыпты. Орман тұрғындары тату-тәтті өмір сүріпті.



Мұқанқызы Гүлжанат
Абай облысы, Абай ауданы,
Кеңгірбай би ауылы
«Шәкерім атындағы орта мектебі»
Педагог-зерттеуші
Жасұлан Айсел 6- сынып оқушысы



Достық

Қыс айы..

Қалың қар...

Көк шатырлы үйдің төр жақ бұрышында дәу қара төбеттің ұшбұрышталып тақтай ағаштан жасалған үйшігі орналасқан. Сол үйшіктің іші жылылық пен татулыққа толы, соған қызыға қараймын. Ал қара төбеттің аты «Көкдауыл» атын өзім қойғам.

Ал үйімде осы Көкдауылмен бір мезгілде асырап алғам мысығым Тарғыл бар. «Тарғыл» деп атауымның сыры, оның үсті тарғыл-тарғыл құтты біреу үстін қара, қоңыр бояумен бояп қойғандай.

Мысығым қыс айы, күн аязда үй ішінде ойнап, тамағын ішіп жүреді. Кіші сіңілім не істесе де, соның ырқына көнеді. Ал сыртқа шыға қалса, бірден Көкдауылдың үйшігіне кіріп, қасында отырады. Екеуі кей кезде алысып ойнап, бір уақытта қатарласа жүгіріп, үйге кірген адамдарға көз жіберіп, ойланып отырғандарын көремін. Кейбір уақытта Көкдауылдың үстіне Тарғылдың отырып алғанын көремін. Сонда ойлаймын: «Аяғы тоңып, Көкдауылдың үстіне шығып алған ба?» – деп. Жаным ашып, Тарғылды үйге кіргізбек болып шақырсам, оның маған келгісі жоқ. Тіпті Көкдауылдың да, Тарғылды маған жібермек ойы жоқ, өзінше ырылдап, сес көрсетіп қояды. Оны көрген әкем: «Қайтесің оны, тоңса өзі-ақ үйге жүгіріп келер», – дейді. Тарғылдан бұрын өзім тоңып, үйге кіремін. Біраздан соң әкем айтқандай Тарғылдың ашылған есікті аңдып, үйге кіріп келе жатқанын көремін. Кіре салып, менің қасыма келе, аяғыма оралады. Осы қылығы маған қатты ұнайды. Ол үй ішінде менімен дос болса, ал сыртта Көкдауылмен дос. Мен сабақтан келгенде алдымнан мияулап атып шығады.

Мен Тарғылдың мына бір қылығын көріп, Көкдауылмен достығы менің достығымнан күштірек пе? – деймін. Сыртқа шықпай қалған сәттерде терезе алдына шығып, Көкдауылдың үйшігіне телміре қарап, ұзақ отырады. Меніңше, суықта қалған досына жаны ашитын сияқты. Егер үйде Тарғыл көрінбесе, үй ішіндегі бәріміз оның терезе алдына шығып, досына қарап отырғанын бірден түсінеміз.

Бірақ, қазақтың «Ит пен мысықтай қырқысып», – деген тіркесі ойыма оралады да, «бір отбасында, бір жерде жүрген адамдар сияқты біздің Көкдауыл мен Тарғыл да ит, мысық деп аталғанымен бір-бірін түсінеді екен ғой», – деп ол екеуінің достығына өзімше қуанамын.

Менің бала көңілімді бір сұрақ мазалайды. Біздің «Жер» атты планетамызда тұрып, сол жерді мекендеген саналы адамдар неге менің Көкдауылым мен Тарғылым сияқты бір-бірін түсінбей жатыр?!



Заманбекова Ж.А.

Абай облысы, Аягоз ауданы Мамырсу ауылы «С.Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» Педагог-зерттеуші **Бауыржанқызы Венера 9 -сынып оқушысы**



Шәкәрімге хат

Ата, сіздің кейінгі ұрпаққа аманат еткен тапсырмаларыңыз жайлы өзіңізбен ой бөлісіп, орындалу барысы жайында баяндамақшымын. Қоғамдағы келеңсіздікті сынай отырып, оқуды, білімді, өнерді насихаттап, халық қамын жақтаушы ретінде сізді көп ойлар мазалағаны рас.

«Ойға оңаша жер керек, ойынды ұғар ел керек»,– деп өзіңіз айтқандай, қоғамдағы демократтық және ағартушылық идеяларды тынбай уағыздай жүріп, туған халқыңыздың болашағы мен игілігі үшін бар күш-жігеріңізді сарқа жұмсап өттіңіз. Қазақ қоғамының биік деңгейге көтерілуіне, өрлеуіне кедергі келтіріп отырған келеңсіз көріністерді, жағымсыз қылықтарды жою үшін оқу-білім керектігін алға тарттыңыз. Халықты надандықтан арылту, рухани дамудың ізгі жолына салуда мінез-құлықтағы керенаулық, тоғышарлықты жоюды ұсындыңыз. Өзіңізге бағыт-бағдар беруші шоқжұлдызыңыз – дана Абайдың өнегесін, тағылымын жете түсініп, басқа тілдерді де игердіңіз және оның пайдасын парсы, түрік, үнді дәрігерлерімен сөйлесіп, емдеу тәсілдерін үйренуіңіздің өзі аурудан арылуыңызға үлкен медициналық көмек болды.

Көкірек көзіңіз ашылып, аңсаған арманыңызға жеткен сапарыңыздан мен де «Жеті жұрттың тілін біл» деген ұстаныммен тіл білу қашан да қажет екендігін түсіндім. Абайдың ақыл-кеңесінің нәтижесі демекші, мен де сіздің әдеби мұраларыңызды танып-білгеннен кейін оянып, есеюдің, озық ойлы адамнан бойыңды нұрға бөлейтін ізгі қасиеттеріңізді неге алмасқа деген пікірге келіп тоқтадым. Ұлы адамдардан бастап, қарапайым адамдарға дейін өмір мақсатын дұрыс түсінбеуден зардап шеккен. Кез келген істе жетістікке жету үшін ішкі тыныштық пен сабырлық қажет. Ар-ождансыз адам жүрегі тазармайды. Адам мінезіндегі ызакорлық пен ашушаңдықты, арамтамақтық пен жалқаулықты, күндестік пен мақтанды жою туралы өз-өзіммен күресе бастадым. Адам оқып, біліп үйренуі қажет. Білім-ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған өнер-білімдерін адал еңбекпен жаратылыстың мол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын нәрсе жоқ.

«Арлы адам – ардақты, ар – ардақтың анасы»,–деп данқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының қанатты сөзі ар-ұят шеңберінен шықпауды меңзейді. Ендеше, жас буынға ойшыл, баба даналарымыздың сұңғыл сөзі, салған сара

жолы үлгі болары анық, өсем деген жастар үшін. «Сен де бір кірпіш дүниге, кетігін тап та бар қалан»,– деп Абай атамыз айтқандай, ата-баба ерлігі мен рухынан нәр алып, дәстүріне берік болып, еліміздің өсіп-өркендеуіне бар күш жігерімді аямаймын. Ол үшін де кемел біліммен қаруланып, ғылым мен техниканың сан қырын меңгеріп, бүкіләлемдік құндылықтарды бойыма сіңірsem деп армандаймын. Жастардың өсіп-өркендеуіне, оқып, біліп, үйренуіне сіздің мұраңыз өте пайдалы қазына, болашаққа бағыт-бағдар дегім келеді. Сарқылмайтын кенішті аша түсіп, әлем халықтарының ортақ игілігіне айналу жолындағы әрбір ізденіс талабын жастардың құптауы қолдауға лайықты іс.

Біздер де өз қолтаңбамызды қалдырып, уақытпен бірге адымдап, уақытпен бірге өмір сүруге атсалысамыз. Ол үшін біз, жас қауым, дос, біздің намысты да қайратты, білімді, өнегелі болуымызды заман талап етеді.

Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз,
Өнерсіз,
Болады ақыл тұл.
Мақтанға салынба
Мансаптың тағы үшін.
Нәпсіңе билетпе
Басыңның бағы үшін.
Өміріңді сарп қыл өлгеніңше,
Жоба тап,
Жол көрсет,
Келешек қамы үшін.
Қайтадан қайрылып
Қауымға келмейсің.
Барыңды,
Нәріңді
Тірлікте бергейсің.
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң –
Шын бақыт,
Осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің!

Сол себепті, сіздің аманатыңызға адал болу үшін замандас-құрдастарымды, сыныптас достарымды ел үмітін ақтар ұл-қыздары болып өсуге шақырамын.



Аскарова Жанара Багидулаевна

Абай облысы білім басқармасының
Жарма ауданы білім бөлімінің «Георгиевка
орта мектебі»КММ Педагог-зерттеуші,
бастауыш сынып мұғалімі
Қажыбекқызы Шуақ 2-сынып оқушысы



Ғылымға ұмтылғым келеді ...

Ғылымсыз адам – айуан,
Не қылсаң да, ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,
Ақылсыз болса, ғылым тұл.
(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Мен Абай облысы, Жарма ауданы «Георгиевка орта мектебі» КММ –нің 2-сынып оқушысы Қажыбекқызы Шуақ. Есімімді әкем қойыпты. Айналасына шуағын шашқан, күлімдеп жүрген, өмірі мәнді де шырайлы күннің шуағындай жылу таратқан қыз болсын, деп. Ал әжем: Нұрдыбайға тарқан сөз шебері болсын деп ырымдаған екен. Нағашы ағам Қанат та, апайым Нұрай да өлең шығарады, кішігірім айтыстарға қатысады. Сондықтан да болар тілім ерте шығып, бес жасымда ең алғаш жаттап алған өлеңім 3-сынып оқып жүрген ағама мұғалімі жаттауға берген «Ғылым таппай мақтанба ...» өлеңі болды.

Мен қазіргі уақытта 2-сынып оқысам да, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көп әңгіме, шығармалар, өлеңдер оқимын, ертегі оқығанды да өте жақсы көремін. Осының ішінде өлеңдерге, оның мағынасын түсінуге тырысамын және көңіліме қонғанын жаттап аламын.

Біздің сыныпта өзіміздің кішкентай кітапханамыз бар, әр оқушы үйінен қызықты кітаптар әкеледі, кітаптардың барлығы қызықты. Оқуға деген құштарлығымыз күннен күнге арта түсті. Қолыма «Физика» балаларға арналған энциклопедия түскенде мүлде басқа әлемге түскендей болдым.

Айналада болып жатқан бұрын-сонды мүлде ата-анам да, ағам да түсіндіріп бере алмаған заттардың әртүрлі құбылыстарын балаларға түсінікті тілмен жеткізген. Сұрақтарыма жауап тапқандай болдым... Міне, ғажап?! Өзіме үлкен жаңалық аштым, алақай ! Ол жаңалығым енді ғылымға ұмтылу, оның тылсым сиқырларын зерттеу, бақылау жасап, оқып тек алға жүру. Біздің ел жерге бай, кенге бай. Неге оны зерттемеске, неге оның құпиясын ашпасқа?! Оны мен ашпағанда кім ашады?! Мен зерттегенде кім зерттейді?! Ойымда жүрген сұрақтардың жауаптарын табамын. Демек, менің бес жасымда жаттаған Абай атамның өлеңі жайдан-жай жатталып, бостан -бос ойыма сақталмаған болар. Абай атамның шәкірті болған Шәкәрім Құдайбердіұлы атамның өлең жинақтарынан «Ғылымсыз адам – айуан» атты өлеңін оқығанда бұл сенімім тек нығая түсті.

Мен ғылымға, жаңалыққа ұмтылғым келеді! Елімнің, жерімнің атын әлемге паш еткім келеді! Келешегіме деген зор үмітім бар. Сондықтан да сабақта тек оқу үздігі болып жүрмін, мұғалімнің айтқанын екі етпей орындаймын, көп кітап оқимын. Қазір адамдар арасында «кітап оқыған озар, телефон қараған тозар» деп бекерге айтпаған болар. Телефонды мүлдем қажет етпеймін, керек ақпаратымды мектеп, аудан кітапханасына барып табамын. Осы жетелеген арманымға орай өлең жолдарын да жаздым. Әрине, жоғарыда айтып кеткендей апай-ағаларыммен ақылдасып, біздің үйдің қазынасы, әжеммен ақылдасып, «Ғылымға ұмтыл, балақай!» өлең жолдарын арнадым.

Ғылымға ұмтыл, балақай!

Ғылым деген тылсым күш,
Оқысаң, білсең саған күш.
Елге қызмет етерсін,
Ғылыммен биікке жетерсін.

Ғылым деген ғажап-құпия,
Ізденсең ағылар саған дария,
Жеріңді зертте, еңбек ет,
Біздің жеріміз ол керемет!

Ғылымсыз адам – шөл дала,
Оқы, зертте, үйрең, бала!
Келешегіміз ғылымда,
Алға ұмтыл сен дара!



Нурашева Миргуль Шайкеновна
Абай облысы білім басқармасының
Жарма ауданы білім бөлімінің «Георгиевка
орта мектебі» КММ Педагог-зерттеуші,
бастауыш сынып мұғалімі
Қайдарова Самира 4-сынып оқушысы



Мойнақ пен Ақтөс (Ертегі)

Әйзеренің күшігі болды. Оның күшігінің түсі аппақ. Сондықтан оны Ақтөс деп атады. Ақтөстің досы бар. Оның аты Мойнақ. Оның қожайыны Алмас. Ақтөс пен Мойнақ жұп жазбай бірге жүріп, бірге ойнайды. Және екі күшіктің мінездері басқа болды. Ақтөстің мінезі ақкөңіл, ал Мойнақ бұзықтау болды.

Бір күні күшіктер Әйзере мен Алмасты мектепке шығарып салып, қақпа алдында қалды. Олар ойнап, жүгіріп жүргенде, Ақтөс сүйек тауып алып, онымен ойнап жатты. Мұны көрген Мойнақ, Ақтөс тауып алған сүйекті тартып қалғанда, су орған қуысқа құлап түсті.

Кешке уақытта Әйзере мектептен келді. Айзере үйге кірмей жатып, оған Алмас жүгіріп келді. Мойнақ жоғалып кеткенін айтып, Мойнақ құлап қалған үңгірге апарды. Әйзере мен Алмас үлкендерден көмек сұрады. Алмастың апасы Мойнақты үңгірден шығарды. Сол кезде Мойнақ өзінің қатесін мойындады.



Уайданова Кенжегуль Шайхыслямовна
Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің «Георгиевка орта мектебі»КММ Педагог- сарапшы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Дәулетқан Сабина 9-сынып оқушысы



«Әлем балалар көзімен»

Балалардың әлемі өте ерекше. Әлемде көптеген бала бар. Олардың әрқайсысы әлемді әр қалай көреді. Мысалы, түрлі-түсті бояулар сияқты, бізге кішкентай болып көрінетін заттарды үлкен қылып көреді, әрі таңғажайыпқа толы ертегі сияқты көре біледі. Сол себепті балаларды әлемнің жарық сәулесі деп бекер айтпаған.

Біз балалардың не ойлап, қандай бейне көретіндігін біле алмаймыз. Ойлап көрейікші, бір бала үлкен адамға немесе төбеге қарап тұр делік. Бұл бізге қалыпты жағдай болып табылады. Бірақта олар бізге кішкентай затты үш есе үлкен көреді. Сонымен қатар балалар өздерінің ойларын сурет салу арқылы жеткізе алады. Яғни олар отбасын, табиғатты, достарын, жануарларды және тағы басқа суреттерді бейнелейді. Оның астарында көптеген еңбек жатыр. Осы сәтте біз балаларға бағыт-бағдар, қолдау көрсетіп, жылы сөздер айтуға міндеттіміз. Сол кезде олар өздеріне сеніп, бастарын тік ұстап алға қарай ұмтылады.

Балалардың бақыты үшін көп нәрсе керек емес. Оларға қамқорлығымызды, жылулығымызды және махаббатымызды көрсетсек олар әлемге күлімсіреп қарайды. Тіпті балаға азғантай ғана қуаныш сыйласаң да, олар бұл күнді ерекше бақытты санайды. Сол сияқты біз жиі ашулана бермей, сабырға келіп, балалардың әлеміне қарап үйрене білуіміз керек. Тағы бір айта кететін ақпарат, ата –бабаларымыз балаларды керемет ұғымға теңеген. Яғни олар болашақтың іргетасын қалайтын осы балалар деген. Елімізді жаңартатын да, сақтап, алып шығатын да осы - балалар. Тек қазақ азаматтарын қолдап, олардың біздің үмітімізді ақтайтынына кәміл сеніп отырайық дегім келеді.

Баланың психологиясы балалық шақтан қалыптасады дей отыра, балаларды басқа балалармен салыстыруға болмайды. Ол балалардың

психологиялық ойлауын төмендетіп, өзіне деген сенімділікті жоғалтады. Ата-анам мені жақсы көрмейді, жек көреді деген ойға тап болады. Осының арқасында олар күйзеліске ұшырап жатады. Кейбір сәтте үйде ұрыс-керіс, төбелес орын алады. Әрине бұл ең бірінші балаға әсер етеді. Олар бұл сәтті естерінде көпке дейін сақтап қалады. Сол себептен отбасыда кім болсаңызда ұрысты қалай болса да шешіп және баланың психологиясына әсер етіп кетпеуін қадағалауыңыз қажет.

Қорытындылай келе, біз балалардың әлемін барынша бақытты сәттермен толтырып, жақсы естеліктер қалдыруымыз қажет. Және де тек үлкендердің емес балалардың әлеміне қарап, оларды түсіне білуіміз керек. Оларды біз түсінбесек, басқа кім түсінер. Сол себепті балаларға жақсылық тілеп, алдағы сәттерде қолдау көрсетейік!



Нурашева Миргуль Шайкеновна
Абай облысы білім басқармасының
Жарма ауданы білім бөлімінің
«Георгиевка орта мектебі»КММ
Педагог-зерттеуші, бастауыш сынып
мұғалімі



Мәмәділ Риза 4-сынып оқушысы

«Әлем балалар көзімен»

Біздің елде әртүрлі балалар өмір сүреді. Олардың әрқайсысы мына керемет әлемді әртүрлі көреді. Кейбіреуіне әлем жек көрінішті болады, ал тағы біреуі ешқашан қартаймай әлемнің дамуын көргісі келеді.

Балалар өскен сайын әлем де жаналықтарға тола береді. Мен отбасыммен теледидардан әлем жаналықтарын көргенде, ойға батамын. Әлемде болып жатқан елдер арасындағы соғысты көргенде, тіптен мұңаямын.

Біз, балалар әлемді жақсы жағынан көргіміз келеді. Балалар әлемді көргенде кейде қуанамыз, ал кейде жабырқап қаламыз. Өйткені ойын-сауық орталықтары бұзылып, жаңа ғимараттар салынып жатады.

Мен өзім әлемнің жақсы жаққа өзгеріп, дамуын қалаймын. Әлемде бейбітшілік пен ынтымақ болу үшін де өз үлесімді қосамын. Осы әлемде өмір сүргеніме қуанамын.



Кайрбекова Нургуль Кайыртаевна
Абай облысы білім басқармасының
Жарма ауданы білім бөлімінің «Георгиевка
орта мектебі»КММ Педагог-зерттеуші,
бастауыш сынып мұғалімі
Төлеубек Айбике 4-сынып оқушысы



Қалбатау

Қалбатау–менің ауылым
Алтыны көп тауымның.
Ата, апам да ауылда,
Отбасым да осында.
Достарым жүр жанымда.
Жақсы көңіл күйменен
Мектепке мен бармын.
Оқимын, білім аламын.
Күй тартамын, билеймін,
Өнерлі мен баламын.
Ортасында ауылдың
Зере апам мен Абайға
Ескерткіш тұр қол бұлғап
Ауылыңды ұмытпа,
Деп тұрғандай ол ымдап.
Осы ауылда тудым мен,
Келемін өсіп күнде мен.
Әлемді шарлап келсем де,
Кереметті көрсем де.
Лүпілдеп менің жүрегім,
Қалбатау деп соғады.
Қалбатау – менің ауылым.
Ата-бабам туған жер.
Мұрагер балаң мен болам
Туған жерде қалам мен.

Сары өзен

Сары өзенім ағады сылдыр-сылдыр,
Топ бала жүр жағада дабыр-дүбір.
Сары өзенге келіп күмп етеміз,
Мөлдір суда балықтаймыз,
Су бетінде жатып алып қалықтаймыз.
Ыстық құмда жатамыз,
Күн астында жылынып,

Қап-қара болып күйеміз,
Кеш батқанша жүреміз,
Тіс-тіске соғылып, дірілдейміз,
Су сорып, бозарамыз,
Қас қарая қайтамыз.
Кешкі ауыл абыр-сабыр.
Топ бала келеді күбір-күбір.

Абай облысы білім басқармасының
Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің
«№5 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Айтмұханов Ерзат Берікұлы 8-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

(әңгіме)

Өткен жылы жадыраған жаз айының жаймашуақ, жайлы күндерінің бірінде ата-анам және екі кішкентай бауырларыммен бірге алыс ауылда тұратын әжемнің қал жағдайын білмекке, әрі қаланың у-шуынан жырақта, кең даланың таза ауасымен тыныстап, бойымызды сергіту мақсатында жолға шықтық. Әжемізге деп арнайы алып қойған сыйлықтарымызды реттеп, қажетті заттарымызды жинастырып, көлікке мініп, ауылға жол тарттық. Жол бойы көлік ішінен дархан даланың әсем табиғатын тамсана тамашалап, көп ұзамай екі-үш сағаттай шамасында әжем тұратын ауылға да жеттік. Бұрындары кішірек кезімде көп нәрсені жете түсініп, аңғармаппын. Байқап қарасам, ауыл соншалықты үлкен емес екен. Кірген бетте жол бойында жарыса сап түзеп, өсіп тұрған көк теректер ауылға ерекше көрік беріп, еңсесін көтеріп тұрғандай. Айтпақшы, ауылдың аты «Болашақ». «Аты мен заты сай болса, бұл ауылда тұрып жатқан халықтың келешегі зор болар», – деп болжап, бала көңіліммен шын тілектес болдым.

Сәлден соң көлігіміз әжемнің дәл үйінің алдына келіп тоқтады. Әжеміз біздің келетінімізден бейхабар еді. Аулада күйбеңдеп жүрген әжем қақпа алдына көліктің тоқтағанын байқап, бұлар кім болды екен деп қақпаға жақындап келді. Көліктен түсіп жатқан бізді көре салысымен асыға басып, құшақ жая қарсы алды. Амандасып, қал жағдайды сұрасып, мәре-сәре болған күйі бәріміз жапырыла үйге кірдік.

Шіркін, бал дәурен балалық шағым ешқашан таусылмаса екен деймін! Ата-анам, бауырларым, жанашыр туған-туыстарым және жақын достарым әркез жанымнан табылып, еш жамандық көрмей, көңіл-күйім шаттанып, орталарында шалқып жүрсем, бұл өмірдегі ең асқақ арманым осы болар еді.

Ауылдағы демалыстың мен үшін маңыздылығы ерекше болды. Таза ауа, әсем табиғат адам жанына жайлылық сыйлап, ерекше сезім мен шатыққа бөлейді. Әжеме ұсақ-түйек шаруаларда қолғабыс ету, таңертең малды өріске айдап, кешкісін қайта күтіп алу сияқты болмашы шаруалардың өзі өмірлік тәжірибе іспеттес.

Бір-екі күн ішінде өзіммен құралас көрші балалармен табысып, бірге ойнайтын болдық. Ауыл маңындағы көлге шомылып, күнге қыздырынып, балық аулап, уақытты бірге қызықты өткізіп, жазғы демалыстың рахатын барынша сезінуге тырыстық. Балалық бал дәурен шақты ойынсыз елестету қиын, әрі ойын баланың дамуы мен мінез-құлқының қалыптасуында маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Қолымыз босай сала, ауыл ортасындағы ойын алаңына жиналып, ойынның түр-түрін, оның ішінде футбол, волейболдан бөлек, асық ату, ләңгі тебу сияқты ұлттық ойындарды да ойнап, өзімізді жан-жақты көрсете білдік. Табысқан достарымның арасында түр-келбеті өзгеше Рустам атты бойшаң, қара торы бала болды. Өзі өте өжет, шапшаң, әрі кез келген ойынға епті. Кейін белгілі болғандай, Рустамның ұлты грузин екен.

Өткен ғасырдың 30 жылдар басында атасы сонау Кавказ елінен Қазақстан жеріне күштеп қоныс аударылғандың бірі болған екен. Сол жылдары қазақ халқы бұрын-соңды болмаған аштық қасіретін басынан өткізіп жатса да, Отанынан, туған елінен, бар мал-мүлкінен айрылып, тағдыр тәлкегімен қоныс аударылып келген өзге ұлт өкілдерін жатсынбай, жанашырлықпен қарсы алды. Бөтен жерге келген олар аман қалып қана қоймай, қазақ өлкесінен жаңа Отанын тапты, әрі өздерінің тілін, дінін, ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалды.

Рустамның атасы да сол қатыгез саясаттың құрбаны болып, жер аударылып, осы ауылдан тұрағын тапқандардың қатарынан еді. Әжемнің айтуынша, жер аударылып келген түрлі ұлт өкілдері әр ауылға орналастырылған. Жергілікті халық олардың аянышты жағдайларына түсіністікпен қарап, құшақ жая қарсы алып, осындай қиын-қыстау кезеңде оларға қол ұшын созып, қамқорлық танытқан көрінеді.

Рустамның атасын, әжемнің ауылдастарынан естігені бойынша, осы ауылдың Жақсыгелді атты бір кісісі бауырына басып, асырап алған екен. Жетім көрсе басынан сипайтын халықпыз ғой, жер аударылып келгендерді орналастыру жұмыстары жүргізіліп жатқан кезде Жақсыгелді атамыз Рустамның ешкімі жоқ тұл жетім екенін естіп, аяушылық танытып, өз үйіне алған екен. Алғашқыда әйелі қарсы болғанмен, отағасы «Біздің құдай берген алты баламыз бар, біреуі өлсе, бесеуі қалар, тағы біреуі өлсе, төртеуі қалар, ал мына бейбақтың ешкімі жоқ қой, тұқымы құриды ғой», - деп айтқан екен. Осы сөзден кейін ана жүрегі елжіреп, әйелі де бұл балаға мейірімін төккен деседі.

«Мейірім көрсетпеген – мейірім көрмейді» дегендей, кейін Рустамның атасы да осы үйдің өз туған балаларындай тәрбиеленіп, оқып, білім алып, үлкен азамат болып, ер жетіпті. Қазақ халқының кеңпейілдігі, жомарттығы, қайырымдылығы арқасында тағдыр тәлкегімен жер аударылып келген халықтар өздерінің тілін, ділін, салт-дәстүрлерін сақтап, жер бетінен ұлт ретінде өшіп кетпеу қаупінен аман қалды. Бұл тарихи тағдыр елімізде ұлтаралық татулықтың негізін қалағаны белгілі.

Рустам атасын өте ақылды, сабырлы, әрі еңбекқор кісі дейді. Осы күнге жетіп, ұрпақтарының өсіп-өнгенін көріп, әрдайым қазақ халқына шексіз ризашылығын білдіріп, алғысын айтып отырады екен. Ол кісі үнемі: «Жақсы адамдар ұлтқа бөлінбейді, және жаман ұлт жоқ, әркім өз іс-әрекетімен ұлтын сипаттайды» деп, өмірден көргені мен түйгені мол жан ретінде балаларына, немерелеріне әркез ақылын айтып, тәлім-тәрбиесін беруден жалыққан емес дейді. Ұрпағы бар елдің аты ешқашан өшпек емес, келешекке деген үміт оты да сөнбес.

Уақыт, шіркін, бір орында тұрмайды ғой, зулап өте шығады. Көзді ашып жұмғанша ауылдағы демалысымыз да аяқталып, қалаға қайтатын күніміз де тақап қалды. Ауылда өткізген әрбір күнім мен үшін ұмытылмас естелік болары анық. Кетер сәтте әжеммен, достарыммен қимай қоштастым.



Манапова Гүлнұр Ескермесовна Жамбыл
блысы, Байзақ ауданы
№6 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі
педагог –сарапшы



Юсип Алихан 6-сынып оқушысы

Менің әжем

Қылышын суырған қыстан кейінгі көктем уақыты келген сайын, көңіліме қуаныш ұялайды. Ауылдан Тараз қаласы маңындағы Бұрыл ауылына көшіп келгенімізге біраз жылдың жүзі болды. Өткен күндерді ой елегінен өткізсем, балғын, қызықты сәттерім есіме түсіп, ерекше бір сағыныш күйі әлдилеп, жүрегімді селт еткізеді. Селт еткізеді неге?..

Қазір де ауылыма барып неге сағынышымды баспасқа. Әжем алып барар еді, бірақ алдымнан ақ жаулығын желбіретіп, «құлыным», «ботам» деп құшақ жая шығатын қайран әжем... Әжем орта бойлы, қаратор жүзді кісі. Кең көйлек киетін, самайындағы ақ шашын ақжаулық жауып, көзі күлімдеп тұратын. Жүрегінің кеңдігінен, әлде көйлегінің кеңдігінен болар, жүгіріп келіп құшағына сүңгігенде, тұңғиыққа түскен жан тыныштығын, қорғанышын сезінуші едім.

Ауыл тіршілігі таңның атысымен басталып, күннің батысымен бітуші еді.

Шырт ұйқыда жатқанмын. Киіз үйдің ішінде жатқанға не жетсін. Таза ауа, шикылдаған құстың даусы анық естіледі. Ұйқылы ояу жатырмын, биология пәні мұғалімінің айтқан сөздері есіме сатырлап түсіп жатыр, кітаптан оқыған құстар тіршілігін көзіммен көрмек болдым. Мұндай мүмкіншілік енді бола қоймас.

«Алихан, тұра ғой құлыным» деп елжіреген әжемнің даусын естіген сайын, көрпе астына тығыла түсемін. Салалы саусақтарымен сипап, ыстық демін бетіме төндіріп иіскеген әжемді сезіп жатырмын. Бар ойым үйге іргелес тұрған биік қара ағаш, сарайдың бұрышында ұялаған қарлығаш...

Ауыл тауға жақын орналасқандықтан болар таңертеңгі шөпке шық түседі, мөлдір шықты жалаң аяқ басуды жаным сүйеді.

– «Алихан таңертең адам сумен бетін жуады, сен болсаң шөп басып аяғыңды сулап келесің, ауырып қаласың»,– деп төне берген анамның қолынан сытылып шығып, әжемнен пана іздегендей қолтығының астына ене бердім.

– «Тәйірі, ауырғаны нес, адам табиғаттан күш алады, төрт қабырғада тұрамын екен деп, табиғатпен байланысты ұмытуға болмайды», – деп әжем қолындағы сүт қатқан қою шәйін ішіп отыр. Әжемнің сабырлы да салмақты мінезі үйдегі адамдарға жайдары сезім береді. Шәйдан кейін әркім өз тіршілігімен кетті. Анамның көзі тая бере, қара талға қарай бет алдым. Діңіне құшағың жетпейтін тал, қалың қабыршағы соқпақ жол сияқты созылып жатыр. Құстар қайда ұя салды екен деген оймен еріксіз жоғары қарадым. Күн сәулесі қалың жапырақтан сығалай түседі, еріксіз көзімді мен де сығырайтып талға өрмелей түстім.

– Міне, ғажап, торғайдың сары ауыз балапаны болу керек, менен еш қорықпастан шикылдап аузын ашады. Қызылшақа балапандар терісі сүйегіне жабысып ұсқынсыз көрінеді. Жоғары өрмелей түстім қай құстың жұмыртқасы екенін білмедім. Анасы менен үркіп кеткен болу керек. Қоңырқай тартқан қоңыр жұмыртқа сопақшалау келген, ұстап көрсем жып-жылы екен. Балапанын асырау үшін жем іздеп шарқ ұрып жүрген құсқа жаным ашып кетті. Біз уақыт тал басында отырдым. Тал басында бірнеше ұя бар екен. Қыт-қыттаған тауық қора жақтан шыққан дауысқа еріксіз қарадым. Тал бұталарының арасынан еңкейіп жатып көрсем, Айдос жем шашып жатыр.

Жалма- жан талдан түсіп әуірімдеп Айдостың жанына жетіп бардым.

–«Үркітесің арырақ тұр»,–деп қос уыстап шелектен күрең бидайды уыстап шашты. Ойым он соққа кетті. Айдостан жем алмақ болдым. Қарапайым қара сирақ ауыл баласы, тәмшіш мұрынның тартып қояды, атқаратын жұмыстары әлі көп.

– «Айдос маған бер, басқа жұмысыңды істей берсеңші», – деп шелекке ұмтылдым. Іргелес тұрған қорадан қоңыр бұзаудың даусын естіп, арқандап келу керек болған соң шығар, шелекті қолыма берді. Қолыма тиген бидайды шелек түбіне азырақ алып қалдым, бет алысым үлкен қара ағаш. Көз алдымда мойнын созып, шикылдап тамақ сұрап тұрған қызыл шақа балапан. Талды өрмелей шығып ұяның қасына жеттім. Жұмыртқаларды ығыстырып бір уыс жемді ұяға салдым. Қызыл шақа балапандардың аузына жем сала алмасам да біраз бидайды уыстап ұяның ішіне салып кеттім. Мақтаныш пен қамқорлық сезімі жүрегімді кернеп барады. Қол жеткен ұяларға жем салдым.

«Құстар біздің досымыз», «құстарға қамқор болу керек»,– деп сынып жетекшім айтқан тапсырмасын орындағаным бір марқайып қалдым, өзімше қоқиланып қоямын. Енді құстар біраз уақыт мен салған жемді жеп алаңсыз өмір сүрсе, бұл ісімді жас балапан қанаты қатқанша жалғастырмақ болып түйіндім. Кешке әжеммен бірге қой ауылға барып келуге кеттім.

Қой ауыл Келіншек таудың етегіндегі жалғыз тұрған үй. Келіншек тау алыстан қарасаң жүріп бара жатқан көшке ұқсайды. Күн сол таудың арасына ұя жасап алғандай батады. Қызғылт, сарғыш бұлттар мені қызықтырады. Бір күні

әжемнің қасына ентелеп барып сырын сұрадым. Балам кел қасыма отыра ғой. «Ертеректе бір асқан бай болыпты, қыз жасауының бәрін алтыннан жасап қызының разылығын сұрапты. Сонда қызы ит аяғы алтыннан болмағанын айтыпты. Қанағаты жоқ қызына қаһарланған әкесі «Әй, тас болғыр-ай», – деп қарғағанда, жүріп бара жатқан көш тасқа айналыпты», – деп тау жаққа ұзақ қарады. Ел аузындағы аңызды әжемнен білдім. «Бұлт қызыл шарбыға оранып тұрса, ертең күн ыстық болады», – деген әжем үйге қарай аяндап жүрді. Жан-жағыма алақ-жұлақ қарап қоямын қорқыныш па жүрегімді баулаған, түсіне алар емеспін. Маялап үйілген шөптердің беті күнге күйіп қоңырқай тарта бастапты. Қыстық қораның төбесі қамыс аралас батпақпен жабылған, жел тұрғанда сусылдаған дыбыстар шығады. Жаздық ашық қораның көлемі кең, арырақ жүрсең құдық басындағы сұр цементтен жасалған су құятын астау бар. Ауланың көлемін кеңейтіп жалғыз үйді жалғызсыратпай тіршілік көзін көрсетіп тұрғандай. Қойауылдан келген бетте қара талға қарай аяндадым. Бірнеше күн өтті, не жағдай болып жатыр екен деп ойладым.

Алдымнан Айдос шықты «Алихан қарашы», – деп қарақұрым нәрсені таяқпен шұқып отыр. Көзім шарасынан шығып кете жаздады. Қызыл шақа балапанның біреуі жерге құлаған, шымал үймелеп жатыр. Екпіндеп талға қарай ұмтылдым, ұя қасына барсам жұмыртқа салқын, астында жем жатыр. Құс ауыз тимеген, шамасы ұяны тастап кеткен болар.

Қызыл шақалақ балапанның қасына келдім. Мұндай да болады екен-ау, жемнің үстіне үлпілдек мақта, қыл қыбыр төселініпті. Құды бір мен жем емес тас салып кеткендей сезіндім. Ұя жеммен толғаннан кейін бір балапанға орын болмай құлады ма екен, мен үшін жұмбақ күйінде қалды.

Әжемнен тылсым күштің сырын сұрадым. «Адамның қолының уы болады, табиғаттың заңына қайшы келуге болмайды», – деп еміреніп балалықпен, білместікпен істегенімді қайталамауымды сұрады. «Қарты бар үйдің қазынасы бар», – деп бекер айтылмаған. Үй құстары адам қолымен берілген азықты жейді екен де, жабай табиғатта өмір сүретін құстардың тіршілігі басқа екен. Табиғат ананың жаратылысының күші ерекше. Бұл оқиға балалық күндердің еншісінде қалған күндер болып қала берді.



**Кыдырбаева Жулдыз
Нурдаулетовна**
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы Нығметулла Киікбаев
атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жолдасбай Абылай 9-сынып оқушысы



Достарыма

Ауыр сәтте жаныңнан табылатын,
Дос деген адал жан ғой асыл атың.
Көп көрдік қой екеуміз бұл өмірде,
Қиындықты арқалап жасыратын.

Көңілінен шығу үшін әр адамның,
Еңбек еттік, маңдай терді сарқыратып.
Адалдық пен адамдықты қойып бірге,
Көрінейік биік таудың артынан біз.

Өлшенбесін достығымыз байлықпенен,
Дос деген болу керек бауырға тең.
Зұлымдықтан әрқашан жиренейік,
Өмірдің ақ жолынан үйренейік.

Тәубе етем, сендей досты тапқаным,
Доссыз өмір бос дейді екен бір ғұлама.
Бір шатырда тұрмасақ та, бір бауырдай,
Өмір бойы өтеміз жан туғандай.

Көп көрмей-ақ білгенмін достың сырын,
Жалғыз сен-ақ ойлайтын мені ғана.
Бір Алладан сұраймын аман болшы!
Жалғыз сен-ақ бұл өмірде достым ғана.



Кыдырбаева Жулдыз Нурдаулетовна
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы Нығметулла Киікбаев
атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Болатханқызы Ақнұр 9-сынып
оқушысы



Дос-көңілдің күмбезі

Достар – бір-біріне ұқсас жандар. Бір-бірін толықтыратын, бірінің жан дүниесін қас-қабағынан ұға білетін, қиналған кезде қол ұшын беруге даяр жандар. Міне, дәл осындай құрбымның ертең туған күні. Біз онымен бала кезімізден бері бір нанды бөліп келе жатқан құрбылармыз. Кейде көңілім қаязып, мазам болмаған тұстарда жаныма демеу болып, мені әр кезде қолдайтын құрбым Аруназ. Сондықтан да бұл күнді мен ерекше күтіп, күні-түні дайындық үстінде болдым. Осы бір ерекше сәтте құрбымның жүзіндегі күлкісін көруге асығып, түні бойы ұйықтай алмай, сыйлығымды ұнатар ма екен, әлде мүмкін ұнатпай қалса деген ойлар мені түні бойы мазалап шықты. Міне, 12 мамыр Аруназдың туған күні. Оның жайдарлы мінезіне бүгінгі көктемнің жайма шуақ күні дәлел болары анық. Ұйқыманан тұра сала абыр-сабыр болып, таңғы асымды ішпей, дайындалуға кірістім. Әдеттегідей оны балконда асыға күтіп отырдым. Міне, Аруназым жүзіндегі шынайы күлкісімен елдің жүрегін елжіретіп жіберді. Бірақ көзінде мұң бары анық көрінді. Оны осы туған күнімен құттықтап, сыйлықты бергеннен кейін мән-жайды сұрауды жөн көрдім. Ой, бұл сыйлыққа қанша дайындалдым десеңші. Аруназдың қуанышты жүзін көру үшін бар күшімді салдым. Сыйлықты бергеннен кейін Аруназ керемет көңілде болды. Менің өз қолымнан жасаған жан құрбылар сақинасы оның көзіне қуаныштан жас ұялатты. Мен оның көзіне жас алғанын байқап, ыстық құшағыма бастым. Сосын бүгінгі атаулы мерекесі қалай басталғанын сұрадым. Сөйтсем манағы көзіндегі мұңның мәнін енді түсіндім. Атаулы мерекесінде анасы туған күнімен құттықтауды ұмытып кеткенін айтты. Мен бұлай болмайды деп балконнан атып шыға бергенімде Аруназ қажет еместігін айтып тоқтатты. Мен одан: «Қалайша анаң бұл күнді ұмытуы мүмкін?» – деп сұрадым. Ол анасының қосымша жұмыс жасайтынын, тек түнгі уақытта ғана көңіл бөлетінін айтты.

Әңгімені басқа жаққа бұрмалап, туған күнін қайда өткізетінін сұрап, менің қойған сұрағыма жауап бергісі келмеді. «Жақсы, сабырлылық сақтайық, мүмкін кешірек құттықтар. Ал кешті сенің сүйікті мейрамханаңда атап өтеміз», – деп мен де тақырыпты жапқандай болдым. Алайда бұл күн ол үшін ерекше күн екенін білгендіктен, тақырыпты жауып қоя салу, көзіндегі мұңды көру мен үшін қиынға соғатынын біліп, әрекет жасауды ұйғардым. Сабақтан кейін бірге араласатын достарымыздан оның көңілін кешке дейін аулауды сұрадым. Өзім атап өткізілетін жерді сәндеумен қоса анасының жұмысына баруды жөн санадым. Біраз уақыттан кейін мейрамхананы өзі ұнататын дизайнда сәндеп біткен соң, жұмысқа жол


тарттым. Анасымен бірнеше уақыт сөйлесіп, мән-жайды түсіндіріп, қызының көзіндегі мұңды айттым. Бірақ анасы бұл жағдайды естіп, көзіне жас алып қызының туған күнін ұмытпағаны жайлы айтып түсіндірді. Анасы қызының ұнататын әшекейін туған күніне сыйлық етіп алып беру үшін таң атысымен жұмысқа шығып кеткенін мәлімдеді. Мұны естіген мен туған күн кешіне дейін анасына көмектесуді жөн деп санадым. Екеуміз әп-сәтте жұмысты жылдам бітіріп, сыйлық алуға кеттік. Біз бағымыз жанғандай болдық, себебі дүкенде соңғы әшекей қалған екен. Сыйлықты әдемілеп сәндеп, мейрамханаға асықтық. Міне, белгіленген уақыт та таяп қалды. Қонақтардың барлығы жиналды. Мен тосын сый жасағым келіп, құрбымның анасын жарықты сөндіріп, тортпен құттықтағанын жөн көрдім. Құрбым анасын көріп, қуанышын жасыра алмады. Онымен қоса анасының тарту еткен сыйлығынан кейін маған алғысын білдіріп, осындай жан құрбысының болғанына қуанатынын айтты. Әрине, құрбымның бақытты болуын көру мен үшін бір ғанибет.



Кыдырбаева Жулдыз Нурдаулетовна
 Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
 Сарыкемер ауылы Нығметулла Киікбаев
 атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі
 мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Асетұлы Сұлтан 9-сынып оқушысы



КРОССВОРД



Бірінші сөзжұмбақ тапсырмалары:

1. Кеңінен таралған ,әлемдегі ең танымал үстел ойындарының бірі.Ежелгі Үндістанда пайда болған бұлойдан қазақ тілінде “шатыраш” атауымен атаған.
2. 1147 жылы іргесі қаланған Ресей Федерациясының астанасы.
3. Уақыттың жүйелік бірлігі , СИ жүйесіндегі өлшем бірлігі.
4. 1866 жылдың 5 наурызында дүниеге келген “Алашорда” автономиясының төрағасы,1911-14 жылдары жазылған “Жаңа энциклопедиялық сөздіктің” 4-21 томдарының авторы.
5. Менделеев кестесінде реттік нөмірі “5” болатын , периоджүйесінің 3 тобындағы химиялық элемент.
6. Тянь-Шань тау жүйесінде орналасқан ,ұзындығы 350 км болатын тау.Ең биік нүктесі - Талғар шыңы(4973 м).
7. Бұрында КСРО ядролық сынақ полигондарының бірі орналасқан қазақ қаласы.

Екінші сөзжұмбақ тапсырмалары:

1. Қант қызылшасы мен қант қамысынан алынатын тағамдық өнім.
2. Қыштан, шыныдан жасалған ыдыс. Қыштан жасалған түрі Қазақстан жерінде неолит дәуірінен бастап белгілі.
3. Жебе атуға арналған қол қаруы.
4. Атқа мінген адам ұстайтын, бірнеше таспа қайыстармен көмкеріліп, өрілген, сабы ырғайдан, аңдардың мүйіздерінен жасалған атты айдап жүргізетін құрал.
5. Шай бұтағы жапырақтарынан жасалынатын сусын.
6. Ағаш сапқа, аттың басына, қару-жараққа, тағы басқа заттарға тағылатын арнайы айыру белгісі(синоним: ту).
7. Нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек.
8. Қазақтар, ноғайлар және қалмақтар мәдениетінде бар екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы.
9. Көпбұрыштың бір қабырғасында жатпайтын екі төбесін қосатын түзудің кесіндісі
10. Қазіргі Григориан күнтізбесіндегі 7-ші келетін ай.
11. Қазақтың даңқты жауынгері әрі жазушысы Бауыржан Момышұлының қаламы ұшынан шыққан ауқымды автобиографиялық шығарма. Повесть 1974 жылы жарияланды және 1976 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.
12. Ауыз қуысының түбінде орналасқан бұлшықетті қимылы жақсы жетілген мүше.
13. Киіз үйдің ағаш жиһаздарының бірі. Оған киім-кешек, асыл бұйымдар салынады



Садубаева Жадыра Жомартқызы
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы Нығметулла Киікбаев
атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Бекнұрқызы Іңкәр 5-сынып оқушысы



Туған жерім

Туған жерге барарыңда байқап бар,
Өз далаң ол , өз үлесің байтақ дәл.
Туған жер ол сені жақсы көретін,
Перзенттерді ұнатпайды тәкаппар.

Туған жерді жан тәніңмен сүйіп бар,
Абыройды бойға бәрін жиып бар.
Туған жерден үлкен емес ештеңе,
Басыңызды жерге дейін иіп бар.

Туған жер ол сенің биік қадірлің,
Туған жер ол - сенің көркем ән үлгің.
Туған жерден артық мекен болмайды,
Туған жер ол ұлағатты сәнің мың.

Туған жерден төгіледі жақсылық,
Туған жерде тұрады ылғи бақ тұнып.
Туған жерге бар ізгілік орнаған,
Туған өлке - ұлағат пен тектілік.

Туған жерде жаздырған көңіл бар,
Туған өлке әнім, жарым менің дәл.
Туған жерде бар сұлулық қатар тұр,
Туған жерде ұлағатты өмір бар.

Туған өлке биік сенің құның бар,
Тауың тасың , алаулаған гүлің бар.
О, туған жер сенсің менің өлеңім,
Одан артық айтыңызшы кімім бар??



Абильдаева Раушан
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Қостөбе ауылы Қостөбе орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Асембек Нұргүл 5-сынып оқушысы



Жасай бер – жер ана

Барлық елге тірек болған жер анам,
Күн көзінен қуат алып дем алам,
Табиғаттың бар жақсысын сыйладың
Әр кезде де болсаң екен сен аман.

Биік-биік керемет қой тауларың,
Жанға сая беретіндей тауларың,
Ақ қайың, жасыл желек, қарағайлар
Топырағыңда құмарлана аунадым.

Бабамыз бауырында малын баққан,
Бұлағың ағып жатыр сылдыр қаққан,
Жер ана мұның бәрі сенің сыйың,
Гүлдерің ғажап сенің кілем жапқан.



Кожангулова Жанна Калкатевна
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Көктал орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Мейрмаш Айзере 6-сынып оқушысы



Табиғат ананың ұлдары

Ертегі

Ерте, ерте, ертеде жер шарының көп бөлігін су басып жатты. Ол заманда өсімдіктер мен жануарлар әлемі пайда болмаған. Біртіндеп жер бетіндегі сулар азайып, құрғақ жерлер көбейе бастады. Бұрын суда өсіп келген балдырлар құрғақ жерлерге өсуге бейімделіп, жапырақты өсімдіктер, шөптер, ағаштар пайда бола бастайды. Кейін құрғақ жерлер көбейіп, суда да, жерде де мекендейтін бақа сияқты қосмекенділер пайда болған. Ұзақ уақыт өте келе ауа райы өзгеріп, суық

бола бастаған. Бұл жағдай өсімдіктер мен жануарларға қатты әсер етіп, көбі өзгеріске ұшырап, жаңа ауа райына бейімделген екен.

Уақыт өте келе жер беті қазіргідей түрге еніп, табиғат осылайша пайда болған. Табиғаттың сұлулығына ештеңе тең келе алмаған екен. Табиғат ананың Жер, Су, Ағаш, Ауа деген ұлдары болыпты. Бір күні Табиғат-Ана ұлдарын шақырып алып:

-Адамдарға адал қызмет еткен балама үлкен сый тартамын, - деп уәде береді. Ұлдары адамдарға жақсылық жасауға қуана келіседі. Олар жан-жаққа кетіп, адамдарға кеп игілікті іс жасайды. Күндердің күнінде еліне қайтып оралады. Олар аналарының бұрынғыдан да көркейе түскенін көріп:

– Апатай, сіз қандай керемет күйге түскенсіз, мұның сыры неде? – деп сұрайды.

Табиғат ана күлімсіреп:

– Сендердің арқаларың! Сендерге үлкен рақмет,-дейді. Балалары анасының жауабына таңданып қалады. Олар өздерінің қатырып ештеңе жасамағанын және анасы өздері жоқта осылай сұлулана түскеніне балаларына рақмет айтқаны оларды сәл ұялтып та қойды. Мұны байқаған Табиғат ана ұлдарына сұрақ қояды:

– Ұлдарым, өздерің менің айтқанымды орындай алдыңдар ма? Сыйлығымды алуға қайсысың дайынсыңдар?–дейді.

Жер, Су, Ағаш, Ауа бір-біріне қарап, абдырап қалады. Сонда анасы:

– Кәне, баяндаңдар, адамдарға адал қызмет ете алдыңдар ма?–дейді.

Сонда үлкен ұлы Жер тұрып:

– Ана, мен барған ауыл-аймақ, қала мен дала өз қызметтерін жақсы атқарып жатыр екен. Олар жерді тиімді пайдаланып, жерден, яғни менен түрлі өнім мен астық алып отырғандарына қарап риза болдым. Содан менде «Еңбек етпесең, елге өкпелеме, егін екпесең, жерге өкпелеме» деп, бойымдағы бар дәрумендер мен құнарлығымды еңбек еткен адамдарға беріп келдім,–дейді.

– Жарайсың, балам, сен – байлықсың, соны түсінген адамдарға алғысым шексіз,– дейді Табиғат ана.

– Мен аралап барған мекен, мен шарлаған жерлерден байқағаным: біреулері қадірлі біледі, біреулері білмейді,– деп мұнайды Су.

–Адамдар мен жүретін кейбір арық пен тоғандарды тазаламаған. Мен ағып келе жатып, осындай бөгеттерге көп уақыт тұрып қалып жүрдім. Алайда олар келіп мені өткізіп, арықтарды тазалап жүрді. Соны көріп қуанып қалдым. «Су жүрген жер береке, ел жүрген жер мереке» деп бекер айтпаған екен. Мен жүріп аққан сай мен өзенді жағалай ел жайлаған. Олар өз тіршілігін жасап, жақсы өмір сүруде екен. «Судың да сұрауы бар» екенін халқыма түсіндіріп келдім, ана,–деді.

– Жарайсың, балам, сен-адам өмірінің мәнісің. Соны халқыңа түсіндірген саған да алғысым шексіз,– дейді.

– Анашым, мен аларалаған мекен мен ауыл-аймақ, мені ерекше сыйлап, құрмет көрсетті.

Олар өздерінің тұратын жерлеріне, көше мен даласына ағаш отырғызып, әсіресе жеміс ағаштарын отырғызып жатыр. Жол-жөнекей тал отырғызып жатқан адамдарды да көрдім. Содан соң адамдардың тал мен ағаш отырғызып

жатқан кездегі ерекше ықыластарын байқадым. Олар «Бір тал кессең, он тал ек» деген ұстанымды берік ұстанған екен. «Ағаш-жапырағымен, жер-топырағымен» деп бекер айтпаған екенсіз. Адамдардың осындай еңбектерін көріп, жапырағымды жайқалтып, жан-жағымды саялатып келдім,—деді.

—Жарайсың, балам, жарайсың! «Адам көркі—шүберек,ағаш көркі — жапырақ» дегендей, сенің де адамдардың еңбегіне деген шын ықыласыңды байқадым, рақмет, — дейді.

— Ал сен ше, Ауа,сен адамдарға қызмет жасадың ба?—деді Табиғат— ана.

Сонда Ауа:

— Анашым, мен ағаларыммен бірге жүрдім. Олар бірақ мені байқамады. Мен олар қайда барды, мен де солармен бірге бардым, көрдім. Себебі мен ағаларымсыз жалғызсырап қаламын. Маған ренжімеңізші! «Бауыры жоқ аға—қанатсыз сұңқар сияқты, бауыры жоқ әпке— жалаңаш қу шыбық сияқты» демеп пе едіңіз. Мен ағаларымды тастай алмадым. Анашым, адамдар сізді ерекше құрметтейді екен. Ағаларыммен қайда барсам да, сізді айтып жатты. Сізге ерекше қошемет жасап жатты.

— Жарайсыңдар, рақмет сендерге, адамдар үшін қолдарыңнан келгенін аямаған екенсіңдер. Ризамын. Адам мен табиғат—егіз ұғым. Соны біліп жүріңдер. Адамның қол тиген табиғаттың әр бөлігі жандана, жарқырай түседі не түбімен жойылып жоқ болады.

Соны адам түсінсе екен.


Сендер бар жақсылыққа, бар кереметке лайықсыңдар, балаларым! Рақмет!— деді Табиғат ана.



Мұсаева Қарашаш Амантаевна
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Көктал орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Озғанбай Нұрай 8-сынып оқушысы



Шәкәрім Құдайбердіұлының нақылдарындағы жасырылған сөздерді табу



1. Кім ақыл дариясы? (**Абай**)
2. Не ағын су? (**Дүние**)
3. Қай адамнан ит ілгері, достықты ұмытпайды, адал қызмет етеді ?(**Кей**)
4. Кімге қызықпа? (**Бұзыққа**)
5. Нені айтсаң, түзу кес, адалын айт? (**Билік**)
- 6.Қандай адамға дүние кең? (**Тату**)
- 7.Кім мақтар елірте бермек үшін? (**Дұшпан**)
8. Не тіршіліктің таласы? (**Өмір**)
9. Не өлшеусіз жарық нұр? (**Ақыл**)
10. Кімнің іші тар, ойы шартық? (**Өзімшілдің**)
11. Қандай бақ өкініш? (**Өткен**)



Суюнова Клара
Жамбыл облысы, Байзақ
ауданы, Қостөбе ауылы
Қостөбе орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі, педагог-модератор
Мұқажан Сабина 10-сынып
оқушысы



Марғасқа ақын – Мақатаев

Күллі елді өлеңімен өбетін,
Жүректерге жыр жылуын төгетін.
Мұқағали мұзбалағы қазақтың,
Өлеңімен мол тәрбие беретін.

Ұлы ақынды біз ұмытсақ қасірет,
Өйткені, оның әр өлеңі өсиет.
Алты Алаш аспанының жұлдызы,
Мұқағали тектілік пен қасиет.

Қарай білген Әлиханның көзімен,
Қуат алған Ахметтің сөзінен.
Үш бақытын таба білген өмірден,
Дара жүрген Ұлы Абайдың ізімен.

Ақиқатты айнытпастан айта алған,
Мұқағали таудың ұлы майталман.
Күпі киген өз халқының сөздерін,
Өздеріне өлең қылып қайтарған.

Сені іздейді еліміз бен жеріміз
Сағынады, тау мен өзен, көліміз.
Қазағымның Мұқағали ақыны,
Мәңгілікке, ұмытпаймыз, сені біз.



Суюнова Клара

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Қостөбе ауылы Қостөбе орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиет пәні
мұғалімі, педагог-модератор
Әмзібек Жания 5-сынып оқушысы



Жақсылыққа жетелеген Алтын балық

Қазіргі өтіп жатқан заманда адамдарға жақсылық жасауды жаны сүймейтін, жамандық жасаудан алдына жан салмайтын жалқау Арман есімді бір бала өмір сүріп жатыр екен. Арманның өзінің жаны сүймейтін ауру анасы болыпты, ал әкесі ертеректе қайтыс болған екен. Арман мен анасының тұрмыс-тіршіліктері өте төмен болғандықтан ол осы кедейліктің бәрін анасынан көреді екен, сондықтан да анасын жақсы көрмейтін. Үйдің барлық тірлігін ауру анасы жасайды екен.

Бір күні Арман түскі ұйқыға жатпас бұрын өзенге барып шомылуды жөн көреді де үйіне жақын Талас өзеніне қарай беттейді. Өзенге түсіп шомылып жатқанда қолына балық ілінеді. Су бетіне шығып қолындағы балыққа қараса балық жай балық қана емес алтын түстес сары балық болып шығады. Қатты таң қалған Арманның есіне қиял-ғажайып ертегідегі Алтын балық есіне түседі де, бірден балыққа: менің үш тілегім бар соны орындасаң ғана сені жіберемін- дейді. Қолындағы балық бұған жауап қатып сөйлей қоймайды. Арман екінші рет: менің үш тілегім бар соны орындасаң ғана сені жіберемін– дейді қайталап. Балық сонда да жауап қайтара қоймайды. Ашуланған Арман «сөйле, сөйле, неге маған жауап қайтармайсың?» деп балықты сілкілей бастайды, сонда ғана балық жай дауыспен: Арман ашуланба, сабыр сақта, сенің қандай тілегің бар?- дейді. Қуанған Арман бірден: менің ешқандай достарым жоқ, жоқ тұра тұр, біріншіден менің үлкен зәулім үйім болсын. Екіншіден- көп ақшам болсын, сонда ғана мені достарым көп болады. Үшінші тілегім, үшінші тілегім, ммм, не тілесем екен?- деп ойланып қалады. «Ааа, таптым, таптым менің үшінші тілегім- мектеп деген мүлдем болмаса екен. Мен сабақ оқығанды мүлде ұнатпаймын, айтпақшы, ақша мен зәулім сарайлы үйің болса білімнің не керегі бар?» дейді.

Арманның бар тілегін асықпай сабырмен тыңдап отырған балық:

– Арман, жарайды, мен сенің тілектеріңді орындаймын. Бірақ сенің тілектеріңді орындамас бұрын менің саған қоятын бір ғана шартым бар, келісесің бе?– дейді.

– Ол қандай шарт?– дейді.

– Мен саған жеті күн, яғни бір апта уақыт беремін. Сен сол бір аптаның ішінде көптеген адамдарға жақсылық жасауға міндеттісің, сол жасаған жақсылығыңа қарай мен сенің тілектеріңді орындаймын. Келісесің бе?– дейді.

– Жарайды, ал мен сені сосын қайдан табамын?– дейді.

– Мені іздеудің қажеті жоқ, уақыты келгенде мен сені өзім іздеп табамын,– дейді. Содан екеуі келісіп Арман үйіне, ал балық суға күмп етіп секіріп кетеді. Осы сәттен бастап Арман өзгере бастайды.

Үйіне қайтар жолда Арман судан өте алмай тұрған баланы судан өткізіп жібереді. Үйіне келсе анасы тәтті бәліштерін пісіріп баласын күтіп отыр екен, қарны қатты ашқан Арман бәліштен асап-асап жіберіп үй тіршілігіне көмектеседі. Сабағын оқып мектепке де бара бастайды, жанында достары да көбейе бастайды. Ең қуантарлығы: анасының күннен-күнге жақсарып, жазылып келе жатқанын байқайды. Сөйтіп апта емес ай өтеді. Арман балыққа берген уәдесін ұмытып та кетеді.

Бір күні Арман сабақтан шаршап келіп ұйықтап кетеді, сөйтіп түсінде өзенде кездестірген балықты көреді. Түсінде балық Арманды өзенге шақырады. Ұйқысынан шошып оянған Арман бірден өзенге жүгіре жөнеледі. Өзенге келсе жалтыраған балық Арманды өзен жағасында күтіп отыр екен. Балық:

– Жарайсың, Арман, сен мен күткеннен де жақсы бала болып барарсың, осы бетіңнен қайтпа, қане қандай тілектеріңді орындайын?– дейді. Балыққа таңырқай қараған Арман:

– Қалай сонда, сен менің жасап жүрген жақсы істерімді қайдан білесің?– дейді.

– Мен бәрін білемін, мен сені көрген сәтте сенің жүрегіңнің таза екенін, бірақ оны тек жалқаулық пен мейірімсіздік басып тұрғанын бірден сездім де тек жақсы істер жасап жүруіңді бұйырдым. Сол сәттен басап сен өзгере бастадың. Өзің сездің бе?– дейді. Сонда Арман:

– Сезбедім, бірақ анама көмектескен сайын оның жазылып келе жатқанын, оны жақсы көріп келе жатқанымды да сездім. Жанымда достарып да көбейіп, білім алуға деген құлшынысым да артып келеді. Осының бәрін сен жасап жүрсің бе?– дейді. Балық:

– Ия, мен жасадым. Ал қандай тілегің бар айта қой орындайын,– дейді. Ұзақ ойланған Арман: – Рахмет саған, балық, менің ешқандай тілегімді орындаудың қажеті жоқ. Менің түсінгенім айналадағы адамдарға көмектесіп, мейірімді, еңбекқор болсаң тілектеріңнің жайлап орындалатынына көзім жетті. Ең бастысы, анам жанымда, бұрын ауырып жүрген анамның қадірін түсіне білмеппін. Мені осындай адам еткеніңе рахмет саған, ары қарай осы бетімнен таймай жақсы адам болуға уәде беремін. Сау бол менің қиялдаған Алтын балығым, қош бол!– деп Арман үйіне қуанышпен, көтеріңкі көңіл-күймен асырға жүгіре жөнелді. Ал Арманның жүрегіне мейірім мен еңбекқорлықты ұялата білген балық та өз-өзіне риза болып суға күмп етті де жоқ болып кетті.

Міне балалар ертегі осымен аяқталды. Ал сенің қолыңа осындай қиял-ғажайып ертегідегі Алтын балық түссе не істер едің? Не тілек айтар едің?



Байжанов Майданбай Калкаманович
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Н.Гоголь
атындағы орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі
Әшірбек Ақжан 11-сынып оқушысы



Жұмбақтар

Өзі тәтті, жемейсің,
Керек емес демейсің.
Жаурап алар еріксіз,
Ештеңені сезбейсің. **(Ұйқы)**

Шырақ жағып қойғандай,
Күндіз бәрі айнадай.
Қараңғыға қойып кетсең,
Тастағандай байлап -ай. **(Көз)**

Мініп алсаң өзіне,
Тіл қатпайды өзіңе.
Ойлағаның орындалар,
Жеткізер керек жеріңе. **(Аяқ)**

Алыстан да, жақыннан да,
Көзбен көрмей сезесің.
Жаман болса, алды-артыңа,
Қарамай-ақ безесің. **(Мұрын)**

Иісті сезбейді,
Тыныштық көздейді.
Бәрін де ұғынар,
Өзіңнен безбейді. **(Ми)**

Бәрін де істейді,
Онсыз іс бітпейді.
Сау тұрса өзіне,
Ештеңе жетпейді. **(Қол)**

Ашуға берілсең,
Ашылар арандай.
Жақсылық сезінсең,
Басылар бағамдай. **(Ауыз)**
Тіршілік нәрін де,

Береді бәрін де.
Тоқтаса мезгілсіз,
Керексіз бәрі де. **(Жүрек)**

Бойыңнан жүйіткіді,
Білінбес түк мейлі.
Қимылдың барлығын,
Бір өзі реттейді. **(Қан)**

Жылытар үйінді,
Келтірер күйінді.
Жылуды реттер,
Біліп ал бұйымды. **(Газ пеші)**

Құюға болмайды,
Пешіңе жалғайды.
Орынды пайдалансаң,
Барлығы қайнайды. **(Газ)**

Секірмесе жүре алмайды,
Сусыз өмір сүре алмайды. **(Бақа)**

Метаграммалар

Егер Т-дан бастасаң,
Тұқымымын жылқының.
Т-ны алып тастасаң,
Жарық қылам түнді мен. **(Тай, ай)**

Егер Ж-дан бастасаң,
Ашқызбасын көзіңді.
Ж-ны алып тастасаң,
Тойғызармын өзіңді. **(Жас, ас)**

М-дан егер бастасаң,
Төрт түліктің атымын.
М орнына Т қойсаң,
Құрағанда отынмын. **(Мал, тал)**

Т-дан егер бастасаң,
Бастауымын жарықтың.
Т-ны алып тастасаң,
Тесіп өтер алыппын. **(Тоқ, оқ)**

Т-дан егер бастасаң,
Орнымын патшаның,
Т орнына Ж қойсаң,
Құлатарсың атқанын.
Ж-ны алып тастасаң,
Күнәсіз боп отқаның. (Тақ, жақ, ақ)



Омарова Айнұр
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы
Нығметулла Киікбаев атындағы
мектеп-гимназия
Мақсатова Гүлжан 11-сынып оқушысы



АҚ ПАРАҚ (Әңгіме)

Ол біздің мектепке 7 -сыныпта келді. Өте қарапайым, аққұба қыз бізге тым тұңғыық көрінді. Көздеріне ұялаған әлдебір мұнды байқайтын едік. Оны кейін, осы кезде еске алғанда сезіп отырмын ғой. Сол уақытта мән бермеген шығармын... Көп сөйлемейтін. Жаңадан келгендіктен болар деп ойладық, кластағы қыздармен тез тіл табысып кеткен жоқ. Тентек ұлдар оған әртүрлі сөзбен тиісіп, әзілдеп жатса да көп тіл қайтармайтын. Сабақты зейін қоя тындағанымен, мұғалім арнайы сұрамаса, үндемей отыра беретін... Осы мінезіне бола оны кластастар «Үндемес», «Мылқау» деуші еді. Баламыз ғой, мен де құрбыларыммен бірге сыртынан «Үндеместі көрдіңдер ме?», «Үндеместі сөйлетейік» деп оған жақындап, қайдан келгенін, ауылдарынан неге көшкенін сұрайтын едік. Біздің білуімізше, ол осы аудан орталығына жуырда көшіп келген екен. Шешесі екеуі ғана тұрады. «Толық емес отбасы» екенін ұққан соң, сынып жетекшіміз ол жоқта бізге: «Жаңагүлге артық сөз айтпаңдар, мазақтамаңдар, орынсыз сұрақ қоймаңдар», – деп ескертті. Оны «тергеу процесі» содан кейін саябырсыды.

Менің оған іштей жаным ашитын болды. Оны жақын тартып, көмектесуді ойладым. Бірақ Жаңагүл ашыла қоймайтын. Сабаққа дәл уақытында келеді, сабақ біткенде сумкасын асығыс жинайды да, жалғыз өзі үйіне асығыс қайтады. Күнделікті тек бір жолмен жүреді. Мектептің алдындағы көшенің арғы бетіне өтеді де, оңға бұрылған күйі ешқайда соқпай, үйіне қайтады. Келерде де сол жолмен, тура өзінің сызған сызығымен жүреді.

– Жаңагүл, – деді бір күні Жантас, – сен осы үйіңнен мектепке дейін қанша адым екенін білетін шығарсың, иә? Үйіңе көшенің бергі бетімен де бара аласың. Басқа көшелермен де баруға болады. Неге бір жолмен ғана жүресің?..

Оқушылар ду күлді. Жаңагүлде әдеттегідей үн жоқ.

– Нең бар сенің, – дедім мен Жантасқа. – Қай жолмен жүрсе де өзі біледі ғой.

– Үндеместің өзінің тілі жоқ па? – деді Жантас. – Мен өзінен сұрап тұрмын ғой.

– Сен секілді үйіне бару үшін бүкіл ауылды кезу міндет емес шығар.

Енді ұлдар оны мазақтап күле жөнелді.

– Жантас бұл ауылда не бар, қай көшеде кімдер тұрады, қай үйге қандай қонақ келді, кімнің сиыры бұзаулап, қойы егіз тапты, бәрін біледі. Әкімдіктегілер статистика бойынша кеңес алса болады, – деді қутілді Қуат. Жантастың екі беті қызарып, оны қуа жөнелді. Шынымен де Жантас көше кезіп жүргенді ұнататын. Үйіндегілер Жантасты іздеп жүргенін талай көргенбіз. Мектепке ерте шығып, кеш келетіннің бірі сол еді.

Жаңагүл уақыт өте келе сыныпқа үйрене бастағандай сезілді. Аздап сөйлейтін, өзіне керек зат болса менен сұрайтын болды. Оған қолымнан келгенше көмектесетінмін. Әйтеуір үй тапсырмасын орындап келетін. Мұғалімдер оның тұйық мінезді екенін білгендіктен бе, сабақ сұрап жатпайтын. Тек математика мұғалімі ғана Жаңагүлге жылы сөз айтып, үй тапсырмаларын жақсы орындайтынына ризашылық білдіретін.

– Жаңагүл кешегі тақырыпты жақсы түсініпті. Есептерді қатесіз шығарыпты. Үйіңде біреу көмектесе ме? – деді бірде.

– Мамам математиканы жақсы біледі.

– Солай ма?! Бәсе, логикалық есептерді қатесіз шығарыпсың. Өзіңнің де математикаға бейімің бар шығар?

Жаңагүл басын изеді. Біз оның математикаға бейім екенін біліп, аңтарыла қарадық. Сыныпта математиканы сүйіп оқитын оқушылар өте аз еді.

Сынып жетекшіміз ай сайын оқушылардың орнын ауыстырады. Бір жолы мен Жаңагүлдің артындағы партаға отырдым. Бірде әдебиет пәнінің мұғалімі Нағима апай бәрімізге «Менің отбасым» деген эссе жазуды тапсырды. Апайымыз сөзге ұста кісі еді. Отбасының маңызы мен мәні жайлы көсіле сөйлеп, ең қызықты, естен кетпейтін сәттерің туралы жазыңдар деп нұсқау да берді.

Бәріміз бас алмай жазуға отырдық. «Көлемі бір беттен кем болмасын» деген апайдың тапсырмасын орындауға тырыстық. Тек... Жаңагүл бір парақ қағаз алды да, бас жағына «Менің отбасым» деп жазды. Мен тез аяқтап, жан-жағыма қарадым. Бәрі бірдеңелерін жазып жатыр. Жаңагүл қаламсабының бір шетін тістелеген күйі отыр екен. «Менің отбасым». Одан басқа бір сөз жоқ. Апай маған қарап парақтарды жинап беруімді өтінді. Бәрінің алдынан парақтарды жинадым да, апайға өткіздім.

Келесі сабақта Нағима апай әңгімесін тағы да арыдан бастады. Эссе жазудың табиғатына тоқталып, шығармашылықпен айналысудың пайдасы көп екенін, айтары бар адам ғана мақала, эссе, әңгіме, өлең жаза алатынын тілге тиек етті. Содан кейін бірнеше эссені алып шығып, «өте жақсы

жазған» деп мақтады. Ішінде менің де «Отбасым» бар еді. Бірнеше баланың «шығармасына» қысқаша тоқталып, әдемі жерлерін өзі оқып берді.

– Мен сендердің эсселеріңді оқып отырып, көп ойландым. 7 - сынып оқып жүріп, неге сауатсыз жазасыңдар. Грамматикалық қателік көп. Сөйлемді аяқтамай жатып нүкте қоясыңдар. Өз тілдеріңді сауатты жаза алмасаңдар, ертең қайтіп мықты маман боласыңдар? Бұларың болмайды. Өз ана тілінде дұрыс жаза алмаған адам өзге тілді үйреніп те қарық қылмайды. Соны естеріңе сақтаңдар, – деді де, біраз уақыт үнсіз отырды.

– Мені қайран қалдырғаны екі оқушының «эссесі» болды, – деді аздан соң мырс етіп. – Жантас төрт сөйлем жазыпты. «Менің әкем жылқыны жақсы көреді. Бәйге атын бағады. Інім футболға қызығады. Ал мен математиканы ұнатамын». Бәріміз күліп жібердік. Оның математиканы жек көретінін бүкіл кластағылар біледі.

– Бар айтары осы ғана екен. Ұят, – деді Нағима апай.

Үнсіздік.

– Ал мына парак кімдікі? – деді аздан соң. – Атын да жазбапты.

«Менің отбасым». Әппақ парак. Жүрегім дір ете қалды. Жаңагүлдікі ғой.

– Ештеңе жазбапты. Өзінің отбасы туралы түк жаза алмайтын да адам болады екен. Құдай-ау, «Отан отбасыдан басталады» демей ме атам қазақ. Сонда өзінің отбасы туралы бір ауыз сөз жаза алмайтын оқушы қайтіп жетінші сыныпта оқып жүр, а?! Әлде мені сыйламағаны ма? Бұл кім?! – деді зілді дауыспен.

Ешкімде үн жоқ. Біріне-бірі қарайды. Сәл уақыттан соң бәрінің көзі Жаңагүлге қадалды. Ол көзін төмен салған күйі қозғалар емес.

Баяғы Жантас:

– Үндемес бойжеткен, ол сенікі ме? – деді. Оқушылардың кейбірі мысқыл күлкіге басты. Кенет Жаңагүл орнынан тұрды да, көзінен жас ағып, сөйлей алмаған күйі солқ-солқ өксіп тұрды да, сыныптан шыға жөнелді.

– Қайда барасың? – деген апайды елең қылмастан кете барды...

Сол күні мен қатты өкіндім. Оның ештеңе жазылмаған парағын жинап бергеніме қатты өкіндім.

Көктем мезгілі еді. Сынып бойынша аудан орталығының шетіндегі өзен бойына көкке шықтық. Жаңагүлді жүр-жүрлеп мен ертіп алдым.

– Маған ренжіме, – дедім ыңғайлы сәттің бірінде.

– Не болды? – деді ол түк түсінбей бетіме қарап.

– Өткенде сенің эссенді жинамауым керек еді.

– Ааа, сенің не кінәң бар. Өзім ғой жазбаған.

– Неге жазбадың?

Бұл сұрақты қоярымды қойып алып, тағы ыңғайсыз күйге түстім.

Ол:

– Менің әкем жоқ қой. Қайда екенін білмейміз. Бес жыл болды. Алматыға жұмыс істеймін деп кеткен. Сол күйі оралмады. Хабар-ошар жоқ...

– Келетін шығар...

– Білмеймін... Ауылдастар сыртынан көріпті,–дейді.

– Қайдан?..

Оның көзі жасқа лық толып кетті. Ерні дірілдеп, тамағына өксік тығылды.

– Ішіп кетіпті дейді. Көше кезбесіне айналыпты деп естідік...

– Өтірік шығар, – деп жұбатқандай болдым.

– Әкем өте ақкөңіл, мейірбан еді... Жүрегім сыздайды. Мамамның қиналғанын, жоқшылықты ойласам, қабырғам қайысады... Мамама қалай көмектесем деп ойлаймын. Әкемді іздегім келеді...

Осы сөздерді үзіп-жұлып әзер айтты.

Күзде бірінші қыркүйекте мен ең алдымен Жаңагүл келер деп соны іздедім сыныптан. Жоқ. Мамасы екеуі қалаға, Алматыға кетіпті деп естідік.

Осы күні Жаңагүл туралы көп ойға батамын. Есіме жиі түседі. Әкесін тапқан шығар. Үміттімін...

Жаңагүл Орынбасарова деп барлық әлеуметтік желілерді ақтардым. «Инстаграмм», «Фэйсбук», «Тик-токты» тінттім. Оны таба алмадым.

Сен қайда жүр екенсің, Жаңагүл?!

Осынау жер бетінде аман-есен жүрген шығарсың? Көзіңдегі мұң қуанышқа айналған шығар... Солай болғай.



Далдыбаева Айнур Оразаевна
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы
Нығметулла Киікбаев атындағы
мектеп-гимназияның қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі
Рысқұлбек Нұрсая 7-сынып оқушысы



Менің анам, асыл анам

Бар ғой сендей бір ғана асыл ана,
Өзіңсің ғой өмірімнің тірегі.
Айымсың ғой жарық қылар түнімді,
Жұлдызымсың сәнді еткен көгімді.
Анам үшін мен әлі де баламын,
Бойжетсем де сәби болып қаламын.
Бақытымсың сен менің әрқашан да,
Алғыс айтам, қамқор анам сіз үшін.
Менің анам отбасының жыр әні,
Көздеріңнен қуанышты көрейік.
Аман болшы әрқашан да бағыма,
Тәңірімнен мен осыны тілеймін.

Жамбыл облысы
Дарынды балаларға арналған мамандандырылған
«Дарын» лицей- интернаты
Имамбай Алдияр 8-сынып оқушысы

Әлем балалар көзімен

Әлем жақсы көзқараспен қарасаң да, жаман көзқараспен қарасаң да, барлығына себеп табатын кезеңді басынан өткеруде. Үлкен адамдардың көзқарасымен алар болсақ, олар үшін ең маңыздысы әлем тыныштығы мен жанұяның бақыты. Ал біздердің, яғни балалардың көзімен қарасақ, бізге керегі бақытқа және қызыққа толы балалық шақ. Десек те, әлем сан қилы сценарийлерге толы тағдырды басынан кешуде.

Әлем дегенде, көз алдымызға табиғат, адамдар, жан-жануарлар, технологиялар, мәдениеттер және тағыда басқа әлем құбылыстары мен жаратылыстар елестейді. Ия, әлемде керемет жаңалықтар орын алуда. Өркениет, мәдениет және технология тұрғысынан жылдан-жылға барлығы өркендеуде. Кешегі от жағуды білмеген адамдар, бүгінде күннің отынан энергия алуда. Сол секілді қалалар көбейіп, білім беру деңгейі өсіп, әлемде сауатты адамдар билік етуде. Десе де, әлемнің ақ тұсы да, қара тұсы да кең етек алуда. Табиғаттың ластануы, жан-жануарлардың санының азаюы, адамдар арасында аурудың көбеюі және де соғыс. Барлығыда адам қолымен жасалып жатқан іс-әрекеттер. Кей мемлекеттерде балалар тоқшылықта, жақсы жағдайда өмір сүріп жатыр. Ол балалардың көзқарасымен әлем тамаша. Ал, кейбір соғыстан, кедейшіліктен көз ашпаған елдерде балалар туылғанынан бастап қиыншылық көруде. Ол балалардың көзқарасымен әлем жамандыққа толы. Ата-анасы бар балалар үшін әлем мейірімге толы болып көрінеді. Ал, ата-анасы жоқ балалар үшін, әлем жауыздық іспеттес.

Әлемді өзгерту барлығымыздың өз қолымызда. Бұл әңгімені жазған біздер үшін, әлем үшбасты айдаһар секілді. Әр басы әр жаққа тартса үзіледі, ал бірігіп әрекет етсе оны жеңер жаратылыс жоқ.

Жамбыл облысы
Дарынды балаларға арналған мамандандырылған
«Дарын» лицей- интернаты
Амантай Еркежан 8-сынып оқушысы

Әлем балалар көзімен

Дүние есігін алғаш ашқан перзент
Шабытпенен күтеді келер күнін.
Бойынан арылмаған пәктік мүлде,
Еш уайымсыз өткізеді бала шағын.

Ашық аспан, жарқын күн күлімдеген,
Қиялына ертегі мен аңыз сіңген.

Арман толы, бақытты балғын өмір
Асық ойнап, доп артынан қуып жүрген.

Өз әлемін ғажайыпқа айналдырған,
Жүзінде шаттық пенен нұр ойнаған.
Есейудің мәнін мүлде аңғармай,
Бала көзінде - барлығы ойын болған.

Жамбыл облысы
Дарынды балаларға арналған мамандандырылған
«Дарын» лицей- интернаты
Ержан Ерасыл 8-сынып оқушысы

Шәкәрім Құдайбердіұлына қатысты жұмбақтар:

Үш тілі бар, Тықылдаған үні бар, Жұқа тақтай бөлшегі, Даналықтың өлшемі.

(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Ғылыммен тәулік өткізем, Философпын мен екен, Ғылымды ғана қалаймын, Ғылым менің өмірім.

(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Мын туылмас алыстан үміт көрдім, көз алдымда сатқындыққа тап болдым. Үміт отын 30 жыл өтедім де қалдым.

(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Философ шешен ақсақалдастандық даңқ шындық қоры шешен сөзге өшпес данагөйлік.

(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Еңлік-Кебек екі жастын дастаны,
Осы хақан өзенің аяғында
Бораннан байқай алмай барар бетті,
(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Жастар зорлықсыз мал табалық, өшпес өмір таусылмас, мал берерлік бір білімді данышпан жан табалық.

(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Білімді сол кісіден ізденелік, Әдейі іздеп бізкелдік сізге делік.

(Шәкәрім Құдайбердіұлы)


Тапқан іске таласпай, шын көнелік! Жұртқа күлкі болмалық, жөнделелік!
Арамдықпен, алдаумен күн өткізбей,
Өтірікке өлгенше, шынға өлелік!
(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Аспандап аса бермей шақталалық, Аласыздық, адалдық жақты алалық!
Өтіріктен жалығып, өнер тапсақ, Біз сонда жетілдік деп мақтаналық!
(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Жаман әдет тастауға ұнасалық! Мына мінез қалай деп сынасалық!
Түп-тура бетімізге айтысалық,
Ашуланбай, ақылмен шыдасалық!
(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

Жамбыл облысы
Дарынды балаларға арналған мамандандырылған
«Дарын» лицей- интернаты
Бақыт Мадияр 8-сынып оқушысы

Кроссворд



1. «Монах» поэмасының авторы кім?
2. Құдайберді Шәкәрімге кім?
3. Жобаның түпнұсқалық композициясын жазатын адам?
4. Шәкәрімнің бірінші жұбайы?
5. Шәкәрім ауыл молдасынан меңгерген шет тілі?
6. Ең алғаш Низами жазған Шәкәрімнің дастаны?
7. Шәкәрімнің романы?

8. Шәкәрімнің ұлты?
9. Ахат Шәкәрімге кім?
10. Фольклор саласына жататын әдебиет жанры?
11. Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов, Шәкәрім Құдайбердіұлы осы үш тұлғаны не байланыстырады?
12. Шәкәрімнің атасы кім?
13. Қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы?
14. Музыкалық шығарманың авторын қалай атайды?
15. Шәкәрімнің руы шыққан тайпа?
16. Шәкәрім философ, тарихшы, сазгерден басқа кім болды?
17. Шәкәрімнің қай дастанында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы кездесті?
18. Шәкәрімнің туған жері?
19. Шәкәрімнің ең танымал дастаны? 20. 1988 жылы «Үлкен жинағы» жарық көрген баспа?



Қошмағанбетова Мадина Шымырхановна
 Жамбыл облысы, Түрксіб ауылы
 Антон Макаренко орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор



Қошмағанбет Әділет 5-сынып оқушысы

Сөзжұмбақ

1. Кейбір деректерде Шәкәрімнің шын есімі кім? *Шахкәрім*
2. Ақын қандай өнер түрлерін меңгерген? *Ән айту*
3. Ақын қандай тілдерді жетік білген? *Түрік*
4. Құдайберді Шәкәрімге кім болады? *Әкесі*
5. Ақын қанша жасында елінде болыс болады? *Жиырма жасында*
6. 1905 жылы Шәкәрім қайда сапар шекті? *Қажылық*
7. Ақын қандай ұлттық аспапта ойнаған? *Домбыра*
8. Ақын ағаштан қандай аспап түрін ойып жасаған? *Қобыз*
9. Ақынның денесі көмусіз 30 жыл жатқан жер? *Құдық*
10. Қай орыс жазушысын ғұмыр бойы шәкіртімін деп санаған? *Лев Толстой*
11. Шәкәрімнің әндерін өзінен үйренгендердің ішінен көпке танымал әнші? *Қабын Керімқұлов*

				Ш	А	Х	К	Е	Р	І	М
				Ә	Н		А	Й	Т	У	
Т	Ү	Р	І	К							
				Ә	К	Е	С	І			
	Ж	И	Ы	Р	М	А					
				І							
				М							



				Қ	А	Ж	Ы	Л	Ы	Қ			
				Ұ									
				Д	О	М	Б	Ы	Р	А			
				А									
				Й									
	Қ	О	Б	Ы	З								
				Е									
				Р									
				Д									
				І									
		Қ	Ұ	Д	Ы	Қ							
			Л	Е	В		Т	О	Л	С	Т	О	Й
Қ	А	Б	Ы	Ш		К	Е	Р	І	М	Қ	Ұ	Л

Байымбет Нұргүл Байшымырқызы
 Жамбыл облысы, Түркісіб ауылы
 Антон Макаренко орта мектебі
 Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
 педагог-зерттеуші
Есболған Арайлым 7-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Баяғы бір заманда Әлем деген бала болыпты. Жер шарын айнала сапар жасау – бұл кез келген адамның арманы. Әлемнің бүкіл жерді айналып шығу деген арманы болыпты. Көптеген адамдар бұл арманын жүзеге асыруға батылы жете бермейді. Бірақ Әлем бүкіл жер шарын айналып шыға алмайтынын түсінгенде бастапқыда Қазақстанның әр қаласын аралап, саяхаттап шығамын деген мақсат қояды.

Әлем жолға шығады. Жолда кетіп бара жатқан жерде шөп арасында біреу жүрген секілді болды. Әлем қорқып кетіп:

- Мұнда кім бар?– деп айқай салды.
- Бұл мен – Глобус,– деген дауыс шықты.
- Қандай Глобус?– деп сұрады Әлем.
- Домалақ шар – Глобус, ал сен кімсің?

– Менің атым Әлем. Мен саяхатшымынб– деп таныстырды өзін Әлем7

– Мен де саяхатшымын, – деп айқай салды Глобус қуанғанынан.

– Танысқаныма қуаныштымын, –деп Әлем қолын созды Глобусқа.

– Мен де, – деп көтеріңкі көңілмен айқайлайды Глобус

– Глобус, сен менімен бірге саяхаттауға дайынсың ба?–деп сұрады Әлем
Глобус ары ойланып, бері ойланып:

– Әрине, мен саяхаттағанда көңілді әуен тыңдағанды жақсы көремін.

– Ары қарай Глобус пен Әлем бірге жол жүреді. Бір кезде бір айқай-
шу естіледі.

– Көмектесіңдер, көмектесіңдер!– деген айқай естіледі.

Сонда Әлем мен Глобус талға жақындап қараса, талдан құлап калған
Картаны көреді.

- Бұл сенбісің, досым?– деп айқай салды Глобус.

- Ия, бұл менмін – деді Карта.

- Талдың үстінде не істеп жүрсің?– деп қызығып сұрады Глобус.

- Мен талдың үстінен қарасам, жер әдемірек көрінеді деп естігем. Сол
себепті талға мінгім кеп еді, тайғанап жерге гүрс етіп құладым,– деп өзінің
оқиғасын баяндады Карта. Сонда сөздерін Әлем бөліп:

- Сендер таныссыңдарма?– деп сұрады Әлем таңдана.

- Ия-деді екеуі бірге бастарын иіп.

- Өзіңді таныстырып кетші – деп сұрады Әлем.

- Жарайды, мен елдердің, қалалардың бейнелерін қайда
орналасқанын көрсетуші Картамын. Саяхатшылардың ең керекті
жабдықтарының бірімін,– деп өзін мақтады Карта.

- Карта, сен бізбен бірге саяхаттауға қалай қарайсың?– деп ұсыныс
жасады Глобус. Карта ойланбастан:

- Жарайды, – деп жауап берді

Ары қарай Әлем, Карта, Глобус үшеуі бірге саяхатқа шықты

Жолда келе жатып жерде домалақ сағат секілді бір нәрсе жатқандай
болады.

Сонда Карта жақындап келіп:

- Бұл Компос қой! – деп айқай салды.

Глобус жақындап келіп:

- Ия, бұл біздің үшінші серігіміз Компос қой,– деді қуанып

- Сәлеметсіңдер ме! – деді компос.

Әлем жақындай келіп:

- Сен кімсің? – деп сұрақ қойды

- Мен саяхатшыларға бағыт-бағдар көрсетуші Компоспын. Ал сен
кімсің?– деп сұрақ қойды Әлемге

- Мен саяхатшы Әлеммін,– деп қысқаша өзің таныстырды Әлем.

- Компос, сен бізбен бірге саяхаттауға дайынсың ба? – деп сұрады

Карта

- Қайда? – деп сұрады Компос.

- Қазақстанның әр қаласын саяхаттауға,– деп жауап қайтарды Әлем.

- Ал енді ойланып көрейін, – деп тұрды Компос

Ойлана-ойлана:

- Келісемін, – деп айқай салды Компос.

Сонда Карта айтты:

- Ал біз қайда саяхаттаймыз?

- Алматыға саяхаттауға қалай қарайсындар?– деп сұрады Глобус.

- Мен қарсымын, – деді Әлем.

- Менде Әлемге қосыламын деп айтты Компос

Карта бірақ ұзақ ойланып:

- Ал егер Таразға саяхаттасақ ше?

- Білмеймін, – деп Әлем жауап қайтарды.

- Қазақстанның бас қаласы Астанаға барсақ қалай қарайсындар ? –деп сұрақ қойды Компас.

Осылай пікір талыстырып келе жатқандарында жолға қалай шығып кеткенін байқамаған Глобусты машина қағып кете жаздады. Сонда машина тоқтап

– Көзіңе қарамайсың ба?– деп жүргізуші машинадан шығып ұрысты.

– Біз пікір таласып байқамай қалыппыз, кешіріңі, – деп кешірім сұрады Глобус.

– Сенің атың кім?- деп сұрады көлік жүргізушісі

– Менің атым Глобус.

– Құпия болмаса, не деп пікір таласып едіңдер?

– Қай қалаға саяхаттаймыз? – деп жауап берді Әлем

– Менімен бірге Таразға баруға қалай қарайсындар, – деп сұрады көлік жүргізушісі.

– Біз ойлану керекпіз.

– Жарайды – деді көлік жүргізушісі

Барлығы ойланып «ия» деп жауап береміз деп шешті. Сонда Карта

– Жарайды, біз келісеміз, – деп жауап берді

Осылай Әлем, Глобус, Карта, Компос бірге жолға шықты. Аман -есен төрт басы түгел Тараз қаласына жетті. Әрбір қаланың өз ерекшелігі, өз тарихы бар. Тараз қаласына саяхаттау барынша қауіпсіз, қызықты әрі ыңғайлы қала екен. Көптеген тарихи жерлері бар екен. Қайта жаңғыртылу үстінде көптеген ғимараттар бар екен. Тараз қаласындағы тарихи-мәдени орындар, «Байзақ баба» кесенесі, тарихы тереңге тартқан «Тектұрмас», «Қарахан», «Айша бибі» кесенелерінде болып, саяхатты әрмен қарай жалғастырды. «Көне Тараз» тарихи-мәдени орталығын аралап, түстен кейін «Жеңіс» саябағы, қалалық мұражайлар мен Ж.Үшкемпіров атындағы спорт кешенінде, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған ескерткіш маңына да барды. Тараз қаласына келе салысымен біздің бірден сезінгеніміз бұл – қала ішінде барлық жерде өсіп жатқан раушан гүлдердің хош иісі! Бұл ең әдемі, бірегей, жарқын әрі ыстық қала! Тараз қаласының тұрғындары өте қонақжай, кеңпейілді және оларда әрқашан сіздерге арналған тәтті бауырсақтары дайын тұрады екен.

Тараз қаласында бір апта саяхаттағаннан кейін, тағы да пікірталас басталды. Бірінші бастаған Карта былай деді

- Тараздың қыр-сырын білдік, енді қай қалаға жол тартамыз ?
- Білмедім– деді Әлем.
- Мүмкін, Астанаға, – деп ұсыныс жасады Компас.
- Мүмкін, Таразда қала береміз, – деді Глобус.
- Жоқ, болмайды, біз бүкіл қалаларды саяхаттап шығу керекпіз,–деп

жауап берді Әлем.

- Ия, мен Әлемге келісемін. Біз Қазақстанның әр қаласын саяхаттауымыз керек деп Компас Глобусқа қарсы шықты.

- Жарайды,– деп Глобус келісті.
- Павлодар қаласына барамыз. Онда менің әжем тұрады деп ой салды

Әлем.

- Павлодар дейсің бе, мен Павлодарда болып көрмеппін. Жарайды! деп келісті Карта

- Жарайды, бізде келісеміз.

- Павлодар қаласына қайықпен жүзіп жетуге болады. Бүгін кешке шығайық деп Әлем ұсыныс жасады.

Оған барлығы бір ауыздан келісті. Кешкі салқынмен, көтеріңкі көңілмен тағы да саяхатқа шықты. Қайыққа бірінші рет мінген судың тұнығына, әдемі иірім - иіріміне қызығып жүзіп келе жатты. Әсіресе, бірінші қайыққа мінген Глобус табиғаттың сұлулығына тамсанып жан-жағына карап келе жатты. Павлодарлықтар өз халқының тарихы мен мәдени ескеркіштерін қасиеттеп қорғайды екен. Мұражайлар, көрмелер, мәдениет жетістіктері мұнда өте танымал және келушілерге бай. Қаланың тарихы бай және оның ертеден келе жатқан мәдени дәстүрлері бар. Павлодар Ертіс өңірі – атақты ғылым, мәдениет және өнер қызметкерлерінің Отаны болып табылады. Мұнда Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Дихан Әбілев, Шәкен Айманов, Жаяу Мұса, Иса Байзақов, Сәбит Дөнентаев және тағы басқа Республикаға танымал қайраткерлер туған. Ертіс бойымен ақ жартасты жолақ сияқты біздің мейірімді, қонақжай қаламыз жайылып жатыр. Осылай олар бір күн, бір түн жүзді. Кенеттен тарсылдап жауған жаңбырдан естерін тез жинап алған саяхатшылар тылсым табиғаттан не күтерін білмеді. Кенеттен қатты дауыл тұрып қайықты ары-бері шайқады. Саяхатшылар қайықты игере алмай қалды. Сол кезде қайық аударылып барлығы суға құлап кетеді. Олар тез-тез шапшаңдықпен қайықты қайта аударуға тырысты. Қайыққа отырған олар алға жүзіп кетті. Таң елең-аланда қатты тұманның арасынан қала сұлбасы көрінді. Олар өте қатты қуанды. Жақындап келіп жағаға тоқтап, қайықтан барлығы түсті. Жағаға жайғасып отырды. Шамалы уақыт өткен соң жүргіншілер көріне бастады. Шыдамсыз Карта өтіп бара жатқан жүргіншіден:

- Сәлеметсіз бе, біз қай қаладамыз?–деп сұрады.
- Семей қаласы деп жауап берді бейтаныс кісі.

Семей қаласы екенін естіген олар қатты таңырқап қалды. Әлем қуанғанынан:

- ТМД мемлекеттерінің ішінде жалғыз аспалы көпір де Семей қаласында. Қаланың мақтанышына айналған бұл нысанның биіктігі 90 метр, ені 35 метр, ұзындығы 750 метр екенін мен білемін. Бұл аспалы көпір Ертістің арғы жағы мен бергі жағын ғана емес, Азия мен Еуропаны, қыр мен Сібірді жалғастырып тұр. Әлемде көлемі бойынша 17-орынды иеленеді, – деп бар білгенін ортаға салды.

Компас та сөзге араласып:

Бұл қаланың қазіргі атауы Абай облысы деп аталады. Абайдың қастерлі мекені – әйгілі Жидебайды абаттандырып, ұлы ақынның рухына тағзым етуге келетін жұртшылыққа қолайлы жағдай жасалғанын айтып өтті. Абай, Шәкәрім кесенелері бар. Бұл жерде Абай кенже інісі Оспанмен, Шәкәрім қажы ұлы Ахатпен және Оспанның бәйбішесі болған Еркежан жерленген мазарлар кешені орналасқан. Мұнда жыл сайын республикалық Абай-Шәкәрім оқулары өтеді,– деді.

Біраздан соң ағылған халыққа қарап қайда бара жатқанын Глобус барып сұрады. Бейтаныс кісі Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдық мерекесіне асығып бара жатқанын баяндады. Мұны естіген Әлем достарына сонда баруды ұсынды. Бәрі бір ауыздан келісіп мерекеге бет алды.

Мерекеге адам өте көп жиналған, мектеп оқушылары, үлкендер, баладан кәріге дейінгі адамдар өте көп. Ақынның туған жері Абай облысының Абай ауданында Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай үлкен іс-шара өткізіліп жатыр екен. Ақындар мүшәйрасы, Жидебай жеріне экспедиция ұйымдастырылған. Мерекелік концертке ұласқан бұл кеш саяхат жасаған Әлемге, оның достарына қатты ұнады.

Бұл саяхат, бұрынғы саяхаттан өзгереді болды.

Меркибаева Айнура Бейшенбековна
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса
ауылы «Бауыржан Момышұлы атындағы
мектеп-гимназиясы» КММ
Нұрлан Айша 7-сынып оқушысы




**Шәкәрім Құдайбердіұлының қанатты сөздерінен құрастырылған
кроссворд**



Сұрақтар:

1.ісін қылмаңыз, әділет жолын таңдаңыз. (**шенеунік**)
2. Күннен қарыз алып,
Ай болғанның несі.... (**сән**)
3. Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді. Әулие деген сол болса...(керек)
4. Сөзінді түзе - әдетіңе айналады,....(**әдетің**) - мінезіңе айналады, мінезің- сенің тағдырың.
5. Абай - ақыл (**дариясы**)
6. Бастағы көз жұмылады,
Көңіл (**көзі**) жұмылмайды.
7.(**ғылымға**) қанағатсыз болу керек.



Сұрақтар:

1. Жүрегі таза адам....(қиянатқа) бармайды.
2. Ынсап, рақым, ар, ... (ұят) табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан.
3. Ындыны таза - (иманды)
4. Байлық жақсы екені елге мәлім,
Өзің істеп әдет қыл - келсе халің.
Қолың білсе біреуге жалынбайсың,
Шыдамды бол, еріншек болма,(жаным)
5. Дін тазасын ... (ой) табар.
6. (Абай) өзін - өзі өлеңмен жұбатқан жан.
7. Заманды жаралыс ...(билейді)

8. Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен ...(көреді).
9. Сөзінді түзе - әдетіңе айналады,
Әдетің - мінезіңе айналады,
Мінезің сенің - ... (тағдырың).
1. Тегіс тексер сөз көрсең сыр мен сынын,
2. Түзетуге именбе - тапсаң ...(мінін).
11. Мен тарыдай жақсылық қылсам, таудай зұлымдығымды жасырғалы
қылам. Сөйтіп жүріп, адам атануға(ұялмаймын).
12. Адал еңбек еткен ел- жұрттың - (көңілі) шат.
13. Арыстан көрнеу келеді. Қарақұрт пен шаян жасырынып шықса да,
уыты аса ...(зиянды).

Меркибаева Айнура Бейшенбековна
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса
ауылы «Бауыржан Момышұлы атындағы
мектеп-гимназиясы» КММ

Өтеулі Гүлжаз 9-сынып оқушысы



АРНАУ

Халқына білімменен шырақ жаққан,
Ақиқаттың жолынан бақыт тапқан.
Өсиеті бүгінде жадымызда
Өлеңдері ұрпағымен мың жасаған!

Хақты сүй деп баулыған адамдыққа,
Жолама деп жамандық, арамдыққа
Өзіңіздей ақын бар деп мақтанамын,
Туатын бір- ақ рет мың ғасырда!

«Адам үшін еңбегім» деп танбадыңыз,
Жантанудың негізін қаладыңыз
Ұлы Абайдан тағылымды тәлім алып,
Сөнбеген шырақ болып маздадыңыз!

Жазылған әр еңбегі - ақыл көзі
Ұрпақтарға жалғасар өсиет сөзі,
Терең ой, шын көңілін аңғарасың,
Сырласқандай оқырманмен ақын өзі

«Мұтылғанның» өмірі үлгі болсын,

Адамдықтың , адалдықтың туы болсын!
Сөзі - алтын, жүрегі таза жастар,
Елімнің ертеңіне жарар болсын!

Боранбаева Эльмира Бүрлібайқызы
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,
Тоғызтарау ауылы Төлеген Тоқтаров
атындағы орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті мұғалімі, педагог-сарапшы
Кенжебек Іңкәр 5-сынып оқушысы



Адамгершілік – адамдықтың белгісі

Серік пен Бекжан жан достар еді. Бекжанның әкесі күзетші, анасы аула сыпырушы. Ал Серіктің әкесі аудандық маслихаттың депутаты, анасы жеке кәсіпкер. Бекжан тәрбиелі бала, ал Серік досы аз, өзімшіл бала.

Бір күні балалар ойын алаңында ойнап жүргенде, көзі нашар көретін әже жолдың арғы бетіне өте алмай тұр екен. Бекжан әжені байқап, жүгіріп қасына барды. Әжемен амандасып, жетектеп жолдың арғы бетіне өткізіп жібереді.

Серік болса, бір орнында қозғалмай тұра береді. Әже балаға алғысын айтып, батасын береді. Бала қуанып досына келеді. Сонда Серік Бекжанға:

– Сен неге көмектестің? Өзі өте алатын еді ғой,–деп досына күңкілдеді.

Бекжан:

– Ол кісі қарт адам ғой. Ол кісіге көмек қажет,– дейді.

Серік:

– Көзі көрмейтін, көмек қажет кісілерді қарттар үйіне өткізу керек,– деп ойын айтып қалды.

Бекжан:

– Ол мүмкін емес, сен не айтып тұрсың? Керісінше, ондай қарт кісілерге көмектесу керек! Қарттар үйіне өткізу адамгершілікке жатпайды. Біз ол кісілерді қарттар үйіне өткізгенше, жақсылық жасауға ұмтылайық!– дейді.

Немересін ойнатуға алып шыққан ақсақал қария Бекжан мен Серіктің әңгімесін тыңдап, балалардың қастарына келіп:

– Балам, сенің әрекетің дұрыс болмады, адамгершілік – адамдықтың белгісі емес пе?–деп Серікке сұраулы көзбен қарады. Бекжанға:

– Балам, сен өте дұрыс әрекет жасадың,– деп жылы жүзбен қарады.

– Сендер мектепте де адамгершілік туралы ақын-жазушылардың шығармаларынан өтіп жатқан шығарсындар? Серік көзін төмен салып, иығын қиқаң еткізді. Сол кезде Бекжан:

– Ия, ата, біз Шәкәрім атамыздың «Адамдық борышың» деген өлеңін оқығанбыз. Сол кезде апайымыз адамгершілік жайында тереңірек түсіндірген. Серік, сенің есінде жоқ па?– деп ол да Серікке қарады.

Серік өзінің әрекетіне ұялып:

– Кешіріңіздер, мен өз қатемді түсіндім,– деп өзінің әрекетіне өкінетінін айтты.

Қария адамгершілік қасиеттер әр адамның борышы екеніне балалардың көздерін жеткізді.



Бахадирова Шолпан Абдуалиевна
Жамбыл облысы, Жамбыл ауылы
Айшабибі орта мектебі Қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-
зертеуші

Айдаралиева Анель 5-сынып оқушысы



ШӘКӘРІМ БАБАҒА

Бар өмірін қара өлеңге арнаған,
Шәкәрімдей нар тұлғалы бар бабам.
Өзгені емес, өз халқының қамы үшін,
Ақиқат пен адал жолды таңдаған.

Жеті жаста ақындықпен танылдың,
Зұлмат жылдар ғұмыр кештің ауыр күн.
Кезеңінде сұм кеңестік жылдардың,
Арсыз таққан жаланы да жамылдың.

Ұлық болу дәреже деп көрмедің,
Қақ жарып бар ақсүйектік шеңберін.
Не болса да көзін ашсам ұлтымның,
Еліме солай тисе екен деп еңбегің.

Жастай көрмей әкенің бір назарын,
Жетпегендей құдық болды мазарың.
Өткен, талай өткен жылдар ішінде
Жазылмады-ау, әлі қанша жазарың.

Өз Шәкәрім Құдайберді ұлысың,
Ұлтым деген ұлылардың бірісің!
Өзіңе біз бала көзбен қарасақ
Мәңгілікке өшпейсің сен, тірісің!



Сейтбекова Гульжан Даулетбекқызы
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы,
Қоңыртөбе ауылы №21 Дмитрий
Пахомов атындағы орта мектебінің қазақ
тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зертеуші
Тұрсын Аида 9-сынып оқушысы



Көл басында (Әңгіме)

Сары ала жаз бүгін әдеттегідей өз кейпінде. Ыстық. Көл басына балалар құжынаған құмырсқадай тағы да жиналды. Еркін жүзе алмаса да, көл жағасында көрпеге оранғандай лай-батпаққа шомылғандарына мәз. Әрқайсысының жүзінен шынайы күлкіні байқайсың. Ауыл балаларының ішіндегі сотқары мұрны таңқиған, көзі қысық Ержан. Көлде жүзген балалардың, әсіресе, қыздардың су астында аяғынан ұстап зәре құтыларын алып жүр. Бірде жыланға ұқсаған таяқты алып, балықтай тулаған ұлдарға қарай «жылан» деп лақтырып кеп жібереді. Шошынған балақайлар жан-жаққа дән ізген құмырсқадай шашырайды. Ержанның осылай жасайтынын бес саусақтай білсе де, аяқ астынан ойлануға мұрша бермейді, зэрелерін алады. Көлге шомылмаса да, барудан қалмайтын, үлкен тастың үстінде бақылап отыратын Таңатар. Оны достары Таңат деп атайды. Оның бойы орта, қайыстай қара және шашы бұйра болатын. Таңаттың бар қорқынышы – су. Жоғарыдан бақылап отыру бәрінен де қызық. Кейде Ержан шомылып жүрген балалардың киімдерін тығып қойып, бәрін Таңатқа жаба салатын. Тіпті, көз салып отырған Таңатты да есінен тандырады. Ержанның қулығына түскен ауыл балалары оның сөзіне кәмілдей сенеді. Шыр-пыр болған Таңатқа ешкім құлақ аспайды. Киімді іздеуге шыққан барлаушылардай жан-жақты тінте кетеді. Ал қыздар болса, сымға қонған қарлығаштай қаз-қатар күн көзіне қыздырылып отыр. Бір-бірімен өзара сыбырласып, жұмбақтың шешімін тауып отырғандай. Іздеушілерден суырылып шығып, Ержан қамысқа қарай бет алады. Әрине, өзінің тыққан жерін біледі. Жерастынан қоян тапқандай жар салып:

– Таңат досым, сенің тықпайтын жерің жоқ, – деп беті бүлк етпестен киімдерді тудай көкке көтереді.

– Мен емес, мен емес, – дегеннен басқаны айта алмаған Таңат қимылсыз тұрып қалды.

– Таптың ба? – деп балалар шулай жүгірді.

– Мен табамын ғой, – деп масаттана сөйледі. Осы ісіне іштей мәз болған Ержан миығынан бір күліп қойды.

– Қой, қайтайық. Анам іздеп жатқан шығар, – деп кесілген ерні жыбыр еткізе қалған Олжас ауылға қарай көз тікті.

Ауыл балалары күнге қақталған қақтай болып, күнге әбден күйіп кетіпті. Тайдай алысып, у-шу болып көзді ашып-жұмғанша ауыл шетіне таяп қалды.

Балалық шақтың тәтті кезеңі қандай керемет! Әлемді нұрландыратын да баланың риясыз күлкісі екені анық.

Жамбыл облысы, Қордай ауданы
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебі
Мелс Алтынай 5-сынып оқушысы

Менің әжем

Менің әжем өмірімдегі ең асыл адам. Қазақта «Баласынан немересі ыстық» деп жатады. Себебі, немересі дүниеге келген кезден бастап, анамен бірге әлпештеп қарайтын екінші адам.

Немерені әжесі тәрбиелеп, бағып-қағады. Ең алғаш бала ата-әже тәрбиесі арқылы жақсы-жаманды ажыратып, үлкен-кішіні тани бастайды. Менің әжем: «Сендер қаншалықты өссендер де, маған кіп-кішкентай баладай боласыңдар» деп айтады. Маған берген ақыл-кеңестері үнемі көмектеседі. Ертегі көп айтады. Өзінің сүйікті ісі – тоқыма тоқу. «Біз жас кезімізде кесте тігіп, анамызға киіз жасағанға көмектесетін едік», – деп жас кезін еске алып отырады. Үйде бізге құрт, май, ірімшік, айран дайындап, мектепке апаратын да, шашымды өріп, тәттілерін де беретін асыл әжем бар.

Әжемнің үнемі біздің қасымызда болғанын қалаймын. Ауырып қалса, дәрісін беріп, мейрамымен құттықтап, көңілін көтеруге тырысамын.

Менің әжем мектепте «әжелер мектебінің» жетекшісі. Ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрпымызды жас жеткіншектерге дәріптеп, адамдық асыл қасиеттерін үйретеді. Үлкен кісілерден алған тәлім-тәрбие немеренің өсіп өнуіне, көрегенді азамат болуына көп септігін тигізеді.

Өз әңгімемді мына өлең жолдарымен қорытындылаймын.

Асыл әжем-киелім,
Басымды иемін.
Жаулығын иіскеп,
Жанымдай сүйемін.

Жамбыл облысы, Қордай ауданы
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебі
Мелс Іңкәр 7-сынып оқушысы

Ақылды адам

Бұл ертегі он төрт жасар Хакім туралы болмақ. Бұл бала ойшыл, мақсаты мен арманы көп, зерек, өте бір ерекше адам болған. Хакімнің тұрмыс жағдайы өте жақсы деп айтуға келмейді. Себебі Хакім жастайынан анасынан айрылған, әкесі екеуі ғана өмір сүреді екен. Хакім кедей отбасынан шыққан. Ол түрлі техника ойлап тапқысы келеді. Әкесіне де қаржы жағынан көмектескісі келеді. Әкесі жай ғана саудагер еді.

Бірде Хакімнің түсіне ерекше бір тіршілік иесі кіреді.

Ақ киім киген сақалды адам: мен саған өте бір жақсы жаңалықпен келіп тұрмын. Сен өте зерек баласың, алдағы уақытта сені бір қуанышты жаңалықтар күтіп тұр, – дейді. Таңертең Хакім ояна сала түсіне кірген беймәлім тіршілік

иесінің айтқаны есіне түсіп, не күтіп тұрғанын ойланып отырып қалады. Хакім өз арманым орындалып қалады деп күтеді. Менің ол күнді босқа күтпей арманым орындалуы үшін еңбек етуім керек дейді. Сөйтіп, Хакім көп кітап оқиды. Бірде түсіне сол ақсақалды адам кіреді. Және бір тылсым дүние көзіне елестейді. Ол өздігінен ұшатын көлік көреді. Сол сәтте түсіндегі адам «осындай бір көлік ойлап тап. Егер табатын болсаң, әкең де, сен де бақытты боласыңдар»,–дейді. Хакім ойланып, жауап айтар кезде әкесі оятып жібереді. Әкесіне айтайын десе, орындалмай қалса, тағы құры үміттеніп қалады деп мүлдем тіс жармайды.

Хакім енді күн сайын техника түрлерімен танысып, күнде әкесі кешкі ұйқыға кеткен кезде жұмысына кіріседі. Арада екі апта өтеді. Хакім техника түрімен тез танысып кетеді. Осы екі аптада Хакім техниканың нобайын салып бітіреді. Бұл техникамен тез танысуының себебі, түсіне кірген Ақсақал кітап береді. Хакімнің сабырлығы сонша, екі айдан аса көлікті қалай шығару керек, құру керек деп ізденеді. Сөйтіп, алты ай дегенде өздігінен ұшатын көлік ойлап табады. Бұл Хакім үшін ең қуанышты күн болады. Көлік өте әдемі, заман талабына сай, ішінде екі бөлмесі бар. Көлік үш түрде болады екен. Біріншісі ұшады, екіншісі мұхит астында жүреді және құтқару қызметі де болады. Бұл қуанышты жаңалықты әкесіне айтады. Әкесінің екі езуі екі құлағына жетеді. Әкесі баласын қатты қысып құшақтап, көзіне жас алып қалады. Көліктің ішін көргенде, «мен қандай бақыттымын» деп жылап жібереді. Содан соң әкесі мен баласы ұйқыға кетеді. Хакімнің түсіне әлгі кісі тағы да кіреді. Хакімге дәл қазір ояна сал да әкеңнің қолынан ұстап тұрып, көлікке кір де «мақсатыма жеттім»,– деп үш рет айқай сал дейді. Бала ояна сала айтқанын істейді. Кенет жер сілкінгендей болды. Көліктен түссе, жаңағы кісінің әлеміне келіпті. Бұл мекен жанға жайлы, өте бір керемет жер болды.

Бұл жерде Хакім мен оның әкесі ұзақ, бақытты өмір сүріпті.



Мұнайтбас Өркен Орынбасарұлы
Жамбыл облысы, Қордай ауданы,
Қордай ауылы №1 Дінмұхамед Қонаев
атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-
шебер
Бұлантай Әмірхан 5-сынып оқушысы



Өркөкірек батыр

Ерте-ерте ертеде, ешкінің сақалы келтеде, Самарқанның көк тасы ерімей тұрған кезде бір шал мен кемпірдің Данияр атты баласы болыпты. Ол басқа балаларға қарағанда жылдам өсіп, алты жаста атан түйені арқалайтындай алып күштің иесі болыпты. Он жасқа келгенде онымен алысатын адам табылмай, палуан атаныпты.

Осылайша күндерден күн жылжып, айлардан ай жылжып өткенде, Данияр батыр болуды ойлайды. Басына шашақты дулығасын, үстіне көк темір сауытын

киіп, бойына бес қаруын асынып, жауға қарай аттанады. Жолында кезіккен жаудың бәрін жеңіп, өзіне көп дос жинайды. Достары Даниярдың ерлігіне тамсанып, оны жоғары бағалайды. Әрбір соғыс сайын Даниярдың күшімен жеңіске жетіп отырады. Кейде Данияр достарын соғысқа кіргізбей, өзі-ақ жауды жайратып, керемет атақ-даңққа ие болып жүреді.

Даниярдай палуан жоқ әлемде!

Даниярдай батыр да жоқ әр елде!

Елін, жерін жаудан қорғап күн кешкен

Танытындар қазақ ұлын әлемге! – деп ақындар ол туралы жыр-дастандар шығарады. Халық құрметіне бөленген Данияр достарын менсінбейтін дәрежеге жетіп, олардан алшақтай бастайды.

Бірде елдің оңтүстігінен бұрын-соңды көрмеген жаудың қалың қолы келеді. Данияр батыр достарын менсінбегендіктен әрі оларға сенбегендіктен, жауға жалғыз аттанып кетеді. Жаумен үш күн, үш түн айқасып, ақыры әлі құрып шаршайды. Жау қарасының азаятын түрі жоқ. Данияр көп әскердің қоршауында қалады. Сол кезде жаудың қолбасшысы Дәуқара Даниярға былай деп тіл қатады:

– Әй, қазақтың жас батыры! «Өлетін бала молаға қарай жүгіреді» дегендей, мұнда жалғыз неге келдің? Өлім іздеп келген шығарсың? Әскерің қайда? Достарың қайда? Әлде өркөкірек батырсың ба? Ондай өркөкіректерге бұл дүниеде орын жоқ! Қазір кәлланды қағып, өркөкірек кеуденді бассыз қалдырамын!

Осы кезде Даниярдың достары да қалың қолмен келіп жетеді. Ұлан-асыр шайқас болып, бұлар жеңіске жетеді. Алайда Даниярға бұл соғыс үлкен сабақ болады. Содан бері ол достарын менсінбеуді қояды. Қайта оларды құрметтеп, бағалайтын болыпты.



Кенжебекова Фарида

Жамбыл облысы, Қордай ауданы,
Қарасу ауылы Александр Пушкин
атындағы №7 орта мектептің қазақ
тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-
зерттеуші

Жолдас Аяна 8-сынып оқушысы



Шәкәрім Құдайбердіұлына арнау

58-дің шілдесінде дүниеге келген,
Ұлы ақын Абайдың соңынан ерген.
Жастайынан әкесінен жетім қалып,
Тағдырдың тауқыметін ерте көрген.

Жетік білді араб, парсы, түрік тілін,
Сол тілдерге аударылған барлық білім.

Ерінбей еңбек етіп,білім алды,
Жарқырап қараңғыдан туды күні.

Өзі жауға айналды өз елінде,
Ұрпақтары енжар болды көмуге,
30 жылдай жатты құдық түбінде.
Қас жауына тілемессің,
Мұндай күнді көруге.

Жарық сәуле түсті бірақ көріңе
Егемендік келді қазақ төріне
Қара күйе қалған жоқ қой мәңгілік
Өлеңдерің шықты шыңның өріне

Еліміз еркін болған бұл күнде,
165-ке жетті жасың бүгінде.
Еске алып ұрпағың дәріптейді,
Бір аунадың жайлы жатқан жеріңде.

Абайдай ойы терең шалқып аққан,
Терең ойлы,терең сөзі жарқыратқан
Атанды аға Шәкәрім,дана Шәкәрім.
Шабыттанып, тамсанып өнеріне.
Етеміз күллі әлемге оны мақтан.



Билибаева Венера Тлеубаевна
Жамбыл облысы, Меркі ауданы
Мектеп: № 34ЖОББМ
Әжіхан Айбану 10-сынып оқушысы



Шәкәрім

Ей қазағым, замандасым сырласым
Бұршы бермен көңіліңнің бір басын.
Қатаң тағдыр сені аяусыз сынады,
Айтып қайтем, айтып қайтем басқасын,

Тартып едің жетімдіктің азабын,

Хакім Абай жасап еді қалауын
Әттең-ай деп күрсінді, жұртың енді
Арғыннан шыққан ақын, Шәкәрім

Үлгі тұтам әрқашан бір өзінді,
Өмірге деген құштарлық, көңіліңді
Жырлап едің бір кездері «Жастарға» деп
Сол туынның өзгертті енді өмірімді.

Заман, заман дейміз ғой бәрімізде
Ақыл, ғылым бәрі де өзімізде
Арамдықпен, алдаумен күн өткізбей
Мүмкін, жұртым өзгереміз бәріміз де.



Билибаева Венера Тлеубаевна
Жамбыл облысы, Меркі ауданы
Меркі ауылы Ақкөз Қосанұлы атындағы
№ 18 жалпы орта білім беретін тірек
мектебі (р/о)
Мұхтарқан Балауса 7-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Балалардың көзімен,
Айтар болсам әлемді,
Сансыз ғажап шытырман.
Ертегілер әлемі,
Достарым да өте көп.
Қиындықта табылар,
Бірге шарлап әлемді,
Дүние жүзін аралар.
Отбасымда менің бар,
Уақыттарын арнайтын.
Мейірім төгіп шуақпен,
Бір жағдай болса қорғайтын.
Біздің бала көзбенен,
Әлем ғажап көрінер.
Табиғат тұр жарқырап,
Күн сәулесі шашырап.
Гүлдерің тұр нұрланып,
Әлем сондай ғажайып.
Білім алып мектептен,

Бестік алып сабақтан,
Қуанамыз ойнаймыз,
Шаттыққа біз тоймаймыз.
Бұның бәрі ақиқат,
Бала көзбен көргенде,
Қуанып бір күлгенде.



Билибаева Венера Тлеубаевна
Жамбыл облысы, Меркі ауданы
Меркі ауылы Ақкөз Қосанұлы
атындағы № 18 жалпы орта білім
беретін тірек мектебі (р/о)
Амантай Айзере 7-сынып оқушысы



Әлтайырдың арманы

Ертеде, қазақ жерінде, іргесі ажырамаған, тату мекен Мұғалжар өңірінде, кішкентай нәресте жарық дүние есігін ашады. Дүние есігін ашқан сәбиге ата-анасы азан шақырып, Әлтайыр деп ат қояды. Әлтайыр өз құрбыларынан озық туған, зерек, ақылды, мейірімді жан болып өседі. Оның өмірі ертегі секілді өтіп жатты, бірақ ертегінің де сәтсіз сәттері болатыны секілді, адам өмірінде де сітсіздіктер кездеседі. Осы сәтсіздік Әлтайыр өмірінде де кездеседі. Бір күні елге қаладан Құлтемір атты өзі қатарлас жас жеткіншек келеді. Құлтемірдің қолында кілең су жаңа заманауи құрылғылар. Құрылғының тетіктерін басса, адамды сол құрылғылар басқарады. Адам жасайтын жұмысты бір тетікті басып қана атқарып отырды. Ауыл балаларының уақыты кішкентай ғана құрылғы Құлтемірдің темірінің бетіне үнілумен өтті. Ауыл тұрғындары Құлтемірдің құрылғысындағы бір тетікті басып қана жұмысты тындырып отырды, ауыл адамдарынан бұрынғыдай жаймашуақ мінез байқалмады, барлығы да темір секілді мұз боп, қатып қалғандай. Әлтайырға бұл бір кесепат болып көрінді. Себебі балалар ауыл шаңын бұрқыратып ойнаудан қалды. Ауылды мүлгіген тыныштық басты.

Әлтайырға бір тетікке қараған халықтың нұрынан шуақ кетіп, әлем қара түнекке енгендей, әлемнің жарығы жоқ секілді көрінді. Бұрынғы халық мейірімі де мәңгілікке кеткендей болды. Елге не болғанын түсінбей, Әлтайырды «Елім осылай өмір сүре ме?» , «Болашағым не болады?» деген сұрақ мазалады. Бұл құрылғыны қалай халыққа дұрыс пайдалануды үйретсем, роботқа ұқсаған адамдардың жүрегіне қалай мейірім шуағын орнатсам деп қиялға берілді, тығырықтан шығудың жолын іздеді. Күн өтті, ай өтті, апта өтті бір күні Әлтайыр түс көреді, түсінде жарқыраған күн, жұпар иісті гүлдер арасында бір ақсақал Әлтайырды өзіне шақырып, ақсақал: – Анау жұлдызды көрдің бе?– дейді.

Әлтайыр:

– Ия, көрдім, өте әдемі екен.

Ақсақал:

– Ия, ол сенің арманыңды, қиялыңды өзгерте алады

Әлтайыр:

– Қалай?

Ақсақал:

– Айналага көз салшы, не байқадың?

Әлтайыр:

– Мен әсем гүлдерді, жұпар иісті және жарқыраған күнді көрдім.

Ақсақал:

– Қандай тамаша, я

Әлтайыр:

– Әрине, бұл менің балалық кезімдегі сәт секілді, бірақ қазір олай емес, – деп мұңаяды.

Ақсақал:

– Міне, осы жұлдыз саған бұрынғы балалық көзіңмен көрген сәтті қайтарады.

Әлтайыр қуанып:

– Қалайша, мен ол үшін не істеуім қажет, – деп жүзіне нұр ойнайды.

Ақсақал:

– Сен бар болғаны осы жұлдыздың соңынан ер, сонда бәрі бұрынғыдай болады.

Әлтайыр:

– Рахмет.

Ақсақал:

– Оқасы жоқ, сау бол!– деп ғайып болады.

Әлтайыр болған жағдайды анасына айтып, түсінде көрген жұлдызды іздеп жолға шығады. Әлтайыр жыл жүреді, ай жүреді, шаршап шалдыққан ол есін жоғалтады. Көзін ашса алдында аппақ қоян тұрғанын көреді. Әлтайыр оның артынан жүгіре жөнелді. Бір сәтте қоян ағаш дініне кіріп кетеді, артынша ол да кіреді, көзін ашса бір таңғажайып жерге тап болған екен. Ол жан-жағына тамсанып тұрған сәтте жаңағы қоян оған жақындап:

– Сен Әлтайырсың ғой, ия,– деп сұрайды

Алтайыр:

– Ия,Әлтайырмын, ал сен кімсің?

Ақ қоян:

– Мен ақ қоянмын.

– Бұл қандай тамаша мекен? Бұл қандай жер?

Ақ қоян:

– Бұл жер «Әлем балалар көзімен» деген жер, әлемді балалардың көзімен қалай көретінін көрсетеді.

Әлтайыр:

– Менің де әлемім осындай болса ғой, бірақ мен жарық жұлдызды табуым қажет.

Ақ қоян:

– Мен саған көмектесе аламын, қане, менің соңымнан ер,– деп Әлтайырды өзімен ертіп, оны жарық жұлдызға жеткізді.

Әлтайыр жарық жұлдызға әлемнің балалар көзімен көрген сәтке қайта айналуын қалайтынын айтты. Сол сәтте жұлдыз әлемге барынша нұр төгіп әлемді балалар көзімен көргендей етеді.

Жарық жұлдыз Әлтайырға:

– Сендер ойлап жүрген кесепаттың сендерге көмек беретінін білесің бе?

Әлтайыр:

– Жоқ, оның пайдасы жоқ.

Жарық жұлдыз:

– Жоқ олай деме, ол саған халқымыздың тарихын айтып бере алады, жаһан жаңалықтарынан хабардар боласыңдар, өзіңе пайдалы ақпарат табасың, қаражат та табуыңа болады, ол құрылғының тиімді пайдалануды сол құрылғының өзінен ақпарат ал, еңбектенудің өзін сол құрылғыдан үйренсін, тұрғындарға дұрыс жеткіз. Сен дер кезінде келдің, уайымдама,– дейді. Жарық жұлдыз солай Әлтайырға жол көрсетеді. Әлтайырдың қорқынышы сейіліп, еліне келеді. Жарық жұлдыз көрсеткен жолды тұрғындарға да көрсетеді.

Еліне бәрін түсіндіріп, сол баяғы бала көзімен көрген сәтті қайта көреді. Халқының жүзіне нұр ойнап, еңбек етіп, дені сау, бақытты ел болады.



Наушабаева Гульбагира Рысбековна
Жамбыл облысы, Меркі ауданы
№5 Ақарал ЖОББМ
Педагог-шебер
Ерланқызы Назгүл 8-сынып оқушысы



Әсерлі әңгіме

Қыстың қысқа күні мен созылған түндері аяқталып, көктем келді. Шуақты күндер молая түсті. Ағаштар жапырағын жайып, бүршікке кенеліп тұр. Дәл осы көктемнің шуақты күндерінің бірінде, таң сәрінен оянған мен терезеден табиғатқа тамсанып тұрып қалыппын. Бірақ мектепке бару бірден есіме түскенде, зуылдай жөнелдім. Жылдам киініп, мектепке кеттім. Көктемнің әсем табиғаты, кез келген адамның көңіл-күйін көтеретіні сөзсіз.

Көктемгі демалыстан кейінгі алғашқы сабақ басталып, қоңырау үні естілді. Сабаққа кіргеннен кейін мұғаліміміз демалыста берген тапсырмаларын сұрады. Ұстазым менен бір ай бұрын берген Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабының қысқаша мазмұнын сұрады. Мен қатты қобалжыдым, өйткені көптен бері достарымның алдында сабақ айтпағаным да біраз болып еді. Сол себепті де сыныптастарым тап бір мені мазақ ететіндей көрінді. Десе де, мен күш жігерімді жинап, айтуға бел будым. Әңгімемді былай бастадым: «Ол кездері ауылда хат танып білер ешкім болмаған. Ал Момыш әйтіп-бүйтіп өз сауатын

ашып алған кісі. Жаңадан билік құра бастаған орыстардың кезінде арыз жазу, шағым жазу ел ішінде қиын болды. Ал бұндай арыз, шағымдар тілмаштар мен ояздарға тиімді еді. Ауылда жалғыз сауатты, әділ адам Момыш болған соң, ел соған сеніп «Жартыны» жазғызады екен. Дәл солай Момыналы нағашысы Текебай бидің тоқтап қалған қағазын жазып бергеннен кейін, оған талай рет «Ел ағасы» бол деп ұсыныс түскен. Бірақ Бауыржанның әкесі Момыш дүние, атақ, даңққа құмар болмаған». Әңгімемнің осы тұсына келгенімде, алдында сезінгенімдей, көрші партада отырған сыныптасып мырс күліп жіберді. Сол сәтте мұғалім: «Сенің сыныптасыңа күлгенің дұрыс емес, егер сен бұл кітапты оқығанда мүмкін бұлай күлмес пе едің?!»—деп, ескертті. Мен сыныптасымның жүзіне қарап қатты қапаландым, дегенмен өзіме сенімділігім артып сөзімді жалғастырдым: «1917-1918 жылдары, ел «Жаманшылық жылы» деп атаған кезде жұрт ішінде ашаршылық, құрғақшылық, қасірет орын алды. Қыстың алғашқы күндерінде-ақ мал бейшара жаппай қырылды. Айналаны түнек басып, ауыл іші тым-тырыс. Ел бір уыс бидай таппай, қолда барды қайнатып жеген заман. Тіпті Бауыржанды қатты қорқытқаны, «Көрші үйде бір жапырақ нан үшін адамды өлтіруі»—деп, қасірет жылы туралы әңгімеледім. Байқаймын, сыныптастарымның өңіне үрей ұялаған секілді. Тіпті мұғалім де қорқынышты ойға тұңғыығынан батып кеткендей. «Қыс кезі.Үй іші салқын тартады. Бәрі тыныш, аяқ ұшымен жүр. Әжелері Қызтумастың ауырғанына үш күн болғанда, әрең басын көтеріп, орнынан тұра алмай отырды. Сәлден соң әжелерінің жағдайы нашарлап, көз жұмғанын естігенде төсекте жатқан Бауыржандар көз жастарына ерік берді. Момыш пен Момынкұл да, келіндері де қайғырды. Олар апаларының өлімінен кейін, мезгіл-мезгіл тоқаш пісіріп, ас беріп отырды. Бұл сәт ең алдымен Бауыржанға ауыр тиген секілді...»—деп әңгімемді аяқтағанда, алдында мені мазақ етіп отырған Әсеттің көзіне мөлдір жас ұялағанын байқап қалдым. Дәл сол сәтте оның кезінде айтқан «Менің әжем-ең жақсы адам. Ол маған құрт-майын, тәттілерін береді»" деген сөзі менің есіме түсті. Ол өзінің әжесін есіне алып отырғандай болды.

Менің осы әңгімемнен кейін, сыныптастарымның бәрі «Бұл кітапты бірінші мен оқимын», «Мен оқимын» деп таласа жөнелді. Мен Бауыржан Момышұлын кезінде тек газет-журналдардан, теледидардан көріп, қатал, қаһарлы кісі деп ойлайтынмын. Сөйтсем, ол өмірдің бар қызығын, қасіретін көрген жан екен. Енді осы шығармадан кейін ойым түбегейлі өзгерді. Сонымен қатар, сыныптастарыма оқыған шығарманың бір әсері болғанына, қызығушылықтарының артқанына да іштей қуанып қалдым. Сынаптастарым маған ризашылық көзқараспен қарады. Алғашқыдағы ойдан арылғандай көздерінен маған деген таңырқаулықты, сыйластықты көргендей болдым.



Мырсеитова Лаура Ерликовна
Жамбыл облысы, Меркі ауданы
№44 ЖОББМ Педагог-зерттеуші
Ардаққызы Жанайда сынып оқушысы



Жұмбақтар

Үш асылы халықтың,
Өмір сүрер мәңгілік,
Сақтаса егер, ұстанып.
(тарих, тіл, жер)

Аппақ, бірақ қар емес,
Тәтті, бірақ нан емес,
Мөлдір, бірақ су емес.
(сүт)

Жердегі түссіз бояудан
Аспанда аққа боялар.
(бұлт)

Көк болады алыстан,
Түссіз бірақ жақыннан.
(су)

Ойыңнан кетпес жеткенше,
Уысыңа түскенше.
Жетсең бірақ тоймайсың,
Тағы да оны қалайсың.
(арман/мақсат)

Ұзын терек астында,
Алтын жұмыртқа басында
(Бәйтерек)

Естисің оны сен ғана,
Басқаға мәлім қылмайсың,
Көресің оны сен ғана,
Басқаға көрсете алмайсың.
(ой)

Айдай сұлу ақ құс бар,

Махаббаттың символы

(Аққу)

Батырлардың көлігі,
Әрі оның серігі.

(Жылқы)

Сырты жасыл, іші ақ
Көк бояуы тағы бар.

(дәптер)

Тірі, бірақ аң емес
Мамық бірақ қар емес
Өзі аққа боялып
Жасыл бірақ жан емес.

(мақта)

Бір жылда бір келеді,
Оны аңсап жүреді.

(Туған күн)



Мырсеитова Лаура Ерликовна
Жамбыл облысы, Меркі ауданы
№44 ЖОББМ Педагог-зерттеуші
Нөсерхан Іңкәр 9-сынып оқушысы



Сиқырлы әлем

Ертеде Сара есімді кішкентай қыз өмір сүріпті. Сараның ата-анасы Джеймс мырза мен Джеймс ханым. Олар жалғыз қызы Сараны қатты жақсы көреді, қызының қалаған армандарын орындауға дайын еді.

Күндердің бір күні Джеймс мырзаның жұмысында қарызға батып, үйлерін сатуға тура келеді. Джеймстер отбасы өздерінің ескі үйлеріне көшіп барды. Үйдің іші өте лас еді. Джеймс ханым лезде үйді жинауға кірісті. Анасына көмектесуге Сара да қосылды. Сара тартпа шамдарын сүртіп жатқан кезде, бір тартпа ішінен кілт тауып алады. Алайда ол кілтке аса қатты мән бермейді. Біраз уақыттан сон бөлмелердің бірінен құлыптанған есікті көреді. Сараны:

– Осы есіктің артында не бар? – деген сұрақ мазалады. Біраздан соң ол ойына әлгі кілтті алып, тартпаға қарай жүгіріп кілтті алады. Сол кілтпен есікті ашқан сәтте аузы ашылып тұрып қалады. Ол бұрын соңды осыншама әдемілікті көрмеген еді.

Саранын көзінің алдында әсем гүлдер, ашық аспан, әдемі көбелектер, ұзын ағаштар, су перілері, перизаттар, пырақтар болды. Бір кезде оның алдынан айна шыға келді. Қыз айнадан өзін көрген кезде қатты таң қалды. Әрине, танымай қалатындай жөні бар, себебі Сара есікті ашпас бұрын үстіне жейде мен сым киген болатын. Ал есік ашылған соң Саранын үстінде әдемі сары көйлек, белдігінде сиқырлы таяқ болды.

Перизаттар Сараны көріп қуанып кетті. Сара олардың не себепті қуанғандарын түсінбеді. Алайда олардың қуаныштары ұзаққа созылмады. Бір кезде барлық су перілері, пырақтар, перизаттар тығылып қалды. Сара перизаттармен бірге ағаш үйдің ішіне тығылып қалды. Далада не болып жатқанын көру үшін терезеден қарап бақылады, біраздан соң адам бойынан да кішкентай 3-4 жастағы баланың бойымен бірдей, мұрындары үлкендеу, құлақтары ұзын құбыжықтар келді. Сара олардың кім екенін білмеді. Олар жер иіскелеп, бір нәрсе іздегендей болды. Сара олар кеткен соң перизаттардан олардың кім екені жайлы сұрады. Перизаттар оның бұл сұрағына—олар Смайтиктер, олар күн сайын біздің мекенімізге келіп сиқыр іздеп кетеді. Біз де бұрын су перісі болғанбыз, бірақ Джесика залым патшайымы келіп, бізді перизаттарға, ал перизаттарды су перілеріне айналдырып жіберді. Бізден көптеген пырақтарды алып, өзінің сиқырлы таяғына салып қойған. Бірақ енді сен барда біз ештеңеден қорықпаймыз.

— Сен бізді құтқарасың ғой, иә?— деп сұрады олар. Сара перизаттарға таңдана қарап:

— Мен сендерді қалай құтқарамын?— дейді. Перизаттар:

— Сенің сиқырлы таяғың бар емес пе?!— дейді. Сара оларды құтқарғысы келді, бірақ ол сиқырлы таяқпен қолдана алмады. Ол күн сайын таяқшамен дайындалып жүреді. Күндердің бір күнінде Джесика Сиқырлы әлемде өзінен басқа сиқыр пайда болғанын сезеді. Джесика өзінің құбыжықтарын алып, ғажайып мекенге барады. Онда Сара және су перілері, перизаттар оларды күтпеген еді. Олар тіпті тығылып үлгермеді. Барлығы жан-жаққа қашты, бірақ Джесика көптеген су перілері мен перизаттар, пырақтарды алып кетті. Сара оларды құтқарғысы келіп Джесиканын артынан сарайына барады. Ол жақта өте қараңғы, ағаш, гүлдер қурап қалған болатын. Аспанды қара бұлт басқан. Джесика Сараны қараңғы түнектен тез байқады. Сол сәтте ол Сарадан:

— Өз еркінмен беріл, маған сиқырлардың барлығын бер. Әйтпесе арты жаман болады,—дейді. Сонда Сара:

— Жоқ!— деп батылданып жауап береді.

Джесика Сараның жауабына ашуланып кетеді де, сиқырды өз таяқшасына салуға тырысады. Сара да Джесикадан қалып тұрған жоқ. Бір кезде Сара Джесиканын таяқшасынан тырс еткен дауысты естиді. Бұл дауысты естіген Сара Джесикаға:

—Тоқта, мен саған өз сиқырымды берейін. Сен жеңдің!— дейді. Сол сәтте Джесиканың таяқшасына сиқыр сыймай кетеді де, сиқырдың барлығы бүкіл әлемге шашырап кетеді. Содан кейін барлығы өз орнына келеді. Сара өз әлеміне оралып, осы сәтті мәңгіге есіне сақтап қалады.



Мұқаш Бағила Тұрарқызы
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы
Ә.Төлепбергенов атындағы ОМ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-сарапшы
Дәнен Айым 10-сынып оқушысы



Шерхан Мұртазаға арнау

Әрбір жазған шығармасы, поэмасы,
Оқығанның ойын жаулап бөлеп тұрар.
Ең танымал жазушы кім дегенде,
Мұртазаұлы Шерхан ағам бөлек тұрар.

Жастайынан қиындық көрген ағам,
Өмірден көп шынығып, түсінгені.
Бала күнін есіне алған кездерінде,
Қуаныштан көбірек қой күрсінгені.

Не көрмедік деп айтар кезіндегі,
Ашаршылық уақытта туған адам.
Жамбыл облысы, Жуалы ауданының,
Мыңбұлақ ауылында туған ағам.

Сегіз жаста қадам басып мектепке,
Білім алу жолда қалмай қатардан.
Оқу орнын жиырма үш жаста аяқтап,
Орақ тілді журналисті атанған.

Қаламынан қағазға түсіп небір ой,
Әр адамның көңілінен шыға алған.
«Құрылысшы Дәку» атты кітабын,
Жиырма алтыға толған кезде шығарған.

«Табылған ақыл», «Интернат наны» повестері,
Әр қазақтың жаттаулы тұр санасында.
«Ай мен Айша», «Қара маржан» романдары,
Өз биігін тапқан халық арасында.

Шерағамыз жас-кәріге айтып кеткен,
«Тіліңді сүй, сүймесен солады деп!
Қос тілді ұлт болмайды ғаламшарда,
Қос тілді жылан ғана болады деп»!



Ахметова Фатима Мухамбетжанқызы
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы,
Мойынқұм ауылы Мағжан Жұмабаев
атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-
зерттеуші
Есқара Ермахан 11-сынып оқушысы



Шабытым келді жайлауда

Шабытым келді жайлауда,
Бөлек сезім сөзім шын.
Атқа мінсем, қамшы сап,
Жігерленем қалам ап.

Аңқыған жусан иісі,
Жіберді мені толқытып.
Салқын самал ауасы,
Көп ой салды шалқытып.

Ойнақтап тұрса құлыны,
Жайылып жүрсе қозы-лақ.
Анамның құйған шайы да,
Ой туғызар қазір -ақ.

Түйдектеп ойлар енеді,
Сезімдерді қытықтап.
Терең ойлар келеді,
Бұлақтай шығар сыңғырлап.

Мағжанға арнау

Мағжан атты ақын жанды адамға,
Осы өлеңді арнаймын мен діл бүгін.
Жүрекпенен жазылған бұл өлеңді,
Жеткізейін түйсігіне бәрінің.

Алаштың сен ақынысың, қайраткер,
Ұлтының азаттығын жыр еткен.
Бірлігі мен болашағын күзетіп,
Қазағының әр таңы үшін күрескен.

Арыстансың, айбатыңа кім шыдар?
Жолбарысың саған қарсы кім тұрар?

Шоқ жұлдызсың, поэзияда бірегей,
Жырларыңды тыңдаған ел сүйсінер.

Өзің едің өшпес мұра қалдырған .
Жырларыңды жаттап келем, нұр тұнған.
Күрескерлік өмірің көп сыр тұнған,
Жүрекке зіл, ауыр сызат қалдырған.

Әлихан, Міржақып пен Ахметтің,
Соңынан сен салған жолмен келем.
Ойға баттың, тұнжырадың, қажыдың,
Сонда да сен қайтпадың күрестің .

Жазғандарың ел аузына ілікті,
Жастардың сен айналдың ғой піріне.
Сенім арттың сол жастарға сеніммен
Ақтаса екен, құрдастарым бүгінде.

Өз арманын өлімге де сатпаған,
Кім бар екен келетіндей шақ саған?
Алаш үшін жанын берген өзінің,
Болсақ екен үмітінді ақтаған...

Абай атаға

Абайды оқы, шын түсін,
Дерегімен таласпа.
Толық адам үлгісін,
Әйгіленген Алашқа.

Түсіп алып, текті ізге,
Шабытымды шақырдым .
Айтары да көп бізге,
Дана - Абай ақынның.

Кіріп алған сенімге,
Айтқанына нанасың.
Құрметтейді елін де,
Қадірлейді даласын .

Бәрін де ол байқайды,
Не береді келер күн.
Қиындығын айтады,
Адам болу дегеннің.

Жөнін байқап өмірдің,

Үнін тыңдап қырағы,
Биігінде көңілдің,
Ұлы Абай тұрағы.

Мыңмен жалғыз алысқан,
Сыншы, жыршы Абайым,
Әр кезде де өзіңнен,
Рухани азық сұрайын.

Келемін мен ту етіп,
Ақыл менен еңбекті,
Түбін көздеп әр істе,
Тыңдап жүрмін жүректі.

Данасы болып танылдың,
Бағымыз болып жаралдың.
Есімің мәңгі жазылды,
Көгінде мына заманның!



Мейрамбекқызы Гауһар

Жамбыл облысы, Сарысу ауданы
Абылай хан атындағы мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

**Аманғалиқызы Зайнаб 5-сынып
оқушысы**



Жұбаныш (әңгіме)

Бір күні кедей адам қалаға дейін жалаң аяқ жаяу барады. Оның аяқ киімі жоқ еді. Аяқ киім алайын десе, ақшасы да жоқ. Аяқтарын құм күйдіріп, тастар тіліп кетеді. Аяғы жара болып кетті. Ормандағы хайуандардың аяқтары тастан, тікеннен ауырмайды. Олардың аяқтарын қорғайтын бір заттың болатыны белгілі. Ал өзіне сондай мүмкіндік бермеген кедей Алланың әділетсіздігін айтып, тағдырын ойлап қайғырады.

Көп жаяу жүріп, әрең қалаға келеді. Әбден шаршайды. Қаладағы мешіттің алдынан екі аяғы жоқ, қайыр тілеп отырған қайыршыны көреді. Мұны көріп, ойланып қалады. «Тағдырыма өкінгенім дұрыс емес екен. Аяқ киімім жоқ болса да, аяғым бар. Ал мына бейшара бір кесек нан үшін әрі-бері зорға жүреді. Тіпті жүре алмайды. Жерде құрт сияқты жылжиды. Ал мен өзімнің аяғыммен жүремін. Жүремін, нан тауып жеймін. Сонда мен де бақытты екенмін ғой. Бұрынғы жылағаным үшін, шағымым үшін кешіре гөр, Алла!» – деп, мешітке кіріп, тізе бүгіп дұға етеді. Өзінің қателігін түсінеді.

Мешіттен риза болып шығады. Жолға аттанады. Тас жолда бірнеше күн жүріп, аяқтарының терісі қатаяды. Ол аяқ киімінің жоқ екенін де ұмытып кетті. Түйін: Кедейліктен кісі өлмейді, қанағат керек әр адамға!



Мейрамбекқызы Гауһар
Жамбыл облысы, Сарысу ауданы
Абылай хан атындағы мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ибрайбек Абдуррахман 5-сынып
оқушысы



Өзімшіл құс (ертегі)

Ертеде зор дауысты кішкентай ғана құс өмір сүріпті. Кішкентай құсқа жұрт «Мынау менікі» деп ат қойыпты. Өйткені ол өзін ғана ойлайтын өзімшіл еді.

Өмір бойы «Мынау менікі, мынау менікі», - деп зор дауыс шығарады екен. Бірде ол жемісі көп ағашты табады.

Кішкентай құс бұтақтан-бұтаққа қонып, сол ағаштың жемісін шоқи бастайды. Жемістің көпшілігі соншалық, кішкентай құс оны бір жылда тауыса алмайтындай еді. Бірақ өзі тойса да, көзі тоймайған кішкентай құс бар дауысымен:

– Мынау менікі! Мынау менікі! – дей береді.

Оның зор үнін басқа құстар да естіп, ағаштың бұтақтарына ұшып келеді.

Құстар ағашта өсіп тұрған жемісті көрді. Олар да жей бастады. Әбден тойып алып ұшып кете барды. Ал өзімшіл құс ағашты айналып:

– Мынау менікі! Мынау менікі! – деп қайталай беріпті.

Түйін: Өле жегенше, бөле же.

Ш.Құдайбердіұлының «Өзімшілдік» тақырыбы бойынша жазылған әңгімесіне сүйеніп құрастырылды.




Мейрамбекқызы Гауһар

Жамбыл облысы, Сарысу ауданы
Абылай хан атындағы мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



Нұрмұханбет Айбар 5-сынып оқушысы

СӨЗЖҰМБАҚ



Сұрақтары:

1. Шәкәрімнің дүниеге келген ауылы. *Қарауыл*
2. Шәкәрімнің лақап аты *Мұтылған*
3. Көлемді прозалық шығармасы енген газет атауы *Дала уәлаяты*
4. Өзге ел шығармаларын өз тіліне аударған адам

Аудармашы

5. Кімнің қолында тәрбиеленді? *Абай*
6. Қазіргі таңда орындалып жүрген әні *Бұл ән бұрынғы әннен*

өзгерек

7. Р.Рымбаеваның орындауындағы әні *Еңлік-Кебек*
8. Музыка жанрына жақын тағы бір қасиеті *Композитор*
9. Пушкиннің қандай әңгімесін аударды? *Дубровский*
10. «Мұсылмандық шарты» өлеңі не жайында жазылған? *Дін*
11. 1931 жылы өлер алдында жазған өлеңі қалай аталды? *Қош*

жұртым

12. 1891 жылы жазылған поэмасы қалай аталды? *Жолсыз жаза*
13. Адами қасиетті сипаттайтын өлеңінің тақырыбы.

Адамшылық



Мейрамбекқызы Гауһар

Жамбыл облысы, Сарысу ауданы
Абылай хан атындағы мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Рыстан Альбина 5-сынып оқушысы



Қос алыпқа ұқсалық

Абайдан алып көп тәлім,
Шәкәрім жеткен биікке.
Айтады мұны көп ғалым,
Заңғарлап тұрар биікте.

Гималай, бірі – Эверест,
Мең мұңдалар алыстан.
Оларға ешкім тең келмес,
Қос тұлпар бұлар жарысқан.

«Болмасаң да ұқсап бақ»,
Деген сөз бар атадан
Ұқсайықшы соларға
Болып қалмай жат адам.

Абай менен Шәкәрім
Егіз жатқан қос ұғым.
Бөліп жарып қарауға
Бармайды ешкім осы күн.



Кәрібекова Құралай

Жамбыл облысы, Сарысу ауданы
Балтабай Адамбаев атындағы тірек орта
мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Бейсенбек Кәусар 8-сынып оқушысы



Мен қазақтың қызымын еркелеген

Мен қазақтың қызымын еркелеген,
Ұлтымның ар ұятын жетелеген.
Қаннан сіңген иба қылық төгіледі,
Өз үйінде төрге шығып көкелеген.

Мен қазақтың қызымын инабатты,
Түзу жолдан таймаған хидаятты.
Ер жігіттің назарында сәнбіталдай,
Майысып сөзін тыңдар тиянақты.

Мен қазақтың қызымын еріктімін,
Сыналған қиын шақта беріктігім.
Хан, батыр ақылдасар кеңесшісі,
Үкі тағып кестелеген бөріктімін.

Мен қазақтың қызымын ана болар,
Бала үшін жаны құрбан пана болар.
Түн ұйқысын төрт бөлген мәпелеген,
Салихалы мінезімен дана болар.

Мен қазақтың қызымын зейіндімін,
Сұлу жүзбен жымыып сүйіндірдім.
Өзіме тән жаратылыс кемерінде,
Нәзіктікпен үйлесімді мейірімдімін.

Менің әжем

Әжемді жақсы көремін,
Қолынан ұстап еремін.
Алақаны жұп-жұмсақ,
Құшақтап оған енемін.

Менің әжем ең күшті,
Бәрінен де ең мықты.
Әкем де, анам ығады,
Тәттісін маған тығыпты.

Қонаққа кейде баратын,
Қасына ертіп алатын.
Не істесем де еркелеп,
Арқамнан жылы қағатын.

Ертегі айтып беретін,
Өтірік айтсам сенетін.
Түшкіріп қалсам суықта,
Көзіне жас та келетін.

Әжемді қатты сағынам,
Ұзасам бір сәт бағынан.
Өзімде қояр жер таппай,
Түскендеймін тағымнан.

Достық

Достық деген кең ұғым,
Ойландым таптым теңеуін.
Досыңды тапсаң өмірде,
Бақытың артық беделің.

Шынайы дос адалды,
Қиындық шақта жағанды,
медеу болып демейді,
Жыртығың бүтін жамалды.

Досыңнан сені таниды,
Жаныңды қи татиды.
Шындықты айтып бетіңе,
Намысыңды жаниды.

Ардақты адам досымен,
Байлықтан үлкен бәсімен.
Досы көпті жау алмас,
Достасса мәңгі төсімен.

Доссыз адам тұзсыз ас,
Өмірі күңгірт мандымас.
Досыңды досым құрметте,
Дұшпанға сатып алдырмас.



Ермекбаева Лаура

Жамбыл облысы, Сарысу ауданы
Ы.Сүлейменов атындағы орта мектеп
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі,
Төлебай Жансезім 9-сынып оқушысы



Шәкәрімге арнау

Шәкәрім заңғар биік, алып тұлға,
Сөздері қуат берер әрбір жанға.
Иманы берік болған тас қамалдай,
Көзінде от, бөленген жүзі нұрға.

Ар-намысты биік қойған өлеңінде

Танылған асқақ аты рухты еліне.
Талай жыл шыңырауда жатса дағы,
Берік болған нағыз ер жігеріне.

Жантану іліміне жол ашқан жан,
Сіз болдыңыз ең алғаш арамыздан.
Бүгінде басшылыққа алып жүрген,
Сол ілімді жастар көп қолға алған.

Ұрпағың ұлықтауда ер атыңды,
Белгілеген ойып тұрып өз орныңды.
Тарихта тау тұлғасың мұқалмайтын,
Жалғаймыз ізгілікпен өр жолыңды.

Атамбекова Толқын Орынбасарқызы
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
Дарынды балаларға арналған
мамандандырылған лицейі
Педагог-зерттеуші
Дүзелбай Алтынай 10-сынып оқушысы



Өмірге сәлем!

Сәлем ана, отбасы,
Жүрегімнің жақтасы!
Ашылып мына өмірдің,
Жарық дүние қақпасы.

Сәлем Отан, туған жер,
Белді бекем буған жер.
Өсіп, өніп, өркендеп,
Елді мекен болған жер.

Әлемнің мына қыр-сыры,
Жұмбақ боп бізге тұрған жер.
Табиғат ана тылсымы,
Құпия өрнек құрған жер.

Әлдилеген әлемім,
Сені жақсы көремін!
Бір бөлшегі адамзат,
Мына жарық әлемнің

Алтын шардай дөңгелек,
Ұшып қонып дөңгелеп,
Танимыз біз әлемді,
Өмір сүрген жерде деп!



Ахметбекова Назгүл Асқарбекқызы
Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы
Т. Рысқұлов атындағы мектеп-лицейі
Педагог-сарапшы

Илесов Олжас 5-сынып оқушысы



ЕЛ СЕНІМ АРТҚАН ЕЛЖАН

Ерте тұру Елжанның күндегі әдеті еді. Басқа балалар сияқты емес, Елжан ерте есейген. Оны достарынан алшақтатып, өмірге бейімдеген тұрмыс тауқыметі еді. Бүгін де сол күйбең тірліктің қамымен байдың малын бағуға шықты. Отар қойды елсізге жайып, өзі саялы бәйтеректің түбіне жайғасып төңірекке көз жүгіртті. Құлазыған көңілін күздің самал желі тербеп, сергіткендей болды. Құтты бір ертегі еліне қадам басқандай, алып бәйтеректің алтын түстес жапырақтары ерекше сұлулық береді. Жерге кілемдей төгілген жапыраққа жамбастай құлап, аспанға көз жүгіртті. Кенет бәйтерекке байланған шүберектерге көзі түсті. Бар халықтың бақыты байланған бәйтерек үлкен армандар жүгін арқалап тұрғандай сезілді. Шіркін, маған да осындай күш бітсе ғой!– деген ойдың келуі сол-ақ екен жамбасына қатты бір зат бата бастады. Қолымен әлгі бір затты алып, лақтыруға ыңғайлап еді, күннің сәулесімен табылған затымыз жарқырап айналаны нұрландырып жіберді. Сасқанынан қолындағы затын жапырақтармен көмкеріп, айналаға алақтап қарай берді. Өзін қылмыс жасағаннан бетер сезініп, дегбірі қаша бастады. Орнынан ақырын тұрып, қойлар жаққа көз тікті. Жазықта жайылып жүрген қойлар бұған бір күш беретіндей көрінді. Талай жанның саясына біткен алып бәйтерек Елжанның ендігі өмірінің күрт өзгеруіне себеп болғалы тұр. Қолына түскен қатты бір затпен бәйтеректің түбін қаза бастады. Бағанағы алтын алтын ба, қазған сайын түгесілмейтін бір байлықтың көзі ашылғандай болды. Бастапқыда ол табылған олжасын дорбасына сала бастаған еді. Бірақ ішкі дүниесі оған қарсылық білдіріп:

– Бәлкім, мен елдің бақытына біткен арманын ұрлап бара жатқан шығармын,— деген ойға тоқтап, бәйтеректің түбіне отыра кетті. Ерсілі-қарсылы жүріп, әбден қалжыраған қойшының көзі ілініп кетеді. Кенет ақ сақалды қария оған таяп:

– Сенің риясыз көңілің үшін ендігі байлықтың егесі өзің боласың. Мақсатты пайдалана білсең, алып бәйтерек те саған сая болады,– дейді де көзден ғайып болады.

Жалма-жан орнынан тұрып, түсім емес пе, дегендей, байлық табылған орынға барады. Бірақ көргенінің бәрі шынайы еді. Енді ақсақалдың сөзін ой елегінен өткізіп көреді. Мақсатты пайдалана білсең, бәйтерек саған сая болады деді ғой. Менің өмірімді өзгертетін бәйтерек болса, мен оны неге қараусыз қалдырамын. Мұным әділдікке жатпас. Елсізде болса да мен осы жерге орын тебейін дейді де, отбасымен осы араға көшіп келеді.

Бәйтеректі қураған бұтақтарынан аршып, қамқорлыққа алады. Бәйтеректің түбінен арық қазып, суармалы егістік жасайды. Жері құнарлы елсіз далаға жан бітірген Елжанның қасына басқа да тұрғындар көшіп келеді. Тапқан үлесін елмен бөліскен Елжан өзі сияқты кедейлерге жәрдем етеді. Ақылымен алып даланы нұрға бөлеген Елжан елге жанашыр, қамқор болады. Бір кезде өзі армандаған алып бәйтеректей елдің жүгін арқалаған алып тұлғаға айналады.



Тлеукулова Жанат Сейтказиевна
Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов
ауданы №1 мектеп-лицейі
Педагог-зерттеуші

**Искендинова Ақерке 9-сынып
оқушысы**



ЖЫЛҚЫНЫҢ ЖІЛГІ

Әңгіме

Мен бала кезімді нағашыларымның ауылында өткізгенді ұнатушы едім. Демалыс кезі болса болды, ата-анама қыңқылдай бастайтынмын. Нағашыларым Ақыртөбе ауылының тұрғындары. Ауыл адамдары ерекше қонақжай, жайдары көрінетін маған. Көшеден көре қалса, «Әй, сен Асанның жиенісің бе? Кел, кір үйге» – деп сүйрелей жөнелетін. Мені жай бала деп емес, кәдімгі үлкен кісідей қарсы алып, төрге шығаратын. Таныса да, танымаса да көрші-қолаң, ауылдастарымның жағдайын сұрайтын. Маған бес-он минут уақыттарын бөліп, ары қарай өз тірліктерімен кетуші еді. Күлімдеп қарсы алып, қимай шығарып салатын нағашыларымның ауылдастары маған әлі де ыстық.

Қысқы демалыста ауыл балалары төбеден шанамен сырғанап, бір-бірімізді қарға аунатып, мауқымыз қанғанша ойнаушы едік. Үлкендерден көргенін жасап, балалар да маған ерекше құрметпен қарайтын. Үйлерінен тәтті әкелсе, бірінші маған ұсынатын. Шанамен сырғанасақ, алдымен мені отырғызатын. Өзің өзгеге қалай құрмет көрсетсең, өзгелерден сондай сый көреді екенсің. Нағашыларыма барарда мен де құр алақан шықпайтынмын. Түрлі-түсті карандаш, шоколад секілді достарыма ұнайтын нәрселерді ала барушы едім. Олардың жүзінен қуанышты байқап, өзім де солармен бірге бақытқа кенелетінмін. Сондай күннің

бірінде аяқ-қолым су болғанша ойнап, ойынның қызығына кіріп кеткен екенмін. Үйге жеңгемнің қайта-қайта шақыртуымен әрең кірдім, бірақ кеш бата қызуым көтеріліп мазам болмады. Кісінің баласы кісі үйіне келіп ауырса, үлкен мазасыздық тудыратынын сол кезде білсемші? Асты-үстіме түсіп, әбігер болған аға-жеңгем әлі күнге дейін көз алдымда. Келесі күні біршама жақсардым, бірақ сыртқа шығуға зауқым жоқ. Жеңгем терлейсің деп, ет асып қойды. Ас дайын болғанда жылқының үлкен жілігін алдыма қойып ағам: « Сен біздің үйдің қонағысың, сондықтан ең үлкен сүйек сенікі» деп сүйекті ұсынды. Мен ауырғанымды ұмытып, сүйекті құшырлана мүжи бастадым. Шіркіннің тұз сіңген дәмі керемет еді. Жылқының жілік майын шағып жегенді ұнататынмын. Сол оймен сыртта жатқан ағамның дәу етігін сұға сала далаға шықтым. Есік алдында ескі тапшан болушы еді. Соның үстіне сүйегімді қойдым да, балта алуға қайта ішкі кірдім. Қайта оралсам, сүйегім жоқ. Жан-жағыма таңырқай қарап іздеп тұрғанымда, тапшан астынан сықырлаған дауысты естідім. Осы үйдің иті Мойнақ менің сүйегімді алып, жайғасып жатып мүжуге кірісіпті. Ашуланғаным сондай қолымдағы балтаны Мойнаққа қарай лақтырып жібердім. Мойнақ болса сүйекті тістеген бойы үй сыртына айналып қаша жөнелді. Бұл қылығы мені тіптен ашуландырып жіберді. Мен де артынан қуа жөнелдім. Аяғымдағы ағамның үлкен етігі омбы қарға кіріп, аяғымнан сыпырылып түсті. Оған қарап жатқан мен жоқ, жалаң аяқ қуа жөнелдім. Мойнақ мені одан бетер ызаландырғысы келді ме, әлде баласынып ойнағысы келді ме, мен жүгірсем қашады, тоқтасам тоқтайды. Омбы қардың үстімен ары-бері ойнақтап, мені біраз әбігерге салды. Тіпті осы ісі өзіне ұнайтын да секілді. Басын ары-бері қисайтып, тоқтай сала сүйекті құшырлана тістелейді. Мен қатты ыза болып әрі аяғымнан суық өтіп, бар даусыммен бақырып жылап жібердім. Артыма қарасам нағашы ағам жүгіріп келеді екен. Келе сала мені көтеріп алды.

– Не болды саған, неге сонша жыладың, бір жерің ауырып тұр ма?-деп сұрақтың астына алды. Мен болсам одан бетер жылап:

– Мойнақ сүйегімді тартып алды,– деп еңіреп жібердім.

Ағам ішек-сілесі қата күліп алды, ол қылығы тіпті ызама тиіп кетті. Бұлданып, аяқ-қолымды сілкілеп жатырмын. Сол сәтте ағам:

– Мойнақ, кел бері!–деп бұйыра сөйледі. Бағанадан бері мені мазақ етіп, бір қашып, бір отырған ит құлағы сүмірейіп, сүйекті тастап, ағамның жанына келді. «Кінәлімін, кешір» деп тұрғандай.

– Кет!–деп оны қуып жіберді ағам. Көзін төмен салған күйі, құйрығын екі бұтының ортасына қысып қаша жөнелді. Ал мен болсам ағамнан босап, жүгіре басып сүйекті қолыма алдым. Өзімше итті жеңгеніме мәзбін, әрі жіліктің майын шағып жейтінімді ойлап қуанып та тұрмын. Сора-сорасы шыққан бетімді сүртіп, үйге қарай жүгіре жөнелдім. Ағама да ренжулімін. Ағам артымнан келіп:

– Ақерке, сен не ит мүжіген сүйекті жегелі тұрмысың?–деді. Мен сол сәтте сүйекті иттің кеміргенін ойламаппын. Иттен сүйекті алғаным мәз болып, өзімше жеңіс тұғырына шықтым деп ойласам керек. Ол аз десеңіз, сүйекті шағып, майын жеуді де ойлап тұрғанмын. Ағамның сөзінен кейін ойланып қалдым. Қолымда қысып ұстаған сүйекті лақтырып тастауға сонда да қимаймын. Шынында, енді сүйекті қалай жеймін, майын қалай шағамын?

Тағы да көзіме жас кептеліп, кемсеңдей бастадым. Жоспарымның тас талқанын шығарған Мойнаққа тағы да бір алара қарадым. Ал ол болса: «Мен де сүйекті жақсы көрем, қайтейін енді?»—деп тұрғандай менен көз алмайды. Ағам тағы рахаттана бір күліп алды да:

– Ақерке, сен үшін тағы бір жілік асамын, майын да өзім шағып беремін, сен осыған келісесің бе?— деді. Мен өз ісіме ұялғанымнан күліп жібердім. Қолымдағы тастай ұстаған жілігімді сонау жерде жатқан Мойнаққа лақтырып жібердім. Қырсыққанда ол да келіп жілікті ала қоймады. Сол кездегі оның көзқарасынан:

– Ей, қыз, бәрібір жілік маған бұйырды ғой, сонша қуып мазамды алып едің,—деп тұрғандай болды. Ағам кете салысымен Мойнақ баяғы әдетінше тапшан астына кіріп, жілікті кеміре бастады. Ал мен өз ісімнен өзім ұялып, имене басып үйге кіріп кеттім.

Ауылыма келген соң болған оқиғаны жымия отырып үйдегілерге айтып бердім. Іні-сіңілілерім ішек-сілесі қатқанша күліп, мені мазақтаумен болды. Әкем де «ақымақ, қызым-ау» деп қарқылдай күлді. Ал анам болса сәл езу тартып жымыды да, артынша үнсіз қалды. Ісімнің дұрыс болмағанын анамның қабағынан сезе қойдым. Сәлден кейін анам:

– Ақерке, мына болған оқиға саған да, бауырларыңа да үлкен сабақ болатын іс екен. Өзіңе бұйырған асты жедің. Қалғаны иттің нәсібі еді. Мойнақ соны біліп сүйекке ие болған. Ал сен өз әрекетіңмен тойымсыз, қанағатсыз адамның тірлігін жасапсың. Қолыңдағы барыңды бөлісіп үйрен. Айналаңа мейірім, қуаныш сыйлауға ұмтылып өсіңдер. Тіпті итке де сыйластық танытыңдар, — деді. Әкем де, бауырларым да үнсіз ойға шомып отырып қалдық. Содан бері жеті жыл уақыт өтті. Бұл оқиға әлдеқашан жақындарымның есінен шығып кеткен шығар. Бірақ менің санамда сақталып қалған бұл оқиға, шынында, маған үлкен сабақ болды.



Арыстанбеков Фараби Бақытұлы
Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов
ауданы Құлан мектеп- гимназиясы
Педагог-сарапшы

Өмірбек Аян 5-сынып оқушысы



ӘЛЕМ БАЛАЛАР КӨЗІМЕН

Бүкіл әлем махаббаттан тұрады,
Батқан күн де оның анық куәсі.
Бүкіл әлем мейірімнен тұрады,
Сірә, оған болмас ешкім шүбәсі.

Әлем жайлы айтылатын аңыз көп,
Әлем жайлы көп ойларға батамын.
«Ешбір жанға зияным тимесін деп»
Әлем жайлы айтып кеткен Шәкәрім.

Ал Шәкәрім Абай атам шәкірті,
Абай атам танып білген әлемді.
«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп»
Өлең сөзбен жазып кеткен дәлелді.

Әлем жайлы әдемі ойлар келеді,
Бірақ, маған көп сырлары құпия.
Білетінім, әлем бізге баспана,
Білетінім, әлем бізге құт ұя!

Әжем менен атамнан кеп сұраймын,
Әлем жайлы теңеу іздеп жаңаша.
Аппақ қыс пен алтын күз бар, көктемі,
Әлем деген қызғалдақ қой тамаша.

Бұл әлемнің кереметін іздесек,
Жауап таппай дал боламын сұраққа.
Біздер үшін білім алған бүгінде,
Бұл әлемнің кереметі кітапта.

Тілеймін бұл әлемге тыныштықты,
Тілеймін достық пенен бостандықты.
Әр адамның арманы орындалып,
Әлемге тілемеймін қастандықты.

Әлемнің тұрғындары жыламасын,
Әлемде ата берсін таң арайлы.
Үлкендер ең бастысы ұмытпасын,
Балалар жамандықты қаламайды.

Атасынан балаға мұра болған
Сырлы әлем бұл әлем, ғажап әлем!
Шабыттың сұңқарына мініп алып,
Әлем жайлы өлеңді жаза берем.

Алатауға қараймын да таңғаламын,
Тау суындай тап таза мөлдір әлем.
Алатаудай аңыз болған аталарым,
Әлем жайлы толғанған домбырамен.

Әлемнің біз бәріміз тұрғынымыз,
Жауласпай, қол алысып достасайық.
Шәкәрімдей атамыз айтып өткен,
Бұл әлемге жақсылықпен іс қосайық!



Қойайдарова Назгүл Рысқұлбекқызы
Жамбыл облысы, Талас ауданы,
Қаратау қаласы, мектеп-лицей
Педагог-сарапшы

Төрегелді Әйгерім 6-сынып оқушысы



Сәуле Мешітбайқызына арнау

Мөлдір бұлақ аққан таудан нәр алған,
Пәк сезімнен махабаттан жаралған.
Үлгі тұтып мерейін біз асырып,
Екінші бір анамыздай сана алған.

Ардақты ана, аяулы әже алтыным,
Байқалмады жылылықтан салқының.
Ел деп жер деп бітпей мәңгі қарқыны,
Үзіп берер жүректенде артығын.

Ұлтымыздың ғасыры жанашыры,
Ұлтымыздың бірыңғай санасы ұлы
Ұлтымыздың бірлігі жыл үздігі,
Ұлтымыздың бйне бір жаңа сырлы.

Келеміз тәнті болып кемелденіп,
Данасыз ғой туылған кемел болып.
Жылылықтың жанына тұрақтаймыз,
Ұлылықтың бақытын сізден көріп.

«Qazaqstan dauiri» мен «Мөлдір бұлақ»,
Журнал болып бізге жетті құрап.
Басшылықтың тізгінін ала жүре,
Кетпегейсің дара балаңнан жырақ.



Жанбосынова Индира Абдрахманқызы
Жамбыл облысы, Талас ауданы,
Қаратау қаласы, мектеп-лицей



Махади Дана 5-сынып оқушысы

Бағдаршам

Ерте заманда бір ханның үш ұлы болыпты. Үшеуінің мінезі бір-біріне ұқсамайтын және киіну үлгісі де басқаша болған екен.

Үлкенінің мінезі қаталдау, ол көшеге шығып келе жатқанда адамдар орнынан қозғалмай тұрып қалады екен. Үстіне қызыл барқыттан тігілген киімдерді кигенді ұнатыпты. Ортаншы ұлының мінезін ешкім түсінбейді және ол көшеге шыққанда елдің барлығы орнынан қозғалмай, не істерін білмей тұрып қалады екен. Ол сары барқыттан тігілген киім кигенді ұнатыпты. Ал, кенже ұлына келетін болсақ, оның мінезі ашық -жарқын сондай бір ақкөңіл жігіт болыпты. Оны көрген жұрт онымен амандасып, елдің барлығы емін-еркін жүреді екен. Ол жасыл түсті барқыттан тігілген киім кигенді ұнатыпты.

Бір күні хан: Кімде-кім осы балаларымның мінезін жақсылыққа пайдалануды үйретсе, соған ат басындай алтын беремін,— дейді. Мұны естіген бір ақылды қария келіп айтады: «Балаларыңызды маған бір айға беріңіз, мен балаларыңыздың мінезін жақсылыққа пайдалануды үйретемін», —дейді. Патша келісіп, ұлдарын қарияның үйіне бір айға жібереді. Сол заманда көше тәртіпсіздігі өте көп екен. Ат арбалар қалай болса солай жүріп, адамдар олармен соғысып, тәртіпсіздіктер көбейіп кетіпті. Содан, қария ұлдардың іштерінен бірінші үлкен ұлды алып шығып көшенің басына тұрғызады. Келе жатқан жұрттың бәрі орнынан қозғалмай қалады. Жарты сағаттан кейін ортаншы ұлды алып шығады, оны көріп жұрт не істерін білмей орнында тұрады. Одан кейін кенже ұлды алып шығады, оны көрген жұрт қуанып жүре бастайды. Осыны аңғарған қария суретшіге үшеуінің суретін салғызады. Содан әр көшенің басына бір адамнан қойып, ханзадалардың суретін кезек-кезек шығаруды бұйырады. Осыдан бастап бағдаршам пайда болыпты, ал оны қарап жүретін адам қазіргі полиция қызметкерлері сол заманнан бастап пайда болыпты. Дана қарияның ісіне риза болған хан оны марапаттап, сол қызметкерлерінің үстінен қарайтын уәзір етіп тағайындапты. Міне, жол қозғалысын реттейтін «бағдаршам» осылай пайда болған екен деседі.



Серікбаева Балауса Нұрғазықызы
Жамбыл облысы, Талас ауданы, Акқұм
ауылы Барбол Тоқтықожаұлы атындағы
орта мектебі Педагог-модератор

Тлеухан Ханзада 6-сынып оқушысы



Тәуелсіздікке арнау!

Тәуелсіздік келмеді оңай бізге,
Қаншама жан белгісіз қалды түзде
Аңсаған тәуелсіздік азатыққа
Қазақтың батырлары қол жеткізген.

Қазағым мұныменен шектелмеген
Сайратып қызыл тілді қылыш еткен,
Қолдарында қарулары болмаса да,
Шырылдап , шындық айтып жырды төккен

Батырлар мәңгі қалды ел есінде
Ер есімі, әрине, ел есінде
Жаңғырып тұр бүгінде байқайсың ба?
Олар түгіл мен шыққан белесіме.

Тұра берсін мәңгілік азаттығын
Азаттығың-қазағым ғажап күнің
Осындай азаттықтың арқасында
Азаттықтың көрдік гой ғажаптығың.

Дәстүрі бай, берік ата-салтына,
Рухы биік жаны дархан халқыма,
Қояр қандай кінәсі бар басқаның,
Құшақ жайған бар әлемнің халқына.

Әрқашан да тыныш болсын түніміз,
Шуақ шашсың, ашық аспан күніміз,
Кеше ғана азаттықты аңсаған
Бүгін , міне, ірі елдің біріміз

Сарысуым

Сарысу сарнап жатқан сары далам
Сендегінің ұнайды бәрі маған
95 жыл мерей тойың құтты болсын
Бүгінде жан жоқ сені танымаған.

Бізге мәлім елдің сұлу екені
Сол сұлулық бізді көркем етеді
Райымбеков Маралтайды өсірген
Сарысуым саңлақтардың мекені.

Таратпай алты алашқа салқын өлең
Берік жүріп қазақтың салтыменен
Ұрпағына қалдырған өлең жыры
Бірге жасап келеді халқыменен.

Қойнауы кең, құт береке дарыған
Жас кәрісі бірін-бірі таныған
Сарысуым сенсің жырдың бастауы
Айналайын сендей елдің барынан.

Қымбат қой тіпті сенің қара тасың
Сол таспен тас қамалды қалатасың
Күн сайын көрікіңе көрік қосып
Гүлденші Сарысуым, Жаңатасым!

Жамбыл облысының тарихы мен табиғатына!

Туған өлкем-Жамбылым,
Тарихи сара даңғылың,
Табиғатың тым әсем
Көркем сұлу таң нұрың!

Тауларың менен қыратың,
Сыр шерткен жанға ұғатын
Тоймайтын тұнық ауаң бар,
Арттырған жанның қуатың.

Жазушылар мен ақындар,
Өнерге жаны жақындар
Түледі сенің төріңнен
Жүрегі түкті батырлар.

Ұшырдың ыстық ұяңнан,
Қаншама дара тұлғаны
Тербеткендей болып кетеді
Даламды Жамбыл жырлары.

Әр тасың қымбат, әр талың,
Жүректен шығар жыр жалың
Жұлдызың жақтың талайдың
Қондырдың құстай сен бағын!

Бойында Жібек жолынның,
Бағалы байлық дастан бар
Әлемге әлі танытар
Біз секілді жастар бар!

Шерхан Мұртаза атама арнау!

Бүгін міне, туған күнің Шер аға
Шер ағаның өмір жолы поэма,
Шерағаның еңбегі мен ерлігін
Арнау етіп шығармауға бола ма!

Ал мінекей, арнауымды бастадым,
Шер аға- деп өлең жолда саспадым.
Айта берсең таусылмайтын сипатын
Тыңдап көргің, ақиқаттың дастанын!

Ақиқаттан аспаған,
Дәлелмен айтып растаған
Шындық сүйген Шер аға
Сүрініп сөзден саспаған.

Айтса тілі өтетін,
Мәресіне жететін
Көзінен нұрын шашатын
Сөзі шуды басатын.

Теңеу болған барыстан,
Түр әлпеті арыстан
Ойлы әрбір еңбегі
Дер едім нағыз данышпан.

Алғашында Шер аға,
Ақын болып танылған
Көрмеді аз кедергі
Қатыгез өмір жолынан.

Бақытқа бастап оңынан,
Жақсы із тастап соңынан
Жақсы көріп қазағың,
Артық қойған жанынан.

Еңбегі елге бағалы,
Ер азамат саналы

Ардақтап сені ел-жұртың,
Бақытына балады.

Ана

Ей, адамдар ана керек адамға,
Анасыздар жүр ғой мынау ғаламда,
Байлық, мансап, бақыт болады дегенше,
Мәпелеген жан анаңды бағала!

Бағасына жете алмаған қанша адам,
Себептер мен сылтаулары көп шаршаған.
Ақ сүт беріп асыраған анаңды,
Күтпесіңші қарттар үйі шаршаған.

Ана сенің кереметің керегің,
Кереметті кең далаға теңедім.
Сол керемет аналарда болған соң,
Аналардың шын есімі–ұлы есім.

Ана менің кеудемдегі жүрегім,
Ана үшін бас бәйгіге тігемін.
Егер менің жанымда сен болмасаң,
Бұл өмірді қалай ғана сүремін.

Ана- менің келешегім, тірегім,
Адал ниет нұсқап өмір сүретін.
Ана- асқақ құдіреттің иесі,
Аналарға өз басымды иемін.

Өмірдің иесі сен – ғазиз ана,
Келтірген дүниеге не бір дана.
Анасыз батыр да жоқ, ақын да жоқ,
Өмірдің алтын кілті сенде ғана.

Ана – сенің ақ жаулығың әппағың,
Ана – сенің қасиетті дастаның.
Ана саған тілейтіні бір тілек,
Күндіз күліп, түнде тыныш жатқаның.

Тіршіліктің тынысы мен ажары,
Гүлдей сезім бүршіктерін жарады.
Ана ұлтқа ұрпақ бақыт сыйлаған,
Аналардың мәңгі болсын өмір жастары!

Ақын ағама!

Маралтай Райымбекұлы –ақын ағам,
Ақындығы ана сүтінен дарыған.
Ақын деген болары анық салмақты
Болар және оқымысты, жан-жақты.

Құнды жырмен бар қазаққа жар салған,
Атар таңын ақындықпен қарсы алған.
Ана, Бақыт өлеңдері әйгілі,
Жыр арнауға белін буып жан салған.

Сөздері оның мағыналы, әрі нақ,
Түсінесің келбетіне қарап-ақ.
Шақырады оқушысын өзіне,
Әр шумағын өлеңінің парақтап.

Жырларымен алты алашқа танылған,
Қазынасы өлең сөзден табылған.
Оқырманың бола берем мен сенің,
Кітабыңды тастамаймын жанымнан.

Бақ сынадым өзіңізге жыр арнап,
Өлең жазғым келеді ылғи сізге ұқсап.
«Болмасаң да ұқсап бақ» деген Абай,
Атамыздың ақ сөзін алға ұстап.



Тоғаева Нүргүл Байжұманқызы
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
№47 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Еркін Әсемай 5-сынып оқушысы



Біз - бақытты баламыз

Біз өспірім, болашағы елімнің,
Кең дүние, жазық дала жерімнің.
Бүкіл әлем өзгерсе де айналып,
Елді сақтау аманаты ерімнің.

Ел үмітін ақтап жүрер баламыз,
Талаптанып оқып білім аламыз.
Бейбіт күннің ұрпақтары болған соң,
Болашаққа сеніммен жол саламыз.

Ал, достарым, өнер үйрен, ерінбе!
Пайдаң тисін болашақта еліңе.
Мүмкіндікті пайдалана біліңдер,
Құр отырмай әлеуметтік желіде.

Әрқашанда әдептілік сақтаңдар,
Ата-ана ақ үмітін ақтаңдар!
Еліктемей келеңсіз кей сәттерге,
Ар-намысты, әділетті жақтаңдар!



Байырова Жұлдыз Рысбекқызы
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
№47 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі

Бейсен Хадиша 7-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен *шағын әңгіме*

Мен – үлкен өмірге қадам басып келе жатқан әлемнің бір бөлшегімін!
Әлем – маған бар махаббатын сыйлаған, маған толассыз мүмкіндіктер берген
қыр-сыры мол дүние. Мен әлемді сүйемін!

Адам жарық дүниеге келгеннен кейін ғұмыр жасы біткенше өзіне
жүктелген «өмір сүру» міндетін атқарады. Менің ойымша, әрбір адамның әлемде
өмір сүру мақсаты – махаббатпен өлшенуі тиіс. Бақытты болу үшін өмірінді
жақсы өткізу, жамандыққа ұрынбау қағидаларын ұстану керек. Өмір сүруге
деген құлшынысты бақытқа толтыру – әрбір адамның өз қолында деп ойлаймын.
Әлемді сүйемін деу бос сөз, оны бағалай білу керек, сөзбен емес, іспен дәлелдеу
керек! Сен өзіңді қоршаған әлемге бар махаббатыңды төксең, әлем саған
ықыласын махаббатпен қайтарады.

Мен қазір «балалық патшалығы» атты керемет әлемде өмір сүріп
жатырмын. «Болашақ» атты қамалдың іргетасын қалау үшін білім алып
жатырмын. Қазір Тараз қаласындағы № 47 орта мектептің 7-сынып білім
алушысымын. Есімім – Хадиша.

Әлемге деген көзқарас, ең бірінші, отбасынан басталады. Менің әлемімдегі
ғажап өмір ата-анамен өткізілген уақыт. Ата-анам менің жанымда болып,
жақындарыма өзімнің қиялға толы ғажайып әңгімелеріммен бөліскенім – мен
үшін үлкен бақыт. Ата-ананың ыстық құшағын, аялы алақанын сезінуден артық

махаббат жоқ. Әрқашан ата-ананың баланың жанынан табылуының септігінен жас бала әлемге, өмірге деген махаббаты ашық және ояу болып өседі, қарым-қатынасы да өзгеше. Себебі, махаббат әлемінен шыққан бала – болашағымыздың, бүгінгіміз бен ертеңіміздің азаматтары. Осы әлемнің есігі мен үшін де ашық тұрғанын қалаймын.

Менің әлемімнің қуат көзі – білім. Мен мұны жақсы түсіндім, өз білімімнің нәтижесін көрсету арқылы үлкен нәтижелерге жетіп жатырмын. Сол себепті М. Әуезовтің іс өнімді болуы үшін «...ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек» деген сөздерін ұстаным ретінде қабылдадым. Білім – оқушының мектептен алатын ең жақсы сыйы. Менің мектебім – менің мақтанышым! Неге десеңіз, заманауи талаптарға сай, терезесі тең білім ордасы. Мектеп ұстаздарының арқасында түлектерінің білімділігі мен шығармашылығының нәтижесінде мектебіміз алдыңғы қатарда келеді. Мектебімнің осы күндері мәртебесі биіктеп, түлектері көптеген беделді оқу орындарына түсіп, өнерлі жастары өркендеп өсуде. Әр оқу жылы, әр оқушыға өз жаңалығын әкеледі.

Арманым көп, алдыма қойған мақсатым да көп. Сол арманға, мақсатыма жететініме сенімдімін. Менің әлемім – мақсат, намыс әлемі. Солай қабылдадым, сол бағыттан таймаймын. Өмір сынағы сан алуан. Сол сындарда нық сенім сыйлайтын берік қамалым – ғажайып әлемім.



Малимбаева О.С.

Жамбыл облысы, Тараз қаласы
№6 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-
зерттеуші

Нурмаханбетқызы Нұрайым

11-сынып оқушысы



Сан есімнің ұлдары

Ерте, ерте, ертеде, Сан есім болыпты. Оның тұңғыш ұлы туылғанда, қандай есім қоярын білмей, баласының алдына үш алма әкеліп қояды. Сонда ұлы үш алманы да қолына алып, ойнамақшы болды. Сондықтан алғашқы ұлының атын әкесі «Есептік» деп қояды.

Уақыт өтіп, екінші ұлы да дүниеге келеді. Көп ойланып толғанбай, әкесі бұл жағдайда да ұлының алдына үш ойыншық қояды. Бірақ баласы ойыншықтардың үшіншісін таңдайды. Сонда әкесі ойланып-ойланып: «Бұл ұлымның есімі- Реттік болсын» – дейді.

Үшінші ұлы туылғанда, әкесі қайтадан үш кішігірім доп қояды, бірақ үшінші ұлы біреуін ғана таңдайды. Сан есімнің басы қатып, қандай есім қоярын білмей: «Жинақтық болсын есімі», – дейді.

Жинақтықтан кейін тағы бала туылады. Төртінші ұлының алдына Сан есім алты машина қояды. Баласы екі-үш машина қолына алады. Әкесі тағы ұзақ ойланып: «Бұл ұлымның есімі Болжамдық болсын»,– дейді.

Уақыт өтіп, бесінші ұлы да туылады. Сан есім қайтадан баласының жанына бес алмұрт қояды. Баласы алмұртты үштен алыпты. Әкесі бұл жолы көп ойланбай-толғанбай бесінші баласын Топтау деп атайды.

Уақыт өтіп, енді ең соңғы кенже баласы да дүниеге келеді. Әкесі оның алдына бір дорба ұн қояды. Сонда алтыншы ұлы ұнның оннан бірін ұстайды. Бұл жолы сан есім ұзақ ойланып: «Солай-ақ болсын! Алтыншы ұлымның есімін Бөлшектік деп қоямын»,–дейді.

«Оһо» одағайы

Бұрынғы заманда бәрінен жалыққан бір патша өмір сүріпті. Ол зат есімге: «Маған «Оһо» деген сөзді тауып бер!» – деп бұйырады.

Зат есім еңіреп үйіне келеді. Үйінде көп ойланып, шарасыздығын түсінгеннен кейін, Сын есімге барады.

Сын есім екеуі «Оһоны» біраз іздейді. Бірақ ешқандай нәтиже шықпағандықтан, олар Етістікке жүгіреді. Мұны естіген Етістік ұзақ ойға салынып, бір шешімге келеді. «Мұндай жағдайда біз Есімдікке жолығайық. Оның білуі керек»,– деп айтады.

Есімдік өзіне еңіреп барған Зат есімді аяп, оған: «Мен шешімін білемін»,– деп жұбатады.

Бәрі жиналып Одағайға барады. Ал ақылды Одағай көп толғанбай: «Тез арада дорба мен бақа табыңдар!» – деп айтады. Бұны естіген сөз таптары көп кідірмей, бақаны дорбаға салып, патшаға асығады.

Ерігіп отырған патша қолын қапқа салғанда, мұздай нәрсені сезіп: «Оһо! Мынау не?» – деп таң қалады.

«Бұл–сіз табуға бұйырған сөз»,– деп Зат есім жауап береді.



Даулетова Шынар Рысбаевна
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
Қаратай Тұрысов атындағы
№53 мектеп-гимназиясы
Педагог-зерттеуші
Кеңесбай Жансая 5-сынып оқушысы



Мейірімділік

Бір күні Нұрила мен апасы жүгері үгітіп отырған кезде жерге жүгерінің бір дәні түседі. Сол түскен дәнге екі құмырсқа таласып қалады. Жасы кіші құмырсқа айтты:

– Мен бірінші келдім. Сол үшін бұл дәнді мен аламын,–дейді.

Екінші құмырсқа: – Жоқ, мен аламын. Өйткені мен бұл дәнді бірінші ұстадым,–дейді. Екі құмырсқа дауласып тұрғанда, екінші құмырсқаның балалары келіп, анасынан азық сұрайды. Сол кезде бірінші құмырсқа ойланып, былай деді:

– Бұл дәнді сен ал. Мен басқа жерден табармын. Сен отбасыңды асыра. Мен әлі жаспын ғой,– деді де жүгерінің дәнін бірінші құмырсқаға берді. Солай екінші құмырсқа рақметін айтып, балаларымен бірге дәнді үйіне тасып әкетеді.

Қызғаншақтық

Бір күні бейнелеу сабағында Мадина Дианадан сары түсті қалам сұрады. Дияна оған:

– Сары түсті қалам өзіме керек. Мен де сурет салып жатырмын ғой, – деді.

Мадина оның сурет салып, бояп болғанын күтті. Мадина:

– Суретіңді бояп бітірдің бе? – деді. Диана:

– Болып қалдым, бірақ сен көп пайдаланасың ба? – деді.

– Мен тек күнді бояймын,– деді Мадина.

– Көп екен. Жарайды, бірақ қатты баспа, сындырма, көп бояма, – деп қабағын түйді. Мадина:

– Керек емес, – деді. Осы уақытта мұғалім Мадинаны тақтаға шығарды.

Салған суретін көрген мұғалім:

– Неге сен күнді қызыл түспен бояғансың?

– Менің сары түсті қаламым болмады, – деді Мадина. Мұғалім осы кезде сыныптас құрбыларынан сұрап бояу керектігін айтты. Мұны естіген Дияна ұялып, беті қызарып кетті.

Туған жер

Баяғы өткен заманда Айша отбасымен Франция мемлекетіне көшті. Көшкен күннен бастап ауыра бастады. Ата-анасы оны дәрігерге, емшілерге қаратты. Ештеңе шықпады. Бірақ ата-анасы үміттерін үзбеді. Бір күні керемет емші бар екен дегенді естіп, Айшаны қаратуға алып барады. Емші былай дейді:

–Туған жеріңді сағындың ба? – деді. Осы кезде Айшаның көзіне жас еріксіз келді. Емші оның туған жерін сағынғанын, туған жеріне қайтпаса, денсаулығы сыр бере беретінін ескертті. Айшаның ата-анасы емшінің айтқанын тыңдап, туған жеріне қайтты. Туған жеріне жеткен соң дертінен сауығып, мәнді де сәнді ғұмыр кешті.



Сембина Асель Беркиновна
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
Шона Смаханұлы атындағы №44
орта мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-модератор
Керімжан Нүрсәнді 5-сынып
оқушысы



Менің қызықты әлемім

Мен тұратын әлемде,
Жек көрушілікке орын жоқ.
Мен сүретін әлемде,
Қуанышы мен нұры көп.

Қазіргі менің балалық шақ әлемім ерекше, себебі менің қызығушылығым мен өмірге деген көзқарасым таза әрі шынайы. Балалық шақ – әлі бұзылмаған ашық түстер мен әуезді дыбыстар әлемі деп білемін. Мен жас буын болғандықтан әлі де көп нәрсені біліп және үйреніп, жасағым келеді. Жақында суретші салған, үйге ұқсайтын глобустың суреті көзіме түсті. Оның мәнін мен өзімше былай ашып көрдім. Глобусты үй – өзгелер емес, мен және жақындарым мекендейтін ұлан-ғайыр ортақ үлкен үйіміз деп елестеттім. Көк шатыр көгілдір аспан да, аяғымыздың астындағы жер қабаты да, әрі шам әрі пешіміз күн де, ортақ су құбырымыз жаңбыр мен қыста қар болып жауатын бұлттарымыз да бәрімізге ортақ. Жер-Ананы мекендейтін барлық адам баласы өте көп. Оны мен саусақпен санай да алар емеспін. Адамдардың біреуі ақ, сары я болмаса қара түсті секілді олардың сөйлеу тілдері де әр түрлі. Әр адам өз әлемінде өмір сүреді және әлемді әр адам өз көздерімен көреді. Мен мектеп оқушысы болғандықтан, кітапханаға жиі барамын. Онда «Неге?» деген қызықты энциклопедия көзіме түсті. Ашып оқыдым. Менің бәрін біліп, үйренгім келетіндей Негешбектің де бәрін білгісі келіп сұрақ қоюы және жауаптарының қызық болуы - менің кітапты ары қарай оқуыма себеп болды. «Жерді тесіп өтуге бола ма?-деген қызықты сұрақ кездесті. Жауабын білу үшін тез-тез кітапты оқыдым. Жауабы былай делінген: «Планета қойнауында не болып жатқанын ғалымдар да білгісі келеді. Бірақ, бұл әшейін қызығу емес. Егер мұндай мүмкіндік болса, табиғаттың талай құпиясы ашылған болар еді...» – деп жазылған. Демек, бұл ғалымдар үшін де жауабы жоқ үлкен сұрақ екенін білдім. Жерді тесіп, метро секілді туннель жасап, сосын оның ішімен пойызға отырып алып алға тартса, сонда не болып жатқанын тегіс көрер едік деген қызық жауап келді ойыма. Олай болса, жердің ішінде не болып жатқанын біз ешқашанда біле алмаймыз ба?–деген сұрақ көкейімнен кетпей қойды. Деседе, жаратылыстану пәні мені қызықтыратын, сонда мұғаліміміздің түсіндірген бір сабағында сейсмикалық толқындардың көп көмегі барын айтқан. Теңіз бетіндегі толқын судың көмегімен жылжиды, оны біз көзімізбен көре аламыз. Ауаға тарайтын дыбыс толқындары болады, оларды біз ести аламыз.

Сонда «Жерді тесіп өтуге бола ма?» – деген сұрағымның жауабын мен білімнің арқасында біле алдым. Білім бізді қанаттандырады. Білім күніне арналған арнайы мереке, біз үшін ол – 1-қыркүйек. Бүкіл балалардың мерекесі. Өйткені бұл күні барлық қалалар мен ауылда тұратын оқушылар сөмкелері мен кітаптарын, құшақ-құшақ гүл шоқтарын алып, мектепке білім алу үшін аттанады. Соғылған алғашқы қоңыраудың көңілді күмбірі – жұмыр жерді тербелтетіндей күй кештіреді. Еліміздің әрбір балалары үшін мектепте орын дайын тұрады. Егер олар оқып, білім алмаса, онда не болар еді дейсіздер ғой? Ендеше, жауабын айтайын, оқу қонбаған кісі үй салса – қабырғалары құлап қалар еді, тігінші болғысы келсе – тіккен киімінің жеңі желкесіне, жағасы етегіне кетіп, жұртқа мазақ болар еді. Осы кезде Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі (төртінші сыныпта оқығанмын) Сұлтан образы әсте есіме түседі. Ол жалқау, сабақ оқымайтын, оқуды тастап, алаяқтықпен, ұрлықпен әуестеніп кеткен. Сұлтан – кезінде дұрыс таңдау жасамаған кейіпкер. Өмір тек «таңдаудан» тұрады – дейді үлкендер. Әр адам баласы күн сайын таңдау жасайды. Мейлі ол ірілі-ұсақты болсын, бірақ бәрібір таңдау. Сондықтан жақсыға ұмтылған, алдына ізгі мақсат қойған адам ғана өзімен, өз болмысымен күресі, сол игілікке қол жеткізе алады. Бұл қателікті болдырмау үшін бала өмірінде және менің өмірімде қандай да бір арманымды жүзеге асыру үшін және таңдау жасауым үшін болатты балқытып мәшине жасап, адамды ажалдан арашалағым келіп, комбайынды астықты алқапта жүргізтіп, ұшақты аспанда самғатқым келсе, заводтарда машиналар жасап, орманды ағашқа толтырып, әдемі қала соғып, бала-бақшаны көбейткім келсе онда менің көп оқуым керек. Әрбір мамандыққа апаратын жол – ол мектептен және ұстазымыздан басталады. Мектептегі әрқайсымыздың отырған партамызды алайықшы. Онда кімдер отырды? Олар қазір қайда жүр? Кім болды? – деген сұрақтарды қойып көрейікші. Мен отырған партада бір кездері ұялшақ бала отырса, қазір ол атақты дәрігер шығар. Ал сыныптасым Қайсар отырған партада бір кездері ешкімнен тайсалмайтын чемпион бала отырған болса, Арай отырған партада танымал атақты әртіс отырған болса, сыныпта қандай «Атақты» парталардың тұрғанын ойлаңыздаршы! Көңіліміз қай партаны қаласа, сол партаға отырамыз. Ойлап қараңыздаршы, мұндай «Атақты» парталар бәлкім, әр мектепте бар шығар. Жыл сайын парталарға басқа балалар келіп отырады. Олардың ер жеткен кезде кім боларын қазір ешкім де, тіпті өздері де білмейді. Алайда мектеп олардың әрқайсысына міндетті түрде ең қызықты, ең маңызды мамандық пен іс таңдап беретініне көмектеседі.

Бала бір істі жасай бастағанда, ол кейде өзіне беймәлім, тіпті ересек шеберлерді таң қалдыратын таңғажайып ашулар жасайды. Мысалы, менің інім Бекнұрды алайыншы. Ол өзі робототехникаға және ботаника әлеміне жақын. Ол youtube-тан көргенін міндетті түрде өз бетінше жасап, соны іске асырады. Қарапайым заттардың арқасында өзіне ұнайтын және оны сыныптастарына көрсете алатын мақтанарлық дүние жасап шығарады. Бұл қызығушылықтан туындаған бала жұмысы. Ал егер, бұл қызығушылық үлкен нәтижеге жететін болса демек, бала арманы мен мақсатынын ұшан-теңіз екенін тағы да дәлелдейді.

Себебі шын ниеттенген және ниетіне қарай әрекет еткен адам ғана дiттегенiне қол жеткiзедi. Бұл таңғажайып әлем әрқайсымызды өзiнше қарсы алады. Кейбiреулер үшiн ол өз есiгiн ашады, шексiз мүмкiндiктер бередi, сүйiспеншiлiк сыйлайды, жақын адамдарының қамқорлығын бередi. Әлемдi өзгерту адам қолында. Балалық шақтың сиқырлы әлемi адам өмiрiндегi ұмытылмас кезең. Ертегi мен өмiр бар әлем, ата-анамыздың арқасында өзiмiздi әрқашан қорған сезiнетiн әлем, бiз батылдықтың арқасында жоспарлар жасаймыз және арманымызды ең алыс елдерге тасымалдаймыз.



Исаева Айгуль Кожамедовна
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
№49 орта мектебі
Педагог-сарапшы
Қасымбек Балауса 8-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Әлем менің көзіммен көркем ерек,
Біз дамимыз болашақ ертеңді елеп.
Компьютердің заманы келді бізге,
Болады отаныммен өлкем бөлек.

Адамдар ғарышпенде байланысып,
Күнде барып жүр бүгін айға ұшып.
Бұлдағы тың жаңалық емес бізге,
Роботтар жүр түрлі іспен айналысып.

Интернет, компьютердің заманы бұл,
Жаулады ауылменен қаланы кіл.
Қорқатыным болашақ қалай болмақ?
Кітапты оқымайды адам бүгін.

Ұялы телефонға үңілді көп,
Көп жағдай мені қазір түңілдірмек.
Ғаламторға байланған бүгінгі ұрпақ,
Қалайша ұлтымыздың құнын білмек?

Мырзараимова А.А.
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
№19 орта мектеп
Сансызбаева Мерей 7-сынып оқушысы

Шәкәрімге

Қалам алып өлең жазу ойымда,
Бір шабыт бар еш көрінбес бойымда.
Қалам тербеп, ой толғауға бекіндім,
Дара ақын Шәкәрім ата жайында.

Шәкәрімнің ақылдығы асқақтаған,
Жүрегімен әділдікті жақтаған.
Абзал деген сатқын Алаш ордадан,
Бір жұлдызды тар құдыққа тастаған.

Заманның бетке ұстар ақыны,
Қара өлеңмен, қара сөзге жақыны.
Шәкәрімдей дара ақын тұрғанда,
Шетелден салыстырмай басқаны.

Шәкәрімнің бар өмірін қарашы,
Ұлы Абайдың ұлы жолын жалғаушы
Бұл тұлғадай бола алмайды ешкімде,
Ақын, сазгер, ағартушы, тарихшы.

Мырзараимова А.А.
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
№19 орта мектеп
Сансызбай Інжу 7-сынып оқушысы

Шәкәрім атама арнау

Халқының ол ойшыл, дара, дарыны,
Қазағымның бір туар шыншыл ақыны.
Бар өмірін ізденуге арналған,
Бар тілегі елінің озық болғаны.

Абайдың замандас болған інісі,
Ұстаз үшін әдемі оның әр ісі.
Шәкәрім болды кей кездері Абайдың,
Кеңес беріп, қолдау берген тынысы.

Шәкәрім ата жаны таза, жақсы адам.
Ақын ата үлкендерден аспаған.
Өлеңдегі көбіне адамдыққа арналған,
Білім алды молдалардан жасынан.

Шәкәрімнің айтқанының бәрі рас,
Айтқандары барлығымен туралас.
Ерте аталып кеткенімен, Шәкәрім,
Еш уақытта ұмытылмас ұлы арыс.

Мырзараимова А.А.
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
№19 орта мектеп
Баратбек Инжу 7-сынып оқушысы

Ертегі

Ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде, Құдайберді мен Төлебике деген екі жас жұбай өмір сүріпті. Күндердің күнінде Төлебике бала көтеріп, тоғыз ай, тоғыз күннен кейін балалары дүние есігін ашқанда баланың есімін Шәкәрім деп Күнекей әжесі қояды. Шәкәрім бала кезінен сөзге шебер болып өседі. Күнекей әжесінің жанында жүріп, иманға жақын болып өседі. Шәкәрім бала кезінде барлық бала доп қуалап, ойнап жүрсе, Шәкәрім табиғат аясында өлең шығарып, кітап оқып отыратын. Шәкәрімнің алғашқы шығарған өлеңі «Мен иманмын». Бұл өлеңін көрген үлкендер, Шәкәрімге тәнті болып, ақсақалдар батасын береді. Шәкәрім өлең шығаруға одан сайын шабыттанып, қандай өлең шығарарын білмей, ойланып келе жатып, адасып кетеді. Қатты қорқады. Үйіне барар жолды таппай отырғанда алдынан ақ киімге оралған ақсақал шығып, «Шәкәрім, сен қорықпа!, мен саған үйіңе барар жолды көрсетемін, тек сен үйіңдегілерге мені көргеніңді айтпа!» - дейді. Шәкәрім қуанып, «Жарайды» - деп, үйіне қайтады. Үйіне барғанда әжесі «Ей, Шәкәрім, осы уақытқа дейін қайда болдың?» - дегенде, Шәкәрім, «Балалармен доп ойнадым!» - деп жауап береді. Шәкәрімнің бұл сөзіне сенбеген әжесі, Шәкәрімге көз қиығын салып қарайды, Ал, Шәкәрім үндеместен, аспандағы жұлдыздарға қарап, тұнық ойға батып кетеді де, бөлмесіне барып ұйықтап қалады да түс көреді. Түсінде жаңағы ақсақал «Жарайсың, Шәкәрім, мен сені сынаған болатынмын, сен мені көргеніңді ешкімге айтпадың, сөзінде тұрдың» - деп, ақсақал ғайып болады. Шәкәрім ержетеді. Көптеген өлеңдер шығарады. Бүкіл жұрт тани бастайды. Осылайша, Шәкәрім ақсақал болып жазған өлеңдерін кітаптарға жазып, сол өлеңдері әлі күнге дейін сақталып келе жатыр.

Сейсенбаева Гаухар Оспанқызы
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясы
Марат Ұлдана 7-сынып оқушысы

Әлем балалар көзімен

Ертеде бір ерекше әлемде Айдос есімді бала өмір сүреді. Айдос бір өзі орманда кішкентай үйшікте тұрады. Күндердің күні Айдос орманға аң аулауға шығып, жол-жөнекей көп жануарларды кездестіріп, біреуінде аулай алмайды. Орман ішімен келе жатып, қап-қара батпаққа құлайды, өзінің аяқ киімін жыртып, киімі кірлеп, қарны өте қатты ашады. Түн батып, екі көзі жасқа толып, өз үйшігіне қайтады. Келесі күні таң азанымен көлге барып, көлдің мөп-мөлдір суын ішкісі келеді. Сөйтіп көлге барғанда ормандағы жануарлар көлдегі судың дымын қалдырмай ішіп қояды. Ал Айдостың көңіл күйі түсіп, ашуланып, әлемге деген көзқарасы, қызығушылығы азайып барады. Ол әрдайым жолынан қараңғылықты ғана көре бастайды. Еш нәрсеге зауқы жоқ, көңіл күйі болмайды. Күн артқан сайын тек қана жамандықты көреді. Әр нәрсеге ашумен қарап, мейірімділігін, жылулығын жоғалтады.

«Неге мына өмір тым әділетсіз, маған ешнәрсе ұнамайды және ешнәрсеге қызықпаймын, өмір де сүргім келмейді. Мен мына әлемді әділетсіз, жаман, зұлым көремін. Өмірімде бұдан асқан зұлымдықты көрмедім. Барлығы қап-қара түнек сияқты, табиғат сұп-сұр түссіз көрінеді, мен мына әлемде тұрғым келмейді» деп зарын айтады.

Бір күні аптап ыстық болады. Көлде су жоқ, жаңбыр да мүлдем жаумайды. Айдос өте қатты шөлдеп отырған сәтте оның үйшігі от болып жанып кетеді. Ол не істерін білмей сасқалақтап, барынан үміт үзіп, ешкім көмектесе алмайтынын түсініп, ағаштың астында жылап отырады. Сол кезде оның жанына бір әже келіп, баланың аянышты түрін көріп, көмектескісі келеді. Айдос өксігін баса алмай әжеге барлық басынан өткен оқиғаларды баяндайды. Сонда әжей Айдостың көз жасын, жаңбыр қылып жаудырады. Барлық жерге жаңбыр жауып, үйшік аман қалады. Айдос өте қатты таңғалып, өз-өзіне сенбей әжеден сұрайды. Сонда: «Сен барлық нәрсеге жамандықпен қарамауың керек. Егер сен жан-жағыңдағы әлемге деген көзқарасыңды өзгертсең барлығы жақсы болады. Қарашы себелеп жауған жаңбыр, шалғын шөп, әсем гүлдер, жарқырап тұрған жұлдыздар, ай мен күн, жыбырлап жатқан жәндіктер, жануарлар, барлық тіршілік, сұлу табиғат мұның бәрі ғажап әлем емес пе?... Сен әлемді қалай көрсең, қалай ойласаң, әрдайым сол көзқараста қалып қоясың. Сәл айналаға мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, жылулықпен қарашы. Менің әлемге деген көзқарасым ерекше. Мен әрдайым жақсы нәрсені ойлауға тырысамын, үмітімді үзбеймін және маған айналадағы нәрселердің бәрі ғажап көрінеді. Сол себептен менің өмірім қызықты және ғажайыптарға толы» деп үн қатады.

Сонда Айдос: «Мен бір рет жолым болмаса ары қарайда солай болады деп ойладым. Айналаға, әлемге, ғаламға көңіл бөлмедім. Барлығы зұлым, әділетсіз деп санадым. Әлем деген бір ғажап дүние екен ғой. Айналаға көз жүгіртіп

қарасам бәрі сондай сұлу. Енді мен өз ойымды өзгерттім» дейді. Айдос әлемдегі барлық затқа жылулықпен, мейірімділікпен қарай бастады. Осылайша ол жақсы әрекеттер жасап, жолы болмай қалса да үмітін үзбей, ғажап әлемге тамсанып, өз өмірін өзгертті. Әлемге жақсы оймен қарау керегін ұқты.



Нарынбетова Мадина Крыкбаевна
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
Н.Тілендиев атындағы облыстық мектеп-
интернатының қазақ тілі мен әдебиет
пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы

Абдурахад Гүлсезім 7-сынып оқушысы



Жетім қыз

Терезенің алдында,
Отыр екен жетім қыз,
Көздерінде мұң мен жас,
Оған ешкім мән бермес,

Жалғыздығы әрдайым,
Жүрегіне батады.
Сағынғанмен анасын,
Келмеске кетті анасы,

Сенім менен күш-жігер,
Жинап алып бойына .
Жаңа қадам жасауды,
Мақсат етті бойына.

Жыламаймын анашым,
Мен өмірдің жалғасы!
Көзім жетті сөзіне,
Жоғары екен талғамы.

Қайсар жүрек қыз енді,
Мақсат қойды алдына,
Білім алып ұстаздан,
Жақсы маман болуға.

Орындалды тілегі,
Жастар елдің тірегі.
Жыламасын жетімдер,
Алтын екен жүрегі.

Елеуова Гүлмира Амангельдиевна
 Шымкент қаласы №62 Н.Төреқұлов
 атындағы жалпы орта білім беретін мектеп.
 Педагог-зерттеуші
Қожабек Медина 4-сынып оқушысы














1. Жауаптарды кему ретімен жазып, қазақ ақынының атын оқы.




Ш 350+170	М 150+40	І 140+140	Ә 210+220
Р 190+165	Ә 150+210	К 250+150	











Жауабы:








Ш	Ә	К	Ә	Р	І	М
520	430	400	360	355	280	190

2. Пішіндер арқылы Шәкәрім Құдайбердіұлының әндерін алғаш рет нотаға түсірген адамның аты-жөнін тап.

												
А	Н	О	Р	Б	Е	Ь	М	В	Т	Ч	Ә	С


					

Жауабы: Альвин Эрнестович Бимбоэс

3. Сөзжұмбақты шешейік



1. Бейбітшілік құсы
2. Қазақтың батыр қызы
3. Қабат-қабат қаттама,
Ақылың болса аттама.
4. Таңертең шақыратын құс.
5. Бес асылдың бірі.
6. Оқу - . . . бұлағы, . . . - өмір шырағы.
7. «Асар» сөзінің синонимі

Жауабы:

- 1) көгершін
- 2) Әлия
- 3) кітап
- 4) әтеш
- 5) рақым
- 6) білім
- 7) көмек

4. Кестедегі ағылшын әріптерінің арасына жасырынған қазақ әріптерін тауып оқысаң, Шәкәрімнің анасының атын білетін боласың.

ZNQUJKFWVLVGQQRRVVNNUUZ
 ZNQUJFWLVGQYQRRVVNNUUZZ
 ZNQUJFWVLVGQQRHVVNNUUZZ
 ZNQUJFWVLVGQKQRRVVNNUUZ
 ZNQUJFWVLVGQQQRRVENUQV

Жауабы: Күңке

5. Сиқырлы шаршыдан Шәкәрім шығармаларын тап.

Н	Х	Ү	І	Ә	Н	Ғ	Ұ	Ө	Х
А	Ю	Ш	Н	Д	І	Л	Ұ	Х	Н
Р	Т	Ч	А	Ә	Ғ	-	М	А	Р
Я	А	Н	Н	Б	К	Ә	І	Ө	Ү
В	Й	Л	Ә	Н	Н	Ө	Ә	Н	Я
Ғ	Ә	Б	К	-	А	Й	Ұ	Ө	Н
Ө	І	Ғ	Н	Ө	Н	С	Ә	І	Н
Н	Н	Ү	Ә	Н	Ғ	Ұ	Л	У	Ө


Жауабы:

Нартайлық-Айсұлу

Әділ-Мария

Үш анық

6. Сөзжұмбақты шешу үшін Қазақстан қалаларын торкөздерге орналастыр. Сонда «ҚАЗАҚСТАН» деген сөзжұмбақтың жауабы шығады



жауаптары

1. Қарағанды
2. Алматы
3. Қызылорда
4. Астана
5. Талдықорған
6. Семей
7. Ақтау
8. Атырау
9. Шымкент

Дадашева Гүлстан Рысбекқызы
Шымкент қаласы
№99 мектеп-гимназиясы
Алиякбар Айзере 5-сынып оқушысы

Әнші бақа

Ертеде бір бақа өмір сүріпті. Ол ән айтқанды жақсы көреді екен. Бір күні ол бақа қатты ауырып, тамағы қарлығып қалыпты. Оған келесі күні кірпі мен қонжық келеді. Ал ол екеуі саған тәтті тосап пен ыстық сорпа әкелдік, сен тез-тез жазылсаң, бірге үшеуіміз анау төбешіктің артындағы ауылға барып көп бәйшешек теріп келейік, саған да сол ауылдан сыйлығымыз бар дейді. Бір аптадан кейін бақа жазылып кетеді. Кірпі мен қонжық келіп былай дейді: «Оооо, сен жазылдың ба, ендеше үшеуіміз мен айтқан ауылға барып қайтайық». Үшеуі ауылға бара жатқан кезде алдарынан бір үлкен Дәу шығады. Ол Дәу жылап отырады. Сонда үшеуі барып Дәуден саған не болды деп сұрайды. Дәу сонда көз жасын тыйып былай дейді: «Анау үлкен таудың артында бір жартас бар, ол жартас өте қорқынышты, ал сол жерде менің сиқырлы таяқшам бар. Мен оны ала алмай тұрмын»,–дейді Дәу. Сонда қонжық: «Сен неге жылайсың, біз сол таяқшаны алып келейік. Сосын біз өз жөнімізге кетеміз»,– дейді. Дәу: «Жарайды»,–дейді. Үшеуі жолға шығып сол таяқты алуға кетеді. Олар таяқты алып Дәуге барады. Дәу алғыс айтып, сендердің қандай тілектерің бар дейді. Бақа: Мен тілек айтайыншы,– дейді Дәуге. Дәу: «Айт»,– дейді. Бақа: «Мен атақты әнші болғым келеді», дейді. Сонда Дәу: «Тілегің орындалды» деді де, жоқ болып кетті. Олар түк түсінбей, ары қарай жолға шығады. Үшеуі ауылға келіп бәйшешек тереді. Кейін бір ғажап жағдай болады. Бір балық көл жағасында жылап отырады. Бақа оған барып: «Саған не болды?» – деп сұрайды. Балық: «Бүгін мен ән айтамын, бірақ менің тамағым ауырып қарлығып тұр, ән айта алмаймын»– деді. Бақа: «Мен ән айтайын» – деді. Бақа кешке ән айтуға шығады. Ол ғажап ән айтып, жануарлардың көңілінен шығып, әлемге әйгілі болады.

Перизат Сұлтанова
Шымкент қаласы
М.Маметова атындағы
№ 35 жалпы орта мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі
Белял Инжу 2-сынып оқушысы



Аяз Ата мен Қарша қыз

Өте ертеде Аяз ата орманда келе жатады. Айнала аппақ қар. Аяз ысқырып, орманның іші сондай қорқынышты болғандықтан, жалғызсырап, көңіл күйі

болмай келе жатады. Бір кезде қараса, бір алып шыршаның түбінде бір қыз жылап отырғанын көреді.

- Сен неге жылап отырсың?– деп сұрайды.
- Менің ешкімім жоқ, үйім де жоқ, – деп жауап береді суықтан әбден тоңып, мұздаған қыз.
- Онда, маған қыз бол!– дейді Аяз Ата.

Солай, Аяз Ата қолындағы сиқырлы таяғын жерге тоқ еткізіп ұрады да, қызға қалың аппақ тон, аяғына сықырлаған аппақ етік, қолына аппақ үлпілдеген қолғап, басына керемет әдемі жалтыраған қалпақ кигізеді де, өзімен бірге ертіп әкетеді. Міне, содан бері Аяз Ата «Қарша қызды» ертіп жүреді екен.



Дадашева Гүлстан Рысбекқызы
Шымкент қаласы
№99 мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Жарылқап Мәди 5-сынып оқушысы



Мен әкеммен мақтанамын

Менің әкем – мен үшін батыр тұлға. Ол мен ес білгелі полицей болып жұмыс жасайды. Мен не үшін әкеммен мақтанамын. Себебі, менің әкем – менің қаһарманым. Тек менің ғана емес, қаланың батыры. Олай дейтінім, әкем осыдан бірнеше жыл бұрын Каспий банкіне шабуыл жасаған қылмыскерді қырағылық танытып жедел қолға түсірген. Бір емес бірнеше банкке қарақшылық шабуыл жасаған күдіктіні ұстағаны үшін «Құқықтық тәртіпті қамтамасыз еткені үшін» медалімен марапатталған. Бұл қаһарманның аты-жөні – Әлібек Жарылқапұлы Өтемұратов.

Әкемнің осындай қаһармандығы жайлы достарыма әрдайым мақтанышпен айтқанда, олар бұл керемет екенін айтып, қызыға қарайды. Әрине, бұл мен үшін үлкен мәртебе.


Дегенмен де, мен есейген сайын әкемнің жұмысының қаншалықты қиын екенін түсінгендеймін. Себебі, әкем отбасының ең маңызды күндерінде де, тіпті жана жыл мерекесі кезінде де, түнімен жұмыс барысымен көшеде жүреді. Осындайда Махамбет Өтемісұлының «Ереуіл атқа ер салмай, Еңку-Еңку жер шалмай, Ерлердің ісі бітер ме?» деген өлең жолдары ойға оралады. Менің әкем өз жұмысына аса жауапкершілікпен қарайтын, өз ісін нағыз шеберлікпен атқаратын бүгінгі күннің батыры. Менің отбасыма әкемнің жұмыс бабына байланысты бірнеше қалада тұруына тура келді. Әкем қай қалада жұмыс жасаса да, өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, қызметіне адал болғаны үшін түрлі марапаттарға ие болып отырған. 2015 жылы Ақтау қаласындағы қоғамдық қауіпсіздікті және Жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қосқан үлестері үшін және өзінің қызметтік міндеттерін адал жауапкершілікпен орындағаны үшін «Алғыс

хат» алса, 2017 жылы қоғамдық тәртіпті сақтауда және ауыр қылмысты ашудағы адал қызметі үшін «Грамота» алған. 2019 жылы Егеменді еліміздің қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауда өзінің қызметтік міндеттерін үлгілі әрі адал орындап, жұмыста қол жеткізген табыстары мен жоғары көрсеткіштері үшін және 2020, 2021, 2023 жылдары мінсіз қызметі мен қоғамдық тәртіпті сақтаудағы қызметтері үшін «Алғыс хат» алған.

Мен де әкемнің жолын қуып «полицей» боламын деп жоспарлаудамын. Қазақстан Республикасының қоғамдық қауіпсіздігі және Жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз үлесімді қосып, қызметтік міндеттерімді адал жауапкершілікпен орындап әкемнің мақтанышына айналсам деймін. Ол үшін осы күннен бастап спортпен шұғылданып, дайындалып жүрмін. Менің де спорттан жетістіктерім жетерлік.



Роза Ходжакелдиева
Шымкент қаласы
№90 дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектеп гимназиясы,
педагог - зерттеуші
Кәрімбек Алуа 9- сынып оқушысы



Әлем менің көзіммен

Мен тақырыпты бұлай алған себебім әлемді әр бала әрқалай көреді. Сондықтан да мен әлемді қалай көретінім жайлы айтатын боламын.

Аламын мен қылқаламды қолыма,
Жалғыздықта қалған кезде өзіммен,
Бар ойымды жазамын мен толғана,
Жазар ішкі жарамды деген үмітпен.
Бұл әлемнің ағы да бар, қарасы да,
Әділдікпен әділетсіз аймағы да,
Айта берсең көп оның әр жақтары,
Жасырылған ішінде көп жұмбағы.
Көз алдыма көлеңкесі түскендей,
Бірде жарық, бір кетет төске өрлей,
Ағыны мен тосқауылы арпалыс,
Тасыменен суы сондай алданыш.
Айналама көп қараймын толғанам,
Өмірде не керемет деп ойланам,
Бірақ соңы ойдағыдай болмайды.
Мұңы менен қуанышы жайлаған.

Қамшының сабындай мына өмірде,
Кездестірдім көп адамды өмірде,
Түсінгенім менің ойым бойынша,
Мағына жоқ олардың айтқан сөзінде.
Табасың дос, ойлайсың да, сенесің,
Еш ойланбай айтасың сен сырыңды,
Ертесіне жария болып бәріне,
Алданып сен ашынып іштей қаласың.
Қоғамдағы істер толы жамандық,
Зорлық пенен қорлықтың ол алаңы
Әділетсіз, қатігездік, надандық,
Жемқорлық пен зомбылықтың мекені.
Жалған уәде, жалған сөзге толы жер,
Алдап соғу оңай кәзір адамды,
Опасыз меңмен болған ашкөздер,
Жаулап алған баяғыдан ғаламды.
Өмірді кейде өзгеше мен ұғынам,
Тұңғыыққа батамын да тұншығам,
Не дейді? менен нені? сұрайды деп,
Үндемей іштей ғана ойланам.
Әлемніңде жақсы жағы өте көп,
Кең дарқан, құдіретті ол мекен.
Бізді қоршап тұрады ол әркезде,
Алаулаған ыстық шіркін кезіммен.
Түйсікпенен ақыл ойға жүгініп,
Әлемімді құрып алдым өзіме,
Ол әлемде бәрі сондай ерекше
Шаттықпенен бақыт толы мекен.
Бірақтанда ешбір маза бермейді,
Көкейімде қалған менің бір сұрақ
Мына әлем қанша жақсы деседе,
Бала жүрек оған ешбір сенбейді.



Роза Ходжакелдиева
Шымкент қаласы
№90 дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектеп гимназиясы,
педагог - зерттеуші
Оразбай Нәзік Талғатқызы 9-сынып
оқушысы



Әлем балалар көзімен

Таңертең көзімді ашқан сәтте бір сұрақ ойыма сарт етті. «Әлем деген не?» деген, оны ойланып саралай бастадым. Әлем деген ғажайыпқа тола, қыр-сыры көп, шетсіз әрі шексіз дүние. Сол бір керемет әлемді құраушы-адам. Адамдардың қиялы шексіз ғой, шіркін! Ал ең таза әрі көркем қиял мен арман ол балада. Сонда әлем бала көзімен қандай?

Әлем түрлі ғажайыптар мен алуан түрлі кереметтерден құралған. Сол бір кереметті көріп, сараптап, жақсартатын адам. Әлемді әр адам әртүрлі көреді. Бірі бұл әлемді қара түнек, мән-мағынасы жоқ, қызықсыз деп көрсе, бірі түрлі түсті, айналаның барлығы жарық әрі ғажайыпқа толы ретінде көреді. Осылай көрушілердің бірі-бала. Бала деген сөздің өзі тәтті әрі құлаққа жағымды естіледі ғой. «Ана-алтын тамырымыз, бала балғын бақытымыз»,– дегендей баланың қылықтарының өзі бір ерекше, ал өзі бір бақыт. Сондай жайдарлы, өмірдің қызығын көріп, ойнап жүрген бала, бұл әлемді де ерекше көзбен көреді емес пе? Жалпы, айта кетсем менде әлі баламын. Өзімді өсіп, өмір көріп, әлемді толық таныдым деп айта алмаймын. Тіпті 80 жастағы апа-аталарымыз да өзін әлі бала көреді. Бұл әлемді де олар сүйіп, балалығынан айырылғысы келмейді деп білемін. Маған келетін болсақ, менің де бұл әлемге деген көз қарасым алуан түрлі. Қауіпі мен ғажайыбы, қиындығы мен кереметі қатар жүретін әлем. Өз ерекшеліктері мен ертегідей ғажайыбы бар керемет. Меніңше, бұл әлемді ерекше әрі көрікті етіп көру үшін, әрбір заттан жақсылық көре білу керек. Ал мен дәл солай көремін. Жалпы әлем деген мен үшін ақ пен қара секілді. Яғни, бірде күшті бірде жаман, бірде бақыт ал бірде қайғы. Адамдар, қоғам, дүние, өмір, осының барлығы мен үшін–әлем. Ал әлі есінде білмейтін кішкентай бүлдіршіндер әлемді ойын, күлкі, тәтті, бақыт ретінде көреді. Оның да бір кереметі бар ғой! Әр адам бұл әлемді сыни тұрғыда қарай білуі керек. Не дегенімен барлығымыз іштей әлі баламыз. Ал біздің балалығымыз бізден еш уақытта кетпейді. Сол себепті бала кезімізде әлемді жақсы көре білуіміз қажет.

Қорытындылай келе, менің бұнымен айтпағым әр адам өз жасына қарамастан іштей бала. Бұл әлем әрқашан да ерекше, оны көре білген жанға. Ал бала сол ерекшелікті өшірмей, жадында әрдайым сақтап қалады. Сол себепті әлем бала көзімен еш өшпейтін шырақтай жарық!



Роза Ходжакелдиева
Шымкент қаласы
№90 дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектеп гимназиясы
педагог - зерттеуші
Ерасыл Кумак 9- сынып оқушысы



Әлем бала көзімен

Баланың дүниеге көзқарасы – бұл қуанышқа, қызығушылыққа және сиқырға толы керемет қазына. Оның айналасындағы әлемді қабылдауының әрбір сәті жай ғана уақыт кезеңі емес, құпиялар мен жаңалықтарға толы ерекше шытырман оқиға. Баланың көз алдында әлем сиқырлы патшалыққа айналады, онда ең қарапайым нәрселердің өзі жаңа мағынаға ие болады. Баланың көздері – сұр шындықты түрлі-түсті рахат түстерімен бояйтын сүзгі түрі.

Әлемді тек сыртқы әсерлердің жиынтығы емес деп санайды. Жаңбырдың әрбір тамшысында немесе жымындаған жұлдызда сыр жатқандай ол үшін әрбір зат, әрбір құбылыс қызықты зерттеу нысанына айналады. Бала үшін әр күн шытырман оқиғаның шексіз өрісі іспетті. Саябақта серуендеу немесе құмды жағажайда ойнау сияқты ең қарапайым сәттің өзі күтпеген жаңалықтарға толы қызықты саяхатқа айналады. Бала айналасындағы әлемде кейде күрделі қиындықтарға қарамастан, көңіл көтеру мен қуаныш үшін көптеген мүмкіндіктерді көреді. Баланың көзінше таң жаңа күннің басы ғана емес, шытырман оқиғаға тап болу мүмкіндігі. Терезенің сыртында оған күн нұрын төгіп қана қоймай, сырлы көлеңкелер де жасырынып, жаңалық ашуға шақырады. Бала әр ояңған таң сайын тек алаңдаушылықтың бейберекеттігін байқап, ересектер кейде назардан тыс қалдыратын сиқырдың бір бөлігін табады. Бала табиғаттағы тірі жандарды көреді, олардың әрқайсысының өзіндік тарихы бар. Ол үшін ағаштар жай ағаштар емес, олар үлкен орман оқиғаларының кейіпкерлеріне айналады. Жел соққан жапырақ – бұл сиқырлы хабар. Оның әлемінде соқпақтағы қарапайым тастың өзі тарихи жәдігердің мәнін алады. Баланың көздері бос кенепке ұқсайды, кез-келген қуаныш пен таң қалдыруға дайын. Ол үшін әрбір сәт, мейлі ол доспен кездесу немесе жай желдің ойыны болсын, көңіл көтерудің біртұтас суретінің бір бөлігіне айналады. Ол ешқандай шектеулерді көрмейді, тек шексіз мүмкіндіктер әлемін көреді. Бала ересектер жиі елемейтін қарапайымдылықты бағалай біледі. Ол үшін жаңбырдан кейінгі кемпірқосақ – жай ғана табиғи құбылыс емес, аспан мен жерді біріктіретін нағыз ғажайып. Ол шөптегі әрбір шық тамшысынан бір сиқырдың бір бөлігін көреді. Оның көзінде қарапайым ойыншықтар да жаңа өмірге еніп, қызықты оқиғалардың кейіпкерлеріне айналады. Баланың көзі – сезімдердің ашық кітабы. Сезімін жасыруды білмейді, ал оның көзқарасы оның жан дүниесінің терезесіне айналады. Әрбір күлімсіреу – бұл еріннің қимылы ғана емес, сонымен қатар бізді қоршаған әлемді нұрландыратын қуаныштың жарқын сәулесі. Егер ол мұнайса,

оның көздері сөзді қажет етпей, оның сезімі туралы тұтас бір оқиғаны айтып бере алады. Баланың көзі – сенімнің айнасы. Оның көзқарасында күдік пен қорқынышқа орын жоқ. Бала үлкенге қараса, батыр, ақылшы, сенетін адамды көреді. Бұл қарым-қатынастарыңызда адалдық пен сенімді сақтау қаншалықты маңызды екенін еске салады. Бала әрбір сәтті жаңа нәрсені үйрену мүмкіндігі ретінде көреді. Оның қызығушылығында шек жоқ және күн сайын зерттелмеген аумақтарды ашуға мүмкіндік береді. Оның қарапайым болып көрінетін сұрақтары бізге оның әлемді түсінуге деген ұмтылысының тереңдігін көрсетеді. Баланың көз алдында теріс пікірге орын жоқ. Ол үшін адамдар арасындағы айырмашылықтар бөлінуге себеп емес, оқу мен құрметке себеп. Оның мейірімділігі мен жанқиярлығы үлкендерге шынайы сұлулық әртүрлілік пен бір-бірін қабылдауда екенін еске салады. Бала әлемдегі мүмкіндіктердің кемпірқосағын көреді. Ол үшін қиындықтардың өзі кедергі емес, өсуге ықпал ететін сынақ. Ересектер тұрақтылық пен қауіпсіздікті іздей отырып, әрбір қиындықты оқу, өсу және күшті болу мүмкіндігі ретінде қарастыратын баладан сабақ ала алады. Баланың көзі – бала жанының тазалығын көрсететін сиқырлы айна. Ересектер, күнделікті уайым-қайғылардың қызуында, бұл айнаға қарап, немқұрайлылық пен шектеулерден арылу дегенді есте ұстай алады. Бала – бұл ересек шындықтың сұр қабырғаларын рахат түстерімен және эмоциялардың кемпірқосақымен қайта сызатын кішкентай суретші. Оның көзқарасынан біз оның әлемді таңғажайып қабылдауының көрінісін ғана емес, сонымен қатар бізді қуаныш, қызығушылық пен таңғажайып мәңгілік саяхатқа қосылуға шақыруды таба аламыз.

Осылайша, баланың келбеті бейкүнәлік пен шексіз қиял еліне сиқырлы билет қана емес, сонымен қатар үлкендерге сабақ. Дүниеге бұл көзқараста әр сәтте сұлулықты көру, басқаларға ашық жүрекпен қамқорлық жасау және ішіңізде балалық ләззаттың бір бөлігін сақтау күші жатыр. Бәлкім, біз жанның мәңгілік жастық пен өмірге деген сүйіспеншілігінің сырын осы ішкі баладан, баланың дүниеге көзқарасынан табамыз.



Роза Ходжакелдиева
Шымкент қаласы
№90 дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектеп гимназиясы,
педагог - зерттеуші
Қавилбек Жансая 9 “Б” сынып оқушысы



Баламыз біз, бесіктен бел шықпаған,
Сұм дүниенің ақ-қарасын ұқпаған.
Кейбіріміз ересекше саралап,
Кейбіріміз ойын- күлкі құптаған.

Өзгереміз, балалықтан қашықтап,
Есейеміз, шалалықтан жырақтап.
Заңдылығы сол емеспе өмірдің
Бір орында тұрғызбайды машықтап

Қоғам маған құдды сұм сұрғарыштай
Аралайтын өңсіздікті қарыштай
Расында, түрлі түстің келбетін
Қоғамнан көргім келед қамықпай

Айналамнан арсыздықты көп көрем,
Ізгісінен сорақысы көптеген.
Құдайдан қорқам дейміз қашанда,
Күнәларға батып жатып белшеден.

Әлем тұрад тармақтардан, бөліктен,
Тау мен жыра, шұңқыр көрем өмірден.
Ешбір дүние бір емес те, тең емес
Қай- қайтұсқа көз салсамда байыппен.

Күреседі, таласады, тырмысып,
Жалмаңдайды, жұлысады, ұрысып.
Соқса жүрек, көрсе көзі, дем алса,
Құрдан құрға жатпайды ешкім бүк түсіп.

Біз айтамыз, өмір- күрес, арпалыс,
Нәм дүние сынақ деп те жатамыз.
Әлде жәй беймәлім бір қозғалыс,
Не біз тек жер астында қаламыз?

Бұл кезекте көп ұғым бар өмірге,
Әрбірінде өздік құрал сүруге.
Түсінгенім лайықтыға дарасың,
Ұғымдармен, көзқараспен дүниеге.

Өз басыма өмір тектен текке емес,
Тап болып, ғайып болар жер емес.
Болса дағы арғы өмір сынды елес,
Мына өмір, мына әлем бес күндік,
Білгеніңді жасайтын жақ бұл емес!

Шыр етіп қадам бастап өмірге,
Сылқ етіп дүние салған сәтіңе,
Деуіргі өмір мына әлемге саяды.
Бастысы тек абай болғын өзіңе.

Мен баламын ерте есейген ұғымда,
Қатарымнан көз қарастық тұрғыда.
Жайма- шуақ жазғым келед жанымнан
Аңғал көңіл тебіреніп балаша

Сәттілік пен жақсы дүние жолықса,
Алдап жандыкөңіл- көктем құлшына.
Кейде жағдай сұм жайттардан тап болып,
Жан дүниесін қайғы- мұңмен құбылта.

Адамзаттың қысқа өмір жолында,
Неңдей белес, неңдей сайлар шұбырта
Қаптап жатыр еркінен тыс бейтарап,
Алыс тұстан көрінеді-ау бұлдырта.

Жанға жақын жылы- жұмсақ күндермен,
Қайғы мұңға батқан жұқсыз түндермен,
Келе жатыр жыра- жыра жолды өтіп,
Келешек те арқаланып жүктермен.

Өзімнен, өзгеден, бар әлемнен
Мен көремін жиіркеніш те дүниеден
Бір бөлігін бұл сезімнің ойымнан
Шығармаға салдым өздік сөздермен:

Қас-қағым

Сұмдығы бұл дәуірде дәу аштық,
Есі шыққан құмырсқадай пенденің,
Ең өрескел әрекетке дайын бір
Кезі болды әлсіреген жүйкенің.
Жүйке түгіл, құнары да, қаны да,
Қашқан еді салт- санасы өмірдің.
Түсі кетті- ау ауып тұныққараға,
Шаттық пен шарлайтын жасыл жерлердің.
Адамның, тірі жанның орны жоқ,
Өңі кетті үнірейіп өңірдің.
Баз байырғы ғұмырың сап келместей,
Күннен күнге бұлтжаманды жеңбестей,
Азабы да өршеленді көңілдің.

Сықсыған көздердегі ыстық жас,
Айналаның бар дүниесін жасырды.
Өлген жарын құшып алып жылаған,
Бір бұрышкөзге оттай басылды.

Арғы тұстан сарылдаған сары жел,
Соққандай қыңыр есік ашылды,
Арық қолы басын жапты, бүгіп бел,
Қараңдаған қара жанын қашырды.
Әубәкірдің өзі қорқақ еді тым,
Мұны көріпті болды күйде сұм.
Сөйтті де есік маңы шашылды,
Әлде бір жанмен бірге келді үн.

Өзі жүдеу, ақырындап орынды,
Кіріп келді кем сең деген келіншек.
Сөз бастады, құдды жандай қаралы,
Қараса марқұм болған сол жары.

Сол дегені жауыз жүрек қымсынбай,
Төсек тартқан ауру қызға қарады.
Тіктетті де, аларған ақ көздерін,
Әлі жоғын баласының байқады.
Есіне алғанда жоқ қызым деп,
Бар ойында аша қазан тойғаны.
Жанарынан қызыл түнек алаулап,
Адамдығын ұмыта сап жалмаңдап,
Жын басты жемтікті ойға алғалы.
Өз баласын жұтудан сәт тайынбай,
Осы мезет жауыз тарап жай қалды.
Отырған орнынан ұшып тұрды да,
Көгеріп тәуекелге жол барды.

«Тұршы қызым, қадам басшы ілгері,
Қинамашы шыр көбелек әкеңді.
Қазанда тіске басар тамақ бар,
Жазыласың жесең соны, жүр бері!»
Деді де суық қолын ұсынды,
Танытқандай жан ұшырған сыңайын.
Көтеретін сырқат қызын әлі жоқ,
Ойлады жемтігі мен ыңғайын.

Аяқ асты жетіп келді жорғалап,
Осы мезет азғырған жын жаңағы.
Құр қоймауға қадамбасып сұм шайтан,
Баяу келіп құлақ түбін жайлады:

«Отағасы, қызымыз сұлу келбетті,

Тәтті болып өсіпті ғой, қарашы.
Әлдеқашан мен өлгелі байғұс ау,
Еркек болып құмарың да қанбады...»

Айдананық балаға тән ой емес,
Тиіс еді іңкәркөңіл, "жой" емес.
Құрғыр шабыт шарықтайды өң сізге,
Ойға алғаным тек теріскей, жөн емес.

Бұл орайда, жазығы жоқ жанымның
Өзіне тән тақырып бар әр тұлғаның
Алайда, мен баламын өрімдей!
Тек теріскей ойларым ақын жыламын...

Қорытындылай келе, әлем балалар көзімен сан қилы. Оны бала мейірім-шаттыққа толы етіп көруге тиіс. Себебі, бала заты қамқорлыққа бөленген, өмірдің ащы-шыжығына қадам баспаған, ой-өрісі жетілмеген пәк жандар. Мен бала ретінде бұл сезімдерден қадам бастым. Өйткені, әлем мұны талап етеді және сені бұған әкеледі. Мен балалардың көп болғанын қалаймын. Олар әлемге қажет. Көрікті көңілдерімен айналаға, әлемге көз салу менің, ересек жандардың арманы. Орындалмас арманы деуге де келеді. Ешкім де бала болып қала алмайды. Әлем мұны қаламайды, себебі балалықтың да шектік мерзімі бар. Заңдылықты бұзып, бала болып қалу – мына әлемге қарама-қайшы.



Роза Ходжакелдиева
Шымкент қаласы
№90 дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектеп гимназиясы,
педагог - зерттеуші
Назарбекова Мөлдір 10-сынып
оқушысы



Бұл өмірдегі ең үлкен бақытыңыз- бақытты балалық шағыңыз

Бүгін ауладағы балалардың ойынын қарап отырып ойға батып кетіпмін. Бақытты балалық шақ... Шынында да, алаңсыз, уайымсыз, бақытты кезеңдері. Ойнап жатқан балалардың күлкілері жарқын-жарқын әрі шынайы шығады. Бір мезетте осы әлемді өздерінің сүйкімділігімен, қылықтарымен баурап, бүкіл әлемге тәтті бір әсерді беретін тек осы балалар секілді көрінді. Қарап отырып, балалардың әлемі мүлде басқа болатынын байқадым. Енді мені қызықтарған мына сұрақ болды: осындай таза жүректерімен олар бұл әлемді қалай көреді екен?

Бала – біздің мына түссіз әлемімізді түрлі бояуларымен безендіріп, түс беріп тұрған сияқты иә? Балалар – тәтті махаббаттың негізі секілді. Олардың

қылықтары, эмоциялары, тіпті, сөйлегендерінің өзі ғажап. Балалардың көзқарасы біздікімен салыстырғанда мүлдем бөлек, өзгеше. Олардың бұл әлемге махаббаты шексіз дер едім. Олар үшін бұл әлем енді-енді ашылып келе жатқан қызық ертегі әлемі секілді. Құстардың ұшқаны, гүлдердің хош иісі, аспандағы қалықтаған бұлттар, міне, осының бәрі олар үшін таңғажайып дүние. Ылғи барлық нәрсені білуге, көруге, зерттеуге құмартып жүретін шақтары. Балалық шақта бәрі әдемі, бәрі керемет, ешқандай жамандық жоқ, бәрі жақсы, адамдардың барлығы таза ниетті, дәл өздері секілді. Міне, баланың мына әлемді көруі дәл осылай.

Бізде бала болдық, мен өзімді әлі де бала санаймын, алайда, үлкен өмірге қадам басар шағым да алыс емес екендігі есіме түссе мұңайып та қаламын. Үлкендердің әлемі балалар әлемінен мүлде басқа. Кейде мәңгілік осы шағымда, балғын балалық кезеңімде, есеймей қалғым келеді. Әттең, олай болуы мүмкін емес. Әйтпесе, қаншама адам осы кезеңдеріне қайта оралып алар еді иә?

Балалар әлемі. Балалар әлемі дегенді естігенде көз алдыңызға еріксіз қуанған, жылаған, ойын балалары елестейді ме әлде, мүмкін, бақытты балалық шағыңыз елестеген болар. Балалар әлемінде мына әлемде болып жатқан түрлі мәселелерге, уайым мен қайғыға орын жоқ. Олардың әлемінде шаттық бар, шынайы қуану бар, иә, ашу да бар, қорқу да бар: біреу алып кетеді ме деген қорқу бар, балалық қорқу, балалық ашулану. Олардың әлеміндегі ең басты нәрсе – олардағы махаббат. Кіршіксіз, шынайы махаббат: мына әлемге, ата-анаға, достарға деген махаббат. Балалық махаббат, балалық эмоциялар біз үшін әрдайым тәтті және солай болып қала бермек.

Баланың әлемге көзқарасында, бақытты балалық шағының қалыптасуына өз үлкен әсерін тигізетін тағы бір нәрсе – баланың сыртқы ортасы: ата-анасы және мына тыныш, бейбіт әлем. Міне, бақытты балалық шақтың кепілі де осылар.

Шынымды айтсам, бізге балалардан көп нәрсені үйренуге болатын секілді. Кейде біз шешілмейтін немесе шешуге өз қауқарымыз жетпейтін мәселелерді уайымдап кетемін сондай кезде жәй ғана басымызды босқа ауыртпай, балалар секілді алаңсыз жүруді де білу керек пе деп қаламын. Маған балалардағы ең ұнайтын нәрсе – олардың еркін шығатын эмоциялары. Олар ойламайды «қазір эмоциямды көрсетсем біреу мен туралы жаман ойлап қалар немесе күлсем, тістерімнің қисықтығы көрініп қалар» – деп. Жоқ, оларда мұндай ой мүлдем жоқ және айналадағылар да шынында ештеңе ойламайды. Қазіргі таңдағы көп адамдардың мәселесі осы деп айта аламын. Бізге осы балалар секілді жәй ғана еркін бола білу қажет деп ойлаймын.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, балалар – мына әлемдегі еркіндіктің жарық шырақтары секілді. Өмірді өз қиялдарын қоса отыра, ғажайыпқа толы етіп көретін балалар болмаса мына өмірдің мәні де болмас еді деп ойлап қоямын. Айтпағым, балалықтан есеюге асықпайық, өз балалық шағымызды қолымыздан келгенше бақытты етуге және қайта келмес бұл кезеңдерді барынша бағалауға тырысайық.

Еркеліктерден мөлдір көздерім нұрланып,
Өлең өмірім қуаныштармен жырланып.

Қаннен қаперсіз, пәк көңілменен күлетін
Балалық шақтың күндері барады ұрланып.

Жетекшісі: Рыскелдиева Айжан Әбуқызы
Шымкент қаласы
Ш.Уәлиханов атындағы
№18 жалпы орта білім беретін мектеп КММ
Мырзабек Жанерке 5-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Әлем... қыр-сыры мол, ұшы-қиыры жоқ шексіз, шетсіз әлем. Тарих-тұнған сыр сандықтарға, ертегілер әлеміндегідей небір таңғажайыптарға ие. Ғажайыптарын айтып тауыса алмаспыз, сірә! Қай бөлшегін алсаң да, қай сандығын ашсаң да бәрі-бәрі тарих деп сыр шертеді. Әлемнің жеті кереметінен басқа толқынымен тербеп жатқан теңіздер де, ағынымен өмір ағынын суреттер өзендер де, балықтары асыр сап ойнар көлдер де, бәрі де әлем бөлшектері. Әлем жүрегі – Еуразия болса, Еуразияның жүрегі – Қазақстан. Ал Қазақстанның бөлшектері – балалар.

Біз – әлем балаларымыз,

Үмітін ата-ананың ақтайтұғын.

Ұстаздар шәкіртім деп мақтайтұғын,

Балалар – болашағы еліміздің,

Бүгінді ертеңменен жалғайтұғын, – деп Ғалым Әріп ағамыз айтып өткендей «балалар» деген – керемет ұғым, балғын бақыт емес пе?! «Болашақ» атты қамалдың іргетасын қалаушылар да осы балалар.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп дана халқымыз айтқандай, елдің ел болып қалыптасып дамуы өскелең ұрпақтарға, балаларға байланысты. «Ана – алтын тамырымыз, бала – балғын бақытымыз» деп ұлы тұлғаларымыздың баланы бақытқа теңеп айшықтауы бекерден-бекер емес-ті.

Қазіргі тіл білімінде жеке ана тілінде сөйлейтіндердің де, бүкіл этникалық топтың да дүниесінің суретін дұрыс лингвистикалық талдау арқылы сипаттауға мүмкіндік беретін тәсіл өзекті бола түсуде. Адам тілінде оның дүниені көру жүйесін аша отырып, зерттеушілер тілдің антропоцентристік постулатына сүйенеді. Әлем бейнесін тіл арқылы түсіну, тілде адамның сыртқы және ішкі дүниесінің белгілі бір идеясын ашу, бұл әлемнің тілдік бейнесінің әртүрлі фрагменттерін зерттеу процесінде лингвисттердің алдына қойған негізгі міндеті. Бүгінгі күні әлемнің тілдік бейнесі сөйлеу тілдерінің көмегімен бекітілген сыртқы және ішкі әлем туралы білімдердің бүкіл жиынтығы ретінде түсіну қалыптасқан. Балалардың әлем суретін қабылдауы кітаптар арқылы жүзеге асатын болғандықтан, шағын талдау жүргізуді жөн деп санадық. Ол үшін қазақ

классигі Бердібек Соқпақпаевтың «Менің атым Қожа» повесі мен американдық классик Марк Твеннің «Том Сойері» алынды.

Ең алдымен сөжетке көз жүгіртелік. «Менің атым Қожа» повесінің сюжеті көпшілікке таныс. Әңгіме барлық балалар сияқты өзін қоршаған әлемді білуге тырысатын мейірімді, білгір, ашық бала Қожа туралы. Қожа үнемі түрлі келеңсіз жағдайларға түсіп, соның кесірінен құрбы-құрдастарының арасында бөтен адамға айналады. Бұл повесте жасөспірімдік шақта бізді алаңдататын мәселелер мен күдіктер басты кейіпкер барлық балалардың бейнесіне қалыптасып кеткендей көрсетіледі. Бірақ, бұл ретте әкесіз қалған Қожа да анасының қамын ойлап, біраз есейген. Айна алдындағы көрініске ерекше назар аударуға болады, оның бойында екі тарап қатар өмір сүреді - жақсы және жаман. Повесте әділеттілік, қоғамдық пікір тақырыптары қозғалады, әсіресе, Қожаның барлық «әдепсіз әрекеттері» үшін сөгіс алғанында. Мұғалім Рахманов Қожа мектептен шығарылса, жолдастары кінәлі болады, өйткені досқа көмектесу керек, кешіре білу керек деген тамаша ойында осы астар жатыр. Міне, шындық – бір-бірін түсінуде. «Менің атым Қожа» повесі балалық шақтағыдай шынайылығымен ерекшеленеді. Сенуге болатын жақсы оқиға және Қожаның елу жылдан астам тарихын қайта қарауға итермелейтін белгілі бір жігер береді.

Екінші шығармамызды «Том Сойердің шытырман оқиғалары» деп аударуымызға болады. «Том Сойердің» басты кейіпкері – Том. 12 жастағы бала, жетім, апасы Поллимен бірге тұрады. Тапқыр, көңілді, бұзық, мейірімді, шытырман оқиғаны жақсы көреді. Ол алаңсыз мектеп оқушысы, тентек, кейде тіпті дөрекі. Оның басы ылғи неше түрлі ақымақ әңгімелер мен лас қулыққа толы. Том мектепте сабақты өткізіп, орманда ойнап, өзін қарақшы, атақты қарақшы Робин Гуд ретінде елестете алады. Тіпті үйінен қашып кетеді. Бірақ бұл бала үлкен арманшыл және өнертапқыш, батыл, адал, достыққа адал, опасыз, арам, жала жабушыларды ұнатпайды. Ол өзіне ұнаған Бекки қыздың кінәсін өзіне алады, кішкентай қыздың уайымдамауы үшін өзінің тірі екенін айтуға тырысады. Том өзінің тапқырлығының арқасында жазаны ойын-сауыққа айналдыра алды. Сойер басқа ұлдардың келемеждеуінен қорықты, бірақ ол бірден тығырықтан шығудың жолын тапты: қоршауды ағарту оған нағыз рахат әкелетінін көрсетті. Мұны көрген басқа ұлдар Сойерге «қазыналарын» берді (батпырауық, өлі егеуқұйрық, шарлар, т.б.). Көптеген шытырман оқиғалар Том Сойердің тағдырына түседі, олардың арасында қауіптілері де бар. Бірақ ол өзінің досы Гекпен бірге барлық қауіпті жағдайлардан абыроймен шығады, жақындарын көп алаңдатқанымен, өзінің ең жақсы қасиеттерін ашады. Сонымен, Марк Твен американдық ұлдардың балалар әлемін жарқын және нанымды түрде көрсетті, олар өздерінің, «балалық» мәселелерімен ғана емес, сонымен бірге ересектер әлемінің қатыгездігі мен әділетсіздігімен де бетпе-бет келуге мәжбүр болғандығын мәлім етеді.

Өнер адамы өзінің балалық шағынан нәр алады дейді ғой, өмір бойы сол қыр астында қалған жастықтың жасыл белесінен келісті сурет, көркем бояу тауып, соны қайыра көз алдына елестетіп, жаны байып, жаңғырып отырады. Шығармалардың негізгі идеясы – басқалардан ерекшеленуден қорықпайтын және барлық қиындықтарға қарамастан өз арманына еретін адам ғана өзі

бақытты бола алады және басқаларды бақытты ете алады. Екі шығармада да шынайылық пен өзара көмекке негізделген достық тақырыбы ашылады. Авторлар жасөспірім баланың психологиясын, оның басынан кешкендерін, тілектерін, армандарын нәзік бейнелейді.

Балалардың көз әлемінде сөзбен жеткізу мүмкін емес сиқыр бар. Балалар үшін әр сәт – бұл керемет жаңалықтарға толы қызықты саяхат. Олар қарапайым нәрселерден ерекше нәрсені көреді: ағаштар жасыл сиқыршыларға айналады, бұлттар – биік аспандағы кемелер.

Балалар үшін күн сайын шытырман оқиға. Саябақтағы көгалдар көрінбейтін патшалыққа, ал жаңбыр тамшылары табиғаттың үлкен көйлегіндегі інжу – Маржанға айналады. Олардың әлемі күлкіге толы, ол ең жазықсыз қуаныштан туады.

Таза ауа жай ауа емес, бұл еркіндік пен мүмкіндіктің иісі. Балалар ғажайыптарды қарапайым нәрселерден көреді, олардың көзқарасы жақсылық пен әділеттілікке деген шексіз сенімге толы. Олардың көз алдында әлем-бұл ең кішкентай сәттерде де әрқашан ғажайып пен қуаныш таба алатын орын.



Балтаева Гулнар Арапбаевна

Шымкент қаласы №90 дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп – гимназиясы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог – зерттеуші
Акимбекова Асел 8 «А» сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Қазақ халқының тарихына үңіле қарасақ, өткен екі ғасырда өмір сүрген ұлт зиялыларының тағдыры тауқіметке толы болғанын ойлап, санамызға небір өкінішті ойлар келе береді. Дегенмен, бір ғасырда бір туатын ондай азаматтардың тағдырына сол жазылғасын, амал қанша? Ешкімнің уақытты кері айналдырып, тарихты түзеп жіберетін құдіреті жоқ. Десе де, олардың еңбегі мен шығармашылығын зерттеп, ұрпақтан - ұрпаққа жеткізіп отырсақ, есімдерін өшірмегеніміз сол болар. Осы орайда, біз атын өлтірмеуге тиіс тарихи тұлғалардың бірі - Шәкәрім Құдайбердіұлы екенін ұмытпауымыз қажет. Әсіресе, 1858 жылдың 11 шілдесінде (ескіше күнтізбе бойынша) Шыңғыстаудағы Байқошқар өзенінің бойында Кеңбұлақ деген жерде дүниеге келген ұлт перзентінің биылғы 165 жылдығы өнегелі істермен өрнектелуі керек деп ойлаймын. Сөз орайы келгенде, алдымен қазақтың бас ақыны Абай туған әулеттен дүниеге келген Шәкәрімнің өмір жолына тоқталып өткен жөн болар.

Шәкәрім Құдайбердіұлы-ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары. 1878-1880, 1887-1888, 1901-1905 жылдары Шыңғыс елінде үш рет болыс болған. Шәкәрім шығармаларының мазмұны бай, түрі мол. Поэзиясында азаматтық лирикасы да, философиялық лирикасы да, махаббат

лирикасы да, табиғат лирикасы да бар, халық өлеңдері түріне жазылған шығармалар да кездеседі. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары өте көп. Бірақ көптеп кездесетін шығармалары: «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Еңлік-Кебек» поэмасы және тағы да басқалары.

Шәкәрім Құдайбердіұлының әр шығармасында қазіргі жастарға, болашақ ұрпаққа ой саларлықтай дүниелер жазылған. Маған осы шығармалардың ішінде басқа шығармаларға қарағанда ұнаған және қазіргі жастарға көбірек ой салатын туындысы: «Еңлік-Кебек» поэмасы. «Еңлік-Кебек» поэмасы – екі жастың махаббатын жыр ететін шығарма. Ақын поэмасы адам болмысының қыр-сырын сыр шертуден басталып, кісі бойындағы достық, махаббат, ақыл-парасат жайлы толғайды. Толғай келе «Ақтабан шұбырынды» заманының кейпін айтып, тарихи оқиғалар мен елдің атажұртынан ауа көшуі, кейін хан Абылай заманында өз қоныстарына бытырай келіп қайта қоныстануы жайлы жырлайды. Одан соң Кебек батырдың ер мінезді, кішіні аялап, үлкенді сыйлайтын ақылды, парасатты ер екені, елі мен жері үшін жаудан жасқанбайтын азамат екені айтылады. Еңлік пен Кебек бұл шығармада ата-анасының батасын бұзады. Бата бұзу дегеніміз-қандай да бір іске ант берісіп, баталасқан топтың немесе екі адамның бірінің шартты бұзуы. Еңлік пен Кебек бата бұзғаннан соң, осы жағдай басқаларға сабақ болсын деп халық Еңлік пен Кебекті атқа байлап, сүйреп өлтіреді. Халықтың Еңлік пен Кебекке осындай жаза қолданған себебі, ол кезде бата бұзу халық үшін күнә іс болып саналған. Ата-анасының батасын бұзған адам ешқашан бақытты бола алмайды деп санаған.

Ал «Үш анық» шығармасында адамды сол әлемнің табалдырығына алып келіп, әрі қарай қандай жағдай болу керек екенін түсіндіреді. Бірінші анық – сезім мүшелері қабылдайтын болмыстың заттық көрінісі. Екінші анық – өлімнен соңғы тіршілік, яғни болмыстың көзге көрінбейтін бөлігі. Болмыстың бұл бөлігі көзге көрінбейтін әлемге жатады. Ал үшінші анық – екі өмірге де, яғни көзге көрінетін заттық әлем мен көрінбейтін әлемге де керек – ұждан. Ұждан, немесе ұят жан қасиеті. Шәкәрім Құдайбердіұлы осы өлеңі арқылы көрінбейтін жоғарғы әлемдердің осы көрінетін әлемге жасаған ықпалын көрсетіп отыр. Абай тәрізді Шәкәрім де көрінетін және көрінбейтін әлемдердің байланысын жақсы түсіне білген. Шәкәрімнің осы өлеңі арқылы қазіргі жастар және болашақ ұрпақ өздеріне қажетті адамгершілік қасиеттерін бойларына сіңіре алады деп ойлаймын.

Шәкәрім Құдайбердіұлы халықымыздың қоғамдық ағартушылық, мәдени және әдеби өміріне белсене атсалысқан, ағартушылық-демократиялық, гуманистік идеяларды насихаттаған, Шоқан, Абай, Ыбырай ұстаған ағартушылық дәстүрді ары қарай жалғастырушылардың бірі болды. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларының тәрбиелік мәні өте зор. Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері жас ұрпақты адамгершілік биік мұраттарға, адалдық пен ақылдылық, парасаттылық пен азаматтыққа үндейді.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемді жайпап бара жатқан, жаһандану заманының құйынына жұтылып бара жатқан, рухани құндылықтарымыз жайлы ауыр ойлармен өкіне де, күйіне болашақ үшін қатты алаңдайсың. Материалдық

құндылықтар адами құндылықтан баса озып, адамзаттың жансыз заттардың құлына айналып жатқанқанын көріп: – Тағы он-он бес жылдан кейін адам бойындағы ізгі қасиеттерден не қалады? – деген ойға қаласың. Ғасырлар бойы ата-бабамыздан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тәлім-тәрбиеміз, тектілігіміз, ержүрктігіміз, батылдығымыз, намысшылдығымыз, қонақжайлығымыз, қазақтың даласындай кеңпейіл дархандығымыз, уәдеге беріктігіміз, сөз қадірін бағалай білетін парасаттылығымыз, жер қадірін, ел қадірін, ата-ана, туысқан бауыр қадірін, ауыл-аймақ, көрші қадірін, дос қадірін, отбасы қадірін, бала-шаға, сүйген жардың қадірін білетін, бағалай білетін ұрпақ қалыптаса ма? Әлде тек қарақан басынан басқа қайғысы жоқ, өзімшіл, тәкапар, көрсеқызар, тоғышар, дүниеқоңыз, екіжүзді алаяқтардың саны арта ма? Отбасы құндылықтарымыз, қазақы тәрбие, үлкенге құрмет, кішіге ізет, үлкен тұрып кіші сөйлемей именетін, ар-ұятты ту еткен ұлдар мен қыздар, арын сақтай білген арулар, ақылгөй ағалар, батагөй ақсақалдар, жүзінен шуақ төгілген мейрімді әжелер, ер мінезді қаталдау әкелер, ошағының отын сөндірмей, ерін пірім деп қастерлейтін аналар, қазағымның баға жетпес қазынасы. Адамгершілік ізгі қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіру ата - ана мен ұстаздардың, қоғамның, қала берді мемлекеттің еншісінде деп білемін.

Ойымды хәкім Абайдың сөзімен қорытындылағым келеді: «Баланы ең әуелі мейрім-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға еңбекке баулы».




Каржаубаева Дилля Сатылханкызы
Шымкент қаласы
Н.Төреқұлов атындағы ЖОББМ»
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Педагог-сарапшы



Аманжолов Нурдаулет сынып оқушысы





Султанова Айжамал Сембековна
 Шымкент қаласы
 Әл-Фараби ауданы
 Т.Рысқұлов атындағы
 №25 мектеп-гимназиясы
 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Тасбауова Еңлік 9-сынып



Әлем балалар көзімен

Балалық шақ—қайталанбас бақыт. Түрлі шытырманға, шексіз күлкіге және ой еркіндігіне толы кез. Қандай адам болмасын барлығы да өз балалығын сағынады, оны ойлағанда іші жылы сезімге толады. Бетінде еріксіз күлкі пайда болып, ойға батасың. Бала болғаныңда қоршаған әлем ерекше, әдемі, ғажайыпты болатын. Не болса да уайым-қайғысыз, әрі қарай ойнап, армандап кететінбіз. Тіпті ертең не болатын ойланбай, жамандықтың болатынын сезбейтін де едік.

Әрине, өйткені анамыз тамағын жасап, үйде күтіп отырса, далада өзіміздей жанып тұрған достарымыз әрі қарай шытырманды жалғастыруға асығып тұратын. Міне, алаңсыз өмір деп осыны айт. Балалықтың тағы бір айырмашылығы ол жанның ақтығы, тазалығы. Әлі үлкен өмірдің табалдырығынан аттамаған баланың көңілі таза, арам-пиғылсыз болады. Балалардың бұл қабілеті әлемді түрлі-түсті көруіне себеп деп түсінемін. Себебі адам өмірдің қиыншылығын, қатыгездігін көргеннен соң қатты өзгереді. Менің ойымша, барлық адамдар әлемді анда-санда болса да бала секілді көру керек. Алаңсыз, артық ойсыз, қиыншылықты жеңіл қабылдап дегендей. Бұл қабілет бәрімізде болса да, ұмытылған. Бірақ оған қайтадан жанымыздағы кіп-кішкентай балалардан үйрену керекпіз деп ойлаймын.

Балалық шақ

Жүрегіңнің жұп-жұмсақ әні сырлы,
Гүлдей көрем құлпырған әр ісіңді.
Жырлап жүрген сұлуым тәтті екенсің,
Ұрлап жеген кәмпиттің дәмі сынды.

Бір басыма бақандай бақ тіледің,
Сырласыма айналған ақ гүл едің.
Мәз-майрам боп қалушы ем шала жансар,
Анамының тауып алып тәттілерін.

Дәл сондай қуаныш сен, зор бағаң мың,
Жанына жуытпайтын торлаған мұң.
Жасырынған дүниені тез табатын,
Мен қалай із кезуші болмағанмын.

Тәттім сені таптым-ау жан емісің,
Күрсініспен күресіп әзер ішім.
Қазіргідей «молшылық» қайдан, қарғам,
Ол кездерде «тәттілер» аз еді шын.



Султанова Айжамал Сембековна
Шымкент қаласы
Әл-Фараби ауданы
Т.Рысқұлов атындағы
№25 мектеп-гимназиясы
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қалдан Сезім 9-сынып оқушысы



Тағдыры тар заманға тура келген...

Менің атам жазушы, не ақын болмағанымен сөзге ұста, тыңдаушысының құлағының құрышын қандырып есті де ескі әңгіме айтудың шебері. Біз кішкентай кезімізде жазда далаға сәкіге жататынбыз. Сол кезде атамыздың қасына ерте барып жатып алуға асығатынбыз. Атамыз күніге кешке бізді ұйықтап кеткенімізге дейін түрлі оқиғаларды ертегідей қиялмен ұштастырып айтып беруші еді.

«Бүгін мен сендерге Бағдатбек пен Сағдатбек жайлы айтып берейін»,– деп бастап кеп беретін. Біз айтып берген ертегі кейіпкерлерінің әркеті мен қылықтары тыңдап жатқан бізден аумайтынына таң қалатынбыз. Бірақ шын ертегі екеніне сенетінбіз. Өйткені ертегі әрі қызық, әрі бізге ұқсас болатын. Жасымыз ертегіні түсініп, өзімізше қайта құрастыратын уақытқа жеткенге дейін атамыздан көптеген ертегі тыңдайтынбыз. Мен өткен күніме бағдарлай қарап, бағамдасам атамыз бізге қазақ ертегілерін де, аңыз әңгімелерін де айтқан екен. Бізді тыңдаудан жалықтырмайын деп өзімізді кейіпкерлерге қосып, не біздің теріс қылықтарымызды, біздің жасаған кемшіліктерімізді ертегінің әжептеуір кейіпкеріне жасатып қойып бізді тәрбиелеген екен гой.

Жыл артынан жыл өтіп біз де есейіп келеміз. Атамыз сол ертегісін айтудан жалыққан емес. Алайда біз жасымызға жас қосқан сайын атамыздың ертегілері де ауқымы кеңейіп, салмағы ауырлай беретін болды. Себебі ертегілердің баяндауы өзгермегенімен тақырыбы шындыққа жақын, қуанышы мен қайғымұны араласқан оқиғаларға ұласатын еді. «Мен сендерге тағдыры тар заманға тура келген батыр туралы айтып берейін»,– деп атамыз ертегісін бастап кеп беретін. Біз сол атамыздың қызық ертегісін тыңдағанды әрі әдетке айналдырғандықтан болар, не атамыз айтып отырғанда тыңдамай қоюға атамызды ренжітіп аламыз деген іштегі үрей болар тыңдайтынбыз...

Баяғыда өзі батыр, өзі ақын аң аулауға өте құмар батыр болған екен,– деп бастайды атам. Ол батыр шашасына шаң жуытпайтын жүйрік тұлпарға өте құмар болған екен. Пәлен жерде жүйрік бар екен десе барып көріп, сол тұлпарды өзіне алғанға дейін ернібейтінін айтатын. Ол батыр халқының қамын ойлап, елі үшін де қандай қиыншылық болса да шайқасып, қамқор болатынын айтып беретін. Енді бірде атам «Ее,е, мен сендерге тағдыры тар заманға тура келген тағы бір батыр туралы айтып берейін»,– деп бастап келіп жіберетін. Атамның ол батыры елінің еркін өмір сүруіне халыққа қыспақ көрсеткендермен соғысып, тайсалмай ханға барып, кемшілігін айтып салады екен. Атам ертегісін емірене

айта отырып, батырының жүректілігіне тамсанып таңдай қағып қоятын. Біз болсақ тыңдап отырып: «Қандай мықты батыр болған?!»,– деп олардың батырлығы мен өнеріне қызығып барып, қиялға шомып кетуші едік. Кейін келе мектепте әдебиет сабағынан оқып отырсақ өзі ақын, өзі батыр, елдің құлағына ілінген, сәйгүлікті қырғыз еліне барып, өзінің адалдығымен алған. Тапқан малын елге таратып берген. Халқына жасаған еңбегі үшін қудалауға түсіп, ақырында мерт болған Қарқаралының атақты Мәди ақыны екенін білдік. Атамның жүректі батыр деп тамсанып айтып берген батыры «Хан емессің қасқырсың» деп ханға айтып салып, ұлтының азатығы үшін шайқасқан Махамбет ақын екенін білдік. Қайран атам-ай! Бізді ертегіге қызықтыра отырып, еліміздің нағыз батырларын таныстырған екен ғой.

Атамыздың біздің бала күнімізде қызықтыра айтып берген тағы бір ертегісі «Тағдыры тар заманға тура келген өзі ақын, өзі батыр» деп басталатын тағы бір ертегісі бар еді. Ол ертегіде батыр өтірікші жалқауларға жаны қас. Өтірікші, жалқау болсаң бұрқыратып өлең жазатын болған екен,– деп аяқтайтын. Сондай ертегілерінің бірінде екі дос болатын. Бірі еңбекқор да, бірі өте жалқау. Жалқау бала жұмыс жасайтын кезде аяғым, қолым, басым ауырды деп жұмыс жасамайды екен. Есейген шағында өте кедейшілікпен өмір сүріпті. Еңбекқор бала болса еңбек етуден еш жалыққан емес. Қолынан келсе досына да, туысына да көмек береді екен. Сол еңбекқорлығының арқасында байып, үлкен сарайда тұрған екен. Сол бала қаншалықты бай болса да еңбек етуден шаршамапты. Байыған сайын еңбек ете береді екен. Бірде аш жалаңаш жағдайға түскен досы бай досын есітіп көмек сұрап келеді. Әрине де қиналғанға қол созып үйренген досы кедей досын тамақтандырып, киім кигізіп бір-екі күн қонақ етіп, бала күнгі досын әбден әлдендіріп алады. Өзі үнемі жұмыс жасап, үйіне келсе үйінде досы шалқасынан түсіп жатады. Сосын бір күні: «Досым бұл жатысың жарамас. Тұрып менімен бірге жұмыс жаса. Сен де өз жағдайыңды жасап ал»,– десе кедей досы жатып өкпелейді екен. Сонда әлгі досы қолың бар, аяғың бар деп мына сөзді айтқан екен :

Ерінбесең еңбекке, дәулет дайын,
Жаратқан жоқ жатсын деп бір құдайың.
Ойласын деп ой берді, көруге көз,
Аяқ берді, тапсын деп басқан сайын – деген бар.

Алла тағаланың адамға берген нығметі аяқ пен қолды, ақыл мен ойды керек жеріне жұмсасаң дәулет өзі-ақ сені алдыңнан қарсы алары хақ деп айтқан екен,– деп атамыз бізге де сол сөзді ескерте айтып ертегісін аяқтайтын.

Осы ертегіні тыңдап отырған біз қолымыз бен аяғымыздың, ойлана алатын ойымыздың барына қуанып, біз де бай боламыз, біз де үлкен сарайда тұрамыз деуші едік. Жамырасып айтып отырсақ атамыз: «Бай болған адам көршісінен бастап, ағайын, туысы, әке -шешесіне де көмек берсе одан да көп байлыққа кенеледі»,–деп қосып қоятын. «Рас айтамын оны мен емес тағдыры тар заманға тура келген өзі ақын, өзі батыр кісі айтқан, және де ол кісі адамның бай болуы үшін оқу оқып, ар мен ұяттан аттамай адал болсаңдар бар мұратыңа жетесіңдер деп те кеткен» деп ертегі соңын бізге ой салып аяқтаушы еді.



Айтинбетова Гульнар Сапаралиевна
Шымкент қаласы
Т.Рысқұлов атындағы
№25 мектеп-гимназиясы
Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
Қазбек Айгерім Жандосқызы
6-сынып оқушысы



Қазақтың ұлы жанашыры

Шыңғыстаудың ұланы,
Абайдың баптаған қыраны.
Қолында оның Құраны,
Өнер-білім ұраны.
Сегіз қырлы, бір сырлы шежіреші Шәкәрім,
Хат алмасқан Толстоймен тербеп мұң.
Жасанды сөз, жағымсыз істі сынға алып,
Талпынды өмірін жақсартуға бұл халықтың.



Айнур Сегизбаевна Аманкулова
Шымкент қаласы,
Әл-Фараби ауданы
Т.Рысқұлов атындағы
№25 мектеп-гимназиясы
Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
Оразалиева Айша 6-сынып оқушысы



Сөзі ерек, тұлғасы өзгерек...

Қазағымның болашағы боп қайғы,
Сайын дала сырлы ақынды жоқтайды.
Текіден текті туар деген рас,
Алмас қылыш қын түбінде жатпайды.

Тегінде талант тұқым қуалайды,
Боларыңды, болмасыңды сұрамайды.
Қара өлеңге сыйдырған тағылымын,
Жастарға үлгі еттің Ұлы Абайды.

Ғалымның хаты өлмейді, мың жыл жасар,
Жүрекке жылы тисе көңілді ашар.
«Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» деп,
Әуелетіп шырқап жүр Тамара Асар.

Айналды сөзің маржан, жыр асылға,
Ғасырлардан-ғасырға ұласуда.
Сөзі ерек, тұлғасы өзгерек,
Арнадым бұл жырымды ұлы ақынға.

Халқым үшін жүрегіңе тұнып қайғы,
Ұрпағың жырларыңды ұлықтайды,
Ұлан-ғайыр далам да ізі қалған,
Шәкәрімдей ақынын ұмытпайды.



Атабаева Шолпан Шенгелбаевна
Шымкент қаласы
Әл-Фараби ауданы
Т.Рысқұлов атындағы
№25 мектеп-гимназиясы
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қасымхан Шынар 9-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Бала – осы тың өмірді енді біліп келе жатқан, әлі де тәжірибе жинап келе жатқан өзіміз секілді ол да адам. Кішкене балаларды өзімізбен немесе басқа да ересек адамдармен салыстыруға келмейді. Адам осы өмірге келген соң, ащының да тәттінің де дәмін көреді. Өз басым адам ғұмырын үш кезеңге бөлемін. Олар: балалық шақ, жасөспірім кезеңі және де ересек өмір. Әр кезде әртүрліміз тек балалық шағымызда ғана шынайы бейнемізді, сезімімізді көрсете аламыз. Ал кейін есейе келе сезімдерімізді өзімізден де жасыра бастаймыз. Себебі қоғам осы бала кейіпімізде қабылдамайды. Ал бәріне жеке тоқталатын болсақ әлем біз бала кезімізде түрлі бояуларға боялған, әр зат бізге ерекше көрінетін еді. Өйткені біз сол кезді бұндай заттарды алғаш көруіміз болатын. Бізге, қазіргі балаларға бәрі қызық. Қазір ешкім осал немесе ақымақ емес, тіпті кішкене баланың өзі де. Бұрындары алдағанға алданған болып, сеніп қала беретін еді. Қазір бесіктегі де бәрін түсінеді. Менде әлі балаға жататын шығармын. Өйткені мен де көп заттарды әлі де білмеймін, көргенде емеспін. Шынымды айтсам қазір ересектер жаманның бетін жапқысы келетіні шеттен де байқалады. Олар бала ойында теріс зат қалыптаспасын деген ойдан кейін шығар. Бірақ жоқ бала оны көрді ме болды ол сол кезде ой қалыптастырып үлгерді, сіздің айтқаныңыз оған әсер етпейді. Мысалыға көшеде ерегісіп жатқанын сіздің балаңыз немесе мен көре қойдым дейік. «Қайтесің олар жаман адамдар» дегенмен де ол бейне біздің санамыздан өшпейді. Себебі ол бала, бәрі есінде, ішінде қалады. Әлемге деген балалар көзқарасы қазір басқаша, әлемде өзгеріп кеткен. Зұлымдық пен мейірімділік, жақсы мен жаман қатар жүруде. Бәріміз білетін мына мақал бар: «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің», ұяда көрсеткен әлеміңізді ертең далада көреді. Өмір алма кезек. Әлем бала көзімен басқа болғандығын ол сол кезде түсінеді.

Осы жерде айта кетейін бала кезде күн айналамызды жарыққа толтырған, сәулелі, қуанышқа әкелетін жұлдыз ретінде көрінеді. Қар суық бірақ көңілді табиғи құбылыс. Қарға аунап ойнайтын, қар атысатын, сырғанайтын әлеміміздегі ең кереметі. Жаңбыр – Алланың нұры деп маған бұрыннан үйреткен. Сол кезден бері ол – мен көзбен көретін әлем. Жасыл шөп, жапырақ, ағаш пен бұтақ, көліктер, мекемелер жалпы айтқанда осы қоршаған орта – олар балалар көзбен көргенде сипаттап айтып беретін әлем. Балалардан сұрақ қоя отырып «әлем сенің көзіңмен қандай?» десек және де сурет салуға қолына қалам, парақ берсек, көзбен көргенін салады. Бір таңғаларлығы, балалардың салған барлық суреттерінде күннің суреті бар. Бұл балалардың әлемді жарық, жарқын етіп көретіндігін білдірсе керек. Олар сурет арқылы өзіміз өмір сүретін әлемге деген тың көзқарастарын көрсете біледі. Балалардың қуанышын, жүздеріндегі шырайды айтып жеткізу мүмкін емес. Балалардың бойында мейірімділік, достық сезімдерін тек біз ғана емес, қоршаған ортасы, оқыған кітаптары да қалыптастыра алады. Балалардың арманы да көргеніне байланысты. Балалар әлемді бейнелейді, көреді, ой түйеді және де соны іліп алып кетеді. Әлемді кішкентай баланың көзімен көргім келеді. Бір түрлі ұсыныс және де оның нені білдіретінін де білмеймін. Балалық шаққа бір оралып, қарап келсем қазір айтарымды сыйғыза алмай отырар едім. Өйткені ол күндері менде ес жоқ еді, есімде түк жоқ тек қысқа ғана үзінділер. Кейде өз-өзінді түсінбей кетесің. Әлем бала көзімен шынымен де қандай екен? Бұл сұраққа баланың өзі жауап берсе де , ойын анық жеткізе алмас, ол әлі кішкентай. Менің әлемім қандай болды? Осы ой төңірегінде сөз қозғасам. Кішкене кезімнен естелік аз, бірақ есімдегісі де бар. Мысалы далада жүріп, қандай гүл бар соның бәрін теріп, анама сыйлағанда анам да өтірік болсын таң қалып, құшақтап, ол гүл солып қалсада қасына құмыраға салып қоятыны естен шықпайды. Тағы да үйден көшіп бара жатқан кез, бәрін құшақтап қия алмай тұрғанда айналам сөз жетпес бір түске боялған. Поезд. Ол мен үшін бөлек әңгіме. Сол кезде Балқаш көлін алғаш рет көргенмін. Алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған кезім де есімде. Ол дейтін мен үшін бір бөлек әлем. Айналамда өзіммен қатар балалар. Бұрын тек өзімнен үлкен әпкелеріммен ғана ойнайтынмын. Дәл сол уақытта барлығы шырайланып, көз алдыма келгендей. Бұндай естеліктер ешқашан жадыдан өшпеу керек. Ол сенің жаның, тәнің. Сол бейкам жүрген бала кездерімнің бір күні алғаш рет мешітке кіруім, алғаш рет жүздері шырайлы адамдарды көруім. Бәрін де бақылап отырдым, қай жолмен жүргенімде әлі есімде. Дәл сол жерден шыққанымызда жаңбыр құйды да кетті. Мәзбін. Жүгіріп жүріп, ойымдағы барым тезірек үйге жету еді. Сол кезде артымнан нағашы әпкем тоқтатып: «асықпа, одан да дұға жаса, қабыл болады»,–деп анам екеуі бәрін түсіндірген кез де есімде екен. Әлемді анығырақ көрген тағы бір жайт ол сол дұғамның қабыл болуы. Бағанадан бері ол қандай болады екен? Мүмкін бе? деп отырған сұрақтарымның жауабын таптым. Мен әлемді солай көрген екенмін ғой деп қазір ойға шомылып, соны қағаз бетіне түсіріп отырмын. Бір-екі ауыз сөз де баланың ойын қалыптастырады екен ғой. Келмеске кеткен күндер-ай. Бұрын қарға аунап жатқанда үлкендер қарап, күліп тұратын. Неге тұр десек, олар да әлемді біздің көзімізбен көрген екен ғой. Олар

да бала болды. Сол балалық шағын бізге қарап есіне түсіріп тұрғанын қазір түсініп жүрміз. Себебі қарап тұратын үлкеннің орындарын біз басып жатырмыз.

Ыстық көлде-ыстық сезім кештім мен,
Дос болса да, бөлісе алмас ешкіммен
Көз алдыма елестеттім дәуренді
Балауса шақ – бала шақта ес білген.

Сол кездерді сағынам... Есімізді білмесек те ең бақытты шағымыз сол екен ғой. Мінекей «әлем балалар көзімен» тақырыбы мен үшін ашылды. Бізге ол үшін тек әр кезінді бағалай білу, шартсыз өмір сүру ғана керек екен ғой. Өз сөзімді қорытындылай келе балалар көрген әлемін есейе келе ұмытуы мүмкін, бірақ ең керемет шақтар мәңгі есінде қалып, ол естелікті өзімен көрге де әкетеді. Сол үшін көп бірге уақыт өткізіп, ғибрат аларлық тәрбиелі әңгімелер айтып беру керек. Оның барлығы бар әлемді әкеліп, баланың алдына қоюмен тең деп есептеймін. Қазір таң қалып тұрғаным, сол жайттар жайлы әңгімелеп отырмын. Ол жайттарға да он жылдың жүзі болыпты. Айтқанымдай балалық шақтың сондай көрінісі қазір де көрінеді. Мен де әлі баламын. Менің де көргім,білгім келеді. Ілім алып, жаңа ақпарат ашу маған дәл солай көрінеді. Баланың жадында жағымды әсер қалыптастыру сіз бен біздің қолымызда. Балалық шақ тәтті кездер ғой, шіркін.Көбісі балалық шақпен ерте қоштасқандай сезінеді. Себебі олар ол кездің құдіретін түсінбеген шығар. Ол жағы енді әр кімнің өз қолында. Қуанышты, бақытты, жақсылықты өзінің алғашқы табысындай көрген жан таза бақытқа кенеледі. Бала кезіндегі мақсатыңа ұмтыл. Сен бұған кіші кезіңнен дайынсың. Бәрінен де керемет, тамаша кез ол- балалық шақ қой. Асыр салып ойнағанға не жетсін. Өз басым телефонға телмірмей, ойнап өткізген балалық шағым үшін қатты қуанамын!!!



Айтінбетова Гүльнар Сапаралиевна
Шымкент қаласы
Т.Рысқұлов атындағы №25 мектеп-
гимназиясы
Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі



Төрегелді Таңнұр 5 - сынып оқушысы

Жұмбақ

Алты жыл Шыңғыстауда жырақ қалып,
Ақиқатты іздеген қағаз алып.
Елу бес жыл жинаған қазынасын,
Оңашада қорытқан ойға қалып.

Шешуі: Шәкәрімнің саят қорасы (саят үйі)



Нағызбекова Алтынай Әбдіқалиқызы
Шымкент қаласы Айбек атындағы
№14 жалпы орта білім беретін мектеп.
Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
Педагог-зерттеуші
Асланова Зарифа 8-сынып оқушысы



Шәкәрім атаға арнау

Ұлымның рухани көсемі едің,
Ақындығың бір төбе төселгенің.
Мақтаныш ұрпағыңа ұлы баба,
Абайдың қолында өсіп есейгенің.

Ойың белдің белесіне шығатын,
Тегістейтін сол белестің қыратын.
Өлең оқып қиялымды қозғасам,
Өзің едің биік шыңда тұратын.

Көзін аштың алау сезім шабыттың,
Жүрегіме өлең құйып шалқыттың.
Әлемге қарап балалардың көзімен,
Көмейіме жырды құйып балқыттың.

Білімді, білгір едің өресі кең,
Тілдескен білімділер төресімен.
Алып бір бәйтерек боп тұрғандығың,
Шықпайды естелік боп ел есінен.

Бүгінгі ұрпақтарың жаңылмасын,
Өтірік, өсек көрпесін жамылмасын.
Ұлттын сүйген кешегі өздеріңдей,
Ары таза адамдықтан арылмасын.

Менде ата өзіңнің ұрпағыңмын,
Болашағы ертеңгі ел сұлтанымын.
Қолды бұлғап елімді шақырар ем,
Биігіне шыға алсам сол тағыңның.

Шығам деп әрине мен талпынамын,
Жемқорлықты таптауға алқынамын.
Шәкәрімдей дананың ізін басса,
Алғыс айтып өтер ем халқыма мың.

Мақтанам Шәкәрімдей даралармен,
Ел бірлігін сақтаған даналармен.
Бүгінгі жыр шумағын үйлестірген,
Мақтанасыз сізде ертең балалармен.

Шығам десем биікке құздарың мың,
Ақындықтың көрейін тұз дәмінің.
Шәкәрімдей атаны үлгі еткен,
Зарифа деген ақын қыздарыңмын.



Бекбосынова Лайла Мутановна
Шымкент қаласы «Қ.Сыпатаев
атындағы №7 ІТ мектеп-лицей»
Педагог-зерттеуші
**Әбдіқадыр Жанахмет 9- сынып
оқушысы**



Сарқылмаған сағыныш

Бүгін ауа-райы өте тамаша. Алпамыстың көңіл-күйі ерекше көтеріңкі. Өйткені осы демалыста ауылына барамын деп шешті. Ауылын, ата-анасын, достарын сағынды. Әркімге өз туған жері ыстық емес пе?! Атқа мініп, шапқылаған қырлары, өзен-көлдері есіне түсіп, ауылға қарай тартып тұрды. Мектеп бітіріп, Астанаға арман қуып келгеніне де үш-төрт айдың жүзі болып қалыпты. Сабақ біте сала, жатақханасына барып, тез-тез жүктерін жинай бастады. Жылдам жиналып бола салысымен, «Астана теміржолы» вокзалына жол тартты. Вокзалда у-шу, ығы- жығы адамдар. Пойыз жүргелі тұр. Дәл уақытында келген екен. Билет алды да , орнына жайғасып отырды. Көп ұзамай пойыз қозғалды. Алпамыс терезеден көз алмай қарап отырды. Пойыз қаладан ұзаған сайын, жазық дала, қып-қызыл гүлдер, жайылып жүрген жылқылар көрінді. Бір бала пойызбен жарысып, атқа мініп, шауып келеді. Тап сол сәтте ауылына сағынышпен келе жатқан Алпамыстың ойына ауылындағы мектебі, балалық шағы, бала күнгі достары, сыныптастары және көрші қыз Айша есіне түсіп, ойға батты.

Ауылы сондай жақсы, сыйластығы мол адамдарға толы болатын. Ауылы шағын болғанымен, мектебінде оқушы саны көп еді. Мектебінде неше түрлі үйірмелер болатын. Алпамыс сол үйірмелерге қатысып, пән олимпиадаларына қатысып, мектептің алғыр, белсенді оқушысы болған. Әлі есінде, бірде мектептен қайтып келе жатқанда, балдармен асық, ләңгі ойнап , үйге тым кеш келіп, анасынан ұрыс естіген болатын. Анасы – үнемі, тәртіпті, ұқыпты, үлкенге құрметпен қарайтын, кішіге ізетпен қарайтын бала болып жүр деп тәрбиелейтін. Әкесі адалдыққа, еңбекқорлыққа, кісі ақысын жемеуге, адамдарға қолынан келгенше қол ұшын созып, көмектес деп үйреткен. Бір күні ауылға дәл үйінің

жанына бір жанұя көшіп келеді. Ата-анасы қазақтың салт-дәстүрі бойынша жаңадан көшіп келген үйді қонаққа шақырады. Сол күннен бастап бұл отбасымен жақын араласып кетті. Ол отбасының Айша есімді сұлу қызы болатын. Айша Алпамыстан бір сынып төмен оқитын. Алпамыс Айшаға қамқор болып, мектепке бірге барып, бірге қайтып жүретін. Айша - өте тәрбиелі, сүйкімді, адамгершілігі мол қыз. Айша мен Алпамыс бір үйдің балаларындай жақын дос болып кетті.

Алпамыстың әкесі жылқы бағатын. Әлі есінен шықпайды. Әкесі жайлауда жылқы бағып жүріп, көрші ауылдағы шопанның бір отар қойы отардан қыр асып, бөлініп кеткен екен. Әкесі бөлініп кеткен қойды егесіне айдап апаруды Алпамыс пен Айшаға тапсырды. Қойларды айдап бара жатып күннің қалай батып бара жатқанын аңғармай қалады. Екеуі қорқып тұрса да әкесінің «малды егесіне тапсыр» дегенін орындау керек болатын. Шопанға малын тапсырып, атадан көп алғыс естіді.

«Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген осы. Үлкен азамат екенсіңдер. Ата-аналарың жақсы тәрбие беріпті. Мынау сендерге берген сыйсыяпатым,– деп, қолдарына тәттілер мен құрт беріп шығарып салған. Содан бері Алпамыс пен Айша нағыз, айнымас достарға айналған...

Бір уақытта пойыз станцияға тоқтағанда, шулаған саудагерлердің дауысы ойын бөліп жіберді. Саудагерлердің неше түрлі ас-сусындар сатып жатқанын көріп, қарны ашқанын сезді. Шіркін, ауылдағы анасының таба наны, айран - сүті, бауырсағы, қымызы сағындырды. Анасына бара сала, «ет асқызып жемесем бе» деп ойлап қойды. Пойыз тағы қозғалды. Көңілі қуанышқа толып ауылға жақындаған сайын, көп жағдайлар есіне түсе берді. Әкесі: «Жылқының етін жесең – ас, сүтін ішсең – сусын, дертке дауа, ем»,– дейтін. Қарап отырса, ауылдың әрбір адамы туыстай болып көрінді. Әсіресе наурыз айында ауылдастар наурыз көже, бауырсақ, барлық қазақтың ұлттық тағамдарын, құртын, майын, айран, сүтін ортаға салып Наурыз тойын тойлайтын ауылдастарын да есіне алып өтті. Өзінің бауырларын сағынғаны сонша бара салып, бауырына қысып құшақтасам деп ойлап қойды. Ой деген, шіркін, жүйрік қой! Айша қандай болып кетті екен деп ойлап отыр. Әкесінің «сабақты жақсы оқы, адам бол, болашақ үмітіміз– сенде» деген сөзі есінде. Енді үйге барған соң, университеттегі жеткен жетістіктерін мақтанышпен айтпақшы. Әкесінің қуанып қалары анық. Оқуын жақсы бітіріп, өзінің ауылында мұғалім болмақ ойы бар. Әр отбасы – бір мемлекет. Әр отбасының өзінің тәрбие құндылықтары бар. Алпамыстың отбасында да ата-ананы құрметтеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет, адамдарға қолынан келгенше көмек беру, дастарқанға бата беру, адалдық, адамгершілік жайлы әкесі үнемі айтып отырды. Сол тәрбиені Алпамыс университетте де, достарының алдында да көрсете білді. Алпамыс өз әкесін мақтан тұтатын. Әкесіндей адал, ақкөңіл, кеңпейіл болғысы келеді.

Айша жайлы ойлап еді беті ысып, қызарып қоя берді. Айша да бойжеткен. Алпамысқа Айша көбірек ұнайтын, сол сезімін осы барғанда айтсам деп ойлап отыр. Айша – үйінің үлкені, анасының қамқоршысы. Үйдің үлкені болғандықтан, барлық шаруа – Айшаның мойнында...

Пойыз тағы бір шағын станцияға келіп тоқтады. Пойыздан бірнеше адам түсіп, бірнеше адам қайта мініп жатты. Алпамыс отырған купеге бір жолаушы кісі отырды. Өзі бір сөзшең кісі екен. «Әңгіме айта отырайық, жол қысқарсын»,— деп әңгімесін бастай кетті. – Қайдан боласың ? Қайда барасың ? Есімің кім ?— деген сұрақтарын жаудыра бастады. Алпамыс ретімен жауап бере бастады. Ол кісінің есімі – Нартай екен. «Мені Нартай көке десең болады»,— деді. Нартай көке диқаншылықпен, қауын, қарбыз егумен айналысады екен. «Еңбегіңнің жемісін көр» демекші, биыл еккен жемістері мол өнім беріп, өнімдерін сатып, көп ақша тапқаны жайлы әңгіме айтты және әлемде болып жатқан оқиғалар, жаңалықтар жайлы тіпті ғарыш, ғаламтор жайлы көп әңгіме айтты. Соның бірі мына біздер пайдаланып жүрген ұялы телефон жайлы әңгіме бастады. «Баяғыда біздің заманымызда телефон болмаған. Алыстағы ағайынмен хат арқылы хабарласатынбыз. Хаттың басын «Сәлем хат!» деп бастайтынбыз»,— деп күліп алды. «Қазір оқимын деген адамға бар жағдай жасалған. Компьютер дейсің бе, телефон дейсің бе барлығы бар. Ғаламторды ашсаң, бар ақпарат дайын деп қояды». Осы тұста «Дала қоңырауы» атанған Ыбырай Алтынсариннің:

Өнер - білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден ,
Көзіңді ашып – жұмғанша ,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды .
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді.
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай

- деген өлең жолдары есіме түсе кетті. Ыбырай атамыз өнер – білім арқылы жаңа заман туатынын, нанотехнологияның дамитындығы жайында сол кездің өзінде де болжап айтқан екен-ау!

Пойыз жүйткіп келеді. Терезеден сыртқа көз тастаған Алпамыс Қазақстан жерінің кең байтақ әрі табиғаты өте әдемі екеніне көз салып қызыға мақтанышпен қарап келеді. Өне-міне дегенше, пойыз Шымкент қаласына да келіп жетті. Пойыздан түскен бойы Алпамыс өз ауылына апаратын көлікке отырды. Әркімнің ауылы өзіне ыстық. Мен ауылға асыға жеттім. Анам мен әкем мені келер деп күтпегендіктен, аң-таң болып қалды. Анам қуанып, абыр-сабыр болып жүр. Әкем «неге келетініңді айтпағансың» деп ол да қуанып жүрді. Ауылда бәрі – шынайы. Таңертеңнен қайнаған қызу еңбек басталады. Ауыл тұрғындары осындай ауыр еңбек етіп жүрсе де, жүздері жайдары,

адамгершіліктері мол, қонақжай. Алпамыс өз ауылында болып жатқан жаңалықтар үшін қуанып қалды. Айшамен, достарымен, туыстарымен кездесіп, екі күндік демалысы көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Айшаға деген сезімін тағы да білдіре алмай, көңілсіз күйде келесі күні қайта жолға шықты. Туыстары қимастықпен вокзалда шығарып салды. Тағы да пойыз. Алпамыс тағы да терең ой үстінде Астанаға жол тартты. Көз алдынан Айшаның сұлу жүзі, әсем күлкісі, сымбатты мүсіні, әсіресе «енді қашан келесің» деген сөзі құлақтан да, көңілден де кетер емес... «Жастықтың оты жалындап, жас жүректе жанған шақ», – деп дана Абай айтқандай, Алпамыс балауса өмірдің бал сәттерін қимай-қимай, артына қарай-қарай кете барды.

Иә, ауылдың саф ауасы мен ұйыған тыныштығы кімді де болса тартып тұрады. Мен бұл әңгімем арқылы қаланың өмірінен шаршап, таза ауада әке-шеше бауырларының қасында демалғысы келген жандарға ауыл өмірінің қызықты сәттерін, көрікті табиғатын жиі тамашалап, туған еліміздің, сүйікті Отанымыздың қадір-қасиетін жадымыздан шығармай, шыққан тегімізді ұмытпайық дегенді айтқым келді. «Ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейді...»



Бекбосынова Лайла Мутановна
Шымкент қаласы «Қ.Сыпатаев атындағы
№7 ІТ мектеп-лицей»
Педагог-зерттеуші
Садуахас Алина 8 -сынып оқушысы



Арнау

Шәкәрім Ата, білімдісің қарасам,
Жете алмайды әр қырыңа дара сан.
Өлеңдеріңді оқып алып түсіндім,
Артық емес-ау, данаға сені баласам.

Ұлы Абайды ұстаз тұттың ардақтап,
Әрбір сөзін ұғынып біліп, салмақтап.
Шақырдың және жастарды оны оқуға
Бар ақылды жинағандай ол қаттап.

Елім деумен еміренді жүрегің,
Жидебайдың топырағында түледің.
Мұраларың бүгін бізге қазына
Оны оқып үйренемін, білемін.

Насихатың жетті міне, біздерге,
Тәлім беріп, шуақ шашып ізгі елге.

Ғылым-білім үйрен,-дедің қалыспай,
Алыс-жақын демей, біліп іздерге.

Ақыл айттың мысалмен де өлеңмен,
Аз емес те кейінгіге өнегең.
Адамилық ар-ұяттың бағамы,
Ойлап тұрсам, бір өзіңе тең екен.



Кенжеханова Индира Абди-Ахметовна
Шымкент қаласы
Саттар Ерубает атындағы №24 ІТ
мектеп-лицейі Педагог-сарапшы
Қуандыққызы Аяулым 9- сынып оқушысы



Өмір жайлы..

Арпалысып өмірмен төзіп келем,
Қиындықтың толқынымен жүзіп келем.
Жықсадағы аяғымнан өзгелер,
Қайта тұрып ,күресіп жеңіп келем.
Орындалмас армандар ойландырар,
Ең бастысы мақсатым айқын болса.
Орындаймын орындалмас арманды да,
Өмір деген не екенін білмеймін.
Білмесемде тырысамын іздеймін,
Ең бастысы қымбат екен өмірім.
Арамзада адамдармен жүрмеймін.

Махаббатым мәңгілік саған ғана..

Саған ғана мәңгілік бұл арнауым ,
Өзің болдың жүректегі таңдауым.
Елестетем болашақты өзіңмен ,
Ұғам сенің әр жылы бір сөзіңнен.
Сағынамын алыстасың жанымнан,
Табылатын әр жағдайда қасымнан.
Жүректесің мәңгілік сен жанымның,
Қаһарманы махаббат атты бағымның.

Даналы тұлға

Шәкәрімдей атамды жырладым,
Өлеңдерін еске алып тыңдадым.
Тұла бойды селт еткізген сезімді,
Әр сөзінде терең оймен жеткізді.

Құрметтеймін үлгілі, дана ақынды,
Шабыттанып тыңдаймын әрбір әніңді.
Батыр қазақ қызы болып өлеңмен,
Сынамақпын талай шыңда бағымды.
Атамыздың ақындығы санасында,
Шабытым арналғандай дара шыңға.
Дәптерімді ашып бүгін жырладым,
Тербелгендей өлеңімді таңдадым.

Желтоқсанның ызғары

Желтоқсанның қатқан қанда ызғары,
Мұңды көзбен талай қазақ мұздады.
Тәуелсіздік үшін тігіп бастарын,
Шықты міне қайран қайтпас жастарың.
Қанмен қатып етігі қанша жастың,
Шешілмей мұзбен қатып қарабастың.
Уыздай жас қыздардың шашын сүйреп,
Еш аяусыз өлтірген адамзатын.
Төбеңнен нұрын шашып тұрғанда күн,
Қазақың деп соқ кеуде, ұранда мың.
Жылына бір рет емес, әр күн сайын,
Құрметтеу керек желтоқсанның құрбандарын.



Кенжеханова Индира Абди-Ахметовна

Шымкент қаласы
Саттар Ерубает атындағы №24 ІТ
мектеп-лицейі Педагог-сарапшы
Мұрат Арслан 10 -сынып оқушысы



Қайыршы хикаяты

Поэма

Лә иллаһаһ иллалаһ деп сөздің басын бастайын,
Бір хазірет Мұса әлейхи сәләм кезінде,
Хайдар хан деген естіледі бәріне,
Бұл Хайдар хан зұлым әрі бір жауыз,
Құдай деп санайды екен өзінде,
Соқтырып алтын тастан аң-құсын,
Сыйындырды барлық халық ер-жұртын.
Сыйындырды қартыменен баласын,
Бағындырды имандының бар санасын ,

Сонда Алла Тағала жаудырады,
Қаһарын күнәһардың басына.

...Мысырда болды жауыз,зұлым бір Хайдар хан,
Қырып жойды алдына оның кім бармаған?
Құдайға серік қосып ол бір хайуан,
Соқтыртады мүсіндерін сабап барын.

I

...Бағдаттан келе жатыр сол бір күпір,
Киімі жыртық, етігі тесік ол не отыр,
Мұсылман салихасы жоқ бір адам,
Ешегіне асылып ол бір отыр.
Келеді ғой көк қақпаның алдына кеп,
Сәлем берді бар күшімен ыждаһатпен ,
Қараса бір бір әйел кеп сәлемдесті,
Сәлемдесе бұл бір еркек тұра қашты.
Қашып отыр, қорқып, тығылып тұр,
Қараса артында оның бір топ қыз тұр,
Бір топ қыз қарсы алды ғибадатпен,
Патшадай күтіп алды қайыршыны...
Қайыршы аң-таң болып отырғанда,
Сұлулар араб биін билеп жатты,
Тойып,жатып қайыршы сұлуларды,
Ертеңіне қайыршы жол жүреді.
Сұлулармен қоштасып бұл дүбәрә,
Жүріп кетті өз жолымен қайыршыны,
Мысырға бұл диуана келгенінде ,
Сағым көрді көзіне елестеді,
Сол сағым оазис боп көрінгенге,
Қайыршы шөлдеп тұрып тұра зытты.
Зытқанда сағым шөлде жоқ боп кетті,
Көрді ғой сол кезде ғой бұл қорлықты.

II

Қараса артында тұр бір мұсылман,
Қолында су құйылған торсық отыр.
Ақ киізбен ойылған бір қар үй тұр,
Бұл қар үйге қараса іші тола,
Алтыннан,күміс,қызыл гауһарлардан,
«Таңда»- деді бір мұсылман баласы,
Өмірдің алтын емес бағасы,
Гауһар емес сұлулардың анасы,
Күміс емес өзеннің ол саласы,
Сол кезде дүбәрә қарап шықты.
Қарап шықса ер мұсылман алып шықты,
Алып шыққан айбат тастың бірін таңдап,

Ол тастар жарқыратып жеткіздірді,
Сосын айтты алтын сенің ғұмырың,
Қызыл гауһар бұл ғой сенің сұлуың,
Ал күміс сенің ата-анаң,
Сонда күпір бір тасты таңдап алды.
Содан соң еліне қайтып ханға барды,
Хан Қайдар сұратады оның жөнін,
Жанына бек-болысты шақырады,
Бір болыс: Қайда бардың деп сұрады?
Қайыршы бұған былай жауап қатты,
Мен болдым көк қақпаның бір алдында,
Жанымда мың бір сұлу қыз алдында,
Мұсылман қасиетті шөл алдында,
Су іздеп бір Аллаға сәжде қылдым.

III

(Хан Қайдар сенбей тұрды бұл сөзіне,
Өтірікші деп қараған ол көзіне,
Сенбеді бұл кедейге Хайдар сұлтан,
Ләйім-деп өтірікші бұл атанған...
Үш тасты көрсетеді бұған бұл қайыршы ,
Хайдар шах сенді дағы мақұлдаған,
Ал диуана түсіндірші бұны маған ,
Бұл недеген тастар екен....
Инабатты,көрікті жанып тұрған,
Сұлулығы сөнбеген жайнап тұрған,
Сонда айтты қайыршы: Алтын сенің өмірің,
Қызыл гауһар бұл сенің көңілің ,
Ал қара күміс ол сенің ата-анаң –деп сөйлейді қайыршы,
Таңдайды да сом ажалды қарғайды,
Сонда тұрған диуана Әзірейіл болады .
Жанын алып сұлтанның,
Ғайып болып көзінен,
Хайдар шахтың өзінен,
Баласы оның Бұқаш шах,
Әкесінің артынан отырады бұл таққа,
Жоқтап тұрып көкесін,
Хайдар шахтай әкесін,
Қарап тұрып аспанға ,
Бейне көрді тамсана...

Токсеитова Маржан Каскырбаевна
Шымкент қаласы
№ 46 мектеп - лицейі
Педагог – зерттеуші
Шиндалиева Рабия 5 -сынып оқушысы



Әлем - балалар көзімен

Әлем – бізді қоршаған материалдық дүние. Ал, бала – бақыт, бала – байлық дегендей, бала деген балғын байлық емес пе?! Балалардың көз әлемінде сөзбен жеткізу мүмкін емес сиқыр бар. Олар қарапайым заттан ерекше затты көреді: ағаштар жасыл сиқыршыларға, бұлттар биік аспандағы кемелерге айналады. Не дегенмен бала қиялы жүйрік қой. Балалардың көз әлемінде тіршілік, өмір өте бай және жарқын болып көрінеді. Балалар үшін әр сәт – бұл керемет жаңалықтарға толы қызықты саяхат. Олардың әлемі шынайы күлкіге, мол қуанышқа толы.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» - деп дана халқымыз айтқандай, елдің ел болып қалыптасып дамуы өскелең ұрпақтарға, балаларға байланысты. Мысалы: өзіңіз қараңызшы:

- Балғын байлық – балалар болмаса, әлем не болар еді? Өмір, тіршілік – сұр және жарық емес тәріздес көрінер еді... Әлем – балалармен қызық секілді. Осыған байланысты балғын бақытымыз балаларды қорғай білейік. Не дегенмен балалар, яғни біз келешек ұрпақ емеспіз бе? Сол себепті «Ана – алтын тамырымыз, бала – балғын бақытымыз» деп ұлы тұлғаларымыздың баланы бақытқа теңеп айшықтауы бекерден – бекер емес.

«Балалы үй – базар» демекші, өмірдің мәні де сәні, отбасының бақыты – балалармен айшықталатын секілді. Балаларсыз өмірді елестетудің өзі де қиын. Балалар әлемді өз жүректерімен түсінеді. Кішкентай жүректерімен үлкен жақсылықтар, қуанышты сәттер жасай алады. Ата – аналарын, бауырларын шынайы қуанта алатын, керемет сәттерге бөлей алатын – керемет жандар. Балалар жүректері мейірімділікке, адалдыққа толы.

Кеше ғана анамның құшағындағы кішкентай бөбек едім, ал қазір бесінші сынып оқушысымын. Әлі де анамның құшағында еркелеп, өзімді кішкентай бөбек ретінде сезініп, қуанышқа бөленемін. Әрбір бала әлемді анасының құшағында басқаша елестетеді. Ана мен бала бақытты болса, Әлем бақытты! Әлем – балалармен көңілді, балалармен – қызықты, балалармен – бақытты!



Турдалиева Меруерт Балатаевна
Шымкент қаласы, Абай ауданы
Қайнарбұлақ тұрғын үй алабы №125
жалпы орта білім беретін мектеп
Педагог-зерттеуші
Серикбай Сырым 5- сынып
оқушысы



Әлем менің көзіммен

Көгімде қыраным самғаған,
Ай мен Күн, Жұлдызым жайнаған,
Әлемге нәр берген Жер Ана!
Үстінде тіршілік қайнаған.

Тау, тасым даламда ерек дара,
Ну орман, тоғайым жанға сая,
Өзен-көл, мұхит-теңіз, асау-бұлақ,
Жан бітірер жер бетіне - сарқырама.

Ой мен қыр, шөл мен шөлит, жазық дала,
Тізіліп орын тепкен ауыл қала.
Барлығы кереметі бұл әлемнің,
Әлемді гүлдендірер адам ғана.

Төсінен орын берген бар ғажапқа,
Ақ, сары, қара, қоңыр адамзатқа.
Құнына баға жетпес Ару Ана,
Жер Ана әлемдегі жалғыз - Ана.

Әлемде бейбітшілік үстем болса,
Адалдықпен әділдік биік тұрса
Мейірім, махаббат пен қайырымдылық,
Бойында әрбір жанның билік құрса.

Ынтымақ, татулық пен берекенің,
Ұйытқысы ұмытпайық біз екенін,
Жер бетін мекен еткен адамзаттың,
Мақтан етем арманының жоқ екенін!



Кежебаева Гаухар Курбаналиевна
Шымкент қаласы, Қаратау ауданы
№116 Д.Нұрпейісова атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі
Әбдікерім Айзере 10-сынып
оқушысы



Мен мақтанам

Бір әулеттен тараған ұлы адамдар,
Абай менен Шәкәрімді танып ал.
Үзеңгілес серік болған Абайға,
Шәкәрім ол ізбасары қашан да.

Текті рудан шыққан ақын – Шәкәрім!
Әдебиетке сіңген еңбек қанша мың.
Парасатты, ойшыл тұлғам қашан да,
Естен кетпес тарихымда, санамда.

Замандағы білімділер қатары,
Шәкәрімдей ұлылармен толады.
Қайталанбас, рухы биік тұлғаны,
Насихаттау жас ұрпаққа бағалы.

Қазақ үшін жанын берген асылдар,
Рухты оятып, тәлім берген ақындар.
Ахтық демі қалғанша қызмет еткен,
Бар білім мен ілімін мұра еткен.

Сауатты да, көзі ашық Шәкәрім!
Түрлі тілді меңгерген ол – ақыным.
Дарын, өнер табылатын бойынан,
Жан-жанты ол қазақ сүйген зиялым.

Ел бірлігі, тірегі ол – Шәкәрім!
20 жаста болыс болған қазағым.
Масап көрмей билікті,
Қызмет ету керегі,
Бұл қасиет табылған, ел деп соққан жүрегі.

Саясаттан білімге бет бұруды дәлдеген,
Түрлі асыл мұраны ұрпағына көздеген.
Ар мен ұятты ең алдына шығарып,
Жас ұрпаққа насихаттап барады.

Өлең жолмен ұғындырған бар мәнді,
Ұқсамас бір, қайталанбас ақыны,
Өзгешелік бар екенін мойындап,
Барша ақын береген баған мәнісін.

Бірі білсе, бірі білмес өнері,
Саятшылық болған ақын кәсібі.
Бозбалақтай түскен бүркіт суреті
Қазақ үшін құнды, мәні бағалы.

Намысы мен қайтпас қайсар мінезді,
«Алаш!» деп соққан шіркін жүрегі.
Елі менен кең байтақ жері үшін,
Шәкәрімім күресті шындық үшін,

Қайшылыққа толы өмір сүргені,
Рухы мықты, құламады, кетпеді.
Ұлтымыздың жанашыры зиялым,
Мәңгі бақи ұмытпаймын мен оны.

«Алаш!» деп ұрандаған тұлғаларым,
Елі үшін жанын берген қырандарым.
Маса боп ызыңдаса Ахмет атам,
Оятқан талай елді Дулатовым.

Мағжан атам сенген бізге ертеден-ақ,
Ұлы ақын, рухы мықты тұлғадай ақ.
Сол үшін де тер төгіп, елің үшін,
Мәртебесін көтеріп, елдің даңқын.

Қауымы бар елімнің парасатты,
Рухы биік, бәрінен жыққан мыңды.
Ұрпағы боп туғаныма қуанамын,
Зиялыдай қауымының ерген соңы.
Шәкәрімім берген білім,насихат,
Ұрпағынын жолын ашар шапағат.
Көзі-ашық, көкірегі ояу болған жастарым,
Көбейсе екен қазағымда қанша мың.

Қиын-қыстау кездер болған тарихта,
Әділетсіз, жалған кезең оңай ма?
Жала менен қиды ақын өмірін,
Соншалықты не болды оның жазығы?

Қатал тағдыр жауласса да елімді,
Зиялылар ізденіспен көрінді.

Рухты елдің кей бір кезде адамы,
Сатқан болып шыға келді қадамы.

Өткен ғасыр ұмытылмас санамда,
Мейлі өтсін жыл мен ғасыр тарихта.
Тарихымда Шәкәрімнің барына,
Мен мақтанам барша елдің алдында!



Мамытбекқызы Мира
Шымкент қаласы, Тұран ауданы
№49 жалпы орта білім беретін мектебі
Педагог-модератор
Мамаева Айым 6-сынып оқушысы



Өмірде бәрі де кездеседі

Күздің нағыз барлық көкөнісі мен жемісі піскен, керемет уақыты. Күн жарқырап, сәулесін шашып, жерді нұрға, адамдарды шуаққа бөлеп, сәулесін аямай төгіп тұрған уақыты болатын. Айналада әнші құстардың сайрауы, өзеннен аққан мөлдір судың сыбдыры жанға қуат береді. Сымбатты қыздардың күлкілері мен шолпыларының сыңғыры, жігіттердің қолдарына домбыра алып, бойдағы өнерлерін ортаға салып, халықтың көңіл-күйін көтеріп жүр, сауық-сайран құрып жүр. Арлы-берлі, ерсілі-қарсылы жүріп жатқан дүйім жұрттың жарқын-жарқын дауыстары. Жәрмеңкенің қайнап жатқан тұсы. Бір кісі әкелген заттарын ойдағыдай бағаға сатқанына қуанып, кейбірі қажеттісін тапқанына жүрегі жарылып, мәз-мейрам болып жатыр. Жүк тиеп келген жорға аттары мен ісіне адал есектердің дауыстары да ара-арасында естіліп қояды. Бұл жәрмеңкеде болған да арманда, болмаған да арманда болар еді. Келіп-кетушілердің қамын ойлап, пысық апалар, жеңгелер майға ыстық бауырсақ пісіріп, мұрынды жарып жіберердей иісін аңқытады. Ол иістен кете алмай кідіріп, тоқтап қалып, кішкене ден кейін қайта есінді жиып алға қарай жүріп кетеді. Жәрмеңкеден кісілер жанына, үйге қажеттісін, киім-кешегін, азық-түлігін, ат әбзелдерін, қара малдың түр-түрі бар. Тек қалтанда қаражатын болса болғаны, бәрі табылады. Бұндай жәрмеңкеге кейбір бай-бақуаттылар ыстық тамақ жеп, қымыз ішіп кету үшін келеді. Кебіреулері заттарды тамашалап, жәй аралап, уақыттарын өткізіп қайтады.

Досы Мекен бала күннен бірге өскен, бір нанды бөліп жеген. Қажет кезінде жанынан табыла білетін, қолынан көмегін аямайтын. Шәкәрім десе жеген асын жерге қоюға дайын болатын жан. Бірге серуен құруды, аң аулауға барғанды жұптары жазылмайтын. Шәкірім осындай жанашыр досы барына мақтан тұтатын, көңілі марқаятын. Досы жанында болса алаңсыз болатын.

Бір күні атпен жарысып, шауып жүргенде байқаусызда досы аттан құлап, аяғын сындырып алады. Жүре алмай бір жыл оқуынан да қалады. Шәкәрім өте зерек оқушы болатын. Шәкәрім сабақ аяқталған соң үйіне соқпай досына күнде өткен сабақтарын түсіндіріп, оған мұғалім болатын. Бірге үйге берген тапсырмаларды орындайтын. Досының көңілін аулап, уақыттарын қызықты өткізетін. Досы Мекен осылай алты айлық сабағын Шәкәрімнен меңгеріп алған. Бұлардың достықтарына бүкіл ауыл қызыға да, қызғана қарайтын. Достыққа берік жандар болды. Шәкәрім бос уақытында өте көп өлеңдер, ертегілер жазатын. Ең бірінші тындарманы Мекен еді. Егер Мекенге ұнаса бүкіл сыныпқа оқып беретін. Сыныптастары күнде Шәкәрімнен бүгін қандай әңгіме, ертегі немесе өлең алып келдің?—деп күтетін. Ол табиған, ар-ождан, жануарлар, адамгершілік, қанағат жайында көп жазатын. Сыныптастары оны ұйып тындайтын. Егер Шәкәрім науқастанып оқуға бармай қалса, оның орны сыныптастары үшін қатты білінетін. Осылай жасөспірімдік шақтары өтіп жатты.

Арада біраз жылдар өтті. Шәкәрімнің 50 жастан асқан шағы, досымен жәрмеңкені аралап қайту үшін, жәрмеңкеге қарай күрең аттарымен беттеп келе жатады. Басында оюлап тігілген тақиясы, үстінде қымбат матадан тігілген шапаны, қара шалбары, аяғында ыстықты, суықты өткізбейтін арнайы тіктірген аяқ киімі. Барлығы өзіне өте қонымды, жайлы.

Алдынан кездескен кісілері танып, аман-саулық, жағдай сұрасып, амандасып жатты. Барлық кісілерге өзінің ізеттілігі мен көрегендігін танытып, жәрмеңкеге жақындап қалды. Дәл қақпаның алдында үлкен кісінің жас баланы жұлқып, зекіп, жылатып, көз жасын көлдетіп, шыңғыртып тұрғаның көзі шалып қалады. Дереу қолындағы қамшысын алып үлкен кісіге меңзейді. Үлкен кісі мен жас баланың сөзін тыңдап, сонда үлкен кісі баланың анасы үйде науқастанып, сыртқа шыға алмағандығын біліп, жас баланың қолына азық-түлікке деп беріп жіберген тиын-тебенің, қоқан — лоқы жасап, тартып алмақ болған екен. Шырылдаған бала не істерін білмей, үлкен кісіден қорқып, шырылдап тұрған кезі екен. Шәкәрім «Өлімнен ұят күшті»-деген қазақ халқымыз. Мұндай дәрежеге түскеніңізге ұялмайсыз ба?—деп баланың теңгелерін қайтартып береді. Бұндай кісілер сол уақытта оқтын-оқтын кездестіруге болатын.

Досы екеуі ары қарай жүріп, жәрмеңкедегі заттарды тамашалап, бір орыннан тамақ жеп, қымыз ішіп, көңілдерін жайлап алады. Үйге қажетті заттарды қарайық, ойдан шығып жатса алайық — деп келе жатқанда кіп-кішкентай бойлы, шашы бұйра-бұйра, қызыл көйлек киген арық қыз бір қарт әжейдің дорбасын көтере алмай келе жатқанын көзі шалады. Бұл көріністі көріп, кішкентай қыздың бойындағы жанашырлық пен қамқорлықты көріп, көңілі марқайып қалады. Тез арада әжейдің қасына барып, көмек беруді ұсынады. Әжей үлкен алғыс айтып, кішкентай көмекшісі бар екенін айтады. Шәкәрім аттан түсіп, әжейдің заттарын алып, үйіңе жеткізіп береді. Әжей Шәкәрім мен досына үлкен алғыс білдіріп, бата береді.

Жаңбыр менен жер көгерер,

Бата менен ел көгерер — деген халық.

Шәкәрім жәрмеңкедегі екі түрлі жағдайды көріп, терең ойға батады.



Нурмаханова Турсынай Едиловна.

Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы,
Б.Момышұлы атындағы №44 жалпы
орта білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі,
педогог-сарапшы.



Үсен Бейбарыс Азаматұлы 4 - сынып оқушысы

Екі дос

(Қиял-ғажайып ертегі)

Баяғыда заманда бір ауылда ата мен апа өмір сүріпті. Олардың Қайсар деген ақылды, тапқыр, бәрін білуге құштар немересі бар екен. Олардың көршісінің Санжар деген ұлы бар еді. Сол Санжар мен Қайсар кішкентай кезінен дос болатын. Екеуі күнде бірге ойнап, тіпті кейде бір-бірінің үйіне қонып қалатын.

Ауылдың жанында үлкен ну орман болатын, бірақ ол орманға үлкендердің өзі баруға қорқатын. Екі бала бір күні ойнап жүріп орманға барғысы келіп, үлкендердің орманға бармаңдар дегенін ұмытып, ну орманға кіріп кетеді. Тапқыр Қайсар жүрген жолын ұмытпас үшін, өзімен бірге жіп ала шығады. Сол жіпті жәйләп тарқатып кете берді. Екеуі жан-жағына қызықтай қарап, сыңғырлаған әр түрлі құстардың даусынан тәнті болып келе жатып, қалайша ауылдан ұзаққа кеткенін аңғармай қалады. Сол сәтте аспан түнеріп, жаңбыр жауа бастады. Қайсар мен Санжар жаңбырдың басылғанын күтіп, бір талдың саясында отырды. Тал басында ақ тиіндер қысқа азық ретінде жаңғақ жинап жүр екен. Шын ақ тиінді көріп екеуі мәз болды.

Жаңбырдан соң жер балшық болып, Қайсардың тарқатқан жіптері батпақ астында қалады. Орман ішінде біраз ұзап кеткендіктен балалар қайтар жолды білмеді. Санжар қорқып не істерін білмей Қайсарға қарады. Қайсар ойланып тұрды да мойымай алға жүре беруді ұсынды, мүмкін ауылымызды тауып қалармыз деген ой тұрды. Осылай екеуі ойланып тұрғанда шиқылдаған торғайдың даусы шықты. Екі бала елеңдеп дауыс шыққан жаққа қарады. Сөйтсе торғайдың ұясы жаңбырдан құлап, ішіндегі жаңа туылған баласы ағашқа ілініп қалған екен. Балалар еш ойланбастан торғайдың балапанын құтқаруға кірісті. Торғай балапанымен қауышып, екі балаға рахметін жаудырып, меніңде сендерге бір көмегім тиер, мені ұмытпаңдар,-деп балалармен қоштасты.

Екеуі үмітпен алға қарай жүріп келе жатса алдыларынан бір топ ара шығады. Аралардың бәрі қайғырып, жылап отырады. Оларды көрген Қайсар мен Санжар араларға көмектескісі келіп, не үшін мұңайып отырғанын сұрады. Аралардың бәрі жамырай, қайғырмай қайтейік, біздің бар еңбекпен жинаған балымыздың бәрін үнемі түнде бір аю келіп алып кете береді. Біз қанша күзетке тұрып қарауылдасақта балымызды қорғай алмай жүрміз. Мұны естіген балалар араларға балын қайтарып беретінін айтады. Балалар ол аюды қайдан табамыз деп ойланып тұрғанда, аралар ол аюдың отбасымен бірге орман ішіндегі ең үлкен ағаштың діңінде тұратынын айтады. Сонымен екеуі аралар айтқан аюды іздеп

жолдарын ары қарай жалғастырады. Қайсар мен Санжар аралар айтқан аюды тауып, одан не себепті аралардың балын ұрлағанын сұрайды. Аю өзінің отбасы бар екенін, оларды асырауға азық керек екенін және қыста жақындап қалғандықтан қысқы азық дайындап жатқанын айтады. Аюға ашуланып келген екі бала оған жаны ашып кетеді. Екеуі ойланып, аюға көлден балық аулап беретін болды. Бірақ аю оның қайтарымы ретінде аралардан ұрлап алған балды қайтаратын болып келіседі. Аюдан көлдің қай жерде екенін сұрап, қолдарына шелек алып, көлге қарай бағыт алды. Көл жағасына келіп, екеуі қолдан қармақ жасап, жерден шылаушын қазып алып, балық аулауға кіріседі. Екеуі асықпай кешке дейін отырып, шелектері толғанша балық аулайды. Санжар соңғы балықты аулай салайын деп қармағын көлге салғаны сол екені қармағын балық тартты. Санжардың қармағын тарта бастады, бірақ балықты шығара алмады. Санжар мен Қайсар қармақты қатты тартқанда балық орнына қолтырауын атып шығады. Аю оларға көлде қолтырауын бар екенін айтпаған еді. Балалар шелектерін алып, алды артына қарамай қаша жөнеледі. Ауылда асыр салып ойнап жүрген екі жүйрік бала қолтырауыннан қашып құтылады. Әбден шаршап шалдыққан Санжар мен Қайсар тынығып алуға бір талдың қасына келіп тоқтайды. Сол кезде ғана қарындарының ашқаны естеріне түсіп, өздері аулап акеле жатқан балықтан тамақ жасауға кіріседі. Екі тасты бір біріне соғып, от шығарады да, сол отқа балықты қақтап, пісіріп жеп алады. Қарны тойған екі бала тағы да хайуанаттарға жем болып кетемізбе деп ағаштың үстіне шығып ұйықтайды.

Таңертең келіскендей балалар балықты аюға алып барады. Балаларға риза болған аю енді бұдан кейін аралардың рұқсатынсыз балды алмауға уәде беріп, ұрланған балды қайтарып береді. Санжар мен Қайсар балды араларға апарып береді. Екі баланың балды әкелетініне сенбеген аралар екеуінің қолындағы балды көріп таңқалады. Осы кезде әсем киінген аралардың патшайымы шығып, Санжар мен Қайсарға рахметін айтып, көрсеткен көмектерінің қайтарымы ретінде не қалайынын сұрайды. Екі дос біз негізінен орманға қызықтап кіріп, ауылымыздан адасып қалдық. Ауылына баратын жолды көрсетіп жіберулерін сұрайды. Сендер тіп-тіке жүре берсеңдер алдарыңнан бір үлкен үйілген тас шығады, сол жерден солға қарай бұрылсаңдар ауылдарыңа апаратын жол көрінеді. Бірақ тастың жанына жақын бармауын, ол жерде ашулы қасқырлар бар екенін ескертеді. Балалар патшайымға рахметін білдіріп, олармен танысқанына қуанышты екенін айтып, қоштасып, ауылына апаратын жолға қарай бет алады. Қайсар мен Санжар тура аралар айтқандай үйілген тасты табады, сол сәтте қуанғаннан Санжар қатты айқайлап жібереді. Адам баласының даусынан шырты ұйқыда жатқан арлан оянып кетіп, балаларды қуа жөнеледі. Екі бала артқа қарай қаша жөнелді, арттарынан арлан қуалап келеді. Екі дос біткен жеріміз осы ау деген сәтте бұрынғы өздері көмектескен торғай шығып, мына апанға кіріңдер деп жол сілтеді. Осылайша торғайдың арқасында арланнан құтылады. Ол апанның ішінде түлкі өмір сүреді екен. Қайсар мен Санжар түлкіні көргенде кітаптан оқығандай арамза, қу деп ойлайды. Бірақ түлкі мүлдем ондай емес еді, керісінше торғай екеуі дос еді. Сондықтан да торғай қауіпсіз болғандықтан осы апанға кіргізген еді. Қайсар мен Санжар түлкіге өздерінің бастарынан өткен

жайттың бәрін айтып береді. Ең соңында ауылымызға апаратын жолды таптықпа дегенде арлан қуалап, осы апаннан шыққанын айтады. Екі күннен бері ауылынан адасқан, әр аңнан қашып шаршаған балалар түлкіден көмек сұрайды. Екі баланың әңгімесін тыңдаған түлкінің оларға жаны ашып, екеуін жақсылап тамақтандырып, кішкене демалып алындар-дейді. Сосын түлкі балаларды ауылдарына баратын жолға дейін шығарып салып, тағыда қасқырлардың келмеуін қадағалап тұрады. Осылайша Санжар мен Қайсар орманнан аман есен шығады. Оларды алдарынан бүкіл туыстары күтіп алады. Балаларымен қауышқан ата-аналар жылап, екеуін құшақтап алды. Сөйтсе екі күннен бері екеуін жер көктен іздеп, енді ғана орманға қарай бет алған екен. Екі бала бастарынан өткен қызықты да, қорқынышты оқиғаны айтып береді. Бұдан кейін үлкендердің рұқсатынсыз ешқайда бармауға уәде береді.



Керимбекова Фатима Кайратовна
Шымкент қаласы, «Болашақ» мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші.



Сембекқызы Румия 6-сынып оқушысы

Әлем балалар көзімен

Барлық кішкентай бүлдіршіндердің өз сиқырлы әлемі бар. Ол әлемде олар бұлттарды кеме ретінде, ал жануарларды ойыншық ретінде көреді. Мұның бәрі оларға тек қуаныш сыйлап қана қоймай, оның ой-өрісінің дамуына көмек береді. Барлық адам балалық шағын осындай жеке әлеммен, арманмен, қиялмен өткізеді. Сондықтан адам баласының ой-өрісі тез дамиды. Еліміздің барлық жерінде балалардың жағдайы жасалынған. Мысалы, сауда орталықтарындағы балалар жейтін тәтті тағам мен дақылдар, ішетін сусындар, балаларға арнайы жасалған тауарлар, тіпті сәбиді емізетін арнайы бөлмелер де қарастырылған.

Біздің елімізде барлық ата-анаға жәрдемақы беріледі. Ол ақшаға ата-ана баласына киім-кешегін, керек жарағын алып береді.

Ата-ана үшін ең керегі – балабақша. Балабақша – балаларды дамытатын арнайы мекеме деп білемін. Онда бала әріп танып, өзімен қатар балалармен бірге тәрбиеленеді.

Мен өз әлемімді достарыммен, отбасыммен толықтырамын. Өйткені өмірімнің мәні соларда. Себебі қиналған кезімде жанымнан табылатын сол – адал адамдар. Барлық адам баласына қолдау қажет. Сол қолдауды маған аямай берген адамдар – отбасым мен достарым. Менің достарымның көбісі – сыныптастарым. Сондықтан үйде бос отыра бермей мектепке келгенді ұнатамын. Ал отбасым – ол бөлек әңгіме. Мені мәпелеп, тәбиелеген отбасыма алғысым шексіз. Мына мен әлемді отбасы, достар қоршайды деп ойласам, өзгеше де ойлайтын адамдар бар екен. Олардың ойынша әлемді дүние, ақша қоршайды екен. «Ақша – қолдың кірі» демекші, менің ойымша, олардың бұл ойлары дұрыс

емес. Мүмкін мен балалық көзбен қарайтын шығармын. Кім білсін?! Ештеңе мәңгілік болмайды ғой... Мүмкін ақшасы таусылғанда ғана отбасының, достарының қадірін түсінер. Бұл мысал «Тәрбие отбасынан басталады» деген сөзді айрықша растайды.

Алимбетова Айгуль Мойдиновна
Шымкент қаласы, Молда Мұса атындағы №5 ЖОББМ
қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-зерттеуші
Илясова Алина 9-сынып оқушысы



Баға жетпес барыңа-тәуелсіздік!

Дәл қазағым елендемей жүргенде,
Сол бір түнде шешілді ме тағдыры,
Бізғарымен желдің тұтас барлығы.
Есінде ме жалындаған жастары,
Жинап өзін, өзгемен,
Намыспен бірге шыққаны!?
Ұмытса мейлі дейсің бе,
Ұятыңды жиып ап.
Қасіреті ұлы таңба болғалы,
Мәңгі өшпес тарихында із қалды.
Сақтаулы кезі,
Мәлім бізге әр түйін.
Жазбағанда амал жоғы айтарсың,
Тондырғанда желтоқсанның бастауы,
Тәуелсіздік барына, баға жетпес не қалды?!
Кезеңімен ілесіп,
Кезіңді алып қолыңа,
Жадыңдағы жатқанды, бүгінде ертең жасырмай,
Мәні терең мезетті салмайтұғын қамықпа.

Жан әпке

Дара жанға не татымды ойдан бөлек,
Жүйрік тізгін, кербез сұлу айту керек.
Мыңы бар сендей демек басқа болып,
Мыңы бар сендей демек босқа жүріп.
Мына жалған сенімен бірдей толғаса,
Жоқ қой, сірә, сенен артық ғаламда.
Бар жаныммен жақсы көрем өзінді,
Жан әпке деп көрнектеймін сөзімді,
Бағалаймын, мақтаймын да жүрекпен,
Бикеш дермін одан кейін кезекпен.

Өзгелерден ерекшесің, тым бөлек,
Санаң менен жаныңа ермек керек.
Ең қымбатым, асылымсың жан бауырым,
Әпкем менің бар гауһарға тартынарым.

Ұлы жансың-ұстазым

Көзің жарқын сәулелі, бір үндейін,
Сіз тыңдаңыз.
Сұлу әрі сүйкімді жан сіз болсаңыз,
Бар әлемнің кереметін жалғасаңыз.
Бар дүние бой түзерде, ілесерде
Сол жалғаған кереметің жанарыма үлескен бе.
Марқайғанда естінің әрбір сөзімен,
Ұғынармын ғажайыбың, айқын бейне жүзінде.
Ұлылығың басым сезім мендегі,
Қай кезде де тамсанғым-ақ келеді.
Көп нәрсені айтқым келер, қысыламын,
Батылдығым сірә оған татымаған.
Несін оның шындығында жасырамын,
Өзіндей жан болуға асығамын.
Нағыз ұстаз оқутыдан жалықпасы мәлім еді,
Сенен алар тәлімім құндылықтың шыңы еді.
Ұлы жансың, қайталағым келеді,
Үмітінді мәңгі ақтағым келеді.
Жүрегімнің түбіндегі айтарым,
Өзің үшін жан берсем де сыналып,
Өкінбеспін жаның таза, тұрарлық.

Бір ғасырда бір туады ол-Махамбет

Жәңгір ханды көзбе көз көрді емес пе,
Жәңгір ханды сөзбенен ол жеңді емес пе
Екі апта сөз таласып Жәңгір ханмен,
Темірторда қудаланып кетті емес пе.
Өлеріне бір күн алдын аян беріп,
Өлімінен қаша алмай бітті емес пе.
Темірторда отырса да өлең жазып,
Мұра қылып ұрпаққа қалды емес пе.

Нағыз сері-сенсің аға

Сол бір сәтте ойласам бар екен деп,
Небір дана, небір мәрт.
Небір дана шындығында бос ақиық,
Небір мәрт шындығында жүрген ермек.
Өзгеге қарап туласаң,
Серті қайда, кейпі қайда өзі әлек.

Сол бір сәтте тереңімен ойланамын мен әлек,
Нағыз сері сен демекші сол жүрек.

Қызғыш құссың,кеменгер

Бөкей Орда туған жері қан тамған,
Атты әскермен шайқастарға аттанған.
Барша болмыс қасиетпен жаралған,
Көшпелілер арасынан көсем тұлға жаралған.
Өзі жырау болса дағы алғыр тап,
Өз өңірі болса дағы қия-бақ.
Шалкиіз бар,Жиёмбет бар бітруар,
Өлмес мұра өсиет деп қалдырған.
Қияндағы сол біртуарға еліктеп,
Тоқып өскен жастығынан серік деп.
Тізбек түзіп саралаған бабамды,
Махамбет деп ашып айтсам болғаны.
Ақсұңқардан құмаймын туған деседі,
Тек толқумен құлаймын деп кешеді.
Ақындығы күймен бірдей жарысқан,
Қиядан тапса орын аларман.
Айтар сөзін сұлтанына әрдайым,
Билерге де арнауында бар қайым.
Махамбетсің,ғасыр сенің өзегің,
Асыл тұс боп өрнектелген кезегің,
Жат болмассың келтірген хақ дәлелім.
Самғап ұшқан кезінде,
Қызғыш құссың,кеменгер.

Екі мың теңге жыры

Күні ертең болатұғын мереке,
Бар жақынмен тойлайтұғын береке.
Бас қосамыз,қуантамыз бірге деп,
Көп толғанып мәмлеге келдік деп,
Шешетінін шешіп алып ойланбай,
Отырған соң бас салбырап жер таппай,
Шешіміміз жәрдемге кеп тоқталып,
Күйбенімен саған бірдей жол салдық.
Жәрдем керек,сол баяғы ақша ғой,
Берік сеніп саған міне беттемек.
Жат емеспін,жүрегім бір,жасыратын несі бар,
Сендей әпке мен тұрғанда бай-дәулетті кез болар.
Толғанарсың бар ойыңды тізіп ап,
Сол толғауың мәлім маған шындық-хақ.
Бауырым ғой,қол ұшымды созайын де,
Дәулетім бар,қуатым бар,не нәрсемді аяайын де,

Бір көңілін көтерейін әп-сәтте деп
Дәл жіберіп екі мыңды қояйын де.

Жұртпен бірге, жұртың үшін
Жаныңа қайғы батып,көнбексің,
Бір әлекпен өздік болып ермексің.
Бір жұртпенен жаның бірдей құлазып,
Алай дүлей тұрса егер шын асық,
Неғылайын алға қойған асыңды,
Тыңдап бекер сұраған сол затыңды?!
Онда да жоқ қасиет,
Қанға сіңген бар өжет .
Сендігіңді қайтейін,ниет болса,
Маған қалған мұратың қазақ тапса!?
Сонда дағы көздегенім әділ шықса,
Менмендігім бойды алып жай бойласа.
Барды айтып отырмын да,білсең соны..
Жұртың үшін жеңіл баспай қадамды,
Аттанғанда жанарыңмен күресіп көр шамалы,
Түсінерсің сонда дерлік жайыңды,
Құлазып-ақ сынақ құрған ойыңды.

Махамбет-аты өшпес тұлға
Тұлға болды аты өшпес мәңгілік,
Ұрпақтары жырлайды әлі ән қылып.
Жырау екен соңғы қалған қазақта.
Ән айтқанда естен кетпес жаңғырып.
Рух берді,жігер берді ұрпаққа,
Тек алға деп жасады ол қадам да.
Қазақтарды бермейміз деп ешкімге,
Қазақтарды шаптатпады шет жерде.

Махамбеттей бабам бар.
Махамбеттей бабам бар
Таудан биік ақылы,
Қазақтың хақ ақыны,
Алтын жанға саналар.
Қалар ма еді құлдырай,
Дәлдік пенен байрағың.
Өтемісұлы Махамбет,
Барыңа бабам айналдым.

Сендей әке менде ғана бары шын
Сен мен үшін бөлексің-ақ алмас,
Ақ алмастан кімдер қамал соға алмас.

Әкем менің, сені ешқашан қимаймын,
Қиядағы көңілімді молынан,
Келе сала еркелікпен арнаймын.
Асқар таудай пана болар өзіңсің,
Жігер менен рухтың нағыз бегісің.
Үлгі тұтқан жағдайымда қуанасың,
Белестерді бағындырсам жарылып,
Мені қолдап көгіңде шаттанасың.
Сен алтыным, қорғанышым, барысым,
Сендей әке менде ғана бары шын.

Ана-ұлығымсың жадымның

Бағым сенсің мына жалғыз түнекте,
Нәзік сезім сақтағансың жүректе.
Ана десе бала жаны тұрмайды,
Екеу ара байланыссыз болмайды.
Бар әлемнің кереметін жинаса,
Сенен ұлы адам барма қараса,
Көркеміңе тамсануға асықпын,
Бар мінезің көрінуден озықпын.
Білем кейде бастағаным кикілжің,
Өзің еріп болсаң егер жүйрікпін.
Күн шуағы бейнеңе бір түссе дағы,
Қалыс қалып әрбір сәуле кетсе дағы,
Сонда жарық нұрың бірдей шашырайды,
Жүрегімнен жыр ұялап басылмайды.
Анасың ғой, құдыреті шексіз болған,
Махаббаты әркез мінсіз дайын болған.
Өмірімнің мәні дерлік өзің болып,
Жанымнан да жақын адам өзің толып.
Сені мәңгі қастерлеймін, не де болса,
Жадымдағы орыныңды сақтап бағып,
Өз барымды саған шексіз арна қылып,
Махаббатым адал болмақ, соны, ұқ.

Махамбет!

Исатаймен қосылып,
Ер қорғанан Махамбет!
Жері үшін туылып,
Ел басқарған Махамбет!
Батыр, аңыз, жауынгер,
Ер тұлғалы Махамбет!
Туылған жоқ әлі күнде, ғасырда,
Арыстандай Махамбет!

Тоқсейтова Маржан Касқырбаевна
 Шымкент қаласы № 46 мектеп -лицей мұғалімі,
 педагог-зерттеуші
Есіркеп Қарақат Ғабитқызы 5-сынып оқушысы




Әлем балалар көзімен

Бізді қоршаған ортамыз – әлем. Әлем – адамдармен, табиғатпен, болашақпен, болып жатқан үдірістермен қоршалған шексіз тіршілік. Ал балалар қоршалған әлемнің болашағы. Себебі біздің болашақ уақытымыз, кішкентай балалық шағымыздан басталады. Біз кішкентай кезімізден бастап алғаш ашқан көзіміз ең біріншіден тіршілікті көреді. Ал кейінен не болып жатқанын түсіне бастаймыз. Дәл қазіргі таңда біз осы әлемнің болашағымыз, яғни баларымыз.

Біз

қоршалған әлемде көптеген қызықты оқиғалармен, сәттермен, тіршіліктің көркін көре отырып есте сақтаймыз. Себебі әр бір қызықты сәттер біздің балалық шағымыздың қайталанбас ғажаптары. Қазіргі заманда барлық балалар бақытты, әрі әлемді ашық көреді. Себебі әр бір баланың өзінің өмірі, отбасы, болашағы бар. Ал егер әлемді ашық көреді дейтін болсақ, шынымен де солай көреді. Себебі барлық ғаламторлар, гаджеттер мен электронды жүйелер кеңінен іске қосылған. Сол себепті балалар әлемді ашығырақ таниды. Қазіргі әлем балалар көзімен бақытпен көрікке толы. Біздің көзімізбен мына әлем басқаша, яғни ғажапты.

- Бізді қоршап тұрған шексіз тіршілік; (Әлем)
- Қоршалған әлемнің болашағы; (Балалар)
- Біз көретін он екі мүшеміздің бірі; (Көз)
- Мәтіннің сипаттау түрінің бірі; (Ғажап)




Егерде сөздерді ретімен қоятын болсақ менде кішігірім тақырыбыма байланысты сөздер шығады. Ал, енді қорытынды шешімге келетін болсақ әр бір бала әлемнің ғажабы. Біз әлем көркін толықтырушыларымыз. Сондықтан балалар үшін, олардың болашағы үшін ізетті өмір сүруге тырысайық!



Тажобаева Кульжазира Асатуллаевна
Шымкент қаласы, Молда Мұса атындағы
№5 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы



Ишмурзина Алия Равильевна 9-сынып оқушысы



Тігінен:

1. Шәкәрім Құдайберді кім?
2. Шәкәрімнің жұбайының есімі
3. Шәкәрімнің әндерінің бірінің атауы
4. Анасының есімі
5. А.С. Пушкиннің қай шығармасын қазақ тіліне аударды?
6. Ақынның шын есімі
7. Дидактикалық өлең-жырларының бірі

Көлденеңінен:

1. Шәкәрімнің үлкен ұлы
2. Дидактикалық өлең жырларының бірі
3. Шәкәрім әндерінің жанашыр орындаушысы
4. Өнер-білімге үндейтін өлеңі
5. Жазушының замандасы, әрі інісі
6. Шәкәрім неше жасында ауыл молдасына оқуға берілді ?
7. Екінші жары Айғаншадан туған ұлының бірінің есімі
8. Шәкәрімнің жетік білген тілдерінің бірі
9. Шәкәрімнің «Кісіге адамшылық неге керек?» деп басталатын өлең

атауы

10.Жазушы қай айда туылған?

11.Шәкәрімнің бүркеншік есімі

12.Ғұмыр бойы жазушы өзін қай орыс жазушысының шәкіртімін деп санады?

13.Шәкәрімнің руы

Жауаптары**Тігінен:**

1. Жазушы
2. Мәуен
3. Көңіл
4. Дәметкен
5. Боран
6. Шаһкәрім
7. Өмір

Көлденеңінен:

1. Қапыр
2. «Құмарлық»
3. Келденбай
4. «Жастарға»
5. Абай
6. Бес
7. Жебірейіл
8. Араб
9. «Адамшылық»

10.Шілде

11.Мұтылған

12.Толстой

13.Арғын



Әлем балалар көзімен

Мен бүгін сіздерге балалар әлемді, өзінің өмірін яғни қоршаған ортасын қалай түсінетінін, көретіні туралы айтып беремін. Біз әртүрлі қиялдарға, кинофильмдерге, мультфильмдерге сенетін кішкентай адамбыз. Сол үшін біз өмірімізді қауіпті, қиялдарға толы болып елестетеміз. Себебі біз көретін мультфильмдерде әлем қиялға толы, адамдар ұша алатын күштері тіпті көп болатын, тоқ шығара алатын, жансыз заттар, жануарлар сөйлей алатын қылып көрсетеді. Біздің кішкентай мыйымыз көрсеткен нәрсені қабылдап, шын өміріміздеде тура осындай болады деп ойлайды. Бірақ біз қазір есейіп, көбісіне қатты сенбейміз.

Қоршаған ортаға келетін болсақ. Бізді заттар, адамдар, жануарлар, өсімдіктер қорғайды. Қазіргі заманда адамдар жаман, жалқау, еріншек, қатал болып бара жатыр. Ал, жануарлар мен өсімдіктер азайып бара жатыр. Себебі адамдар жануарларды өлтіріп, өсімдіктерді кесіп, табиғатты қорлап, әр жерге қоқыс тастайды. Тағы қазір табиғи апаттар да көбейіп кеткен. Мысалы жер сілкінісі, орманда өрт болуы, найзағайдың ұруы, цунами және т.б табиғи апаттардан сақ болып өсімдіктерді, жануарларды өлтірмей, қоқыс тастамай, жалқаулықты тастау керек.

Мен мысалы өзімнің өмірімді жақсы жақтарымен елестеткім келеді. Бірақ қазір қымбатшылық көбейіп кеткен, адамдардың бір-біріне деген мейірімділігі, жомарттығы, адамгершілігі жойылып бара жатыр. Осы қоғамдағы нәрселер мені қатты ойландырады. Бәрібірде мен адамдардың осыған тән қасиеттері жақсы жағына өзгертініне сенемін. Бірінші біздің айналамыз өзгеру үшін, өзіміз өзгеруіміз қажет.



Назарова Жаннат Тлеукуловна
Шымкент қаласы білім басқармасының
«№28 жалпы орта білім беретін мектебі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі
Еркінбек Ернар Нұрланұлы 8- сынып оқушысы



Байтимова Жадыра Рысланкулқызы
Шымкент қаласы Ә.Ахметов атындағы
№61 жалпы орта білім беретін мектеп
мұғалімі, педагог -зерттеуші
Көптай Назгүл Нұралықызы
8-сынып оқушысы



Арнұрдың ерлігі (ертегі)

Ғасырды ғасырға жалғап, тарихта аты қалған талай батырлардың ерлігінің арқасында Қазақстан деген тәуелсіз ел дүниеге келіпті. Жер көлемімен әлем бойынша 9-орынды алатын бұл елде талай дарындар дүниеге келеді. Тәуелсіздіктің отыз жылын артқа тастаған Қазақстан алдына үлкен мақсаттар қояды.

Қоғам ішінде мүмкіндік көп екен. Іске жарамды жастарды алға жетелейтін түрлі бастамалар бар екен. Шәкәрім атамыз:

«Адамдық борышын

Халқына еңбек қыл!»—демей ме? Халқына еңбек ететін, еліне қызмет етуді адамдық борышы деп білетін ұлтын сүйер азаматтар қатары көп екен.

Бір күні мектеп оқушыларының көзқарасын білмек мақсатта ұстазы балалардан Қазақстан жайлы көзқарасын сұрайды. Балалардың 90 пайызы оң көзқарасын жаудырыпты. Бірі елді, бірі жерді, енді бірі табиғатты мақтай жөнеліпті. Сонда бір оқушы басын төмен түсіріп: «Мен балалардың пікіріне келіспеймін! Менің көзімде Қазақстан басқашалау... Елде парақорлар бар, жұмыссыз жандар көп, бөлінген қаржылар орнына жете алмай қалып жатқан тұстар да бар. Шұбарланған тіл, түрлі ағымға бөлінген дін, ұмыт болған дәстүрді қалай көрмейсіздер?»—деп көзіне жас алыпты. Осыншама терең ойлы шәкіртінің барына таң болған ұстаз ойланып: «Иә, балалар. Арнұр дұрыс айтады... Бұл қоғамды оң бағытқа бұру біздің қолымызда! Әрқайсымыз өзімізді тәрбиелесек, біз басқаларға әсер етеміз. Біз түзелу арқылы жаңа, жарқын қоғамды құрамыз!»—депті. Ұстаз сөзінен тебіренген шәкірттер салауатты өмір салтын ұстанып, күн сайын мақал айтып жарысып, жырларды жаттапты. Таза қазақ тілінде сөйлеп, шұбарлап сөйлеген оқушы мектеп тазалығына ат салысыпты. Сыныптағы бұл үрдіс басқа сыныпқа, сыныптағы оқушылар арқылы әрбір үйге тарапты. Осылай жүріп аудан мен облысқа Арнұрдың аты шығып, Қазақстандағы барлық мектеп үлгі ретінде осы бастаманы қолға алыпты. Солай жүріп Арнұр мектебін аяқтап, жоғарғы оқу орнына оқуға түседі. Оқудағы құрдастары да таза қазақи жандар болып, бірігіп ел үшін жаңа мақсаттар ойластыруға көшіпті.

Арадан 10 жыл өткенде Қазақстанның халі танымастай өзгеріпті. Елде таза қазақша сөйлейтін, салт-дәстүрін бағалап, қазақылығын даралайтын жандар көбейіпті. Импортпен келген көп тауардың аяқ алысы бәсеңдеп, еліміз өзін барлық затпен қамтамасыз етер шаққа жетіпті. Кітап оқу ас ішкендей әдетке айналып, Роман, Алан, Дария, Мединалардың орнын Шәкәрім, Ыбырай, Абай, Сара, Зерелер басыпты.

Бір Арнұрдың өзгерісі Қазақстанды дамытты. Ал сен өзіңе қандай өзгеріс енгізуді мақсат еттің, қадірлі дос?



Каримова Маржан Тұрсынбекқызы
Шымкент қаласы №60 жалпы орта білім
беретін мектебі қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі
Бектұрсын Кәусар Мұхитқызы
7-сынып оқушысы



Жыл мезгілдері

Ежелгі дәуірде адамдар жылды әртүрлі бөліктерге бөлген. Абай жыл мезгілдеріне байланысты табиғат көріністерін суреттеуді дербес жанр етіп қалыптастырды. Бір жылда төрт мезгіл болады. Әр мезгілдің өзіне тән ерекшеліктері мен әсемдігі болады. Олар қыс, көктем, жаз, күз мезгілдері. Әр мезгілде үш айдан бар. Бірінші мезгіл қыс. Қыста – желтоқсан, қаңтар, ақпан деген айлар бар. Көктем–наурыз, сәуір, мамыр. Жаз–маусым, шілде, тамыз. Ал соңғы мезгіл күз–қыркүйек, қазан, қараша. Қыс суық мезгіл. Қыстың күні бүкіл табиғат жан-жануарлар ұзақ ұйқыға кетеді. Қыс мезгілі жыл он екі ай ішіндегі ең суық кезең. Десе де, қытымыр қыстың өзіне тән әдемілігі бар. Ақ ұлпа қар, ақ қырау мен аяз салған өрнектер табиғаттың нағыз шеберлігі іспетті. Қыстың келуін балалар асыға күтеді. Қыстың таңғы салқын ауасы керемет күйге бөлейді. Қыс мезгілінің тағы бір ерекше көрінісі–қысқа ойындар. Қысқы ойындар өте қызықты, сондықтан балалар қыс мезгілін асыға күтеді. Бірі шанамен сырғанап, бірі аққала жасап, бірі қар атысып ойнаған балаларды көңілді жүздерімен дауыстары ерекше көңіл күй сыйлайды. Қысты асыға күтуіміздің тағы бір себебі жаңа жыл мерекесі. Әсіресе бүлдіршіндер аппақ қардан аққала жасап, шырша безендіріп, аяз ата мен ақшақарды көруге асығады. Барлығы ақ тілектерін білдіріп сыйлықтарын береді. Қуанышы мен қызығы мол қыс мезгілін өте жақсы көреміз.

Көктем – жыл мезгілдерінің бірі. Қыс мезгілінен кейін келетін жазға дейінгі кезең. Көктем мезгілі басқа мезгілдерден өзгеше болып келеді. Көктем мезгілінде табиғат толығымен оянады. Көктем келгенін біз өз отбасымызбен қуана қарсы аламыз. Көктемде құстар өлкемізге ұшып келеді. Біз оларға жем береміз, үйшікте жасап береміз. Жеміс ағаштары гүлдейді және жапырақтары бүршік атады. Айналаға шөп өсіп, жердің беті жасыл кілемге айналады. Айналаны алқызыл жауқазын гүлдерінің иісі бүркеп алады. Көктемде ең бірінші мереке 8 Наурыз күні әйел-қыздар мерекесі деп аталады. Ол күні әжелеріміз, аналармыз, әпке-қарындастарымызды сонымен қатар апайларымыздың да мерекесімен құттықтаймыз. Наурыз мерекесі 22-наурызда аталып өтіледі. Ол күнді әркім өзгеше қарсы алады. Наурыз көже және т.б. ұлттық тағамдар пісіріледі. Түрлі ойын-сауық ұйымдастырылып, ән айтылады, би биленеді. Көктем келе ауа-райы жылынады, жаңбыр жауады, найзағай жарқылдайды. Ауа-райы жылып және көктем соңында ысып та кетеді. Сонымен бірге жазға ұласады. Жаңбыр жауса, кемпірқосақ та түрлі-түсті болып көрінеді. Біз оны қуана тамашалаймыз. Көктемде адамдар бау-бақшасына түрлі-түсті жеміс ағаштары, жұпар иісті гүлдер егеді. Оларға су береді, астын қопсытады. Бұл өсімдіктердің

бәрі су және күн нұрымен өседі. Айналасындағы жаман шөптерден тазартады. Ал дихандар дәнді өсімдіктер егеді. Олар: бидай, арпа және картоп, сәбіз, қызанақ, қияр, орамжапырақ. Оларды өсіріп жетілдіру үшін дихан бабалардың еңбегі мол. Көктемде бізде жеміс ағаштарын егуде ата-анамызға, үлкендерге көмектесеміз.

Жаз келді дегенше, жер көк кілемдей жайқалып, күннің көзі жарқырап шыға келеді. Жаздың алғашқы күні балаларды қорғау күні. Бұл күні балаларға арналған концерттер мен мерекелік бағдарламалар көп болады. Жаз төрт мезгілдің ішіндегі ең ыстық әрі ең көңілді мезгіл. Өйткені оқушылардың барлығы жазғы демалысқа шығып, күніге серуен кешіп, ойын ойнайды. Күн сәулесі адам денесін ысытады. Көп отбасылар енді теңізге барады. Қалың киімдерін салып, жеңіл киімдерін шығарады. Жаз айларында, әсіресе шілде айында шомылуға немесе табиғатқа шығу өте керемет. Ал кейбіреулері болса ұзақ уақытқа апа-аталарына немесе жақын туыстарына барады. Жалпы өзім ұзақ бір сапарға шыққанды ұнатамын. Мен Шымкент қаласының тұрғынымын. Мұнда жаз айлары ыстық болғаны соншалық, бірден қарайып кетесің. Күнұзағына біздер көше бойында футбол, волейбол ойнап кешке дейін жүре береміз. Күннің ыстығынан қорғану үшін көлеңкелер мен өзендерді паналаймыз. Ыстық күнде өзендерде кешке дейін шомылып, күнге күйіп жүреміз. Барша пісіп жатқан табиғи өнімдерді жеп бойымызға витаминдерді қабылдап қыста ауырмаудың амалын жасаймыз. Жаз айларындағы тағы бір ерекшелік, кешкілік кезең қатты ұнайды. Өйткені кешкі масатыдай салқын жел керемет күйге бөлеп, уақыттың қалай зымырап өтіп жатқанын байқамай жүре бересің. Көрші балалармен аулаға ойынға шығып, футбол, волейбол ойындары қызық үстіне қызық бола береді. Жаз айларындағы әрбір күн өте тамаша, дегенмен жыл мезгілдерінің қайсы бірін алсақ та, әр қайсысының орны бөлек, ерекше...

Жаздан кейін желді, жаңбырлы, алай-дүлей күз келеді.

Күз – ол төрт мезгілдің бірі. Күзді төрт мезгілдің ең әдемісі, ең алтыны деп айтуға болады. «Алтыны», – деп айтып отырғаным, ол кезде айналаның бәрі сары түске боялғандай болып көрінеді. Күзде түн ұзарып, күн қысқарады. Күз айлары суық болады. Жиі-жиі жаңбыр жауып тұрады. Күз мезгілін адамның көңіл-күйімен теңестіруге болады. Себебі, күз мезгілі де адамның көңіл-күйі сияқты құбылмалы болып келеді. Әрбір адамның өз табиғатына сай мезгілі болады.

Күздің келгенін ауа-райының бұзылуынан бірден сезіп, білуге болады. Анда-санда таңертең салқын болып қояды. Өткір суық жел арық малды, жұқа киімдіні тондыра бастайды. Жұрт күземін алған, киізін де басып алды. Маса, шыбын, құрт-құмырсқа жоқ болып кетіпті, құстар да жылы жаққа ұша бастады. Қарлығаштар көптен көрінбейді. Аспанда тырнарлар да тізіліп ұшып барады. Күн табиғатты аз жылытып, табиғат қысқы ұйқыға дайындала бастайды. Ағаштағы қурап бара жатқан жапырақтар желдің күшімен жерге түседі. Жапырақтар түстерге өте бай: қызыл, сары, қызғылт. Тура бір жерге алтын кілем төселгендей болады. Кейбір адамдар жеміс-жидектерін жинап жатса, біреулер өз ауласын түскен жапырақтардан тазартуда. Бұл жерден адамдардың қызу еңбек үстінде екенін көреміз. Себебі, диканшылар да егіс даласында дән жинап жатса, ауыл адамдары болса, қысқы отындарын жинауда. Ал жануарларға келетін болсақ,

қоян, қасқыр сияқты жыртқыш жануарлардың жүндері сол уақытта қалың бола бастайды. Құстар жылы жаққа ұшудың қамын ойластырып, дайындалады. Жәндіктер азайып, гүлдер солып қалады. Дегенмен, күздің сұлулығын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Әрбір мезгіл өз ерекшеліктерімен көркемделеді. Осы жерге Абай атамыздың «Күз» өлеңін қосып, кетсем:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай...

Адамдар да күзде қысқа дайындық жасайды. Мен мезгілдердің бәрін бірдей сүйемін. Әр мезгілде айнала түрленіп, кейде жасыл, кейде, әппақ қарға оранып жатады. Десе де, олардың бәрі де өзінше керемет екенін мойындау қажет.



Пралиева Мадина Кенжебековна
Шымкент қаласының білім басқармасы
«№62 Н.Төреқұлов атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі» КММ,
педагог-сарапшы.


Әділхан Салтанат 4-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Әлем-ұшы қиыры жоқ шексіз. Әлем небір ғажайыптарға толы дүние. Қай сырын айсаң да тарихы сыр шертеді. Әлемнің өзені мен көлі, тауы мен тасы, өсімдігі мен жануары осы әлемнің керемет өлшемі. Қазақстанда туып өскен, ауасымен тыныстып, керемет әлемде өмір сүріп жатқан, әрине ол-балалар. Біз, балалар ата-ананың үмітін ақтайтын, елінің қамын ойлайтын, өз еліміздің болашағымыз.

Бүгінді ертеңіне жалғайтын, болашақтың іргетасын қалайтын да балалар. Кез келген атақты ақын да, жазушы да, өнер иесі де бала болды. Солай өсе келе атақты болып, әлемді дамытады.



Шиндалиева Перизат
Шымкент қаласы,
№100 «Жұлдыз» ЖОББМ, педагог -сарапшы
Ислам Айсұлу 8-сынып оқушысы



Ағарып атқан таң бейнесі (шағын әңгіме)

Алмас кішкентайынан ата-анасымен қалада тұратын. Әр жаз сайын ауылға ата-әжесіне барады. Алмас жаз бастала ауылға асығатын. Міне тағы бір оқу жылы аяқталды, әдетінше ауылға асыға жиналды. Ата-анасымен жолға шықты. Ауылға кіре бере Алмас әсем табиғатқа тамсана қарады. Қаланың у-шуынан ауылдың жанға тыныштық сыйлайтын күдіреті бардай. Ата-әжесінің үйіне жете бере Алмастың қуанышында шек болмады, көліктен тез түсіп аулаға жүгіріп кірді. Ата-әжесінің жылы шырай қабақтары мен ыстық құшағы Алмасты қуантты. Ата-анасының жұмыстары болғандықтан қалаға қайтуға мәжбүр. Міне ауылдағы шытырманға толы қызық жаз айы басталды. Алмас ауылға келген сайын көрші досы Арманның қасынан шықпайтын. Екеуі бірге ауыл маңындағы өзенге, жайлауға баратын. Күнде таң ата ерте өзен жағасына барып көкжиекке ұзақ көз жүгіртіп отырады. Себебі сол бір ағарып атқан таңның көркем бейнесіне қанша қарасаң да көзің тоймайды. Арман мен Алмас өзенге баруды әдетке айналдырып алды. Ол туралы өзге балалар естіп қызығып қатарға қосыла бастады. Осылай ауыл балалары таң атарда өзен жағасына барып жиылып әңгіме-дүкен құрады. Әр күні әр бала өздерінің өмірлерінде болған қызық оқиғасын немесе оқыған кітаптарын әңгімелеп береді. Бір күні Алмастың кезегі келді, ол түні бойы ойланып не айтарын іздестірді. Ағарып тағы бір таң атты Алмас әлі ой үстінде, өзен жағасына келді. Атамның үйінде сан түрлі ағаштар бар, атам да үнемі «Бір тал ексең он тал ек» деп жүретін. Біз де дәл солай ағаш

отырғызайық деп ұсыныс білдірді. Балаларда қолпаштап келесі күні бәрі бір-бірден ағаш алып келіп өзен бойына қаз қатар отырғызып қойды. Осылай талай күндер артта қалды. Атасы Алмасты ертіп жайлауға барды ауылды жақсылап таныстырды. Бір күні таң атпас бұрын атасы Алмасты оятып орманнан отын әкелеміз деп орманға ертіп әкетті. Орманның бел ортасына келгенде өзенге шағылыса ұясынан жадырап шығып жатқан күн Алмастың бар көңілін аударды. Осы таңғажайып бейнеге қарасақ ағарып атқан күн, мөп-мөлдір өзен суы, жасыл-желекке оранған орман, өзен бойында самсап тұрған қамыстар бір-бірімен үйлесім тауып тұр. Ауыл деген керемет қой шіркін таза ауа, көрікті табиғат. Ауылда денсаулыққа пайдалы дәрумендер өте көп. Жаз айының қақ ортасы жеміс-жидектердің пісіп тұрған кезі кеш бата Алмас тысқа шығып бақшаға ұзақ қарап отырды, атасы жанына келіп өз ақылын айтты. Өмірде көп-қиындық кездеседі оған мойымау қажет, әрдайым қандай сынақ болмасын жадырап жүруге тырысу керек. Себебі өмір бір-ақ рет беріледі, оны қызықты әрі пайдалы өткізе білу дұрыс.

Еңбекқор болып, еңбек етуден еш қашпай халқыңа пайдаңды тигізіп болашақта атың тарихта қалатындай әрекет жасау керек. Адам емес, мәңгі өлмейтін – атағы, өмірбақи жасайды ғой, ол тағы деген екен бабаларымыз. Естідім сендердің өзен жағасына ағаш еккендеріңді, бұл өте игі іс жарайсың балам! Бірақ ағашқа да күтім қажет, жаңа өмір сыйлаған соң жауапкершілік танытып күтіп-баптау міндет деді атасы. Алмас күндегідей өзеннің жағасына барып ағашқа су құйып, жан-жағындағы қоқыстардан арылтты.

Міне, күндер өтіп сарғайып алтын күз де келді. Алмас ауылды қимай қалаға кетті. Қалада пәтерде тұрғандықтан ауылдағыдай бау-бақша жоқ ауылды қатты сағынды. Ол керемет суретші еді, атасы екеуінің орманға барғандағы көрген кескінін ақ қағаз бетіне бейнеледі, күнде мектептен келген соң ауылдың сұлу табиғатының суретін салумен айналысатын болды. Мектептегі жағдайларға байланысты осы оқу жылында ауылға бара алмайтын болды. Арада екі жыл уақыт өтті Алмас ауылды сағынғаны сонша ата-анасы ауылға барамыз деп айта сала көзді ашып жұмғанша дайын болып шықты. Ауылға жеткен соң құлағына сайраған бұлбұлдың, өзен ағысының әсем үні Алмастың бар сағынышын бір сәтке басқандай. Ата-әжесімен сәлемдесіп өзенге қарай беттеді, өзенге жеткен соң өзі еккен ағаштарды көріп тұра қалды. Олар құлпырып өсіпті. Ауылда қалып таң ата өзенге барып ауылдың ағарып атқан таң бейнесіне көзі тоймай қарады...



Бекетова Гульнара
Шымкент қаласы, №100 «Жұлдыз»
ЖОББМ,
педагог –сарапшы



Серыкбай Казына 7-сынып оқушысы



Алибекова Бахытгуль
Шымкент қаласы,
№100 «Жұлдыз» ЖОББМ
педагог -зерттеуші
Құттыбай Көркем 7-сынып оқушысы



**Әлем балалар көзімен
Ертегі**

Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде алыс-алыс жерлерде, Қарасары елінде ақ жаулықты Қаракөз атты ана өмір сүріпті. Ол әженің өте тапқыр Бике деген қызы бар екен. Қызының жалғыз арманы болған екен. Ол арманы «Болашаққа апаратын машина жасау» екен. Ал ол арманын қыздың анасы орындаған екен. Қыз сол машинаны сынау мақсатында болашаққа саяхаттамақшы. Кенеттен, ол машина істен шығып қызды белгісіз бір елге алып келеді. Ол елдің аты Әлем екен. Ал ол елдің бір қызығы онда барлық дүние сиқырлы болғанында. Сиқырлы ағаштардың ән салуы, сиқырлы орындықтардың жүруі, тиіндер мен қалпақтардың қызықты ойын ойнауы. Олар Бикеге мүлде назар аударып тұрғанда жоқ. Бике таң қалады, бірақ қорқынышы басымырақ. Себебі, Бике бұндай жерді алғаш көруі. Ол өте ұзақ жүріп сол Әлем елінің сиқыршысы Диноға кезігеді. Дино қызды көріп мүлде таң қалмайды, бірақ Бике қорқып кетеді. Сонда Дино қызға:

-Сәлем, менің есімім Дино.

-Көріп тұрғаныңдай бұл жерде сиқыр билеген. Мен сені сиқырлы кесемнен көріп, бірден осында сиқырмен алып келдім. Бірақ сен маған ренжіме.

Сонда Бике Диноға:

-Сәлем танысқанымға қуаныштымын. Мен Бикемін.

-Иә, бұл жердің сиқырлы екеніне жолай көзім жетті. Менің елімде өзі жиналатын үй, қалпақ пен жасырынбақ ойнайтын тиіндер, өздерін қызылға бояп жатқан шөптерді біздің елден мүлде кормеппін. Бірақ менде бір сұрақ туындап тұр. Мен болашағымыз қандай болатынын көру үшін болашақ машинесіне отырған едім, бірақ сен мені неге осында алып келдің?

-Менің ішім пысып кетті, мұнда мені мен шер тарқасатын бір жан жоқ, бірақ сені менің кесем көріп бірден маған айтты. Мен бұл мүмкіндіктен айырылып қалғым келген жоқ. Негізінен менің мақсатым балалар әлемді қалай көретінін білгім келеді. Сонда мен сиқырыммен сендердің елдеріңе барып балаларға сиқыр жасайтын едім. Бірақ маған әлем балалар көзімен қандай екендігі керек. Мен мына сиқырлы елден қатты жалығып кеттім.

-Дино сен мүлде уайымдама, мен саған әлем балалар көзімен қандай болатынын суреттеп беремін. Әлем негізі ересектер үшін өте басқаша, сұп-сұр секілді көрінеді. Бірақ әлем балалар үшін мына жер секілді таңғажайып. Барлығы сиқырлы секілді. Сол үшін де ғой балалар барлық затты ұстағысы келіп тұрады.

-Бике, сен тоқтамай айта бер. Менің құлағым тек сенде.

-Жарайды, Дино, сен айт десең айтайын және де әлем балалар үшін түрлі түске боялғандай, дәл кемпірқосақ секілді. Әлем әділ, барлығы бір-біріне шуағын шашып жүргендей. Өттең сол әлем балалардың ойындағыдай, шын мәнінде де солай болса ғой. Бірақ, адамдар бір-біріне шуағын шаша бермейді, әділетсіздік те бар. Сол балалар тәттіні жақсы көретіні сонша әлемді де бал көреді. Дино сен сұраған «Әлем балалар көзімен» деген сиқырыңа азда болса көмегім тиді ме?

-Бике, мен сенің сөздеріңнен қандай шабыт алып, көптеген сиқыр ойластырып қойғанымды білсең ғой. Саған көп-көп рахмет! Енді сен мені өз еліңде күт, мен көптеген сиқырларыммен келемін.

-Дино менің бір өтінішім бар, маған сиқырлы кесеңнен болашақты көрсете аласың ба?

-Бике бұл не дегенің әрине көрсетемін.

Дино қыздың тілегін орындау үшін Сиқарлы кесесіне барып: «Сиқарлы кесем көрсетші, мына қызға көрсетші, мына маған көрсетші болашақ деген не екен, оны өзіңнен көрсетші! Ахалай, Махалай, Эскарберо Керамеро ухх суф»

Сонда кесе: Үлкен зәулім үйлер, ұшып жүрген көліктер, толған роботтар, дамыған технологияны көрсетеді.

Бике бұл бейнені көріп қуанышында шек болмайды. Ол Диноға алғысын жаудырып былай дейді: Дино саған үлкен рахмет! Менің көргім келген болашақ дәл осындай еді. Қуанышымды сөзбен айтып жеткізе алмаспын.

-Бике маған алғыс айтудың қажеті жоқ, сенің де маған берген көмегің аз емес. Бірақ өкінішке орай мен сенің мұнда көрген барлық затыңды, екеуіміздің әңгімеміз өз еліңе барғанда бірден есінде болмайды. Бұл біздің елдің заңы. Сен болашаққа барып келгендей сезім қалады, тек осы нәрсені ғана көргендей боласың. Менің сенімен қоштасар уақытым келген секілді. Себебі, болашаққа апаратын машина, болашаққа тек екі сағатқа ғана жібереді.

-Жарайды, Дино мен барлығын түсіндім. Бірақ сен біздің елге міндетті түрде кел. Жарайды, қош сау бол, Дино досым!

Осымен Дино бір айдан соң Қарасары еліне барып сол елдің балаларына өз сиқырын көрсетеді. Ал Бике болған оқиғаны еліне жеткенде ұмытып қалады.

Бике әлем балалар көзімен қандай екенін Диноға, барлық бала қалай көретіні жайлы баяндап берді. Әлем балалар көзімен – таңғажайып, сиқырға толы ғалам.

Шымкент қаласы,
№100 «Жұлдыз» ЖОББМ

Ислам Айғаным 7-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Әлем бұл бір өте кең әрі үлкен түсінік. Осы бір үлкен әлемді әр бала түрліше көреді. Адам баласының жасы ұлғайған сайын өмірден көптеген қиыншылықтар көреді. Әлемді балалар жақсылықтан құралған деп ойлайды алайда, өсе келе оның жалған екенін түсінеді. Балалық шақта бәрі шынайы деп ойлайды. Кейінірек оның барлығы жалған екендігін біледі. Ең бақытты сәт ол балалық шақ. Балалықпен істеген қателіктер кейіннен жақсылыққа өзгереді. Балалардың көбісі бұл бақытты сәттерді елемейді. Балалардың әр сәті қуаныш алайда, бұл керемет сәтті көре алмай жүрген балалар қаншама. Әр адам бала кезінде көп армандайды бірақ өсе келе ол армандарын орындау өте қиын екенін

түсінеді. Әлем-бұл бізге беймәлім орта. Сәби болып дүние есігін ашқан сәттен бастап біз қоршаған ортаның әрбір іс-әрекетін қасиетін сеземіз. Біреуге қызық болған әлем біреуге қызықсыз. Біз ойлау қабілетіміз дамыған сайын әртүрлі пікірде боламыз. Сондықтан балалар әлем туралы түрліше ойда болады, кейбір балалар өмірді жарқын, әдемі түрде көреді себебі олар бұл өмірдің мәнін жақсы түсінгендер. Ал әлемді бояусыз гүлдей көретін балалар өмірдің мәнін таппағандар. Әлемде орын алған кез-келген оқиға балаларға әсер етеді. Әлемді гүлдендіріп тұрған адамзаттың шексіз қиялы мен арманы.

Әлемде көп сынақтар кездеседі бірақ оларға сынбау, мойымау керек.

Айтып өткендей әр бала әр түрлі жағдайда әлемді сан түрлі көреді, сан түрлі пікірде болады. Балалардың бақытты ұсақ-түйек заттардан да көре алады. Бірақ дәл қазыргі уақытта өзінің ең керемет уақыты балалық шақты көре алмай жатқан балалар қаншама. Мысалы Түркияда болған жер сілкінісі, Палестина мен Израильдегі соғыс одан бөлек жақындарынан айрылған қаншама балалар... Осындай жағдайда олардың ішкі сезімін жүрек сырын түсінбейміз. Қазақ халқында осындай жағдайлар көп орын алған. Жетімдер туралы қалам тартқан – Мұхтар Әуезов, Оралхан Бөкей, Сайын Мұратбеков, Бердібек Соқпақбаев сынды жазушыларымыз олардың ішкі толғанысын айқын танытты. Осындай балалар әлемде миллиондаған адамзат болса да өздерін жалғыз сезінеді, өздерін қанатсыз құстай көреді. Мына әлемде ештеңеге қызықпайды. Міне осылай әлемді жалған санайды.

Қазіргі таңда көптеген мемлекетте соғыс болып жатқандығы. Сол мемлекеттегі балалар өмірді әділетсіз, қатал етіп көреді. Сол соғыстың зардабынан қаншама балалар өмірдің қызығын көре алмады. Яғни, ол балалардың бар арманы ата -анасымен амандықта кездесу, бейбіт мемлекетте өмір сүру. Бұл жағдайлырға балалардың түк кінәсы жоқ. Осы жағдайлардан баланың ойлау қабілеті өзгеріп баланың миында шектеу қалыптасады.

Ал біздің екінші кейіпкерлеріміз әлем сырын түсінген жандар. Олар әлемді жайнаған жапырақтай әсем көреді. Олар бейбіт елде өмір сүрген, ата-анасының ыстық махаббатын сезінген, арман-мақсаты бар батыл жандар.

Менің ойымша кез-келген адам қандай сынақ келмесін әлемді жарқын көру қажет. Себебі өмір бір рет беріледі, әлемді тек бірақ рет көреміз. Адамзатты алға жетелейтін арман сол бір арманға жету үшін көп қиындықты еңсереміз.

Әлем балалар көзімен әрқашанда жарқын әсем болсын!

«Әлем – дарқан, саяландар, бәріңе де орын бар»,—деген Мұқағали Мақатаев.

Бұл әлем әр жағдайда әртүрлі әсер алып келеді. Бірде қуанып ал бірде қайғырып. Бұның бәрі өмірдің заңдылығы. Өмір ақпен қарадан тұрады. Әр адам бақытты болуға лайық. Ең бастысы балалық шақты керемет, есте қаларлықтай өткізу қажет. Қиыншылықта күн сулесі жарқырап жайнап, шығатын жолды көрсетеді. Қандай да бір қиыншылық болғанда күн өзінің жарық саулесін шашып, шығатынын ұмытпау қажет.

Балалардың бақытты болуына себепкер болайық!



Махтбекова Назым Абдыгалимовна
Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы
«Ортадересін жалпы білім беретін
мектебі» КММ Педагог-модератор



Елеусіз Бақтияр Кемелұлы
сынып оқушысы

Ата-ана үмітін ақтайық

Ата-ана – отбасының тірегі. Баланың қамқоршысы, болашағына алаңдайтын, жаны ашитын жақын адамдарымыз ата-аналар деп барлық балалар қуана айта алады. Балалары үшін отқа да, суға түседі. Ауырсақ емдейді, құласақ тұрғызады, қисайсақ сүйейді. Ата-аналарымыз бізді өмірге әкелгеннен бастап, бар жақсысын беріп, аялап өсіруге бар күш-жігерлерін салады. Анамыз түн ұйқысын төрт бөліп, тамақтандырып, бесігімізді тербетеді. Әкеміз отбасын асырап, балам ішсін, жесін деп күндіз-түні демалмай жұмыс жасайды. Сонымен қатар балам жақсы адам болып өссін деп, жақсы тәлім-тәрбие беруге барларын салады. Балаларын саналы, ақылды, білімді бала болсын деп, мектеп қабырғасына жетектеп апарып, білім алсын деп ұстаз қолына тапсырады. Үйде ата-ана тәрбиесін көріп өсек, мектепте ұстаз тәрбиесімен білімін аламыз.

Мектепте ұстаз берген білімді үйде ата-ана қайталатып, үйге берген тапсырмаларды орындатуға күш-жігерлерін салады. Жұмыстарынан шаршап келген ата-ана ешқашан шаршап тұрмын деп шағым айтпайды. Балаға көңіл бөліп, сабағын оқытып, тамақтарын әзірлеп, балаларының бар жағдайларын жасап жүреді. Бар алтын уақыттарымен өмірлерін балаларына арнайды. Баласы ауырса алаңдайды. Қуанса, күлсе ата-ана баласымен бірге қуанады. Бала алдында ата-ана ешқашанда өзінің көңілсіздігін көрсетпейді. Ата-анамыз ауырып тұрса да, бізге көңілдерін бөліп, бар ықыластарын білдіріп жатады. Ата-анамыз дәмді тамақты алдымен балалары біздің аузымызға тосады. Балаларының жегеніне қарап, ата-анамыздың қарны тояды. Өздерінің киімдері тозса да, бала кисін, ішсін деп өмір кешеді. Ата-аналарымыздың ойындағы ойлайтыны, жақсы тілек тілесе де, армандаса да, барлық ойларында, саналарында біздер жүреміз. Баланың қуанышымен үлкен белеске шығуы ата-ананың армандарының орындалғаны болып саналады. Осындай жаны жайсаң, балаға жаны ең жақын адамдар ата-аналар деп сыныптастарыммен достарыма айқайлап айта түскім келеді. Ата-анадан жақын сырлас, жанашыр жоқ екенін барлық балалар түсінсе деймін.

Енді осындай ата-ананың баласы қандай болу керек деп өз-өзіме сұрақ қойсам, айтар жауабым ұшан-теңіз болмақ. Ата-анасы болашағынан үміт күтер балалар тәртіпті, үлгілі оқушы, ақылды болса деп айта түскім келеді. Менің

балам деп, мақтанып айтар бала болуымыз керек. Ол үшін ең алдымен үлкенді сыйлап, кішіге қамқор, ата-анаға тіреу болып, көз қуаныштары болуымыз керек. Ата-ананың айтқан сөзін екі етпей орындасақ еш жамандық көрмейміз. Жаманнан жирендіріп, жақсыға үйрететін ата-ана екенін мойындауымыз керек болар. Ұстаз қолына сеніп тапсырған ата-ананың бір тілегі ғана бар. Ол балаларының хат танып, сауат ашып, білімді азамат болуы. Осы армандарын орындау үшін бар күш-жігеріміз бен алтын уақытымызды білімге арнау арқылы ата-ананың арманын орындай аламыз. Бір жағынан білімді оқушы болып шығамыз. Білімді оқушы жан-жағына сыйлы, ата-ананың мақтанышы, достарының алды болады. Ата-анамыздың үмітінің ақталғанының бір бөлшегі осы болмақ. Мектептен жақсы баға алып, үйге құстай ұшып барып ата-анамызға көрсетсек, мақтаныштан көңілдері көтеріліп қалып жатады. Үйге келген туған-туысқандарымызға көрсетіп, мақтанып жатады. Сол мақтаныш сәтімен, ата-анамның көздерінен жалындаған ұшқынды көргенде күнде жақсы баға алып, тәрбиелі де, білімді оқушы болуыма барымызды салуға тырысамыз. «Менің балам мектепте жақсы оқиды»-деп, жан-жағына мақтанып жататын ата-аналарымыздың қадіріне жетіп жатырмыз ба?

Иә, бұл сұрақты сыныптастарыммен достарыма қойған болатынмын. Көбісі ойланып, тосылып қалып жатты. Өйткені еркелікпен қыңырлыққа салып, кейбір балалар ата-анасының қадірі мен жақсылығын түсінбей жатады. Жұмсаса бармайды. Сөз қайтарады. Жүре тыңдайды. Сыртқа шықса ескертпей кетіп жатады. Ал, ата- ана баласына алаңдаймын деп тамақта ішпей, көзде ілмей, көңілдері жай таппайды. Баланың бар ойы далада болады. Бұл әрине дұрыс іс емес. Баратын жерін айтып ескертіп кету баланың басты парызы болуы керек.

Ата-анамен баланың ортасында көрінбейтін жіп бар сияқты болып тұрады. Бір-бірінсіз өмірдің мәні жоқ сияқты. Сондықтанда менің қазіргі басты арманым ата-анамның үмітін ақтау. Аттарына кір келтірмей, мақтанатын бала яғни нағыз адам болғым келеді. Ата-анасын сыйламаған, тыңдамаған балалардың жолы ашық болмайды. Жаман жолға түсіп, ата-ана тәрбиесін алмай, жаман достар тауып кетеді. Уақыттарын керексіз, жағымсыз жаман істерге арнап, жаман жолдарға түсіп кетіп жатады. Ата-анасы уайымдап денсаулықтарынан айырылып жатады. Асырап, баққан баласы жаман жолға түсіп кетуі ата-ана үшін үлкен соққы. Теледидардан түрлі басылымдардан ата-анасын қарттар үйіне өткізіп жіберіп жатқан адмадарды көреміз. Қартайғанда ата-аналарының көңілі түсіп, терезеге қарап отырған суреттерінде, өздерінде көріп жүрміз. Бұл дұрыс іс емес. Ата-ана баласының яғни біздің еркелігімізді көтеріп, өзімізді жетектеп, бағып-қаққанына біздер балалары қарызбыз. Үміттерін ақтауымыз керек. Жүздерінен қуаныштың нұрын көруіміз керек. Ал, сол қуанышты кейбір адамдар көруге асықпайды. Өзінің өмірдегі ең қымбат жандары ата-аналарын бағудан қашады. Қартайып өздеріне қарай алмайтын шамалары болмай жатса, ұрсады, жекиді. Өмірде, кинолардан көрсек, ата-анасыны бір қателік жасаса ұрсып, күш қолдануға дейін барып жатады. Күші кеткен қарттық кезінде тезірек құтылуға асығады.

Осындай бір көріністі бір кинодан көрген жайым бар еді. Ата-анаммен бірлесіп көрдім. Кино басталарда өмірден алынған деген сөзді оқыдым.

Қартайған әкесінің қылығына шыдамай, құтылу мақсатында қарттар үйіне апарып тастайды. Сол апара жатқан жолда, балам көлікті жай айда, бір жерің жарақаттанар деп әкесі шыр-пыр болады. Бірақ баласы апарып тастап, артына да қарамастан кетіп қалады. Сонда әкесі: баламды көре алмай сағынатын болдым-ау- деп жылайды. Осы тұста менің көзімнен жас шығып кетті. Ата-анама көрсетпей сүртіп алдым. Ата-анама қарап отырып, іштей ата-анамды ешқайда тастамаймын деп өз-өзіме серт бердім. Осындай адамадардың бар екеніне таң қалдым. Одан кейінгі кинода көрсетілмеген көріністі көз алдыма келтірдім. Әкесі терезеге қарап, баласын тосып отырғандай болды. Ол адамның әрі қарай көңілді болып өмір сүретініне таң қалдым. Өйткені ата-анамның осындай адамдардың бар екен деген сөздерін естіп, көңілім түсті. Ата-анамды құшақтап, мауқымды басып, қартайған шақтарында қамқор болуға өзіме серт бердім. Өйткені ата-анамнан артық маған жаны ашитын, алаңдайтын адам жоқ. Ең бірінші ата-анамды қуанту үшін міндетті түрде сабақты жақсы бағаға оқуым керек. Ата-анамның берген тәрбиесін елге жақсы жағынан көрсетуім керек. Жақсы балалармен дос болсам, болашақта жақсы адам боламын деп көп ойлаймын. Ұстазымызда мектепте ата-ананы сыйлау, үміттерін ақтау жайлы айтып отырады. Балаларға осы тақырыпта көп жұмыстардың түрлерін орындатады. Сол арқылы балалар біздер ата-ананы құрметтеуді, шексіз сүюді білеміз.

Ата-ананың үмітін ақтауым керек. Сол үшін ең алдымен сабақты жақсыға оқып, жалқау болмай, елгезек бала болуым керек. Үлкендерге көмектесу арқылы жақсы сөздер естіп жатамын. «Ата-анасы жақсы тәрбие беріп жатыр екен мына балаға» -деген жылы сөздерді естігенде ата-анамды қатты жақсы көріп кетемін. Осындай жақсы адамдардың ата-анамның болғанына қуанамын. Күнде үйде жақсы оқуым керектігін, жақсы адам болуымды айтып отырады. Менің ойымнан сол сөздер кетпейды. Жақсы оқушы болуымның да себебі осы шығар. Өскенде ата-анамның үмітін ақтау үшін жақсы адам болуым керек деп ойлаймын. Сол үшін ата-анамның мені айтып мақатанып, қуанып отырғанын көз алдыма елестетемін. Адамдарға ата-аналарыңды құрметтендер, сыйлаңдар деп айтқым келеді. Үміттерін ақтау арқылы ата-анамызды қуанта аламыз. Арманым көп. Сол армандардың ең алдында ата-ананың үмітін ақтау тұр деп ойлаймын. Бұл жазылған сөздердің барлығы барлық балалардың ойында тұру керек. Ата-анасын қадірлеп, жақсы көрсе барлығы да жақсы болады. Мен көрген кинодағыдай ата-анасын тастап кеткен адамдар азаяды. Жоқ болуы да мүмкін.

Ата-анамызға арналған шығармамды қортындылайын. Ата-анамызды құрметтейік. Айтқан сөздерін тыңдап, ата-анамыздың мақтан тұтар баласы болайық. Ата-анама арнаған шығармамды өлең жолдарымен аяқтағым келеді. Қабыл алыңыздар!

Ата-анам менің ардақты.

Сөздері де салмақты.

Мақтанамын сіздермен

Жақсы адамдар жан-жақты!
Ақыл айтса тыңдаймын.
Жұмсаса еш тынбаймын
Жақсы көрем сіздерді
Жаман жолға бармаймын.

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы
Нарманбет ауылы М.Ержанов атындағы
ЖББ мектебі
Исабекова Аида 6-сынып оқушысы

Туған жер

Сені қосқан талай ақын жырларына,
Сені қостым талай жазған жырларыма.
Туған жерім ,кең байтағым -Қазақстан,
Мақтанамын сендей жерде туғаным.

Әсем, сұлу жерлері бар , көркемдей,
Қандай жер бар қасиетті өзіндей.
Сендей жерді, таба алмаймын ешқашан,
Асан қайғы Жерұйықты іздегендей.

Табиғаты қандай ғажап жерімнің!
Сұлулығы қандай әсем елімнің.
Әр тасына , әр шөбіне тамсанып,
Қуанамын жердің барын өзіндей.

Қарағойшина Лида Мағзомқызы
Бөрлі ауданы, Қарағанды МББК КММ,
Қарағанды МББК қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жұма Еркеназ 7- сынып оқушысы



Мақтан етем елімді

Тәуелсіз ел -арым менен намысым,
Тәуелсіз ел-балаң жүрек қағысым.
Тәуелсіз ел-тік ұстаған көк туым,
Тәуелсіз ел-абыройлы арысым.


Осы елді мақтан етіп келемін,
Болашаққа үмітпенен сенемін.
Талай қиын кезең өтті басыңнан,
Енді сенің құламасын кемерің.



Абишева Айнаш Абаевна
Солтүстік Қазақстан
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан
«Новоселов орта мектебі» КММ
Педагог-зерттеуші
Кайыржан Батыр



КРОССВОРД



1. Шәкәрім Құдайбердіұлы қай ауданда туған? (Кеңбұлақ)
2. Шәкәрім Құдайбердіұлы қандай аспапта ойнаған (Гармон)
3. Шәкәрім Құдайбердіұлының әйелі кім? (Мәуен)
4. Ш.Құдайбердіұлы қандай тілді жақсы білген? (Парсы)
5. А.С Пушкиннің қандай өлеңін аударды? (Дубровский)
6. Ш.Құдайбердіұлының 1912 жылы шыққан өлеңдер жинағы. (Қазақ айнасы)
7. Абай Құнанбайұлының шын есімі? (Ибраһим)
8. Ш.Құдайбердіұлының анасы кім? (Төлебике)
9. Ш.Құдайбердіұлы кім? (Философ)
10. Ш.Құдайбердіұлының руы қандай (Арғын)



Файзрахманова Назира Дуйсенбиевна
Шығыс-Казахстан облысы
Өскемен қаласы ІТ мектеп-лицей
Педагог-зерттеуші
Толехан Ерасыл 5-сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Бір кездері Аня есімді қыз болған. Аня табиғаты әдемі қоршалған шағын қалада тұрды.

Аня таңертең сыртқа шыққанда күн сайын күннің алғашқы сәулелерімен жарқыраған жаңа әлемге қызығушылықпен қарады. Ол үшін әлем ересектерге қарағанда әлдеқайда жарқын және түрлі-түсті болды. Ол шалғында гүлдейтін кішкентай гүлдерді көрді және олардың барлығының аттарын білді. Ол аулада жапырақтармен ойнап, оларға құпияларды сыбырлап жатқан желді байқады. Ол құстардың әнін естіді және олардың әрқайсысының дауысы керемет әуен сияқты естілді.

Бір кеште Аня аспанға қарап, жұлдыздарға ұзақ қарап күлімсіреді. Олар өздерінің керемет сұлулығымен жарқырады. Ол жұлдыздар түнгі аспанда билеп, оны сиқырға толтыратын от шыбындарды елестететін еді. Аня осы жұлдыздардың астында тұрып айтылған кез келген тілек міндетті түрде орындалады деп сенді. Балалардың айналасындағы барлық нәрселердің сұлулығы мен сиқырлы үнді еститін, ажырататын таңғажайып сезімдері бар. Олар ересектер байқамайтын нәрсені көре алады. Қарапайым нәрселерде жасырылған кішкентай ғажайыптарды көре алады. Дәл осы жерде «Әлемнің балалардың көзімен» көретін құпиясы жатыр.

Аня ата-анасына өзінің шытырман оқиғалары туралы айтып берді. Ата-анасы қыздарының әлем туралы бақылаулары мен біліміне таң қалды. Олар Аняның әңгімелерін қуана тыңдап, онымен бірге қуанды.

Балалардың көзімен әлем – бұл бізді күн сайын қоршап тұрған барлық кішкентай қиындықтар мен сұлулықты байқауды үйренсек, көруге болатын әдемі ертегі. Үлкендер де балалар сияқты әр нәрсеге таңданыспен қарап, әлемнен ләззат алуды білгенде, оны мүлдем жаңа жағынан көре бастайды. Сонда өмір ғажайыптар мен қуанышқа толы болады.




Аздарханова Гульмира Мураткановна
Восточно-Казахстанская область
г. Усть-Каменогорск КГУ «Областная
специализированная IT-школа-лицей»
Педагог-эксперт
Амангелді Асанали 8-сынып
оқушысы



МОЙ КАЗАХСТАН

Разгадай кроссворд.

11



По горизонтали: 1. Независимость, отсутствие стеснений и ограничений. 4. Третья от Солнца планета, вращающаяся вокруг своей оси и вокруг Солнца. 5. Город области Абай. 9. Лидер партии

«Алаш». 10. Казахский поэт, писатель, переводчик, композитор, историк и философ.

По вертикали: 2. Столица Казахстана.

3. Политическая самостоятельность, отсутствие подчинённости, суверенитет.

6. Учебное заведение для получения общего образования.

7. Казахский поэт, философ, музыкант, народный просветитель, общественный деятель, основоположник казахской

Письменной литературы. 8. Моя Родина. 11. Фамилия писателя романа «Путь Абая».

Гумарова Жаннат Сагингалиевна

Западно-казахстанская область, г. Уральск

Общеобразовательная школа №13

учитель русского языка и литературы, магистр

Бутко Мария - ученица 8 класса (коррекционный класс)

Из произведения «Лейла и Мажнун»



Гумарова Жаннат Сагингалиевна
Западно-казахстанская область, г.Уральск
Общеобразовательная школа №13
учитель русского языка и литературы, магистр
Щербань Таисия - ученица 8 класса (коррекционный класс)

«Природа родного края»



«Природа родного края»
Щербань Таисия, 8 класс
ОШ №13 г. Уральск



Алимбаева Бакит Кайргалиевна
 Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы.
 №16 ЖОББМ
 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
 педагог-сарапшы



**Федуллова Елизавета 9-сынып
 оқушысы**

Орыс сыныбында қазақ тілі сабағында қолдануға болатын «Ұқсас дыбыс» ойыны

(шарты: бірінші сөз аталған дыбысқа басталып, екінші сөздің дыбыстық ұқсас болуы керек)

А Яблоко-алма Не оставайся –қалма	К Лопата –күрек Сердце-жүрек
Ә Отец-әке Сестра-әпке	Қ Город –қала Смотри-қара
Б Есть-бар Снег-қар	Л Айст –ләйлек Платье-көйлек
Г Цветок – гүл Смейся -күл	М Кошка-мысық Ложка-қасық
Ғ Ученый – ғалым Знание – білім	Н Хлеб-нан Предмет-пән
Д Лекарство-дәрі Старый –кәрі	Ң Лыжи-шаңғы Темно-қараңғы
Е Пол-еден Таможня-кеден	О Думай –ойла Играй -ойна
Ж Ответ-жауап Шашлык –кәуап	Ө Река-өзен Песня-өлең
З Собразительный –зерек Нужный –керек	П Слон-піл Знай-біл
И Иголка-ине Не трогай-тима	Р Правда-рас Голова-бас

С Рисунок-сурет Кроват-кереует	Һ Мебель-жиһаз Мороз-аяз
Т Доска-тақта Вата-мақта	Ш Старик-шал Оставайся –қал
У Время –уақыт Счастье-бақыт	Щ Горький –ащы пресный –тұщы
Ұ Гнездо –ұя Семья -жанұя	Ы Посуда-ыдыс Звук -дыбыс
Ү Три-үш Сила-күш	І След-із Шило-біз
Х Народ-халық Рыба –балық	Ю Орнамент –ою Медведь –аю



Алимбаева Бакит Кайргалиевна

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы
№16 ЖОББМ

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
педагог-сарапшы

**Курумбаева Чаросхон 9-сынып
оқушысы**



Отан

«Отан» десем есіме,
Атам менің түседі.
«Ардақта жерді туған!»– деп,
Күнде айтып жүреді.

«Отан» десем есіме,
Әжем менің түседі.
«Ала жібін ешкімнің,
Аттама, балам!»,-дегені.

«Отан» десем есіме,
Әкем менің түседі.
«Намыс үшін халықтың,
Батыр бол, ұлым!»,-дегені.

«Отан» десем есіме,
Анам менің түседі.
«Ана тілін ұрпаққа,
Жеткіз, құлыным!»,-дегені.

«Отан» десем есіме,
Халқым менің түседі.
«Ата салтын халықтың,
Ұмытпа, ұрпағым!»,-дегені.



Алимбаева Бакит Кайргалиевна
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы
№16 ЖОББМ
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
педагог-сарапшы
Беркін Нұрсана 8-сынып оқушысы



«Сөзді тап» (үстеулерді)

Б	Ы	Л	Т	Ы	Р	Е	Ң	О	А
И	Р	Е	А	У	Ә	Д	Е	Й	І
Ы	П	Р	Ң	Б	О	С	Қ	А	Қ
Л	А	Н	Д	А	С	А	Н	Д	А
А	Й	Е	А	Ж	О	Р	Т	А	З
Й	Р	М	С	Е	Н	Е	Р	Т	А
Ы	Ы	Ө	А	Е	Ш	Е	К	Е	Қ
Қ	Қ	Т	А	Ң	А	Ы	Е	К	Ш
А	Ш	Ж	Е	Д	Е	Л	Ш	Е	А
Е	А	Б	І	Р	Т	А	Л	А	Й

Мақалды толықтыр

1	2	3	4	5	6	7	8	9

Тігінен

Абдуайтова Куляш Жолдасовна
БҚО, Теректі ауданы
Подстепный №1 ЖОББМ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Мансуров Исхак 9-сынып оқушысы

«Кішкене жұдырықтың күдіретті күші»
(ертегі)

Ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде жел «үп» десе, аспандап ұшып, ұшарын жел, қонарын сай білмеген қаңбақ шал деген шал болыпты. Ол аспанға көтерілсе-ақ болды көзден ғайып болып, жай адамға көрінбейді екен.

Шалдың Басбармақ, Балаңүйрек, Ортантерек, Шылдыршүмек деген сырт келбеті бір-бірінен ажыратылмайтын төрт ұлы және Кішкенебөбек атты бір түйір қызы болыпты. Бірақ олар бір-бірінен асқан ақылымен, ер мінезімен, ерекше қабілетімен дараланып тұрады екен.

Басбармақ ақыл-ойы асқан білімді, Балаңүйрек тау қопарар күші мол мықты, Ортантерек айтқанынан қайтпайтын тік мінезді, Шылдыршүмек қайдан да жол тапқыш айласы асқан епті, ал Кішкенебөбек – ай десе ауызы, күн десе көзі бар ерке өскен кішкене қызы.

Бір күні шал балаларын ертіп серуенге шығады. Кенет таудың тасасынан жалғыз көзді дәу адымдай басып бұларға қарай ентелеп келеді. Бейнебір жұтып қоярдай. Бар ойы шалдың кішкентай бөбегін –қызын өзіне әйелдікке алу еді.

Сол сәт әкенің қол сермеуін ғана күтіп тұрған бес бауыр іске кірісіп кетті.

Басбармақ ұшқыр ой, шебер тілімен дәуді өзіне баурап алып, алаңдатып жатқан кезде, Балаңүйрек іске кіріседі. Қолына шоқпарын алып, дәуді бар екпінімен кеуде тұсынан соғып өтті. Ал тік мінезді Ортантерек қасқайып дәудің жалғыз көзіне тік қарағанда, дәу көзін басып жерге отыра кетті. Сол-ақ екен епті Шылдыршүмек көз ілеспестен оның басына шығып, миын ойып үлгерді.

Солайша олар кемеңгер тәлімгері – әкесінің дұрыс бағыт-бағдарымен өз мұраттарына жетіпті де, бір жұмыр ұлы күшке айналыпты. Бұл күш бес саусақтан тұратын кәдімгі адамның жұдырығы екен.

Абдуайтова Куляш Жолдасовна
БҚО, Теректі ауданы
Подстепный №1 ЖОББМ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Русланқызы Мариям 8-сынып оқушысы

Алтын жұмыртқа
(әңгіме-ертегі)

Қайдан түскені белгісіз, қолына қойдың құмалағы түсті де, әп-сәтте дәу жұмыртқаға айналып сала берді. Өзіне тіке қаратпайды, жалт-жұлт етеді. Кәдімгі өзі көптен көрсем деп армандап жүрген самұрық құстың алтын

жұмыртқасы. Аң-таң. «Жұмыртқа бәйтеректің басында болады деуші еді ғой, бұл менің қолыма қалай түсті»,– деп ойлағанша болмады, сол сәт қанат бітіп көкке қарай ұша жөнелді. Қаптаған қара бұлт арасынан орын тауып алып, орналастырғаны сол-ақ екен, қара бұлт ғайып болып, айнала жарқырай жөнелді. Жұмыртқасын іздеп самұрық келіп алып кете ме деп, жан-жағына жалтақтай қарады. Жерге қайта түскісі кеп ұмтылып еді, қанатының қайда кеткенін, ұша алар емес. Төмен қарап еді, адамдардың бәрі бейне қасындағыдай анық көрінді. Бәрі бастарына алтын қалпақ киіп апты. Бірдеңе деп тіл қатады, бірақ олардың не деп жатқанын естір емес. Әйтеуір бәрі қуанып жүр.

Жұмыртқаның қасында қанша отырғанын білмейді, бұрынғыдай бала емес, есейіп кеткен бе, қалай?! Тебіндеп мұрт өсіп қалыпты. Азық қайдан кеп жатыр, әйтеуір қарны ашпайды, шөл қыспайды.

Кенет әлдеқандай ыстық леп бетін шарпып өтті де, айналаны қара көлеңке басты. Жұмыртқаны іздей бастады. Мә, керемет, Самұрық құс кеп қанатымен жұмыртқаны жауып апты! Самұрық құс деген осындай болады-екен-ау! Үлкендігі сонша – өзі оның сирағына да жетпейді.

Құс тіл қатты:

- Ұзақ уақыт жұмыртқама қарап отырғаның үшін алғысым шексіз. Сен енді үйіңе қайт, – дейді.

- Жұмыртқаны кім қарайды?– деді бұл қорыққанынан дір-дір етіп.

- Өзім қараймын,– деп жауап берді құс. Қанатын жинап алып еді, Жер-көк, аспан әлемі қайта жарқырады.

Бала қуанып кетті де:

- Осылай жарық болып тұра берсінші, қанатыңызды жинап алғаныңыз қандай жақсы болды! – деді қуанып. Манағыдай емес, құспен еркін сөйлесе бастады.

- Жарайды, үйге барсам, барайын, тек маған уәде беріңізші, жұмыртқаны тастап кетпеймін деп.

Баланың даусы жалынышты еді.

- Уәдем-уәде,– деп самұрық балаға қарағанда, көзінен жалын шашып тұрғандай екен. «А, а, манағы ыстық леп осы екен ғой»,– деп ойлаған бала, кетпек боп қанатын қомдады. Мә, ғажап! Баяғы қанаты орнында тұр! Ұша жөнелді, қалықтап келеді. Қалықтап келеді. Жақында тұрғандай көрінген ауыл адамдары қайда кеткен деп екпіндей ұшады...

- Әй, Еркінжан, болсаңшы!– деген анасының даусы дәл қасынан естілгендей болды.

Қанатын тез қаға түсіп, ұмтылғанда, «Уақыт боп қалды, сабағыңа бармайсың ба, балам?» – деген дауыстан селк етті. Түсі екенін енді аңғарған Еркін сол әсерінен арыла алмай төсегінде біраз отырып, неге бұндай түсті көргенін ойлады. «М-м», – деді ішінен. Кеше ғана апайы тәуелсіздік тақырыбындағы сабақта самұрық құс туралы аңызды баяндаған еді. Мұғалімінің Самұрық құстың қасиеті жайындағы айтқан әсерлі әңгімесі ойынан кетпей қойған.

Еркін үлкен кісілерше түсін жори бастады. «Егер самұрық өз жұмыртқасының қасында мәңгі қалып, күзетіп отырса, оны ешкім тимесі анық қой.

Жұмыртқа боп көрінген аспандағы алтын күніміз шығар, оның бетін бұлт жаппай, жарық нұрын үнемі шашатын болса, бейбіт күніміз мәңгіге орнайтын болды ғой», – деп өзінше түйді. Апайы тәрбие сағатын «Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болсын!» – деп аяқтаған еді-ау, «иә, дәл солай болады», – деп ішінен сенімді түрде айтқан Еркін апыл-ғұпыл киіне бастады. Көрген түсін мұғалімі мен сыныптастарына айтуға асықты.



Айбулатова Лаззат Каримовна
БҚО, Орал қаласы
№33 ЖОББМ
Бастауыш сынып мұғалімі
Ерген Айлина
1-сынып оқушысы



Шәкәрім ата

Шәкәрім ата біздерді,
Шақырады оқуға.
Шығамын мен де атадай,
Шындықты жақтап қашанда.



Айбулатова Лаззат Каримовна
БҚО, Орал қаласы
№33 ЖОББМ
Бастауыш сынып мұғалімі
Тайыр Мирас
1-сынып оқушысы



Сөзжұмбақ

А	б	а	й							
Қ	ұ	д	а	й	б	е	р	г	е	н

П	а	р	с	Ы
Б	о	р	а	Н

1. Шәкәрімнің жетекшісі кім болған?
2. Шәкәрімнің әкесі кім?
3. Шәкәрім қандай тілдерді білген?
4. А.С. Пушкиннің қандай шығармасын өлең түрінде аударған?



Аюпова Мүслима Владимирқызы
 БҚО Орал қаласы
 №16 жалпы орта беретін мектеп
 Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
 педагог – сарапшы
Айғалиев Алихан
8-сынып оқушысы



Әлем балалар көзіммен

«Мен – балаң жарық күнде сәуле құған,
 Алуға Күнді барып белін буған.
 Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
 Болмасам толған айдай балқып туған»

Мағжан Жұмабаев

Біз – әлем балаларымыз. Айтуға оңай болғанымен, түпкі сырларын саралай келгенде мені қатты ойландырды. Саралап келсем, бұл тақырыптың түкпірінде Отан да, жас ұрпақ та, ата-бабалар мұрасы сақталған тарихта жатыр екен. Сондықтан мен өңіріміздегі Жайық өзенінің мәселесін айтқым келіп отыр.

Су – тіршілік көзі. Дана халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Себебі, тамақсыз бірнеше күн өмір сүре алсақ, сусыз тіршілік жоқ. Адам денесінің 2/3 бөлігі судан тұрады. Тіршілік те судан басталған.

Ал біз күнделікті судың қадірін білмейміз - шындық. Сарқырап су ағып тұрған соң бір тамшы суға зар болған жандарды түсінбейміз. Сондықтан күн өткен сайын ішуге жарамды таза су азайып барады.

Сусыз өмірімізді елестетудің өзі қорқынышты. Күнде қолданылатын судың қорғалуына көмектесуге болады. Суды қорғау өмірді қорғау деген сөз. Судың көп мөлшері қолданымсыз кетіп жатады, яғни бостан-бос суды ағызып қояды. Бұндай жағдайлар планетаға зиянын әкеп соғады. Сонымен қатар қазіргі

глобусқа қарасаңыз, сулар баяғыдан азайған. Ал енді осы бағытта жалғастырыла берсе не болмақ ?

Суды үнемдеуді өзімізден бастайық! Біз, жігерлі сенімді жастар, Қазақстан болашағымыз! Сондықтан бұған жол бермеу өзіміздің қолымызда. Біз болмасақ, басқа кім?!

Менің атым - Айғалиев Алихан. Мен Орал қаласында тұрамын. Орал қаласы Жайық өзенінің жағасында орналасқан. Өкінішке орай, Жайық өзені құрып барады. Биыл қазанда өзен суының тартылуынан Жайықтың түбі көріне бастаған. Жайықты әлі де құтқарып қалуға бола ма? Ол үшін не істеу керек? Мен бұл сұраққа жауапты ата-анамнан сұрадым, желіден де іздедім, журнал-газеттен де қарадым. Азаттық радиосы сайтынан қарадым. Сонда тапқаным, су ресурстары бөлімінің басшысы Марат Машекенов ағамыз айтуынша: «Су айналымының бұзылуына жатады. Өңірде жауын мен қар аз жауады, сондықтан көктем мен жазда өзен суы толыспайды. Су ресурстарын тиімсіз пайдалану мәселесі де бар. Бірақ та Жайықтың тартылуына басты себептердің бірі – Ресейден келетін судың азаюы»

– Биыл Қазақстанға жіберілетін су көлемін секундына 60 текше метрге дейін арттыруды сұрадық, бірақ өтінішіміз орындалмады, – дейді Марат Машекенов. Ресми дерек бойынша, қазір секундына 15 кубометр су беріледі. Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешов бұл пікірге қосылмайды. Министр Жайықтың тартылуына Ресейден келетін су көлемінің аздығы әсер етпейді деп есептейді». Сонда кімге сенуге болады? Түсініксіз...

Бір адам тәулігіне 500 литрге дейін су жұмсайды екен. Сонда 357 000-нан астам тұрғыны бар Орал қаламызда тәулігіне қанша су жұмсалады екен? Күнделікті өмірде суды үнемдеу үшін мына ережелерді сақтауымыз керек.

Менің ұсыныстарым:

Бірінші ұсынысым:

Ең бастысы, Жайық өзені мәселесі. Билікте отырған ағаларымыз бен апаларымыз Ресейдегі әріптестерімен келісе отырып, осы проблемаларды шешкенін қалаймын.

Екінші ұсынысым:

Ас үйде ыдысты жабық раковинада жуу, ыдысты қолмен жуған кезде ыдыс жууға арналған фейриді аз қолдану керек. Осылайша, таза суға салғанда су аз кетеді. Жуылған табақтарды шүмектің астында жинағаннан кейін таза сумен шайған суды үнемдейді. Ыдыс-аяқты қолмен жуған кезде судың ағып кетуіне жол бермеңіз.

Үшінші ұсынысым:

Жуынатын бөлмеде және дәретханада, жуынатын бөлмеде душ қабылдағанды жөн көріңіз. Жуынатын бөлмеде жуыну арқылы сіз 3 есе көп су жұмсайсыз. Ал душта жуынуды бір-екі минутқа қысқарту арқылы сіз күніне 12 литр су үнемдей аласыз! Тістеріңізді жуғанда, басыңызды жуғанда, қырынғанда немесе қолыңызды жуғанда шүмекті жабыңыз. Бұл арқылы сіз күніне шамамен 40 литр су үнемдей аласыз.

Төртінші ұсынысым:

Бақшада егер сіз таңертең немесе кешке, температура төмен болған кезде суаратын болсаңыз, онда бұл булануды болдырмайды. Суару үшін мүмкіндігінше алдын-ала жиналған жаңбыр суын қолданыңыз. Жапырақтары емес, өсімдік тамырларын суарыңыз.

Бесінші ұсынысым:

Үй шаруашылығында кір жуғыш машина мен ыдыс жуғышты тек толық жүктелген кезде қосыңыз. Егер ыдыс жуғыш машина болмаса, ыдыс-аяқты жуғыш затпен жуыңыз, содан кейін ағынды судың астында емес, басқа ыдыс-аяқта шайыңыз.

Осы менің ұсыныстарым. Орал қаласының адамдарының құлағына жетіп және билікте отырған ағаларымызға, Орал қаласының депутат аға, апаларымызға жетіп орындалса жақсы болар еді. Менің ойымша, Жайық – өздігінен қалпына келетін өзен. Ол адамның қатысуынсыз-ақ қалпына келе алады. Бұл жерде керісінше, адамдар өзенге тимей, өзеннің экожүйесін жақсартып, ластамай, өзен бойына жаңа бөгет пен су қоймаларын салуды тоқтатып және демалуға мүмкіндік беру керек. Мен 8 сыныпта оқимын, әлі кішкентаймын, бірақ та осының бәрін ойлап: «Болашағымыз не болады екен, ұрпағымызға не қалдырамыз?» – деген сұрақтар көп. Мен айпағанда, кім айтады?



Мухамбеталиева Шолпан Базарғалиевна

Батыс Қазақстан облысы,

Жаңақала ауданы,

Пятимар жалпы орта білім беретін мектебі

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,

зерттеуші- педагог

Қанатқали Жанбота 5 - сынып оқушысы



Сөзжұмбақ

			Ш	а	ғ	а	т	а	й
			Ә	к	е	с	і		
			К	е	б	е	к		
			Ә	н	е	т			
		а	р						
Е	ң	л	І	к					
			М	а	м	ы	р		

1. Шәкәрім білген тіл?
2. Жастай кімнен айырылды?
3. Шәкәрім дастанының кейіпкері?
4. Шәкәрім шығармаларында кездескен баба кім?
5. Ақынның «Адамдық борышың» өлеңінде адам бойына нені сақтау керек екенін үгіттеді?
6. Кебекпен өткізген аз ғұмырын көп бақытқа балаған ақын кейіпкері?
7. Ақын поэмасындағы Қалқаман сүйген жар?



Мухамбеталиева Шолпан Базарғалиевна

Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы,
Пятимар жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
зерттеуші-педагог

Рамазан Қарақат 5- сынып оқушысы



Жомарттық

Жомарттық адам көркі екен,
Жолы болған жұртына серік екен.
Абайды ұрпағына үлгі тұтып,
Болашаққа аманат, тірек еткен.



Мухамбеталиева Шолпан Базарғалиевна

Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Пятимар ЖОББ мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі, зерттеуші- педагог

**Нұрым Аружан Бекжанқызы
5-сынып оқушысы**



«Әке өсиеті» ертегісі

Ерте, ерте де бір ақсақалдың үш ұлы болыпты. Ақсақал балаларының атын ел билеген ханға, қол бастаған батырға, сөз бастаған ақынға баламалап ат қойған екен.

Тұңғыш ұлын Керей, ортаншы ұлының есімін Махамбет, ал кенжесін Абай деп қойыпты. Балалары әке тәрбиесін, ана мейірімін бойларына сіңіріп өте ақылды да, саналы болып өсіпті. Қария балаларының есіміне лайықты ұлы адамдардың өмір жолын, артына қалдырған мұраларын әңгімелеп айтып отырады екен.

Жасы қарттық кезеңге жеткен қария көп ойланып, балаларына:

- Менің өмірден кететін күнім де таяу қалды деп ойлаймын. Ұл бала дүниеге келсе атам-қазақ балаларына «әкенің ұлы болма, елдің ұлы бол» деп тәрбиелеген екен. Сендер менің баламсындар, бірақ елдің ұлы болып тындырған істерінді маған мәлім етіңдер,-депті. Балаларына ойлануға бірнеше күн беріпті. Әкесінің айтқан сөзін ойлап балалары өткен өмірлеріне шолу жасап көреді. Әкеміздің ойынан шықпай қалмайық деп әлі де бір маңызды іс тындыруға кіріседі.

Үлкен ұлы өздері тұрған ауылға ағаш егіп, бау-бақша салады. Ортаншы ұлы ауыл балаларына арнап спорттық кешен салады. Ал кенже ұлы болса ауылындағы Мәдениет үйіне «Әжелер мектебі» мен «Аналар мектебін» құрып, мағыналы тәрбиелік шара ұйымдастырады.

Бұл әрекеттерінен хабарсыз жүрген әкелері бір күні сырқаттанып, төсек тартып ауырып жатып қалады. Балалары әкесінің халін сұрауға келіп, туған-туыстары, жақын-жұрағаттыры тегіс жиналады. Осы кезде үлкен ұлы екі інісін ертіп, өздеріне әкесінің айтқан сөздерін еске алып, өзара сырласады. Үшеуінің де ел алдындағы атқарған тындырымды істері бар екенін білген соң, халықтың ризашылығын алғандарын науқас әкелерінің қасына отырып баяндап береді.

Науқас әкелері бір ауыр күрсініп алып:

-Сендерге ат қоярда көп ойландым. Жақсы болып өскендеріңді қаладым, сондықтан қазақ халқының тарихында өзіндік орны бар ұлы адамдардың есімдерін қойдым. Бірақ өзім осы кезге дейін көп мазсыздандым, ұлдарым осы ұлы адамдардың есіміне лайық халыққа адал қызмет істей ала ма деп,- дейді. Енді, міне, мен бүгін сендерге өте риза болып жатырмын. Өміріме ризамын,- деп ақсақал балаларына ризашылығын білдіріпті.



Тасмағамбетова Кенже Махатқызы
БҚО Ақжайық ауданы
Жұбан ауылы
«Талап «мектеп-бөбекжай» кешені»
Педагог-зерттеуші
Туралиева Венера 9-сынып оқушысы



Желтоқсан-жаңғырық!

Сол бір күн қақаған қыс еді,
Алаңға шыққандар жас еді.

Ойлары тәуелсіз елдіктің,
Көк туын биікке көтеру қастерлі.
Тепкілеп иттерге таланды,
Нақақтан түрмеге қамалды.
Ерліктің үлгісін көрсетіп,
Елдіктің намысын жықпады.
Желтоқсан-тарихи оқиға,
Ұмытпас қазақтың жастары.

...

Ұстаз бізге білім беріп өсірген,
Қателессек әр уақытта кешірген.
Оқы деп жалықпай үйреткен,
Нұр құйып санама нәр берген.

Жан досым

Қуанышта жанымда,
Жан досым әр кез жүресің.
Сағынам болсаң алыста,
Ұнайды маған мінезің.
Жан досым,
Сырлас құрдасым.
Қимаймын сені ешкімге.
Жан құрбым,
Менің сырласым,
Тең болмас саған ешкімде.

Ана қадірі

Ана деген ардақты,
Сөздері де салмақты.
Жаныңнан әркез кетпейді,
Анаға ешкім жетпейді.
Бар ойы тек балада,
«Баланың көңілі далада?!»
Десек те оны бағалап,
Сый құрмет көрсет анаға.
Ананың басқан табаны,
Жәннәттің кілті демей ме,
Кешірім сұра анадан,
Қателік кетсе кей-кейде.

...

Табиғаттың әсем биік таулары,
Таңқалдырар көркіменен баулары
Табиғат пен адам егіз болса егер,
Сақта адам табиғатты аялы.

...

Еліктеу деген ерекше сезім,
Дос болып жүрген қиялмен кезім.
Әр нәрсе келіп басыма түрлі,
Ой менен шабыт,тоғысқан сөзім.

...

Көркіңе бір көз тоймайды қарасаң,
Биік-биік ағаштар бар жарасқан.
Табиғат-сол,сан гүлдермен сұп-сұлу
Нәр береді ойыңа да қаласаң.

Бір досым бар

Мені сөгіп күндейді,
Өзі соны «жөн» дейді.
Жүрші дейді әрі сен,
Сонда да жақсы бәрінен.

...

Байлықпенен өлшенбейді амалың,
Білмейсің берерін, қайтып аларың.
Ашылып кетер адамдардың араны,
Жаулап алса тәккәпарлық сананы.

...

Шабыт келіп қалса ойда-жоқта,
Сол сәтті ойланып, ойға сақта.
Азар деп шумақтарды шығарып,
Жазарсың кеп қалған уақытта.

Мезгіл бояулары

Күз мезгілі келгенде,
Жеміс-жидек тергенде.
Жапырақ түсіп ағаштан,
Мол болды піскен өнім де.
Көктем келді тамаша,
Көз тоймайды қараса.
Әдемі екен ағаштар,
Бүр жарады жараса.
Жаз келді жарқырап,
Көңіл-күй жақсырақ.
Күн ұзын далада,
Ойнаймыз жадырап.

Тәуелсіздік

Тәуелсіздік-тарихым ол қатпарлы,
Тәуелсіздік-еркіндіктің ақ таңы.
Тәуелсіздік ата-баба қанында,
Мәңгілікке ғасыр бойы сақталды.

Тәуелсіздік тәу етер қасиетім,
Ту етемін бабалар асыл өсиетін.
Тізгін кетпес ұрпақтың қолындағы,
Мығым болса тұғырлы болашақ күн!
Тәуелсіздік бағытым, болашағым,
Күнге өрмелеп биікке самғағаным
Аманатқа қиянат жасамаймын,
Мен Қазақпын дегенге таласар кім?

Туған өлкем

Туған жер-алтын бесігім,
Арнасам шумақ несімін?!
Шыбықтан өскен ағаштай,
Келеді сендей есейгім.
Туған жер-туған сол елім,
Кіндік қан тамған мекенім,
Дүрсілдеп соққан жүрекпен,
Жақсылық саған тілерім.
Туған ел-туған өз елім,
Кең байтақ, дала-жыр елім.
Шапқылап жүріп гүл терген,
Шақтарды жақсы көремін.

Табиғатты қорғайық

Табиғатым, тіршілігім, ырысым,
Сенсіз менің тарылады тынысым.
Биік-биік тауларыңа қарасам,
Алшаң басып түзеледі жүрісім.
О, адамзат табиғатты қорғашы,
Табиғаттың тазалығын ойлашы.
Келіп жатыр талай ұрпақ өмірге,
Өзің туып, өзің өскен ортаны.
Табиғат пен адам егіз емес пе?!
Өкінесің кетсе егер келмеске,
Қолда барда алтыныңды қадір тұт,
Қолдан шығып кеткеннен соң өкінбе.

Аскерова Самал Асылбековна
Батыс Қазақстан облысы
Орал қаласы №16 ЖОББМ
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі



Искалиева Аружан 4-сынып оқушысы

Жұмбақ

<p>Қалың орманда тұратын, Үлпілдек тонды киетін. Кәрі ағаштың ойпаңында, Кеміріп жаңғақ жүретін. Ол не? Тиін</p>	
<p>Инелері көп оның, Жорғалайды кейде тез. Орманда ол тіршілік етеді. Кейде домаланып кетеді. Кірпі</p>	
<p>Ала-ала көйлекті, Аттарға кигізіп беріпті. Зебра</p>	
<p>Гүл үстінде ұшатын, Шырын жинап алатын. Адамдарға тәп-тәтті, Балын сыйға беретін. Ара</p>	
<p>Құрт болып ол туады, Тамақтанып жатады. Міне қызық бір кезде, Аспанға ол ұшады. Ол не? Көбелек</p>	
<p>Мүйізі бар сүзбейді, Тістері бар тістемейді. Өз үйін өзі көтеріп жүреді, Құрлықта, суда да мекен етеді.</p>	

Ұлу	
<p>Бауырсағы бар тәп-тәтті. Ұршығын бір иіріп, Ертегісін айтатын. «Құлыным» деп әрқашан, Еркелетіп жүретін. Ол кім?</p> <p style="text-align: right;">Әже</p>	
<p>Қуанышты менімен бөлісетін, Қиындық туса қол ұшын беретін. Мен үшін ең адал адам, Ол менің....</p> <p style="text-align: right;">Ағам</p>	



Ахметова Айзада Ажмуханбетовна
 Батыс Қазақстан облысы
 Орал қаласы
 №16 жалпы орта білім беретін мектебі,
 педагог-сарапшы, қазақ тілі мен әдебиеті
 пәні мұғалімі
Мерешева Айя 9-сынып оқушысы



1-тапсырма. Құрастырайық. Шығармашылық тапсырма.

Суретке қарап мәтін құра. Егер сіз баланың орнында болсаңыз, қандай әрекетке барар едіңіз?




2-тапсырма. Суретке қарап, әңгіме жаз.



3-тапсырма. Өлеңді оқы.

Өлеңді дауыстап оқы. Өлең бойынша бірнеше сұрақ дайында.

Тау жақындап қалды келіп,
Бұйраланған бұлт еңсеріп,
Танданысты көрген адам.
Әлден кейін танылды анық,
«Толағай!» деп, шулап халық,
Қуанбаған қалмады жан.
Құйды жаңбыр, сел боп
ақты,
Күн күркіреп шатырлатты,
Күйген жердің кірді жаны.
Шөлдегендер суға
қанды,
Ауыл қайта ажарланды,
Тарқады елдің бір құмары.



Әбділда Тәжібаев

4-тапсырма. Жұмбақтан суретте кездесетін сөздерді тауып, шешу керек

Мен сұйықпын да, мұзбын
да,
Тамшысымын жаңбырдың.
Оюланған қыраумен,
Жылымын да, салқынмын.
Шөлдесең кеуіп тамағың,
Мейірімді қандырдым.
Сыйлаймын мен тазалық,
Рақат беріп денеге,
Айта қойшы кіммін мен-....



5-тапсырма. Суретке қарай отырып, табиғатты қорғау үшін сендер не істейсіңдер?



6-тапсырма. Суреттерді салыстырып шағын шығарма жаз.



7-тапсырма. Өлеңдегі салт-дәстүрлерді анықтап, киіз үйге орналастыр.

«Қазағымның дәстүрлері-ай»

Қайта оралды қазағыма бүгін дәстүрлері-ай,
Көптен күткен халқымыздың асығып арман еді-ай.
Берекелі қазақ жері - ел мерекелі,
Дәстүрлерін жоғалтпаған қазағымның бұл ежелгі.

Шілдехана, бесік той,

Тұсаукесер, сүндет
той, Ай, шіркін-ай!


Құда түсу, сырға салу,
Беташарым-ай.

Алтыбақан аясында сұлу
бойжеткен,

Қыз-бозбала кең даланы,
Әнімен елтіп тербеткен.

Ер жігітке жарасады озып шықса бәйгеден,
Қыз балаға жарасады алқа, шашбау,
сәукеле.

Жоғалмасын дәстүріміз, ұмытылмасын,
Ата-баба көзіндей қып сақтайық.





Зинуллина Дариға Қисметқызы
Батыс Қазақстан облысы
Жаңақала аудандық білім беру бөлімінің
«М. Жүнісов атындағы ЖОББ мектебі» КММ
тарих пәні мұғалімі, педагог-сарапшы
Романқызы Арай 9-сынып оқушысы



Жыр-жұмбақ. «Тұлғаны таны»

1. Жетісудың Батысын,
Мекен етіп, ту тігіп,
Көтерген сөйтіп мерейді.
200 мың адаммен,
Мемлекетті құраған,
Білесің бе пен (Жәнібек пен Керейді)
1. Жетісу, Қозыбасыда
Біртұтас ел болам деп,
200 мың адаммен
Дербес мемлекет құрам деп,
Ұмтылған ұлы тұлғалар -
..... менен (Керей менен Жәнібек)
2. Он бесінші ғасырда,
Хандықты қалай құрғанын,
«Қазақ» деген хандықтың,
Басында кім тұрғанын?!
Баяндайтын шығарма,
Бұл «Тарихи-Рашиди»
Білсең айтшы ақылдым
..... (Дулатидей) тұлғаны?!
3. Хандықтың 300 жылдық тарихы бар,
40 жыл ел басқарып, хандық қылар.
Патша атанып, қырғыз бен қазақтардың,
Ноғайды қосып алған бұл(Хақназар)

4. Халқының санын көбейтіп,
Миллионға жеткізген.
Ертіп 300 әскерді,
Қауіпті қамсыз еткізген.
Билік күшті, бедел зор.
«..... (Қасым) салған қасқа жол»
5. Үш биге арқа сүйеген,
Халқын қолдап демеген.
«Жеті Жарғы» Ереже,
Кім бар айтшы білмеген?!
«Қой үстіне бозторғай
жұмыртқалаған заманды»
Орнатқан бірлік, ынтымақ-
..... (Тәукедей) ұлы адамды.
6. Жоңғармен шығып жекпе-жек,
Шарыштың басын шабатын.
Әбілмансұр шын аты,
Жәнібектен бата алатын.
Үш жүздің басын құраған,
Халқынан медет сұраған.
Әй, (Абылай, Абылай) деп,
Бұқар жырау жырлаған.
7. Халқына жаққан елменен,
Ел болам деп елдескен.
Бағынбаған қырғызбен,
Дұшпанындай белдескен.
Он жыл бойы күресіп,
Азаттығы үшін Елінің!
Тарихтағы соңғы хан,
Қазақтай туған жерінің! (Кенесары хан)
8. Кең-байтақ мынау жері үшін,
Атқа қонған елі үшін,
Ұмытылмас тарихта -
Осы ханның ер ісі!

Ол салған ескі жолменен,
Артынан ерген қолменен,
Жасалған бейбіт келісім,
«Еңсегей бойлы Ер (Есім)!»

9. Аман сақтап өз халқын,
Жоңғардың жойқын қаупінен.
Ұлт ретінде сақтады,
Геноцидтік дертінен.
Кіші жүздің ханы бұл,
Мұхаммед Қазы Баһадүр (Әбілқайыр хан)



Кроссворд «Шәкәрім Құдайбердіұлы»


1. Ақын, жазушы, аудармашы, философ, тарихшы, сазгер, Абаймен замандас әрі інісі, ізбасары.
2. Шәкәрімнің баласының есімі.
3. Шәкәрімнің анасының есімі.
4. Шәкәрімнің жұбайының есімі.
5. Шәкәрімнің Айғаншадан туған қызы.
6. Шәкәрім қай айда дүниеге келген?
7. Абайдың шын есімі?
8. Жасанды мінез бен жағымсыз қылықты сынға алатын өлең-жырларының бірі.
9. Шәкәрімнің 1911 жылы жазған еңбегі?
10. Шәкәрімнің өлеңдерінің мағынасы.
11. Шәкәрім ең бірінші кім?
12. Шәкәрім жырлаған Физулидің дастаны.
13. Шәкәрім оқыған әлемнің інжу-маржандарының бірі.
14. Шәкәрімнің поэмасы.
15. Терең ойлы, сыршыл, лирикалық дастаны.
16. Шәкәрімнің еңбегі.
17. Шәкәрім білген тіл.
18. Абай Шәкәрімге кім?
19. Шәкәрім қазақ тіліне аударған Толстойдың әңгімесі.
20. Шәкәрім Құдайбердіұлы үшін байлықтың ең үлкені.

Жауаптары:

1. Шәкәрім
2. Әбусуфиян

3. Төлебике
4. Мәуен
5. Гүллар
6. Шілде
7. Ибраһим
8. Сәнқойлар
9. Мұсылмандық шарты
10. Адамшылық
11. Ақын
12. Ләйлі-Мәжнүн
13. Ибн Сина
14. Еңлік-Кебек
15. Қалқаман-Мамыр
16. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі
17. Түрік
18. Ұстаз
19. Үш сауал
20. ҒЫЛЫМ





Беркинбаева Турсынғаным Абуевна
Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек
ауданы
Тегісшіл ауылы
Тегісшіл негізгі орта мектебі
Педагог- зерттеуші
Ерболат Нурикамал Нұрбекқызы
2- сынып оқушысы



Ақын ата

Ақын ата сізді жақсы көремін,
Мені ерекше сезімдерге бөледің.
Жаттап өсіп келемін жырларыңды,
Сізге, ата, арнау жазғым келеді.

Ақылыңдай ата менен анамның,
Әрбір сөзің алтыңдай бір бағалы.
Шәкірімдей ұлы тұлға ұрпағы,
Жұлдыздай боп жарқырап мен жанамын.



Аймуратова Баян Кайргалиевна
 Батыс Қазақстан облысы, Орал
 қаласы
 Зерде бұзылыстары бар балаларға
 арналған облыстық арнайы кешен
 «мектеп-интернат» КММ
Оразғали Диас тәрбиеленуші

Туыстық атауларды тап.

О	Т	Б	А	С	Ы	К	Н
Т	А	Е	Н	І	Е	Е	А
А	Т	А	А	Ң	А	Л	Ғ
Н	Ә	К	Е	І	Н	І	А
Т	Ж	Ө	К	Л	Ы	Н	Ш
Р	Е	К	П	І	А	Р	Ы
А	К	Е	Ә	Т	Ә	Т	Е
Қ	А	Р	Ы	Н	Д	А	С



Нурмухамбетова Жанаргуль Шамратовна
 БҚО Бәйтерек ауданы Атамекен ауылы
 І.Есенберлин ат. ЖББОМ
 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
 Педагог-зерттеуші
Ильясова Лаура 11-сынып оқушысы



Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір жолы

Ш	ы	ң	ғ	ы	с	т	а	у
Ә	к	е	с	і				
К	е	ң	б	ұ	л	а	қ	


1. «Насихат» өлеңі қандай бағытта жазылған?
2. Шәкәрімнің қандай өлеңі Абайдан ақыл үйренуге шақырады?
3. Шәкәрімнің Пушкиннен аударған шығармасы?
4. Махаббат шындығын жырлыған поэма?
5. Қытайды билеп тұрған Сан-Хо-Джи хан туралы өлеңі?
6. Шәкәрім Пушкиннің қандай повесін өлеңімен аударды?
7. Шәкәрімнің өлеңдерін алғаш рет нотаға түсірген голландтық композитор?
8. Шәкәрімнің қай өлеңі жастарды білім жолындағы шамшырақ-Абайдан ақыл үйренуге шақырады.
9. 1912 жылы Семейде Шәкәрімнің үш бірдей кітабы қай баспасынан шықты?
10. Шәкәрімнің эпикалық жанрда жазған көлемді шығарма?
11. Қай ғұнырнамалық өлеңінде бес жастан бастап ауыл молдасынан сабақ ала бастаған?
12. «Қыздың мінезі майдай, ақылы мол дариядай» қыз сұлулығын қандай шығармада суреттеген?
13. «Иманым» циклі бойынша жазылған өлеңі?



Уалиахметова Динара Батыркаировна
БҚО, Орал қаласы, №23 ЖОББМ мұғалімі,
педагог-модератор
Болатбекқызы Дилора
5 –сынып оқушысы



БҚО, Орал қаласы, №23 ЖОББМ
 Мендешева Амиля 4 –сынып оқушысы





Шатаева Айнагүл Оралбайқызы
 Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы,
 Жаңақала ауданы № 3 ЖОББМ,
 педагог - сарапшы
Рахметолла Фариза 9- сынып
оқушысы



Шәкәрімге арнау

Қазақтың бес арысы Шәкәрімдай ойшыл жан
 Кемеңгер, ұлы гуманист, ұлт айнасын сындаған
 Ізін басып Абайдың екі ғасыр бір табан
 Тұлғасымен сан қырлы фәлсапалық жаңданған.


Құбылысы әдибеттің дара, озат, ересен
 Пәлсапалық өлеңіңмен болған жан көреген
 Азаттықтың туын қағып, жебесіне теңеген
 Қиянаттық, зомбылықты әшкеревуді көздеген.

Арман-мүдде, ой-сапаның тереңіне түңілген
 Қайраткері мәдениеттің заман тілек тербеген
 Әлемің бай ақындық, аңғара білдім әндерден
 Өзің жазған бейнелеу, жан-тәніммен сүйгем мен.

Ақиқатын өмірдің бағытың қып алғансың
 Руханият қайнарын бүгінде талай сырларсың
 Аманатын адалдық сөккен тірі мөр арсың
 Шындық шыңын асырған мыңнан бір туар мұрасың

Сөздеріңді түйіп өттім өлмес мәңгі данасын
 Толғаумен міне келемін сан сиқырлы санасын
 Қалам алып қолыма, сендей дала дарасын
 Шертуге мен бақытты тарихтың сонау тұлғасын

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Даланың дара данасы»



1. Жазушы қай бөктерде дүниеге келген? 1. 2. Шәкәрімнің бала кезінде қандай пәнге қызығушылығы болды? 3. Жазушының шешесінің аты? 4. 1912 жылы Семей қаласында қай баспадан жазушының шығармасы жарық көрді? 5. Шәкәрім А.С.Пушкиннің қай шығармасын өлең түрінде аударды? 6. Жазушының өлеңінің аты? 7. Ақын қай өлеңінде жағымсыз қылықты сынға алды? 8. Шәкәрімнің жатқа айтқан қиссаларының бірі? 9. Жазушының әкесінің аты? 10. Ш.Құдайбердіұлы кім? 11. Жазушыға арнап қай қаладан даңғыл ашылды? 12. Ш.Құдайбердіұлының ұстазының аты? 13. Ақынның әнінің аты? 14. Шәкәрім өлеңінде қандай ұғым көп кездеседі? 15. Семейде қандай журнал жарық көрді? 16. Қай аспапта жақы ойнаған? 17. Шығармасының аты? 18. Шәкәрімнің өзіне-өзі қойған аты? 19. Жазушының Абайдан кейінгі ұстазы? 20. Шәкәрімнің баласының аты?

20. Шәкәрімнің Еңлік - Кебек поэмасында кездесетін абыз кім?

Ильясова Хорлан Нурлановна



Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы,
Ақсуат ауылы Ақсуат-бөбекжай-балабақша
кешені қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы

Кадырова Алтын 8 -сынып оқушысы



«Тауда қалған сәби» ертегісі

Кебек батыр мен Еңлік сұлудың артында ұл қалады. Ата-анасы қаза болғаннан кейін, баланы таудағы үңгірге тастап кетеді. Бала күні бойы шырылдап жылайды. Ертесіне Кебек батырдың ағасы сәбиді алып кетуге келеді. Бала жатқан үңгір бос боп шығады.

Баланы Хамит деген атқан оғы құр қайтпайтын сұр мерген тауып алады. Хамиттың Күнекей деген сұлу әйелі мен Сырым деген жар дегенде жалғыз ұлы болады. Хамит күніге аң аулап, құс атып отбасын осылай асырап жүреді. Әйелі Хамиттың әкелген олжасынан ас әзірлеп, ұлының тәрбиесімен айналысып үйіне ие болып отыратын. Тауып алған баланы Ақшоқы деп атап кетеді.

Арада бірнеше жыл уақыт өтеді. Хамит қартаяды. Ақшоқы екі иығы қақпақтай, жауырыны тоқпақтай, ержүрек, батыр болып өседі. Құралайды көзге атқан сұр мерген, сөзге шешен болады. Бұл отбасының татулығын көре алмаған көршілері Ақшоқыға асыранды бала екендігін айтып қояды. Ақшоқы ата-анасынан мән жайды сұрап, Тобықты елін іздеуге жолға шығады.

Тобықты елінде айқай-шу болып жатады. Сұрастыра келе Нысан абыздың немере қызын серуенге шыққанда, оны жалмауыз кемпір алып кеткен екен. Нысан абыз немере қызын құтқару үшін ел-елге хабар жібереді. «Кімде-кім менің қызымды жалмауыз кемпірден құтқарса, қызымды сол батырға тұрмысқа беріп, болашағын болжап беремін» -деп жар салып жатыр дейді. Ақшоқы бұл хабарды естіп, Нысан абыздың немере қызын құтқаруға сапарға шығады.

Ақшоқы асу-асу таулардан, ойлы-ойлы жерлерден өтіп, шаршап-шалдығып, бір үңгірге келіп демалуға отырады. Үңгірдің іші қап-қараңғы әрі салқын екен. От жағып жылынған соң, көзі ілініп қалың ұйқыға кетеді. Кенеттен құлағына ырылдап келген дауыстан шошып оянып кетеді. Қараса жаралы қырдың қызыл түлкісі екен, оның әлсірегені сонша үңгірге келе сала жерге құлаған екен. Ақшоқы әкесінің қасында жастайынан жүргеннен мұндай жаралы аңдардың бірнешеуін емдеп жазғанын көргені бар болатын. Дереу сыртқа шығып емдік шөптерді іздеп жүріп табады. Түлкіні емдеп аяққа тұрғызады. Өзін емдеп жазған жаннан жөн сұрай бастайды. Ақшоқы жалмауыз кемпірді іздеп жолға

шыққанын айтады. Түлкі Ақшоқының жақсылығы үшін жалмауыз кемпірдің үйіне өзі ертіп алып келеді.

Күн жүріп, түн жүре отырып, жалмауыз кемпірдің үйіне де жетеді. Сөйтіп жайлап ақырын басып, үйдің ішіне кіреді. Осы кезде артынан адам иісін сезіп, жалмауыз кемпір келеді. Ақшоқыны сиқырлай бастайды, бірақ әсер етпейді. Батырды жеңе алмайтының білген жалмауыз кемпір алды артына қарамастан қаша жөнеледі.

Жан-жағына қараса, тор ішіндегі отырған абыздың немере қызын көреді, қызға оны құтқаруға келгенін айтады. Ақшоқы абыздың немере қызын алып, аман-есен еліне оралады.

Нысан абыз айтқан уәдесін орындайын деп, батырды өзіне шақырады. Көз алдына Кебек батыр елестей береді. Жөн сұраса келе, абыз өксіп-өксіп жылап жібереді. Еңлік пен Кебектің басынан өткен оқиғаларды жіпке тізіп, Ақшоқы батырға баяндап береді.

Ертесіне Ақшоқы батыр абыздың қызын алып, өз еліне оралады. Жол жөнекей жалмауыз кемпірді жолықтырады. Кемпір бұларды танып, батасын береді.

Елге келген кезде ата-анасы қатты қуанып, 40 күн тойын, 30 ойын өткізеді. Осылайша, Ақшоқы батыр өз мұратына жетеді.



Сергазина Гульназ Мешитбаевна
Қостанай облысы, Рудный қаласы
«№12 жалпы білім беретін мектебі»
КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



Писаренко Максим 7-сынып
оқушысы

1. Өлеңдер

Туған жер

Туған жерім көркейе бер, жайнай бер,
Ыстық маған өзен-көлің, асу бел.
Сағынышпен қалам алдым қолыма,
Жыр арнадым сұрайтыным шабыт бер.

Көз алдымда табиғатың жарасқан,
Ағаштарың күн нұрымен таласқан.
Туған жердің топырағы ыстық деп,
Аталарым айтып кеткен о бастан.


Анама

Ана деген ардақтығой әрқашан,
Баласынан оянбаған ешқашан.
Жүрсе деймін қасымызда бар болып,
Амандығын тілеп жүрем Алладан.
Ауырмасын, аман болсын аналар,
Тыдаңыздар құлақ салып балалар.
Ана деген періште екен жердегі,
Қадірлейік, аялайық ананы.

Ауылым

Ауылым қасиетінен айналайын,
Жыл сайын берген бізге қаймақ-майын.
Жыр арнап, кең далаңды еске алайын,
Әркез саған баруға көңілім дайын.
Сағындым қора толы қозы – лақты,
Сағындым жұпар иісті топырақты.
Қалада жүрсем – дағы шалқып – тасып,
Ауылым – алтын бесік ойымдасың.

2.Кроссворд «Қазақстан»



3. «Город» сөзінің аудармасы қандай?
4. Мақалды жалғастыр «Ас атасы - ... »
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы қалай аталады?
6. Көшпенділердің төрт дөнгелекті көлігі қалай аталды?
7. Қорқыт қандай аспапта ойнады?
8. Қазақтың ұлттық ойының бірі?

9. Тарыдан жасалған тағам?
10. Ер адамның ұлттық киімі?
11. Қазақстан Республикасының Елордасы қалай аталады?

Абдрахманова Лаззат Сериковна


Қостанай облысы, Әуликөл ауданы

«Сұлтан Баймағамбетов атындағы Әуликөл мектеп-гимназия» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог -модератор

Ясунскис Жасмина 5-сынып оқушысы

Кроссворд



1. Қазақстанда күріш қай облыста өсіріледі?
2. Шәкәрім қай ақынның немере інісі болып келеді?
3. Мемлекеттік тіліміз?
4. Ас атасы не?
5. Бердібек Соқпақбаевтың аты әйгілі повесіндегі ең басты рөлді кейіпкер аты?
6. Мағжан Жұмабаевтың туған жеріне арналған өлеңі?
7. Әке мен бала әңгімесінде әкесі баласына жерден нені көтер деп айтты?
8. Жеті қазынаның бірі?
9. Қазақтың батыр қыздарының бірі?

Абдрахманова Лаззат Сериковна
Қостанай облысы, Әуликөл ауданы
«Сұлтан Баймағамбетов атындағы Әуликөл мектеп-гимназия» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог -модератор

Мырзабек Бекзат 6-сынып оқушысы

Шәкәрім атама арнау

Шәкәрім ата әрбір сәтте естесің,
Ұлылығың мен ойшыл даналығың.
Ұрпақа қалдырдың асыл мұра,
Атың өшпей мұраңды жалғайтын.

Замандассың, інісі Абай ақынның,
Әдебиет дәстүрлерін жалғайтын.
Бас ақын Абайдың ізбасары,
Сан ғасырлы ғұмырды жырлайтын.

Танимыз ақын, жазушы деп,
Құрметтеп тарихшы философ деп.
Шығыс-Қазақстан елінің патшасы,
Зерттеген Әдебиет саласын деп.

Ұлы дала тұлғасы, мақтанышы,
Мерейтойың құтты болсын арнаулы.
165 жыл болыпты міне бүгін,
Тарихта атың мәңгі жазылды.

Абдрахманова Лаззат Сериковна
Қостанай облысы, Әуликөл ауданы
«Сұлтан Баймағамбетов атындағы Әуликөл мектеп-гимназия» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог -модератор

Шильдебаева Аружан 6-сынып оқушысы

Бала жүрегіммен...

Менің атым – Аружан. Атымды әжем мен атам қойды. Мен ата-әжемнің тұңғыш немересімін. Мен ата-әжемнің арманы болған екенмін. Қазір әжем маған жиі айтып отырады әрбір адамда арман болады деп. Армандай білу керек, түбінде сол арманға жетесің деп. Атам мен әжем сол арманға жеттік тоба, шүкір деп жиі айтады. Сенің де арманың болады, оған жетуді ойлайсың, біз саған сол арманыңды орындауға қолдау көрсетіп отырамыз деп жиі айтады.

Иә, менің жасым не бәрі 12 жаста. Кішкентай болсам да, бала жүрегіммен армандай білемін. Әжемнің ылғи айтатын сөзі қазір есіме түсіп, қалам алып

отырмын. «Ақыл мен білім арманыңды іске асырады» деп. Алдымен тезірек өссем деймін. Арманымды жүзеге асыру үшін мектепті өте жақсы деген бағамен аяқтауым қажет. Мен бастауыш сыныпты, бесінші сыныпты өте жақсы аяқтадым, бірінші арман баспалдағы артта қалды. Әлем... қыр-сыры мол, ұшы-қиыры жоқ шексіз, шетсіз әлем. Тарих-тұнған сыр сандықтарға, ертегілер әлеміндегідей небір таңғажайыптарға ие. Ғажайыптарын айтып тауыса алмаспын! Қай бөлшегін алсаң да, қай сандығын ашсаң да бәрі-бәрі тарих деп сыр шертеді. Әлемнің жеті кереметінен басқа толқынымен тербеп жатқан теңіздер де, ағынымен өмір ағынын суреттер өзендер де, балықтары асыр сап ойнар көлдер де, бәрі де әлем бөлшектері. Әлем жүрегі – Еуразия болса, Еуразияның жүрегі – Қазақстан. Ал Қазақстанның бөлшектері –мына біз, балалар. Негізгі айтпағым, мен өскенде көптеген елдерді аралап, Шоқан Уәлиханов атамыз, жерлесіміз сияқты саяхатшы болғым келеді. Көптеген жаңалықтар ашсам деймін. Қазір мен сол арманның кішкене бөлшегін орындап жүрмін деп өзім бала көңілмен ойлап қоямын. Қазақстанның көрікті жерлерін аралап жүрмін. Өзімнің картама бар. Сол картадан қарап, күнде сол туралы ақпараттар тыңдап, қарап отырамын. Саяхат барысында ең алдымен мен мұражайға соғамын. Саяхатымның ең алғашқы күндері осылай басталады.

Кейін Қазақстанның барлық жерлерін аралап болған соң, шет елдерге саяхатқа шықсам деймін. Өзімнің туған жеріме пайдалы деген іспен айналысамын деп ойлаймын. Әрине қазір мен тек әжеммен, ата-анаммен ғана өз елімнің көрікті жерлеріне саяхаттап жүрмін. Кейін өскен соң өзім аралаймын.

Менің айналамдағы сыныптастарым, достарым, туыстарым барлығы менің арманымды біледі, олар бір жерлерге барса, міндетті түрде маған сол жерден бағалы заттарды әкеп береді. Жазда менің досым Ақтау қаласына барған еді, маған өзен жағасынан ерекше тастарды әкеп берді. Мен үшін ол өте қымбат сыйлық. Ағам мен апам биылғы жазды Египетте өткізді, маған шет елден алғашқы рет сыйлық әкеп берді. Магнит картасын сыйлады, мен үшін өте керемет сыйлық. Сол сыйлықтарды алған сайын өзімнің арманыма тезірек жетсем екен деген ой одан сайын мені жетелейді. Қолыма ұстаған сайын өзімді саяхатшы ретінде елестете бастаймын. Сол кезде әжем, балам «Арман адамның қанаты» білімді бол, ақылды бол, көп білуге тырыс деп еркелетіп қояды. Көктемде мен Алла қаласа Астана, Алматы қалаларына бару жоспарланып отыр. Мен «Эдельвейс» би тобының құрамындамын. Шығармашылық би конкурсына барғалы отырмыз. Сол кезде де мен аралап үлгермеген жерлеріме әжеммен барамын деп отырмын. Мұражайларға міндетті түрде барамын. Жалпы арманға арман жалғаса береді деп ойлаймын. Тек қана осы арманым орындалса екен деймін. Ата-анам, әжем қолдау көрсетіп отырғанда ештеңеден қорықпай тек алға қарай ұмытылу керек деп ойлаймын. Ата-анамның, әжемнің ақылын, берген тәлім-тәрбиесін ұмытпай тырысуым қажет. Мектепті үздік бітіріп, жоғары оқуға түсіп осы жолдан таймай тек қана биік шыңдарды бағындыру керек деп ойлаймын. Тек айтарым, өз арманыма қол жеткізетініме, ертеңгі күнге нық сеніммен қараймын!

Абдрахманова Лаззат Сериковна
Қостанай облысы, Әуликөл ауданы
«Сұлтан Баймағамбетов атындағы Әуликөл мектеп-гимназия» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог -модератор

Холоша Максим 9-сынып оқушысы

«Бір ел – бір тағдыр»

Менің Отаным – Қазақстан Республикасы. Мен тоғызыншы сыныпта оқимын. Мені республикамен байланысты барлық нәрсе қызықтырады. Мен өскен көшемді, сүйікті ата-анам тұратын үйді, өз мектебімді, көршілерімді және жерлестерімді жақсы көремін. Маған білім беріп, жақсылықты, әдемілікті үйрететін ұстаздарыма ризамын. Мен өзара түсіністік, достық, бейбітшілік сияқты қасиеттерді өте қатты бағалаймын және қазір мұның бәрі өзімізге байланысты екенін жақсы түсінемін. Отбасымызда, мектепте бізді бір-бірімізді құрметтеуге және бағалауға, шынайы, мейірімді, жауапты болуға үйретеді.

Қазақстан – баршаға ортақ Отан. Бір ел. Бүгінде Қазақстан – мықты, бәсекеге қабілетті мемлекет. Қазақстанда жүз елуден астам ұлт пен ұлт өкілдері тұрады, бірақ біз бәріміз бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатырмыз. Барлық тілдерде бұл сөздер бірдей естіледі. Бізге жұмыс істеу, үйрену, кереметті армандау үшін бейбітшілік қажет.

Тәуелсіздіктің отыз бір жыл ішінде біздің мемлекетіміздегі басты құндылықтар – Қазақстанымыздың тәуелсіздігі, барлық ұлттар мен халықтардың бірлігі, қоғамымыздағы бейбітшілік пен келісім деп түсінемін. Осы құндылықтардың арқасында біз әрқашан жеңіске жетеміз, жетістіктеріміз бен жеңістерімізді көбейтеміз. Елордамыз да күн сайын гүлденіп, көркейе түсуде. Бұл заманауи, біз мақтан тұтатын әдемі қала. Бүкіл әлем Қазақстанның еңбектері мен мүмкіндіктерін көріп, жоғары бағалады. Мен Джордж Байронның «елін сүймейтін адам ештеңені сүйе алмайды» деген пікірімен келісемін. Бұл сөздердің терең мағынасы бар: әр адам өзінің дәстүрлерін құрметтеп, тілін құрметтеп, Отанын сүюі керек. Президентіміз: «біздің жастар қай жерде болмасын, бір ата-ананың, бір халықтың балалары ретінде бір-бірін бағалай білуге, сүюге үйренуі керек», - деген. Біздің мектепте үш тілде қызықты, танымдық, қызықты іс-шаралар үнемі өткізіліп тұрады, онда бізге тілдерге деген қызығушылық, достық пен өзара түсіністік үйретіледі, онда біз қарым-қатынас дағдыларын жетілдіреміз, өз аумағымызда тұратын халықтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттейміз.

Мен Қазақстанда туып, өмір сүріп келемін және өз елімді, өз Президентімді мақтан тұтамын. Біз біртұтас отбасы – 19 миллион адам, жүз отыздан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тұратын мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Біз бәріміз бір шаңырақ астында, ортақ үйде тұрамыз. Біздің халқымыз кері жол жоқ екенін, тек жарқын болашақ бар екенін мойындайды.

Мен мемлекеттің экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, технологияларды, басқару тәжірибесін тартуға ықпал ететін саясатын толық қолдаймын. Инновацияның ұлттық қабілетін белсенді жағдайда қалыптастыру

және қолдау үшін бүкіл қоғам идеялар мен құндылықтарға енуі қажет. Бір сөзбен айтқанда, мінез-құлықтың инновациялық түріне бағдарлану қазақстандық қоғам идеологиясының бір бөлігі болуы тиіс.

Мен өз Отанымның патриоты ретінде мемлекетімнің үмітін ақтауға тиістімін. Шынында да, көп нәрсе менің қалай оқитыныма, жұмыс істейтініме, қаншалықты жауапты болатыныма байланысты. Мен өз Отанымды бай, әдемі ету үшін өмір сүргім келеді.



Кеңшілік Бақытжамал Маратқызы
Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы
Ғаббас Жұмабаев атындағы Боровской
мектеп-гимназиясы» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
педагог-модератор



Байдаулетов Елдос 9-сынып оқушысы

Шаяхмет Сапанов атама

Қара түнек сұм соғыстың қас шебері атандың,
Шаяхмет Сапанов батыр деген ат алдың.
"Қызыл Жұлдыз", "Ерлік үшін" алған үлкен ордені,
Бақыт болып сақталып тұр шаңырағында атамның.

Германия мен Берлинді жеңді деген медаль бар,
Атамның әр қасиетін құрметтейтін адамдар.
Себебі ол ерлік, елдік, батырлықты ту етті,
Сондай жанды шаңырақтың бақыты деп санандар.

Варшаваны азат етті Сталинградты қорғады,
Медалдарын үлгі етеміз атамның біз сондағы.
Соғыс бітіп елге оралып колхоздарды басқарды,
Қамқор басшы болды атам бар адамға сондағы.

302 полктердің майданында шайқасқан,
Отанына оралды батыр болып шайқастан.
Сапановтар шежіресі адалдық пен танылар,
Атамыздың ақ жолымен біз келеміз таймастан.

68 жасқа келіп бақи болды атамыз,
Жеңіс күні жыл сайын насихаттап жатамыз.

Шаяхмет батырдың ұрпақтары дегенде,
Осы сөздің астында мына біздер жатармыз.

Қасым аға!

Қайран заман аналарды айырасын баладан,
Елім деген ерлерді жау қылып сен санаған.
Туған ана, туған жер қайда сол бір құдырет?!
Титтей ғана махаббаты неге аядың баладан?

Қасым жайлы жыр жаз деп асау жүрек тулатты,
Қиындыққа толы өмір жүректі де жырлатты.
Өр мінезді дауылпаз, қайтпас қайсар жігерлі,
Қасым аға рухты үнің мына маған үн қатты.

Қайран өмір неге тіпті ұлыларға қатал-ақ,
Жан алардай алқымынан тұрасын-ау анталап.
Қара суық, қара ызғар, көңілдегі қара мұң,
Жүрек қалар жібімей-ақ осылардан мұздап-ақ.

Өмір жолы тым бөлек дауылпаздың дүлділі,
Ұрпақтары ұлықтауда ағамызды бұл күні.
Өшпес-өлмес жырлары мәңгі мұра боп қалған,
Рухты берген бар өлеңі біздер үшін үлгілі.

Таза шындық ақыны, ұлы, көркем суреткер,
Ғажап ақын дара Қасым жүрегімен суреттер?
Сол заманның қайғы –шері өмірімен астасқан,
Жан барма екен Қасымдай ашық айтып сыр шертер?

Сыршыл ақын халық жанын жырлап өткен дарынды,
Рақымжанның Қасымы боп күллі әлемге танылды.
Жан қайғысы он үш жаста қолға қалам алдырған,
Жүз оныншы жыл өткенмен ұрпағы оны сағынды.

Алаш қозғалысы (Тәуелсіздікке)

Ардақты алашымның арыстары,
Белгілі сан дұшпанмен алысқаны.
Ұлтым деп ұрандатқан ұлыларды,
Кеңес елі табанға жаныштады.

Ардақты алашымның тарландары,
Жұртым деп жүрек жұтқан жандар бәрі.
Ешкімге жалтақтамай дербес болып,
Жүруді шын жүрекпен армандады.

Ардақты алашымның батырлары,
Сендерсіңдер халқыңның жақындары.
Мұстафа, Мағжан, Сәкен, Міржақып боп,
Белгілі сатқын болып атылғаны.

Ардақты алашымның нар ұлдары,
Жұртына жігер берген жалындары.
Жүсіпбек, Бейімбет пен Тұрар, Ілияс,
Көрсеткен тектілікті қанындағы.

Ардақты алашымның арыстары,
Қорғасыннан құйылған намыстары.
Қанша зұлмат көрсе де елін сүйген,
Сендерсіңдер Қазақтың арыстаны.

Бір ұсыныс, бір тілек

Үн қосқан қара сөздің қаймағына,
Мұхтар, Әсет айналды айғағына.
Шығыстың шырайы мол Семейінде,
Туған Абай асқақтаған айбарыда.

Бір дәуірдің кемеңгері айнасы,
Одан асқан дана барма ойлашы.
Күллі әлемді мойындатқан реалист,
Әр сөзінен ұрпақ алған пайдасы.

Жарық күні бола білген халқының,
Ғылым, білім жолына арнап бар күнін.
Ол өлген жоқ, Абай мәңгі өлмейді,
Ұлықтаса біздей ұрпақ дәл бүгін.

Әр өңірде мектебі бар Абайдың
Ұрпақ үшін бұны жөн деп санаймын.
Шаңырақтан білім алған әр тұлға,
Сол Абайдай болуын мен қалаймын.

Әр өңірге көше атыда берілген,
Мақтанып бір айта алармын сеніммен.
Көңіліме қаяу салар алайда,
Ескерткіші жоқ болып тұр жерімнен.

Бой көтерген Ұлы Хәкім символы,
Қос-қосынан қалап қойған кейбірі.
Шағын ғана аудан, ауыл жерлерге,

Абайдың бұл ескерткішін сыйдырды.

Тіпті өзге шет еліңде кездесер,
Осылайша бір-бірімен теңдесер.
Астықты өлке Қостанайда жоқ бірақ,
Бұл сөзіме сенсеңіз де сенбесең.

Қаланса бұл Хәкімге бір ескерткіш,
Күнде тағзым етугеде келмекпіз.
Қолдап жатса осы жырды ағайын,
Абай ата онда бізде ерлеп біз...

Асыл кітап

Кейіпкер бар шығармада данышпан,
Сынға алар кейбіреуі алыстан.
Шіркін, неткен құдіретті десеңші,
Кітап жолы әкелердей ғарыштан.

Оқырман бар іздеп оқыр ақының,
Биіктейді әлі талай ақырын.
Мағыналы мәнді ақыл сыйлайтын,
Асыл кітап жолы бөлек шақырым.

Мүмкін сізге “Кітап” дейтін тек әріп,
Сөрелерді том-том болып тұр алып.
Ғаламторды айырбастап кітапқа,
Кей уақытта қолға алыңыз демалып




Испамбетов Мирас Кайдарович
КГУ «Гимназия 5»
отдела образования города Рудного
Управления образования акимата
Костанайской области



Учитель истории
Мамытбек Жанерке


Кроссворд

Шәкәрім Құдайбердиевтің өмірбаянына арналған



По горизонтали	По вертикали
2. Шәкәрім 1922 жылдан 1930 жылға дейін қайда өмір сүрді?	1. Оқырмандардың пікірінше Шәкәрім кімнің аудармалары жақсы болды?
6. Шәкәрім шығармаларында қандай мағына бар?	3. Шәкәрім үшін Абай кім болды?
7. Шәкәрім қай жерде дүниеге келген?	4. 1958 жылы Шәкәрім шығармалары не болған?
8. Шәкәрім Лев Толстойды кім деп есептеді?	5. Бала жетім қалғанда кім алды?
10. 1906 жылда Шәкәрім қайда хадж жасады?	9. Шәкәрім шығарманы жазудан басқа не істеді?
12. Шәкәрім шығарманы жазудан басқа не істеді?	11. 1920 жылдардың басында Шәкәрім қайда болды ол кімді қолдады?
13. Шәкәрімге шетелге жаңа білім алу үшін жіберуге кім үәде берді?	

Шәкәрім Құдайбердыұлы. Портрет



Искаков Абилкайыр Каканович
Костанайская область
Федоровский район
село Пешковка
КГУ «Пешковская ООШ»

Сочинение «Мир глазами детей»

Мир глазами детей является удивительным и волшебным местом, наполненным радостью и удивлением. Для самих детей всё вокруг необычное и яркое, как будто они видят это впервые. Для них окружающий мир не загрязнён предупреждениями, они везде видят прекрасное даже в мельчайших деталях и находят радость во всём, в самых привычных вещах.

Для детей мир – это место счастья, различных игр, материнской любви и беззаботного детства. Они наполнены детским восторгом, когда видят цветы, животных, или просто наслаждаются солнечным светом. Им очень удивительно и интересно наблюдать, исследовать новые места, знакомиться с новыми людьми и обучаться чему-то новому. Для них каждый день наполнен приключениями, а каждый момент – возможность открыть для себя что-то новое и удивительное.

Взгляд детей на мир невинен и открыт. Они видят в людях добро и верят в чудеса. Для них нет каких-то преград, они полны надеждой, фантазией и оптимизма. Их воображение, их мысли очень богаты, они могут в облаках увидеть замок или в луже океан. Они обладают удивительной способностью находить во всём что-то удивительное и повод для радости. Их фантазия позволяет им видеть магию в каждом дне, воплощая свои мечты и желания в реальность.

Однако, мир глазами детей также может быть и местом беспокойств и неопределённости. Они могут испытывать страх перед чем-то непонятным или неизвестным. Но в этом страхе живёт их желание понять и узнать больше, что помогает их развитию и росту.

Таким образом, детское восприятие мира является исключительно важным, оно напоминает нам взрослым, о том, насколько великолепно окружающее нас пространство, которое мы порой забываем замечать. В этом взгляде детей на мир чувствуется радость открытий и готовность к исследованию, что делает его особенно ценным и неповторимым. Дети видят мир как грандиозный калейдоскоп, полный приключений и загадок. Мир глазами детей обогащает и вдохновляет, напоминая взрослым о том, что даже в самых обыденных вещах существует что-то удивительное, если они только научатся снова видеть мир глазами детей.

Искаков Абилкайыр Каканович

Костанайская область Федоровский район

село Пешковка

КГУ «Пешковская ООШ»

Мир глазами детей

Их солнце светит без цели кого то согреть, каждый
нашедший их мир- подобен солнцу.

В их мире не место обычным вещам. Они по доброму наивны, детские голоса играющие на утренних, беззаботных лучах. Так сильно греющих сердце.

Вновь распутившиеся листья как рожденные дети, теплый ветер, закат и вновь испеченная буханка хлеба. Это все делает время .

Время. Это именно то что неподвластно взрослым, ведь оно бежит от них. В детстве время это ожидание. Ожидание праздника, возвращение мамы и папы с работы, объятий, мультиков и чуда.

Многие ли из вас в детстве строили дома из одеял?

Думаю, да. Для детей самые обыденные вещи часто неотъемлемая часть их чуда. Они живут сейчас, испытывая искренние эмоции. Ребенок никогда не соврет и если он смеется в дом приходит счастье .

Дети такие же взрослые как и мы. С годами, дети превращаются во взрослых, но внутри нас всегда остается тот маленький ребенок, строящий дома из одеял. Быть миром это быть: “Сухой травинкой, Запутавшейся в волосах ребенка, Сосновой веткой, горечью полынной... Овечьим сыром, кофе ароматом..” - Л.Буджурова.

Мир глазами детей это нечто необъятное и понятное не каждому. Каждый ребенок стремится быть похожим на своего родителя, даже не замечая этого. «Речи тех, кто учит детей, Как зерно в земле прорастут»– А.Кунанбаев. Детство это и есть наш маленький мир, наша маленькая родина.



Фаткуллина Данагуль Сайлаубаевна
Қостанай облысы, Әуликөл ауданы
Шоқан Уәлиханов атындағы Әуликөл
жалпы білім беретін мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог-зерттеуші
Иманғалиев Алинұр 9 -сынып оқушысы



ШЫҒЫСҚА ХАТ

Ассалаумағалейкум, Шығыс елі,
Абайдай данасы бар жер киелі.
Жалынды сәлем жолдап отырған бұл,
Солтүстіктің кішкентай баласы еді.

Бұл өлке даналармен мәуелі ғой,
Біртума Абайымен дара тұр ғой.
Мұхтар мен Шәкәрімнің салған ізі,
Бар қазақтың рухани азығы ғой.

Абайды оқып,ғибратты ойға бас сұғамыз,
Өмірлік сұрақтарға өзінен жол табамыз.
Ата ілімі өлмейді, өшпек емес,
Артында ізбасары біз тұрамыз.

Жер қойнауы кенге бай Алтай тауы,
Балығы мол Алакөл,Зайсандағы.
Шөлінді басатұғын қарт Ертістің,
Жағалауы жанға жай беред әлі.

Талай нәубет өтті ғой басымыздан,
Шығыс та шет қалмадың жасыңыздан.
Оған куә өзіңнің қарт Семейің,
Полигон ашылып ед жаныңыздан.

Осындай сынақтардан өте білген,
Еңсесін биік ұстап көтерілген.
Мен бүгін мақтанамын Шығысыммен,
Қайта гүлдеп, өркендеп өсе білген.

Өзгеге үлгі болар сен өлкесің,
Мақтауға сөз жетпейтін жер екенсің.
Көз алдымда елестеп тұрад әркез,
Шыңғыстау,сен шығыстың тұғырысың.

Абай басқан топырақта жүру арман,
Ілімі Шәкәрімнің қол бұлғаған.
Шығыс халқы, сен сондай бақыттысың,
Қос бауыр поэзиясын сусындаған.

Шығысым көрінсінші биіктерден,
Алыстан қарап жүрем үмітпенен.
Ұлылардың мекені ұлық болсын,
Деп айтамын кішкентай жүрекпенен.



Манаубаева Майсара Омоновна


Қостанай облысы, Рудный қаласы,
«Рудный қаласы білім бөлімінің
№ 1 жалпы білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі,
педагог-зерттеуші


Шмыков Владислав 3-сынып оқушысы



Кроссвордтар жинағы

Жыл мезгілдері.





көлденең;

тігінен

2. алпыс

1. келеді

3. жарады

3. жылы

4. егін

4. ериді

5. жиі

6. ауа

7. піседі

8. шана

9. мезгілдер

9. мезгіл

10. жаз

10.

11. орады

жауды


13. бес


12. екі

14. он

13.


боран





көлденең: тігінен:

- | | |
|--------------|-----------|
| 1. боран | 2. ериді |
| 4. піседі | 3. он |
| 5. келеді | 6. мезгіл |
| 6. мезгілдер | 7. жауды |
| 7. жаз | 8. екі |
| 9. жылы | 9. жиі |
| 12. ойнайды | 10. егін |
| | 11. алпыс |
| | 13. орады |
| | 14. ай |



көлденең: тігінен


3. мезгілдер 1. шомыламыз

4. ауа 2. шана

6. он 5. егін

8. жылы 7. алпыс

9. піседі



көлденең: тігінен:


1. мезгіл 2. егін

3. ойнайды 4. ай

5. шана 5. шомыламыз


6. жауды 6. жыл
 8. мезгілдер 7. орады
 9. піседі 10. бес
 11. ауа 12. алпыс
 14. жаз 13. жарады
 15. жылы 14. жиі


Жанды және жансыз табиғат




- көлденең: тігінен:
 1. тас 2. жансыз
 2. жанды 3. сыныптас
 4. шын 5. жылы
 6. адамдар 7. жануарлар
 8. су 9. достар

Үй жануарлары





- көлденең: тігінен:
- 3. жейді 1. ойнайды
 - 4. жануар 2. бота
 - 5. сиыр 5. секіреді
 - 6. еркелейді 7. ірі
 - 8. ешкі



- көлденең: тігінен:

2. жануар

3. еркелейді

8. ірі

1. бота

4.

секіреді


5. мал

6.

жейді

7. ешкі

Құстар



көлденең: тігінен:

2. тырна

5. аспан

7. досымыз

1. хат

3. орман

4. балапан

6. пайдасы

8. жем

«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 18 мектеп-гимназиясы» КММ
Исабай Гүлім Сейтханқызы 5-сынып оқушысы



Анашым

Ақ анашым, анашым,
Мен өзіңнің балаңмын.
Айтқан тілді аламын,
Жұмсағанда барамын.
Көмектесем мен сізге,
Дәрігер болам өскенде.
Ауырмаңыз ешқашан.
Ауырсаңыз емделтем.
Аман болып жүріңіз,
Ақ анашым, анашым!
Сүйікті менің анашым!

Әжетайым

Әжетайым сүйікті,
Ақ орамал тағыпты,
Ақылы мол, мейрімді,
Жақсылыққа үйретті.
Жаны таза әжетайым,
Жақсы көрем, мен сізді!

Қыс мезгілі.

Қыс мезгілі көңілді,
Аппақ қарға оранып,
Табиғат тұр қарашы.
Барлық бала көңілді,
Жүгіріп, ойнап жүр.

Аққала жасап,
Бір-біріне қар атып,
Шаңғы, шана сүйретіп,
Барлық бала көңілді
Асыр салып ойнап жүр.



Мұхамеджанова Көркем Бауыржанқызы
Қостанай облысы, «Қостанай қаласы білім
бөлімінің № 18 мектеп-гимназиясы» КММ,
педагог-модератор
Жаңбыршы Ернат Арқарұлы 6-сынып оқушысы



Шәкәрім атаға арнау!

Абайдан тәлім алған, ізін қуған,
Арнадым бұл жырымды ақын саған.
Ғасырлар мен жылдар да өтседағы,
Есіміңді жадында ұрпақтарың сақтаған.

Ақын ізі өшпейді, жоғалмайды,
Мұраң барда барлығы ұлықтайды.
Өшпес мәңгі тәрбие, тәліміңді,
Еске алудан шәкірттерің жалықпайды.

Мерейтойда еске алып, дәріптейміз,
Еңбегін еш ұмытпай, құрметтейміз.
Ақынның әр сөзінен тәлім алып,
Болашаққа нық қадаммен біз беттейміз.



Сейтхан Асель Сейтханқызы
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 18 мектеп-гимназиясы» КММ,
педагог- зерттеуші



Кунтуған Ләззат 7-сынып оқушысы

Ақыннан үлгі аламын

Шәкірім деген ақын бар,
Көп өлеңдер, мақалдар,
Еліне танытып көрсеткен,
Жазушы болып танылған.
Шәкәрім сияқты боламын!
Өлең жазып көрсетіп,
Ол туралы ән жазып,
Шәкәрімге арнаймын!
Балаларға өсиет айтып,
Биікке көтеріп,
Шығармаларын оқытып,
Оқу жайлы ойлауларына мән беріп,
Шығармаларын оқытып,
Мағынасын түсіндіріп,
Әңгімелерін үлгі етіп,
Халыққа арнаймын.
Жақсы жаққа үлгі етіп,
Білімдіге шақырып,
Үлкендерге бұл кеңес
Балаларға бұл үлгі
Ақын атамызға арнаймыз,
Ол туралы біз айтып,
Әңгіме де жазамыз,
Біз ақынымызды мақтан етеміз.
Жазушы атамызға,
Құрмет беріп,
Өлеңдеріне мән беріп,
Халыққа үндеу береді.
Көп затты түсініп,
Жамандықты жойып,
Жақсы жаққа көтеріп,
Халықтың көзін ашқызған.

Біздің қазақ жазушы,
Ақын мен тарихшы,
Философ болған атамыз,
Мақтанышымыз ол біздің.
Көп алғыс айтамыз,
Ақын атамызға,
Өсиеттерін оқып,
Қуанышты боламыз.
Жазушы, мен боламын,
Домбыра тартып,
Өлең жазамын,
Ұмытуға сізді бермеймін.
Бала болып, білім өзім алып,
Өз елімізде тұрып,
Басқаларға үйретіп,
Адамдықты сақтаймыз.
Сыйлы ақын атамыз,
Бүкіл әлемге танытып,
Әрқашан жүрейік біз.
Ақынға алғыс айтамыз,
Шығармаларын оқимын,
Бар әлемге айтамын
Атамызды ұмытпай,
Мақтан тұтамын!

Гвиздок Любовь Вячеславовна

Костанайская область, Федоровский район, село Лесное, КГУ
«Коржинкольская общеобразовательная школа отдела образования
Федоровского района», учитель русского языка и литературы
Бермухамедова Снежана Амангельдиновна- 5 класс, русский язык обучения

Литературное домино

Домино – это настольная игра, которую можно использовать и на уроках литературы, и на переменах для повышения интереса школьников к произведениям казахской литературы. Задача учеников – соотнести начало и конец названий произведений, события, даты, название сборника.

Есть разные варианты проведения игры: вы можете предложить ученикам поработать индивидуально, в парах или группах; можно ограничить время выполнения задания; можно устроить соревнование и определить победителя игры.

Как подготовиться к проведению игры?

1. Выберите в файле нужные страницы и распечатайте их на плотной бумаге.
2. Разрежьте каждую страницу на отдельные карточки по тонким пунктирным линиям.
3. Перемешайте карточки.

Интересной и продуктивной игры!





Асимбетова Лиза Қуанышовна
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
№38 қазақ орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қапар Ақжүніс 8-сынып оқушысы



Өлеңмен өрілген ой

Өтіп жатыр уақыт, өмір – өзен.
Дүп тиіп жатат кейде, сөзім мерген
Айналама көз жүгіртіп қарап тұрсам,
Кездесіп қала берем өзімшілмен.

Бәрінің бір айтары өзегінде.
Айтып қалған дұрыс-ау кезегінде.
Қу тірліктің артында жүрген біреу,
Қызмет етіп, өзге ұлтқа өз елінде.

Алаш салған із біліммен өнерленді.
Жай ғана болмаймыз біз, көрермені.
Міржақып Дулатов та айтып өткен,
Оян, оян, ояныңдар, Қазақ елі!

Мен қозғайын жаңалықты әлемдегі,
Жақсы да бар, бар бірақ жаман жері.
Надандықтан әлімжеттік жасап жатыр,
Әлсіздерге әлі жеткен күштілері.

Жауыздық көп, айнала күнде боран.
Бірін – бірі байқамай, көрмейді адам.
Екі аяқты хайуан көбеюде,
Мейрім жоқ, артық емес жануардан

Мейірімін көріп өстім ата – ананың.
Білімін ұстаздардың арқаландым.
Сенімін ақтап өтем үлкендердің,
Батасымен болашаққа аттанамын.

Өсті ұрпақ, біз болашақ өрендері.
Сенімменен нық қаланған іргелері.
Адамзатпен табиғат тазаланат.
Біз, балалар қорғаймыз, жаңа әлемді.



Баймаханова Амангул Жанибековна
Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы,
К.Нокин ауылы
Благодар орта мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-
зерттеуші
Орынғали Азамат 4-сынып оқушысы



Әлем менің көзіммен...

Еліммен, жеріммен,
Ақ адал сеніммен.
Халқымның ұлы боп,
Көрінем көгінен.
Елбасы боламын,
Жаңа жол саламын.
Үмітін ақтаймын,
Азамат болу – талабым.
Асулардан асамын,
Әлем жұртын таң қылып.
Жаңалықты ашамын,
Үлгі болу заңдылық.
Көтеріп даңқын халқымның,
Бірлігін сақтап елімнің.
Ауыл мен аймақ өмірін,
Арттырамын тірлігін.
3 Д, онлайн сауда, мобильмен,
Толысып жатыр білімім.
IT –дің қыры сырымен,
Үш тілді білу тұғырым.
Өз тілім-мәңгі тұрағым,
Орыс тілінде ұғамын.
Жаһандық экономикаға,
Ғылымға бетті бұрамын.
Ағылшын тілін меңгеріп,
Еуропаға да шығамын.
Қазағымның төрінде,
Келісім менен бірлікті,
Татулық туын құрамын.
Білімімді жаңартып,
Зерделеумен жалғасып.
Оқығанды өмірде,
Қолданамын әр күнде.

Қазақстан тұрағым,
Мәңгілік ел боламын.



Абдіқалықова Сандуғаш Сайлаубайқызы
Ақтөбе қаласы, Жаңақоныс елдімекені
Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
педагог-сарапшы
Бейбітов Ринат 9-сынып оқушысы



АЛТЫННАН ДА ҚЫМБАТ ТӘУЕЛСІЗДІК

Осы үшін бабам талай тер төккен,
Осы үшін шықты олар тым шектен.
Сондықтан да қадірін біз білейік,
Сұрады олар жалбарынып жер-көктен.

Кезіндегі Ләззат, Қайрат бабалар,
Жәннаттағы өз орнынан табылар.
Бұл батырлар ұмыт болмас ешқашан,
Бізде де бір жүректегі жара бар.

Бірлігі мол еліміз бар құрыштай,
Қайрап тұрған тісін алтын қылыштай.
Тәуелсіздік үшін олар қан төгіп,
Шықты олар соңғы шайқас, ұрыстай.

Тәуелсіздік өте ерекше мереке,
Бұл күндері келді бізге береке,
Мәңгі бақи тәуелсіз боп еліміз,
Әрқашан да берік болсын кереге!

АҚТӨБЕМ

Аламанға түспейді ат бақпаған,
Ошақта жылу болмас от жақпаған.
Атыңнан айналайын, арда Ақтөбем,
Өзіңнен басқа жерден бақ таппағам.

Екі бірдей Есетті туған елсің,
Ата жауын басынан аттатпаған.
Қобыланды, Бөкенбай, Сәңкібайлар,
Өр намысын өлсе де таптатпаған.

Әлиядай батыр қыз әлемде жоқ,
Отан үшін кеудесін от қақтаған.
Қазанғаптың күйлері шертілгенде,
Соқырдың да көзіне жас қаптаған.

Тары егіп рекорд қылған Шығанақты,
Біз түгіл үлгі тұтқан мақтап ғалам.
Сағи мен Өтежанның өлеңдерін,
Сәби күннен жүректе жаттап қалғам.

Әулетімен әйгілі Жұбановтар,
Қазақтың тектілігін сақтап қалған.
Миллиардтарды әнімен мойындатты,
Димаштай үмітіңді ақтап балаң.

Қысқасы, басқалардан озық тұрған,
Ақтөбем абыройы асқақ қалам.
Алты құрлық атына тәнті болған,
Алты әріптен құралған аппақ қалам.

ТІЛ-ТІРЕГІ ЕЛІМНІҢ

Ана тілің- қасиетті құралың!
Тіліңменен қанша өлең, қанша жырды құрадың,
Қазақ жайлы біреу маған теріс ұғым айтса егер,
Сол мезетте ана тілмен сойқан-талқан қыламын.

Мен тоқтамай тілім үшін күйемін,
Мейлі маған қанасыншы, одан қалды шие ерін.
Өзге тілді білмесем де маған енді бәрібір,
Себебі мен қазақ деген алтын тілді сүйемін.

Ана тілің махаббатың, асылың,
Сол тіл үшін ата-бабаң арнап өткен ғасырын.
Әр қазақтың ана тілде шықса егер жан даусы,
Бұл біз үшін жай үн емес қайталанбас ғасыр үн.

Тек тілді емес құрметтеші жеріңді
Одан қалды құрметтеші тау мен суың, беліңді
Өз балаңды мәпелеген секілді етіп мәпеле,
Сол кезде тек тарқатасың, рахаттанып шеріңді

Қайда жүрсем өз атамды мақтан етіп жүремін,
Себебі олар беріп кеткен жан тілі үшін жүрегін.
Ақ құрсақтан шыға сала естіп едім өзінді

Жардан берік, тастан қатты ана тілім -тірегім!

ӘЛЕМНІҢ БІРІНШІ КЕРЕМЕТІ

Жердің бетін ерекше етер әрлі
Бар ғой сегіз керемет өте мәнді.
Ең бірінші керемет-аналар ғой,
Сонан кейін тұрады жетеуі әлгі.

Әлдиі ғой ананың асыл әні,
Әрбір әлди мен үшін ғасыр әні.
Әлди айтқан анаңды әлпештесең,
Сегіз жұмақ есігі ашылады.

Кейбіреулер ананың құтын білмей,
Қарсы сөйлеп қабағын шытып жүр ғой.
Әр күн сайын анаңа сыйлық жаса,
Сегізінші наурызды күтіп жүрмей.

Бойына жинағандай бар асылды,
Сегіз саны анаға жарасымды.
Сегіз деген белгісі шексіздіктің,
Мен де шексіз сүйемін анашымды.

ЖЕҢІС ЖЫРЫ

Жеңіс, жеңіс, бабалардың қанысың,
Қасық қанын аямаған ар үшін.
Қарыздармыз ардагерлер сіздерге,
Азаттықтың әрбір атқан таңы үшін.

Қан майданда жасымастан жігерің,
Жауған оқтың арасында түнедің.
Дабылындай мәңгі бейбіт өмірдің,
Кеудеңдегі лүпілдеген жүрегің.

Сен соғыста таптатпадың ұлт арын,
Ал мен бүгін Жеңіс әнін шырқадым.
Көз жасыңның өтеуінде кешегі,
Көз алдында күліп жүрген ұрпағың!



Аймаханова Назерке

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
№9 орта мектеп- гимназиясы
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
педагог-модератор

Чередниченко Владислав

6- сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Дарын бүгін көңілсіз еді. Сабақтан келді де, сөмкесін үстелдің үстіне қойды. Анасына көзінің қиығымен қарады да, өз бөлмесіне қарай беттеді. Анасы әдеттегідей телефонмен біреумен сөйлесіп, даусы ерекше қатты шығып жатты. Дарын анасының даусын естігісі келіп, есікке қарай құлағын тосып еді, анық ештеңе естей алмады.

Желтоқсан айының ортасы. Далада жапалақтап қар жауып тұр. Көшедегі қызылды-жасылды жарықтар көздің жауын алады. Жаңа жылға деген дайындық, қол ұстасып келе жатқан отбасылар, шанасын арқалаған бала бәрі- бәрі керемет көңіл- күй беріп тұрғандай. Тек қана Дарынның көзінде бір мұң бар еді. Кенеттен Дарынның басына бір ой келді. Ол күнде анасы мен әкесінің бітпейтін жұмысынан, одан қалса телефондағы әңгімелерден, одан қалса әкесінің телефонға үнемі үніліп жүретінін есіне түсірді. Аспанға ұзақ қарап, қолына қағаз алып, хат жаза бастады. «О, Жаратушы! Анам мен әкемді бір күнге бала сияқты қылып, мына өмірдің тамаша көрінісін көрсетші. Анам мен әкем телефондарын бір сәтке қойып, бала көзімен мына керемет әлемге қарасыншы! Менің әлемімде ата-анам бақытты болса екен...сол кезде менде бақытты болар едім...» Осылайша сыбырлап жатқан Дарынның көзі ілініп кетті.

Хатты оқыған анасы баласының жазған тілегін оқып қатты жылады. Себебі баласына керекті дәрежеде көңіл бөлмейтінін түсінді. Хатты әкесіне оқытып, дереу телефондарын тастады.

Дарын ұйқыдан тұрса, анасы мен әкесі аулада жүр екен. Терезені тарсылдатып:

–Дарын, балам, жүр, шық далаға! Қарашы, дала қандай әдемі! –деп қолын бұлғап, сықылықтап күлген анасының жүзін көрді. Қашанда анасының бір нәрсені уайымдап, қабағын түйіп жүрген бейнесін көріп үйренген Дарын таң қалды. Дереву киімдерін киіп, далаға атып шықты. Әкесінің шана сүйретіп келе жатқанын көрген Дарын одан сайын таңырқап, орнында тұрып қуанғаннан секіре берді. Анасы мен әкесін қатар құшақтап, кезек- кезек сүйе берді. Ата-анасына еркелеген Дарын тоңғанын да ұмытып, бақыттан басы айналып армансыз ойнады. Ата-анасының назарына тойған бала кешкісін әдеттегідей тамақты шұқып емес, тойып жеді. Әкесінің мойнына асылып құшақтай берді.

Бала үшін ең әдемі әлем ол – оның ата-анасы. Ата-анасы бақытты жандардың балалары да бақытты болмақ. Сондықтан бала әлемін телефон да, басқа зат та ұрламасыншы...

Арыстанбекқызы Бибигуль
 Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
 Ұ. Құлымбетов атындағы №64 жалпы білім
 беретін орта мектеп
 Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
 педагог -зерттеуші
Абдрахманов Мансур 6-сынып оқушысы



				Қ	Ы	Р	Ы	Қ	
		Қ	Ұ	Н	А	Н	Б	А	Й
Б	А	Й	Ғ	А	З	Ы			
			С	Т	А	М	Б	У	Л
				Қ	А	З	А	Қ	

**«ҚАЗАҚ» – ОРТАСЫНДА ШӘКӘРІМНІҢ ӨЛЕҢ АТАУЫ ШЫҒУ
 КЕРЕК**

1. «ҚЫРЫҚ» - Неше жасында орыс, түрік, араб, парсы тілдерін меңгерген?
2. ҚҰНАНБАЙ - Шәкәрімнің атасы
3. «БАЙҒАЗЫ» - Шәкәрімнің әні
4. «СТАМБУЛ» - Қай елдің кітапханасында он үш күн туған халқының тарихына қатысты кітаптарды оқып отырған?
5. «ҚАЗАҚ» - Ж.Аймауытовтың «Шәкәрім ақсақалға» атты мақаласы қай газетте басылып шықты?

Арыстанбекқызы Бибигуль

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

Ұ. Құлымбетов атындағы №64 жалпы білім

беретін орта мектеп

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,

педагог -зерттеуші

Жанболат Ералы 6-сынып оқушысы



						Ш	І	Л	Д	Е		
					М	Ә	У	Е	Н			
Т	Ө	Л	Е	Б	И	К	Е					
					Ж	Ә	К	І	М			
		Д	У	Б	Р	О	В	С		К	И	Й
		Ш	Е	Ж	І	Р	Е					
			А	Р	М	А	Н					

ШӘКӘРІМ – ортасында ақынның аты шығады

1. «ШЛДЕ» - Шәкәрім Құдайбердіұлы қай айда дүниеге келген?
2. «МӘУЕН» - Әйелінің аты
3. «ТӨЛЕБИКЕ»- Анасының аты
4. «ЖӘКІМ» - Баласының аты
5. «ДУБРОВСКИЙ» - А.С. Пушкиннің қандай шығарамасын аударды?
6. «ШЕЖІРЕ»- «Қазақтың түп атасы» деген қандай еңбек?
7. «АРМАН» - Өлеңінің аты

Арыстанбекқызы Бибигуль
 Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
 Ұ. Құлымбетов атындағы №64 жалпы білім
 беретін орта мектеп
 Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
 педагог-зерттеуші



Токин Тимур 6-сынып оқушысы

				А	Р	А	Б					
				Т	О	Б	Ы	Қ	Т	Ы		
				Ү	Ш	А	Н	Ы	Қ			
Т	О	Л	С	Т	О	Й						

АБАЙ – Ортасында Шәкәрімнің өмірлік ұстазы

1. «АРАБ»- Парсы, түрік, орыс тілдерінен басқа қай тілді жетік білді?
2. «ТОБЫҚТЫ» - Арғын тайпасының қай руынан шыққан?
3. «ҮШАНЫҚ» – Шығармаларының бірі
4. «ТОЛСТОЙ» – Өзін ғұмыр бойы орыстың қай жазушысының шәкіртімін деп санады?

Арыстанбекқызы Бибигуль

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
 Ұ. Құлымбетов атындағы №64 жалпы білім
 беретін орта мектеп
 Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
 педагог-зерттеуші



Фролова Арина 6-сынып оқушысы

				Қ	А	Л	Ж	Ы	Ң	Б	А	С
				Б	О	Р	А	А	Н			
					Б	Е	С					
Ш	Ы	Ң	Ғ	Ы	С	Т	А	У				
						А	Б	А	Й			
				Г	А	Р	М	О	Н	Ь		
				А	Р	Ғ	Ы	Н				
					П	А	Р	С	Ы			

«ЖАСТАРҒА» - Ортасында адамгершілік ақ жолға, өнер-білімге үндейдейтін өлеңі шығады

1.«ҚАЛЖЫҢБАС» - Жасанды мінез бен жағымсыз қылықты сынға алатын өлеңінің аты.

2. «БОРАН» - [1908 жылы](#) А.С.Пушкиннің қай шығармасын өлең түрінде аударды?

3. «БЕС» – Неше жасында ауыл молдасынан сабақ ала бастаған?

4. «ШЫҢҒЫСТАУ» - Шәкәрім қазіргі [Шығыс Қазақстан облысы](#), [Абай ауданындағы](#), қай бөктерде дүниеге келген?

5. «АБАЙ» - Дүниеге көзқарасы кім арқылы қалыптасты?

6. «ГАРМОНЬ» - Шәкәрім қандай аспапта ойнай білген?

7. «АРҒЫН» - Орта жүздің қай тайпасынан шыққан?

8. «ПАРСЫ» - араб, түрік, орыс тілдерінен басқа қай тілді жетік меңгерген?



Қаймақбаева Бейбіт

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы
«Байғанин орта мектебі»КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-
сарапшы

Серікбаева Хиуаз 3-сынып оқушысы





Машимова Акырыс Абдыкалыковна
Ақтөбе қаласы “№34 ОМ” КММ
Ибрагимова Мадина 7- сынып
оқушысы



Шәкәрім шыңы

Ақындардың бесігін,
Тербеткен де Шәкәрім,
Қазағым деп, елім деп,
Жер тепкен де Шәкәрім
Өлең-жырды нұр етіп,

Тер төккен де Шәкәрім— деп жырлағандай, қазақтың шамшырағы болған баба Шәкәрім атамыз туралы жазбаған ақын, зерттемеген ғалымдарымыз кем де кем шығар... Солардың ізін жалғастырып, азғантай ізденісімді, оқушы көзқарасымды қағаз бетіне түсіруге тырыстым.

Шәкәрім Құдайбердіұлы қазіргі Семей облысында 1858 жылы 11 шілде күні дүниеге келді. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді ерте қайтыс болып, Шәкәрім 7 жасында жетім қалады. Алпауыт атасы Құнанбай Шәкәрімді тәрбиесіне алып, таршылықтың, жетімдіктің тауқыметін еш тартқызбай өсіріп бағады.

Дей тұрғанмен, жетім жүректің жаны нәзік бала Шәкәрімге оңайға соқпаса керек. Тебіренген балауса жүрек алғашқы жоқтау өлеңдерін көз жасымен құйылта отырып, қағаз бетіне түсірді.

Әрине, «әу» демейтін қазақ жоқ дегендей, бұл жай ғана өнерге деген әуестік болып бір бұрышта қалып қояр ма еді?! Дарын иесі Абайдың тәрбиесінен өтті. Бойындағы тума талантты ерте байқаған қырағы көз Абай Шәкәрімді өнер-білімге барынша баулыды.

Шәкәрім тек қана өнер-білімге ғана емес, домбыра тарту, гармонда ойнау, қаршыға бүркіт баулып саятшылық, сурет салу сияқты сегіз қырлы жігіт болып өсті. Шәкәрімнің «Мұтылғанның өмірі» атты автобиографиялық өлеңінде өзі туралы толық жеткізе білді. Яғни, 5 жасында ауыл молласынан сабақ алғандығын, киім тігіп өзі өзгеше киінгендігін, тіпті қолындағы сағаттың механизміне дейін ақтарып, тоқтап қалса жүргізіп алатын қабілеттерін ашып жазған. Бір сайлауда болыс болып та көрген. Артынша ол «еріксіз жемтік шоқыдым», «ар кетіп, айла жамылдым» деп опынады, халықтан биік тұрып өзін ұлық сезінгеніне өкінеді. Азғантай уақытқа ғылымнан жырақ қалғанына налиды. Бірақ Шәкәрім ел ісіне араласу, халықтың қамын жеу, елге жаны ашуды жан-жағындағы жастарға үнемі айтып жүреді.

Шығармашылықтан еш қол үзбеген Шәкәрім ұстазы Абайдың тапсырмасы бойынша шежіремен айналысып «Қазақтың түп атасы» деген еңбегін жазып шықты.

«Ғылым едім жаланап» десе де, Шәкәрім 40 жасқа дейін орыс, түрік, араб, парсы тілдерін үйренген.

Шәкәрім өз бетімен білім алып өскен адам. Дүниеге деген көзқарасы да Абай ықпалымен қалыптасқан. Шәкәрімнің өз бетінше оқыған кітаптары: Нәжип Ғасымбектің түрік тарихы, түрік шежіресі, Радловтың ұйғыр туралы, Аристовтың түркі нәсілі туралы, ескі замандағы шежіре кітап «Құтадғу білік» кітаптарын оқи отырып 20 жастан асқан Шәкәрім ғылым жолында жаңа бір белеске көтерілді.

Шәкәрім «Жан не? Дін не? Барша ғалам қалай жаралған?»— міне, осы сұрақтарға жауап іздейді. Осы оймен Меккеге барғанын да айтады,

Шәкәрім – аудармашы көп тілді білгенінің арқасында шығыс және орыс классиктерінің шығармаларын түпнұсқасы бойына қазақ тіліне еркін аударған.

Шәкәрім – тарихшы. Абайдың ақыл-кеңесімен ақын шежіре жазды. Шығыс, Батыс классиктерінің шығармашылығын жете танып, мұсылмандық ілім-білімді де еркін меңгерген. Түркі халықтарының терең білетін, діни тарихи тақырыптарға «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханылар шежіресі», «Үш анық» еңбектерін жазған ғұлама ғалым.

Шәкәрім– сазгер. Сегіз қырлы бір сырлы. Шәкәрім ойлы өлеңдеріне ән де жазған өнерлі сазгер болған. Бұл ақынның керемет өзгешелігі талант дәрежесінің биіктігі.

Шәкәрім – философ. Ол тек қазақ халқының ғана емес, барлық туыстас түркі халықтарының, тіпті барлық Шығыс мәдениетінің, одан қалды орыс халқымен барлық Еуропа елдерінің философиялық ой -танымдарын зерттеп, өз халқының ұлттық дәстүрлеріне негіздей отырып, жетілдіріп, философиялық ойымызды, дүниетанымымызды әрі қарай дамыта түскен ойшыл.

Осындай алапат дарын иесі Шәкәрім бабамыздың «халық жауы» боп мезгілсіз өмірден өткені қазақ халқының қабырғасын қайыстырып, өзегін өртейді.

Ол қазақ әдебиетінде Абай қалыптастырған реалистік дәстүрдің алғашқы дамытулардың бірі болды. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын көре білуді халыққа жол көрсетуде Абай дәстүрін ұстанды.

XIX аяғы мен XX басында қазақ әдебиеті тарихында Абайдан кейінгі ұлы ақынымыз Шәкәрім өзінің жарты ғасырдан астам шығармашылық жасында мол әдеби мұра қалдырды. Оның өлеңдері мен поэмалары прозалық шығармалары мен публистикалық мақалалары жұмбақтары мен мысалдары философиялық ой пайымдары түрлі тілдерден тәржімалаған туындылары қазақ әдебиетінің тарихына қосылған баға жетпес асыл қазына болып табылады.

Ақынның осындай табиғи талантының түп тамырының тереңдігі, жан-жақты, сан қырлы қабілет иесінің мұралары ұрпақтан-ұрпаққа жететіні сөзсіз.

Ақын, жазушы болмасам да тума талант иесі Шәкәрім бабамызды азғантай зерттеуінің өзінде өзіме көптеген ой түйіп қажетті тың ақпарат, мол сабақ алғандаймын. Осындай ұлы тұлғаларымызды ұлықтау арқылы қазақ әдебиетінің тамыры тереңге жайылып, оны зерттеп жүрген жастарымыздың болашағы жарқын болары хақ!

«Ғалымның өзі өлсе де, хаты өлмейді» деген осы екен ғой!



Айсұлтан Айжанар Талғатқызы.
 Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,
 Қарауылкелді ауылы, Қарауылкелді
 орта мектебінің математика пәні мұғалімі
Маратова Зере Бауыржанқызы
5-сынып оқушысы



Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Қарауылкелді орта мектебінің
 5 «Ә» сынып оқушысы Маратова Зере Бауыржанқызы жұмысы

			Ә	К	Е			
М	Е	М	Л	Е	К	Е	Т	
			Е	Г	Е	М	Е	Н
			М	Е	К	Т	Е	П

			Б	Е	С	І	К	
			А	Қ	Ы	Н		
Т	Е		Л	Е	Ф	О	Н	
			А	С	Ы	Қ		
	Х	А	Л	Ы	Қ			
Қ	А	З	А	Қ	С	Т	А	Н
			Р	О	З	А		

			К	Ө	Г	Е	Р	Ш	І	Н		
			Ө	Р	І	К						
			З	Ы	М	Ы	Р	А	Н			
			І	Л	Г	І	Ш					
			М	А	Ш	И	Н	А				
			Е	Ң	І	Л	І	К				
			Н	А	У	Б	А	Й	Х	А	Н	А

1. Асқар тау
2. Әр елді осылай атайды
3. Қазақстан қандай ел
4. Білім беретін орын
5. Сәбидің алғашқы жатар орны
6. Өлең, тақпақ шығаратын адам
7. Сымсыз құрал
8. Ұлттық ойын
9. Қала, ауыл тұрғындары қалай аталады.
10. 9-шы орында тұрған мемлекет
11. Әдемі гүл аты
12. Далада кездесетін құс
13. Тәтті жеміс жидек
14. Айға дейін баратын машина
15. Киім жинап қоятын зат
16. Жылдап жүретін зат
17. Сирек кездесетін адам аты
18. Бидайдан нан шығаратын адам

Темірғалиева Гүлсезім Серікқызы
 Ақтөбе қаласы, N78 жалпы
 орта білім беретін мектеп-гимназия
Бримтаева Айдана Турегуловна 9- сынып оқушысы

**Не үшін тышқан мен ит жақын достар?
 (ертегі)**

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, ит пен мысық бір-біріне дос болыпты. Дос бола тұра екеуі сәл нәрсеге ренжісіп, таласып қала береді екен. Олар адамдардың үйіне барып пана тапқысы келеді. Бірақ бәрі оларды қуып жібере береді. Себебі екеуі әрқашан бір үйге келіп, таласып қала беретіндерінен

мезі болатын. Күндердің бір күнінде ит өте мейірімді адамдар тұратын үйді тауып алады. Сол үйге қарап тұрған кезде оған тышқан келеді. Тышқан одан оның үйіне не үшін келгенін сұрайды. Ит оған болған жайттың бәрін айтып береді. Сол кезде тышқан оны аяп кетіп, үйіндегі адамдардан «Ит біздің үйде тұрсыншы» деп рұқсат сұрайды. Мейірімді кісілер оны асырап алады. Сөйтіп олар бірге бақытты өмір кеше бастайды. Ит пен тышқан айырылмастай дос болады. Оны білген мысық оларды көре алмай, достықтарын бұзғысы келеді. Ол мейірімді адамдардың алдына барып, олардан "мені асырап алыңыздаршы" деп сұрайды. Сол сәтте мысықтың әдемі көздеріне алданып қалған мейірімді адамдар мысықты үйлеріне кіргізеді. Мысық үйде мейірімді жандар болған кезде жақсы болып, олар кеткен кезде тышқанды жеп қойғысы келеді. Бірақ, ит тышқанды қорғап, әрдайым өзімен ертіп жүреді. Бір күні мейірімді жандар үйден кетіп қалады, ал ит ұйықтап жатады. Мысық сол сәтті пайдаланып тышқанды жеп қойғысы келеді. Оны көрген тышқан қашып кетпек болады. Бірақ мысық оны ұстап алып, жеп қояды. Ұйқыдан тұрған ит тышқанның жоқ екенін көреді. Оны барлық жақтан іздейді, таба алмайды. Сол кезде ит мысықтың жеп қойғанын түсінеді. Болған оқиғаны ит мейірімді адамдарға айтып береді. Олар болған жағдайды түсініп, иттің өтірік айтпайтын жақын әрі адал дос екенін біліп, мысықты қуып жібереді.

Сол сәттен бастап ит мысықты өте жек көреді, ал тышқанмен ол әрқашан жақын достар болып қалады.

Махаббат күдіреті (әңгіме)

...Бес сағаттық жол жүріп, әрең дегенде көкемнің үйіне де жеттік. Біз қалада тұрамыз. Ал көкем табиғатпен сырласа отырып, ауылда мал баққанды сүйетін жан еді. Оның өзінен он жасқа кіші әйелі мен екі кішкентай қыздары бар. Жеңешем ақкөңіл, әңгімеге жақын жан, өте ақылды әрі зерек. Өз заманында Педучилищені бітірген. Кезінде маған әліпбиді үйреткен осы жеңешем болатын. Ал көкеме келер болсақ, ол өте ақылды әрі жарқын кісі. Бізге ылғи өмірінен өткен қызықты оқиғаларды айтып беретін. Жеңешемді тым қатты жақсы көреді, әр сөзіне соны қосып отырады.

Көліктен түсіп, бірден үйге кіре жөнелдік. Үйдің айналасында ағаштан жасалған қоршау, былтырғы жазда біз келіп сары түске бояп кеткенбіз. Ішіне кіргенде жеңешемнің гүлдері мен жеміс -жидектері өсіп тұр екен. Бір екеуін жумастан ауызымызға салып жібердік. Бізде иммунитет ұрып тұр ғой, ауылда өскен баланы салқын да алмайды. Бізді көкем өзі күтіп алды. Үйге кірген сәтте төрге отырғызып жылы қабақпен:

- Иә, әңгіме айтыңдар. Қалай жеттіңдер? Біздің жолмен жүру қиындыққа соққан шығар. Ауыл әкімі жөндеймін дегеніне тура екі жыл өтті, сол күйінде қалды ғой.

- Шынымен де, жол жаман екен, жеткенше қартайып кетеміз бе деп едік. Бес сағат бойы жол жүріп зарығып кетеді екенсің, - деп мен өз наразылығымды білдіре жөнелдім.

- Жеткенімізге тәубе, сіздерде жаздың соңына дейін қалып, мал бағуды ойлап отырмыз, – деді Мағжан ағам.

- Иә-иә, дұрыс, қалағандарыңша болыңдар. Білесіңдер ғой өздерің, бұл - сендердің екінші үйлерің, жеңгелерің - екінші аналарың, мен әкелеріңмін, - деп көкем көңілімізді бір көтеріп алды. Бәріміз күліп-ойнап дастархан басында жеңешем дайындаған шәйді іштік. Үстел үсті тамаққа лық толы: ірімшік, балқаймақ, әрқайсысымызға бір-бірден сорпа кесе айран және тезекке піскен нан, дәмі тіл үйіреді. Қалада ондайды сирек кездестіреміз, ешкім жасамайды да, жемейді де. Мағжан ағам екеуіміз тойып алдық. Бір кезде мен көкемнен: – Сіз осы жеңешеммен қалай таныстыңыз? - деп сұрап қалдым. – Бұл енді қызық әрі ұзақ әңгіме - деді көкем әңгімені одан сайын қыздыра.

– Бір күні күн ысып тұған шағында жолдас балам екеуіміз көлге барып, бір салқындап алайық дедік. Жолда келе жатып "ой, қазір рахаттанып қаламыз-ау" деп ойлағанбыз. Көлдің жағасына келіп шешіне бастап едік, қарап қалсам, бір сұлу қыз шомылып жүр екен, үстінде киімі жоқ. Өте әдемі, сұт секілді аппақ қыз екен. Ұялғанымнан досыма:

–Қарама, жүр кеттік, келесіде келерміз - дедім де киімімді қолыма ұстап үйге қарай жөнелдім. Дос балам көріп үлгермеді, жол бойы не көргенім жайлы сұрып, мазамды алды. Үйге қайтар жолда сол аруды ойлаумен болдым. "Есі бар қыз тал түсте жалаңаш көлде жүзіп жүре ме? Қазақ қызына бұл жат қылық" деген ой мені мазалады. Бірнеше ай өтті, сол арудың бейнесі еміс-еміс есімде. Бір күні Ербол деген бір мектепте оқыған бауырымның үйлену тойы болатын. Жастар саны өте көп болды, бәрі бір-бірімен айтысуда. Сол Ербол маған: –Менің келіншегімнің сұлу сіңілісі бар, жігіттер қолын сұрауға апта сайын келеді. Бәлкім, сен танысып көрерсің, ағайынды қыздарды алып, бір үйдің күйеу балалары болсақ, бұдан артық бақыт бар ма? - деп ой тастады. Өзіл ретінде айтып отыр дегенмін ғой, сөйтсем, шыныменде әпкесінің қасында айдай сұлу қыз отыр. Түрін біреуге ұқсаттым, бірақ, нақты кім екені есіме түспеді. Шамалыдан кейін: – Ей, мынау әлгі қыз ғой деп орнымнан атып тұрдым. Ұялғанымнан орныма отыра салдым. Мен бірнеше ай бұрын көлде кездестірген қыз, дәл өзі! Сол әдемі бейнесі, ботадай көздері.. Жүрегімді елжіретіп жіберді. Қасына қарай жылжып, танысып көруді жөн көрдім. Менде оған ұнаған сияқтымын, тез арада сөйлесіп, жақындасып кеттік. Сол сәтте «Бұл жәйдан-жәй емес, бәлкім, әлгі оқиға да осы кездесу үшін болған шығар. Мүмкін бізге бірге болу бұйырған шығар. Не болса да, құдай екеуімізді қосып, тағдырымызды бір қылуды ойлаған екен»,– дедім. Сол сәттен бастап бір көргеннен ғашық болу дегенге сене бастадым. Енді міне, жеңгелерің маған екі ханшайымдарымды сыйлады, шүкір. Осы оқиғаны соған айтсам «болмады ондай» деп мойындамайды. Ұялады-ау, сірә! – Шынында, болмаған нәрсе ғой, – деп, ақ жеңешем қарсылық білдіріп, ала көзбен қарады. Бәріміз бір күліп алдық. Ғашықтық сезімі мені әлі күнге дейін таңғалдырады. Махаббаттың құдыретін бір күні менде сезінермін. Мүмкін, менде өмірлік жарымды тауып, осылай алаларыммен махаббат оқиғамызбен бөлісермін. Өзірше оған дайын емеспін. Бір күні уақыты келер...

Бақыт деген не өзі? (әңгіме)

...Біздің ауылда жарық жиі-жиі сөніп қала беретін. Әжем ылғи кешке қарай май шамын дайындап отыратын. Кешкі үстел басында әңгіме айтып тамақтану сүннет болса да, бұл біздің үйге жат қылық болатын. Бірақ кешкі шайдан соң үнемі құрт жасап жатқан әжемнің қасына келіп, әңгімелерін тыңдайтын едім. Әжемнен білгім келген заттың бәріне жауап табамын, әжем өте ақылды кісі. Мен де әжеме ұқсаған ақылды жігітпін. Иә-иә, мен мектептің ең оқымысты баласы ретінде танылғанмын. Бір күні сабақ үстінде мұғалима бізге "Біздің өміріміздегі әр сәтіміз бақытқа толы болуы керек" деп тіл қатты. Сол сәтте терең ойға батып кеттім. Сонда, қиын кездерде де бақытты болуымыз керек пе? Ол қалай болғаны? Біз қалайша басымызға қиын сәт түссе бақытты болып жүреміз? Ол мүмкін емес қой.

Жо-жоқ, біздің қайғыруымыз қажет емес пе!? Үйге барған соң әжемнен сұрап алармын дедім де, мұғалима берген тапсырмаға көштім. Үйге келген сәтте әжеме қарай жүгірдім.

– Әй, балам-ау, бір нәрсе болып қалғаннан сау ма өзі? - деп әжем уайымға салынып кетті.

– Жоға, әже, сізге сұрағым бар. Бүгін сабақта отырған кезде мұғалима біздің қандай жағдай болса да бақытты болуымыз керек деп айтты. Бұл мүмкін емес қой, біз қиын сәтте қалайша қуанамыз? - деп мені күні бойы мазалаған сұрақты қойдым.

– Құлыным, мұғалімнің қай кезде қателескенін көрдің? Ол ақ затты қара десе де дұрыс. Бақыт деген – сенің отбасың. Бақыт – сен сүйіп жасайтын жұмыс, сенің әр тынысың бақыт емес пе? Он екі мүшеңнің саулығының өзі – зор бақыт. Саған қиын сәт келген кезде өзгелерде бұдан да қиын сәттер болып жатады. Әр кезде қиындыққа төтеп беруге қол ұшын созатын отбасыңның бары – бақыт. Қалаған нәрсеңді жасай алып, денсаулығыңның бар болғаны сен үшін бақыт. Қандай қиын жағдай болса да, бұл сенің тандауыңнан туындаған іс. Өз тандауың үшін күресіп, мақсатыңа жеткеннің өзі бақыт емес пе? Әр тынысың үшін тәубе етуіміздің орнына, болмашы қиындыққа қайғырған дұрыс деп ойлайсың ба, балам?

– Жоқ, әже!

– Осының бәрін есіңе түсірген сәтте «Менен асқан бақытты адам жоқ қой» деп ойлайсың, тәубе етесің. Қиындықтың бәрі қайғыру үшін емес, оны жеңу үшін келеді. Балам, әр кезде өзіңнің бақытты жан екеніңді ұмытпа. Ұстазыңның әр айтқан сөзі ақиқат.

– Түсіндім, әже, мен бақыттың не екенін енді білдім. – Айналайын, ақылдым сол. Қолыңды жу да, үстел басына отыр. Май шамды менің бөлмемнен ала келші, жарық тағы сөніп қалды, - деді әжем, менің сүйікті тағамымды тәрелкеге салып жатып. Мен осы күнге дейін бақыт деген – ойын-сауық, тәтті кәмпиттер мен ұйқы деп ойладым. Бақыт мен ойлағаннан мүлдем басқа нәрселер болып шықты. Бақыт ойын-сауықтан да қымбаттырақ,

маңыздырақ нәрсе екен. Мен осы оқиғадан соң әр кішкене нәрседен бақытты көруді және әр күнім бақытқа толы екенін түсінуді үйрендім...

Ақтөбе қаласы №78 жалпы орта білім беретін
мектеп- гимназиясы
Темирбекова Мадина Каллыбековна 9- сынып оқушысы

Құбыжық пен ханшайым

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде ай десе аузы, күн десе көзі бар, айдай сұлу Айсұлу ханшайым болыпты. Оның әкесі хан болыпты. Хан өте адал, мейірімді, өз елін қатты жақсы көретін болған екен. Бірде Айсұлудың құрбылары сергіп, серуендеп келуге шақырады. Айсұлу құрбыларымен амандасып, әкесіне келіп сұранады.

– Әлемдегі ең қамқор әкешім, құрбыларым келіп тұр. Құрбыларыммен бірге серуендеп қайтсам бола ма?

Әкесі:

– Сұлулардың сұлуы, тәттілердің тәттісі, әрине, бара ғой. Қызым, бірақ абай бол, алыстап кетпе. Айсұлу қуанып, әкесін құшақтап, қоштасып кетеді. Олар алма теруге келеді. Ағаштардың арасында бір Құбыжық жүр екен. Құбыжық айдай сұлу Айсұлуды көріп қалады. Айсұлуды ұстап алмақ болған Құбыжық түрін өзгертіп, алма теріп жүрген қыздардың жанына келеді де:

– Қыздар, мен де сендермен алма терсем бола ма? Мен де алма тергенді ұнатамын, – дейді. Қыздар қарсы болмай, келіседі. Қыздармен бірге алма теріп, сенімдеріне кіріп алған Құбыжық Айсұлуға қарап:

– Сенің есімің кім, танысайық, - дейді.

– Менің есімім – Айсұлу.

– Жүр, мен сені бұлтпен ұшырып серуендетейін. Келісесің бе? - дейді Құбыжық.

Айсұлу келіседі. Құбыжықпен бірге ұшқан Айсұлу, аспан әлемін көріп, аузы ашылып, қатты таңғалады. Аспанның ең жоғарғы жеріне барған кезде Құбыжық өзінің шынайы келбетін көрсетеді. Оның түрі өте қорқынышты болады. Одан тіпті үлкен кісілер де қорқатындай еді. Аждаһаға айналған қызды көрген Айсұлу қатты қорыққанынан тілін жұтып қойғандай болады. Құбыжық өзінің қорқынышты түрімен оны айналып жүріп, «мен, қазір сені жеймін» дейді. Бар күш – жігерін жиған Айсұлу:

– Сіз, қалайша мұндай жаман болдыңыз? – деп сұрайды.

Құбыжық:

– Бұл өмірде мені ешкім өлтіре алмайды. Мен қалаған нәрсе айнала аламын, тіпті сен де бола аламын, – дейді де Айсұлуды жеп қояды.

Айсұлудың әкесі өзінің әскерімен екі күн бойы Айсұлуды іздейді, таба алмайды. Есіне Айсұлудың құрбылары түсіп, олардан сұрайды. Құрбылары Айсұлуды бөгде қыздың бұлтпен ұшырып алып кеткенін айтады. Содан бері Айсұлуды әкесі іздеп жүреді....

(жалғасы бар)

Жұмбақтар

Оқуға болады,
Жыртуға болмайды.

(кітап)

Үшкір тісі бар,
Ұзын құйрығы бар

(қасқыр)

Түсі күлгін, ұзын аяқ

(қоқиқаз)

Ақтөбе қаласы, №78 жалпы
орта білім беретін мектеп-гимназиясы
Бағдатқызы Айтолқын 5-сынып оқушысы

Жаңбырбай ауылы (ертегі)

Ерте заманда Жаңбырбай деген кедей болыпты. Кедейлігі сонша нан алуға да ақшасы жоқ екен. Оны ешкім менсінбейтін. Ел қатарына қосылуды армандап ойға батып жүретін болады. Бір күні жолдан 3 картоп тауып алады. Біреуін пісіріп жеп, екеуін қолына алып терең ойға батады. Түнімен ойланып «кедейшіліктен құтылудың жолы – картоп егу» деп шешеді. Таң ата салысымен бірден жұмысқа кірісіп кетеді. Қолына кетпен алып, жер бетін тегістеп, картобын егеді.

Жылдар, айлар, күндер өтеді. Күзде піскен картобын базарға апарып сатады. Күнделікті тамағынан ауысқан ақшасын жинап, уақыт өте келе нағыз байға айналады. Кезінде менсінбеген ауыл адамдары енді одан көмек сұрай бастайды. Одан қалай баудың жолын сұрап, кеңес ала бастайды. Жаңбырбай ештеңе жасырмай бәрін айтады. Ауыл адамдары бәрі Жаңбырбайдың кеңесін алып, өздері де картоп еге бастайды. Еккен картоптарын басқа ауылдарға апарып сатып, олар да көп ақша таба бастайды. Арнайы ауылдарына алыс ауылдан келіп машинамен картоп алып кететіндер де болады. Ақырында бүкіл ауылы бай болып, Жаңбырбайға алғыстарын айтады. Содан бері ол ауыл бүкіл елге танылып, «Жаңбырбай ауылы» атанып кетіпті.

Ақтөбе қаласы, №78 жалпы
орта білім беретін мектеп- гимназиясы
Миерхан Айсұлтан Ақылбекұлы 5-сынып оқушысы

Еріншектің ертеңі

Ертеде еріншек және еңбекқор бала өмір сүріпті. Еріншек бала өте бай тұратын. Ол мүлдем сабақ оқымайды, тіпті мектепке баруды да жоспарламайды. Үнемі тез әзірленетін тамақтармен тамақтанады екен. Ал, еңбекқор бала өте ақылды, үй тапсырмасын әрдайым орындап, сабақтан да қалмайды. Бірақ, өкінішке орай, кедей еді.

Әрдайым еңбекқор бала беті-қолын жуып, таңғы асын ішіп, мектепке қарай жол тартса, еріншек бала болса қорылдап ұйықтап жататын. Еңбекқор бала мектептен келе салып, ата-анасына көмектеседі, еріншек бала ертеңі бітпей, ата-анасын мүлдем тыңдамай, телефон қарап жата береді екен. Еңбекқор бала үнемі алғысқа бөленіп өседі. Себебі үлкендердің ауыр жүгін көтеріп, автобустарда орын беретін. Ал, еріншек баланың жағдайы нашарлап, ауырып жатып қалатын. Өйткені, ол үйінен шықпай, фаст-фуд тағамдарын көп жеген еді. Осылай күнде жалғасып, уақыт зырғып, арада біраз жыл өтіпті...

Екі бала да мектеп бітіріп, университетке оқуға құжат тапсырады. Нәтижесінде еріншек бала 100/7 балл алады, еңбекқор бала 100/99 балл алып, грантқа оқуға түсіп, «Қызыл дипломмен» оқуын аяқтайды. Еңбекқор бала жақсы жұмысқа тұрып, үлкен үй алып, машина алып байып кетеді. Ал, еріншек бала ия оқу бітіре алмайды, ия жақсы жұмысқа тұра алмайды. Ата-анасы қартайып, кедейшілік күйге түсіпті.

Түйін: Балалар, біздің маңызды ісіміз – сабақ оқу!

Ғаламтор

Әли үнемі кешкілік үй тапсырмасын орындап, кешкі асын ішіп, ерте ұйықтауға жататын. Жасы небәрі 9-да еді. Оның сабаққа деген үлгерімі өте жақсы болды. Бір күні ата-анасы Әлиге ұялы телефон сатып алып береді. Сол күннен бастап, оның сабағы нашарлап, үй жұмысын орындамай келетін болыпты. Себебі, ол телефоннан ғаламтор ақтарып, тик-ток, инстаграм, фэйсбук желілерінде көп отыратын. Мұғалімдер ата-анасына ескерту жасайды. Ата-анасы телефонда көп отырмау керектігін түсіндірген соң, Әли бәрінен кешірім сұрайды. Қайтадан бұрынғы қалпына келіп, сабаққа деген ынтасы оянады.

Түйін: телефонды шамадан тыс көп қарауға болмайды.

Ерік Ақмарал
Ақтөбе қаласы,
«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін
орта мектеп-гимназиясы» КММ мұғалімі
Алибек Жасмин, 5-сынып оқушысы

**Айгүл жақсы адам бола алды ма?
(Мысал)**

Жаз мезгілінде достарыммен жиі қыдыратынбыз. Біздің қалашықтағы балалар бір-бірін жақсы таниды. Кімнің-кім екенін, қайда тұратынын, кімдермен араласатыны туралы бәрін білетінбіз. Жасыратын ештеңеміз жоқ. Бір күні, біздің қалашаққа Алматыдан Ақбаян есімді біз қатарлас оқушы қыз демалысқа келді. Басында бәріміз қызық көріп, айналшықтап жүретінбіз. Оның үстіндегі киімі өте қызық, біртүрлі болғанымен, өзіне жарасымды еді. Ал, ойнайтын ойыншықтары біздің ұялы телефон арқылы қарайтын видеолардан көрген ойыншықтар сияқты ерекше еді. Бәріміз қызығып қарайтынбыз.

Ақбаянның түрі аққұба, шашы ұзын, қара, көзі бадырақ, кірпіктері ұзын, бетінің ұшындағы қызғылт реңі өзіне сондай жарасымды. Үстіне үнемі ашық түсті көйлектер киеді. Аяғында аппақ шұлық пен әдеміше келген тәпішке. Тәпішкесінің бетінде әдемі ойыншықтар да көздің жауын алады. Құлағындағы сырғасы кішкентай болғанымен көзге оттай басылады. Жасыл түсті көзіне қызықпаған қыздар болмады дей алмас едім. Ақбаянның қолында үнемі кішкентай алқызыл түсті сөмкесі жүретін. Ішінде, әжесі сыйлаған әдемі айнасы бар-тұғын. Артында әдемі тастармен әшекейленген айнаны ешкімге ұстатқызбады. Айтатыны:

– Бұл менің әжемнің көзі,—дейтін. Арамыздағы Айгүл сол айнаны айналшықтап, ұстағысы келіп, қанша жалынса да, Ақбаян өз ойынан қайтпады. Айгүл, содан Ақбаянға ренжіп қалды. Аптаның жұмыс күні, бәріміз балалар алаңқайына барып, сонда ойын ойнай бастадық. «Ақсерек-көксерек, бізден сізге кім керек?» ойынын ойнағалы жатқанымызда, Ақбаянға:

–Сөмкенді әткеншектің үстіне қоя тұр, біздің ойынға қосыл,—деп шақырдық.

– Жақсы, менің де ойнағым келіп тұр,— деп, ештеңеге алаңдамай, сөмкесін әткеншек үстіне қоя сала, біздің қатарға қосылды. Кешке дейін мына ойынның қызығына әбден кірдік. Ешкім оңай берілгісі келмеді. Бәріміз шуылдаса, көңілді үнмен өз ауламызға қарай қозғалдық. Бір мезгілде Ақбаян отыра қалып, жылай бастады. Бәріміз:

– Не болды саған, Ақбаян?—деп шуылдаса кеттік.
– Сөмкемде, айнам жоқ. Әжемнің көзі еді, сақтап ұста деген. Енді, не істеймін?— деді өкіре жөнеліп. Бәріміз ойын барысының кезеңін кезектесе есімізге түсірдік, әткеншектің айналасын іздеп, қарадық. Бір мезгілде, Айгүлдің аулаға қарай жүгіріп кіріп бара жатқанын көріп, артынан қуа жөнелдік. Өзін қолапайсыз ұстаған Айгүлді сұрақтың астына алдық:

–Сен жаңа, ойын барысында су ішемін деп кетіп, ойынға қайта қосылмадың?

–Қайда болдың?

–Неге, айнаны іздеуге көмектеспейсің?

Осы сұрақтардың астында қалған Айгүл, біраз кідіріп барып, сасқалақтап, жылап жіберді.

– Мен, әдейі емес, тек ұстап көргім келді. Менде де бұндай айна болғанын қалаймын, –деп аңырап, жылап жіберді.

Ақбаян өз айнасын қолына алып, артынша біздің қалашықтың қыздарымен ойнағанда сөмкесін үйге тастайтын болды. Ал, Айгүл бізден алшақтап кетті. Енді, сіздерге сұрақ? Айгүл, қазір жақсы адам бола алды ма?

Ақтөбе қаласы

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта
мектеп-гимназиясы

Базарғалиева Жаннұр 5-сынып оқушысы

Туған тілім, жасай бер!

Ана тілім қасиетті дана тілім,
Ардақ тұтар айбынды баба тілім.
Мен өзіңнен қуат алдым, анашымның
Ақ сүтімен бойымда жаратылдың.

Жаратылдың жанымда ізің анық,
Туған тілде білімге болдым қанық.
Менен асқан бақытты жан жоқ шығар?!
Ана тілде сөйлеймін, келем дамып.

Өзің барда жадырап жаным жүрер,
Өзің барда бақыттан көзім күлер.
Ей, туған тіл, жасай бер, жасара бер,
Туған жердің төрінде көгере бер.

Тілімді мен ардақтап жүрем әркез,
Туын көкке көтерер келді дәл кез.
Көк аспанда көк туым желбіресін,
Мәртебесін тілімнің көтерсін тез!

Өмірін өлеңімен өрнектеген
(*Фариза ақынға арнау*)

Фариза атты ақынды,
Барша бала тани ма?!
Әкесі оның Оңғарсын,
Ал анасы - Халима.

Атыраудай қазақтың,
Қаласында туыпты.
Дархан дала ғажаптың,
Манашында туыпты.

Дарынды қыз қазақтың,
Топырағынан жаралған.
Өнері бар ғажап тым,
Ел-жұртына таралған.

Өлеңдері ақынның,
Оқырманды баулады.
Жас болсам да менің де,
Жүрегімді жаулады.

Жырларында жазады,
Ұлтжандылық ұғымды.
Адалдық пен ерлікті,
Ұрпақтары ұғынды.

Өрнектеген өмірін,
Өлеңменен Фариза.
Поэзия деген демімен,
Су бүркіген Фариза.

Туған жерге арнаған,
Өлеңінде қанатын.
Жайып салып мен саған,
Дейді ұшып баратын.

Сүю үшін еліңді,
Жазылмаған еш жерде.
Сүю үшін жеріңді,
Ойланбаған еш пенде.

Қазағымның ақынын,
Аялап мен өтермін.

Фаризадай жақыным,
Болса,шіркін,не етермін?!
Болса,шіркін,не етермін?!
Шабыттанып кетермін.
Қанат бітіп қияға,
Самғап ұшып кетермін.

Ұстаз - асыл адамдар!

Үйретті бар жақсыны,
Білгендерін аямай.
Құрметтейік жақсыны,
Қадірлейік аялай.

Жақсы шәкірт болсын деп,
Еңбек етті тынымсыз.
Басқа білім қонсын деп,
Жалықпады ұғын сіз.

Ұстаз - асыл адамдар,
Білмегенді үйретер.
Шәкірттері бағалар,
Ұстазға,айтшы, кім жетер?!

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта
мектеп-гимназиясы

Бақтыгерей Жұлдызай 5-сынып оқушысы

Менің кішкентай әлемім (Ертегі)

Қайырлы күн, достарым. Мен сіздерге бүгін өзімнің құпиямды айтпақшымын. Сіздер тыңдаңыздар, мен айтайын. Түнгі тәтті ұйқыға кеткен кезде, мен түстер әлеміне саяхат жасаймын. Тылсым әлемге саяхатты жасаймын. Аспанда бұлттан жасалған ұшаққа отыра салып, өзімнің алтынмен көмкерілген қамалыма барамын. Ол жерде, мен балалар түстерінің суретін саламын. Біріне тәтті бәліштер жіберсем, біріне армандаған көлігін айдатамын. Қуыршақтарды сыйлап жатсам тәтті балақайларға, біріне арман қалашығына саяхат жасатамын.

Менің қамалым туралы ақпарат берейін. Менің қамалып бұлттар арасында, көрінбес таудың үстінде, алтынмен көмкерілген, қымбат асыл тастармен

өрнектелген ерекше жер. Ішінде, менен басқа адам жоқ. Менің көмекшілерім жоқ деген сөз емес. Олар көп, бірі таңғажайып гүлдер болса, енді бірі көбелектер. Менің арманымды орындайтын сиқырлы таяқша да бар. Алайда, мен оны тек әлемді құтқарар уақытта ғана қолыма ала аламын.

Менің оң қолым, ол – бәйшешек гүлі. Бәйшешек менің барлық қырсық мінезімді көтереді, салқынды ұнатады, қарды жегенді жақсы көреді. Сол үшін, оның бөлмесіне салқындатып тұратын желдеткіш қосып қоямын, және қар беретін құрылғы оранытып қойдым. Мен, ұйқымнан тұрып, өз балалық міндетімді орындауға кеткенде, ол басқа жерлердегі балалардың түсін бақылауда ұстайды. Бізде ең жылдам пошта қызметкері бар. Ол ауа райы арқылы бәрін қадағалап отырады. Кемпірқосақ болып түрлі түсті көңіл күй жіберсе, кей кездері адамға жылау керек деп жаңбыр жібереді. Мен түсінбеймін, жаңбырдың балаларға қажеті жоқ секілді. Өйткені, жаңбырды жылауға жіберсек, міндетті түрде балалардың су кешіп ойнаған дауысы, шалшық суда шомылулары пайда болады. А, ия, бірақ осыларды орындап болғаннан кейін аналарынан сөз естіп жылайды екен ғой?!

Қарды біздер, балалардың армандары орындалсын деп жібереміз. Білесіздер ме? Қар алты қырлы болады. Сосын бір қар біреуіне ұқсамайды. Осы қарларды менің көмекшілерім сіздерге төменге алып түседі. Бір арман орындалсын деп. Ал сен, қар жауғанда армандайсың ба? Ағаштар – менің жердегі батырларым. Олар біздерді алып айдаһарлардан қорғайды. Тек, олар қарапайым балаларға көрінбейді. Оны тек мен көре аламын. Білесіздер ме? Мен осы әлемді жеті рет құтқардым. Өзімнің сиқырлы таяқшам арқылы.

Менің осындай қақтығыстарда жол серігім болатын жануар, ол – дәуіт. Менің адам қолқанатым, сапардағы жан серігім. Біз талай шайқастарды бастан кешіп, жетістікке бірге жеттік. Бұл мен үшін үлкен байлық.

Менің қысқаша құпиям осылай. Егер де осы оқиғаларды, менің жеті жеңісіме қалай қол жеткізгенімді, қамалды қалай салғанымды, достарым мен жұмысшыларым туралы білгіңіз келсе, мені келесі кезеңде күтіңіздер!

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта
мектеп-гимназиясы

Ізмет Әлинұр 8-сынып оқушысы

Мен ұлыны ұлықтаймын

(Мағжан Жұмабаевқа)

Қазақ халқы кенде емес ақындардан,
Кенде емес ел қорғаған батырлардан.
Жырларынан жаныма жылу таптым,
Мағжан аға сынды асыл ақын жаннан.

Сыршыл ақын жырымен жалын атқан,
Жалын атқан жастарды жалындатқан.

Арыстандай айбатты, жолбарыстай
Қайрат біткен жастарға сенім артқан.

Сенім артқан жастары білімімен,
Мойындатты әлемді ілімімен.
Қанаттары қырандай күшті,мығым,
Тәуелсіздік тірегі жүрегі мен.

Ақын аға өлең-жырдан жаралған,
Киелі қазақ топырағынан нәр алған.
Мағжан аға сыршылдығы сарқылмас,
Күдіретті поэзиядан таралған.

Ұрпақтарың ұмытпайды өзіңізді,
Дәріптейді салиқалы сөзіңізді.
Мен ұлыны ұлықтаймын жүрегімде,
Сақталады мәңгі асыл сезім ізгі.

Халқы сүйген қаламгер
(*Мұхтар Шахановқа*)

Халқы сүйген қаламгер, Мұхтар аға,
Мұхтар аға, данышпан шыққан дара.
Тура жолдан тайдырмай өз ұлтының.
Тауқыметін көтерген, Мұхтар аға.

Мойындатқан әлемді жырыменен,
Мұңын шертіп сан қилы сырыменен.
Мұхтар аға болмаса Отырарды
Білмес пе едік кім алғанын шыныменен?!

Ойран болған Отырар сатқындықтың,
Құрбанына айналғанын бар шындықтың.
Мұхтар аға жырын оқып жүрегіммен,
Абыройдың асқақтығын мен шын ұқтым.

Адамға бақ адаммен қонатынын,
Адал жанның бағының жанатынын.
Нағыз ақын Мұхтар аға мәлімдеді,
Халқыменен бақытты болатынын.

Ақын айтқан асыл сөзді ұмытпаймын.
Ақын айтқан нақыл сөзді ұмытпаймын.
Бағы үшін халқының туған ақын
Мұхтар аға есімін ұлықтаймын.

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта
мектеп-гимназиясы
Сұлтанбек Нарқыз, 5-сынып оқушысы

Әлем балалар көзімен

Мен бақытты баламын! Мен – Тәуелсіз Қазақстан Республикасында өмір сүргеніме мақтанамын. Туғанымнан бастап, менің айналамды қоршаған дүниенің бәрі – ең керемет ғажайыптар. Көзімді ашқаннан анамның мейірлене қараған көздері, мені аялаған жылы қолдары, «Әлди-әлди» әнін айтқан сиқырға толы үні. Бұның бәрі ғажайып емес пе?!

Менің әлемімде қарапайым сөзбен жеткізу мүмкін емес сиқыр бар. Әрбір сәттер мен әрбір уақыт мен үшін жаңалықтарға толы қызық саяхат. Мысалы, ағаштар сиқыршыларға айналады. Себебі: көктемде жаңа киім киіп, үстіндегі бүршіктері бүр жарған кездегі ағаштар едәуір жастан бала жасқа айналғандай. Ал, жаз мезгілінде жасыл жапыраққа киініп, көлеңкесіне балаларды алып, ертегі мен әңгімелер ортасына айналдыратын құшағы кең мұғаліміміз сияқты. Күз мезгілінде, менің әжем сияқты. Белін бүгіп алып, керек емес жұқа киімдерді сыртқа шығарып, өзінің желімен жердегі қоқыстарды сыпырып жүргендей.

Қыс мезгіліндегі ағаш, мен үшін ең қатал ағай сияқты. Ашуланып, үстіне аппақ тонын киіп алып, үрейлендіріп тұрады. Салқындығымен тоңдырады. Бірақ, біздер ол ағайды да жібіте аламыз. Жаңа жыл мерекесінде оның үстіне түрлі-түсті киім киіндіру арқылы, мерекелік көңіл күй сыйлата аламыз.

Аспандағы алып киттер мен керемет кемелерді айтсаңызшы. Әртүрлі формаға енетін бұлттардың өзі – бөлек бір әлем. Тек қана кит пен кеме емес, бұлттан керемет дүниелер суретін салуға болады. Айдаһармен күрескен батырлардың шайқасы, Патшайымның ханшайымға сыйға тартқан сыйлықтарын көруге болады. Бұның өзі бір естеліктер ғой.

Саябақтағы көгалдар көрінбейтін патшалық сияқты. Ішіндегі тіршілік етіп жатқан жәндіктер, сол патшалықтың тұрғындары. Ішінде тату өмір сүріп жатқан құмырсқалардың білек сыбана еңбектенуі, шегірткелердің танымал жұлдыздар сияқты сайрандап өмір сүруі, кесірткелердің бизнесмендер құсап жаңа жобаларды іздеуі, көбелектердің сән әлеміндегі сәнді көйлектерді көрсететін сәнді арулар рөлінде жүруі, қоңыздарды патшалықтың көліктері десем, тасбақаны автобус немесе метроға теңер едім.

Ал аспаннан жауған жаңбырдың өзі табиғаттың гауһартастан жасалған қымбат көйлегі сияқты, інжу-маржанға айналады. Гауһартасты көйлекке жеке-жеке таққандай, жерге тамшылап түскен әр тамшы жүрекке қуаныш, көзге қымбат байлық секілді көрінеді.

Біз үшін ауа ол еркіндіктің белгісі. Ауаны сезіне отырып, мен өзімнің бақытты екенімді қайта-қайта дәлелдеймін. Тәтті иістің ауамен жететінін білемін. Тәттіге тойынып, тоқашты жеп жүргендеймін. Дәмді иісті сезініп, бешбармақты қолмен жеп жатқандай боламын. Хош иісті сезініп, жұмақтың хор қызындай сезінемін өзімді.

Достарыммен өткізген әрбір күнім шытырман оқиғаға толы. Біздердің күлкіміз – ең қарапайым, шынайы күлкі. Қуанышты толық жеткізе аламыз.

Біздер, мына әлемді қарапайым көзбен көреміз, соның ішінде біздің көп көретін нәрселеріміз, олар – жақсылық пен әділеттілік. Көшедегі жүрген ит пен мысықтарға қорған болуға тырысамыз, әкемнің аллергиясы болса да, ол маған кедергі емес. Қоқыс жинаған ағайлар мен апайларға көмектескенде өзінді қараһарман сезінесің. Біз баламыз. Баланы бүкіл әлем жақсы көреді. «Бала – әлемнің көзі»,–деп бекер айтпаған. Қоғамдық жерлерде «Бала – үйдің айнады» деп айтып жатады ғой. Біз тек қана үйіміздің емес, еліміздің, әлемнің мақтаныштарымыз.



Беков Медет Есентаевич

Ақмола облысы, Астана қаласы, № 89 мектеп – лицейінің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі, педагог модератор

**Кумпекеева Айя Асхатқызы
5-сынып оқушысы**



Жұмбақ әлемге саяхат

Әлемге балалардың көзімен қарасақ, онда оны мүлдем басқаша көруге болады. Балалар үшін айналасындағылардың бәрі таңқаларлық және қызықты, кейде тіпті ересектер де оларға таңырқап қарайды. Балалар ересектерге көрінбейтін түрлі әлемнің ғажайып бояулар мен реңдерін көреді, бұның бәрі балалар үшін маңызды болғандықтан, балалар ұсақ-түйектерге үнемі назар аударып отырады. Өйткені балалар әлемді алалаушылықсыз және стереотиптерсіз қабылдайды, сондықтан олардың қоршаған ортаға деген көзқарасы соншалықты ерекше және әдемі болады. Біздің кейіпкерімізбен бірге әлемді балалардың көзімен көру үшін таңғажайып саяхатқа барайық.

1. Жұмбақ ақсақалмен кездесу

Бір күні Сәуле мектептен үйіне кетіп бара жатып, саябақтағы орындықта отырған ақсақалды байқады. Бұл жұмбақ ақсақал өте оғаш көрінді-оның көздері екі жарық жұлдыз сияқты жарқырап тұрды және оның дана көзқарасы назар аударды.

Сәуле ақсақалдың қасында отырып, оған сәлем беруді шешті. Ол Ахмет ата деп өзін таныстырды және ол әйгілі саяхатшы және зерттеуші болды. Ахмет ата Сәулеге өзінің таңғажайып оқиғалары мен бүкіл әлем бойынша саяхаттары туралы айта бастады. Ол әртүрлі мәдениеттер, жабайы табиғат тұрғындарын және әр елде әртүрлі өмір сүретін балалармен қалай кездескені туралы айтты.

Сәуле әлем туралы көбірек білуге қызығушылық танытты. Ахмет атасы оған айналадағы адамдар мен әлемді көптеп бақылап және қарауды ұсынды. Ол әр адамның бойында ерекше бір нәрсе бар екенін және кішкентай бөлшектерге назар аударатын болсақ, көптеген қызықты нәрселерді көруге болатынын айтты.

Ахмет атасымен кездесудің әсерінен Сәуле қоршаған әлемге мұқият және қызығушылықпен қарай бастады. Ол өз аймағындағы әртүрлі адамдарға назар аударып, олардан ерекше белгілер мен ерекшеліктерді таба бастады. Ол өзін қоршап тұрған табиғаттың сұлулығын байқай бастады және достарымен, отбасымен өткізген сәттерін бағалай бастады.

Ахмет атасы Сауленің бойында бұрын байқамаған таңғажайып әлемді ашты. Ол әлемге қарап көп нәрсені біле алатынын түсінді. Біраз уақыттан кейін Ахмет ата келесі сапарына аттанып, Сәуленің жүрегінде көптеген ұмытылмас әлем туралы ғажайыптарды қалдырды. Сауле есейген кезде ол да саяхатшы болуды және әртүрлі мәдениеттер мен адамдар туралы көп нәрсе білуді шешті. Осы уақытта ол әлемді өзінің балалық көзімен-қызығушылықпен, сүйіспеншілікпен және құрметпен көруге тырысты.

2. Уақыт саяхаты

Сәуле шытырман оқиғалар туралы кітап оқығанды ұнататын және рыцарьлар мен ханшайымдардың заманына баруды армандайтын. Бірде әжесінің ескі альбомын қарап отырып, ол оны қызықтыратын біртүрлі сағат тапты. Ол оны досы Асхатқа көрсетуге шешім қабылдап және олар бірге бұл сағаттың құпиясын аша бастады.

Олар бұл аңызда айтылғандай, иесін өткенге жібере алатын көне сағат екенін білді. Балалар бұның шынымен де бар-жоғын тексеруге және барлық артефактілерді зерттеп, сағат туралы көбірек білуге шешім шығарды. Сонымен, бір күні кешке барлығы ұйықтап жатқанда, Сәуле мен Асхат сағатты ақырын басып, кенеттен аяқтарының астында жер созылып, ауа біртүрлі жарыққа тола бастағанын сезді. Олар көздерін ашқанда, олар ортағасырлық қалада, рыцарьлар мен ханшайымдардың арасында жүргенін байқады. Балалар қатты қуанды, олар рыцарьлар турниріне қатысып, патша сарайына барды, тіпті мерекелік кешке қатысып, онда олар ескі әуендердің дыбыстарына биледі. Бірақ кенеттен олар уақыттың тез өтіп бара жатқанын түсінді және олар кеш болмай тұрып өз үйлеріне оралуы керек екенін түсінді.

Балалар сағаттың көмегімен керемет ғажайыптарға тола естеліктер қалдырды. Олар әр дәуірдің өзіндік ерекше сәттері мен құндылықтары бар екенін және уақытты құрметтеу мен бағалаудың маңызды екенін түсінді, бірақ кейде олардың арасына көпір салу - бұл керемет ғажайып, ол осындай қадамға бел буған әрбір баланың жүрегінде өшпес із қалдырады.

3. Әр түрлі елдердің тарихы мен мәдениетімен танысу

Бірде Сәуле бүкіл әлем бойынша саяхаттағысы келді. Мектепте балалар олар «Әлем балалардың көзімен» жобасын жариялады, оның аясында әр оқушы белгілі бір елдің мәдениеті мен тарихы туралы оқып, айтып беруі керек болды.

Сәулеге бұл жоспардан қатты шабыттанып, Жапонияны таңдауға шешім қабылдады. Ол жапон мәдениетін, дәстүрін, тарихын және тілін үйрене бастады. Ол шай кеші, гейша, самурай, гүл фестивальдері мен храмдар туралы мәлімет іздей бастады. Сәуле сонымен қатар Жапонияның озық технологияны дәстүрді сақтаумен қалай үйлестіретіні туралы білді.

Жапонияны жақсы түсіну үшін Сәуле өз қаласында өткен жапон фестиваліне барды. Онда ол каллиграфия салуға тырысты, ежелгі ғибадатханаға тағзым етті, ұлттық билерді тамашалады және ұлттық тағамдардан дәм татты.

Өз жобасын таныстыратын уақыт келгенде, Сәуле Жапония туралы үлкен қуанышпен айтты. Ол жапондық кимононы, өзі жасаған сазан жалауларын көрсетті, тіпті сыныптастарына унаги жасауды үйретті. Ол өзінің қиялында Жапонияны аралап жүріп, оның алдында қандай әдемі көріністер ашылғанын сипаттады.

Сәуле тіпті ата-анасын Жапония елі туралы және оның мәдениеті туралы көбірек білу үшін оны балаларға арналған жапондық сабақтарға жіберуге көндірді. Жобаның соңында Катя әлемнің соншалықты кең және алуан түрлі екенін түсінді және әртүрлі елдердің адамдарымен қарым-қатынас жасау арқылы көптеген қызықты және таңғажайып нәрселерді білуге болатынын ұғынды. Ол оны білу үшін басқа елге барудың қажеті жоқ екенін түсінді.

4. Балалық шақтың маңыздылығы туралы тұжырымдар

Бұл әдеттегі жексенбі болды, ал Сәуле күздің соңғы күндерін тамашалау үшін саябақта серуендеуге шықты. Ол ескі ағаштың жанында тұрған адамды байқады, күзгі орманның сұлулығынан ләззат алып, баяу жүрді. Табиғаттың аясы жұмбақ болып көрінді.

Сәуле не болып жатқанын білгісі келіп адамға жақындаған бойда, белгісіз жанның күздің әдемі пейзаждарын суретке түсіргенін көрді. Ол әр жапырақты, жаңбырдың әр тамшысын әрқайсысы ерекше өнер туындысы сияқты бақылап отырды.

«Сәлеметсіз бе, балам», - деді Сәулеге белгісіз адам. «Бізді қандай әдемі әлем қоршап тұрғанын байқадыңыз ба? Осы күзгі орманды қараңыз, ол өте әдемі және таңқаларлық, солай ма?»

Сәуле таңданып басын изеді. «Иә, бірақ мен бұл туралы бұрын-соңды ойлаған емеспін».

«Білесіз бе, Балалар әлемді басқаша көре алады. Олар қарапайым нәрселерден сұлулықты таба алады. Олар кішкентай қуаныштан қалай ләззат алуды және оларды керемет көруді біледі. Бұл өте маңызды, өйткені біз бала кезімізде қарапайым нәрселерді бағалай аламыз, ал есейген сайын оны ұмытып кетеміз. Бала кезімізде бәрі мүмкін болып көрінеді, ал есейген сайын біз әлемді балалар ретінде көру қабілетін жоғалтамыз».

Белгісіз адаммен болған әңгіме Сәуленің өмірін өзгертті. Ол өзінің балалық шағын одан әрі бағалай бастады және әлемді көру қабілетін сақтаудың қаншалықты маңызды екенін түсіне бастады.

Осылайша, Сәуленің өмірге деген көзқарасы бізге балалық шақтың маңыздылығы туралы үйретеді. Балалар әлемді жаңа көзқараспен көре алады,

олардың кішкентай қуаныштардан ләззат алу және олардан таңғажайып нәрсені көру қабілеті бәріміз үшін өте маңызды. Әлемді балалардың көзімен көру қабілетіңізді жоғалтпаңыз!

Қорытындылай келе, айналамыздағы әлем соншалықты таңғажайып, алуан түрлі деп айтқым келеді және оны әрқайсымыз өз көзқарасымызбен көреміз. Біз бәріміз әртүрлі екенімізді және әрқайсымыздың өз қуаныштарымыз, қорқыныштарымыз бен армандарымыз бар екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан бір-бірін құрметтеу және әртүрлі көзқарастарға ашық болу өте маңызды. Өйткені, тек бірігу арқылы біз бәріміз жақсы өмір сүретін әлем жасай аламыз.




Каюпова Роза Оразгельдиевна
 Ш.Уәлиханов атындағы №18 жалпы
 орта білім беретін мектебі,
 қазақ тілі мен әдебиеті пән
 мұғалімі, педагог-зерттеуші
Әбдітәліп Азамат Сәбитұлы
5- сынып оқушысы



Сөзжұмбақ «Шәкәрім»

Сұрақтар:

1. Шәкәрім қай әдебиеттің өнегесінен нәр алды?
2. 1879 жылы жазған өлеңі қалай аталады?
3. Қай тілді жетік меңгерді ?
4. Төлебикеннің екінші есімі?
5. А. С. Пушкиннен аударған шығармасы?
6. Шәкәрімнің неше жасында әжесі қайтыс болды?
7. 1905-1906 ж барған сапары?





Каюпова Роза Оразгельдиевна
Ш.Уәлиханов атындағы №18 жалпы орта
білім беретін мектебі, қазақ тілі мен
әдебиеті пән мұғалімі, педагог-зерттеуші
Шынжігіт Али Нұрланұлы 5-сынып
оқушысы



Шәкәрім атаға арнау

Өлеңдері ғасырларды жалғаған,
Атақ-даңқы жыр көгінде самғаған.
Өнегелі із қалдырған артына,
Шәкәрімдей нар тұлғалы ұлы аға.

Ұлы Абайды ол ұстазға балаған.
Таза діннің тек шындығын жырлаған.
Хақиқат деп бір Алланы санаған
Шәкәрімнің ұлағатты жырлары –
Әр қазақтың қасиетті тұмары.

Жан азығын ар-ұждан деп үндеді.
Тән құмарлы надандарды күндеді
Мейірім, ынсап, шын ақыл, таза еңбек –
Бір жүректен шықса екен деп тіледі.

Ғұмыр жолын ұлы Абайменен бір кештің,
Толстоймен хат арқылы тілдестің.
Жырларыңды тастап қазақ даласына,
Кеттің өзің кемесімен келместің.



Орынова Жадыра Серікқызы
№33 ЖОББМ, Бастауыш сынып мұғалімі
педагог
Ержан Дана 2 «Б» сынып оқушысы



Әлем балалар көзімен

Күндей сәуле шашқан, әлем жарық
Сол сәуледе жарқыраған, аспан ашық!
Бақытты балалықтың келбеті ғой,
Көк туымыз желбіреген күнге ғашық.


Бақытты баласымыз еліміздің,
Сақтаймыз әр байлығын жеріміздің
Біздердей балаларың аман болса
Ақтаймыз үміттерін ата-ананың

Балалардың көзімен кең ғой әлем,
Сол әлемге біздерден үлкен сәлем
Талма! Самға! Биікке ұмтыла бер!
Қанатың талмай әркез жас өрен!

Қабдуллин Талгат Еслямович
Ғ.Мүсірепов ауданы, Көкалажар ауылы,
«Көкалажар ОМ» КММ, қазақ тілі мен
әдебиеті пәннің мұғалімі, педагог-сарапшы
Дүйсенбай Аягөз 8-сынып оқушысы



СӨЗЖҰМБАҚ



1. Ш. Құдайбердіұлы меңгерген, жетік білген қандай тіл?
2. Ақынның 1897 жылы жазылған алғашқы шығармасын атаңыздар.
3. Ш. Құдайбердіұлы қадір тұтып, бірнеше өлеңін аударып, кімді өзінің алғашқы ұстаздарының бірі деп санады?
4. Ш. Құдайбердіұлы орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкиннің қандай романын қазақ тіліне аударды?

5. «Еңлік-Кебек» дастанында кездесетін Орта жүз Арғын тайпасының руы қандай?
6. 1988 жылы Ш. Құдайбердіұлы ақталып, оның өлмес, өшпес мұралары алғаш рет қай басылымда жарық көрді?
7. Ақын қазақтың байырғы да қосалқы кәсібінің, сондай-ақ көшпенділер үшін күнкөрістің әрі көңіл көтерудің қандай саласымен айналысты?
8. Шәкәрім ақынның әндерін өз бабында, иінін қандырып айтатын өнерпаз адам кім?
9. Ш. Құдайбердіұлы адамзат қоғамын игілікке жетелер жалғыз құндылық не деп санайды?
10. Шәкәрім атамыз үшін байлықтың ең үлкені не?
11. Тоқтамыстың інісі, он бесінде аты шыққан жас батыр Кебектің тұлпары?



Палашова Алия Кенесбековна
 № 62 Н.Төреқұлов атындағы ЖОББМ,
 педагог-зерттеуші
Жолдасбек Алинур 2-сынып оқушысы



Жұмбақтар

1. Шым-шытыр
Шиедей қотыр (Жұлдыз)
2. Қызыл күлше тау асады,
Ыстық нұрын шашады. (Күн)
3. Кішкентай нан бар ғаламға жетеді. (Ай)
4. Тең, тең киіз
Екі ортасы кең киіз (Жер, аспан)
5. Екі таяқ, ортасында бір таяқ (А әрпі)




Тулешова Айжан Шалкаровна
№ 62 Н.Төреқұлов атындағы ЖОББМ,
педагог-зерттеуші
Ерали Нұрислам 2-сынып оқушысы



Сөзжұмбақ

1. Апта күні
2. Қыста ойналатын ойын түрі
3. Балалар ойнайтын зат
4. Ұлттық ойын
5. Уақыт бірлігі
6. Аңшының серігі



Жаксылыкова Жансая Ербатыркызы
№49 жалпы орта білім беретін мектебі,
жас маман
Есенбаев Әділхан 5 «Г» сыныбы



СӨЗЖҰМБАҚ

1. Шәкәрім – ақын, жазушы, философ,
2. Шәкәрімнің жұбайы кім?
3. Шәкәрімнің қандай поэмасы бар?
4. Абайдың немере інісінің аты кім?
5. Шәкәрім қай тілді жетік меңгерген?
6. Шәкәрім қанша жасында әкесінен айырылды?

7. Шәкәрімнің туған жері?

Т	А	Р	И	Х	Ш	Ы			
				М	Ә	Ү	Е	Н	
Е	Ң	Л	І	К	К	Е	Б	Е	К
		Ш	Ә	К	Ә	Р	І	М	
			Т	Ү	Р	І	К		
	Ж	Е	Т	І					
		С	Е	М	Е	Й			

Шәкәрімнің батасы

Баяғы өткен заманда бір бала болыпты. Оның білімге деген құштарлығы өте зор екен. Көп оқып, еңбектенгенімен өз білімін пайдалы іске жарата алмайды екен. Ол баланың аты– Ғабдулла.

Бір күні Ғабдулла кітапханада отырса, қасына бір ақсақал келіп жайғасады.

- Не оқып отырсың, балам? – дейді. Сонда бала:
- Ш. Құдайбердіұлының кітабын оқып отырмын, ата, – деп жауап береді.
- Сыртыңнан қарасам білімге құштар екенсің, балам – деді ата.

Бала бір күрсініп:

- Несін айтайын, білімге құштар екенім рас, бірақ сол білімімді пайдалы іске жұмсай алмаймын. Мен Ш. Құдайбердіұлы сияқты ақын, философ болғым келеді.
- Балам, бәрі сен ойлағандай оңай емес. Шәкәрім жастайынан сен сияқты білімге құштар, өте еңбекқор болған. Ұстазынан көп тәлім алған.
- Ата, Шәкәрімнің ұстазы кім ?
- Абай. Ол дана ұстаз ғана емес, туған ағасы. Ол Шәкәрімге үлкен бағыт-бағдар көрсеткен. Ұстаздың шәкіртке берері мол.
- Ұқтым, ата, – деді Ғабдулла.

Бір күні Ғабдулланың түсіне Ш. Құдайбердіұлы кіреді де былай дейді:

- Ғабдулла, сен көп еңбек еттің, көп оқыдың. Енді еңбегіңнің жемісін жеп, сен де шәкірт тәрбиелеуге уақыт жетті. Менен кейінгі ұстаз болуға тиіссің, енді өзіңнен кейінгі іні-бауырларыңа білімнің пайдасы зор екенін ұғындырып, қамқор

бол. «Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек» осы сөздердің мәнін ұқ. Батамды бердім, – деді. Сол кезде Ғабдулла оянып кетеді. Одан кейін Ғабдулла ерекше сезімге бөленді.

Арада көптеген жылдар өтіп, Ғабдулла ер жетеді. Ол Шәкәрімнің сөздерін мәңгі жадында сақтап, көптеген шәкірт тәрбиелейді. Шәкірттері әлемге әйгілі ғалым болған деседі.



Жаксылыкова Жансая Ербатыркызы
№49 жалпы орта білім беретін мектебі
Жапаш Қарақат 5-сынып оқушысы



Адалдықтың суретшісі Шәкәрім
Жолын жалғап ұлы, дана Абайдың.
Кеудесінде отын жаққан талайдың.
Бұл өмірдің ғажабы мен азабын,
Танытуға жазған сөзін Құдайдың.

Өмір тілі, адам жаны, ақ-қара,
Мәні терең, қарай берсең ақтара.
Шәкәрімнің өлеңдері оқысаң,
Құйылады жаныңа тез шақ қана.

Диқаншысы адамдықтың Шәкәрім,
Суретшісі адалдықтың Шәкәрім.
Даналығың ұрпағыңа гүл болып,
Тамыр жайып жарқыратсын әр таңын!

Шумақтарың бар халқыңның нұры боп,
Айтыласың заманыңның жыры боп!
Қанша ғасыр өтсе дағы тұрасың,
Тұлға болып бес арыстың бірі боп.



Сражанова Заря Ерденбековна

№24 ЖОББМ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі, педагог – модератор
Утеулі Ерасыл 5-сынып оқушысы

Еліне бақыт сыйлаған бала

Ерте, ерте, ертеде, жерге бай, қазынасы мол елде бір шал мен кемпір өмір сүрген екен. Олар қарапайым, өз күндерін егін егіп, азықтарын тауып күн көріпті. Шал мен кемпірдің өте ақылды, зерек немересі болған. Ол күн сайын бойына бой, ойына ой қосылып өсіпті. Ол кішкентай кезінен ата-әжесінің қасында өсіп, елінің тұрмыс-тіршілігін, басынан өткен қиыншылықты естіп, сезіп жүреді. Ол күндердің күнінде атасынан сұрайды.

- Ата, Еліме бақыт сыйлау үшін не істеу керек? – дейді.

- Балам, талап, білім, еңбек болса, бақытты табуға болады.

- Олай болса, еліме бақытты көктен емес, жерден табуға болады екен ғой, – деп бала атасының батасын алып, жолға шығады.

Ол ұзақ жол жүреді. Жолда ақ сақалды қария кездеседі.

- О, балам, не істеп жүрсің?

- Білім іздеп жүрмін, еліме көмектескім келеді.

- Оның жөн екен балам, олай болса, көп оқу керек, ерінбеу керек, – деп балаға көп оқу үйретеді.

Бала бірнеше күн оқып, үйренеді.

- Рахмет, ата, көп оқимын, ерінбеймін, – деп жол жүреді.

Келе жатып, жолда қыбырлап жүрген жәндіктерді көреді. Ол не екен деп қасына барып, қараса, бірі илеу жасап, бірі тамақ тасып, бәрі тынымсыз жүгіріп жүр.

Бала таң қалып, келіп сұрайды.

- Не істеп жүрген жансыңдар?

- Біз өзімізге пана жасап, азығымызды жинап, еңбектеніп жүрген еңбекқор жандармыз, – дейді.

- Е, мен сол еңбекті іздеп жүрген едім. Еліме көмек бергім келеді, – дейді бала.

Ендеше ниетің түзу адам екенсің. Ол үшін аянбай еңбек ету керек. Еңбек жалқаулықты қажет етпейді. Ол үшін бірлік те керек. Мінекей біз бірігіп, бар күшімізді салып, еңбектенудеміз. Соның арқасында кішкентай болсақ та жанымызды сақтап, күн көріп жүрміз.

Бала құмырсқаларды көріп, «Кішкентай жәндіктер де өз мекенін, жанын сақтап, көңілді күн кешуде» деп ойлайды.

Бала үйіне келіп, ата-әжесіне: «Елімді бақытты етудің жолын үйрендім», – деп көрген, білгенін айтады.

Атасы:

- Балам, талабың болсын. «Талапты ерге нұр жауар» деген нақыл сөз бар, – дейді.

Осылайша талап, білім, еңбекті арқалап, үлкен қиындықтарды жеңіп, өз халқына, еліне, жеріне бақыт сыйлап, өз мақсатына жетті.

Қазіргі уақытта да, елінің құрметіне бөленіп, халқымен бірге бақытты өмір кешуде.

Ол бала бұрынғы Шәкәрім атамыз еді. Содан бері барша қазақ халқы Шәкәрім атамыздың тәрбиелік мәні зор өлеңдерін, нақыл сөздерін оқып, үлгі етіп келеді.



Томарбаева Гулжан Тойлыбаевна
Дина Нұрпейісова атындағы №116 жалпы
орта білім беретін мектеп
Сейтғапбар Бекасыл Бахтиярұлы
6-сынып оқушысы



Мен бақытты баламын

(Әлем балалар көзімен...)

Әлем қыры мен сыры мол шексіз дүние. Әлем жүрегі мен үшін – Қазақстан. Яғни Отаным, туған жерім. Мен тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанымна қуанамын. Ата-бабалардың аңсауымен, аға-әпкелеріміздің қайсарлығымен келген «Тәуелсіздік» сөзінің өзі жанымызға жылу, бойымызға күш-қуат береді. Отыз жылда ел жаңа демекші, Қазақстанымызды қазір бүкіл әлем таниды десек қате айтқанымыз емес.

Тәуелсіз елдің алғашқы президенті – Нұрсұлтан Назарбаев. Еліміздің көркейіп, өркендеуіне бұл кісінің қосқан үлесі орасан. Жазық далаға ел жүрегі – Астана қаласын салып, оны әлем жұртына таныта білді. Қаланың аспанмен теңесе салынған биік ғимараттары мен халықтың қолданысы үшін әрқилы ойын-сауықтық кешендер барлығы қала әсемдігіне көрік қосып тұр. Қазақстанның әсем мекендері, сұлу табиғаты, жұпар ауасы, тарихқа толы қалалары бәрі еліміздің баға жетпес байлығы әрі әлем жұртының көз тіге қарайтын, саяхаттап келетін туристік мекенге айналды. Қазіргі президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та еліміздің көркейіп, дамуына бар күшін салып келе жатыр. Біз, жас өскелең жастар, тәуелсіз Қазақстанның болашағымыз. Ата-бабаларымыздың аңсаған арманы – тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп, еркін өмір сүріп жатқан біздер шынайы бақытты жандармыз. Ендігі мақсат, осы еркіндікті баянды ету біздің басты парызымыз.

Біз – әлем балаларымыз. Әлемде қанша халық бар, сонша халықтың ұрпағы – балалары бар. Бәрі-бәрінде бақытты балалық па екен, ойланып көрейінші. Мен Сейтғапбар Бекасыл Бахтиярұлы 6-«Б» сынып оқушысымын. Менің отбасымда әжем, әкем, анам, ағам, әпкем және інім бар. Біз бақытты отбасылардың біріміз. Осындай бақытты отбасында туылғанымна қуанамын. Мен бейбіт елде бақытты өмір сүріп өз қалауыммен білім алып, ата-анамның қамқорлығына бөленудемін.

Не ішем, не киём деген қажеттілік жоқ. Мен сондай бақытты баламын. Денім сау, отбасым аман, достарым көп, ата-анам бетімнен қақпай өсірді. Аллаға сансыз шүкір, жоқшылық көрмедім. Қалаған курсыма қатысудамын. Қазір менде барлығы бар, ата-ана, бауырларым, достарым, жылы үй, телефон, киім-кешек, санам сергек, ойым ұшқыр. Бұдан артық не керек маған?!

Біз Қазақстанның жаңа ұрпағымыз. Бізге берілетін мүмкіндіктер көп. Соның көпшілігі әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асады. Менің 11-сынып оқитын ағам Айшуақ ютубер. Яғни ютуб арқылы ақша тауып, ата-анама көмектесіп жүр. Мен ағаммен мақтанамын. Менің де арманым өте көп. Шетелдің жақсы оқу орнына түсіп, грант иегері болып, ата-анамды қуантқым келеді. Сонымен қатар, болашақта өзімнің жеке бизнесімді ашып, жақсы ақша тапқым келеді, жағдайы төмен отбасыларға көмектескім келеді. Өзім сияқты балаларға да бақыт тілеймін. Аспаны ашық, ата-анамыз аман, еліміз бейбіт өмір сүрсе екен деймін. Мен өзімді әлемдегі ең бақытты балалардың бірімін деп санаймын. Өзіме не тілесем, ата-анама, достарыма, әлем балаларына да соны тілеймін. Ғасыр дерті – нашақорлық, тажал оғы – ядролық қару, қантөгістер, төтеннен келген су тасқыны, жер сілкіну сияқты апаттар бізді, әлем балаларын айналып өтсе екен деймін.

Біз – бақытты жаңа ғасыр ұланы,
Біз боламыз болашақтың қыраны.
Әрқашанда ашық болса аспаным,
Ойланайық ертеңгі елдің бастауын.

Әлемнің барлық балаларының тілегі – бейбіт, бақытты өмір деп ойлаймын. Бірақ осы бейбіт заманда қатыгез жандар да жоқ емес. Неге осы бейбітшілік заманда балалар үйі мен қарттар үйі азаймайды, бала ұрлаушы педофильдер азаймайды деген сұрақтар да санамда жоқ емес. Жазықсыз зардап шегіп, ата-анасынан айырылғандарын естігенде, көкірегің қарс айырылады. Ол адамдардың мейірімсіздігінен деп ойлаймын. Өз балалары мен ата-аналарына жаны ашымайтын адам нағыз зұлым, қатігез адам.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп дана халқымыз айтқандай, елдің ел болып қалыптасып дамуы өскелең ұрпақтарға, балаларға байланысты. «Ана – алтын тамырымыз, бала – балғын бақытымыз» деп ұлы тұлғаларымыздың баланы бақытқа теңеп айшықтауы бекерден-бекер емес.

Балалардың әлем суретін қабылдауы кітаптар арқылы жүзеге асады. Қанбаған ойын, тарқамаған құмарлық, алаңсыз еркелік т.б айта берсем таусылар емес. «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деп дана халқымыз айтқандай, бала тәрбиесінде ата-ананың рөлі маңызды. Ал, баланың отбасын, елін сүйіп өсуіне және жақсы азамат болып қалыптасуына қоғам болып ықпал етсе – бұл болашағымызға жасалған ізгі іс.

Қазақ елінің көгін жарқыратар айбынды ұлан болсам, ел тұтқасын ұстар азамат атансам деген бала қиял менің достарымның да көкірегінде арман боп ұялап жатқаны анық. Мен соған сенемін.

Біз – әлем балаларымыз,
Үмітін ата-ананың ақтайтұғын.
Ұстаздар шәкіртім деп мақтайтұғын,
Балалар – болашағы еліміздің,

Бүгінді ертеңменен жалғайтұғын, – дегендей «балалар» деген – керемет ұғым, балғын бақыт емес пе?! «Болашақ» атты қамалдың іргетасын қалаушылар да осы балалар.

Армансыз адам – қанатсыз құспен тең. Қазіргі таңда мемлекетіміздің туы әрқашан тек қана биікте болғанын қалаймын және ата-анамның үмітін ақтайтын азамат болуды армандаймын. Жер жүзінің барлық балаларының ортақ арманы жүзеге асса екен деймін.



«№1 «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ»
лицей-интернаты» КММ
Думан Алдиар Ерланұлы
7-сынып оқушысы



Лебіз

Мақтан тұтам аталарды,
Ұрпағының жаққан шырағын.
Абай, Ыбырай, Шәкәрім,
Бағымызға біткен таңғы арай.

Ақыл, намыс, білімге,
Дарыған тұла бойлары.
Қазақ деп соққан жүрегі,
Қалдырды сарқылмайтын мұраны.

Шәкәрім атам дарынды,
Абай болды ұстазы.
Жалғастырып дәстүрді,
Ар ілімін жаңғыртты.

Ақын, философ, шежіреші,
Тарихшы, композитор, аудармашы,
Ойшыл, сазгер, ғұлама,
Адамдықтың асыл бейнесі

Ақ жолдан айнытпай,
Шын бақытты ұқтырған.
Мәңгілікке ұласып,
Жарқырасын бұл есім.



«№1 «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ»
лицей-интернаты» КММ-сі
Қайыркен Таир Ұланбекұлы
10-сынып оқушысы



Домбыра

Дина апам, Тәттімбеттер мұрасы,
Туған жері – қазақтың кең даласы.
Қанша ақынға серік болып күмбірлеген,
Домбырамен сері ғой қазақ баласы.

“Нағыз қазақ – домбыра” неге екенін,
Домбырасыз қазақтың ертеңі кім?
Домбырамыз сайраған “Жошы хан”-деп,
Шыңғыс ханның қаһарын сейілткенін.

Домбыра, туындысы қазағымның,
Символы ғой тәуелсіздік, азаттықтың.
Домбырасыз бір қазақтың үйі болса,
Бұл шаңырақ соры ғой бар қазақтың.

Домбыра ғой кілті алтын сандығымның,
Домбыра ғой нышаны бейбіт хандығымның.
Домбырадан айрылған бір ел болса,
Онда ол ел күн көре алмас құлша бір күн.

Мен қазақпын

Мен қазақпын, Абайдай алып тұлғалы,
Өмірдің осысы ғой бар мәні.
Бірден-бір кемел адам қазақтарға,
Білімдікке соқпақ жолды салыппын.

Мен қазақпын, Бауыржандай батырмын,
Батырлығым жаудан асқан батылмын.
Жаңбырша жауған оқтың арасында,
Суырылып жауды жеңген жасынмын.

Мен қазақпын, Қазыбектей от тілді,
Әлемнің шын байлығын жетік біліппін.
Қазаққа сынын айтып көзін ашып,
Шамындай жарық сәуле шашыппын.

Мен қазақпын, Шәкәрімдей алыппын,
Қазағына ардың жолын таныттым.
Бақытына қол жеткізу үшін бүгінде,
Ғылым мен білімге жол ашыппын.

Мен қазақпын, кең даладай азатпын,
Тамырыммен құрып кете жаздаппын.
Орыстардың қармағынан сытылып,
Енді, міне, шалқып өмір бастаппын.

Құлагер

Шашасына шаң жұқпас арғымақ көп,
Бір-бірінен артығы, осалы жоқ.
Арғымақты жаратқан ер үшін деп,
Арғымақтар зулайды, ұшқандай оқ.

Ақан атам жылқыны жақын тұтқан,
Алда жүрді оқ бойы, барлық жұрттан.
Құлагерді қара жұрт деп көрсетіп,
Батыраштар біздің жұртты оңбай құртқан.

Құларгер кетті тыныш арманда,
Құлагерді озып көрген жан бар ма?
Қастандықтың жолы болмай қалғанда
Арманым орындалған болар ма?

Жырдың да Құлагері болады,
Өлеңсіз қазақ гүлі солады.
Ақан атам Құлагердің бейнесін,
Қазақтарға шындықпенен балады.

Тәуелсіздік

Көзіміздің қарасындай сақтаған,
Қазынам бар мен сонымен мақтанам.
Ол жайлы мен үн қозғасам егерде,
Бүткіл қазақ мені қолдап жатпаған.

Тәуелсіздік байлығымыз қолдағы,
Тарам-тарам, қиын келген жолдары.
Ата-бабам жанын беріп ол үшін,
Сұм соғыста басты рөлді сомдады.
Желтоқсанның сүйектен өткен ызғары,
Тарихты ойласам қайран жүрек сыздады.
Қыршынынан қиылған жалынды жас,

Есімдері жүректен мәңгілікке шықпайды.

Тәуелсіздік көзіміздің қарасы,
Кетпесе де жүректен әлі жарасы.
Сақтап оны қаламыз біз мәңгілік,
Болмасын оған ешкімнің күмән, таласы.



«№1 «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ»
лицей-интернаты» КММ
Нұрғали Нурислам Нұртасұлы
7-сынып оқушысы



Ұстаздар

Ұстаз деген – ұлы сөз бар әлемде,
Адалдықтың ең шыңына жеткендер.
Ұстаз деген – білім құсын қондырар,
Тыңдап тұрсаң, бір сөзін де жібермей.

Ұстаз деген – түн ұйқысын төрт бөлген,
Шәкірттерін самғатуға биіктен.
Ұстаз деген – екінші Ана қадірлі,
Шәкірттерін көкке қанат серпілткен.

Ұстаз – алдыңнан шыққан шырақшы,
Құлағанда көмектесер ақылшы.
Анадай болып кеткен мен үшін,
Құтты болсын, Ұстаздарым, мерекең!




Бердикулова Улбосин Амангельдиевна
Лаврентьев негізгі орта мектебі КММ
қазақ тілі мен әдебиеті,
педагог-тағылымдамашы
Шаяхмет Ержан 5-сынып оқушысы




Әлем балалар көзімен

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы кім?
2. Шәкәрім Құдайбердіұлының бірінші жұбайының аты кім?
3. Шәкәрім Құдайбердіұлы Пушкиннің қандай повесін аударды?
4. 1922-1923 жылы Ташкенттегі «Шолпан» журналында ақынның қандай поэмасы басылып шықты?
5. 1911 жылы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хайдар» шежіресі қай қалада басылып шықты?
6. Құнанбайдың Күнке деген бәйбішесінен туған Шәкәрімнің әкесінің есімі кім?
7. Шәкәрім Құдайбердіұлы қай облыста туды?





Бердикулова Улбосин Амангельдиева
Лаврентьев негізгі орта мектебі КММ
қазақ тілі мен әдебиеті, педагог-тағылымдамашы
Кунаков Жанболат 6-сынып оқушысы



Никитина Айгерем Анатольевна
Қарасу ауданы білім бөлімінің
«Степной бастауыш мектебі» КММ,
қазақ тілі мұғалімі, педагог-зерттеуші
Асипенко Богдан Алексеевич
3-сынып оқушысы



Шәкәрім атамызға арнау

Халқымызда біздің қандай бақытты!
Нар тұлғалы ақыны болған даңқты.
Шәкәрімдей біздің дана атамыз,
Оқимыз да әнін шырқап айтамыз.

Шөлдеген жан шөлін басар бұлақтай,
Әр сөзі оның зәмзәм бұлақ суындай.

Ұрпағына өсиет етіп қалдырған,
Сөздеріңді оқимын жаным қалмай.

Өнеге толы жырларыңды оқимыз,
Оқимыз да, ойымызға тоқимыз.
Шәкәрім мен Абай десе әрдайым,
Толғанады жырды сүйер бар қауым.

Мұраларын ғасырларды жалғайды,
Атақ-даңқың жер жүзінде самғайды.
Қазақ елі тұрған кезде ән салып,
Болашақ ұрпақ мәңгілік есте сақтайды.



Калмаганбетова Куралай Махсет
Ақсуат Балабақша-бөбекжай КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалім
педагог-модератор
Кентугаев Танат Ерболатович
6-сынып оқушысы



Достық

Думандатып бәріміз,
Ойнап күліп жүрейік.
Сатқан досты жарамас,
Тату өмір сүрейік!
Ынтымақта болайық,
Қаталдықты қаламас.

Дәстүр

Дарыған тұла бойыма,
Әлдиімен анамның.
Салтынан танып білетін,
Тұғырынан түспейтін.
Үлкендерді үлгі етіп,
Ретіменен жүретін.

Қадыр Мырза Әлі атама.

Ақын атың биігінде тұрады,
Халқың сүйіп жырларыңды сұрады.
Алатаудың асқарында қалықтап,
Биікке ұшқан Ақжайықтың қыраны.

Талмаған ол намыс-жігер қайрауды,
Дара кезген кең даланы, жайлауды.
Қасиетті ақын жыры қадірлі,
Әр қазақтың жүрегінде байлаулы.

Бәрі қымбат

Үйден шығып айналама қараймын,
Жарық таңды бақытыма балаймын.
Достарыммен доп ойнайын,- десем мен,
Өзгелерден доп алуды қалаймын.
Айналаға шыға салып ойланам,
Неге допты өз орнынына қоймағам?
Енді қалай доп алуды ойланам.
Бәрі қымбат !
Ата-анамның қалтасымен ойнаған.
Енді маған кроссовка керек қой,
Желаяқты тарғыл добым,- демеп қой.
Аяғымда көнетоздау бәтеңке,
Ол да керек кроссовка келгенше.
Ата-анамды мазалаймын күнде мен,
Қашан уәде бергенше.
Бәрі қымбат !
Күтіп жүрем табжылмай,
Ата-анамның жалақысы келгенше .

Ана тілім- ардағым менің

Ана тілі – бойымызға ананың сүтімен дарыған, жүректің терең сырларын, халықтың басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан асыл қазына. Оны білу баршамыздың парызымыз,— деп білемін. Ахмет Байтұрсынұлының «Бай болу үшін кәсіп қылу керек, білімді болу үшін оқу керек, күшті болу үшін бірлік керек, һәм осы керектердің жолында әрекет қылу керек», – деген әйгілі сөзі бар. Ағартушы ұстаз бұл сөздерді мәңгілік ұран етті. Ұран етіп қана қоймай, ұлттың көзі ашық, көкірегі ояу, еңбекқор, өзге ұлттармен терезесі кең болуы үшін өзінің баға жетпес еңбектерін қазақ халқына сыйлады.

Осындай ұлы ғұламалардың сөздерін өміріме өнеге тұтып, ана тілінің қадір қасиетін биік ұстауды мақсат етемін.

Мен сенемін

Мен бүгін түсімде тағы да Елбасын көрдім. Ол кісінің өмірдегі жеткен жетістіктеріне ешбір жан тең келе алмайтын шығар. Бұл сәтте - іші кең, үлкен зәулім сарай. Бұл сарайды мен даласы дарқан Қазақстан деген үлкен мемлекетке баладым. Осы үлкен сарайдың ортасында жоғары қарай жарға қағылған – көк шеге. Сол көк шегенің үстін өрлей басқан – Елбасы. Көк шегені мен Елім деген ердің тар жол тайғақ кешу сәтіне баладым. Енді сол көк шегенің үстінде келе жатқан Елбасының аяғының тайып кете бергенін, мен-кейбір көре алмайтын

беделді мемлекеттердің немесе теріс жолда адасып жүрген белді шенділердің ықпалына теңедім. Шегенің үстінде сүрінді, бірақ құлаған жоқ. Құламаған жолын – әлі де Елбасының сарабал саясатының бекем болатынына баладым. Қазақстан деген қасиетті мекеннің Елім деген ұлының арманы әлі де өз күшінде екеніне еш шүба жоқ,- деп топшылады.

Менің арманым биік

Бүгінгі түсім бұрынғыдан да гөрі арманшыл болып шықты. Мен Елбасымен бірге жаңа бір қалашықтың құрылысын аралап жүр екенмін. Елбасы маған анабір жерде қаланың жаңа бір алаңдары, жаңа бір зәулім орталықтар, жаңа бір нысандардың салынатынын айтып, қолымен нұсқап келеді. Мен болсам Елбасы айтқан нұсқаларымен келісіп бас изеп қоямын. Жаңа салынып жатқан құрылыс нысандарын мен өзімше Қазақстанның келешегі кемел болатынына баладым. Еліміз жаңарып, жаңа жетістіктерге жететініне, биік белестердің біздің қолымызда болатынына өзімді және өзгені де сендірдім.

Жазғы демалыс

Мен алты оқығаныммен, мен де бір үйдің үлкен азаматымын. Күнде таңда тұрғанда, үйге бір табыс әкелуді ойлаймын. Білмеймін, қалай осындай ақылды болғанмын?! Бүгін түскі асқа балық тағамын дайындау керекпін. Ол үшін маған қармақ, ау керек. Әкем де маған ескі ауды бүтіндеп, менің кәсібіме қолұшын беріп үлгерді. Қасыма бірнеше досымды алып, өзен жағасына келдім. Жайыққа қармақ лақтырып қалтқымның қылт еткенін күтіп отырғанмын. Көп ұзамай дір етті. Олжалы болғанымға қуандым. Түс болғанша, түскі асқа жетерлік балық аулап алдым. Күнде болмағанмен, жаздың жайдары күндері маған осындай олжалы күндерді нәсіп етеді. Менің әр істеген игі ісіме анашым қуанып отырады. Анамның қуаныштан елжіреген сәтін көргенде, ертең тағы қалай қуантсам екен деп ойланамын.

Балалық керемет

Жасым төрт-бес жас шамасында болатын. Мектепалды даярлыққа барып, кішкентай достарыммен асыр салып ойнаған кез. Тәрбиеші апайымыз күнде қызық ойын ойнатып, өмірге деген құлшынышымызды арттырады. Әсіресе, апайымыздың әр мейрамға арналған іс-шараға дайындағанда, біз бас жүлде алатынбыз. Бір күні апай бізге бір сұрақ қойды. «Балалар, сендерді ата-аналарың қалай еркелетеді?» –деп. Балалардың барлығы мені «Алтыным» -дейді, біреуі «балапаным» дейді, біреуі «Аппағым» дейді, –і деді. Ал мен болсам, маған анам «Жайықтан аулап алған алтын балығым», – дейді деп жауап бердім. Ұстазым менің жаубыма риза болып, «жауабың жақсы екен» деді. Анамның еркелеткен әр сөзі менің өмірімнің мәні секілді.

Сатиева Жанар Жетписовна
«Құйған орта мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші
Сайлауов Жанәділ Ерболатұлы
5-сынып оқушысы



Алатау – жан серігім

Жазғы түн. Жұлдыздар жарқырап тұр. Менің далада төсегім бар. Мен сағат түнгі үшке дейін ояу жатқан едім. Кенет ағамның үйдегі буаз қара биесі кісінеп, жер тарпып жатқандай болды. Дыбысты ести сала, орнымнан атып тұрып, қасына бардым. Барсам, міне ғажап, бие екі құлын туыпты. Қуанғанымнан сүйінші сұрау үшін ағама қарай жүгірдім. Киіз үйдің есігін жұлқа ашып «Сүйінші!» деп айқай салдым. Ағам шошығанынан атып тұрып: «Асан, таң атпай айғайлап, не болды, не болды?», -деп сасқалақтап қалды. Мен қуанғаным соншалықты «Ана жақта екі құлын, екі құлын» деп, қора жақты нұсқап қолымды сермей бердім. Мұны ести сала ағам аяғына тәпішкесін асығыс сұға салып, қора жаққа қарай жүгірді. Соңынан мен де ілесе кеттім.

Ентігіп жетіп барсақ, қара биенің туған екі құлыны бір-бірінен аумайды екен. Біреуі – қара ала, екіншісі – қара төбел. Екі құлынды көріп, маз-мейрам болып тұрдым. Ал ағам болса, таңырқап үнсіз тұрып қалыпты. Ағамның үнсіздігін түсінбей: «Аға, бізде енді екі құлын болды ма?», -дедім қуанышымды жасыра алмай.

– Асан, екі құлынды бірдей өзімізге қалдыра алмаймыз. Бір құлынды ғана өзімізге қалдырып, екіншісін басқа біреуге беру керек, -деді ағам Керім.

– Неге, аға?

– Қазақта бие екі құлын туса, біреуін өзге біреуге бермесе, екеуі де өліп қалады деп ырымдайды. Сол үшін екеуінің біреуін ғана таңдай ғой.

– Онда мен қара ала құлынды аламын, - дедім көңілім түсіп.

Ертеңінде көрші малшылардың біріне қара төбел құлынды жетектетіп жібердік. Қазақы ырымды түсініп тұрсам да іштей қимастық сезімі болды.

Өзімізде қалған құлынға қандай ат қойсам болады деп, неше күн ойланып жүрдім. Ақыры құлынымды өзі тауда туып, өзі ала болғандықтан «Алатау» деп атадым...

Арада үш жыл өтті. Жазғы демалыста жайлауға келе сала, Керім ағам мініп жүрген Алатауды өзім ерттеп мініп малға шықтым. Үйден шыға қамшыны басып, кең далада көсіле шаптым. Алатауымды сағынғаным сонша, жалынан, мойнынан сипап өзімен сөйлесіп қоямын. Жайлау деген қандай керемет, шіркін! Айнала жап-жасыл таулар, иісі аңқыған гүлдер, шикылдаған торғайлар мен інінен шығып ысқырған суырдың дауысы... Қойлар жайылып жатқанда, атымнан түсіп, иісі аңқыған қой бүлдіргенін бытырлата жұлып жей бастадым. Дәмі қандай десеңізші! Қанша жесең де, тойғаныңды білмейсің. Қалай кешқұрым болғанын да білмей қалыпшын.

Малды жайылымнан жинақтап үйге қарай аяндап беттетіп келе жатыр едім. Кенет малдың алды дүр етіп үркіп кетті. Әп-сәтте не болғанын түсінбей қалдым. Байқап қарасам, малдың ішіне бір итқұс кіріп кетіп, қойларды шетінен тартып жатыр екен. Итқұсты жақыннан алғаш рет көргенім осы шығар. Не істерімді білмей сасып, бір жағынан қорқып та кеттім. Қасына жеткенше «Әйт, әйт!» деп айғайлай бердім. Қолымдағы қамшымен арлы-берлі жүріп өтіп сабалап ұра түстім. Итқұстың кететін түрі жоқ. Өзіме шабуыл жасай бастады. Сол сәтте Алатау артқы қос аяғымен итқұсты теуіп қалып қаңқ еткізді. Мен де бар дауысыммен ақырып, қамшыммен үсті-үстіне төпештей бердім. Бір мезетте итқұс артына жалтақ - жалтақ қарап қаша жөнелді. Сөйтіп, малды үйге қарай жылдамдатып айдап әкеттім. Алдымнан Керім ағам шығып тосып алды. Аттан түсіп қарасам, Алатауымның артқы бір аяғынан қан ағып тұр екен. Дереву ағам екеуіміз сумен жуып, алғашқы көмекті жасап, орап қойдық. Кешкі шай үстінде үйдегілерге болған жағдайды айтып бердім. Барлығы Алатауымның ерлігіне риза болды. Мен де кешкі астан соң, ұйықтар алдында қара ала Алатауымның қасына барып, құшақтап-құшақтап алдым. Малды да, тіпті мені де итқұстан құтқарып қалғанына дән риза болдым.

Қазақ халқында қасиетті жылқы малы ер жігіттің ары, бір әулеттің бағы саналады дейді. Менің де жан серігім Алатау біздің әулеттің бағы деп білемін.

Шабандоз бала

Келді, міне, шабандоз,
Тай үйретіп бермекші.
Ерді салып ерттеп ап,
Тайымды байқап көрмекші.

Ерттеп қарғып мінген соң,
Тайым кетті ойнақтап.
Тақымды қысып жібермей,
Шабандоз да тым мықты-ақ.

«Шу» деп кетті шапқылап,
Көзден ұзап жас бала.
Жуасытып берді тайымды,
Шабандоз, нағыз, бұл бала!



Сидагалиева Айжан Темуровна
Ғ. Сарбаев атындағы «Мектеп- бөбекжай-
балабақша кешені»,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
сарапшы
Қанат Әсет Мұратұлы
9-сынып оқушысы



Отанға қызмет – ер жігітке міндет

Әне-міне дегенше ауылдың бір топ жеткіншектері он бір жылды тарих қойнауына қалдырып, алтын ұя мектебімен де қоштасты. Сыңғырлаған соңғы қоңырау үні біреулерге жаңа оқу орнына түсуге мүмкіндік сыйласа, біреулерді болашағы беймәлім өмір күтіп тұрған еді. Мектеп бітіруші түлектер жұртты түгелдей дүрліктіретін білім сынағын да артқа тастады. Барлығы арман қуып, қиял жағалатып, түрлі оқу орындарын таңдап, талапкер болса, Жәнібек қана Отан алдындағы жігіттік парызын өтеуге әскерге аттанбақшы. Кәрі анасы жалғыз ұлының білімін жоғары оқу орнында жалғастырғанын қаласа да, Жәнібектің қалауы әскери бөлімше болды. Жәнібек шақырту қағазын күтпестен, әскери бөлімшеге өзі өтініш білдірді. Анасының сары уайымға салынарын білсе де, Отан алдындағы борышын өтеуге асықты.

Қазақта «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» деген жақсы сөз бар. Бір әулеттің ғана емес, халықтың ұлы болу – кез келген ер азаматтың арманы. Әсілінде, Отан алдындағы борышын өтеп, әскер қатарына қосылу – нағыз азаматтықтың белгісі. Қайсарлықтың көрінісі емес пе? Мұны жүрегі «қазақ» деп соққан әрбір жастың түсінері анық. Сондай жас буындар бүгінде күзгі әскерге шақыру науқанына аянбай атсалысты. «Борышымды өтеймін» деген жас өрендер әскерге аттанбақ ниетте. Солардың бірі – Жәнібек.

Жауынды нәсері мен дауылды желін ертіп қара күз де жетті. Сыныптастары таңдаған мамандықтары бойынша әр қалаға аттанды. Шет ел асып кеткендері де баршылық. Жәнібек те жалғыз анасымен қоштасып, маңғаз Маңғыстауға жол тартты.

Отан – әрқайсымызға ортақ құндылық. Ел Президентінің «Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан», – деген сөзі әрбір Отан қорғаушының жүрегінен орын, мінезінен қайсарлық тапты. Отан алдындағы борышты өтеу, бұл – әр азаматтың абыроймен атқаратын міндеті. Халқымыздың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы: «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» деген өшпес өсиет қалдырды. Бұл өсиет әр сарбаздың көкейге түйетін қағидасы іспетті.

– Елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықтың орнауы, көк аспанымыздың жарқырауы да – сіздерге байланысты. Сіздер әскери міндетті адал орындау арқылы кейінгіге үлгі боласыздар. Әскери борышты өтеу – сіздер үшін үлкен сын. Сол сыннан сынбай, ел қауіпсіздігі үшін қызмет етіп, абыроймен атқаратындарыңызға сенім мол, – деп аудандық қорғаныс істері жөніндегі

бөлімінің бастығы, полковник Р. Оспанов әскерге аттанғалы тұрған жастарға сәттілік тілеп, өз тілегін білдірді.

Күздің қоңыр салқын күні. Әскери бөлімше. Қатал тәртіп. Пагонына жұлдыз ілген әскери қызметкерлер өңшең өзі секілді тақырбас бозбалаларды қабылдап алды. Взвод командирі лейтенант Сабыров әскери бөлімшенің ережесімен таныстырды. Тақырбас жеткіншектердің көңіл-күйі әр түрлі. Олар әп сәтте сары ала киім киініп, жылтырауық түйме тағынып, командирлерінің алдына тактикалық жаттығуға шыққан.

– Взво-о-д, сапқа тұрыңдар!

Әр тұстан өз сарбаздарына осындай бұйрық беріп жатқан дауыстар естіледі. Взвод, рота, батальон боп иық тіресе сапқа тізіле тұрып жатыр. Әрбір взводтың, сарбаздың саптағы орны белгілі. Осылайша, Жәнібек те қатал тәртіпке бағынып, әскери өмірге үйреністі. Түн ортасы ауғанша әскери жаттығулар жасап, ұйқыға сылқ құлайды.

Бозарып атқан таңмен таласа тағы да «Подъем!» сөзі. Шырт ұйқыдан шошып оянған тақырбас сарбаздар апыл-ғұпыл атып тұрып, шапшаң киініп, әскери бөлімшенің ережесіне сай сапқа тұра қалады. Бәрінің кеудесінде «Отанға қызмет – ер жігітке міндет» деген ұран кернеп тұрғандай.



Какимова Кунзипа Куатбековна

И.Сьянов атындағы ЖББМ

қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, санаты-зерттеуші

Нағашыбаева Тоғжан

7-сынып оқушысы

Әлем балалар көзімен

Әлемде есімдері танымал небір жазушы, небір дүлдүл ақын бар. Бірінің есімі еліне танымал, әл бірін әлем таниды. Осы сөзіме дәлел ретінде Жиренше атамыздан «не өлмейді?» деп сұрағанда айтқан сөзін келтіруге болады. Жиренше шешеннің сөзі: «Дүниеде не өлмейді? Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді» деп барлық қазақ қауымына айтып кеткен еді. Қазақ даласында есімдері белгілі халықтың бетке ұстарлары көп-ақ. Соның ішінде: бірінші сатыда Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынов, атай берсек есімдері алтын әріппен жазылғандар көп қой. Ақындардың өлеңдерін жаттап өсіп келеміз, шығармаларынан сусындап жатырмыз. Бойымызға әл-қуат, намыс-жігер жинап, еліміздің патриоты болып өсім келеміз.

Осы шоқ жұлдыздардың арасынан есімі өзіме әлі де жан-жақты танылып болмаған бір бейне бар, ол - Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ол өзін Абайдың шәкіртімін деп білген. Өлең жазуға де ерте аяқ басқан. Абай ағасынан тек жақсылықты бойына сіңіре отырып, жақсы отбасында тәрбиеленген жан. Ол кісі туралы әрі иманды, әрі білімді, әрі ақын, әрі жазушы деп айтсақ артық емес.

Шәкәрім атамыз 1858 жылы 11 шілдеде Семейде туылып, 1931 жылы дүниеден озған кісі екенін бәріміз білеміз. Ол атамызға жала жабылған, ізін қудалаушылар 1931 жылы түбіне жеткен.

Шәкәрім Құдайбердіұлы ақын, философ. Ол кісі туралы біздің білетініміз ол – Абайдың інісі, ізін жалғастырушы, ізін басушы. Абайдың бағытын қолдайтын адамдардың бірі, әрі бірегейі. Шәкәрім Құдайбердіұлын бала кезінде ауылдастары, туған туыстары Шәке деп атаған. Ол Абай Құнанбаевтің үлкен ағасы, Құнанбайдың бәйбішесі Күнкеден туылған Құдайберді мырзаның ұлы. Шәкәрім бала кезінен, яғни жеті жасынан Абай ағасының қасында жүрген. Абай ағасының жақсы жақтарын көріп өскен адам. Өзінің ақындыққа, өлеңге зеректігі болған, әкесі қайтыс болғанда өзінің қайғысын жеткізу үшін өлең шығарған.

Шәкәрім атамыз туралы тағы бір дерекке сүйенсек, бес жасынан бастап он жеті жасына дейін ауыл молдасынан оқып өскен. Жоғарыда айтылғандай, жеті жасынан бастап әкесінен жетім қалғаннан кейін тікелей Абайдың тәрбиесінде болып, жақсы тәрбие алған. Абайдан адамгершілікті, парасатты, ізгілікті, білімпаздықты, ғылымға құштарлықты бойына сіңіріп өскен. Осының бәрі Абайдың тәрбиесі. Өзі Абай ағасынан өмір сүрудің жақсылықтарын үйренген, білгенін Абайдан алғанын мойындаған. Шәкәрім 4 тіл білген араб, парсы, түрік, орыс тілін білген. Шәкәрімнің заманы өте ауыр кезең болған. Надандық, қараңғылық, бай мен кедей тапқа бөлінген әлеуметтік тексіздік кезінде өмір сүрген. Абайдың тапсырмасымен қазақ шежіресін жазып, қазақтың түп атасы деген еңбек жазған. Абай оқыған кітаптарды оқыған. Яғни, ғылыми кітап еңбектерінен сусындаған. Шыншыл демократтардың еңбектерін оқыған. Философиялық кітаптар оқып, өз бойына дарытып келешекте өзіде философиялық еңбектер жазуды қолға алған. Діни мағлұматтарға қарсылық білдірген, діни көзқарастарға қарсы болған. Мысалы: «Шыннан өзге Құдай жоқ, Анық Құдай – Шын Құдай. Ұқпай қалма алаң боп, Шын болмаса, кім Құдай? Осы жолдардан Шәкәрім атамыздың діншіл адам емес екеніне көз жеткіземіз.

Он жетінші жылы октябрь революциясы болғанда қазақ еліне бостандық туады дегенге қуанып бостандық жайлы өлеңдер жазған. Мысалы мына жолдардан көре аламыз: «Бостандық таңы атты, қазағым, көріңдер, Арға ие басшының соңынан еріндер. Таң артынан хақиқат күн шығады, Еріншек, жалқаулық әдеттен безіндер». Қазақ даласында енді еркіндік болады, адамдар бір-бірімен тең болады деп келешекке үмітпен қараған Шәкәрім бабамыз. Өзі де осыған ат салысып, қолынан келгенше еңбектенген. Осыған дәлел, 1918 жылы алаш ордашылардың шақыруымен Семейге келіп сот ретінде сайланған. Бірақ көп ұзамай ақ патшаның әскері басып алып, өз жеріне қайта оралған болатын. Кейін қайтадан қызыл әскер келіп совет өкіметі орнаған кезінде банда болды деп ойлап Қарасартов деген кісі Шәкәрім Құдайбердіұлын атып тастаған. Бұл шындықтың беті, ақиқат. Осындай солақай ел басқарушыларының қолынан жазым болды. Егерде осы жағдай болмаса, атамыздың қаламынан не бір туындылар әлі де туған болар еді.

Шәкәрімнің еңбектерінде өлеңнің сыртында проза, әңгімелер жазған. Әңгімелерінде тарих, философия жазған. «Түрік, қазақ, қырғыз хандар шежіресі» деген шығарма жазған. Бұл дегеніміз іші толған шындық, тарих көзі десем болар

еді. Шежіренің арқасында көбіміз өзіміздің түпкі атамызды танып білдік, білімімізге білім қостық, ақиқатқа көз жеткіздік. Сонымен қатар, осы ізденіс барысында мен атамыздың «Үш анық» шығармасын оқып шықтым. Түсінуге қиындық туды, шығарманы бірнеше қатар оқып шықтым. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анық» еңбегін жазуға ересен даярлық жасап, оны жазуға бел буған. Қазіргі біз білетін азушылардың еңбектерімен таныс болып қана қоймай, оларға талдау жасап шыққан. Шәкәрім атамыз сол замандағы сөздіктер мен энциклопедиялық еңбектерді өз еңбегінде кең пайдаланған екен. Сонымен қатар айтарым, Шәкәрім араб, парсы, түрік, тілдеріндегі шығармалармен таныс болған еді. Бұл тұста тағы бір ескертетін жай, Шәкәрім үшін ғалымның атағы, оның кең танымалдығы басты мәселе емес, оның шындыққа жақындығы ғана қызықтырған еді. Ол «Үш анықта» бірде-бір автордың ығына жығылып, оның насихатшысына айналмады. Шәкәрім сыншыл. Ол адамзаттың сонау Пифагор дәуірінен адасқандарына еш күмән келтірмейді. Біздің атақты деп жүргендеріміздің дені адасушылар екенін айдан анық етіп көрсетеді. Біразы адасып жүріп жол табушылар, ал бір сыпырасы адамзатты одан әрі адастырушылар деп екіге бөліп көрсетеді. Білемін деп білмей сөйлеушілер, түсінемін деп түсініксіз кітап жазушылар. Жаратушының алғашқы білімін қиратушылар. Ақылдымын дегендер менмендікке салынып, адамзаттың алдағы замандарда ашар есіктерін жаптырушылар деп анық атап көрсете білді. Шәкәрім осылардың бәрін білім, өзінің сау ақылына салып саралаған, сөйтіп өзінің кемел түйінін – «Үш анықты» баян еткен.

Өз сөзімді аяқтайтын болсам, бір шығармада ғұлама атамыз туралы айтып жеткізу мүмкін емес. Сөз қозғай берсең, шыға береді. Атамыз туралы айтылар сөз әлі көп. Құдықты қаза берсең су шығады, Шәкәрім атамызды зерттей берсек шындық шығады деп өз сөзімді аяқтап отырмын. Жақсы шықты ма, жұпыны шықты ма бұл менің ізденісім, ойым, түйген ақиқатым.

М.Ержанов атындағы ЖББ мектеп
Тынысбекқызы Диана
6-сынып оқушысы



Әкешім

Жүрегімде әкешімнің орны бөлек,
Отбасына боласың мәңгі тірек.
Жан әке ұл-қызыңды тәрбиелеп,
Адал бол деп, әрқашан алға сүйреп.

Әкешім деп мақтан тұтар қызыңмын,
Ұзақ болсын деп тілеймін ғұмырың.
Жақсылыққа толсын әке жан-жағың,
Биік болғай басқалардан тұғырың.

Мен үшін мәртебесі биік жансын,
Асқар тауым, әкешім, биік шыңсын.
Маған деген махаббатың ерекше,
Мен де сені жақсы көрем бөлекше.




Жетекшісі: Кулмуханбетова Нургул
№61 ЖББОМ
Серікбай Дина 6-сынып оқушысы



№61 ЖББОМ
 Алдамжарова Нүрсезім
 6-сынып оқушысы



Суретті сөзжұмбақ



Суретті сөзжұмбақ

Ш
 А
 Р
 У
 А

М
 Е
 Н

Ы
 С
 Ю
 Р
 А
 П

Суретті сөзжұмбақ

Ш
 Ә
 К
 Ә
 Р
 І
 М

№61 ЖББОМ
 Мұханбет Набитжан Санжар
 5-сынып оқушысы





Омаралина Маржан Төкенқызы
«К.Қадыржанов атындағы
Қызылқия жалпы
орта білім беретін мектебі» КММ мұғалімі
Аймухаметов Данияр Айдынұлы
9-сынып оқушысы



Әдептілік

Қарындасым Дина құрбыларымен бірге уақытын көп өткізеді. Анам жұмысқа асығып бара жатып:

- Дина, ыдыс-аяқтарды жуып қоярсың, – деді. Дина тарсылдатып, дүрсілдетіп жуа бастады.

Анам Динаға қарап:

- Дина, Қыз көркем мінезбен озады,
Ұл бала өжеттігімен озады.
- Әдепті қыздың анасы мақтаулы,
Әдепсіз қыздың анасы даттаулы.
- Әдепті кім сақтайды,
Бәрі оны мақтайды, – деп анамыз мақалдармен, нақыл сөздермен жеткізді.

Қарындасым қызарып кетті, қателігінде бірден түсініп:

- Иә, анашым, «Жақсылықты үйренем, жамандықтан жиренем», – деді.

Оқуға құштарлық

Желтоқсан айының ортасына жеттік. Түн суық. Қар қоңыр ала болып жатса да аяз тіптен күшейді. Күндіз қатты жел басылмады.

Сабақтарымызды онлайн оқыдық. Биылғы «Тәуелсіздік күні» мерекесі үш күн демалысқа келіп тұр. Шәкәрім атамыздың поэмаларын оқуды жоспарлап қойдым.

Абай атамыздың біраз өлеңдерін жатқа білемін. Шәкәрім атамыздың өлеңдер жинағын қыстық демалыста жолдастарыма беремін. Жақсының сөзі-ақыл шақырады.

Бүркіт

Қараша айы. Қой кезекке кеткен әкем бүркіт ала келіпті. Әуелінде қораға қамадық. Бүркітке далаға шығу үшін темір тордан кең ауласын жасадық. Әкем ауыл адамдарынан қонақтап отырғанына «тұғыр», тамақ ішуге «жемаяқ», екі аяғын байлауға «баулар» алып келді. Әрбір қораға келген сайын бүркіттің аспанға қараған мұңлы көзін көрдік. Жаным ашыды. Бүркіт маған да үйренді. Міне, бүркітті ұшыратын күн туды. Аяғы әбден жазылды. Аспан патшасы бүркітті босаттық. Әкем «Бүркіттің азаттықты, еркіндікті аңсады», – деді.

Бүркіттің тұрған жерін жинастыра жүріп, «еркіндік», «азаттық» – деген сөздерді бірнеше рет қайталадым. Ендеше мен де бос уақыт өткізбеуім керек.



Габдуллина Галия Гимеденовна
Ақсай қаласының №4 жалпы орта білім
беретін мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Туркебаева Махаббат 11-сынып оқушысы



Шәкәрім шығармашылығындағы рухани өзектер

Руханилықтың қайнар бұлағы озық ойлы ойшылдардың ғибратынан сарқырайтыны мәлім. Жан дүниесінің үндестігіне ұмтылған әр пенде жүрегінің тыныштығына бойлайды. Жүрек, расында, қалай тыныштық таппақ? Ол – ар мен иманның мәселесі. Ар, иман тақырыбын тыңғылықты танытқан Шәкәрім атамыздың шоқтығы биік туындыларынан руханилықтың өзегі өріліп тұрады. Оларды жан-жақты қарастыралық.

Шәкәрімнің шұғылалы ғұмыры – адамдық идеялардың негізін салып, рухани дүниенің кемерін кеңейткен ғұмыр. Шәкәрім адамның ішкі әлемі үнемі дамуда болатынын зерттей отырып, өзінің негізгі философиялық принципі «Ар ілімінің» негізін қалады. Шәкәрім бүкіл шығармашылық күш-қуатын адамдық игіліктерге, адамдық болмысты іздеуге сарп етті. Адам жанын кемелдендірер, әрі кемсітер тұстарын да жіті қарастырып, жан-жақты жоюға тырысты.

Ең алдымен, рухани өзегі – нұрлы ақыл мен ойлы жүректің адал еңбекке бастауы. Дүниеде еңбегінді адал атқарғаннан басқа шынайы бақ бар ма?! Шәкәрім «Шын бақыттың айнасы» қарасөзінде: «Адамның шын бақыты не?» деп сұрақ қойып, оған жауап береді:

«Шын бақ – кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек. Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адам тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстемдік құрмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ». Расында, адам еңбегін адал атқарғанда, толассыз бақытқа кенелері сөзсіз. Осыны жазу арқылы да ол адамзатты өнер, оқу-білім алуға үндеп тұрған жоқ па?

Екінші, жеке адамды жетілдіруде ар, ұждан ұғымдары осы сынды тақырыптағы өлеңдерінің мазмұнын құрады. Шәкәрім адам бойындағы барлық жақсы қасиеттер Ардан бастау алатынын аңғартты. Ар дегеніміз – Жаратушының адам бойына еккен нұры. Ар адамдық сананың негізі екенін ақын анық айтқан. Ойыма халқымыздың «Малым–жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген ұлағатты сөзі түсті. Қазіргі қазақ қоғамында байлық үшін ардан аттап, «мал үшін тілін безеп, жанын жалдап» жүргендер қаншама? Дүниенің еш байлығына арын сатпаған қайран бабаларым-ай дейсің осындайда.

Шәкәрім атамыз адам болмысында ең керектісі «таза ақыл» деп ұсынады.

Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек,
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол.
Ынсап, ұят, ар, рақым табылмаса,

Өлген артық дүниені былғағаннан, - деп ой қорытады ойшыл. Байқасақ, рухани өзек дана Абайдың «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген философиялық тұжырымдамасымен үндес.

Рухани жұтаңдық – қай ғасырда болмасын өзегін жоймаған мәселе. Ал оның шешімі – Шәкәрім шығармашылығынан көрініс таппақ. Адамның ақиқат болмысы Шәкәрім шығармашылығынан еш уақыт шеткері қалған емес.

Сөзімді Шәкәрімнің адамдық нәріне қанып өсек, қоғамдық құлдырау орын алмас еді. Ал қоғамның құлдыратпау – өресі кең ұрпақтың еншісінде.



Болатбай Назгүл Айтымбетқызы
Ақжайық ауданы, Тайпақ ЖОББМ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-модератор
Самат Қызғалдақ 7- сынып оқушысы

Табиғат және біз

Табиғат-тылсым дүние, ол бізді өзіне баурап алады. Табиғат тылсымына бір сәт көңіл аударып, оған мән беретін болсақ, өзара үйлесім тапқан алуан түрлі құбылыстардың біртұтастығын байқаймыз. Табиғат тылсымын түсінген адам қоршаған әлемді құрметтеуге, сырын ұғуға құштар болады.

Табиғаттағы арайлап атқан таң, қызарып батқан күн, жүйткіген бұйра бұлттар, сан құбылған сағым, жарқыраған құйрықты жұлдыз, биші қайың тәрізді құпия сырлы тылсым дүниеге толы болып келеді. Осынау таңғажайып құбылыстар-табиғаттың ең тамаша сыйы. Табиғат суреттері адам жанын нәзік сезімге бөлеп, бүкіл өмірді көз алдыға жайып салады. Табиғат өте әдемі, оның көркіне көз тоймайды. Оның мөлдір бұлағы, ну орманы, сарқырап аққан тау суы ақынның шабытын оятатын, суретшінің суретіне жан бітіретін осы бізді қоршап тұрған табиғат.

Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, жер мен ай, күн алыстағы жұлдыздар – осылардың барлығы да табиғат деген ауқымды білдіреді.

Адам – табиғаттың ажырамас бөлігі. Сондықтан халқымыз да «Жер-Ана» деген егіз ұғым қалыптасқан. Жер ерді өз анасындай, анасын күндей қастерлеу ата қостаған салтымыз. «Жер шоқтығы–Көкшетау», «Жер жаннаты-Жетісу» деп, бабаларымыз туған жерге, табиғатқа деген ыстық махаббатын білдірген. Сондықтан орман-тоғайларды сақтап, қоршаған ортаның өзені мен көлдерінің ластанбауына ерекше мән берген.

Табиғат біздің дүниетанымымызды қалыптастырушы негізгі және басты ұстаз. Адам баласының білім алатын көзі – табиғат. Сол тілсіз табиғаттың тылсымын түсініп, оны аялау, қорғау, көркейту – әрбір адамның атқаратын

міндеті. Себебі, табиғат пен адам егіз ұғым. Сондықтан табиғатымызды ластанбай, бүлдірмей, тек қана қорғап, аялап, көркейтейік!

Ақжайық ауданы, Тайпақ ЖОББМ
Борис Надежда 7- сынып оқушысы

Менің сүйікті кітабым

Кітап – рухани мұра. Ол адамның жанын тыныштандырып, ойын сергітеді. «Кітап – білім бұлағы, білім– өмір шырағы» дегендей, адам баласы білім нәрін кітаптан алады, ал білім болмаса адамның сана-сезімі төмен болады. Сондықтан, кітапты өзімізге серік еткеніміз жөн. Кітап - баға жетпес байлықтардың бірі. Ал, кітап ішіндегі сөздер әлемнің асыл қазынасы. Кітап-тарих, шежіре. Ежелден келе жатқан ата-бабамыздың тарихы келешек ұрпаққа осы кітап арқылы жеткізіліп отырады. Әрбір адам кітапты таңдап, талғап, түсініп оқи білу керек. Себебі, ұлы Абай ақын жырлағандай, «Артық білім кітапта, ерінбе оқып көруге» дегендей ерінбей білім алуға асығайық.

Кітап – жұмбақ әлем. Онда біз әлі білмейтін, оқымаған қыр-сырлары өте көп. Ал, оны кітаппен дос болған адам ғана құпиясын танып біледі. Шекспирдің «Кітап маған тақтан да қымбат» деген сөзінен түйетініміз, адамның жан азығы, рухани байлығы кітап және ол тақтан да жоғары. Кітап-сенің асып-таспайтын, сарқылмайтын досың. Өйткені, кітаппен дос болған адамның ой-өрісі кең, саналы, сөз мәдениеті жоғары болады. Әр ұлттың, елдің келешегі мен болашағы туралы сыр шерткен кітап болатын. Сондықтан да кітап-әлемдегі ұлы ғажайыптардың бірі. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – деген еді Ғабит Мүсірепов.

Кітап оқу – жан-дүниенді сергіту, миыңды демалту деп ойлаймын. Кітап жан серігің, ақылдасар сырлас досың. Кітаптан ұлттық құндылықтарды, тарихымызды оқып білеміз. Ұлы тұлғалардың бәрі де ұлылыққа кітап оқу арқылы жеткен.

Маған Мұхтар Әуезовтың шығармалары ұнайды. «Көксерек», «Жетім», «Қараш-қараш оқиғасы», «Қорғансыздың күні» сияқты әңгімелерімен танысып оқыдым. Қай шығармасын оқысақ та адам өміріндегі қиындықтар бейнеленген. Бұл кітапты оқығанда жақсы мен жаманды, ата-ананың қадірін, өмірде кездесетін қиыншылықтарды көреміз.

Барлық білім кітапта. Кітаптан асқан қазына жоқ. Мен кішкентай кезімнен кітапқа құмар болып өстім. Кітап оқи отырып ондағы әлемге саяхаттап, таным-түсінігінді үйренесің. Кітап – бәрінен бұрын адамшылыққа үйретеді. Ақылыңа ақыл қосар кітаптың руханиятыңды гүлдендіріп, көкірегіңе нұр шашатыны анық. «Үйде кітап жоқ деген сөз – денемде жан жоқ дегенмен бірдей», – деп Цицерон айтқандай, кітапсыз адам өмірі бос. Кітапсыз өмірді

елестету де мүмкін емес. Әйтсе де онымен достасудан қашқақтап, әр парағын жұлып, қор қылып, шаң басқан сөрелерге тастаған жандар қаншама. Сондықтан шын достықтың, ізгі ниеттің, терең ойдың, асыл сөзің қадірін бағалай білейік!

Ақжайық ауданы, Тайпақ ЖОББМ
Бауыржанұлы Досымбек 7-сынып оқушысы

Ұстаз жолы-өнеге

Ұстаз – жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мен мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Олар сол сенімді ақтап отырып, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуде.

Мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім. Егемен еліміздің ертеңін ойлар білімді де саналы, Отанын, туған жерін, ұлтын сүйетін ұлтжанды парасатты азамат пен азаматша тәрбиелеуде мұғалімнің еңбегі орасан зор екенін баршамыз мойындаймыз.

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші тұлға – мұғалім. Ендеше, өз ісіне берілген жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткіземін деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек деп ойлаймын.

Анамдайсыз, менің асыл ұстазым,
Өтті сізбен көктем, күзін, қыс, жазың.

Жылдар бойы тәрбиелеп, аялап,
Болашаққа байтақ бір жол нұсқадың.

Кем көрмеймін сізді асыл анамнан,
Сізге ұқсап қудық біз де сан арман.

Сіздей адам дүниеде көп болсын.

Балалардың бақыты үшін жаралған.

«Өз уақыттарын аямайтын, өзгенің уақытын аялайтын» ұстаздарымыз аман болсын!

Ақжайық ауданы, Тайпақ ЖОББМ
Берікқызы Арай 7- сынып оқушысы

Сүйемін туған тілді-анам тілін...

Менің ана тілім шексіз бай, тегеуріні мықты тіл. Өйткені, өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіме басты себепкер – сол ана тілім. Мынау жарық дүниеге келгеннен бастап ананың әлдиімен бойыма сіңіріп келе жатқан тілім мен үшін ең қастерлі, ең қымбат тіл. Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров ана тілімді:

Сүйемін туған тілім–анам тілін,

Бесікте жатқанымда–ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан,

Құлағыма сіңірген таныс үнің, – деп жырға қосқан.

Ана тілім – ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс.

Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Ең жақсы адам – ана тілін құрметтеген адам. Бұл сенің басқа тілді меңгеруіңе бөгет болмайды, қайта сені адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Ана тілдің терең иірімдеріне бойлай білу – саналы адам болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол – туған жеріңді, еліңді, сүйікті Отаныңды сүйе білу деген сөз.

Қорыта келгенде, Абай әрлеген тіл, Жамбыл жырлаған тіл–қазақ тілі, мәңгілік елдің Мәңгілік тілі болып қала бермек!

Ақжайық ауданы, Тайпақ ЖОББМ
Қайыржанов Наурызбек 7- сынып оқушысы

Мейірімділік әлемді құтқарады

«Адам баласынан мейірімділік қашса, жер бетінен жақсылық қашады» деген екен данышпан халқымыз. Қазіргі жастар тәрбиесінде жүректі ізгілендіру, жүректі нұрландыру арқылы адам жанына әсер ету үрдісі кең қолданып келеді. Абай атамыз айтқандай, «Тірі адамның жүректен аяулы жері жоқ» деген екен.

Мейірбандылық дегеніміз – ол басқалардың игілігі үшін қамқор болу. Мейірімділік адамдармен, жануарлармен, табиғатпен қарым-қатынаста байқалады. Мейірімділік көрсете білген әрбір адам өз ортасында сыйлы, құрметтеуге тұрарлық болады. Мейірімділік адамдарға жақсылық жасау, көмектесу, қамқор болу, адал болу деген ұғымды білдіреді. Мейірімді адам көмек керек адамға қол ұшын соза біліп, қызғанбай, тез тіл табыса білу керек деп ойлаймын.

Мейірімді адам айналасына шуағын шашып, нұрын төгіп жүреді. Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсете білсең жетерлік. Нағыз мейірімділікті анамыздан

көруге болады. Халық даналығында: «Мейірімділікті анадан үйрен» деген сөз бар. Мейірім арқылы адамдар айналасын тани алады, көзі ашық, көкірегі ояу жандар.

Мейірімділік әлемді құтқарады деп өте дұрыс айтылған. Айналамызға қарасақ қираған қала, жылаған бала, жоқтаған ананың зарын көреміз. Осының бәріне мейірімсіздіктің кесірінен болып жатыр деп ойлаймын. Мейірімділік адам баласын ізгілікке, қамқорлыққа тәрбиелейді. Мейірім деген сөздің өзі құлаққа жағымды, жүрекке жылы естіледі. Мүгедек жандарды қамқорлыққа алу, қиналған жанға көмек қолын созу, рухани байыту арқылы адам жүрегіне жол табу, жанашыр болу мейірімді жандардың бойынан табылады деп ойлаймын.

Еліміз тыныш, бейбіт өмір сүру үшін барлығымыз мейірімді, бауырмал болуымыз қажет.



Конысбекова Ботагөз Мақұлбековна
Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласы
М. Әуезов атындағы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі,
педагог – зерттеуші.

Қалымбет Рауан Дарханұлы
4-сынып оқушысы.



Қос қарлығаш

Қарлығаш адамның досы. Қарлығаш ұя салған үйде қуаныш болады дегенге сенесіздер ме? Біздің көршіміз атамның інісі Нариман ағамның үйіне қос қарлығаш ұя салды. Оны көріп барлығымыз қуандық, әрі қарлығаштардың өмірі, тіршілігі жайлы бақылап біраз зерттедім. Қарлығаштар ұясын батпаққа шөп, қыл қосып мықты етіп жасайды екен. Анасы жұмыртқа туып, оны басып жатқанда әкесі қарауылдап тамақ тасиды. Балапандары шыққан кезде қарлығаштар өте қызғаншақ болды. Балапандары жұмыртқадан шыға салысымен оларға өздерін жаудан қорғануды үйретті. Олар ұяларын кіре беріске салған болатын. Үйдің адамдары, кейде балалар шулап кіріп жатсақ, олар бір-біріне шырылдап дыбыс береді. Оны түсінген балапандары тез ұяға бастарын бұғып жата қалады. Мен оларды күнде бақылап жүргенде соны түсіндім. Тамақты әкеле жатып та дайындалыңдар дегендей дыбыс береді. Ауыздарын ашып дайын тұрған балапандардың әрқайсысына шатаспай әкесі мен анасы біртіндеп ауыздарына тамақ салады. Тағы бір қызығы балапандары ұяға дәрет сындырмайды екен, оны адам сияқты ата-аналары сыртқа шығарып тастайтынын көрдім. Қанаттанған балапандарына ұшуды өздері үйретті. Бір аптадан аса үйретті. Балапандарына ұшуды үйрете бастаған кезде ұяға барлығы сыймай қасына екіншүш-төрті ұя салып алды.

Міне қарлығаштар жайлы өзім жаз айының осы мезгілін үш-төрт жылдан бері көріп, бақылап жүріп, көрген білгендерімді сіздерге жеткізіп отырмын. Тағы айтқым келетіні осы үйде көптен күткен үлкен қуаныш болды. Раббинур атты қарындасым дүниеге келді. Бұл – үлкен бақыт. Отбасыңа тағы бір адамның қосылуы Алланың берген сыйы деп білемін.

Мен осы қарлығаштар туралы Ботагөз апайыма айтып бергенімде, ол кісі маған ұзақ уақыт бақылауымды, оны ұмытпай жазып жүруімді тапсырды. Апай маған «бұл сенің зерттеу жобаң болады, қарлығаштардың өмірінен қандай қызықты нәрселерді көретін болсаң соны сыныпта балаларға айтып бересің» деп тапсырма берді. Мен апайымның тапсырмасын осылай орындадым.



МАЗМҰНЫ

№	Оқушының аты-жөні	
1	Мәлібек Інжу 7-сынып оқушысы	4
2	Алтаева Камила 10-сынып оқушысы	5
3	Ашен Жансая Талғатқызы 9-сынып оқушысы	6
4	Пірімжан Дидар 6-сынып оқушысы	8
5	Жақсыбек Еркежан 6-сынып оқушысы	8
6	Ашен Ардақ Талғатұлы 7-сынып оқушысы	9
7	Елемес Іңкәр 6-сынып оқушысы	10
8	Баянды Зейін 4-сынып оқушысы	10
9	Ділдебай Камилла 5-сынып оқушысы	11
10	Қыятбек Айтұнық 8-сынып оқушысы	11
11	Абдрахманова Айгүл 8-сынып оқушысы	13
12	Талғат Кәусар 2-сынып оқушысы	14
13	Тоқбай Кәусар 9-сынып оқушысы	15
14	Әбікен Мұқалы 10-сынып оқушысы	16
15	Төлеген Аружан Ернұрқызы 5-сынып оқушысы	17
16	Бексұлтан Мадина 10-сынып оқушысы	18
17	Құрманәлі Нұрлай 10-сынып оқушысы	19
18	Орынбасар Мирас 7-сынып оқушысы	20
19	Темірбек Ерасыл 7-сынып оқушысы	21
20	Раушанбекұлы Олжас 9-сынып оқушысы	22
21	Олжабек Ұлпан 7-сынып оқушысы	23
22	Алихан Кәусар 9-сынып оқушысы	24
23	Самархан Ақбаян 7-сынып оқушысы	25
24	Қайдар Арлан 8-сынып оқушысы	26
25	Мусабаева Нурай Тимуровна 7-сынып оқушысы	27
26	Шалабай Арайлым Сейтжанқызы 9-сынып оқушысы	30
27	Әлімбаев Мөлдір 8-сынып оқушысы	31
28	Серікбайұлы Әлішер 9-сынып оқушысы	32
29	Олжатай Мейрамбек 9-сынып оқушысы	33
30	Еркін Мирас 8-сынып оқушысы	35
31	Құмарбек Назерке 8-сынып оқушысы	36
32	Ноғайбай Айсәуле 5-сынып оқушысы	37
33	Парахат Дарын 5-сынып оқушысы	38
34	Телман Бекарыс 5-сынып оқушысы	39
35	Ерман Айнара 9-сынып оқушысы	40
36	Аркен Мадина 10-сынып оқушысы	41
37	Жолдас Мәншүк 10-сынып оқушысы	44
38	Сейсенбай Нұрғиса 6 - сынып оқушысы	45
39	Шарбақын Ақниет 7-сынып оқушысы	46
40	Омирбек Жанерке 7-сынып оқушысы	47
41	Алдебаева Нұржайна 10-сынып оқушысы	49
42	Құрманбекқызы Жансая 7-сынып оқушысы	50
43	Абай Ұлжан 10- сынып оқушысы	51
44	Жансерікқызы Сымбат 11- сынып оқушысы	53
45	Серік Шерхан 10 сынып оқушысы	54
46	Ілік Алуа Мұхитқызы 10-сынып оқушысы	55
47	Мейрбек Айару 6 – сынып оқушысы	56
48	Әлнұрлан Тоғжан 8-сынып оқушысы	57
49	Әбен Айым	58

50	Нұрмахан Жанель 8-сынып оқушысы	59
51	Асқарқызы Аякөз 9-сынып оқушысы	60
52	Әбденбек Әсел 7-сынып оқушысы	61
53	Бахытжанова Зере 5-сынып оқушысы	63
54	Серік Айзере 5-сынып оқушысы	64
55	Егізбай Еркежан 5-сынып оқушысы	65
56	Аманғазы Жәнібек	66
57	Абдірасіл Жанерке 9-сынып оқушысы	67
58	Халмұрат Айшат 7-сынып оқушысы	69
59	Серікжанұлы Бақжан 6-сынып оқушысы	70
60	Якубов Нұрасыл 6-сынып оқушысы	71
61	Айдосқызы Жанерке 10 – сынып оқушысы	73
62	Бусақан Нұрали 9-сынып оқушысы	75
63	Амангелді Бекарыс 7-сынып оқушысы	76
64	Бахтибай Ардақ 7-сынып оқушысы	78
65	Берікбай Нұртілек 9-сынып оқушысы	79
66	Лазгиев Ахмет 9-сынып оқушысы	80
67	Сабыр Әдиллә 9-сынып оқушысы	81
68	Сағат Айсұлтан 9-сынып оқушысы	83
69	Қайрулла Жаннұр 8-сынып оқушысы	84
70	Бақытжан Әмина 8-сынып оқушысы	85
71	Құдайберген Ақбота 8-сынып оқушысы	86
72	Рысбек Жансая 10-сынып оқушысы	86
73	Ерден Айнара 10-сынып оқушысы	87
74	Құдайберген Аружан 10- сынып оқушысы	88
75	Қалдыбек Диас Қабылбекұлы 9 - сынып оқушысы	91
76	Мұқан Марсэль 9-сынып оқушысы	92
77	Бостан Жәния 5-сынып оқушысы	94
78	Ленс Қарақат 3-сынып оқушысы	94
79	Бауыржанқызы Сымбат 8- сынып оқушысы	95
80	Бауыржанқызы Айзере 6- сынып оқушысы	95
81	Қайырғазы Амина Мақсатқызы 2-сынып оқушысы	96
82	Маулетханова Дайана Берікжанқызы 2-сынып оқушысы	97
83	Қойшыбай Жанәлі 2- сынып оқушысы	97
84	Жұмабай Руслан Ратбекұлы 5 - сынып оқушысы	98
85	Ташмағамбетов Расул Болатович 10- сынып оқушысы	99
86	Мирмахмудов Мухаммад 5- сынып оқушысы	100
88	Муканмедиева Айдана Женишовна 9- сынып оқушысы	101
89	Нұрболат Аякөз Ерсіңқызы 2-сынып оқушысы	103
90	Алписова Мадина Талғатқызы 8- сынып оқушысы	104
91	Ахметов Кемел 6- сынып оқушысы	107
92	Какимова Айханым 6-сынып оқушысы	108
93	Гарифуллин Асанали 6-сынып оқушысы	109
94	Рысбек Абдулхамит 9-сынып оқушысы	110
95	Қамзе Ғазиз Мұхтарұлы 9- сынып оқушысы	112
96	Рысбекова Айзере Өмірәліқызы 7-сынып оқушысы	113
97	Нұрқазы Нұркелді 8-сынып оқушысы	114
98	Айзере Нұржан 5-сынып оқушысы	117
99	Заманбек Айбибі 10-сынып оқушысы	119
100	Кумпекеева Айя Асхатқызы 5- сынып оқушысы	120
101	Абилдаш Арман 4-сынып оқушысы	123
102	Али Арнұр 4-сынып оқушысы	126

103	Серикбаева Мейірім 4-сынып оқушысы	127
104	Мейірбек Инжу 4-сынып оқушысы	129
105	Сейфуллина Нармина 4-сынып оқушысы	132
106	Закен Жаннұр 8-сынып оқушысы	133
107	Айдар Айсұлтан 2-сынып оқушысы	134
108	Айдар Толғанай 5-сынып оқушысы	135
109	Шаихова Аружан 9-сынып оқушысы	136
110	Ержанқызы Ботагөз 7-сынып оқушысы	137
111	Өмірбекова Айгерім 11-сынып оқушысы	138
112	Қазтай Аян 10-сынып оқушысы	139
113	Асқарқызы Айым 8-сынып оқушысы	141
114	Үмітқан Әдемі 9-сынып оқушысы	141
115	Төреғазы Жадыра 8-сынып оқушысы	142
116	Қазтай Ерке 5-сынып оқушысы	143
117	Қанапья Айару 4-сынып оқушысы	144
118	Ержанқызы Аяжан 4-сынып оқушысы	147
119	Қайрат Нұржалғас 5-сынып оқушысы	147
120	Туркестан Кәусар 5-сынып оқушысы	149
121	Қайртайқызы Айзат 10-сынып оқушысы	149
122	Қамза Ақниет 4-сынып оқушысы	151
123	Еркимбекова Айзере 3-сынып оқушысы	152
124	Болатқазы Асылжан 3-сынып оқушысы	153
125	Құрманбекова Ақниет 3-сынып оқушысы	153
126	Ақылжанова Айтұмар ученица 3- класса	154
127	Саменова Ерке 10-сынып оқушысы	155
128	Биқатаева Диана 10-сынып оқушысы	159
129	Ахметқан Айзере 6-сынып оқушысы	160
130	Ниханова Айназ 9 – сынып оқушысы	161
131	Саматаева Диана 9 – сынып оқушысы	161
132	Бейсенғали Аяжан 10 - сынып оқушысы	162
133	Берікова Зере 10 – сынып оқушысы	163
134	Төлеубек Нұрасыл 10-сынып оқушысы	164
135	Сәрсен Асылай 9-сынып оқушысы	165
136	Берикханова Ақерке 9-сынып оқушысы	166
137	Құрманғали Ботагөз 9-сынып оқушысы	167
138	Акимов Мейірлан 8-сынып оқушысы	169
139	Серікқажы Жаннұр 8-сынып оқушысы	169
140	Ануарбеков Арслан 8-сынып оқушысы	170
141	Елеуханова Анель 8-сынып оқушысы	170
142	Бақыт Дильназ 9-сыныбы оқушысы	171
143	Жұмабекова Айжан 9-сыныбы оқушысы	172
144	Уалхан Шұғыла Қасымқызы 9-сыныбы оқушысы	172
145	Сұлтан Алмас 8-сынып оқушысы	174
146	Бемұрат Сания 7-сынып оқушысы	175
147	Бемұрат Нұрмұхемед 5- сынып оқушысы	176
148	Аят Айнара 5- сынып оқушысы	178
149	Утепова Адина 5- сынып оқушысы	179
150	Қайрат Айзада 5- сынып оқушысы	180
151	Раип Аяла 6- сынып оқушысы	180
152	Жасұлан Айсел 6- сынып оқушысы	182
153	Бауыржанқызы Венера 9 -сынып оқушысы	183
154	Қажыбекқызы Шуақ 2-сынып оқушысы	185

155	Қайдарова Самира 4-сынып оқушысы	186
156	Дәулетқан Сабина 9-сынып оқушысы	187
157	Мәмәділ Риза 4-сынып оқушысы	188
158	Төлеубек Айбике 4-сынып оқушысы	189
159	Айтмұханов Ерзат Берікұлы 8-класс оқушысы	190
160	Юсип Алихан 6-сынып оқушысы	192
161	Жолдасбай Абылай 9-сынып оқушысы	195
162	Болатханқызы Ақнұр 9-сынып оқушысы	196
163	Асетұлы Сұлтан 9-сынып оқушысы	197
164	Бекнұрқызы Іңкәр 5-сынып оқушысы	199
165	Асембек Нұргүл 5-сынып оқушысы	200
166	Мейрмаш Айзере 6-сынып оқушысы	200
167	Озғанбай Нұрай 8-сынып оқушысы	203
168	Мұқажан Сабина 10-сынып оқушысы	204
169	Әмзекбек Жания 5-сынып оқушысы	205
170	Әшірбек Ақжан 11-сынып оқушысы	207
171	Мақсатова Гүлжан 11-сынып оқушысы	209
172	Рысқұлбек Нұрсая 7-сынып оқушысы	212
173	Имамбай Алдияр 8-сынып оқушысы	213
174	Амантай Еркежан 8-сынып оқушысы	213
175	Ержан Ерасыл 8-сынып оқушысы	214
176	Бақыт Мадияр 8-сынып оқушысы	215
177	Қошмағанбет Әділет 5-сынып оқушысы	216
178	Есболған Арайлым 7-сынып оқушысы	217
179	Нұрлан Айша 7-сынып оқушысы	221
180	Өтеулі Гүлжаз 9-сынып оқушысы	223
181	Кенжебек Іңкәр 5-сынып оқушысы	224
182	Айдаралиева Анель 5-сынып оқушысы	225
183	Тұрсын Аида 9-сынып оқушысы	226
184	Мелс Алтынай 5-сынып оқушысы	227
185	Мелс Іңкәр 7-сынып оқушысы	227
186	Бұлантай Әмірхан 5-сынып оқушысы	228
187	Жолдас Аяна 8-сынып оқушысы	229
188	Әжіхан Айбану 10-сынып оқушысы	230
189	Мұхтарқан Балауса 7-сынып оқушысы	231
190	Амантай Айзере 7-сынып оқушысы	232
191	Ерланқызы Назгүл 8-сынып оқушысы	234
192	Ардаққызы Жанайда	236
193	Нәсерхан Іңкәр 9-сынып оқушысы	237
194	Дәнен Айым 10-сынып оқушысы	239
195	Есқара Ермахан 11-сынып оқушысы	240
196	Аманғалиқызы Зайнаб 5-сынып оқушысы	242
197	Ибрайбек Абдуррахман 5-сынып оқушысы	243
198	Нұрмұханбет Айбар 5-сынып оқушысы	244
199	Рыстан Альбина 5-сынып оқушысы	245
200	Бейсенбек Кәусар 8-сынып оқушысы	245
201	Төлебай Жансезім 9-сынып оқушысы	247
202	Дүзелбай Алтынай 10-сынып оқушысы	248
203	Илесов Олжас 5-сынып оқушысы	249
204	Искендірова Ақерке 9-сынып оқушысы	250
205	Өмірбек Аян 5-сынып оқушысы	252
206	Төрегелді Әйгерім 6-сынып оқушысы	254

207	Махади Дана 5-сынып оқушысы	255
208	Тлеухан Ханзада 6-сынып оқушысы	256
209	Еркін Әсемай 5-сынып оқушысы	260
210	Бейсен Хадиша 7-сынып оқушысы	261
211	Нурмаханбетқызы Нурайым 11-сынып оқушысы	262
212	Кеңесбай Жансая 5-сынып оқушысы	263
213	Керімжан Нұрсәнді 5-сынып оқушысы	265
214	Қасымбек Балауса 8-сынып оқушысы	267
215	Сансызбаева Мерей 7-сынып оқушысы	268
216	Сансызбай Інжу 7-сынып оқушысы	268
217	Баратбек Інжу 7-сынып оқушысы	269
218	Марат Ұлдана 7-сынып оқушысы	270
219	Абдуахад Гүлсезім 7-сынып оқушысы	271
220	Қожабек Медина 4-сынып оқушысы	272
221	Алиякбар Айзере 5-сынып оқушысы	275
222	Белял Інжу 2-сынып оқушысы	275
223	Жарылқап Мәди 5-сынып оқушысы	276
224	Кәрімбек Алуа 9 - сынып оқушысы	277
225	Оразбай Нәзік Талғатқызы 9-сынып оқушысы	279
226	Ерасыл Кумак 9- сынып оқушысы	280
227	Қавилбек Жансая 9 - сынып оқушысы	281
228	Назарбекова Мөлдір 10-сынып оқушысы	285
229	Мырзабек Жанерке 5-сынып оқушысы	287
230	Акимбекова Асел 8-сынып оқушысы	289
231	Аманжолов Нурдаулет	292
232	Тасбауова Еңлік 9-сынып оқушысы	293
233	Қалдан Сезім 9-сынып оқушысы	295
234	Қазбек Айгерім Жандосқызы 6-сынып	297
235	Оразалиева Айша 6-сынып оқушысы	297
236	Қасымхан Шынар 9-сынып	298
237	Төрегелді Таңнұр 5 - сынып оқушысы	300
238	Асланова Зарифа 8-сынып оқушысы	301
239	Әбдіқадыр Жанахмет 9- сынып оқушысы	302
240	Садуахас Алина 8 -сынып оқушысы	305
241	Қуандыққызы Аяулым 9- сынып оқушысы	306
242	Мұрат Арслан 10 -сынып оқушысы	307
243	Шиндалиева Рабия 5-сынып оқушысы	310
244	Серикбай Сырым 5- сынып оқушысы	311
245	Әбдікерім Айзере 10-сынып оқушысы	312
246	Мамаева Айым 6-сынып оқушысы	314
247	Үсен Бейбарыс Азаматұлы 4 - сынып оқушысы	316
248	Сембекқызы Румия 6-сынып оқушысы	318
249	Илясова Алина 9-сынып оқушысы	319
250	Есіркеп Қарақат Ғабитқызы 5-сынып оқушысы	324
251	Ишмурзина Алия Равильевна 9-сынып оқушысы	325
252	Асқарбек Айгерім 5-сынып оқушысы	327
253	Еркінбек Ернар Нұрланұлы 8-сынып оқушысы	328
254	Көптай Назгүл Нұралықызы 8-сынып оқушысы	328
255	Бектұрсын Кәусар Мұхитқызы 7-сынып оқушысы	330
256	Әділхан Салтанат 4-сынып оқушысы	332
257	Ислам Айсұлу 8-сынып оқушысы	333
258	Серыкбай Казына 7-сынып оқушысы	335

259	Құттыбай Көркем 7-сынып оқушысы	335
260	Ислам Айғаным 7- сынып оқушысы	337
261	Елеусіз Бақтияр Кемелұлы	339
262	Исабекова Аида 6-сынып оқушысы	342
263	Жұма Еркеназ 7- сынып оқушысы	342
264	Иемберген Әсет 5- сынып оқушысы	343
265	Кайыржан Батыр	344
266	Толеухан Ерасыл 5-сынып оқушысы	345
267	Амангелді Асанали 8- класс	346
268	Бутко Мария - ученица 8-класса (коррекционный класс)	347
269	Щербань Таисия ученица 8-класса (коррекционный класс)	348
270	Федуллова Елизавета 9-сынып оқушысы	349
271	Қуромбаева Чаросхон 9-сынып оқушысы	350
272	Беркін Нұрсана 8-сынып оқушысы	351
273	Мансуров Исхак 9-сынып оқушысы	353
274	Русланқызы Мариям 8-сынып оқушысы	353
275	Ерген Айлина 1-сынып оқушысы	355
276	Тайыр Мирас 1-сынып оқушысы	355
277	Айғалиев Алихан 8-сынып оқушысы	356
278	Қанатқали Жанбота 5-сынып оқушысы	358
279	Рамазан Қарақат 5-сынып оқушысы	359
280	Нұрым Аружан Бекжанқызы 5-сынып оқушысы	359
281	Туралиева Венера 9-сынып оқушысы	360
282	Искалиева Аружан 4-сынып оқушысы	364
283	Мерешева Айя 9-сынып оқушысы	365
284	Романқызы Арай 9-сынып оқушысы	370
285	Ерболат Нурикамал Нұрбекқызы 2- сынып оқушысы	374
286	Шимков Максим тәрбиеленуші	375
287	Оразғали Диас тәрбиеленуші	376
288	Ильясова Лаура 11-сынып оқушысы	376
289	Болатбекқызы Дилора 5-сынып оқушысы	379
290	Мендешева Амиля 4-сынып оқушысы	380
291	Рахметолла Фариза 9-сынып оқушысы	381
292	Ерболат Айназ 9-сынып оқушысы	382
293	Кадырова Алтын 8-сынып оқушысы	383
294	Писаренко Максим 7-сынып оқушысы	384
295	Ясункис Жасмина 5-сынып оқушысы	386
296	Мырзабек Бекзат 6-сынып оқушысы	386
297	Шильдебаева Аружан 6-сынып оқушысы	387
298	Холоша Максим 9-сынып оқушысы	389
299	Байдаулетов Елдос 9-сынып оқушысы	390
300	Мамытбек Жанерке	394
301	Мусиенко Юлия Сергеевна 10-класс	396
302	Белянкина Виолетта Владимировна 10 класс	397
303	Иманғалиев Алинұр 9-сынып оқушысы	398
304	Шмыков Владислав 3-сынып оқушысы	399
305	Исабай Гүлім Сейтханқызы 5-сынып оқушысы	406
306	Жаңбыршы Ернат Арқарұлы 6-сынып оқушысы	407
307	Күнтуған Ләззат 7-сынып оқушысы	408
308	Бермухамедова Снежана Амангельдиновна- 5 класс	409
309	Қапар Ақжүніс 8-сынып оқушысы	411
310	Орынғали Азамат 4-сынып оқушысы	412

311	Бейбітов Ринат 9-сынып оқушысы	413
312	Чередниченко Владислав 6-сынып оқушысы	416
313	Абдрахманов Мансур 6-сынып оқушысы	417
314	Жанболат Ералы 6-сынып оқушысы	418
315	Токин Тимур 6-сынып оқушысы	419
316	Фролова Арина 6-сынып оқушысы	419
317	Серікбаева Хиуаз 3-сынып оқушысы	420
318	Ибрагимова Мадина 7- сынып оқушысы	421
319	Маратова Зере Бауыржанқызы 5-сынып оқушысы	423
320	Бримтаева Айдана Турегуловна 9-сынып оқушысы	423
321	Темирбекова Мадина Каллыбековна 9-сынып оқушысы	427
322	Бағдатқызы Айтолқын 5-сынып оқушысы	428
323	Миерхан Айсұлтан Ақылбекұлы 5-сынып оқушысы	429
324	Алибек Жасмин 5-сынып оқушысы	430
325	Базарғалиева Жаннұр 5-класс оқушысы	431
326	Бақтыгерей Жұлдызай 5- сынып оқушысы	433
327	Ізмет Әлинұр 8-класс оқушысы	434
328	Сұлтанбек Нарқыз 5-сынып оқушысы	436
329	Кумпекеева Аяя Асхатқызы 5-сынып оқушысы	437
330	Әбдітәліп Азамат Сәбитұлы 5-сынып оқушысы	440
331	Шынжігіт Али Нұрланұлы 5-сынып оқушысы	441
332	Ержан Дана 2-сынып оқушысы	441
333	Дүйсенбай Аягөз 8-сынып оқушысы	442
334	Жолдасбек Алинур 2-сынып оқушысы	443
335	Ерәли Нұрислам 2-сынып оқушысы	444
336	Есенбаев Әділхан 5-сынып оқушысы	444
337	Жапаш Қарақат 5-сынып оқушысы	446
338	Утеулі Ерасыл 5-сынып оқушысы	447
339	Сейтғапбар Бекасыл Бахтиярұлы 6-сынып оқушысы	448
340	Думан Алдиар Ерланұлы 7-сынып оқушысы	450
341	Қайыркен Таир Ұланбекұлы 10-сынып оқушысы	451
342	Нұрғали Нурислам Нұртасұлы 7-сынып оқушысы	453
343	Шаяхмет Ержан 5-сынып оқушысы	454
344	Кунаков Жанболат 6-сынып оқушысы	455
345	Асипенко Богдан Алексеевич 3-сынып оқушысы	455
346	Кентугаев Танат Ерболатович 6-сынып оқушысы	456
347	Сайлауов Жанәділ Ерболатұлы 5-сынып оқушысы	459
348	Қанат Әсет Мұратұлы 9-сынып оқушысы	461
349	Нағашыбаева Тоғжан 7-сынып оқушысы	462
350	Тынысбекқызы Диана 6-сынып оқушысы	464
351	Серікбай Дина 6-сынып оқушысы	465
352	Алдамжарова Нұрсезім 6-сынып оқушысы	466
353	Мұханбет Набитжан Санжар 5-сынып оқушысы	468
354	Аймухаметов Данияр Айдынұлы 9-сынып оқушысы	469
355	Туркебаева Махаббат 11-сынып оқушысы	470
356	Самат Қызғалдақ 7-сынып оқушысы	471
357	Борис Надежда 7-сынып оқушысы	472
358	Бауыржанұлы Досымбек 7-сынып оқушысы	473
359	Берікқызы Арай 7-сынып оқушысы	474
360	Қайыржанов Наурызбек 7-сынып оқушысы	474
361	Қалымбет Рауан 4-сынып оқушысы	477

**ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ 165 ЖЫЛДЫҚ
МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН
«ӘЛЕМ БАЛАЛАР КӨЗІМЕН» ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ЖИНАҒЫ**

Басуға 15.05.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Arial». Шартты баспа табағы 31 б.т.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
010000, Астана, Мәңгілік ел, 8/2, «Алтын Орда» Бизнес орталығы, 15-қабат